5. Internet istochnik: https://moscou.mae.lu/ru/Informaciya-o-Lyuksem burge /Sostav-pravitel-stva/Sostav-pravitel-stva.
6. Internetistochnik:https://ru.wikipedia.org/wiki/Ministerstvo_po_delam_semi,_delam_veteranov_i_solidarnosti_pokoleniy_Horvatii.
7. Internetistochnik:https://ru.wikipedia.org/wiki/Ministerstvo_semey,_zhilischnogo_stroitelstva,_gosudarstvennoy_sluzhby_i_po_delam_korennogo_naseleniya_Avstralii.
8. Internetistochnik:https://ru.wikipedia.org/wiki/Ministerstvo_truda,_semi_i_socialnoy_zaschity_Rumynii.
9. Internet istochnik:«Ispaniya srochno nuzhdaetsya v Ministerstve po delam semi». Internet istochnik: https://pandukht.livejournal.com/863586.html.
10. V Rossii predlozhili sozdat ministerstvo po delam semi. Internet istochnik:https://www.infpol.ru/ 90585-v-rossii-predlozhili-sozdat-ministerstvo-po-delam-semi/.
11. G.I. Akmoldina Genderlik teңdik // Internet kөzderi: https://www.zakon.kz/4907400-gendernoe-ravenstvo.html.

Тажмағамбет Амантай Сабырбайұлы,
доцент, заң ғылымдарының магистрі,
Құқықтық пәндер кафедрасы,
Қайнар Академиясы,
Алматы қаласы,
E-mail: amantay59@mail.ru

Зейнелов Биржан Сайлауович,
заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
«Құқық» кафедрасы,
Алматы Университеті,
Алматы қаласы,
E-mail: bir_zeinel76@mail.ru

АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЕРКІНДІГІ – БҰЛ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҰСТАНЫМЫ

Аннотация: *Мақалада Қазақстан Республикасындағы адам құқығы мен еркіндігі туралы, Ата Заңда атап көзделген алам құқығы мен сөз еркіндігінің орындалмауы, Қазақстан мойындап, келісілген халықаралық құқық нормаларының бұзылуы, бейбіт және саяси шерушілерді құдалау, Европалық Одақ үйымының Қазақстандағы адам құқығының бұзылуына қатты алаңдаушылық білдіруі туралы өзекті мәселелері қарастырылған.*

Түйін сөздер: *мемлекет, құқық, адам, адам құқығы, адам еркіндігі, демократия, Ата Заң, референдум, сөз еркіндігі, бейбіт шеру, кудалау, саяси кудалау, халықаралық құқық, Европалық Одақ, ратификация, сын.*

Аннотация: *В статье рассматриваются актуальные вопросы о правах и свободе человека в Республике Казахстан, о невыполнении предусмотренных Конституцией прав и свободы слова, о нарушении норм международного права ратифицированные Казахстаном, о преследовании мирных и политических шествий, о проявлении серьезной тревоги организацией Европейского Союза о нарушении прав человека в Казахстане.*

Ключевые слова: *государство, право, человек, права человека, свобода человека, демократия, Конституция, референдум, свобода слова, митинг, преследование, политическое преследование, международное право, Европейский Союз, ратификация, критика.*

Annotation: *The article deals with topical issues of human rights and freedom in the Republic of Kazakhstan, non-compliance with the rights and freedom of speech stipulated by law, recognition of Kazakhstan and agreed norms of international law, recognition of peaceful and political processions, and the manifestation of serious concern by the European Union organization about human rights violations in Kazakhstan.*

Key words: *state, law, person, human rights, human freedom, democracy, Constitution, referendum, freedom of speech, rally, persecution, political persecution, international law, European Union, ratification, criticism.*

Адам құқығы – демократиялық мемлекеттерде конституциялық құқықтың негізгі институты болып табылады. Мемлекет ішіндегі құқық, сондай-ақ халықаралық құқық саласында да ол XX-ғасырдың II жартысында ерекше дамып, бұл адамзат құқығының дамуындағы елеулі жетістіктерінің бірі болып табылды.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін айқындауға жасаған ірі қадамдардың бірі екендігін атап бекіткен [*ҚР Конституциясы 2018*].

Ол тек адам құқықтары төңірегіндегі халықаралық құжаттардың негіздерін ғана емес, сонымен қатар елдегі әлеуметтік – экономикалық және саяси жағдайлардың конституциялық дамуының бұрынғы тәжірибесін де есепке алған.

Мемлекетте демократияның басты негізі – адамның, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы болып табылады. Сондықтан да, адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау негізіне нормативтік құқықтық актілер жатады.

Демократиялық мемлекеттерде қазіргі заманға сай конституциялар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы да бұл мәселеге ерекше назар аударуда.

Атап айтатын болсақ, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтары мемлекеттердің Конституциясының алғашқы тарауында, бөлімдерінде келтірілген. Бұл мемлекеттің жеке тұлғаның құқықтық жағдайына қаншалықты қарым-қатынаста болатындығын көрсетеді.

Көптеген мемлекеттердің Конституциясымен қатар оның құрамдас бөлігі ретінде халықаралық негізгі құқықтар мен бостандықтарды жеке құжаттарда көрсетудің өзі де ерекше орын алады.

Мысал ретінде 1789 жылғы француздың «Адам мен азамат құқығы Декларациясын», Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы,(*Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы*) Нью-Йоркте 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, 1982 жылғы канадалық «Құқық пен бостандық хартиясын», 1992 жылғы «Негізгі құқықтар мен бостандықтар Хартиясын» жатқызуға болады [*Булгакова Д., 2004, 103 б.*]. Бұл қадам басқа да конституциялық заң нормаларынан жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бөліп алып қарастыруға мүмкіндік береді [*Сапарғалиев Ғ., 2008, 45 б.*].Сондықтан әлеуметтік норма кез-екелген заманда даму процесінде болады. Әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өмір сүріп келеді. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсаруы керек. Соған сәйкес адам құқығының әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді [*Шәкіров А., 2010*].

Адам бостандығы – бұл мемлекеттің араласуына тиісті емес қызмет салалары. Ол тек құқықтық нормалар арқылы солардың шеңберінде адамның өз қалауы бойынша іс-әрекет жасауын белгілейді. Мұндайда мемлекет нақты адамның бостандығына араласпауы тиіс, сондай-ақ мемлекет бұл бостандықтардың басқа тұлғалардың араласуынан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс. «Адам бостандығына» қарағанда «адам құқығы» терминінің аясында адам қызметінің нақты бағыты бекітіледі. Мемлекет заңда көрсетілген салада адамның іс-әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз етуге жәАдам құқығы және бостандығы адамның құқықтық мәртебесін белгілейтін, оның жағдайын бекітетін, жеке тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынасты, адамның және мемлекеттің қатынастарын бекітетін халықаралық және ұлттық нормаларының жүйесін білдіреді. Адам құқығының және бостандығының объективті түрдегі анықтамасы осындай. Субъективті түрде адам құқығы және бостандығы нақты тұлғаға тиесілі құқықтық нормалар мен көзделген мүмкіншілігі (өкілеттігі) және мемлекет қорғайтын іс-әрекеті ретінде анықталады.

Адам және азаматтың конституциялық – құқықтық мәртебесі институты төмендегідей элементтерді қамтиды:

а) адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің мән-маңызын құрайтын конституциялық құқықтар, бостандықтар және міндеттер;

ә) адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды, сондай-ақ адамның қоғамдағы және конституциялық құқықтың басқа субъектілер арасындағы жағдайларды сипаттайтын адам және азаматтың мәртебесінің конституциялық принципі [*Кенжалиев З.Ж., Ким В.А., 2008*].

Егер мемлекет ішінде құқықтық көмек құралдары әлсіз болса, әлде болмаған жағдайда, халықаралық құқық көзқарарасы бойынша, әрбір адам өзінің мемлекеті мойындаған (ратификацияланған) халықаралық шарттары бойынша, адам құқығы мен бостандығын қорғау саласындағы мемлекетаралық органдарынан көмек алуға болады. Адам құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау жайында, қоғамдық тәртіпті сақтауда, адам құқықтары мен бостандықтарын, адам денсаулығы мен ар абыройын қорғау негізінде заңда көрсетілген жағдайда ғана шектеледі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси ниетпен шектеуге жол берілмейді.

Алайда, еліміздің ата заңының 1 бабында бекітілген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» қағидаларын толығымен жүзеге асырыла алмай келеді.

АҚШ мемлекеттік департаменті әлемдегі адам құқығы ахуалына арналған есебінде Қазақстан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтамайтын ел ретінде атап көрсетілген.

АҚШ үкіметінің әлемдегі адам құқықтарының жағдайына арналған 2019 жылғы есебінде Қазақстанда жемқорлық пен заңсыз сайлауға жол беріліп, азаматтардың құқығы мен бостандықтары өрескел түрде бұзылатындығы айтылған.

Құжатта адам құқықтары саласындағы ең үлкен мәселелер ретінде азаматтардың өз үкіметін ауыстыру құқығының өрескел түрде бұзылуы; сөз, баспасөз, бейбіт жиын, дін және ұйымдарға бірігу құқықтарының сақталмауы; әсіресе кең тараған жемқорлық істеріне, күш құрылымдары мен соттардың өз құзыретін асыра пайдалануы жайттарына қатысты тәуелсіз сот жүйесінің жоқ екендігі көрсетілген.

АҚШ үкіметінің есебіне сүйенетін болсақ, қызмет бабын асыра пайдалану, әсіресе жоғары шенді басшылардың жемқорлығына қатысты істерде үкімет заң бұзушыларды жауапқа тартуда аз-маз қадамдар жасаған, «алайда жемқорлық кең тараған, әсіресе үкіметке жақын адамдар мен құқық қорғау саласында жазасыздық етек жайған» деп қорытындыланған есепте.

Түрмедегі азаптау, уақытша қамалғандар мен айыпталғандарды ұрып-соғу, соның ішінде өздеріне ыңғайлы түсініктеме алу үшін соққыға жығу оқиғалары аса күрделі мәселе ретінде аталады.

Мәселен, адам құқықтары жөніндегі халықаралық бюроның қазақстандық өкілі қамалғандардың денесінен азаптау іздерін, ашық жарақат, көгерген жараларды, өте суық жерлерде ұстағанын дәлелдейтін фактілерді байқағанын айтқан. Өкілдің айтуына қарағанда, билік өкілдері адам құқықтарын бақылаушылардың қамау орындарына кіруіне көбіне рұқсат бермейді. Есепте үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен құралған Қоғамдық бақылау комитетінің Қостанайдағы колонияда жазасын өтеп жатқандармен кездесуі туралы жазылған. Кездесуден кейін билік өкілдері комиссия мүшелерінің жазғандарын тартып алғаны және оларға шағым айтқандарды жазалады деген ақпараттың болғаны айтылады. Есепте азаматтарды заңсыз түтқынға алу фактілерінің үлкен проблемаға айналғаны айтылады. Қазақстан Республикасының бас прокуратурасы берген мәліметтерге қарағанда, тергеу абақтыларына заңсыз түрде қамалған 668 адам бостандыққа шығарылса, және 587 адам басқа құқық қорғау органдарының түрлі қамау мекемелерінен босатылған.

«Үкімет саясатына қарсы адамдар мен оны сынаушылар жиі тұтқындалып отырады, олар шағын құқықбұзушылықтары *(мәселен, заңсыз жиындарға қатысқаны*) үшін әкімшілік жазаға тартылды, не болмаса он күнге әкімшілік қамауға алынды» деп жазылған есепте.

Жылдағы әдеті бойынша, АҚШ мемлекеттік департаменті биыл да Қазақстанды сөз бостандығы шектелетін елдер қатарына қосқан. «Конституция мен заң сөз және баспасөз бостандығына кепілдік береді, алайда үкімет түрлі әдістермен БАҚ-ты бақылауға алуға және пікір білдіру бостандығын шектеуге тырысады, соның ішінде заңдық тетіктерді, жазалау, лицензия беру, интернетті шектеу, қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тарту тәсілдері қолданылады.

Журналистер мен ақпарат құралдарына қатысты сот процестері, соның ішінде лауазымды тұлғалар тарапынан қозғалған жала жабу туралы азаматтық және қылмыстық істер ақпарат құралдарының жабылуына және ішкі цензураға алып келеді» [*Кенжалиев З.Ж., Ким В.А., 2008*].

13 наурызда 2019 жылы АҚШ мемлекеттік департаменті де өз есебінде Қазақстандағы адам құқығы жайын сынаған.

Материалды көшіріп басқанда және басқаша пайдалану кезінде azh.kz сайтына гиперсілтеме міндетті түрде қойылуы тиіс. Сондай-ақ ВК, Instagram пабликтерінде жариялауға тыйым салынады.

14 наурыз 2019 жылы Страсбургте (Франция) өткен Еуропарламент отырысында депутаттар резолюция қабылдамас бұрын, Қазақстандағы адам құқығы жайлы ойларын айтқан. Депутаттардың көбі Астана Еуропа одағы мен Қазақстан қол қойған кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім шарттарын орындамай отырғанын сынады. Резолюция авторларының бірі, ALDE партиясының өкілі Хайди Хаутала "Қазақстанда адам құқығының жағдайы жыл сайын нашарлап барады. Еуропа одағы тез арада шара қолдануы тиіс" деді.

Резолюцияны ұсынғандардың бірі, депутат Вольф Клинцтің айтуынша, "Қазақстан мен ЕО арасындағы келісімге үш жылдан асса да, Қазақстандағы адам құқығы жағдайы жақсармай тұр. Кейбір салаларда жағдай нашарлай түскен". "Адамдарды түрмеге қамайды, қинайды. Елде сөз бостандығы жоқ. Билік саяси қарсыластарын қудалайды" деп атап көрсетті.

14 наурыз 2019 жылы Еуропарламент Қазақстандағы адам құқықтары мәселесі туралы резолюция қабылдаған. Әлгі құжатта Еуропарламент Қазақстан билігін "адам құқықтарын құрметтеп, халықаралық талаптарды орындауға, саяси қудалауларды тоқтатуға" шақырады [*azh.kz/index.php/kz/news/view, 2019*].

Өкінішке орай, Еуропарламенттің Қазақстандағы адам құқықтары мәселесі туралы резолюциясы өз нәтижесін беріп отырған жоқ. Құқық қорғаушылар 22 ақпан 2020 жылы Қазақстанның түрлі қалаларында болған митингілер кезінде 300-ден астам адамның ұсталғанын айтады. Олардың басым

бөлігі босатылған, кейбірі әкімшілік жазаға тартылған. Құқық қорғаушылар бұған қоса, Алматыдағы дөрекі ұстаулар кезінде екі адамның жарақаттанғанын хабарлады. Ішкі істер министрлігі әзірге қанша адамның ұсталғанын айтпады.

Азаттық тілшісі Алматыда "митингіден кейін" бірнеше белсендінің әкімшілік жазаға тартылғанын анықтады. Олардың бірі 22 ақпан күнгі митингі үшін "жазаланса", кейбірі өтіп кеткен митингілер үшін қамалған.

Кейбір белсенділердің құқығын сотта қорғап, кейбір отырысқа сарапшы ретінде қатысқан құқық қорғаушы Маржан Аспандиярованың айтуынша, 22 ақпанда кешке Асхат Шыныбековтің сотында полиция қызметкері хаттамасындағы айғақ ретінде көрсетілген фото мен видео сәйкес келмеген. "Адвокат оның айғақ ретінде жарамайтындығын дәлелдегенмен судья адвокаттың сөзіне құлақ асқан жоқ" дейді [*azh.kz/index.php/kz/news/view/38804*, *2020*]..

Қазақстан билігінің бұл әрекеттері билік пен халық арасында нақты саяси, әлеуметтік және экономикалық байланыстың жоқтығын толығымен дәлелдеп бергендей болып отыр. Билік саяси және экономика саласындағы олқылықтарына, солақай саясатына түбегейлі реформа жасау керек екендігін мойындамастан, «билікке қарсы шықты» деген желеумен Кеңес Одағынан қалған солақай саясатты қолданып митинг белсенділеріне қатысты репрессиялық амалдарын қолданудан әлі бас тартқан емес.

Сондықтан, Қазақстан Республикасы өзінің 30 тамыз 1995 жылы қабылдаған демократиялық негіздегі Конституциясының адам құқығы мен бостандығын қорғау қағидаларын халықаралық құқықтық негіздерге сәйкестендіре отырып, толығымен жүзеге асыруға нақты қадам жасаса,- деген үсыныс білдіреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.Алматы.2018 Жеті Жарғы
2. Булгакова Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы. –Алматы: Заң әдебиеті, 2004. – 103-104 бб.
3. СапарғалиевҒ. ҚазақстанРеспубликасыныңКонституциялыққұқығы. Академиялық курс. өңделіптолықтырылған, 2 – басылым. – Алматы: Жетіжарғы, 2008. – 45 б.
4. Шәкіров А. Адам құқықтары – ең басты құндылығымыз // «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті, 10 Желтоқсан 2010
5. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының дамуы. 3 бөлім. – Алматы «Қазақуниверситеті», 2008.
6. Интернет ресурс – azh.kz/index.php/kz/news/view/38804, 2019.
7. Интернет ресурс – azh.kz/index.php/kz/news/view/38804, 2020.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGICAL SCIENCE

ӘОЖ 372.3

Абилова Орынгуль Асылбековна,
докторант,
гуманитарлық-педагогикалық факультеті,
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
E-mail: o_abilova@mail.ru

Кудышева Айнаш Амангельдыевна,
п.ғ.к., профессор,
гуманитарлық-педагогикалық факультеті,
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қаласы, Қазақстан Республикасы,
E-mail: kudyshev@usc.edu

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ

Аңдатпа. *Мақалада мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық негізі болып табылатын құрылымдық-мазмұндық модельдің теориялық негіздемесі келтіріледі. Бірыңғай әдіснамалық кешенді құрайтын мақсатты, теориялық-әдіснамалық, ұйымдастыру-технологиялық және диагностикалық-критериалды блоктар қаралды.*

Түйін сөздер: *логикалық-ақпараттық мәдениет, модель, мектепке дейінгі ұйым, педагог.*

Аннотация. *В статье приводится теоретическое обоснование структурно-содержательной модели, являющейся методологической основой формирования логико-информационной культуры педагогов дошкольной организации. Рассмотрены целевой, теоретико-методологический, организационно-технологический и диагностическо-критериальный блоки, образующие единый методологический комплекс.*

Ключевые слова: *логико-информационная культура, модель, дошкольная организация, педагог.*

Annotation. *The article provides a theoretical justification of the structural and content model, which is the methodological basis for the formation of logical and information culture of preschool teachers. The purpose, theoretical-methodological, organizational-technological and diagnostic-criteria blocks forming a single methodological complex are considered.*

Keywords: *logical-information culture, model, preschool organization, teacher.*

Кіріспе

Қазіргі қоғам ақпараттық қоғам болып табылады, ол ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен сипатталады, сондықтан білім беру жүйесінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінен ақпараттар ағынына бағдарлануы, қажетті ақпараттарды іздеп, іріктей білуі талап етіледі. Тек жоғары мәдени-білім деңгейі барлық ақпарат көздеріне қолжетімділікті ашады. Демек, педагогикалық қызметкерлер, оның ішінде мектепке дейінгі ұйым педагогі жоғары ақпараттық мәдениетке ие болуы өте өзекті болып отыр.

Ақпараттық технологиялар мектепке дейінгі ұйым педагогіне оқыту мазмұнын өзгертуге, оқытудың жаңа дәстүрден тыс әдістері мен ұйымдастыру формаларын қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан заманауи мектепке дейінгі ұйым педагогі логикалық-ақпараттық мәдениетті, яғни ақпараттар кеңістігінде еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін білім мен біліктіліктің нақты жиынтығын игеруі қажет, логикалық-ақпараттық мәдениетті қалыптастыруға, ақпараттық өзараәрекеттестікке ықпал етуі тиіс.

Логикалық-ақпараттық мәдениет кең мағынада, адам өркениетінің дамуында үлкен рөл атқарды, өйткені оның белсенді сипаты адамның шығармашылық қызметін қайта құруға ықпал етті.

Тар мағынада логикалық-ақпараттық мәдениет – бұл ақпараттық үдерістерді ұйымдастыру деңгейі, ақпараттық қарым-қатынаста адамдардың қажеттілігін қанағаттандыру деңгейі, ақпаратты құру, жинау, сақтау, өңдеу және беру тиімділігінің деңгейі. Сонымен қатар, ақпараттық қарым-

қатынастың барлық түрлерін оңтайландыруға, мәдениет құндылықтарын адам меңгеруі үшін барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған *[Идрисов С.Н., 2009, 32 б.]*.

Логикалық-ақпараттық мәдениет түлғаның жан-жақты дамуы, оның шығармашылық дарындылығын анықтау үшін адамның қолындағы құрал болып табылады. Логикалық-ақпараттық мәдениет мәліметтердің қажетті және жеткілікті көлемі, оңтайлы артықшылық, жоғары эстетикалық қадірқасиеті, әлеуметтік маңыздылығы, танымдық, моральдық-адамгершілік құндылығы және т.б. сияқты сәттерді қамтиды. Бұл қызмет өзін екі жақты процесс ретінде көрсетеді: бір жағынан, бұл жинақталған және өндірілетін ақпаратты пайдалану, ал екінші жағынан – оны құру және әртүрлі материалдық тасығыштарда бекіту. Ол кезде ақпараттық мәдениет ақпараттық тәсілді қолдана білу, ақпараттық жағдайды талдау және ақпараттық жүйелерді неғұрлым тиімді ету сияқты көрінеді. Бүгінде негізі қаланып отырған жоғары ақпараттық мәдениет экономикалық және әлеуметтік прогреске жаңа серпін береді. Ақпараттық мәдениетті игерген адамсыз барлық күрделі техника игілікке емес, қоғамдық прогреске зиян келтіретін болады. Жоғары логикалық-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, сайып келгенде, адамзат мыңжылдықтармен ұмтылған адамның ақыл-ой, рухани, шығармашылық әлеуетін сапалы арттыруға мүмкіндік береді. Мамандардың болжамдары бойынша, бұл XXI ғасырдың басындағы адамзаттың ең маңызды жетістіктерінің бірі болады.

Қазіргі білім беруді технологияландыру жағдайында оқыту мен тәрбиелеудің жоғары сапалы ақпараттық ортасы құрылады, ол білім беру процесінің барлық қатысушыларын мінез-құлықтың іс-әрекеттік, операциялық сипатына бағдарланған коммуникацияның принципті жаңа түріне қатысуға ынталандырады. Бұл үрдістер зерттеулер көрсеткендей, балабақша қызметкерлері мен тәрбиеленушілердің де ақпараттық және логикалық құзыреттілігіне қойылатын талаптардың өсуіне алып келді. Сонымен қатар, ұсынылатын мүмкіндіктерді жақсы пайдалану үшін өзгермелі ақпараттық ортамен тиімді өзара іс-қимылда білім, қалыптасқан біліктер мен дағдылар қажет болады.

М.Ю. Новокшонова өз зерттеулерінде, қазіргі уақытта білім беру теориясы мен практикасында екі жаңа ұғым кеңінен таралды: «білім беру ортасын ақпараттандыру» және «білім беру процесіне қатысушылардың ақпараттық мәдениеті» деп қарастырады *[Новокшонова М.Ю., 2006, 28 с.]*. Жаңа ақпараттық жағдайлар білім беру мазмұнын дараландыру, қалыптастыру және интеграциялау сияқты үрдістердің қалыптасуына алып келді. Ақпараттандыру процесінде сапалы жаңа ақпараттық-білім беру кеңістігі құрылады, онда өсіп келе жатқан ақпараттық ағын білім беру процесінің барлық қатысушыларын білімді жинақтау моделінен өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын меңгеру жүйесіне көшуге мәжбүр етеді. Осының барлығы мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық мәдениеттің қалыптастырудың ажырамас бөлігіне айналады.

Негізгі бөлім

Логикалық-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру процесі білім беруді ақпараттандыру сипатына негізделген және белгілі бір педагогикалық технологияларды пайдаланумен тығыз байланысты болғандықтан, жалпы педагогикалық технологиялардың түсінігі мен мәнін сипаттау қажет *[Джарасова Г.С., 2010, 27 б.]*.

Педагогтың логикалық-ақпараттық мәдениетінің ерекшеліктері ақпараттық қызметтің ерекшелігіне, ақпараттық коммуникацияның алуан түрлілігіне және педагогтың нақты кәсіби іс-әрекеті пайда болатын құндылық бағдарлар жүйесіне сүйене отырып түсінікті болуы мүмкін.

Біріншіден, педагогтың дәстүрлі қызметі әлем мен адам туралы ғылыми білімнің өзгеріп отыратын жүйесі және қазіргі мәдениеттің қарқынды болмысы аясында дамиды. Екіншіден, қазіргі жағдайда білім беру инновациялық, болашаққа бағдарланған процесс ретінде «болжай білу» қабілетіне және алдағы ұрпақтың ақпаратқа деген қажеттілігін озық түрде қанағаттандыруға сүйенеді. Бұл педагогтың логикалық-ақпараттық мәдениетінің білім беру үдерісінің әдіснамалық негізі ретінде детерминациялануын білдіреді және оның жаңа ақпараттық жағдайлардағы құзыреттіліктің ерекше түрі ретіндегі жаңа рөлін түсіндіреді.

«Модельдеу» терминін біз олардың модельдерін құру негізінде объектілерді тану және зерттеу әдісі ретінде қарастырамыз. Модельдеу – бұл модельдерді құру, зерттеу және қолдану процесі, келесі кезеңдерден тұрады: модель құру, модельді зерттеу, модельді қолдану *[Ожегов С.И., 1991, 917 б.]*. «Модель» өз кезегінде, оны зерттеу мақсатында модельдейтін жасанды құрылым. Яғни – бұл бейне, сипаттама түрінде ақпаратты алу және сақтау үшін жасалатын, қасиеттері, сипаттамалары және объект үшін – түпнұсқаға тән байланысты көрсететін ерекше объект. Модель білім алу құралы ретінде – бұл матери-

алды немесе ойшыл ойластырылған объект, ол ғылыми таным процесінде түпнұсқа-объектіні алмастырады, түпнұсқа-объектіні егжей-тегжейлі зерделеуге мүмкіндік береді *[Даль В.И., 1991, 2007 б.]*.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «Модель (лат. Modulus – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдарының бірі (шартты бейне, схема т.б.) –деп анықтама берілген» *[Құсайынов А.Қ., 2002. – 256 б.]*.

«Модель» ұғымына ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, ғалым Н.Д.Хмель нақты объектінің немесе үдерістің қарапайымдандырылған үлгісі. Болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, процессуалдық аспектілерінен тұратын модельдерді ұсынады *[Хмель Н.Д.,1998, 24 б.]*.

Модельдеу рәсімі объективті және әмбебап гносеологиялық рәсім ретінде педагогикада кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, педагогикада «педагогикалық модельдеу» термині «педагогикалық жобалау» ұғымына синонимді, онда болжамдық, концептуалды, аспаптық, мониторингтік және рефлексивті болып бөлінеді. Мысалы, егер болжамдық модель мақсаттарды қою мен ресурстарды бөлуді алып жүрсе, онда тұжырымдамалық іс-әрекеттің мазмұны мен бағдарламасына жауап береді. Педагогикалық жобалаудың инструментальды, рефлексивті және мониторингтік түрлері қызмет процесінің өзін орындауға бағытталған. Модельдеу сонымен қатар педагогикада оқыту жүйесін құрудың теориялық және практикалық міндеттерін шешу құралы ретінде қолданылады. Осылайша, педагогикалық модельдеу – эксперименттік зерттеуге жататын әдістерді, нысандарды, тәсілдерді және технологиялық шешімдерді пайдалана отырып, аксиологиялық және парадигмальдық идеялар негізінде құрылған педагогикалық процестің құрылымдық моделін формалау.

Оқыту процесінің құрылымдық-мазмұнды моделі, көріп отырғанымыздай, тәсілдер мен әдістерді дұрыс құру мен қолдануға байланысты: әдіснамалық негіздерді таңдау, оқыту процесінің сапалы сипаттамасы, міндеттер қою, зерттелетін процесс элементтерінің өзара тәуелділігін нақтылау, модельдің жарамдылығын растау, тәжірибеде қолданудың психологиялық-педагогикалық шарттары, модельді пайдалану нәтижелерін болжау.

Г.Қ. Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін когнитивтік, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттер түрғысынан талдады *[Нұрғалиева Г.Қ., 1993, 51 б.]*.

И.П. Подласый ғылыми модель – зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық модель оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық үдерісті немесе оның бір бөлігін ұйымдастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды деп есептеді *[Подласый И.П., 1999, 575 б.]*.

Н.Д. Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептейді, яғни, зерттеуші ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады. Практик ұстаз үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдын-ала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, моделдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады *[Хмель Н.Д., 2005, 140 б.]*.

Педагогикалық модельдеудің барлық тәсілдерінің алуан түрлілігінен педагогтердің логикалық-ақпараттық мәдениетін толыққанды қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін педагогикалық процесті модельдеудің тұжырымдамалық ережелерін бөліп көрсетуге болады:

– модель зияткерлік және тұлғалық дамудың біртұтастығы мен тұтастығын қарастыруы, педагогикалық процестің негізгі және қажетті элементтерін көрсетуі және бірлікте қарастырылатын, ұжымдық және жеке тұлғаға бағытталған білім берудің мақсаттарын, шарттары мен стандартты емес сипаттамаларын біріктіруге бағытталған болуы тиіс;

– педагогикалық модельдің барлық құрылымдық элементтері оның мақсатына бағытталуы тиіс, ал мақсаты – жүйе құраушы элемент болуы тиіс;

– білім беру мазмұнының минимумында жеке басының мәні мен құндылықтарының басымдықтарына, жеке қажеттіліктің, мүмкіндіктер мен қабілеттіліктің әралуандығына бағытталған тұлғаның интеллектуалдық даму ерекшеліктері ескерілуі тиіс;

– модельдің нұсқаларын жобалау және іске асыру кезінде эмоциялық-тұлғалық және интеллектуалдық түрғыда рефлексия қамтамасыз етілуі, педагогикалық процестің ерекшелігі, сондай-ақ білім алушының субъектілік позициясы ескерілуі тиіс *[Гендина Н.И., 2007, б. 4-10], [Козлов О.А., 2017, б. 46–52]*.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, мақсаттары мен міндеттерін анықтау, әдіснамалық тәсілдер, дидактикалық қамтамасыз ету, білім беру процесінде университет оқытушылармен мен мектепке дейінгі ұйым педагогтарының өзара іс-қимыл тәртібін, ақпараттық мәдениет деңгейін бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау мәселелерін шешу үшін біз зерттеудің әдіснамалық негізі болып табылатын тұжырымдамалық үлгі әзірледік.

Білім беру үдерісі субъектілерінің өзара іс-қимылының аса маңызды сипаттамалары мен тәсілдерін зерделеуге арналған педагогикалық моделдеу мектепке дейінгі ұйым педагогтарының оқу қызметіне қойылған мақсаттар мен міндеттерді барынша толық іске асыруға бағыттауға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесін сипаттайтын тұжырымдамалық модель: мақсатты, мақсаттар мен міндеттерді белгілейтін; негізгі тәсілдер мен қағидаттарды айқындайтын теориялық-әдіснамалық; ұйымдастыру-технологиялық, міндеттерді іске асыру құралдарын, шарттарын, нысандарын, тәсілдерін көрсететін және диагностикалық-критериалды, критерийлерді, көрсеткіштер мен нәтижелерді нақтылайтын компоненттерді қамтиды (1-сурет).

Осы саладағы еңбектерге талдау жасай келе, мектепке дейінгі ұйым педагогтарының когнитивті, коммуникативтік, операциялық-мазмұнды, құндылықты-рефлексивті компоненттерді бөліп алатын логикалық-ақпараттық мәдениеттің құрылымына сәйкес келеді. Олардың логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру процесінің әдіснамалық негізі ретінде бірыңғай бөлінбейтін әдіснамалық кешенді құрайтын пәнаралық, ақпараттық, іс-әрекет, құзыреттілік, технологиялық, жеке тұлғаға бағытталған және синергетикалық тәсілдер жиынтығын есептейтін боламыз.

<table>
<tr><td rowspan="2">Мақсатты блок</td><td>Мақсаты</td><td colspan="3">Мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру</td></tr>
<tr><td>Міндеттері</td><td colspan="3">Когнитивті құзыреттілікті, коммуникативтік құзыреттілікті, ақпараттық-технологиялық құзыреттілікті, ақпараттық-құқықтық мәдениетті және ақпараттық өзара іс-қимыл этикасын қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Теориялық-әдістемелік блок</td><td>Әдістемелік негіз</td><td colspan="3">Пәнаралық, ақпараттық, іс-әрекеттік, құзыреттілік, технологиялық, тұлғалық-бағытталған және синергетикалық тәсілдер</td></tr>
<tr><td colspan="4">Мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық мәдениетінің компоненттері</td></tr>
<tr><td>Когнитивті: әлемнің ақпараттық бейнесі туралы білім мен түсінік</td><td>Коммуникативтік: ақпараттық қоғамдағы тұлғаның мінез-құлық қағидалары мен қағидалары</td><td>Операциялық-мазмұнды: ақпаратты алумен, сақтаумен, өңдеумен және берумен байланысты практикалық біліктер мен дағдылар</td><td>Құндылықты-рефлексивті: өмірлік ұстанымдар, бағалау және ақпараттық қоғамдағы қарым-қатынас</td></tr>
<tr><td rowspan="7">Ұйымдастыру-технологиялық блок</td><td colspan="4">Мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық іс-әрекетінің түрлері</td></tr>
<tr><td></td><td>оқу</td><td>оқу-кәсіптік</td><td>ғылыми жұмыс</td></tr>
<tr><td>Формасы</td><td>арнайы оқу курсы</td><td>семинарлар</td><td>сайыстар, байқаулар</td></tr>
<tr><td>Әдістері</td><td>сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиялары</td><td>ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жобалық әдіс</td><td>ақпараттарды жүйелеу, библиографиялық іздеу, талдау, саралау</td></tr>
<tr><td>Дидактикалық қамтамасыз ету</td><td colspan="3">когнитивтік, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жүйелік-байланысқан пәндер жиынтықтары бойынша электрондық мәліметтер кешендері</td></tr>
<tr><td colspan="4">Педагогикалық шарттар</td></tr>
<tr><td colspan="4">Ақпараттық қызметке уәждемені арттыру, арнайы оқу курстарын оқытудың мазмұнын, нысандары мен әдістерін біріктіру және электрондық пәнаралық кешендерді пайдалану негізінде оқу процесін ұйымдастыруды жетілдіру</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Диагностикалық-критериалды блок</td><td colspan="4">Логикалық-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру критерийлері</td></tr>
<tr><td>Ақпараттық қызметке уәждеменің қалыптасу дәрежесі</td><td>Когнитивтік және коммуникативтік құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесі</td><td>Ақпараттық-технологиялық құзыреттердің қалыптасу дәрежесі</td><td>Құндылық бағдарларының қалыптасу дәрежесі</td></tr>
<tr><td colspan="4">Мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру көрсеткіштері</td></tr>
<tr><td>Уәж (мотивация)</td><td>Білім</td><td>Біліктер мен дағдылар</td><td>Құзыреттер</td></tr>
<tr><td colspan="4">Мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық мәдениетінің қалыптасу деңгейі</td></tr>
<tr><td>Төмен</td><td colspan="2">Орташа</td><td>Жоғары</td></tr>
<tr><td colspan="5">НӘТИЖЕ</td></tr>
<tr><td colspan="5">Логикалық-ақпараттық мәдениеті қалыптасқан мектепке дейінгі ұйым педагогы</td></tr>
</table>

1-сурет. Мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұнды моделі

Құрылымдық-мазмұндық үлгінің ұйымдастыру-технологиялық блогы ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, іздестіруді және таратуды, сондай-ақ ұйымдастыру ресурсын қалыптастыруды және оған қол жеткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін ақпараттық қызмет түрлерін анықтайды. Жұмыста оқу курстары мен семинарларда ақпараттық мәдениеттің когнитивті және операциялық-мазмұнды компоненттерін қалыптастыруға бағытталған сыни ойлауды дамыту технологиясының әдістері мен тәсілдерін қолдану негіздемесі келтірілген. Семинарларды өткізу кезінде мектепке дейінгі ұйым педагогының логикалық-ақпараттық мәдениетінің коммуникативтік және операциялық-мазмұнды компоненттерінің дамуына ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, жобалау әдісін белсенді қолдану орынды. Өзін-өзі дайындау, ғылыми жұмыстарды орындау процесінде педагогтар тиімді ақпараттарды жүйелеу, библиографиялық іздеу, талдау, саралауды және ақпараттық кеңістікте өзін-өзі ұстау ережелерін меңгеруі тиіс.

Педагогтардың оқу, оқу-кәсіптік және ғылыми ақпараттық қызметін ұйымдастыру ресурсы және дидактикалық қамтамасыз ету ретінде когнитивтік, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жүйелі байланысты пәндер жиынтықтары бойынша электрондық пәнаралық кешендер ұсынылады. Диагностикалық-критериалды блок логикалық-ақпараттық мәдениетті қалыптастыру процесінің тиімділігін көрсетеді, белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес педагогтардың логикалық-ақпараттық даярлығының қол жеткізілген нәтижелерін зерттейді. Бұл блок педагогтардың логикалық-ақпараттық мәдениет компоненттерінің қалыптасу критерийлерін, деңгейлерін, көрсеткіштерін қамтиды. Әзірленген модель мектепке дейінгі ұйым педагогтарының логикалық-ақпараттық мәдениетін қалыптастыру процесінің әдіснамалық негізі болып табылады. Тұтас жүйелік кешенді құрайтын модельдің өзара байланысты компоненттері одан әрі зерттеу барысында нақтылануы мүмкін.

Қорытынды

Қорытындылай келе, педагогтың логикалық-ақпараттық мәдениеті ақпаратқа, ақпараттық қызметке және оның субъектілеріне құндылық қарым-қатынасты, заманауи ақпараттық жүйелерді оңтайлы қолдану әдістерін білуді, білім берудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға және баланың қоғамда өзін-өзі жүзеге асыру қабілетін барынша дамытуға бағытталған кәсіби және тұлғааралық өзара әрекеттестікте ақпараттық технологияларды қолдана білуді қамтитын маманның тұтас, көп деңгейлі, тұлғалық сипаттамасын білдіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Идрисов С.Н. Жоғарғы оқу орнының білім беру үрдісінде студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Пед.ғыл.канд. дисс. автореферат. – Атырау, 2009. – 32 б.
2. Новокшонова М. Ю. Информационная культура как компонент имиджа современного педагога. Автореферат дисс. канд. пед. наук., Москва, 2006. – 28 с.
3. Джарасова Г.С. Методические основы формирование логической культуры будущих информатиков. Автореферат дисс. канд. пед. наук. – Алматы, 2010. – 27 б.
4. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1991. – 917 с.
5. Даль В.И. Толковый словарь. – М: Русский язык, 1991. – Т.4 . – 2007 с.
6. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология / Жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. –Алматы: «Мектеп», 2002. – 256 б.
7. Хмель Н.Д. Технология реализации целостного педагогического процесса: Программа спецкурса для магистратуры университетов. – Алматы : Қазақ университеті. – 1998. – 24 с.
8. Нұрғалиева Г.Қ. Психолого-педагогические основы системы целостного ориентирования личности: автореферат докт. пед. наук. – Алматы, 1993. – 51 с.
9. Подласый И.П. Педагогика. Новый курс : учебник для студентов пед. Вузов. В 2-х книгах. – М.: Центр Владос. Кн. 1. – 1999. – 575 с.
10. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы : оқу құралы. – Алматы : Print-S, 2005. – 140 с.
11. Гендина Н.И. Формирование информационной культуры личности: от теории – к модели информационного образования // Открытое образование, 2007. – №1. – С. 4-10
12. Козлов О.А., Ундозерова А.Н. Информационная культура личности в контексте развития современного информационного общества // Человек и образование. – 2017. – №4 (53). – С. 46–52.

УДК 37.013

Анарбек Назгуль,
кандидат педагогических наук, доцент педагогики
Академия Комитета национальной безопасности Республики Казахстан,
E-mail: nazanar@gmail.com

Тулепова Ляззат Меделхановна,
Магистрант педагогики,
Академия Комитета национальной безопасности Республики Казахстан,
E-mail: tulepovalazzat@mail.ru

КОНСТРУКТ ПОСТРОЕНИЯ СОЦИАЛЬНО-ЛИЧНОСТНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ ВУЗОВ

Аңдатпа: *Авторлармен ұсынылып отырған жұмыста «әлеуметтік-жеке құзыреттілікті» қалыптастыруды құрау бойынша зерттеу нәтижелері көрсетілген. Әлеуметтік-жеке құзыреттіліктер тізімін құрастыру әдісі ұсынылады. Аталған әдіс құзыреттілік түғырын зерттейтін галымдармен білім беру багдарламасын жобалау барысында және ЖОО түлектері моделін құрастыру кезінде қолдануга мүмкіндік береді.*

Тірек сөздер: *құзыреттілік тәсіл, білім беру компасы, әлеуметтік-жеке құзыреттілік.*

Аннотация: *в работе авторами статьи представлен конструкт построения социально-личностных компетенций обучающихся вузов Республики Казахстан. В современных условиях конкурентоспособность специалиста определяется не только знаниями, умениями и навыками, а также его уровнем социально-личностных компетенций, что в целом определяет его профессионализм. Авторами посредством образовательного компаса сделан упор на три социально-личностные компетенции обучающихся и разработана методика построения характеристик каждой из них.*

Ключевые слова: *компетентностный подход, образовательный компас, социально-личностные компетенции.*

Abstract: *in this paper, the authors present a construction construct of social and personal competencies of students of higher education institutions of the Republic of Kazakhstan. In modern conditions, the competitiveness of a specialist is determined not only by knowledge, skills and abilities, but also by his level of social and personal competence, which generally determines his professionalism. The authors use the educational compass to focus on three social and personal competencies of students and develop a method for constructing the characteristics of each of them.*

Keywords: *competence approach, educational compass, social and personal competence.*

Гармонизация «архитектуры» европейской системы высшего образования задает вектор развития отечественной высшей школы. Требования активной социализации личности, которые отражены как в международных, так и в казахстанских документах последнего десятилетия, показывают необходимость согласования и приведения образования в соответствие интенсивно развивающемуся в условиях глобализации рынку труда. В более узком смысле речь идет о соотношении образовательной и профессиональной деятельности, так как «знаниевая» парадигма уже не отвечает требованиям времени, что обусловливает острую необходимость перехода к компетентной парадигме [*Сергеев А.Г., 2010, с. 23*]. В таблице 1 приведены основные особенности компетентной парадигмы высшего образования в сравнении со знаниевой [*Сергеев А.Г., 2010*, *с. 23*].

Таблица 1

Сравнение образовательных парадигм

Знаниевая парадигма	Компетентная парадигма
1	2
…рассматривает человека как ресурс, средство для решения важнейших задач	…рассматривает человека как главную цель образования
…транслирует знания	…производит новые знания
…передает опыт	…учит анализировать, изучать прошлый опыт

…учит усваивать знания	…учит усваивать способ мышления, приводящий к открытию новых знаний
…учит приобретать знания впрок («авось пригодятся»)	…учит приобретать знания в деятельности, моделирующей будущую профессиональную или любую другую
…учит усвоению всего, что преподаватель последовательно «излагает» по известному ему одному плану	…учит принимать участие в определении собственной образовательной траектории и уровня образования
…учит усвоению теорий и вечных истин	…прививает модельные представления о мире, представляет истину как нечто, с чем соглашается сообщество ученых на данном этапе
…готовит к будущей жизни, которая является улучшенной копией настоящей	…учит жить «здесь и теперь», готовит к жизни в обществе, для которого практически невозможно указать основные его черты
…предполагает воспитание и развитие личности на основе преобразованного социального опыта	…предполагает сотворение своего собственного образа мира и своего собственного образа в этом мире
…учит борьбе за…против…	…учит сопротивляться злу в любых условиях, сохраняя достоинство
…вынуждает избегать контроля	…стимулирует обучающегося стремиться к объективному контролю, не скрывая своего незнания

В поиске оснований для построения социально-личностных компетенций обучающихся нами изучены достижения мировой и отечественной теории и практики образования – труды В. Хутмахера, М. Тагума, С. Ширай, К. Ангера, Э.Ф. Зеера, И.А. Зимней, Ю.Г. Татура, А.В. Хуторского, А.Г. Сергеева. Из отечественных исследователей изучены работы по проблемам теоретических и практических аспектов формирования профессиональных компетенций студентов – Ш.Т. Таубаева, Б.Т. Кенжебеков, по формированию социальных компетенций будущих преподавателей – Г.Ж. Менлибекова, по развитию личностно-профессиональных компетенций педагогов на основе саморазвития – О.С. Сангилбаев, по использованию преподавателями в учебном процессе электронных учебных пособий – С.И. Ферхо, по формированию общекультурных компетенций студентов – К.А. Жолдасбекова.

Проанализированы нормативно-правовые акты, соответствующие развитию Болонского процесса, новые зарубежные документы в области определения компетенций будущего, а также казахстанские в области высшего и послевузовского образования.

Хотим заметить, что большинство российских и казахских исследователей [*Сартакова Е.М., Шахматова О.Н., 2009, с. 33; Зеер Э.Ф., Кормильцева М.В., Аскарова, 2010, с. 45*] опираются на следующую логику проектировании компетенций обучающихся вузов [2, 3, 4]: целеполагание образования, определение компетенций (состава, перечня, построение модели), разработка механизмов их формирования, оценка приобретённых компетенций осуществляется через ЗУНы (Рисунок 1).




Рисунок 1. Традиционная схема применения компетентностного подхода

Данная схема проектирования компетенций не позволяет определить **способность практического использования** приобретенных в процессе обучения знаний, умений и навыков выпускников в

профессиональной деятельности, то есть на выходе сложно оценить конкретные действия как профессионала. Также данный подход не рассматривает ценности как компонент компетенций, хотя в современном науковедении аксиологические основы приоритетны. Так, по мнению отечественного ученого А.К. Амановой [*Аманова А.К, 2017, 16 с.*], наравне с профессиональными компетенциями, связанными с основными целями образования, структурой социальной практики и с индивидуальным опытом личности, а также видами основных действии обучающегося существует ряд образовательных компетенций, которые должны сформировываться в высшем учебном заведении. На рисунке предложена совокупность таких компетенций, включая понятие ценностей и культурная компетенция, основанная на национальных ценностях.



Рисунок 2. Совокупность образовательных компетенций по А.К. Амановой

Также, важным представляется учесть прогноз компетенций и навыков 2020 года, в работах М. Тагума, С. Ширай, К. Ангера (2017 году) подробно описан образовательный компас в виде «косички» (Рисунок 3) [*Тагума М., Ширай С., Ангера К*].

Как видим, компетенция формируется вследствие переплетения современных знаний, умений и ценностей личности, что ведет к адекватным действиям для разработки ответов на вызовы современности.

Выпускникам 2030 года потребуются глубокие знания во всех областях, а применять их придётся в неизвестных и меняющихся условиях. Для этого им пригодится широкий спектр умений, включающий когнитивные и метапредметные, социально-эмоциональные, физические и др. Также поступки, действия, поведение обучающегося будут базироваться на заложенных ценностях и установках; их можно выделить на уровне индивида, общества и всего мира.



Рисунок 3. Образовательный компас

Для определения понятия социально-личностная компетенция нами рассмотрены подходы к определению понятия компетенции обучающихся вузов; определения социальных компетенций, обучающихся; содержание личностных компетенций, обучающихся; варианты детерминации понятия социально-личностные компетенции обучающихся. Результаты такого анализа сводятся в матрицу социальных и личностных компетенций обучающихся вузов.

Соответственно конструкт построения понятия «социально-личностная компетенция» схематично представлен на рисунке 4.




Рисунок 4. Конструкт построения понятия «социально-личностная компетенция» обучающихся вузов

Таким образом, считаем возможным дать следующее определение: **социально-личностная компетенция** есть преобразующая компетенция, представляющая собой совокупность *знаний, способов деятельности, навыков, ценностей и качеств личности*, приобретаемых в процессе личностного развития с целью всесторонней реализации личности в социуме и в профессии, раскрытия ее инновационного мышления, коммуникативной культуры, ответственного поведения.

Согласны с мнением ряды ученых по вопросам развития компетентностного подхода в вузах, что именно социально-личностные компетенции способствуют развитию профессиональных компетенций, в связи с этим мы видим их **преобразовательную функцию** (роль). Так, социально-личностная компетенция обучающегося вуза есть преобразующая компетенция, представляющая собой совокупность знаний, способов деятельности, навыков, ценностей и качеств личности, приобретаемых в процессе личностного развития, раскрытия инновационного мышления, коммуникативной культуры, ответственного поведения личности с целью всесторонней её реализации для служения обществу и защиты национальной безопасности.

Согласно образовательному компасу считаем возможным выделить следующие социально-личностные компетенции обучающихся вузов: принятие ответственности; разрешение противоречий и проблем; создание новшеств. В таблице 2 сведем всё в единую матрицу социально-личностных компетенций обучающихся вузов.

Таблица 2

Матрица социально-личностных компетенций

Социально-личностные компетенции	**Характеристика социально-личностных компетенций**
1	**2**
Принятие ответственности. В основе этой компетенции лежит способность к саморегуляции, включающая самоконтроль, личную эффективность, ответственность, способность решать проблемы и адаптироваться.	– способность брать на себя ответственность; – функционирование в своей социальной среде; – выражать свои идеи или критически оценивать свои действия; – способность адаптироваться к новым ситуациям; – дисциплина и мотивация; – самосознание и гибкость; – планирование и организация деятельности; – работа в команде. – самосовершенствования, саморегулирования, саморазвития, личностной и предметной рефлексии; – готовность к постоянному повышению квалификации;

1	2
	– потребность в самоактуализации и саморазвитии; – основы непрерывного обучения в контексте как личной профессиональной, так и социальной жизни; – социальный интеллект; – коммуникации, использовании технических средств, в самоорганизации и принятии решений; – работа в команде; – владение навыками взаимодействия и сотрудничества; – социальная ответственность за свои поступки и т.д.; – владение средствами постоянного саморазвития своих профессиональных возможностей; – готовность к саморазвитию, самопознанию, сохранение собственного психического и физического здоровья, выбор путей личностного и профессионального развития и т.д.; – ответственность, честь, трудолюбивость, аккуратность, постоянство, устойчивость, уверенность, сдержанность, искренность, требовательность; – быстрая обучаемость, реакция, внимательность или организованность; – готовность к обучению; – способность контролировать собственные желания, мысли и поведение; – способность интегрироваться в группу; – готовность проявить лидерство; – раскованность мыслей, чувств; прогностичность; – критичность; – наличие своего мнения и др; – умение поставить цель и ее достижение; – различные социальные роли в группе и коллективе; – умение найти свое место и роль в окружающем мире, семье, коллективе; – активность, решительность, самостоятельность, наблюдательность, самоконтроль, – патриотизм, – дисциплинированность; – управлению собой, своим временем (тайм-менеджмент) (с устава проекта взята). – инициативность и предпринимательский дух; способность, готовность и умение изучать свою личность, выявлять достоинства и недостатки, создавать и реализовывать план развития своих положительных личностных качеств
Разрешение проблем и противоречий. В мире неравных возможностей молодым людям потребуется умение улаживать конфликты и снимать напряженность, находить баланс между справедливостью и свободой, независимостью и сообществом, инновацией и традицией. Чтобы быть готовыми к будущему, нам необходимо научиться думать и действовать слаженно, принимая во внимание альтернативные идеи и взгляды в краткосрочной и долгосрочной перспективе.	– участвовать в принятии групповых решений; – регулировать конфликты ненасильственным путем; – постановка и решение познавательных задач, проблем; – принятие различий, уважение других, способность жить с людьми других культур, языков, религий; – лидерство; – понимание культур и обычаев других стран; – забота о качестве; – устанавливать и поддерживать социальные связи; – способность разрабатывать, выбирать и применять соответствующие стратегии решения проблем; – самопознание, благодетельность, способность к сопереживанию; – способность к перманентному анализу ситуации; – способность, четко и ясно выражать свою мысль, умение слушать других, задавать вопросы и выдвигать собственные идеи; – умение задавать вопросы, отыскивать причины явлений; – вдохновленность, фантазии и чуткость к противоречиям; – взаимодействия с другими людьми, объектами окружающего мира и его информацией; – эрудированность; – способность и готовность к социальному взаимодействию с обществом, общностью, коллективом, семьей, друзьями, партнерами; – способность и готовность к сотрудничеству и разрешению конфликтов; – способность и готовность к толерантности, уважению и принятию другого; – способность и готовность к социальной мобильности (с Войлоковой взята)

1	2
Создание новшеств. Фундаментом компетенции является способность к адаптации, творческое мышление, любознательность и открытость новому.	– способность порождать новые идеи (креативность); – стремление к успеху; – системность мышления; – неординарное мышление; – инновационное мышление; – компетенции интеграции (структурирование, приращение знаний); – критическое мышление; – способность к нормотворчеству; – рефлексивное мышление; – позитивное мышление; – генерация собственных идей, но и также успешное претворение этих идей в практику; – способность воспринимать инновационные идеи; – гибкость мышления. – знания, не ограничивающиеся своей узкой специализацией; – владение устным и письменным общением на разных языках, в том числе через Internet; – способность обмениваться информацией, общаться; – в сфере информационных технологий; – владение мультимедийными технологиями, понимание возможностей их применения; – умение работать с современными медиа; – поиск информации, анализ информации; – умение отыскивать, преобразовывать и передавать информацию; – использовать современные телекоммуникационные технологии; – готовности, к обучению на протяжении всей жизни; – готовности принимать нестандартные решения;

Далее, расплетаем и заплетаем «косичку». Как видим из рисунка 5, любая компетенция включает знания следующих видов – предметные, метапредметные, эпистемические, процедурные. При выявлении состава социально-личностной компетенции доля *предметных знаний* скорее будет минимальна, данные знания важны для формирования профессиональных компетенций. Каким образом определить совокупность метапредметных знаний? Часто *метапредметные знания* приравнивают к мотивационным (ориентировочным) знаниям, и традиционно под ними понимают обобщенные планы видов учебной деятельности: освоение межпредметных понятий и начальных форм познавательной и личностной рефлексии; развитие способности понимать и сохранять учебную цель и задачи, самостоятельно преобразовывать практическую задачу в познавательную и другие [*Шеховцова Л.Д., Прокофьева И.В., Маркова Р.И., Молчанова Е., 2017, 187 с.*].




Рисунок 5. Составляющие компетенции [http:ru/unesco.kz]

Далее, выявление *эпистемических знаний* предполагает определение уровня осознания таких понятий – истина и смысл; сущность познания; формы познания (наука, религия, искусство, идеология,

здравый смысл); эмпирический и теоретический уровень познания; принципы познания; вера/интуиция и знание; структура и формы опыта; специфика и критерии научного познания; понимание и объяснение [*http:twirpx.com, с. 5*].

Процедурные знания – знания, хранящиеся в памяти интеллектуальной системы в виде описаний процедур, с помощью которых их можно получить. Обычно процедурные знания используются для представления информации о способах решения задач в проблемной области, а также различные инструкции, методики и т.п. Основной чертой знаниевой парадигмы являются декларативные знания, в то время как ключевой характеристикой компетентной парадигмы – процедурные знания [*Крылова О.Н., Шевердина И.Д., с.* 7].

Перейдем к описанию следующего блока содержания обучения и воспитания – способы деятельности, навыки. *Когнитивные умения и навыки,* по мнению большинства ученых в области педагогики являются познавательные умения, технологии критического мышления [*Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н., 2011, с. 85*].

Метакогнитивные умения – это надкогнитивный уровень умений, своеобразные умения умений, второй абстрагционный этаж умений. Если Вы задумались над вопросами «работы над ошибками», самонаблюдения – «что привело к ошибке, почему получилось ошибочной решение», «где была допущена ошибка в мыслительной деятельности, операций», «как не допустить ошибки в следующий раз при подобной деятельности». Знаменитые ученые, творческие личности также думают над вопросами: как я пришел такому решению? На какие позиции он опирался, какие новые методы использовал? Как спланировать решение новых задач пошагово, детализировано? Какие мыслительные операции повторить? Что изменить? Метокогнитивное мышление – это, можно сказать, «мышление над мышлением», мышление над логикой своего или чужого мышления [*Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н., 2011, с. 85*].

Социально-эмоциональные навыки. Данные навыки демонстрируют развитие эмоционального интеллекта (EQ) личности, мы придерживаемся позиции доктора Колли о наличие пяти основных навыков, способствующих адаптивному социальному и эмоциональному поведению [*http:worldbank.org*]

• самосознание, то есть, способность человека осознавать свои эмоции, сильные и слабые стороны;

• самоуправление, то есть, способность контролировать эмоции и поведение по мере необходимости в разных ситуациях;

• социальное сознание, то есть, способность воспринимать чужую точку зрения и чувствовать сопереживание;

• навыки общения, то есть, способность эффективно слушать, четко выражать свои мысли, сотрудничать с другими и предлагать помощь в случае необходимости;

• ответственное принятие решений, то есть, способность делать правильный выбор в различных условиях.

Физические навыки – навыки, показывающие стремление личности к здоровому образу жизни, гигиена умственного труда, которые выражаются в формировании спортивно-оздоровительных навыков, укреплении необходимых санитарно-гигиенических навыков организации труда и разумного отдыха…

Практические навыки – это точная, безошибочно выполняемая деятельность, которая в силу многократного повторения становится автоматизированной [*Суменко Л.Г., 2003, с. 90*]. К примеру, практические навыки лаконичного выражения своих мыслей, слушания других, постановки вопросов и выдвижения собственных идей решения проблем; установления причинно-следственных связей; управления собой, своим временем (тайм-менеджмент) и т.д.

В блоке «ценности» образовательного компаса европейскими учеными перечислены такие виды как индивидуальные, региональные, общественные и общемировые. Считаем возможным в зависимости от региона, страны и специфики профессиональной деятельности внести изменения в классификацию ценностей. В связи с этим считаем возможным выделить три группы ценностей – государственные, корпоративные, индивидуальные (служение обществу, быть в единстве мысли, слов и дела, поиск смысла, развитие силы воли и другие).

Основные государственные ценности прописаны в документе «Мәңгілік Ел», объединяющие всех казахстанцев и составляющие фундамент будущего страны [*http:kst.adilet.gov.kz*]. Национальное

единство возможно через общность истории, языка и культуры, развитие человеческого капитала, экономический рост, бережное отношение к природным ресурсам, активной гражданской позиции патриота. Кроме того, в статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Н. Назарбаев выделяет несколько направлений модернизации сознания как общества в целом, так и каждого казахстанца *[www.akorda.kz*]: конкурентноспособность; прагматизм; сохранение национальной идентичности; культ знания; открытость сознания. Таким образом, в блок «ценности» социально-личностной компетенции войдут такие – независимость страны, государственный язык как оплот единства нашего унитарного государства, общность истории и культуры, созидание личностного потенциала на благо страны, разумное потребление природных ресурсов.

Корпоративные ценности определяются каждой организацией самостоятельно, с учетом их специфики и особенности.

Индивидуальные ценности являются хитом среди исследователей аксиологов, мы в своей работе предлагаем опираться духовно-нравственным ценностям отмеченные в кодексе тюрков, Абая Кунанбаева, Н. Назарбаева, Б. Момышулы.

На протяжении развития казахской государственности накоплен огромный опыт по воспроизводству духовных ценностей казахского общества воспитанию духовно-нравственных качеств, основанные на таких понятиях как «намыс», «сана», «борыш», «айбын», «Отан сүйу», «сабыр», «шапағат», «малшашпау», «талап», «еңбек», «терең ой» и другие.

– Источники тюркской кочевой культуры содержат нравственные идеи в области воспитания, уже в раннем средневековье у кочевников сложились свои требования к обучению и воспитанию детей и молодежи. В частности, был выработан определенный морально-психологический эталон личности, который нашел свое отражение в Кодексе чести тюрков [помни везде, ты – потомок древнего и благородного народа, а поэтому не имеешь права на недостойный поступок;

– знай историю своего народа и края – это знание укрепит твой дух, возвеличит душу;

– не считай себя человеком пока не освоишь языка, обычаев и искусства своего народа;

– постоянно работай над физическим и духовным совершенствованием;

– величие человека никогда не измерялось богатством, а лишь бескорыстным служением Отечеству;

– никогда не оскорбляй ничьих национальностей и религиозных чувств;

– будь всегда во всем человеком чести. Пусть ни голод, ни холод, ни страх смерти не сломят твоего духа.

Изучая, труды Б. Момышулы мы видим перекличку с пониманием чести, высоких нравственных качеств джигита [*Б. Момышулы, 2015*]:

– «Жігіттің екі сойлегені – өлгені» – джигит должен держать слово;

– «Таспен атқанды аспен ат – жеңісің» – ответь добром на зло, и ты победишь;

– «Ешқашан мақтанба! Жұрт мақтасын» – не хвастайся, народ пусть скажет;

– «Күнде өзіңе есеп бер. Өзіңді тәрбиелей бер» – самовоспитание начинается с ежедневного отчета перед собой;

– «Үйретері мол мықтылардан ұстаздарың болсын. Бірақ, ешкімді пір тұтпа» – имей учителей, но не обожествляй их;

– «Өміріңнің сапасына тек сен жауаптысын» – за свою жизнь ты сам в ответе.

Ярким просветителем казахского народа является Абай Кунанбаев, который высказал глубокие мировоззренческие идеи в части познания человеческой сущности. «Человек должен любить всех людей, как братьев, и любить справедливость (әділет), как благой, истинный путь». Впервые в истории казахской философии Абай изложил концептуальное видение модели, сущности зрелой личности (толық адам). По Абаю, зрелой личностью человека делает три качества: разум, сердце, воля.

В стихотворении «Ғылым таппай мақтанба» Абай призывает молодежь придерживаться следующих установок [*Абай , http:adebiportal.kz*].

Пяти вещей ты избегай, к пяти вещям стремления знай,
Раз хочешь выйти в люди.
Узнай же, что пахвальство, ложь,
Лень, сплетни, деньги на кутеж – твои враги повсюду.
Мысль, труд, стремлений высота, довольство малым, доброта: пять дел которых чудо.

Таким образом, в блок «ценности» социально-личностной компетенции выпускника как индивидуальные ценности войдут **честь и ответственность, долг, бескорыстное служение Родине, стойкость, прагматизм и развитие** что будут способствовать сформированности мировоззренческой позиции патриота, гуманистической направленности мышления, поведения и деятельности; качеств защитника Отечества, ответственность за решения, умений проявлять внутреннюю активность и самостоятельность, проактивность и синергию, быть способным к самопознанию, самообразованию, саморазвитию, иметь веру в свои силы и способности и др. (Рисунок 6).



Рисунок 6. **Формирование духовно-нравственных качеств личности на основе индивидуальных ценностей**

Таким образом, для определения социально-личностной компетенции обучающихся конкретной образовательной программы (специальности) необходимо проделать следующие шаги.

1 шаг. Создание команды экспертов по формированию перечня социально-личностных компетенций, обучающихся данной образовательной программы. Команда экспертов создается из числа профессорско-преподавательского состава и работодателей. Разрабатывается план работы команды.

2 шаг. Сбор и анализ информации. Отбор (ранжирование) значимых компетенций, составление матрицы характеристик социально-личностной компетенций обучающихся конкретной специальности.

3 шаг. Выявление состава социально-личностных компетенций, обучающихся по конкретной специальности вуза – расплетаем и заплетаем «косичку». По трем социально-личностным компетенциям определяем значимые для выпускника данной специальности характеристики по всем видам знаний, навыков и ценностей (образец в Таблице 3).

4 шаг: Формулирование содержания компетенций. При формулировании компетенций следует использовать глаголы в неопределенной форме: «понимать», «иметь» (научное представление), «владеть», «уметь», «обладать» (способностью), «быть» (готовым, подготовленным), «знать», (стремиться) «использовать», «учитывать», «обосновывать», «стремиться» (к совершенствованию), «выражать» и т.д.

Таблица 3

Образец определения характеристик социально-личностных компетенций

Компетенция	**Характеристики**
Принятие ответственности	**Знания**
	Предметные …
	Метапредметные знания …
	Эпистемические знания …
	Процедурные знания …
	Навыки
	Когнитивные и метакогнитивные
	Социальные и эмоциональные
	Физические и практические
	Ценности
Разрешение противоречий и проблем	**Знания**
	Предметные …
	Метапредметные знания …
	Эпистемические знания …
	Процедурные знания …
	Навыки
	Когнитивные и метакогнитивные
	Социальные и эмоциональные
	Физические и практические
	Ценности
Создание новшеств	**Знания**
	Предметные …
	Метапредметные знания …
	Эпистемические знания …
	Процедурные знания …
	Навыки
	Когнитивные и метакогнитивные
	Социальные и эмоциональные
	Физические и практические
	Ценности

И в заключение, хотим особо подчеркнуть, что проблема определения социально-личностной компетенции обучающихся вузов в целом, и в частности по конкретной образовательной программе становиться все более актуальным. Предлагаемый авторами конструкт построения социально-личностных компетенций» опирается на идеи педагогики XXI века, осознание единства образовательной и профессиональной деятельности, сочетание требований образовательного компаса и многообразия вариантов социальных и личностных компетенций обучающихся вузов. Данная методика может быть использована исследователями компетентностного подхода в проектировании образовательных программ, а также практиками образовательного процесса вузов при построении моделей выпускника.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Сергеев А.Г. Компетентность и компетенции в образовании: монография/: Изд-во Владим. гос. ун-та, 2010. – 107 с.;
2. Сартакова Е.М., Шахматова О.Н. Формирование и развитие социально-личностных компетенций студентов экономических специальностей: монография, – Челябинск: Изд-во ЮУрГУ, 2009. – 79 с.;
3. Зеер Э.Ф., Кормильцева М.В. Социально-личностные компетенции и профессиональная мобильность как целевя ориентация образования [Электронный документ] Режим доступа: //https://cyberleninka. Ru;
4. Аскарова Г.А. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру. Педагогика ғ. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. – Алматы, 2010.;
5. Аманова А.К. Болашак педагог-психолог мамандарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. – Астана, 2017
6. Тагума М., Ширай С., Ангера К. Прогноз ОЭСР – 2030 (компас). [Электронный документ] Режим доступа: //https://www.youtube.com/ watch?v=84395GJj6sc;

7. Шеховцова Л.Д., Прокофьева И.В., Маркова Р.И., Молчанова Е. Метапредметные универсальные знания и умения // Молодой ученый. – 2017. – №42. – С.185-187. [Электронный документ] Режим доступа: // https:// moluch/ru/arhive/176/46005/;
8. ЮНЕСКО. Глобальная повестка дня «Образование2030». – [Электронный документ] Режим доступа: // http:ru/unesco.kz;
9. ЮНЕСКО. Глоссарий терминов по технологии образования. – [Электронный документ] Режим доступа: //http:twirpx.com;
10. Крылова О.Н., Шевердина И.Д. Процедурные знания как компонент современной видеологии знаний обучающихся в условиях реализации ФГСО // Журнал наука и образование. [Электронный документ] Режим доступа: //http:cyberleninka. ru;
11. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика. – М.: Академия, 2011. – 576 с.
12. Халси Роджерс Социально-эмоциональные навыки // Всемирный Банк, – 2015. [Электронный документ] Режим доступа: //http:worldbank.org;
13. Суменко Л.Г. Англо-русский словарь по информационным технологиям. М.: ГП ЦНИИС, 2003.;
14. Национальная идея «Мәңгілік ел», 2017 [Электронный документ] Режим доступа: //http:kst.adilet.gov.kz
15. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. – Астана. 2017 [Электронный документ] Режим доступа: //https://www. akorda.kz;
16. Мурад аджи История тюрков. [Электронный документ] Режим доступа: //https://books.googl.kz;
17. Фрид Алекбери, 2018// Кодекс чести тюрков// «Elm» History & Heritage website [Электронный документ] Режим доступа: //https:/alakbari/indeks.files/192.htm;
18. Жизненый путь и творческое наследие Б. Момышулы, 2015. [Электронный документ] Режим доступа: // http:mysl.kazgazeta..kz;
19. Абай Кунанбаев Двадцать стихотворений на трех языках// [Электронный документ] Режим доступа: // http:adebiportal.kz.

ӘОЖ 37.016

Байменова Ұлжалғас Сейдановна,
доцент, х.ғ. к., декан,
сырттай және қашықтықтан оқыту факультеті,
Академик Қуатбеков атындағы халықтар достығы университеті

Битемирова Алия Еркегуловна,
доцент, х.ғ.к.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент,
E-mail: bitemirova1960@mail.ru

ХИМИЯНЫ БИЛИНГВАЛДЫ ОҚЫТУ

Аңдатпа: *Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Ағылшын тілін химия пәнін оқытуда ұштастыру үшін әдіс-тәсілдердің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуін түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану – сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша химияны билингвалды оқытудың тиімді әдістемесі қарастырылған.*

Кілт сөздер: *билингвалды оқыту, химияны оқыту әдістемесі, химияны ағылшын тілінде оқыту.*

Аннотация: *Основная цель образования – не только обновление содержания образования, но и повышение эффективности использования различных средств и методов обучения. В зависимости от способа проведения занятий учителя – пробудить интерес учащихся к уроку. Для сочетания английского языка в преподавании химии необходимо свободно владеть всеми методами, выбрать наиболее выгодные из каждой конкретной ситуации и преобразовать несколько из них-залог успешного проведения урока. В статье рассмотрена эффективная методика билингвального обучения химии по обновленной образовательной программе.*

Ключевые слова: *билингвальное обучение, методика преподавания химии, обучение химии на английском языке.*

Abstract: *The main goal of education is not only to update the content of education, but also to increase the efficiency of using various means and methods of teaching. Depending on the method of the teacher conduction classes – to awaken the interest of students in the lesson. To combine English in teaching chemistry, you must be fluent in all the methods, choose the most profitable from each specific situation and convert several of them – the key to a successful lesson. The article considers an effective method of bilingual teaching of chemistry according to the updated educational program.*

Key words: *bilingual education, methods of teaching chemistry, teaching chemistry in English.*

Қазіргі Қазақстандық қоғам көпұлттық, көптілдік және көпмәдениеттілік жағдайында болғандықтан жастар алдына үлкен де күрделі мәселелер қойып отыр. Көптілділік Қазақстан халықтарын рухани дамытумен қатар еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін ішкі саясаттың жекелеген бағыты. Көптілдікті дамыту мәселесінің туындаған себебі мемлекет дамуымен тікелей байланысты. Осы тұрғыда ең маңызды істің бірі – жалпыға міндетті білім беру стандартын оқушыларға меңгерте отырып, оларды көптілді тұлға ретінде қалыптастыру.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады.

Қазіргі әлемдік бәсекеде ғылым мен технология дамыған дәуірде, жас ұрпақтың негізгі міндеті сапалы білім алып, ғылыми технологияларды толыққанды игеріп, болашақта бәсекеге қабілетті, өмірге дайын болып шығу.

Көптілді білім-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттілігін және планетарлық


ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің жылдағы дәстүрлі Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету тиістігіне ерекше мән береді. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек [*Назарбаев Н.Ә., 2018*]. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» – деп көрсетті. Көптілдік жеке адамға ғана емес, қазақстандық қоғамға пайда әкелетін фактор деп санауымыз қажет. Көптілдікті дамыту барысында патриоттық тәрбиені күшейту мәселесі туындайды. Басқа тілдерді үйренумен, басқа мәдениетті білумен қатар, жас ұрпақ өз елінің құндылықтарын биік ұстауына бүгінгі мектеп жауапты.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы [*Мартынова М.В., 2003, б. 37*]. Қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Осы мақсатта болашақ мамандарды заман талабына сай даярлауда оқыту үдерісінде пәндік – кіріктіру қажеттілігі туындап тұр.


Білім алудың және білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда химияны билингвалды оқыту барысында интербелсенді әдістерді пайдаланамыз [*Зорина Л. Я., 1993, б. 125*].

Оқушыларға берілген мәтінмен жұмыс жасауда ***«Химиялық лабиринт»*** әдісін қолдануға болады [*Рогова Г.В., Верещагина И.Н., 2000, б. 123*]. Білім алушылар мәліметтерді дұрыс пайдаланса, соңғы жолға жол таба алады. Жол сол жақтағы бұрыштан жоғарғы басталады. «Карбон қышқылы» тақырыбына лабиринтқа үлгі келтіреміз («Carboxylic acids»).



Билингвалды оқыту барысында химия сабақтарын ең тиімді әдіс-тәсілдердің бірі – миға шабуыл стратегиясын пайдалана отырып іске асыруға болады. Міндеті миға шабуылдың микротоп көмегімен жаңа идеяларды ашу. Бұл әдіс мәселенің шешімін табуға талпынған білім алушылардың қиялдаған ойларын ашуға мүмкіншілік береді. Неғұрлым әртүрлі пікірлер көп болса, солғұрлым шамамен дұрыс жауаптар көп болады. Мәселенің осы стратегиясы ең дұрыс шешімдер топтамасын жасау үшін пайдаланылады.

Билингвалды оқытылатын сыныптарда миға шабуылды теориялық сабақтарда сыныпқа, топтарда немесе жеке жұмыс барысында қолдануға тиімді [*Жетписбаева Б.А., 2000, б. 71*]. Бұл білім алушының белсенділігін жоғарылатуға, тақырыптың ең маңызды шешімін табуға жағдай туғызады. Миға шабуыл стратегиясының сызбанұсқасын келтіреміз:



Органикалық химиядан заттардың номенклатурасын, химиялық формулаларын, реакция теңдеулерін, ағылшын тіліндегі терминологияны іздестіру барысында пайдалануға болады. Тарау аяқтағанда, немесе үлкен бір тақырыпты бітіргенде жалпы алынған білімді қортындылайтын болсақ және жүйелейтін болған жағдайда біз оқушыларға төмендегідей тапсырманы бере аламыз.

Бірінші реакциялардың теңдеулерін жазасыз, сонан соң химиялық формуламен берілген заттардың аттарын алмастырып жазыңдар, кейін көп нүктенің орнына не жазу керек толтырып, ең соңынан коэффициенттер жазылады:

1) Chlorine propane + potassium hydroxide→.....+ potassium bromide

Жауабы: Chlorine propane+potassium hydroxide→ propanol+ potassium bromide

$C_3H_7CI + KOH \rightarrow C_3H_7 OH + KCI$


2) ethanol + potassium chloride → chlorine ethane + ...

Жауабы: ethanol + potassium chloride → chlorine ethane+ potassium hydroxide


$C_2H_5OH + KCI \rightarrow C_2H_5CI + KOH$

Заттар мен теңдеулер атаулары арасында өзара ауысулар жасау, заттардың атаулары мен олардың формулалары арасында, коэффициенттерді құру және реакция теңдеулерін жазу дағдыларын қалыптастыруға дамытуға осындай әдістер ықпал етеді.

Өтілген тақырып бойынша екітілде алған білімдерін жүйелеуге балалардың қол жеткізу үшін төмендегідей етіп тапсырмалар ұсынуға болады. Заттардың берілген қасиеттерін салыстырып, артығын табу арқылы.



«Белгісіз затты тап» – әдісіде органикалық химиядағы заттардың химиялық қасиеттерін талдап қорытындылай түсуге арналған әдістердің бірі болып табылады [*Битемирова А.Е., Шаграева Б., Түймебаева Г., 2020, б. 294*]. Бұл әдісте білімгерлер қосылыстың химиялық қасиетіне сүйене отырып белгісіз заттың аталуы мен формуласын іздеп тауып, химиялық реакция теңдеуін көрсетеді.



Жауабы: Hydrogen chloride (хлорлы сутек) немесе HCI C_2H_2+ HCI $\rightarrow C_2H_3CI$	Жауабы: ethylene (этилен) $CH_2=CH_2$ $CH_3-CH_2CI + KOH \rightarrow CH_2=CH_2 + KCI + H_2O$

Жаңа сабақтарда алған білімдерін түйіндеу үшін немесе қорытындылау үшін, сол сияқты сабақты бекіту үшін *«Химиялық сөздік»* ойынын пайдалануға болады. Бұл әдісте балалар ағылшынша атауларымен терминдерді және анықтамаларды бір біріне сәйкестендіруі керек болады.

Тақырып: Орынбасу реакциялары Тема: Реакции замещения Theme: Substitution reactions		
Оң зарядты бөлшектер электрофильдер	Электрофильді реагенттер / Electrophilic reagents	Parts with a positive electric charge
электрон жұбы бар бөлшектер (теріс зарядты иондар, электрон жұбы бар күрделі заттар)	Нуклеофильді реагент / Nucleophilic reagent	details with electro-nic pair (negative charge ions, complex objects with an electron pair)
жұптаспаған электроны бар бөлшектер	бос радикалдар / free radicals	unpaired electron particles
Бастапқы молекуладағы атомның (не атомдар тобының) орнын басқа атом (не атомдар тобы) басып, жаңа молекула түзіледі	Орынбасу реакциялары/ Substitution reactions	The primary molecu-le of atom (or group of atoms) replaced by another atom (or group of atoms) new molecula formed
электронды беру процесі	Тотығу / Oxidation	the process of electronic transmission

Қорыта келгенде химия пәнін ағылшын тілінде оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Олардың сол сенімді орындауы үшін оларға үлкен жол көрсетуіміз керек, сондықтан біз химия пәнін ағылшын тілінде оқыту арқылы сабақ барысында қосымша берілетін химиялық терминдер сөздігімен оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қорын қалыптастыруға және бәсекеге қабілетті болардай білімін толықтыруға өз көмегімізді тигізе аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Үлы даланың жеті қыры/http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy. 21 қараша 2018.
2. Мартынова М.В. Интегрированное обучение. Педагогические технологии. Типы и формы интегрированных уроков. Методические рекомендации. Томск: ТомГУ, 2003.
3. Зорина Л.Я. Интегрированные предметы естественно научного цикла/Современная дидактика: теория – практике/Под ред. И. Я. Лернера, И. К. Журавлёва. М.: ИТП и МИО РАО. 1993. С. 125 – 140.
4. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях: Пособие для учителей и студентов пед. вузов. 3-е изд. М.: Просвещение, 2000. – 232 с.
5. Жетписбаева Б.А. Полиязычное образование: теория и методология.- Алматы: Білім, 2000 – 343 с.
6. Битемирова А.Е., Шаграева Б., Түймебаева Г. Химиядан спирттер тақырыбын үштілде оқыту әдісі. //Наука и жизнь Казахстана. Международный научный журнал. №2, 2020, С. 294-298

МРНТИ 14.25.09
ӘОК 372.851

Дәулеткұлова Айгүл,
п.ғ.к.,
Сулеймен Демирель университеті,
Қаскелен қ.,
E-mail: aigul.dauletkulova@sdu.edu.kz

Баятова Шұғыла,
магистрант,
Сулеймен Демирель университеті,
Қаскелен қ.,
E-mail: shugula.bayatova@sdu.edu.kz

ФУНКЦИЯНЫҢ ШЕГІ МЕН ҮЗІЛІССІЗДІГІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа. *Функцияның шегі мен үзіліссіздігі тақырыбын оқушыларға түсіндірудің тиімді тәсілдері қарастырылады. Өз бетінше білім алуға негізделген оқытудың жаңа тәсілі білім беру стандартына сәйкес оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Мақалада оқушылардың жаңа тақырыпты іздене отырып оқуға, түсінуге негізделген әдістер қарастырылған. Оқу мақсатына негізделген сабақтың мақсатын өз бетінше айқындауға бағытталған оқыту технологиясын қолдану сипатталған. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағыттау. Өткен тақырыпты жаңа сабақпен байланыстыра отырып, білімдерін толықтыруға негізделген.*

Түйінді сөздер: *оқытудың белсенді әдістері, жаңа тәсілдер, оқу мақсаттары, деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық ойлау, өз бетінше білім алу.*

Аннотация. Рассмотрены эффективные способы объяснения темы ограничения и непрерывности функции для студентов. Новый способ обучения, основанный на самостоятельном обучении, способствует развитию критического мышления учащихся в соответствии со стандартами образования и их интересом к предмету. В статье рассматриваются подходы к обучению и пониманию студентами при поиске новых тем. Описано использование технологий обучения, которые направлены на самоопределение цели обучения на основе уроков. Использование различных подходов для стимулирования интереса учащихся к обучению и формирования функциональной грамотности. Он основан на дополнении их знаний, связывая предыдущую тему с новым уроком.

Ключевые слова: *новые подходы, цели обучения, задачи уровня, креативное мышление, самостоятельное обучение.*

Abstract. *Effective ways of explaining the topic of restriction and continuity of function for students are considered. A new learning method, based on self-study, contributes to the development of students' critical thinking in accordance with educational standards and their interest in the subject. The article discusses approaches to teaching and understanding by students when searching for new topics. The use of teaching technologies that are aimed at self-determination of the learning objectives based on lessons is described. The use of various approaches to stimulate students' interest in learning and the formation of functional literacy. It is based on the addition of their knowledge, linking the previous topic with a new lesson.*

Key words: *new approaches, learning goals, level objectives, creative thinking, independent learning.*

Математиканы оқытудың мақсаты жеке тұлғаны қоғамның даму барысында алатын оның орнына лайық функционалды сауаттылығын қалыптастыруға байланысты анықталады. Математиканы кәсіби меңгеруге даярлаумен қатар, таңдап алған мамандықтарынан тәуелсіз барлық оқушыларға математикалық даярлықтың кепілді деңгейін қамтамасыз ету – математиканы оқытудың басты мақсаты. Заман талабына сай білім беру жүйесіне енгізілген өзгерістердің де математикамен тікелей байланысты екені заңды. Қазіргі таңдағы жаңартылған білім берудің басты ерекшелігі – оқушыға өз бетінше білім алуға мұғалім тарапынан бағыт-бағдар беру, мүмкіндік жасау.

Функцияның шегі мен үзіліссіздігі – алгебра және анализ бастамаларындағы негізгі және күрделі тақырыптардың бірі. Функцияның үзіліссіздігі оқушыларға түсіну мен ассимиляциялау үшін өте қиын. Бұл тақырыпты меңгерудің төмен деңгейімен байланысты проблемалар мемлекеттік қорытынды аттестациясының нәтижелеріне әсер етеді және болашақ үміткерлерді оқытудың жалпы деңгейін төмендетеді. Бұл тақырыптағы есептер жоғарғы сынып есептерімен қатар ҰБТ, ОЖСБ есептерінде жиі кездеседі. Сондықтан да, оқушыларға функцияның шегі мен үзіліссіздігіне берілген есептерді шешуді үйретудің тиімді жолдарын іздеу және уақытқа байланысты тиімді шешу тәсілдеріне назар аудару қажеттілігі туындайды. Ал жақсы нәтижеге жету – оқушы тарапынан да, мұғалім тарапынан үлкен ізденісті талап етеді.

Мақалада математикадан оқушылардың оқу процесін ұйымдастырудың теориялық негіздері сипатталған, оқушылардың білім алуына ықпал ететін факторлар мен жағдайлар көрсетілген.

Бүгінгі таңда оқу процесін жетілдіру оқытудың белсенді әдістерін көбейту, зерттеліп отырған мәселенің мәніне терең енуді қамтамасыз ету, әр оқушының жеке белсенділігі мен оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Функцияның шегі мен үзіліссіздігі – мектеп бағдарламасында 10 сынып оқушыларына арналған тақырып. Тақырыпты түсіндірмес бұрын, Функция дегеніміз не? Қай жерде қолданылады? Шек дегеніміз не? осы сұрақтарға жауап іздеу қажет. Ол үшін:

– осы тақырыпты түсінуге қажетті мәліметтерді жинақтау қажет және оқушыларға да мәліметтер жинап келуге тапсырма беру;

– сабақтың бастамасын жинақталған мәліметтерді ортаға салудан бастау;

– әр оқушыға өз ойын айтуға мүмкіндік беру;

– жиналған мәліметтерді біріктіре отырып сабақтың мақсатын анықтау;

– мәліметтерді толықтыру, тақырыптың мазмұнын ашу қажет.

Сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары жоғарыдағы алгоритмді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Джигсо», «Кубизм», стратегиялары білгендерін бөлісуге мүмкіндік жасауға болады. «ББББ»кестесін толтырту арқылы барлық оқушылардан болмаса да, басым бөлігінің сабақты түсіну деңгейін анықтауға болады. Бұл – оқу барысында зерттей отырып, дәлел келтірте отырып оқыту тәсілі.

Зерттей отырып оқытудың мақсатын анықтау үшін оның бірнеше сипаттамалық белгілерін көрсетуге болады:

1) оқу барысында зерттеу – мәлімет іздеу барысындағы танымдық процесс;

2) оқу барысында зерттеу үнемі жаңа нәрсені үйренуге бағытталады;

3) оқушылардың тапсырманы орындау барысында өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік береді;

4) оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған іс–әрекет.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге мысал келтіре кетсек, ең алдымен сұраққа жауап іздеуден бастайық.

Функция деген не? Оқушылар үшін өмірде не үшін қажеттілігі маңыздырақ. Мысалы, функцияның графигінің кардиограммада қолданылатындығы оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сабақ барысында осындай әр бала жинақтап әкелген тың мәліметтерді ортаға салып бөлісу – мұғалімнің сабақ түсіндіргеніне қарағанда есте жақсы сақталады.

Осы тақырыпты зерттеу барысында 10 сыныптарға тәжірибе жүргізілді. Жаратылыстанумматематика бағытындағы екі сыныпқа сабақ екі түрлі өтілді. Біріне жаңартылған бағдарлама бойынша, екінші сыныпқа дәстүрлі сабақ өткізілді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша бірінші сыныпқа үйге жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеп келу берілді және алдын ала түсірілген видео сабақ көрсетілді. Видесабақ функцияның шегі мен үзіліссіздігі тақырыбына түсіндірме түрінде түсірілді. Сабақ барысында дивергентті ойлауға, креативті ойлауға тапсырмалар берілді. Оқушылар функцияның шегі мен үзіліссіздігін өмірмен байланыстыра отырып түсініп, тапсырмалар орындады. Олар топтарға бөлініп өздері жинап келген мәліметті видеосабақпен салыстыра отырып, талқылады, топтар арасында пікірталас туды, мұғаліммен сұрақ-жауап алмаса отырып білімдерін толықтырды. Әркім өз көзқарасының дұрыс, бұрыстығына көз жеткізді, дұрыс пікірлер қолдау тапты, қате пікірлер түзетілді. Барлығы нақты, дәлелмен болғандықтан сабақта оқушылар арасында түсініспеушілік орын алмады. Жаңартылған бағдарламаның ерекшелігі, тиімді жағы әр тапсырмаға құрылған критерийлер, дискрепторлар. Оқушылар тапсырма орындамас бұрын тапсырманың орындалу алгоритмін жазып, әр қадамды баллмен есептейді. Соның нәтижесінде әр баланың есеп шығару барысында неден қиналатынын нақты білуге болады.

Екінші сыныпқа сабақ әдіттегідей мұғалім тарапынан түсіндірілді. Сабаққа деген балалардың көзқарасы да, қызығушылығы да орташа деңгейде болды. Сабақ бірсарынды, оқушылар енжар, күрделі тақырып болғандықтан кейбір оқушылардың түсінуі де қиындық туғызады.

Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, екі сыныптағы жұмыс жүру деңгейі екі түрлі. Бірінші сыныпта оқушылар арасында қарқынды жұмыс жүріп, жаппай мілімет алмасу байқалса, еінші сыныпта баяу, оқушылардан жауапкершілік талап етілмейтін жұмыс түрін байқауға болады.

Айырмашылық сабақ барысында ғана емес, тақырып соңындағы бөлім бойынша жазған жиынтық бақылау мен бақылау жұмысының нәтижесінен де байқалды. Өз бетінше ізденіп оқыған оқушы мен дайын білімді алған оқушыда үлкен айырмашылық бар екеніне нақты көз жеткізуге болады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мен өтілген сабақ қорытындысына қарай,

Қазіргі мектеп ғылым жетістіктері мен адам қызметінің әртүрлі салаларының сұраныстарына сәйкес ертеңгі күннің қажеттіліктеріне сай бола отырып, мектеп бітіруші түлектің алдағы өміріне қажетті білімінің берік іргетасын қалауы керек. Сондықтан, білімдер мен икемділіктер білім жүйесін құруға арналуы тиіс. Жалпы, білім жүйесінде ақпараттық технологиялардың тереңдеп енуі оны оқыту әдістемесін ғана емес, мазмұнын да өзгерте бастады. Математика саласында математикалық әдістер мен математикалық ойлау ғана емес, жалпы ғылыми дүниетанымын да жаңаруда. Мектепте математикалық білім беру мазмұнын жаңарту мен оны оқыту әдістемесін жетілдіруден бұрын математикалық білім беру сапасын жолға қоюымыз қажет.

Қазіргі кезде математикалық сауаттылыққа қатысты белгілі қайшылықтан туындаған проблемалық сұрақ зерттеу жұмысының тақырыбын таңдауға ықпал еткен еді.

Қайшылықтың мәні:

– Математика пәнінен оқушылардың білім сапасы төмен болғаны;

– Математика пәнінің өмірдегі маңыздылығы, қажеттілігі;

Сонымен ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде төмендегідей ұсыныстар туындады:

Оқушылардың пәнге қызығушылығын, математикалық сауаттылығын арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануымыз қажет. Оларды дұрыс таңдап, жүйелі түрде қолану керек. Әдіс-тәсілдердің тиімділігінің арқасында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім деңгейлері жоғарылайды.оқушылар олимпиадаларда жүлделі орындарға ие бола алады. Оқушылардың математикалық сауаттылығы PISA шеңберіндегі тестілеу деңгейлеріне жетеді.

XXI ғасырдың көшбасшысы – жаңашыл, ізденімпаз, шебер ұстаз. XXI ғасыр ұстазы бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, терең біліммен қаруланған оқушы тұлғасын сомдау үшін өзі де шеберліктің шыңынан көрінуі тиіс.

Біздің және басқа да мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, оқушыларға жаңа білімді өз бетінше меңгерту, білімін тередету, алған білімін жүйелеу мақсатында оқыту мен дамытудың тиімді тәсілі – оқыту барысында өз бетінше ізденуі процесін ұйымдастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Стилианидес, AJ, и Стилианидес, GJ (2006). Содержание знаний для преподавания математики: на примере рассуждений и доказывания. В Novotná, J., Moraová, H., Krátká, M. & Stehlíková, N. (Eds.). Труды 30-й конференции Международной группы по психологии математического образования , вып. 5, с. 201-208. Прага: PME.
2. An, S., Kulm, G., & Wu, Z. (2004). The pedagogical content knowledge of mddle school, mathematics teacher in China and the U.S. Journal of
3. Winsor, MS (2003) Знание учителями математики Preservice функций и их влияние на планирование урока на уровне средней школы
4. Shulman, L. S. (1986b). Those who understand: Knowledge growth in teaching. Educational Researcher, 15, 4–14.
5. Далингер В.А. Поисково-исследовательская деятельность учащихся по математике: Учебное пособие. – Омск: Изд-во ОмГПУ, 2005. – 456 с.
6. Карашева Г., Китайбеков Е.Т., Искакова Г. Функция шегі теориясын үйренуде студенттердің оқу іс-әрекетін белсендіру әдістері. //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Физика-математика ғылымдары» сериясы №1(65), 2019 ж. 49-55 бб.
7. Б.Р. Қасқатаева, А.Қ. Пірмаханова Бейімдік мектепте математикалық анализ элементтерін саралап және даралап оқытудың тиімділігі. // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 2 (78), 2019. 16-22 бб.

ӘОЖ 372.8:81

Ермекбаев Мұхтар Әбенұлы,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, меңгеруші,
"Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі" кафедрасы,
"Тарих және педагогика" факультеті,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қаласы

Қойшыбаева Назира,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
"Жалпы психология" кафедрасы,
"Тарих және педагогика" факультеті,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қаласы

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Резюме. *Мақалада бастауыш мектепоқушыларының тілінің даму кезеңдері жайлы қолдану сөз болады.*
Кілт сөздер. *Бастауыш мектеп оқушылары, бастауыш мектеп оқушыларының тілі, антролингвистика, бала тілінің дамуы.*

Ермекбаев Мухтар Абенович,
кандидат педагогических наук, доцент, заведующая,
кафедра "Теория и методика дошкольного и начального обучение",
факультет "История и педагогика",
Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова,
город Шымкент

Назира Койшыбаева,
кандидат педагогических наук, доцент, заведующая,
кафедра "Общая психология",
факультет "История и педагогика",
Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова,
город Шымкент

ЭТАПЫ РАЗВИТИЕ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОГО КЛАССА

Резюме. *В данной статье рассматриваются этапы развитие словарного запаса младших школьников.*
Ключевые слова: *образование, образование в начальном школе, преподавания казахского языка, словарный подход.*

Yermekbayev Muhtar,
candidate of pedagogical sciences, associate professor, Head,
Department of "Theory and Methods of Preschool and Primary Education",
Faculty of "History and Pedagogy",
M. Auezov South-Kazakhstan state university,
Shymkent

Koishibaeva Nazira,
candidate of pedagogical sciences, associate professor,
Department of "General psychology",
Faculty of "History and Pedagogy",
M. Auezov South-Kazakhstan state university,
Shymkent

THE MAIN STAGES OF DEVELOPMENT OF THE VOCABULARY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Resume. *This article writes about the stages of vocabulary of junior schoolchildren.*
Keywords: *education, primary school education, Kazakh language teaching, vocabulary approach.*

Бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қоры мен олардың ойлау, сөйлеу қабілеттерінің арасында біршама зерттеулер жүргізілген. Сонда қазіргі кезде баланың сөздік қорын даму кезеңдерін жіктеуде біршама алшақтықтар бар. біз өзіміздің мақаламызда қазақ балаларының сөздік қорының даму ерекшеліктерін ескере отырып, баланың тілінің дамуының кезеңдерін ашып көрсеттік.

Психология ғылымында тілді зерттеген сөйлеуді тілдің іс-әрекеті ретінде қарастыру қалыптасқан. Тілсіз – сөйлеу болмайтыны сияқты, тіл де сөйлеу құбылысынсыз өзінің қажеттілігін өтей алмайды. Бұл жөнінде С.Л. Рубинштейн былай жазған: "Речь – это деятельность общения – выражения, воздействия, сообщения – посредством языка; речь – это язык в действии. Точнее речь – это форма существования сознания (мыслей, чувств, переживании) для другого, служащая средством общения с ним, и форма обобщенного отражения действительности или форма существования мышления" [Рубиніитейн С.Л., 1999, с. 382]. Сондықтан да тілдің өмір сүруі үшін оның сөйлеу процесінде қолданысқа түсуі қажет. Тіл сөйлеу процесінде қолданысқа түсетін қатысымдық түлғалар негізінде жузеге асады [Петровский В.А., Ярошевский Т.М, 2000, с. 36].

Психологтар сөзді сөзім мен мағынаның бірлігінен құралған, шындық өмірді бейнелейтін құбылыс ретінде таниды: "Слова является специфическим единством чувственного и смыслового содержания. Всякое слова имеет смысловое – семантическое -содержание, которое составляет его значение" [Лурия А.Р., 1979, с. 382]. Сөздің осындай қасиеттерін ескере отырып, сөздік қордағы сөз тек сөйлеу процесінде ғана танылады, өзінің қызметін атқара алатындығы көрінеді.

В.А. Петровский мен Г.М. Ярошевскийдің зерттеу жұмыстарынан көруге болады. Олар: "Первым этапом является программирования речи – построение смыслового контекста речевого высказывания, того, что человек хочет сказать. Для этого отбирается информация, который он считает важным и отсеивается не нужное, второстепенная.

Второй этап – построение синтаксической структуры предложения. Прогнозируется общая конструкция фразы, ее грамматическая форма, включается механизмы, обеспечивающие поиск нужного слово, выбор звуков, наиболее точно его воспроизводящих.

Третий этап – осуществляется программированием, реальное звучание речи. Таким образом, развертывается процесс, говоренис, в ходе которого коммуникатор кодирует информацию, подлежащего передачи", – деп, осындай үш кезеңнен кейін ғана сөйлеу әрекеті пайда болатындығын айтады [Петровский В.А., Ярошевский Т.М, 2000, с. 234].

Зерттеушілердің еңбектерінен көріп отырғанымыздай, сөйлеу процесінде сөздік қор екінші кезенде ғана қолданылады. Сондықтан сөздік қор сөйлеу процесі емес, оның тек құраушы компонеттерінің бірі.

Ғалымдар (Л.С. Выготский, А.В. Ярмоленко, т.б.) сәбидің күлкісін, былдырлауын, ым-шараларын (қолымен бір затты нұсқағанын) т.б. "қатысым амалдарына" жатқызып, мұның барлығы баланың қоршаған ортаға өзінің сөзімін, көңіл-күйін білдіреді дейді. Бала былдырлап сөйлегенде қоршаған ортасындағы естіген дыбыстарды қайталайды.

Олай болса сәбидің күлкісі, былдырлауы оның ересектермен қарым-қатынасқа түсу талпынысынан пайда болады. Дыбыстарды күнделікті қайталау нәтижесінде сәбилердің анатомиялық, мүшелерінің еттері (ауыз, таңдай, жақ, т.б.) шынығады. Сәбилер 3-9 айлық арасында тілдің бүкіл дыбыстық

жүйесін дыбыстай алады. Осы кезеңнен бастап сәбилердің сөздік қорында алғашқы сөз пайда болады. Алғашқы кезде ересектердің сөздерін қайталаудан, кейінірек сөз мағынасын түсінуі нәтижесінде пайда болған сөздік қор зор қарқынмен дамиды. Бала психикасының дамуына оның тілді меңгеруі, оны сөйлеу процесінде қолдануы ерекше рөль атқарады. Сөйлеу әрекетінде бала өзінің жинақтаған "қамбасы" сөздік қорды пайдаланады. Сондықтан, оның түсінікті сөйлеу дағдыларының жетілуі, лексикалық қорының сандық және сапалық (сөздерді орынды қолдануы) жағынан дамуы т.б. мәселелер психолог, педагог, тілші ғалымдарды ғасырлар бойы мазалап келеді.

Біз XX ғасырдың басынан бастап XXI ғасырдың басына дейін 80 жыл аралықтағы шетел, орыс және қазақ ғалымдарының баланың сөздік қорының дамуы жөнінде зерттеу жұмыстарын саралай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1) Балалардың сөз байлығының даму көрсеткіші әр ғалымда әртүрлі берілген. Кей балалардың тілі 5-6 айлығынан шықса, басқа Бүлдіршіндер тек бір жастан асқаннан кейін ғана алғашқы сөздерін айтады. Бұл балалардың қоршаған ортасына, жанұясына байланысты болады. Сонымен қатар көрсеткіштердің әр түрлілігі ғалымдардың балалардың сөз байлығын қандай-әдіспен зерттеуіне де байланысты. Мысалы, Н.А. Рыбников зерттеу жұмысында жеке жанұяларда жүргізілген күнделіктерге жүгінсе, басқа ғалымдар өз жанұясындағы балалардың сөз байлығының дамуың негізге алады. Б. Баймұратова бала бақшадағы балалардың сөз қолдануын есепке алса, бірқатар ғалымдар бастауыш мектеп оқушыларына (Қ. Молдабек, Б. Қалыбеков, М. Ермекбаев) арналған оқулық тіліне сүйенеді. Ғалымдардың бала тілін зерттеуде қандай әдіспен зерттесе де, бір жастағы балалардың сөздік қоры 10-12 сөз екені көрсетілген.

2) Сәбилердің лексикалық қорының жетілуі қоғамның дамуына тәуелді. Осыдан бір ғасыр бұрынғы бала мен қазіргі балаға күнделікті беріліп жатқан ақпараттардың мөлшері бірдей емес. Қазіргі бала радио, теледидар т.б. ақпарат көздерінен күнделікті мындаған сөз естиді. Осының әсерінен оның сөз байлығының молаю деңгейі үлғаяды. Мысалы, 1946 жылғы 4,5 жасар баланың лексикалық қорында 1870 сөз болса, отыз жылдан кейін 4000 сөзге жеткен. Бұл баланың сөздік қорының сандық жағынан даму көрсеткіші. Енді балалардың сөздік қорын сөйлесім әрекетінде пайдалану дағдыларының қалыптасу кезеңдеріне қарастырайық.

Ғалымдар баланың сөздік қорының жетілуі мен сөздерді қолдану ерекшелігін зерттей келе оларды үш кезеңге бөледі:

1) Баланың сөйлеу тілінде сөз – сөйлемдердің пайда болу кезеңі.

2) Сөйлесім әрекетінде жай және күрмалас сөйлемдер қолдану кезеңі.

3) Тілдің морфологиялық жақтарын игеру кезеңі [Лурия А.Р., 1979].

Білім беру процесінде ақпараттық білім ортасы (АБО) құру және пайдалану мәселелерін көптеген ғалымдардың зерттегені белгілі [*Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., 2008, 268 б.*], [*Колесникова И.А., 2005, 288 б.*]. Қазақстандық білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жолдарын қарастырған еңбектер де жеткілікті. Осы бағыттағы еңбек авторлары жоғары оқу орнында маман дайындауды ұйымдастыруда АКТ-ны танымдық үрдісін оңтайландыру ретінде қамтамасыз ететін, сондай-ақ кәсіби қызметте жеке стиль қалыптастыратын оқыту құралы ретінде пайдалануға болатынын атап көрсетеді. Сонымен қатар, авторлардың айтуынша, «АКТ-ны енгізу студенттерде келесідей жалпы құзыреттіліктердің калыптасуына және дамуына ықпал етеді: – өзінің болашақ мамандығына тұрақты қызығушылық танытып, оның мәні мен әлеуметтік маңызын түсінуіне; ... – кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды колдануға; ... – еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастыруда жауапкершілік алу, техника қауіпсіздігі ережесін сақтауына...» [Урмашев Б.А., Гусманова Ф.Р., Газиз Г.Г., *2017, 390 б.*].

Педагог мамандардың АКТ қолдану құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі туралы қарастырған ғалымдар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану мұғалімдерге түрліше

дидактикалық тірек мүмкіндіктер тудыратынын атап көрсетеді. Соның ішінде, оқушылардың, студенттердің жеке, өз бетімен жұмыс жасауы, аз уақытта көптеген білім ақпаратын іздеп табуы, тест орындау арқылы білім деңгейі мен қажетті дағдыларын тексеру мүмкін болуы, қашықтан оқыту жүйесінің ерекшеліктерін меңгеруі сияқты заман талабына орай кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады деп атап көрсетеді [Мұхамбетжанова *С.Т.,* Мелдебекова М.Т., 2010, 185 *б.*].

Болашақ маманды ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауға дағдыландырудың арнайы технологиясын жүйеге түсіруде осы жұмыстың жүзеге асырылатын әдістері мен амал-тәсілдері, әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсыныстар басты орынға ие болады. Студенттерді АБО педагогикалық жобалауға олардың мотивациялық тұрғыдан ынта білдіре қосылуы үшін оларға арналған мол теориялық және тәжірибелік материалдар ұсынылады. Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалай білуі – қазіргі заманда мектепте оқытуға балама түрінде іске асыруға болатын оңтайлы жүйені құра алатын аса қажетті және маңызды кәсіби білім мен дағды иесі екенін дәлелдейтін көрсеткіш.

Практикалық-лабораториялық сабақтарда әр студент дербес АБО педагогикалық жобалау барысында, болашақ бастауыш мектеп мұғалімі қызметіндегі өзінің жаңаша ойлайтын, жаңа технологиялар негізінде білім беретін мұғалім моделін қалыптастыруға бірге қатысатын болады.

Осылай алып қарайтын болсақ, арнайы курс бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын меңгертуді шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады деп ойлаймыз.

– бірінші кезеңде студенттерге, негізінен, теориялық білім беріледі, мұны дайындау кезеңі деп те атауға болады;

– екінші кезеңде студенттердің нақты АБО педагогикалық жобалау кезеңі өткізіледі, яғни, берілген алгоритм бойынша студенттер дербес «Ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалау» моделін құрайды; осы екінші кезеңнің өзін жоба орындаудың логикалық желісі бойынша іштей бірнеше кезеңге бөлеміз: *жобаалды кезеңі, жоспарлау кезеңі, ұйымдастыру-коммуникативтік кезең,*

– үшінші кезеңде яғни іштей *эксперименттік кезең, рефлексивтік кезең* деп бөлінетін кезеңдерде, студенттер өздерінің АБО педагогикалық жобалауын педагогикалық практика барысында сынақтан өткізіп, коррекция/түзету жасайды, мұғалімдер үшін әдістемелік ұсыныстар әзірлейді, өз жобалауын қорғайды.

Студенттердің осыған дейінгі АКТ қолдану тәжірибелері мен педагогикалық жобалаудың теориялық және практикалық негіздерін меңгеруі процесіндегі күй-жайы олардың бастауыш мектеп мұғалімі ретіндегі кәсіби функцияларын түсінуге және қабылдауға дайындайды. Ол функцияларды атап кетуге болады: – бастауыш сынып оқушыларын жас ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеу; – мемлекеттік бастакыш білім беру стандартының талаптарына жауап беретін білім беру бағдарламасына сәйкес білім мазмұнын меңгерту және дағдыларды қалыптастыру; – сабақ беру барысында, үзілістерде, сабақтан тыс және барлық тәрбиелік іс-шараларда еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті сақтау нормалары мен ережелері сақталуын қамтамасыз ету, барлық оқушылардың еңбекті қорғау нұсқаулықтарын және мектепте өзін ұстау ережелерін орындауын дұрыс бақылауды қамтамасыз ету; – бастауыш сынып оқушыларының сабақтан тыс уақытта білім алу, зерттеу, жоба орындау әрекеттерін орындауды ұйымдастыру. Жинақтай айтқанда оларды талдау-аналитикалық функциясы, болжам жасау функциясы, ұйымдастырушылық функциясы, басқару функциясы деп атаймыз. Болашақ мамандардың ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалау процесіндегі өзіндік жоба орындау жолдарына таңдаап ала білуі олардың сонымен бірге жоғары білімді маман ретіндегі танымдық функциясын, ізгіліктілік функциясын, ақпараттық функциясын, нормативтік функциясын, диагностикалау және бағалау функциясының да жүзеге асырылуын қажет етеді.

Арнайы курсты меңгерту барысында студенттер өзара байланысқан және өзара шарттасқан сипаттағы бірнеше компоненттен, яғни танымдық-когнтивтік, құндылық-аксиологиялық, мотивациялық компоненттен, тұратын құрылымдық-мазмұндық болмысқа ие бола бастайды. Арнайы курстың бағдарламасында берілетін білім мазмұны көпқырлы ерекшелікке ие болып келеді. Ол ерекшеліктерді атап айтсақ: – жоғары мектепте бастауыш мектеп мұғалімін дайындаудың инвариантты және нұсқалық оқу бағдарламаларының мазмұнындағы оқу процесі мен аудиториядан тыс білім мен тәрбие беру барысында болашақ маманды педагогикалық жобалауға дайындау бағыты болуы; – болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің білім мазмұнымен, білімдік ақпарат ресурстарымен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, жаңа педагогикалық технологиялармен қаруландыру бағыты

ұсталынатыны; студенттерді педагогикалық жобалауға дағдыландыруда олардың жоба әрекетін орындау процесін кезең-кезеңге бөліп, әр кезеңді оқытушының басқару және студенттің өз-өзін басқару талаптарын орындауға бағытталуы [*Абросимов, А.Г., 2004, 256 б.*].

Болашақ маманды ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауға дағдыландыруда бастауыш мектепте білім беру сапасын жоғарылату және оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен білім көздерін, ресурстарын молынан пайдалануға, өз бетімен білім іздеуде сапалы ресурстардан алуға жасы тірек болатын факторлар мен шешімдерді студенттерге үйрету және ол материалдарды өз бетімен модель етіп жобалауға үйрету мақсаты алға қойылып отырғаны белгілі. Бастауыш сынып оқушыларының білім үлгірімі мен тәрбие сапасы жақсаруы олардың оқу-тәрбие ортасын заманауи түрғыдан жобалаумен, бастауышта білім беру жүйесінің функциялары мен операцияларымен тығыз байланысты болғандықтан, педагогикалық жобалаудың маңызы зор болатыны анық.

Арнайы курсты оқытуда қолданылатын әдістеменің ерекшелігі – студенттер, болашақ бастауыш мектеп мұғалімі ретінде АБО педагогикалық жобалауда мынадай жолдардан өтеді:

– біріншіден, модельдеу әдістерін, яғни теориялық білім арқылы ой эксперименті мен ойша модельдеу жолын өтеді;

– екіншіден, жоба, педагогикалық жобалау орындау әдістерін игеру жолын өтеді;

– үшіншіден, мектепте сынаудан өткізіп, алынған нәтижеге қажетті түзетулер енгізіп, біртұтас АБО педагогикалық жобалау технологиясын құру жолын өтеді.

Осы үш жолды бірінен соң екіншісін өту барысында студент, өзінің АБО педагогикалық модельді жобалаушы мәртебесін сақтайды және дәстүрлі педагогикалық жобалау ерекшеліктерін енді өзі құрып отырған жаңа инновациялық жоба моделіне енгізубеге ұмтылады.

Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын жобалауы – жаңа заманның жаңа деңгейдегі педагогикалық жүйесін құруға, өзіндік индивидуалдық педагогикалық жүйенің моделін құруға ұмтылысы. Болашақ маман өзінің ұстаздық шығармашылық қызметін жаңа заман болмысына бейімдей педагогикалық жобалауда жалпы жоба орындау әдістемесінің логикасына сәйкес, бірқатар әдістерді меңгеру керек. Олар:

– жоба моделін ұсынатын педагогикалық жүйенің, педагогикалық процестің алдығы жай-күйін нақтылау және бағалау әдістері;

– өзі ұсынатын АБО педагогикалық жобасының бастауыш мектепте білім беруде ең тиімді түстары туралы ғылыми болжам жасай білу әдістері;

– қазақ бастауыш мектебіндегі (мүмкін әр студент жеке сыныпта) оықту-тәрбие процесіндегі өзінің ұстаздық қызметіне қатысты индивидуалдық педагогикалық жобалау әдістері;

– параметрлерді өлшеу әдістері;

– студенттердің өзі ұсынатын АБО педагогикалық жобасының тиімділігін өлшемдеріне өзара салыстыру жасай білу және ерекшеліктерін талдау әдістері;

– индивидуалдық АБО педагогикалық жоба моделін эксперименттік сынаудан өткізген соң түзетулер жасау және дидактикалық нұсқаулар мен ұсыныстар беру әдістері.

Бұл әдістер тұтас бастауыш мектеп немесе одан үлкен педагогикалық жүйелер бойынша педагогикалық жобалау жасауға лайық келмеуі мүмкін. Өйткені педагогикалық жобалаудың өрісі кеңейген сайын, сөзсіз, оның құрамындағы компоненттер де көбейетінін білдіретіні белгілі.

Студенттің болашақ бастауыш мектеп мұғалімі индивидуалдық педагогикалық шығармашылық қызметін жобалауға оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылады. Оның ішінде дәрістер және олардың түрлері, семинарлар және олардың түрлері, лабораториялық сабақтар, жоба орындату және оның әдістері, эскперимент жасату және оның әдістері деп атап көрсетуге болады. Дәрістерден соң өткізілетін практикалық сабақтар студенттердің өзіндік ақпараттық білім ортасын индивидуалдық педагогикалық жобалаумен әрі жалғасады әрі өзара тығыз байланысты әрмен қарай жүргізіледі.

Оқытушы мен студенттердің ынтымақтастық оқу әрекетіне негізделген арнайы курсты меңгертуде педагог олардың зейінін жаңа тақырыпқа бұрып, ынталандырып, қызықтырып, түзетіп, соңында бағалай отырып, адамзат жинақтаған тәжірибенің жаңа деңгейге шығуы үшін, синтезделген модель жасалуы қажеттілігін кеңінен түсіндіреді.

Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалау дағдыларын қалыптастыруда АБО болмысының күрделі жүйе екеніне көз жеткізу мақсатымен талдаулар жүргізіледі.

Сол талдаулар негізінде ғана өзінің дербес АБО педагогикалық жобалай алатын болады, әдістемелік нұсқаулықтар мен ұсыныстар әзірлеуге білімі мен дағдылары жеткілікті деп саналады. Болашақ мамандар ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалау процесінде, қалай болғанда да ойдан тауып шығару, өз қолымен және өзінің жеке тәжірибесімен дәлелденген үлгі жасап шығару, эксперименттен соң қайта өзгерту мен толықтыру жасау, педагогикалық жобалауды талапқа сай рәсімдеу және оны қорғау сияқты сатыларды сәтті өтудің әдіс-тәсілдерін иегереді. Әрбір сатыны өткен сайын студенттің кәсіби санасының сапасы да толығып, байып отыратыны анық.

Алғашқы педагогикалық жобалаудан бастап, өзінің үлгі-моделін қолдану туралы дидактикалық нұқсаулықтар, ұсыныстар жазуға дейінгі аралықта студенттер жоба орындау әрекетін бастарынан кешіре отырып, үлкен интеллектуалдық тәжірибеге ие болады. Кәсіби жағынан шыңдалып, адамгершілік, ізгілік, шыдамдылық, қиындыққа берілмеу, еңбексүйгіштік т.б. тәрбиелі игі қасиеттерді қалыптастырады.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімі талданған тарауда педагогикалық жобалаудың синергиялық ерекшеліктері туралы айтылған еді. Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауға дағдылануында синергетикалық түрғыдан келудің қажеттілігі туралы тағы да қысқаша тоқтала кетуге болады. Ақпараттық-коммуникациялық технология мен бастауыш мектептің білім мазмұнын өзара үйлесімділікпен бір педагогикалық технология жүйесіне түсіріп модельдеудің қиын екендігі анық.

Қазіргі бастауыш мектепте білім берудің дәстүрлі жүйесі әлі дерлік қолданыста. Яғни оқыту әдістемелері толық жаңаланған жоқ, дегенмен, ішінара мұғалімдердің озық тәжірибелерді қолдану мүмкіндіктері артып келеді.


Ал бастауыш мектепте білім беру мазмұны болса толық дерлік жаңаланды, қазір1-4 сыныптар жаңа бағдарламамен оқып жатқаны да белгілі. Оқу мақсаттары және соған қол жеткізу әдістемелері жан-жақтан әдіскер-ғалымдар мен мұғалімдердің тәжірибесінен алынып, сипатталуда, өзара ортаға салынуда.

Осыған қоса, ақпараттық-коммуникациялық технологияның білім беру процесіне енгізілу қажеттілігі сәт сайын талап етілуде. Арнайы курсты оқыту процесінің басты мақсаттарының бірі – болашақ маманның ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, ал ақпараттық-коммуникациялық технология жүйесіндегі әрбір компоненті, сайып келгенде – ғылыми ойдың материалдық нәтижесі. Сондықтан АКТ жүйесіндегі әрбір техникалық құралдың дидактикалық мүмкіндіктерін танып-білу және индивидуалдық ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалауда олардың әрқайсысының функцияларына сай қолдануды мүмкін ету үшін студенттің ғылыми танымдық тірегі сенімді болуы міндетті.

Синергетикалық түрғыдан келетін болсақ, осындай өте күрделі жүйенің ескіден жаңа түр-түрпатқа қарай өзгеруі, толығуы, жаңалануы процесіндегі күй-қалпын қарапайым модельдердің иерархиясымен сипаттауға болады деп санайды осы бағытты зерттеуші ғалымдар. Күрделі ұйымдасқан жүйелерді зерттеудің парадимасы болып саналатын синергетика қазіргі кезде ғылымның барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқанын философ ғалымдары атап көрсетеді. Яғни синергетикалық жүйе абиотикалық, ұйымдаспаған, шашыраңқы жағдайда тәртіпелген кеңістік құруымен ерекшеленеді деп анықтайды [*Әлікенова К.Н., 2012, 256 б.*].

Осы мәселені арнайы зерттеген бұл ғалымдар мынадай пікір айтады: «Қазіргі жоғары мектептің білім кеңістігінің, синергетикалық парадигмамен сәйкес қарайтын болсақ, жаңа сапалы жүйеге көшу үшін, ескі құрылымдардың бұзылуының және жаңа құрылым пайда болуының сыни (бифуркациялық) нүктесі болады. Ол нүкте бір күйден екінші күйге өту кезінде сызықтық емес түрге айналуы мүмкін, көпнұсқалы түр ге енуі мүмкін, болжап алдын ала айта алмайтын жағдаяттар туындатуы да мүмкін. Білім беру жүйесі тұрақты болмайды, өйткені ол даму үшін ашық жүйе болып келеді» [*Курейчик В.М., Писаренко В.И., 2014, 55 б.*].

Арнайы курс бағдарламасын болашақ мамандарға меңгерту әдістемесінде синергетика (өзін-өзі ұйымдастыру теориясы деуге де келеді) және педагогикалық синергетика заңдарын басшылыққа алудың қажеттілігі зор. Яғни мәселе, синергетика теориясының, күрделі, түзу емес сызықтағы, ашық жүйелерді, олардың ішіндегі кіші жүйелерді, терең талдай тануға және компоненттерін тани отырып құрауға тірек бола алатын ерекше теория екендігінде. Біз, 1-суреттен болашақ маманның АБО жобалау үдерісі мен күтілетін нәтиже сұлбасын көре аламыз.



Сурет 1. Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын жобалау процесі және күтілетін нәтижесі

«Сегіз қырлы, бір сырлы» атты студенттің кәсіби-шығармашылық лабораториясында бірнеше модуль болады, олар жоғарыда көрсетілген. Осы модульдердің мазмұнында мына компоненттері қамтылуы керек:

1) студенттің өзі туралы толық мәлімет, «Таныстыру»;

2) университеттегі ақпараттық-білімдік кеңістік/орта және оның құрылымдық-мазмұндық жүйесі; болашақ маманның кітапханалық ресурстары және олармен жұмыс жасау әдістер;

3) студенттің өзі игере алатын АКТ жүйесі және оларды қолдану әдістер; мұғалімнің қашықтан оқыту жүйесіне арналған дидактикалық материалдары; жаңа педагогикалық /инновациялық оқыту технологиялар және оларды қолдану әдістері;

4) бастауыш мектепте оқылатын пәндер жүйесі және олардың әдістемелік қоры; есту-тыңдау-түсінуге арналған, көру-есту-түсінуге арналған, көру-оқуға арналған, жазуға, сөйлесуге /монолог-диалог/ дағдыландыруға арналған дидактикалық материалдар жинағы; АБО педагогикалық жобалаудың нәтижесі ретінде оқушылардың орындаған жаңашылдық жоба жұмыстарының «виртуалдық көрмесі».

5) бастауыш мектепте оқыту мен тәрбиелеу процесін дамытуға үлес қосқан мұғалімдер мен әдіскерлердің озық тәжірибелері, ғалымдардың зерттеулері мен кітаптары; мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасу және озық тәжірибені тарату.

Болашақ маманның ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалау студенттерге білім беруге жаңа түрғыдан келу керектігін және осы және келешек заманға лайық тенденцияларды, яғни жаңа үрдістерді барынша мол қолдану керектігін талап етеді. Өйткені қазіргі студент, болашақ маман, ол жоғары оқу орнын бітіріп, бастауыш мектеп мұғалімі болған аз уақыт арасында болса да, уақыт тынысы өзгеріп, ақпараттық білім ортасын педагогикалық жобалау қажеттілігіне қатысты жаңа талаптар туындауы әбден мүмкін.

ПАЙЛАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бахишева С.М. «Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы».Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 336 б.
2. Извозчиков В.А. Педагогические информационные технологии и картина мира в непрерывном образовании. – Санкт-Петербург: Образование, 1997. – 211 с.
3. Архангельский С.И. Лекции по научной организации учебного процесса в высшей школе. – Москва: Высшая школа, 1976.- 200 с.

4. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 268 с.
5. Колесникова И.А. Педагогическое проектирование: Учеб.пособие для высших учебных заведений /И.А. Колесникова, М.П. ГорчаковаСибирская; под ред. И.А. Колесниковой. – М.: Издательский дом «Академия», 2005. – 288 с.
6. Урмашев Б.А., Гусманова Ф.Р., Газиз Г.Г. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: Оқу құралы / – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 390 б.
7. Мұхамбетжанова *С.*Т.*,* Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы*:* ЖШС *«*Дайыр Баспа*»,* 2010. – 185 б.
8. Абросимов, А.Г. Информационно-образовательная среда учебного процесса в вузе. – Москва: Образование и информатика, 2004. – 256 с.
9. Әлікенова К.Н. Ғылым тарихы мен философиясы. Оқу құралы. – Талдықорған: ЖМУ, 2012. – 256 б.
10. Курейчик В.М., Писаренко В.И. Синергетический подход в педагогическом проектировании образовательной среды вуза. – Журнал Открытое образование. № 3. 2014. – С. 55-62.

ӘОЖ 159.9:39:001(574)

Жүзеев Серікхан Әлханұлы,
PhD докторанты,
Педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасы,
Гуманитарлық-педагогикалық институты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Жайлауова Манат Кеңесқызы,
доцент, п.ғ.к.,
Педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасы,
Гуманитарлық-педагогикалық институты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚ ЭТНО-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Түйін. *Аталмыш мақалада қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың маңыздылығы мен қазіргі таңдағы өзектілігі айқындалған. Әлемдік галымдар мен отандық зерттеушілердің этнопедагогика саласына байланысты тұжырымдамалары мен анықтамалары этнопедагогикалық дәстүрлердің кәсіби маман даярлаудағы қажеттілігін нақтылай түседі.Күнделікті тәжірибеде көрсетіп отырғандай, әрбір бала сол елдің менталитетін, ұлттық мәдениет ерекшелігін, сол ұлттың стереотипін этникалық тасымалдаушы болып табылатындықтан балаға өз халқының мәдениеті мен бар білімінің негізін қалауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рөлі ерекше екендігі белгілі. Сондықтан да этнопедагогикалық дәстүрлердің маңыздылығы – мақаланың құндылығын арттыра түседі.*

Кілт сөздер: *этнопедагогика, бастауыш сынып, кәсіби даярлау, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, халық педагогикасы.*

Аннотация. *В данной статье была выявлена важность и актуальность профессиональной подготовки будущих учителей начальной школы на основе казахских этнопедагогических традиций. Концепции и определения мировых ученых и отечественных исследователей в терминах этнопедагогики проясняют необходимость этнопедагогических традиций в подготовке специалистов. Как показывает повседневная практика, каждый ребенок является основой культуры и образования своего народа, потому что он является этническим переводчиком национальной культуры, стереотипов этой нации. Известно, что роль будущих учителей начальной школы не имеет себе равных. Именно поэтому значение этнопедагогических традиций повышает ценность статьи.*

Ключевые слова: *этнопедагогика, начальная школа, профессиональная подготовка, традиции, обычаи, народная педагогика.*

Annotation. *This article has revealed the importance and relevance of professional training of future primary school teachers based on the Kazakh ethnopedagogical traditions. The concepts and definitions of world scientists and domestic researchers in terms of ethnopedagogy clarify the need for ethnopedagogical traditions in the training of specialists. As everyday practice shows, every child is the basis of the culture and education of his people, because he is an ethnic translator of the national culture and stereotypes of this nation. It is known that the role of future primary school teachers is unparalleled. That is why the value of ethnopedagogical traditions increases the value of the article.*

Key words: *ethnopedagogy, elementary school, vocational training, traditions, customs, folk pedagogy.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – делінген [ҚР «Білім туралы» Заңы, 2007]. Заңда айтылған мақсат-міндеттерді орындап, оны іс жүзіне асыру әрбір мұғалімнің өз тәжірибесі мен ізденісіне саяды. Ал олардың сол еңбегі жолындағы жұмыстарында ұлттық құндылықтар көбірек орын алар болса, онда білім берудегі тетіктерге даңғыл жол ашылмақ. Аталмыш Заңдағы педагогикалық жаңалықтар мен өзгерістерді одан әрі дамыту үшін не істелінуі

керек десек, оған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы халыққа кезекті «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» тақырыбындағы Жолдауынан жауап табамыз: «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты», – дей келіп: «...оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор», – деп ондағы ең маңызды істерді тілге тиек етті [ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012]. Елбасы Жолдауына жіті назар аударар болсақ, онда біз қазіргі заманғы білім берудегі әдіс-тәсілдердің сан түрлілігі үрпақ алдындағы педагогикалық жауапкершілікті арттыратындығын бағамдаймыз. Осы орайда этнопедагогикалық дәстүрлердің де осы қатардан ойып орын алатындығы шүбәсіз.

Халық педагогикасының біліммен қатар тәрбиедегі мән-маңызына, оның зор мүмкіндіктеріне барлық зерттеушілер дерлік үлкен мағына берген. Мәселен, Я.А. Коменский, А.С. Макаренко, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, К.Д. Ушинский, С.Т. Щацкий, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, т.б. келелі ой-пікір білдірген.Осы ғалым-ағартушылардың жолын жалғастырып, дәл бүгінгі күні біздің елімізде жас буындытәрбиелеудегі, оқытудағы халықтың мәдени мұрасын пайдалана арқылы оқытуды ғалымдар С.Қ. Әбілдина, А.Е. Дайрабаева, А.А. Данилов, А.Қ. Қисымова, З.М. Магомедова, Г.А. Мұратбаева, Ж.Б. Сәдірмекова, Р.Ә. Сқақова, Р.К. Төлеубекова, Ү.Т. Төленова және т.б.өз зерттеу еңбектерінде қарастырады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаты білім беру жүйесіндегі ұлттық мәдениеттің маңызы, көпұлтты мемлекеттегі мәдениет дәстүрлері мен ерекшеліктерін қорғау және дамыту болып табылады. Осыған байланысты білім беруге арналған үкіметтік құжаттарда ұлттық ерекшеліктердің болуы айтарлықтай қадағаланып отырады. Бұл ең бірінші мектеп мұғалімдерінің бала тәрбиелеу мен оқытудағы жауапкершілігін тағы да бір нықтай түседі. Осы тұрғыда Алаш арысы А. Байтұрсынов: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек», – дей келіп: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті – жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс», – деп ой қорытады [Байтұрсынов А., 1991, 252 б.].

Қоғамдағы қазіргі заманғы үдерістер болашақ мұғалімдердің қазақ халық педагогикасының идеяларын қолдана отырып, балалармен жұмыс істеуге этно-педагогикалық дайындық саласындағы теориялық зерттеулерді күшейту қажеттігін айқындайды. Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғанындай, әрбір бала сол елдің менталитетін, ұлттық мәдениет ерекшелігін, сол ұлттың стереотипін этникалық тасымалдаушы болып табылады. Өйткені бала мұғалімнің берген білімін алып, санасына сіңіре отырып, оны бойына да, ойына да тоқиды. Содан барып оның бар дүниетанымы мен ойлау көкжиегі қалыптасып, кеңиді. Сондықтан да балаға өз халқының мәдениеті мен бар білімінің негізін қалауда бастауыш мұғалімдерінің рөлі ерекше екендігі айтпаса да түсінікті. Осыдан барып сол төменгі сынып мұғалімдерін ұлттың этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде кәсіби даярлаудың маңызы өз-өзінен айқындалады. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда оларға балаға берілетін білім мен тәрбие жолындағы шыдамдылық пен парасаттылықты санасына сіңіре білу керек. Сонда ғана ол өз күш-жігерін жұмсайтын, ертеңгі жемісі – оқушының жақсы да жоғары нәтижесін көре алады. Осы тұрғыда тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына түңғыш терең үңілушілердің бірі М. Жұмабаевтың әйгілі «Педагогика» еңбегіндегі: «Түрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару, баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек», – деген тұжырымы қашанда өзекті [Жұмабаев М., 1992, 48 б.].

Этнопедагогиканың ғылымдық мәнін ашуда көптеген ғалымдар тер төкті. Мысалы, зерттеуші С. Қалиев еңбегі ерекше. Автор қазақ этносының пайда болу тарихынан бастап, қазақтың салт-дәстүрін дәріптей келе оны педагогика ғылымының бір саласына жатқызады. Ол басқа да ғалымдар секілді этнопедагогика құралдарының тетігі деп салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, халық ауыз әдебиетін, ұлттық

ойындарды, шешендік сөздерді, ырымдарды, этикалық, педагогикалық ой-пікірлер мен идеяларды атайды. Сонымен бірге ғалым болашақ мұғалім даярлауда халықтық педагогиканың алатын маңызды орнынбылайша сипаттайды: «Кез келген халықтың адамгершілік-рухани өмірінің барлық кезеңінде халықтық педагогика үлгілері бай және әр алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады» [Қалиев С., 1998, 64 б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби түрғыда даярлауға этнопедагогикалық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын енгізу болашақ мұғалімнің білім мен тәрбие берудегі дайындығына зор мүмкіндіктер мен жаңашылдықтар алып келеді. Бұл орайда оған төрт құрамдас (аксиологиялық, танымдық, деонтологиялық және мінез-құлық) диагностиканың да берері мол. Олар мұғалімге оқу процесін әзірлеу және іске асыру қажеттігін анықтап береді. Ал мұғалімнің өз тәжірибесінде этнопедагогикалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын пайдалану оның кәсіптік білімін жетілдіруге ықпал етеді.

Этнопедагогикалық дәстүрлер мен салт-дәстүрлерді педагог кадрларды даярлауда қолдану проблемалары қоғам дамуындағы әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде көрініс табады.Сондықтан да зерттеушілер бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда халық арасындағы педагогикалық көзқарастарға және көп жылдар бойы өз сүрлеуі қалыптасқан педагогикалық тәжірибені зерделеуге көп көңіл бөлді.Олар халықтың білім алуына теориялық негіздеме беруге тырысты. Осылайша педагогикалық ғылымды байыта отырып, халық педагогикасы өзін-өзі байытты. Сондықтан әр мұғалімнің міндеті – оқушыны терең біліменолардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыра отырып, жоғары адамгершілік қасиеттерін дамыта білу және олардың бойына дәстүрлі, ұлттық мәдениетті енгізу. Ал бұл болашақ мұғалімдерден халық педагогикасына сүйеніп, оқушылармен жұмыс істеу үшін кәсіби даярлықты қажет етеді. Осы орайда белгілі ойшылдар, оқытушылар мен философтар К.Д. Ушинский, В.Г. Белинский, Л.Н. Толстой, Н. Бердяев және В. Соловьев өз ұлтының білімі мен білігін көтеруде ұлттық тәрбиенің берерінің молдығын атап өтеді. Мәселен, үрпақтан үрпаққа берілетін дәстүрлердің ішіндегі ең маңыздысы –педагогикалық жолмен берілетін дәстүрлер екендігін батыс және шығыс ғалымдары да мойындаған. Сол себепті де XX ғасырдың басында Н.Ә. Бердяев: «Егер біз өз дәстүрлерімізге сүйенсек, Ресейді жандандыра аламыз», – деп жазды. Сол сияқты К.Д. Ушинский де әр ұлттың тарихи үрдісте тірі ой мен идея болып табылатын ұлттық білім беру мен тәрбиелеудің өзіндік нақты жүйеге ие екенін атап өткен болатын. Ал Л.Н. Толстой адамның моральдық және этникалық мінез-құлқы оныңөз мақсатына жауап беретіндейсан ғасырлық халық даналығын игеруінен және діни сенімін меңгеруінен тұратындығын айтады. Біз де осы қағидаға сүйенер болсақ, онда мұғалімдерді кәсіби даярлауда ең бірінші олардың өз бойында ұлттық рух пен күшті сенімнің болуы қажеттілігін пайымдаймыз. Сонда ғана оқушыға берілер білім мен тәрбие де нық болмақ.

Шығыс ойшылдары Әл-фараби, Ж. Баласағұн, А. Йүгінеки, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, т.б. да ғалымдар педагогикалық ой-пікірлерін алға тарта отырып, халықтық педагогиканың бәрібір де шоқтығы биіктігін әркез айтып отырған. Олар мұны айтып қана қоймай, өз еңбектерінің өзегі етіп қарастырған.Ал осы жолды жалғастыра отырып, үрпақ оқуы мен тәрбиесіне этнопедагогиканы одан әрі де күшейте енгізуді қоғамның өзі талап етіп отырғандығы белгілі. Өйткені соңғы жылдарыөз халқының ана тілі мен әдет-ғұрпына, тарихы мен мәдениетіне селсоқ қарайтын, тіпті менсінбейтін жағдайға ұшыраған үрпақтың өсіп келе жатқандығы жасырын емес. Сондықтан да ұлттық мәдениет, руханият, адамгершілік принциптерінің білімнің дәстүрлі түріне сәйкес олардың да өз орнын шегелеуі – заман талабы.Әлем әлеуметтанушылары, этнологтары, психологтар мен педагогтар дабыл қағып жатқанда қазақ қоғамындағы мұндай жайттарға көз жұмып қарап отыра бермейтіндей кезең келіп жетті. Ал бұл үрпақ білімі мен тәрбиесіне ең бірінші жауапты мұғалімдерден ұлттық патриотизм мен терең ой мен білімді талап ететіндігі даусыз. Осындай мәселелерді зерделеудің өзектілігі ең алдымен, педагогикалық мәдениетті жаңғыртудың нақты процестерінен туындайды; екіншіден, білім беруді демократияландыру және гуманизациялау міндеттерінен бастап мұғалімдерді даярлау мазмұнын этно-педагогизациялау; үшіншіден, әрбір мұғалімнің интеллектуалдық және рухани әлеуетін жан-жақты жандандыру, сондай-ақ, педагогтіңсалт-дәстүрлерге деген өзінің қызығушылығын оятудың қажеттілігі.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлай отырып, олардың өздері тарапынан да алға ұмтылыстың биік нәтижеге жетуге мол мүмкіндік беретіндігін ұмытпау шарт. Себебі қандай да бір білім ынтызарлық пен ізденісті талап етеді. Осы түрғыда кәсіби даярланып жатқан мұғалімдер әдеп,

сыпайы іс-әрекет, мінез-құлық, ақыл-кеңес беру, оны алу, үлгі-өнеге көрсету, әңгімелесу, түсіндіру, сендіру, үйрету қарым-қатынасында халық педагогикасындағы барша элементтерді өз бойына сіңдіре алса, ол өзі тәрбиелеп-оқытып отырған баланы да көп нәрсеге үйрете алады. Бұдан шығатын пайым – жақсы ұстазға қызығып өсетін шәкірттің де жүрегі жақсылыққа құштар немесе қазақтың кемеңгер ақыны Абай өз заманында көрегендікпен бұл турасында: «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп текке айтпаса керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. –Астана, 2007. 27шілде
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. –Астана, 2012. 27 қаңтар
3. Байтұрсынов А. Ақжол. –Алматы, 1991. –464 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы, 1992. –160 б.
5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. –Алматы, 1998. –325 б.

ӘОЖ 37.035.6 (574):378.245

Жүзеев Серікхан Әлханұлы,
PhD докторанты,
Педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасы,
Гуманитарлық-педагогикалық институты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Төлебаева Айдынгүл Тойбазарқызы,
оқытушы,
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасы,
Гуманитарлық-педагогикалық институты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: СЫРЫ МЕН СИПАТЫ

Түйін. *Автор мақалада қазіргі бәсекелестік заманында сапалы білімге тек техника мен технологияға қажетті ғылым негізінде ғана қол жеткізілетіндігі әлдеқашан дәлелденгендігін айтады. Сондықтан да дамыған және дамушы елдерде болмасын, әуелі ең жоғары білім деңгейін көтеру сатысын қолға алатындығын тілге тиек етеді. Бәсекелестік білім берудің жоғары санатында ғана емес, оның түп қазығы болып есептелетін – балабақша мен бастауыш сынып табалдырығынан жүргізілуі қажеттілігі күн тәртібіндегі мәселе боп тұрғандығын тағы бір еске салады. Осы орайда педагогика саласын зерттеулердің өзектілігі болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сол халықтың этнопедагогикалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде кәсіптік даярлық мәселелері мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарына негізделген деп тұжырым жасайды. Ұлттық мәдениетті, аймақтық мәдени дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтай отырып, білім беру жүйесін қорғау және дамыту қазіргі күннің басты мәселелерінің бірегейі екендігі айтылады. Осыны дәлелдей отырып, қазақ мектептеріндегі ұлттың этнопедагогикалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының моделін бірнеше блокқа бөледі.*

Кілт сөздер: *ғылым, білім, көпұлтты мемлекет, этнопедагогика, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, құндылық, блок, критерий, диагностикалық аппарат, ана мектебі, оқыту формасы, оқытуды ұйымдастыру формасы, этикалық кодекс, халықтық дәстүр, этнос, халықтық педагогика, т.б.*

Аннотация. *В статье автор говорит о том, что в условиях современной конкуренции во всех сферах жизни качественное образование доступно на основе наук с использованием техники и технологий. Поэтому и в развитых, и в развивающихся странах уделяется большое внимание повышению уровня высшего образования. Автор статьи отмечает, что подготовка конкурентоспособных специалистов должна начинаться не на уровне высшего образования, а в детском саду и начальной школе, когда закладываются основы знаний. Актуальность исследований в области педагогики заключается в том, что профессиональная подготовка будущего учителя начальных классов на основе этнопедагогических традиций и обычаев народа соответствует важнейшим принципам политики государства. Одной из главных проблем сегодняшнего дня является развитие системы образования, сохранение и защита национальной культуры, местных культурных традиций и и их особенностей. Автором статьи рассматриваются несколько блоков модели профессиональной подготовки будущего учителя начальных классов для казахской школы на основе традиций этнопедагогики, народных обычаев и традиций.*

Ключевые слова: *наука, образование, многонациональное государство, этнопедагогика, обычаи, нравы, традиции, ценности, блок, критерий, диагностический аппарат, родная школа, форма обучения, форма организации обучения, кодекс этики, народная традиция, этнос, народная педагогика и др.*

Annotation. *In the article, the author says that in the conditions of modern competition in all spheres of life, high-quality education is available on the basis of science using engineering and technology. Therefore, in developed and developing countries much attention is paid to improving the level of higher education. The author of the article notes that the training of competitive specialists should begin not at the level of higher education, but in kindergarten and elementary school, when the foundations of knowledge are laid. The relevance of research in the field of pedagogy lies in the fact that the professional training of the future primary school teacher on the basis of ethno-pedagogical traditions and customs of the people corresponds to the most important principles of state policy. One of the main problems of today is the development of the education system, the preservation and protection of national culture, local cultural traditions and their features. The author of the article considers several blocks of the model of vocational training of the future primary school teacher for the Kazakh school based on the traditions of ethno pedagogy, folk customs and traditions.*

Keywords: *science, education, multinational state, ethno pedagogy, customs, customs, traditions, values, block, criterion, diagnostic apparatus, native school, form of education, form of organization of education, code of ethics, folk tradition, ethnos, folk pedagogy, etc.*

Қазіргі кезең – ғылым мен білім кезеңі. Бәсекелестікке тек сапалы білім және техника мен технологияға қажетті ғылым негізінде ғана қол жеткізілетіндігі әлдеқашан дәлелденді. Сондықтан болар, дамыған және дамушы елдер әуелі ең жоғары білім деңгейін көтеру сатысын қолға алуда. Ол тек білім берудің жоғары санатында ғана емес, оның түп қазығы болып есептелетін – балабақша мен бастауыш сынып табалдырығынан жүргізілуі қажеттілігі күн тәртібіндегі мәселе боп тұр. Осы орайда педагогика саласын зерттеулердің өзектілігі болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сол халықтың этнопедагогикалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде кәсіптік даярлық мәселелері білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарына негізделген (көпұлтты мемлекет жағдайында). Ұлттық мәдениеттерді, аймақтық мәдени дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтай отырып, білім беру жүйесін қорғау және дамыту болып табылады.

Қоғамда болып жатқан заманауи үрдістер халық педагогикасының идеяларын пайдалана отырып, болашақ мұғалімдердің балалармен жұмыс істеуге этнопедагогикалық дайындығы саласындағы теориялық зерттеулерді жандандыру қажеттілігін талап етеді. Балаларды тәрбиелеудің күнделікті тәжірибесінде педагог тек педагогикалық тәжірибеге ғана емес, сонымен қатар халық педагогикасының тәжірибесіне сүйенуі қажет, өйткені әрбір бала этникалық ерекшеліктерді, менталитетті, ұлттық мәдениеттің сипатын, өзіне тиесілі этникалық топтың стереотиптерін тасымалдаушы болып табылады. Осы тұрғыда біз өз кезегімізде қазақ мектептеріндегі ұлттың этнопедагогикалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының моделін келесі блоктардан тұрады деп есептейміз: 1) мақсатты құндылық (студенттің қазақ халқының этнопедагогикалық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының мәні мен мазмұнын түсінуі; студенттің педагогикалық практикада этнопедагогикалық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру; студенттің халықтың этнопедагогикалық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын енгізуге кәсіби дайындығының нәтижесі; студенттің этнопедагогикалық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың мәні мен мазмұнын түсінуі – осы құндылықтарды меңгеру); 2) субъектіүйымдастырушылық (ЖОО оқытушылары, педагогтары, декан, деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, студенттердің өздері, ата-аналар, ЖОО әкімшілігі және жұртшылық); 3) мазмұндытехнологиялық (осы үдерістің мақсаттарын, міндеттерін, тәсілдерін, заңдылықтарын, принциптерін, факторларын ескере отырып құрылған, әзірленген авторлық технологиялар, т.б.); 4) критериалды-нәтижелі (тәжірибелік-педагогикалық зерттеу нәтижелерінің критерийлері мен диагностикалық аппаратын, осы процестің көрсеткіштері мен деңгейлерін әзірлеу; 5) болжамды нәтиже (қазақ этнопедагогикалық салтдәстүрлерін меңгерудің жоғары деңгейі және оларды мектеп практикасында іске асыру).

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындық үрдісі тиімділігін ұлттың этнопедагогикалық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына негіздей отырып, ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар кешенін жасау да өзекті мәселе болып саналады. Сол себепті де болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының мәндік мазмұнының заңдылықтарын анықтау да керек.

Қазақ мәдениетінің этнопедагогикалық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын меңгеру сапасы ЖОО педагогы мен студенттің мақсатты өзара әрекеттестігіне байланысты екені шындық. Этнопедагогикалық ойлауды, этнопедагогикалық мәдениетті дамыту өзара байланыста және өзара шарттасуда болады. Мұғалімнің кәсіби даярлығының негізінде болашақ мұғалімнің дербес этнопедагогикалық қызметі жатыр. Ал зерттеушілер пікіріне сүйенсек, жалпы этнопедагогикалық білім мен іскерлікті меңгеру деңгейі студенттердің оқу жоспары мен элективті курстар пәндерін оқу кезінде жеке этнопедагогикалық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен технологияларды қандайлық толық меңгергеніне байланысты. Сонымен бірге, тәжірибе мен теорияның егіздігіне негіздесек, онда дидактикалық-технологиялық жағдайлар да бірінші кезекке шығады. Сондықтан да болашақ маманға қазақ мәдениетінің құндылықтарын кезең-кезеңімен меңгеру, жұмысына этномәдени тәрбие технологияларын енгізу, ұлттың халық және отбасылық мәдениетінде архетиптік және типтік бейнелерін меңгеру қажеттілігі туындайды. Психологиялық-педагогикалық аспектіде студенттерді кәсіби даярлаудағы олардың мотивациясы мен белсенділігі, ЖОО педагогтары мен ата-аналар қызметінің этномәдени бағыты, ұйымдастыру-басқару негізінде: тиімді кәсіби даярлықтың факторы ретінде ЖОО, отбасы мен мектептің өзара іс-қимылын жүзеге асыру да ең алдыңғы кезекке шығады.

Тарихнама мұғалімнің кәсіби дайындығында этнопедагогикалық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қолдану мәселелері халық педагогикасы саласындағы ғылыми зерттеулерде қаланды, бұл қоғам дамуындағы әлеуметтік-тарихи феномен ретінде халық педагогикасын зерттеудің өзектілігін және ол өткеннің көрнекті педагогтарының ерекше назар аударуының мәні болып табылатындығын куәландырады.

Педагогиканы зерттеуде әлемдік деңгейде мойындалатын Я.А. Каменский, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо еңбектерінде халықтық педагогиканың тәрбиелік әлеуетіне баға берілді. Олардың барлық зерттеулерінде дерлік халықтың педагогикалық тәжірибесін зерттеуге көп көңіл бөлінді, сондай-ақ, олар халық тәрбиесіне теориялық негіздеме беруге тырысты. Осылайша, зерттеулер негізінде педагогикалық ғылымды байыта отырып, халық педагогикасы өзін байытты.

Я.А. Каменский «ана мектебі» (материнская школа) идеясын негіздеп, отбасының педагогикалық тәжірибесін жинақтады, отбасының педагогика ғылымындағы рөлін бағамдады. Сол себепті де ол халық ауыз әдебиеті шығармаларын жинақтады, халықтың салт-дәстүрлерін зерттеуші ретінде ол «Чех тілінің қазынасы» атты алғашқы еңбектің авторы болды. Каменский педагогикасының гениальды синтезінде халық чех педагогикасының қазынасы, әсіресе протестанттық қауымдардың, бауырластықтардың демократиялық, халықтық-педагогикалық дәстүрлерінің бірігуіне куә болды. Оның еңбегінде педагогика: «...антикалық мұра, әлеуметтік утопиялардың педагогикалық идеялары, олардың барлығына тең, түгел қамтитын және еңбекке, тәрбиенің практикалық өміріне дайындыққа бағытталған» [Джуринский А.Н., 2001, 78 б.]. Ал И.Г. Песталоцци өзінің «Аналарға арналған кітап», «Гертруда өз балаларын қалай үйретеді?», «Лингарт және Гертруда» еңбектерінде қорытынды жасай отырып, білімсіз отбасының педагогикалық тәжірибесін жинақтаудың нәтижесін береді, одан тәрбие барысында табысқа жету үшін халықтық тәрбие тәжірибесін меңгеру қажеттілігін алға тартады. Сондықтан И.Г. Песталоцци пікірі бойынша, әр мұғалімнің міндеті – оқушыларды терең біліммен қаруландыру, олардың дүниетанымын қалыптастыру, жоғары моральдық қасиеттерді бойға сіңіру және дәстүрлі, ұлттық мәдениетпен таныстыру. Бұл болашақ мұғалімнің оқушылармен жұмыс істеу кезінде кәсіби даярлығын жүзеге асыруда қажет болады.

Тәрбие – мәңгілік категория деген қағиданы негізге ала отырып, біз халықтық педагогикаға ерекше назар аудару қажеттілігін тағы да шегелей түскіміз келеді. Орыс педагогы К.Д. Ушинский: «Ғылым жалпы адамзаттық ойлау заңдары бойынша әділ түжырымдарды ғана қабылдайды. ...әлем заңдарын ашатын ғылым адамзаттың ортақ игілігі болып табылады. Әрбір білімді халық ғылымда, оның барлық халыққа осындай ақиқаттарды жеткізе алған кезде ғана маңызды болады»,- дейді [Ушинский К.Д., 1988, 74-79 бб.]. Ал мұны педагогика ғылымында көптеген ғалымдар зерттеу өзегі етіп алады. Мәселен, ғалым-педагог М.И. Махмутов педагогикадағы бір ғана «форма» сөзі арқылы жасалған «оқыту формасы» және «оқытуды ұйымдастыру формасы» деген екі терминнің айырмашылығын көрсету қажеттігі бар деп есептейді де, алғашқы айырмашылығын «оқыту формасы» оқушылардың ұжымдық, жалпы және жеке жұмыстары екендігін көрсетеді. Бұл мағынады «оқыту формасы» термині «оқытуды ұйымдастыру формасының» сабақтың белгілі бір түрін, сабақты, пәндік үйірмені және т.б. көрсететінімен ажыратылады [Педагогика, 2006, 180 б.].

Адамзаттың ойшылы әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы, ал келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген сөзі күн артқан сайын өміршеңдігімен дәлелденуде. Сол сияқты қазіргі педагогикалық ғылымда халықтық педагогиканың тәрбие тәжірибесін зерттеудің жаңа кезеңін Г.С. Виноградов салғандығын білеміз. 1930 жылы «Орыс балалар фольклоры» атты өз жұмысында автор халық педагогикасының термин және құбылыс ретіндегі анықтамасын берді. Г.С. Виноградов «халықтық педагогика» ұғымын зерттеуге үлкен үлес қосты, ол аталмыш ұғым түсінігін берді. Оның айтуынша, «халық педагогикасы ұлттың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сүйенген белгілі бір әдістер мен тәсілдердің бірлігі» деп сипатталған. Ол халық педагогикасын «жүйе ғана емес, білім, білік жиынтығы ретінде» көрді [Виноградов Г.С., 1992, 18 б.].

Соңғы уақытта қоғамда болып жатқан оқиғалар әр отбасы мүшесін қазақтың халықтық педагогикасының идеяларына баулу қажеттілігі туындап отыр дегенді айтуға және және соны тереңірек пайдалануға мәжбүрлейді. Ең бастысы, сол халықтық педагогиканың өміршең құндылығын жоғалтып алмай, барынша пайдалана білу, тәрбиеде бұл сәтті жіберіп алмау. Өскелең ұрпаққа өзінің қайдан шыққандығын білгізіп, түп тамырының тереңдігін білуге көмектесу, тарихқа, ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты дамыту, оларды зерттеу қажеттілігі – күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселе.

Қазақ халық педагогикасында отбасылық тәрбие алғашқы қоғамдық қажеттілік ретінде анықталады, яғни барлық тәрбие бастаулары мен ата-ана бақытының негізі отбасы болды. Ал сол халықтық тәрбие

жүйесінің негізгі бағыттары – қарапайым ғана. Қарапайым бола тұра, мәні мен мақсаты – айқын, тамыры – терең. Мәселен, үлкенге, ата-бабаға – күрмет, аға буын өкілдеріне қамқорлық жасау; балаларға қойылатын талапшылдықпен бірге ақылға қонымды, үйлескен махаббат пен қамқорлық көрсету (бала өміріндегі әр түрлі кезеңдермен байланысты отбасылық дәстүрлер); еңбекқорлық, жауапкершілік, адамның еңбегімен құрылған құндылықтарға адамгершілік қатынас сияқты қасиеттерді тәрбиелеу негізінде еңбек қызметіне баулу; қайырымдылық, ұжымдық өзара көмек; қонақжайлылық; қоршаған табиғат әлеміне қамқорлық, оған жауапты және ұқыпты қарау; руға, қауымға адалдық, адамнан талап етілетін заңдық, бірыңғай ережелерді ұстану, қоғамға құрметпен қарау, т.б.

Халықтың этикалық кодексіндегі маңызды орын үлкендерді құрметтеу сияқты ұғымға саяды. Үлкендерге құрмет өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына ең жоғарғы принцип ретінде енгізіледі. Сондықтан ерте жастан бастап балаларға қазақ: «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет», «Әке тұрып, ұл сөйлегеннен – без, ана тұрып, қыз сөйлегеннен – без», «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді», т.б. деп үйреткен [Турманжанов У., 1980, 86 б.].

Халықтың рухани мәдениетінің өзіндік саласы ретінде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тәрбие үдерісінің пәрменді құралы болып табылады, тек олардың жалпы және ерекше функцияларын ашып, адамның әлеуметтенуінің, оны халықтық педагогика арқылы тәрбиелеудің процестерін дұрыс түсіну керек. Тәрбиенің халықтық дәстүрлерін зерделеудің маңызы зор, себебі дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар аға ұрпақ жинаған тәрбиенің халықтық тәжірибесін көрсетеді. Десек те, бұл түрғыдағы зерттеу жұмыстары шетелдік және отандық ғылымда да өзінің мән-маңызын айқындағанымен, өзінің толық бағасын алып болған жоқ. Сонымен қатар, тағы да бір көңіл аударатын нәрсе, ол – халықтық педагогиканың әр ұлттың өзіне тән ерекшеліектеріне байланысты түрлі сипатта болатындығы. Сондықтан да бірлі-жарым, жалпыға ортақ және ерекше диалектикалық өзара байланысын қадағалай отырып, барлық халықтың педагогикалық жүйелерінде кездесетін әмбебап элементтерді абсолюттеуге болмайды, өйткені тәрбиенің мақсаттарындағы, әдістеріндегі, принциптері мен формаларындағы айырмашылықтар өте үлкен болуы мүмкін.

Мұғалімнің кәсіби дайындығының міндеттері этнопедагогикалық дәстүрлер мен қазақ әдет-ғұрыптары мысалында «этнопедагогика» ұғымын талдау, сонымен қатар «халықтық педагогика» және «этнопедагогика» ұғымдары арасындағы нақты шекараларды анықтау қажеттілігін көрсетеді. Этнопедагогика саласындағы жүйелі зерттеулердің басы XX ғасырдың екінші жартысына жатады, сондықтан да әлі де болса этнопедагогика педагогикалық ғылым мен халық педагогикасының жас тармағы болып табылады.

«Этнопедагогика» терминінде екі негізгі түсінік бар: «этнос» – (грек тіл. etnas – тайпа, «стая», адамдар тобы) этноспен байланысты барлық нәрселерді білдіреді, ал «педагогика» ұғымы өскелең ұрпақты аға ұрпақ жинаған тәжірибе негізінде дайындайды. Көрсетілген этнопедагогикалық мәселе «этнос» ұғымын терең талдауды және қарастыруды талап етеді. «Этнос» ұғымы өзінің мазмұны бойынша «халық» ұғымына сәйкес келеді, ол «әлем халықтары» сөз тіркестерінде қолданылады. «Халық» деген сөздің орнына «этнос» деген сөз «халық» деген сөздің көп мағынасынан туындады. «Халық», бұл – «Еңбекшілер және жай адамдар»,- дейді кейбір зерттеушілер [Булуева Ш.И., 2011, 99 б.].

– оқу орында отыру міндетті емес, кез-келген жерде, ыңғайлы уақытта қызметте жүріп, қалаған білімін алуға;

– жаңа технологияларды пайдалануды дағдыға айналдыра отырып, жер шарының кез-келген жерінен ақпарат алуға, әріптестерімен сұхбаттасып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді;

– білім алушылар әлеуметтік, физиологиялық даму және материалдық жағдайларына қарамастан тең дәрежеде білім алуға болады;

– оқылған материалдарды меңгеру барысында білім алушылардың өз бетімен ізденуіне, шешім қабылдауына, білімді игеріп, қорытындылауына және өздік дамуына мүмкіндік туғызады.

– шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасу мүмкіндігі бар.

Орта және жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты студенттердің өз бетімен жұмыс жасау, яғни мәселе туғызу, ойлау, оның шешімін табу, әдебиет көздерімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру және іскерліктерін, ізденімпаздықтары мен танымдық қабілеттерін дамыту. Жалпы жоғары білім беру стандартында кредиттік жүйе бойынша аудиторияда өткізілетін сабақтармен қатар өзіндік жұмыстарға бөлінген арнайы сағаттар бар екені белгілі. Бұл уақытта орындалған тапсырмалар оқытушымен бетпе–бет тексеріліп, ескертулер айтылады. Ал, қашықтықтан оқыту барысында алған теориялық, практикалық білімдеріне және өзіндік тапсырмалардың орындалуы мен сапасына тікелей білім алушы өзі жауапты.

1.Жоғарыда айтып кеткендей, қашықтықтан оқыту кезінде тыңдаушылар қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темпте өз бетінше жұмыс негізінде білім алады [Журнал «Информатика и образование», 2006, 49-57 б.]. Осы жағдайды ескере отырып, тыңдаушылар өзіндік жұмыстың технологиясын меңгеру арқылы қашықтықтықтан оқытудың негізгі үш технологиясы бойынша білімін өз бетімен толықтыру жүзеге асырылады. Олар: желілік технология, кейс-технологиялар және ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтықтан оқыту. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Өзіндік жұмыс дегеніміз – оқушылардың қызығушылықтарына, бейімділіктері мен шығармашылық қабілеттеріне қарай, ой-өрісі кеңейтуге, дүниетанымын дамытуға негізделген тапсырмаларды орындау. Ә. Мұхаметжанова: «Педагогикалық жүйе ретінде қалыптасқан студенттердің өздігінен орындайтын жұмысы олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін арттырып, оларды тиянақтылыққа, ұстамдылыққа, бастаған істі аяғына дейін апаруға тәрбиелейді» – деп өзіндік жұмыстардың тұлғаны қалыптастырудағы тиімділігін баса айтып кеткен [Мұхаметжанова Ә., 2011, 356 б.].

Тақырыпты толық меңгеруде өзіндік жұмыстың тиімділігі:

– қарастырылатын тақырып аясында білімді тереңдетуге;

– ізденушілік қабілетін дамытуға;

– теория мен практикада алған білімдерін ұштастыра отырып, өз ойын, пікірін дәлелдеуге мүмкіндік жасайды.

Өз бетінше оқытуды қалыптастыру, ұйымдастыру оқытушы мен білім алушыға байланысты. Жоғарыда айтып кеткендей, қашықтықтан оқытудың ерекшелігі қарастырылған тақырыптарды өз деңгейінде игеру студенттің өз құзырлығында. Аталмыш үрдісті сапалы, жүйелі түрде жүргізілуін ұйымдастыру желінің, компьютердің, электрондық оқулық, аудио-визуальды құралдар, детелекоммуникация құралдарының сапалы және қолжетімді болуына байланысты. Ал, ақпараттық кеңістікте білім алуды ұйымдастыруда оқытушының алдына қойылатын міндет- психологиялық және педагогикалық әдістерді пайдалану арқылы білім алушылардың қызығушылықтары мен сұраныстарын ескере отырып, оқыту үрдісі барысында мақсат пен міндетті қою, мәселені шешудің жолдарын табу, білім алушылардың арасында байланыс орнату, өз бетінше жұмыстарын бақылау болып табылады. Сонымен қатар, курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесіне ыңғайластырады, оқу үрдісінің жүргізілу барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында бақылай отырып, ұсыныстар береді. Бұл міндетті орындау оқытушыдан шеберлік, білімділік, шығармашылықпен қатар, ақпараттық құралдармен атқарылатын жұмысты және оқытудың жаңа технологияларын білуді талап етеді. Білім беру ұйымдары қашықтықтан оқыту процесін жүргізуде оқыту курстарын ұйымдастыру, білім алушыларды желілік кешенді тесттер жинағы мен оқу материалдарымен қамтамасыз ету, кеңестер беру, білім алушылармен кері байланысты орнату және білімдерін бақылау т.б қызметтерді назарда ұстағандары дұрыс.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуальдық өзара іс-қимылдан тұрады:

– студент пен оқытушының бір уақытта оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференцияларды қолдану арқылы;

– студент пен оқытушы белгіліленген уақытта қарым-қатынаста болмай білім алу процесі электрондық пошта бойынша хат алмасу немесе бейнесабақтар арқылы ұйымдастырылады.

Кездейсоқ басталған бұл жағдайдан шығу үшін Баишев университеті оқу орнының әкімшілігі білім беру мазмұны мен деңгейін, оқытушылар құрамы мен білім алушылардың санын ескере отырып, дереу қашықтықтан оқыту жүйесін оңтайлап, күшейтіп, жан-жақты қарастырып, шешім қабылдады.

Тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қамтамасыз ету мақсатында техникалық және қаржылай мүмкіндігіне байланысты жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологиялар: аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б. дайындалды.

Ойлануға ешқандай уақыт та, мүмкіндік те жоқ болғандықтан барлық профессорлық оқыту құрамы оқыту құралдарымызды дайындап, ақпараттық технологиялық білімдерімізді жинақтап, іске кірісіп кеттік. Platonus, ZOOM және WhatsApp, чат арқылы білім алушыларға дәрістер оқылып, тапсырмалар беріліп, кері байланысты орнатып жатырмыз. Бағдарламаға сай тақырыптар барысында бейнесабақтар түсіріліп, бейне конференциялар (вебинар) дайындалып, электрондық оқулықтар толықтырылып, тест жинақтары таратылды. On-line дәрістік сабақтар немесе курстық (дипломдық) жобаларға кеңес беру, қорғау мәселелерін шешуге мүмкіндік берді, қатысуға тиіс топтар мен жүргізілу уақыты күні бұрын белгіленді.

Жаңа тақырып бойынша баяндаулар алдын-ала жоспарланып, алдын-ала даярланып жүргізілді.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында қарастырылған жоғары оқу орны білім алушыларының кәсіптік практиканы өткізілу де біраз дайындықты қажет етті. Оқу жылының басында оқу орнының мекемелермен, кәсіпорындармен отырған үш жақты келісім шарт негізінде, қашықтықтан оқыту жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, жоспарды қайта құруға тура келді.

Сапалы білімді меңгерту барысында компьютерлік техниканы және жаңа технологияның барлық түрлерін ұтымды пайдалана отырып, оқытушыға да, білім алушыға да толыққанды үздіксіз білім беру, алу принциптерін ойдағыдай іске асыру мүмкіндік туып отыр. Дегенмен де, білім берудің бұл түрін оқу орнында толықтай енгізу оқытушылар мен студенттер арасында қиындықтар туғызды. Қашықтықтан оқыту жүйесінің тиімділігі мен артықшылығынан басқа, кез- келген істегі сияқты қате, кемшілік тұстары да болды.

Атап айтсақ: біріншіден, еліміздің шалғай ауылдық жерде тұратын студенттері желінің әлсіздігінен немесе жоқтығынан байланысқа шыға алмауы. Мұндай жағдайда пошта арқылы хатпен тапсырма жіберіліп отырды. Екіншіден, отбасының материалдық жағдайы, яғни жанұяда білім алатын екі немесе үш баланың болуы және оларға компьютердің жетіспеуі, үшіншіден, білім алуда кеңес, көмек беруде ата-ананың білімдерінің жетіспеулері, төртіншіден, баланың физиологиялық (үстел басында

ұзақ отыруы, көзінің шаршауы т.б.), бесіншіден, қарым-қатынастың болмауы (сөйлеу мәдениеті, сөздік қоры, эмоция, көңіл-күйді, интонацияны пайдалану) т.б. Болашақта қашықтықтан білім беру жүйесі мемлекет деңгейінде толықтай қаржыландыру арқылы жүргізіліп, жоғарыда айтылып кеткен кемшіліктерді ескерген жағдайда білім беруде үтар тұстарымыз жеткілікті. Дүниежүзіндегі барлық жоғары оқу орындары осы технологияны пайдаланып, тиімділігін дәлелдеген.

Қорыта келе, қашықтықтан оқыту жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескере отырып, өзіндік жұмыстарды ұйымдастырады. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білім беру сапасын бақылауды дұрыс жүргізу және жүзеге асыру мәселесі туындайды.

Білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құра отырып, әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқып және қызметте жүрген адамдардың жас ерекшелігіне қарамастан, білім деңгейін көтеруге және ақпарат алуға, біліктілігін, ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттыруға негізделген үздіксіз білім берудің осы жүйесін тиімді, мақсатты, жүйелі пайдалану және дұрыс жүргізу мәселесі өзектілігін жойған жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_
2. Петькова Ю.Р. История развития дистанционного образования. Положительные и отрицательные стороны МООС // Успехи современного естествознания. – 2015. – № 3. – С. 199-2004; URL: http://www.natural-sciences.ru/ru/article/view?id=34763 (дата обращения: 24.04.2020)
3. Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768
4. Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 2. – Б. 49-57.
5. Мұхаметжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 ж. – 356 бет.

Қашқынбаева Зағира Қожабергенқызы,
доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

Абдрасилова Гүлсім Лесбекқызы,
педагогика ғылымдарының магистранты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа: *Мақалада оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Мәселенің өзектілігі ашыла отырып, оны қалыптастырудың теориялық негізі қарастырылған. Ақпараттық сауаттылықтың құрамдас бөліктері ретінде компьютерлік, медиа, функционалдық, сандық сауаттылық, ақпараттық мәдениет ұғымдары ашылған. Ақпараттық сауаттылықты дамыту нәтижесінде бірнеше қызметтер жүзеге асады. Авторлар ақпараттық сауаттылық білімді жан-жақты меңгерудің басты құралы екендігін көрсетеді.*

Түйін сөздер: *ақпараттық сауаттылық, медиа сауаттылық, функционалдық сауаттылық, сандық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, ақпараттық мәдениет.*

РАЗВИТИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация: *В статье рассмотрен вопрос формирования информационной грамотности учащихся. Раскрылась актуальность проблемы, рассмотрена теоретическая основа ее формирования. В качестве составляющих информационной грамотности раскрыты понятия компьютерной, медиа, функциональной, цифровой грамотности, информационной культуры. В результате развития информационной грамотности осуществляется несколько функций. Авторы указывают, что информационная грамотность является главным инструментом всестороннего усвоения знаний.*

Ключевые слова: *информационный грамотность, медиа грамотность, функциональный грамотность, цифровой грамотность, компьютерный грамотность, информационная культура.*

DEVELOPMENT OF INFORMATION LITERACY OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN

Abstract: *The article deals with the formation of information literacy of students. Currently, the theoretical basis for the formation of the problem with the disclosure of its relevance is considered. The concepts of computer, media, functional, digital literacy, and information culture are revealed as components of information literacy. As a result of the development of information literacy, several functions are performed. The authors point out that information literacy is the main tool for comprehensive learning.*

Key words: *information literacy, media literacy, functional literacy, digital literacy, computer literacy, information culture.*

Қазіргі заман талабына сай адамдар арасындағы мәліметтермен алмасу, тілдік қарым-қатынасы пен ақпараттық қызмет көрсету салаларының қарқындылығына ілесе отырып, ақпараттарды дер кезінде ала алу мен пайдаға асырудың маңызы зор. XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры, яғни адамдарды жан-жақты ақпараттандыруға көшу, ақпараттық әлеуетті дамыту.

Сондықтан да мектеп оқушыларының ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру қоғамның алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына сай оқушылардың білімдарлығын тек қана сауаттылық деңгейін, оның

ішінде ақпараттық сауаттылығын дамыту арқылы ғана жеткізуге болатындығы айқын көрсетілген [*Назарбаев Н.Ә., 2007*].

Білім беру жүйесін ақпараттандыру – әр түрлі тапсырмаларды шешу үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолдану, қажетті ақпараттармен жұмыс жасау. Алайда бұл қажетті ақпаратты ғаламтордан немесе ақпарат көздерінен тікелей көшіру емес, сол ақпарат көздерінен алған мәліметті пайдалана отырып, шығармашылық жұмыстар атқару, іздену, зерттеу мәселенің шешімін табу деген сөз. Мектепке оқыту мақсаттарын іске асыру барысында оқу-тәрбие саласын тиімді ұйымдастыру және сапасын арттыру болмақ.

Ақпараттық сауаттылық – ақпараттармен жұмыс жасай білу, қажетті ақпараттарды іздеу, талдау, пайдалану болып табылады. Ғалымдар «ақпараттық сауаттылық – ақпараттық қажеттілік, ақпаратты іздеу, іріктеу, бағалау және қай түрін болса да өңдеу» деп те атайды [*Громов О., 2006, 42 б.*].

Сондай-ақ, «арнайы білімдерді меңгерудің қажетті құралы» ретінде (Н.Ф. Тальзина, М.Б. Болодич, В.М. Дерябин, т.б.) де қарастырады. Сауаттылық білім берудің алғашқы бастапқы кезеңі бола отырып, оның түсінігінің дамуы және кеңеюі іс-әрекеттік түрғыда түсіндіріледі.

Біз өз зерттеуімізде оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамыту мәселесін қарастырамыз.

Мектеп оқушыларының ақпараттық сауаттылығы – қоршаған ортаны танып-білудің құралы. Бастауыш сыныпта ақпараттық сауаттылықты дамыту оқушылардың дүниетанымдық көзқарасын дамыту барысында жаңа ұғым, атау, түсінікті түрлі әдіс-тәсілдер арқылы қалыптастыру болып табылады. Кеңірек айтсақ, айналада немесе қоршаған ортада іске асып жатқан құбылыстар мен іс-әрекеттер, хабарлар туралы мәліметтер. Бастауыш сынып оқушысының ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру – қоршаған ортаны ақпарат көзі ретінде оқушы санасына дұрыс қалыптастыру.

Бала ақпаратты, мәліметте қолдана отырып, белгілі бір мәселенің шешімін табуға тырысады. Сезім мүшелері арқылы дәмін, иісін, көлемін, пішінін ажыратса, мәселені шешуде қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге, пайдалануға машықтанады. Ол бірте-бірте әдетке айналады. Демек, ақпаратты өзгерте отырып өңдеп, қажетке пайдаланады.

Кейде ақпараттық сауаттылықты компьютерді пайдаланумен шатастырып жатады. Компьютерді техникалық құрал ретінде пайдалана отырып, мәліметтерді оқу, жазу және ақпаратты іздеу – *компьютерлік сауаттылыққа* жатады. Алайда ол мультимедиалық, телекоммуникациялық мүмкіндіктерге ие болуға көмектеседі. Мәліметтерді меңгеруде түрлі тілде немесе түрлі форматта болуына кедергі келтірмейді. Әлемдік білімдік ортаға енуге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтанда компьютерлік сауаттылықты, жалпы ақпаратық сауаттылықтың құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Ақпарат көздері – электронды (видео, аудио тасымалдаушылар) және баспа материалдары (оқулық, журнал, газет, әдебиеттер) болуы мүмкін. Баспа құралдарындағы әлеуметтік ортаның көзқарастары мен идеялық ой-пікіріне толы ақпараттарды және оқулықтар мен әдеби шығармаларды оқу, меңгеру және талдау *медиа сауатылықты* білдіреді.

Сонымен қатар, ақпараттарды қабылдау, өңдеу, тасымалдау, сақтау, талдау, болжамдау, ақпараттық технологияларды жетік меңгеру *функционалдық сауаттылық білдіреді.*

Білім берудің технологияларының арқасында қазіргі кезде сауаттылықтықтың жаңа түрі – *сандық сауаттылық* пайда болды. Ол сандық ақпаратты табу, жасау және ақпарат беру үшін қызмет етеді. Сандық сауаттылықты дамыту мен оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы арттыру – маңызды бағыттардың бірі болып отыр. Ол «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген.

Ақпараттарды пайдалануда сауатты болуы үшін ақпараттық мәдениетті сақтау қажет. Ол ақпаратты тұтынушылардың белгілі бір нормаларды сақтауымен өлшенеді, яғни ақпаратты тиімді қолдану мен тарату (В.А. Кравец, В.Н. Кухаренко, т.б.). Ал жеке тұлғаның *ақпараттық мәдениеті* – дүниетаным мен білім мен дағды жүйесін дамытуға қажет етін ақпараттық қажеттіліктерді оңтайлы қанағаттандыру.

Сонымен қатар, ақпараттық сауаттылық – *зерттеушілік, коммуникативтік, талдау қабілеттерін* қалыптастырады. Компьютерлік бағдарламалар, ғаламтор, әлеуметтік желілер, телеарналардағы ақпараттарды қолдану – ақпараттық сауатылықтың шегін кеңейте түсуде. Ол білім беру саласына үлкен әсерін тигізуде. Себебі, қалыптасқан дәстүрлі оқыту түрлерін дәстүрлі емес оқыту формалары ауыстырып келеді.

Ақпараттармен оқушының өз бетімен жұмыс жасай алуы, дербес өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілетін өзге қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл электрондық оқулықтың жетілуіне, мультимедиалық оқу бағдарламаларының жасалуына, қашықтықтан білім алуға, тілдерді үйренуге түрткі болып отыр. Сондай-ақ, түрлі технологиялардың пайда болуына да әсер етеді.

Оқушының оқу-танымдық іс-әрекеті белсенді болуына, мүмкіндіктерінің артуына пайдаланатын ақпараттық оқу-әдістемелік ресурстар мен қатар АКТ түрлері өте көп. Ол әрине уақытты үнемдеуге, меңгерілуге тиіс материалдың мазмұнына оқушы қызығушылығын арттыруға, мәліметті пайдалануға құлшынысы мен құзіреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді [*Вассерман Ф.Я., 2008, 35 б.*].

АКТ педагог пен оқушы арасындағы ынымақтастық атфосферасын қалыптастырып, өзара қарқынды қызмет атқару мен оқыту сапасын арттыруға әсер ететіні сөзсіз. Ғалымдардың зерттеулерінде АКТ қолдану – оқушы мен мұғалім білім мен білікті беруші мен қабылдаушы бола отырып, оқу процесінің компоненттері ретінде анықталады [*Захарова И.Г., 2003, 45 б.*]. Ақпараттық коммуникативтік технологияның теориялық моделі педагогикалық жүйесіне жатады [*Нургалиева Г.К., Тажигулова А.И., 2010, 61 б.*].

Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі шарттары мен жолдарын, әдіс-тәсілдерін зерттеген отандық ғалымдар: Ж.А. Караев, Г.К. Нургалиева, Г.О. Тажигулова, Ш.А. Абдраман, Н.Н. Керимбаев, т.б.

Жоғарыда талдап өткен ақпараттық сауаттылықты қалыптастырудың құрамдас бөлігі ретінде компьютерлік, медиа, функционалдық, сандық сауаттылықты және ақпараттық мәдениетті жатқызуға болатындығы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Ақпараттық сауаттылықтың құрамдас бөліктері

Ресей ғалымдары 2030 жылға арналған білім берудің әлемдік моделін жасап көрсетеді [*Найденова Н.Н., Елкина И.М., Бебенина Е.В., 2019, 196 б.*]. Онда оқушы ата-ана, мұғалім, қоғам және құрдастары арасында орталық ядро ретінде мынадай сауаттылық түрлерін қалыптастырады: ақпараттық, сандық, дәстүрлі-функционалдық, денсаулық сақтау сауаттылықтары. Сонымен қатар, ақпараттық сауаттылықтың дамуы мұғалім тарапынан бастау алатындығы көрсетілген.

Алайда «Нағыз білім атаулыға өздігінен білім алу арқылы ғана қол жетеді» деп Н.А. Рубакин айтқандай, оқушы өздігінен ақпарат көздерімен танысу, қажетті білімді сараптап алу, тәжірибесін дамытуға ұмтылуы қажет.

Ақпараттық білім кеңістігіне ену мақсатында елімізде білім беру саласының жаңа жүйелері құрылуда. Бұл үдеріс оқу-тәрбие жұмысына өзгерістер енгізумен бірге, елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, оқушылардың зерттеушілік, коммуникативтік және ақпаратты талдау қабілеттерін дамытуды қажет етуде. Ақпараттық сауаттылық оқушының зерттеушілік, коммуникативтік, талдау қабілетін дамытады.

Демек, кез-келген пәндерді оқытуда оқушы ақпаратты меңгеріп қана қоймай, оның дұрыстығы мен бұрыстығына көз жеткізіп зерттеп, оны сөйлеу арқылы жеткізе алуы мен өмірде пайдалана алуы тиіс. Сонымен қатар, оқушы бойында бастауышта қалыптасқан білік пен дағды жоғары сыныптарда құзіреттілікке айналуы тиіс. Сонда ғана біз ЖОО-да болашақ маманның құзіреттіліктерін іргетасына қарап толық және берік қалай аламыз деуге болады.



2-сурет. Ақпараттық сауаттылық нәтижесінде атқарылатын қызметтері

Ақпараттық сауаттылық мынадай қызметтерді дұрыс атқаруға мүмкіндік береді: а) ақпаратты жинау; ә) ақпаратты сақтау; б) ақпараттың сипатын білу; в) ақпаратты сараптау; г) ақпаратты өңдеу; д) ақпаратты пайдалану.

Психологиялық түрғыда ақпараттық сауаттылық оқушының ізденгіштігін, өз бетімен шығармашылық ойлауын, түрлі іс-әрекеттерді табысты орындауын жүзеге асырады. Интеллектуалдық және тұлғалық дамуы ретінде ақпараттық сауаттылық оқушының коммуникативтік, рефлексия, өзін-өзі тануы мен ұғынуы қабілетін дамытады. Ақпараттық сауаттылық оқушының фонематикалық есту қабілетін, лексикалық сөздік қорын, сөйлеу дағдыларын дамытады.

Қазіргі ақпараттық қоғамның қалыптасу дәуірінде қоғамның кез-келген мүшесі әлеуметтік ортада өзін еркін және икемді ұстай отырып, ақпараттық құралдардың көмегімен әр түрлі іс-әрекеттерді орындау қажеттілігі аясында ақпараттық сауаттылығын дамытуға және жетілдіруге мүмкіндіктің жоғары екендігі байқалады.

Ақпараттық қоғам уақытында жас үрпақтың ақпараттық сауатылығын қалыптастыру – нақты жүйе арқылы жүзеге асыру жұмыстары қолға алынуда. Осыз зерттеу жұмыстарымыздың жалғасы ретінде тоқтала кетсек, математика және информатика пәндерінде бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық сауаттылықтарын дамыту мақсатында теогриялық-практикалық зерттеу жұмыстары жоспарланды. Бастауыш сынып оқушысының білім алу және рухани қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін қанағаттандыру барысында адам білім үшін емес, білім адам үшін деген принципті басшылыққа алуымыз қажет.

Оқушының білімді болуы ғана емес, оның білімді өз бетімен ала алып және оны өмірде пайдаға асыра алу – мұғалім үшін үлкен нәтиже. Ақпараттық ортада өзінің сауаттылығымен бәсекеге қабілетті оқушы жаңа қатынастармен жаңа іс-әрекетті атқару дайын тұлға болады деген сенімдеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –Астана, 2017.
2. Громов О. Ақпараттық сауаттылықты мектеп және балалар кітапханасында дамыту // Мектептегі кітапхана. 2006, №17. -65 б.
3. Вассерман Ф.Я. Управление качеством обучения в общеобразовательных школах на основе ИКТ и информатики. Методическое пособие для учителя. -Алматы. 2008. -225 с.
4. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании.-М,2003.-195 с.

5. Нургалиева Г.К., Тажигулова А.И. Индикаторы оценки внедрения ИКТ в организациях образования. – Алматы, 2010. -264 с.
6. Найденова Н.Н., Елкина И.М., Бебенина Е.В. Мониторинг образования как прогностическая основа его стратегического развития // ҚазҮҚПУ Хабаршысы. Педагогика және психология сериясы. №4 (80), 2019. -85 с.

Қашқынбаева Зағира Қожабергенқызы,
доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

Абжапарова Меруерт Тілегенқызы,
педагогика ғылымдарының магистранты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Аңдатпа: *Мақалада бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Мәселенің өзектілігі ашыла отырып, оны қалыптастырудың теориялық негізі қарастырылған. Дене тәрбиесін үйымдастырудың мақсат, міндеттері, мазмұны ұғымдары ашылған. Дене тәрбиесін дамыту нәтижесінде бірнеше қызметтер жүзеге асады. Авторлар дене тәрбиесін денсаулықты сақтау мен нығайтудың басты құралы екендігін көрсетеді.*

Түйін сөздер: *дене тәрбиесі, саалуатты өмір салты, денсаулық сақтау технологиялары, қимыл жаттығулары.*

СОДЕРЖАНИЕ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ УЧАЩИХСЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Резюме: *В статье рассматривается вопрос формирования физического воспитания учащихся начальных классов. Раскрывается актуальность проблемы, рассмотрена теоретическая основа ее формирования. Раскрыты понятия цели, задачи, содержание организации физического воспитания. В результате физического развития осуществляется несколько функций. Авторы отмечают, что физическое воспитание является главным средством сохранения и укрепления здоровья.*

Ключевые слова: *дене тәрбиесі, саалуатты өмір салты, денсаулық сауқтау технологиялары, қимыл жаттығулары.*

CONTENT OF PHYSICAL EDUCATION OF STUDENTS IN PRIMARY CLASSES

Abstract: *The article deals with the formation of physical education of primary school students. Revealing the relevance of the problem, the theoretical basis of its formation is considered. The concepts of goals, tasks, and content of the organization of physical education are revealed. As a result of physical development, several functions are performed. The authors note that physical education is the main means of preserving and strengthening health.*

Key words: *physical culture, healthy lifestyle, health-saving technologies, motor exercises.*

Білім саласындағы өзгерістер – инфрақұрылым, стандарттар, жаңа технологиялар барлығы балалардың әлеуетін барынша жүзеге асыруға бағытталуда. Өйткені, адами капиталдың дамуы – мемлекетіміздің дамуының басты көрсеткіші.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «адамның бақыты-балада» деген екен. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Балалардың дене, ойлау, сана-сезім деңгейін арттыруға ықпал ететін тәрбие мен оқыту әдістерін қолға алу – бұл заманның алға қойып отырған талабы. Себебі, МІТ (Массачусетск технологиялық институты) зерттеу нәтижелері бойынша баланың тіл үйрену қабілеті ерте жаста максималды белсенді болатындығы дәлелденген.

Ал балалар жазушысы, психолог және педагог К.И. Чуковский – «Төрт жасқа дейінгі балалар – тіл генийі» дейді. Әлемдік тәжірибе баланың 3-тен 6 жасқа дейінгі даму кезеңі мектепте оқуға дайын-

дау үшін ең қолайлы жас екенін көрсетіп отыр. Демек, еліміздің болашағы үрпақ тәрбиесінің бастауы балабақша бала өмірінің фундаментін қалайды.

Мектепте дене тәрбиесін дамытудың маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Қазақстанда 12 жылдық білім беруге көшу кезінде мектепке дейінгі білім берудің негізгі рөлі мектеп жасына дейінгі баланың балабақшадан бастауыш мектепке қиналмай ауысуына жағдай жасау, яғни мектеп жасына дейінгі балалардың білім алуының сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

XXI ғасырда өмір бізге көптеген жаңа мәселелерді айқындады, оның ішінде баланың дене тәрбиесі ең өзекті мәселе болып табылады. Мектеп жасындағы баланың дене күшін дамытуға, физиологиялық жетілдіруге, денсаулығын сақтау және нығайтуға бағытталған технологияларды таңдау білім беру жүйесін жаңғыртудың жаңа кезеңінің басты міндеттерінің біріне айналды. Дене тәрбиесін ұйымдастыру технологиялары – белгіленген міндеттерді шешу құралының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде өсіп келе жатқан үрпақтың дене тәрбиесін дұрыс жүргізуге, денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдеме болатындай жағдай жасалуы қажеттігі көрсетілген. Сонымен қатар, бұл мәселе Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында оқыту жүйесіне бала денсаулығын сақтау технологияларын енгізу қажет екендігі айтылған. Осыған орай, бастауыш сыныпта балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру технологияларын қолдану маңызды екендігі айқындалады.

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, бастауыш сыныпта баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ететін кез келді.

Балалардың дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын қалыптастыру – баламен белсенді жұмыс түрлерін тиімді түрде атқарудың жолы. Бастауыш снында дене тәрбиесін ұйымдастыру – бала денесін шынықтыру мен денсаулығын нығайтуға бағытталған мемлекеттік стандарттың талаптарын орындау болып табылады.

Сондықтан да, дені сау баланы тәрбиелеу – дене тәрбиесі технологиялары кешенінен тұратын дене шынықтыру жұмысының жүйесі. Технологияларды ойын нұсқасында қолдану – оқыту мен дене шынықтыру жұмыстарының оңай жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Дене тәрбиесі педагогикалық үдерістің тұтастылығы бала дамуы туралы, соның ішінде физикалық дамуы туралы жаңа түсінікті айқындайтын қандай да бір бағдарламаны іске асырумен қамтамасыз етіледі.

Бастауыш снында бала денсаулығын, оның физикалық дайындық деңгейін қалыптастыру, меңгерілетін қозғалыс машықтарының көлемі оның немен және қалай шұғылданатындығына, яғни, педагогтардың қандай бағдарламаларды қолданатындығына байланысты.

Ел басымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, мектепте балалардың денсаулығын нығайту, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға бағытталған» делінген. Дене шынықтыру жалпы адамзат мәдениетінде орны ерекше. Мектепте баланың өмірлік іс-әрекеті әр түрлі нысанда және түрлі әрекеттер көмегімен денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған болу керек [Кузнецов В.С., 2012, 185 с.].

Бастауышта тәрбие мен оқыту баланы жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жан-жақты дамытуға, адамгершілік нормаларды қалыптастыруға бағытталған, әлеуметтік дағдыларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің негізі болып табылады.

Меншік нысанына қарамастан, орта білім беру ұйымдарының барлық түрлерінде білім беру процесі балаларды мектепте оқуға табысты дайындауға, сапалы білім беру қызметін ұсынуға бағытталған.

Бастауыш сыныптарда балаға тәрбие мен оқытуда басты мәселелер:

– балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;

– балаларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу;

– балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту;

– балалардың тарихқа, табиғатқа, мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Бастауыш тәрбие мен оқытуда басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттар: бастауыш тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында, бастауыш тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында, бастауыш тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында, бастауышта балалардың физикалық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуға, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіз педагогикалық қағидаларын іске асыруға жағдай жасау қажеттігі айтылған.

Сонымен қатар, бастауыш білім беру саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктері, отандық және шетелдік тәжірибелер ескеріліп, бағдарламаларда да бастауыш сыныптарда балалардың дене тәрбиесін жүйелі жүргізу мәселесі көрсетілген.

Сондай-ақ, бастауыш сыныптардағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға, баланы тұлғалық және әлеуметтік, зияткерлік дамытуда тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге, балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал етеді [Холодов Ж.К, Кузнецов В.С., 2003, 266 с.].

Қазіргі таңда бастауыш білім беру мекемелерінде инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалуда. Сол себепті педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Бастауышта қолданылатын инновациялық технологияларының бірі – денсаулық сақтау технологиясының маңызы өте зор.

Денсаулық сақтау технологиясының негізгі мақсаты: баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бастауыш оқыту сатысы баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Денсаулық сақтау технологиялары 3 топқа бөлінеді:

1. Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиялары,
2. Салауатты өмір салтын меңгерту технологиялары,
3. Түзету технологиялары.

Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологияларына: динамикалық үзілістер, қимылды және спорттық ойындар, релаксация, саусақ жаттығулары, көзге арналған жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, үйқыдан кейінгі жаттығулар, ритмопластика жатады.

Ал динамикалық үзілістер 2-5 минут баланың шаршағанына қарай беріліп отыруы тиіс. Қимылды және спорттық ойындар дене шынықтыру оқу әрекетінің бір бөлімі ретінде орта қимылды әрекеттерді құрайды.

Релаксация кезеңінде міндетті түрде жайлы, классикалық, табиғат әуендерінен музыка тыңдалады. Кей жағдайда педагог мәнерлі дауысымен өлең жолдарын оқи отырып балалардың демалуына жағдай жасай алады.

Сонымен қатар саусақ жаттығулары да баланың ұсақ моторикасының дамуына орасан зор ықпалын тигізеді. Әр саусақты атымен ататып, оларды түрлі қимылдармен қозғалту жаттығуларын жасата отырып, баланың әрі ойлау қабілетін де дамытуға ықпал етуге болады.

Тыныс алу жаттығулары әр түрлі шынықтыру-сауықтыру жұмыстарында жүргізіледі. Тыныс алу мүшелерін жаттықтыру, шынықтыру балалардың тыныс мүшелері арқылы пайда болатын ауруларға қарсы тұру қабілетін арттырады. Тыныс алу жаттығуларының негізгі құралы – ағзаның тыныштық қалпындағы орындалатын және қозғалыста орындалатын жаттығулар.

Қимыл жаттығуларына: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу қимылдары жатады (сурет 1).



Сурет 1. Бастауыш сынып оқушыларының дене жаттығуларының түрлері

Жаттығулар күн тәртібіндегі денсаулық сақтау жағынан маңызды шынықтыру кезеңі болып табылады. Баланың денсаулығын нығайту үшін, оның жас ерекшелігінің физиологиялық даму кезеңдерін және оның денсаулығын жақсарту мен қуаттайтын қажетті шараларды анық білу қажет. Ритмопластика, яғни ритмикалық жаттығулар тірек–қимыл аппараттарын, тыныс алу, жүрек, қан тамырлар жүйесін жақсартып, дұрыс сымбаттың қалыптасуына, музыкалық сезімін дамытуға жағдай жасайды.

Салауатты өмір салтын меңгерту технологияларына таңғы жаттығулар, дене шынықтыру оқу іс-әрекеті, белсенді демалыс және «Денсаулық әліппесі» әрекеті жатады. Таңғы жаттығу балаларды ақыл–ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс.

Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті – балабақшаның жұмыс жасайтын бағдарлама талабына сай жүргізіледі. Белсенді демалысқа дене шынықтыру демалыстары мен мерекелік жарыс шаралары, музыкалық сауықтар жатады.

Түзету технологияларына артикуляциялық жаттығулар, ертегі терапиясы, музыкалық ықпал технологиясы жатады. Артикуляциялық жаттығулар – ерін, тіл және мимикалық бұлшық еттер қосылатын баламен жүргізілетін әрекеттер.

Артикуляциялық жаттығуды жүргізудің басты мақсаты – баланы артикуляциялық аппарат ағзаларын дұрыс қимылдатуға үйрету болып табылады. Ұзақ әрекеттің қорытындысы дыбыстарды анық айту болып табылады. Артикуляциялық жаттығу баланы кейін жазу дағдыларына үйренуінде үлкен орын алады.

Мектеп жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметтік ортаға бейімделуін, олардың қимыл белсенділігіне деген сұраныстарын іске асыруға және қимыл дағдыларын барынша тиімді дамытуға ықпал етеді.

Денсаулық сақтау технологияларын қолдану тәрбиелеу-білім беру үдерісінің нәтижелілігін арттырады, педагогтар мен ата-аналардың, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған құнды бағдарларын қалыптастырады.

Мектептегі дене шынықтыру сабақтары балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған және денсаулық сақтау технологиясы сауықтыру орталықтарымен тығыз байланыста біртұтас жүйемен іске асырылғанда ғана толыққанды әрі нәтижелі деп саналады. Осының нәтижесінде жыл сайын суық тию және өзге сырқаттардың деңгейі төмендеп, физикалық даму көрсеткіші жақсарады, балалардың физикалық дайындығы артады.

Дене шынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру шаралары мектептегі медициналық, педагогикалық қызметкерлердің, дене шынықтыру бойынша педагогтың қатысуымен кешенді түрде іске асырылады. Денсаулық сақтау үдерісін құру үшін іс-тәжірибеге әртүрлі әдістер мен тәсілдерді

енгізуді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларын салауатты өмір салтының негізгі қимылдары мен дағдыларына машықтандыруға баса назар аударуымыз қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.-Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2010.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ережелер. –Астана, 2009.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2030» стратегиялық даму бағдарламасы. –Астана.
5. Кузнецов В.С. Теория и методика физической культуры.- М., 2012. -185 с.
6. Холодов Ж.К, Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания. – Москва, Академия, 2003. – 266 с.

Қашқынбаева Зағира Қожабергенқызы,
доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

Жуанышова Ақмарал Тайтелеуқызы,
педагогика ғылымдарының магистранты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

БАЛАНЫ СЕНСОРЛЫҚ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа: *Мақалада баланың сенсорлық даму деңгейін арттыру мәселесі қарастырылған. Мәселенің өзектілігі ашыла отырып, оны қалыптастырудың теориялық негізі қарастырылған. Сенсорлық дамыту нәтижесінде бірнеше қызметтер жүзеге асады. Авторлар сенсорлық дамыту білімді жан-жақты меңгерудің басты құралы екендігін көрсетеді.*

Түйін сөздер: *сенсор, сенсорлық дамыту, денелік танымдық, тілдік шығармашылық, әлеуметтік даму.*

ЗНАЧЕНИЕ СЕНСОРНОГО РАЗВИТИЯ РЕБЕНКА

Резюме: *В статье рассматривается вопрос повышения уровня сенсорного развития ребенка. Раскрылась актуальность проблемы, рассмотрена теоретическая основа ее формирования. В результате сенсорного развития осуществляется несколько услуг. Авторы указывают, что сенсорное развитие является главным инструментом всестороннего усвоения знаний.*

Ключевые слова: *сенсор, сенсорное развитие, физическое познавательное, языковое творчество, социальное развитие.*

THE IMPORTANCE OF SENSORY DEVELOPMENT OF THE CHILD

Abstract: *The article deals with the issue of increasing the level of sensory development of a child. Revealing the relevance of the problem, the theoretical basis of its formation is considered. As a result of sensory development, several services are provided. The authors point out that sensory development is the main tool for comprehensive learning.*

Key words: *sensory, sensory development, physical cognitive, language creativity, social development.*

Үрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас үрпаққа мән–мағыналы, өнегелі тәрбиемен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы екені бәрімізге белгілі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой–өрісінің кеңейюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз.

Бала табиғатында білуге құмар, тумысынан – ақ өсуге, жетілуге ұмтылысы басым. Сондықтан да қарқынмен дамып бара жатқан мына заманда балабақшадағы педагогтардың ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, бала тәрбиесінің әдістерін тынбай ізденіп, жиі жаңартып отыруы заңдылық.


Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту дамыту, табиғатқа сәйкестілік, адамгершілікке бағытталғандық, мәдениетке сәйкестілік, жеке тұлғаның құндылығы мен бірегейлігі қағидаларына сай жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты жетілу мәселесін шешу кешенді әдістемелік жұмыстардан тұрады. Мектеп жасына дейінгі баланың өмірлік іс-әректтерінің шеңберін кеңейту қабілеті өзін-өзі билеу еркі сапасының болған кезінде ғана қалыптасады. «Өзін-өзі билеу еркі» яғни қалыптасқан тұлғаның өзбетті өмір сүруге қабілетті жеке адам екендігін сезінуі дегенді білдіреді. Ал бұл сезінулер мектеп жасына дейінгі балалардың жасында қалыптасады.

Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартының [Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, Негізгі ережелер, 2009] мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі ережелерінде

баланың бес білім беру саларының үйлесімді бірігуі арқылы дамуын қарастырады: денсаулық, таным, қатынас,шығармашылық және әлеуметтік орта. Бұл білім беру салалары мектепке дейінгі балалардың физиологиялық, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік және әлеуметтік дамуын қамтиды.

Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жүзеге асады. Денсаулық, танымдық, шығармашылық, тілдік және әлеуметтік салаларында бала дамуының сипаттамалары 1-суретте көрсетілген.



Сурет-1. Баланың даму сипаттамалары

Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасында бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Суретте бейнеленген затпен үқсастықты алу үшін бала оның пішіні, түсінің ерекшеліктерін нақты меңгеруі тиіс. Құрастыру заттың пішінін, оның құрылымын зерттеуді қажет етеді [*Жұмабекова Ф., 2008. 336 б.*]. Бала бөлшектердің ара-қатынасын кеңістікте анықтайды және үлгінің қасиеттерін қолдағы материалдың қасиеттерімен сәйкестендіреді. Қарапайым математикалық элементтердің қалыптасуы геометриялық пішіндермен танысудан, көлемі бойынша заттарды салыстырудан басталады.

Баланың мектепте оқуға дайындығы оның сенсорлық дамуына байланысты болады. «Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М. Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді [*Сорокова М.Г., 2013*]. Ресейлік ғалым Н.М. Щелованов нәресте кезеңді сенсорлық тәрбие берудің «алтын кезеңі» деп атап көрсеткен. Сенсорлық тәрбиені іс-әрекеттің әр түрі: бейнелеу, құрастыру, музыкалық-қимыл үдерісінде, балаларды қоршаған ортамен таныстырғанда жүзеге асыру керек – деп есептейді.

Мектепке дейінгі педагогика саласындағы шетелдік ғалымдар (Ф. Фребель, М. Монтессори, О. Декроли), сонымен қатар педагогика мен психологияның Ресейлік өкілдері (Е.И. Тихеева, А.В. Запорожец, А.П. Усова, Н.П. Сакулина, т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Қазіргі кезеңде білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды [*Тусупова А., 2015*].

Инновациялық технологиялар арқылы баланы пішін, көлем және түсті қабылдау түсініктерімен таныстыру балабақшадағы сенсорлық тәрбиелеудің негізгі мазмұнын құрайды. Бұл түсінікті, өйткені дәл пішін, көлем және түс заттар мен құбылыстар туралы көруді қалыптастыру үшін маңызы зор.

Баланың сенсорлық таным процесінің маңызды міндеті – балалардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Мұның негізінде әлем танымдылығын түсіну, табиғат пен қоғам дамуының заңдарын ұғыну. Демек, балалар барлық оқу іс-әрекетінде негізгі дүниетанымдық жұмысты бекітеді, баянды етуді талаптандырады.

Сенсорлық даму – балалардың белсенді ойлау қызметінің дамуына ересектердің мақсатты ықпалы. Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы. Сенсорлық даму, баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады.

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және түрмыстық заттармен кездеседі. Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Бірақ егер меңгеру ересектердің педагогикалық басшылығынсыз өзінен өзі болса, ол үстіртін, толыққанды болмайды [*Аксарина Н.М., 2000]*.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу мақсаттар туралы. Бір жас кезінде негізгі міндет балаға заттар сырына қасиеттеріне назар аударуын дамыту. Балада үстау қимылдары қалыптаса бастағанда, балаға заттың пішіні, көлемі және кеңістікте орналасуына үмтылу қимылдарын дағдыландыру қажет.

Ақырындап мұндай дағдылар бала үшін нақты мән бере бастайды. Осы кездегі сенсорлық тәрбиелеу – жалпы тәрбиелеудің негізгі түрі. Барлық жаңа әсерлер түсімін қамтамасыз ете отырып, ол тек сезім мүшелерінің дамуына ғана емес, баланың қалыпты тұлғалық және психикалық дамуы үшін өте қажет.

Екі-үш жасқа келгенде сенсорлық тәрбиелеудің міндеттері күрделене бастайды. Жас баланың сенсорлық эталондарды меңгеруге дайын емес болса да, онда заттардың түсі, көлемі, пішіні туралы ақпараттар қорлана бастайды. Бұл ұғымдардың әр алуан болғаны маңызды. Бұл дегеніміз – баланы қасиеттердің барлық негізгі түрлерімен – алты түспен (көгілдір түсті алып тастаған жөн, өйткені балалар оны көк түспен шатастырады), ақ және қара түспен, шеңбер, төртбұрыш, сопақ, тіктөртбұрыш сияқты пішіндермен таныстыру деген сөз.

Баланың назарын заттардың қасиеттеріне аудару үшін заттармен мынадай әрекеттер ұйымдастырған тиімді: қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін заттарды пішіні, көлемі бойынша орналастыру керек, олардың ұқсастығы немесе ұқсамайтынын анықтау керек. Мұны балалар алғашында көзбен орындай алмайды. Сондықтан оларға заттарды пішіні мен көлемі бойынша салыстыру үшін бірінің үстіне бірін қою ұсынылады. Сыртқы салыстырудан балалар біртіндеп көзбен салыстырға ауысады [*Козлова С.А., Куликова Т.А., 2001*].

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн.

Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады. Үш жастан бастап балаларды сенсорлық тәрбиелеуде негізгі орында оларды жалпыға ортақ сенсорлық үлгілермен және оларды пайдалану тәсілдерімен таныстыру тұрады.

Сенсорлық мәдениетке тәрбиелеу аясында олармен таныстыру оларды қарапайым математикалық ойлардың қалыптасуы кезіндегі оқытудан айырмашылығы бар. Пішін үлгілерін меңгеру деп төртбұрыш, тік төртбұрыш, шеңбер, сопақ, үшбұрышпен таныстыруды айтады. Кешірек сонымен қатар трапеция пішіні енгізіледі.

Мектепке дейінгі балаларға пішіні, мөлшері, тағайындалуы бойынша ажыратылатын, бірақ түстері бірдей заттарды топтастыра білуге үйретеді. Балаларға заттардың пішінін зерттеуге үйрету қиынға соғады. Ең алдымен геометриялық фигураларды басқа заттардан бөлу қажеттілігі, оларға

үлгі мәнін беру туындайды. Бұған қол жеткізу үшін әр фигураны оған ұқсас заттардың қасына қойып салыстырады, заттар сәйкес фигуралардың қасына топтастырылады.

Содан кейін заттардың пішінін сөзбен белгілеу жүзеге асырылады (домалақ, төртбұрыш, сопақша). Заттарды мөлшері бойынша салыстыру кезінде көзбен өлшеу дамиды. Көзбен өлшеуді жетілдіру үшін балаларға күрделі көзбен өлшеу тапсырмаларын шешуге үйрету керек. Көзбен өлшеудің қарапайым тапсырмасы, үш жастағы бала үшін –көзбен екі заттың ішінен үлкенін немесе кішісін таңдау.

Мектепке дейінгі балалық шақта (үштеп жеті жасқа дейін) организімнің қарқынды жетілуі жалғаса түседі. Жалпы өсумен қатар ткандар мен мүшелердің анатомиялық қалыптасуы және функциялық дамуы жүріп жатады. Скелеттің сүйектеніп, бұлшықтың еттердің сомдануының, тыныс алу, қан айналу мүшелерінің дамуының үлкен маңызы бар.

Егер сөйлеу, ойлау, қабылдау процестерінің дамуы қалыпты жағдайда жүрмесе баланың ой-өрісінің дамуы да кейін қалады. Бала бұл жаста өзін еркін ұстап, өз бетімен әркет жасап үйрене алмайды, олардың дамуында жол көрсететін, өмірге бейімделуіне жағдай жасайтын адам болу керек.

Біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт.

Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет. Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды.

Үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отырса.

Баланы сенсорлық дамыту бойынша жүргізілетін сабақтар баланың даму үдерісіндегі сыртқы ортаны қабылдап және айналадағы болып жатқан заттарды, қоршаған ортадағы өзгерістерді көз алдына елестетіп сезінуіне бағытталған. Баланың бойына ақыл-ой күштерін, ойлауын дамытудағы және ақыл-ой еңбек мәдениетін дамыту ең алдымен балаға сенсорлық тәрбие беруден бастау алады.

Сенсорлық дамудың маңыздылығы мынада:

– Интеллектуалды дамудың негізі болып табылады;

– Баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы кезінде алынған былықты көрсетулерін ретке келтіру;

– Байқағыштығын дамытады;

– Шынайы өмірге дайындайды**;**

– Эстетикалық сезіміне белсенді түрде әсер етеді;

– Қиялдың дамуына негіз болып табылады;

– Зейінін дамытады;

– Балаға жаңа пән-танымдылық қызмет тәсілдерін игеруге мүмкіндік береді;

– Сенсорлық үлгі-өнегені игеруді қамтамасыз етеді;

– Оқу қызметінің дағдыларын қамтамасыз етеді;

– Бабаланың сөздік қорының үлғаюына әсер етеді;**.**

– Көру, есту, бейнелі және т.б есте сақтау түрлерінің дамуына әсер етеді.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін.

Баланың таным процесінің сенсорлық дамуы – бұл түйсік пен қабылдаудың дұрыс бағытта дамуы. Түйсігі мен қабылдауы мол баланың қоршаған дүние жайлы көзқарасы кең,жан-жақты келеді. Баланың сенсорлық дамуы – оның түйсігі мен қабылдауының дамуы, яғни дамыған таным қызметінің алғы шарты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер. –Астана, 2009.
2. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы. -Астана: Фолиант, 2008. -336 б.
3. Сорокова М.Г. Система М.Монтессори теория и практика. -Москва: Академия, 2013.
4. Тусупова А. Программа по внедрению инновационных методик и технологий дошкольных организациях. -Астана, 2015.
5. Аксарина Н.М. Воспитание детей раннего возраста. – М., 2000.
6. Обучение детей раннего и дошкольного возраста // Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. – М., 2001.

Қашқынбаева Зағира Қожабергенқызы,
доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

Жуанышова Ақмарал Тайтелеуқызы,
педагогика ғылымдарының магистранты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕТІКТЕРІ

Аңдатпа: *Мақалада педагогтың кәсіби мәдениетін жетілдіру мәселесі қарастырылған. Мәселенің қазіргі кездегі өзектілігі мен оны жетілдірудің теориялық негізі қарастырылған. Авторлар педагогтың кәсіби мәдениетін жетілдіру тетіктері кәсіби өсу деңгейімен тығыз жүзеге асатындығын көрсетеді.*

Түйін сөздер: *кәсіби мәдениеттілік, кәсіби өсу, іс-әрекеттік мәдениет, ақпараттық мәдениет, коммуникативтік мәдениет.*

МЕХАНИЗМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ПЕДАГОГА

Аннотация: *В статье рассмотрен вопрос совершенствования профессиональной культуры педагога. Рассмотрена современная актуальность проблемы и теоретическая основа ее совершенствования. Авторы показывают, что механизмы совершенствования профессиональной культуры педагога тесно реализуются с уровнем профессионального роста.*

Ключевые слова: *профессиональная культура, профессиональный рост, деятельностная культура, информационная культура, коммуникативная культура.*

MECHANISMS FOR IMPROVING THE PROFESSIONAL CULTURE OF A TEACHER

Abstract: *The article considers the issue of improving the professional culture of a teacher. The modern relevance of the problem and the theoretical basis for its improvement are considered. The authors show that the mechanisms for improving the professional culture of a teacher are closely implemented with the level of professional growth.*

Key words: *professional culture, professional growth, activity culture, information culture, communication culture.*

Педагогтардың кәсіби өсуі мен мәдениеттілік деңгейінің жетілуі жаңа талаптарға сай болуы түрғысынан өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Өйткені білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістердің нәтижесінде педагог тұлғасы мен оның іс-әрекетіне жаңаша талаптар қойылып отыр. Сондықтан да, заманауи педагогтың кәсіби мәдениеті әрдайым маңызды болып қалмақ.

Педагог мәдениеті оның кәсіби қызметінің саналы көрінісі. Демек, кәсіби қызметі оның бір жағынан білімділік деңгейін паш етсе, екінші жағынан әлеуметтік іс-шараларға араласа алуы болып табылады. Ендеше педагогтың мәдениеттілігі оның еңбегі мен тұлғалық мәдениеттілігінің деңгейін көрсетеді. Тұлғалық мәдениеттілігі педагогтың әлеуметтік әрекетінің көрінісі. Демек, маман кәсіби ортада жетіліп, қалыптасады.

Педагогтардың кәсіби мәдениеттілігі оның қызметінде, іс-әрекет формаларында қалыптасатындығын зерттеушілер С. Гусев, П. Груздев, С. Иванов, А. Моисеев, М. Рубинштейн, О. Абдуллина, Б. Айтмамбетова, Н. Хмель және тағы басқалар өз еңбектерінде көрсеткен.

Сонымен қатар, педагогтың кәсіби мәдениеті ұғымын педагогикалық мәдениет деп те атайды. «Педагогикалық мәдениет-мұғалімнің ғылыми дайындығы мен тәжірибелік іс-әрекет арасындағы

қарама-қайшылықтарды шешу дәрежесін бейнелейтін, оның педагогикалық іс-әрекет пен тәрбие қатынастарының субъектісі ретіндегі тұтас тұлғасының мәнді сипаттамасы» [*Орысша-қазақша түсіндірме сөздік, 2006, 359 б.*].

Ал ғылыми әдебиеттерде педагогтың кәсіби мәдениеті ұғымы кәсіби-педагогикалық мәдениет деп қарастырыла отырып, оның 3 компоненттерін бөледі: аксиологиялық, технологиялық, жекебастық-шығармашылық.

Кәсіби мәдениет – бұл кәсіби міндеттерді шешуге арналған қабілеттілік, оның негізі дамыған кәсіби ойлау болып табылады. Ол маманның білімі, іскерлігі мен дағдысына қойылатын талаптардың жиынтығы, яғни педагогтың теориялық, практикалық тәжірибесінің деңгейі [*Тұрғынбаева Б.А., 2005, 91 б.*].

Кәсіби мәдениет негізгі бірнеше талаптарға сай болуы тиіс. Біріншіден, педагогтың кәсіби мәдениеті оның тұлғалық қасиеттеріне; екіншіден, тәрбиесіне; үшіншіден заманауи ойлауы мен қарым-қатынас жасай алуына; төртіншіден, ұлттық құндылықтарды сақтауына; бесіншіден, рухани байлығына байланысты [*Құрманалина Ш.Х., 2006, 112 б.*].


Жоғарыдағы талаптар педагог бойында әдеп, қарым-қатынас, шеберлікті қалыптастырудың көзі. Педагогтың әдебі – тұрақты қайталанып отыратын шығармашылығының көрінісі. Педагогтың қарым-қатынасына білімділік, рухани байлық, ойлау-сөйлеу мәдениеті, адамгершілік қасиеттері, сенімі мен іс-әрекет белсенділігі жатады. Педагогтың шеберлігі – оқу процесін заман талабына сай құрудың алғышарты, басты кепілдігі.

Сонымен қатар, педагогтың руханилығы, кәсіби-біліктілігі, шығармашылығы, кәсіби іс-әрекетке дайындығы, бейімделу қабілеттілігі басты назарда болады. Кәсіби әрекеттер маманның біліктілігін көрсетеді.

Қазіргі заманғы кәсіби педагог мемлекет саясатына сай, нарықтың үстемдігіне жол бермей оқыту-тәрбие жұмыстарын жаңаша ойлау білуге, жаңа үрдістерді педагогикалық мақсат ұстанымында бағалауға, педагогикалық іс-әрекеттің ықтималды мүмкіндіктерін болжауға, талдау мен өзін-өзі жетілдіру тәсілдерін меңгеруге бейім кәсіби шебер болуы тиіс.

Демек, кәсіби педагог өз мәдениетін педагогикалық іс-әрекеттер кешенін ұйымдастыруда, реттеуде, жетекшілік жасауда және оны іске асыруда жетілдіре түсуге даяр педагог.

Педагогтың кәсіби мәдениет ұғымының мәнін жан-жақты ашу үшін, ең алдымен педагогтың кәсіби іс-әрекеттік, шығармашылық, ақпараттық, құқықтық және коммуникативтік мәдениетін ашып алғанымыз жөн (сурет 1).



1-сурет. Педагогтың кәсіби мәдениетін қалыптастыру компоненттері


Педагогтың кәсіби мәдениетінің компоненттерінің бастысы – іс-әрекет мәдениеті. Іс-әрекет мәдениеті жалпы педагогикалық мәселелер мен міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін теориялық және практикалық іс-әрекетінің сапасы. Мұнда педагогтың білім беру технологияларын, әдістемелер мен диагностикалау құралдары мен тәсілдерін меңгеру, ақпараттарды пайдалануы жатады.

Ақпараттық мәдениеті – ақпаратты іздестіру, ықшамдап іріктеу, талапқа сай жүйелеу. Сонымен қатар, бағдарламалық-әдістемелік кешендер мен ресурстарды, мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, білім беру талаптарына сай ұлттық құндылықтарды ескере отырып, оқу процесін жүзеге асыруы. Әлемдік және отандық, ұлттық құндылықтарды үйлестіре отырып, педагогтық іс-әрекетінің сапасы [*Тәжібаева С., 2014, 46 б.*].

Коммуникативтік мәдениеті – қарым-қатынасқа түсетін субьектілермен тікелей және жанама байланысты тиімді құрастыру әрекетінің сапасы. Осы мақсатта педагогтың стратегиялық, тактикалық жоспарды ұжым мүшелерімен бірлескен қызметтерді ұйымдастыра алуы. Талаптар мен сұраныстарға сай кез-келген іс-әрекетті атқара алуға дайындығы мен бейімділігі жатады.

Шығармашылық мәдениеті – педагогтың жеке идеялары мен ізденіс жұмыстарын қамтамасыз іс-әрекетінің сапасы. Педагогтың білім мен іскерлігін жаңа талаптар мен жағдайларға сай түрлендіре, өзгерте алуы. Мақсат пен міндерге қарай өз бетінше әрекет ете білуі, педагогикалық қызметті кәсіби түрғыда атқара алу қабілеті жатады [*Тажбаева С., 2004, 88 б.*].

Педагогтың жоғарыда атаған мәдениет компонеттері кәсіби өсуінің кепілі болып табылады. Сондықтан да, педагогтың кәсіби өсу сатылары: педагогикалық икемділігінен бастау алады. Педагогикалық қызметке икемді кез-келген маман жылдар өте педагогикалық шеберлігін арттырады. Педагогикалық шеберлігі оның шығармашылық жұмысына айналады. Шығармашылық айналысқан педагог өзіндік ой, идеяларының арқасында жаңа әдіс, тәсіл, оқыту құралдарын өндіре алады демекпіз (сурет 2).



2-сурет. Педагогтың кәсіби өсу сатылары

1. Педагогикалық икемділігі – педагогтың теориялық білімі, іскерлігі мен дағдысына қарай көрінеді. Педагогикалық-психологиялық дайындығы оқушылармен білім-тәрбие процесінде жеткілікті білікті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жеке тұлғалық қасиеттері, жауапкершілігі, тиянақтылығы, кез-келген ортада тез бейімделгіштігі де кәсіби өсуіне септігін тигізеді.

2. Педагогикалық шеберлігі – педагогтың теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін үйлесімді қолдану тәсілдерінен көрінеді. Соның нәтижесінде оқу-тәрбие процесінің жоғары дәрежедегі нәтижелері пайда болады /5/. Педагогикалық шеберлік үнемі жетілдіру әрекеттерінен тұрады, оның басым бөлігі үздіксіз іздену мен білім мен біліктілікті шыңдау болып табылады.

3. Педагогикалық шығармашылығы – педагогтық қызметінде еркін форматта идеялары мен ізденістерін қоса алуы. Тың жобалар мен дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие процесінің ерекшелігіне қарай үйлестіре пайдалануы. Демек, жаңалықтардың белгілі бір элементтерін жасап, педагогикалық қызметінің сапасын жоғарылату, өзгерту жолындағы іс-әрекеттері болып табылады.

4. Педагогикалық жаңашылдығы – педагогтың заманауи талап пен міндеттерге сай шығармашылықпен белгілі бір нәтижелерге жетуі. Өз бетімен жаңаша әдіс-тәсілдерді оқу процесіне ендіріп, пайдалана отырып, оны тарата білуі. Педагогтың қызметін өте жоғары дәрежеде оқушы субьектісіне бағытталған іс-әрекеттерді ғылыми түрғыда үйымдастыра алуы болып табылады.

Кәсіби өсу – кәсіби мәдениетті жетілдіру. Оның көздері:

– біліктілікті көтеру курстары;

– ғаламтор ресурстарымен жұмыстар;

– экспериментальды, зерттеу әрекеттері;

– жаңа педагогикалық технологияларды меңгерудегі инновациялық іс-әрекеттер;

– шебер-сыныптар мен әдістемелік орталықтардаңы байқаулар мен жарыстарға белсенді түрде қатысу;

– әріптестердің сабақтары, семинар, конференцияларға қатысу;

– ақпараттың кез-келген ағынына ілесе алу;

– озық тәжірибелерді меңгеру мен өзіндік амал-айлалармен бөлісе алу.

Педагогтың кәсіби мәдениетін жетілдірудің тағы бңр тетігі – іс-әрекет алгоритмін құру. Онда педагогтың жетістікке жету жоспары, барысы, нәтижесі сақталады. Ол кәсіби жетілудің дара жолы болмақ.

Бүгінгі таңда кез-келген маман даярлайтын оқу орындарының алдындағы ең басты міндет – шығармашылық бағытта жұмыс жасайтын, өзіндік ойлау қабілетімен ерекшеленетін, рухани бай, жан-жақты дамыған кәсіби мәдениетті педагог түлғасын қалыптастыру. Кәсіби мәдениетті педагог түлғасын қалыптастырудың тетіктері жоғарыда айтылғандай, кәсіби өсу жолындағы өз-өзін жетілдіру, іздену, талап пен міндетке сай оқу-тәрбие процесін құра алу болып табылады. Сондықтан бұл мәселе бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қатарында, әлі де жан-жақты зерттеуді талап ететін күрделі жайт болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ. 2006. -426 б.
2. Түрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. -310 б.
3. Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компотентности учителя. – Алматы, 2006. -215 с.
4. Тәжібаева С. Сынып жетекшісі жұмысы қалай жасалады? //Қазақстан мектебі №5, 2014. -245 б.
5. Тажбаева С. Подготовка будущего учителя к технологии воспитательного процесса в школе. – Алматы: АГУ им. Абая, 2004. -250 с.

Қашқынбаева Зағира Қожабергенқызы,
доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

Заурбекова Айгүл Мырзабайқызы,
педагогика ғылымдарының магистранты,
«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы,
Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

ПЕДАГОГТЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ – ҒЫЛЫМДЫ МЕҢГЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Аңдатпа: *Мақалада педагогтың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Мәселенің өзектілігі ашыла отырып, оны қалыптастырудың теориялық негізі қарастырылған. Сөйлеу мәдениетінің құрамдас бөліктері ретінде сөйлеу сапалары, ғылыми тіл, ғылыми тілмен сөйлеу мәдениеті ұғымдары ашылған. Сөйлеу мәдениетін дамыту нәтижесінде бірнеше қызметтер жүзеге асады. Авторлар сөйлеу мәдениеті ғылымды, білімді жан-жақты меңгерудің басты құралы екендігін көрсетеді.*

Түйін сөздер: *сөйлеу мәдениеті, ғылыми тіл, термин, сөйлеу сапалары, оқулық тілі, ұғым, ұғымдық-терминдік жүйе.*

КУЛЬТУРА РЕЧИ ПЕДАГОГА – ОСНОВА ОСВОЕНИЯ НАУКИ

Аннотация: *В статье рассмотрен вопрос формирования культуры речи педагога. Раскрывается актуальность проблемы, рассмотрена теоретическая основа ее формирования. В качестве составной части культуры речи раскрыты понятия качества речи, научного языка, культуры речи научным языком. В результате развития культуры речи осуществляется несколько функций. Авторы указывают, что культура речи является главным средством всестороннего усвоения наук, знаний.*

Ключевые слова: *культура речи, научный язык, термин, речевые качества, учебник, понятие, понятийно-терминальная система.*

TEACHER'S SPEECH CULTURE – THE BASIS OF SCIENCE DEVELOPMENT

Abstract: *The article deals with the formation of the teacher's speech culture. Revealing the relevance of the problem, the theoretical basis of its formation is considered. As an integral part of speech culture, the concepts of speech quality, scientific language, and speech culture in scientific language are revealed. As a result of the development of speech culture, several functions are performed. The authors point out that the culture of speech is the main means of comprehensive assimilation of science and knowledge.*

Key words: *speech culture, scientific language, term, speech qualities, textbook, concept, concept-terminal system.*

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Үлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды» – деп атап көрсеткендей, педагогтың өзін-өзі жетілдіру жұмыстары әр уақытта маңызды орын алады [*Назарбаев Н.Ә., 2014*].

Ғылым теориялық танымдық іс-әрекет негізінде ғылыми тіл арқылы беріледі. Білімді сапалы меңгеру, оны жеткізе білу – педагогтың сөйлеу мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Болашақ ұрпаққа ғылым негіздерінен терең және берік білім беру, оны практикада қолдану дағдысы мен білігін қалып-

тастыру – педагогтың негізгі міндеті болғандықтан, ғылыми тілді педагогтың сөйлеу тілінде қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Демек, ғылыми тілдің ана тілімізде жетіліп отырған кезеңінде сөйлеуге және ғылым тілін меңгеруге нұқсан келтіріп жүрген жайларды анықтап, оның пайда болу себептерін айқындау маңызды мәселе болып отыр.

Ғылыми жаңалықтардың ашылуына қарай жаңа сөздердің халықтық тілге енуі, ғылыми тілдің қолдану аясын кеңейтеді. Қарапайым қолданыстағы тілдегі сөздердің танымдық деңгейі тар, ғылыми тілдегі ұғым, түсінікті құрайтын сөздердің танымдық деңгейі кең болып табылады. Кең мағыналы жаңа сөздер ғылым тілін тудырады.

Әр пәннің тілі, яғни оқулық тілі ғылыми тілдің синонимі. Кез-келген ғылыми тіл табиғи тіл негізінде қалыптасып, ғылымның қажеттілігін қанағаттандыру үшін жинақталған білімнің, арнайы құралдармен көрінуі болып табылады [*Щукина Г.И., 2000, 41 с.*]. Ғылыми тіл – арнайы терминологиямен әртүрлі логикалық байланыстарға түсетін күрделі құрылым. Символика, номенклатура немесе терминология жиынтығы ғана ғылыми тілді құрайды. Ғылыми тіл кез-келген ғылымды меңгерудің, түсінудің маңызды құралы.

Кез-келген пәнді толық меңгеру, берілген ғылыми ұғымдарды меңгеру. Ұғым – қоршаған әлемдегі заттардың мәнін, бейнесін нақтылап көрсету, өзгеріп, даму. Ұғым – күрделі логикалық, гноселогиялық категория, объектілер туралы білімнің даму кезеңдерінің нәтижесі. Ұғымның санада қалыптасып, сөз арқылы «заттай» сырттай шығуы, ұғымдардың табиғатын, қыры мен сырын айқындайтын сөздің – терминнің пайда болуы болып табылады.

Термин – ұғым арқауы, білімнің негізгі көзі [*Головин Б.Н., Кобрин Р.Ю., 2001, 103 с.*]. Әр термин – ұғымның атын және ұғымның мазмұнын білдіреді. Термин – ғылыми мен техника, мәдениет пен өнер және т.б. салалардың ұғымдарын белгілейтін мағыналы, белгілі бір қолдану аймағы бар, ғылымның мәліметтерін, әсіресе қарапайым тілде оны білдіретін атауы жоқтарын дәл және бір мағыналы түрде беру қажеттігінен туатын ғылым тілінің элементі.

Термин – ғылымның жинақталған білімдерінің негізгі құрамдас бөлігі, заттың немесе құбылыстың жалпы қасиеттеріне негізделіп, белгілеріне қарай қысқа да түсінікті болады. Термин сөз, белгілі бір ғылыми ұғымды білдіреді, нақты ерекшелігі болады.

Оқулықтың түсініктілігі: мәтін қисындылығымен, терминологиясының дәлдігімен, сөздік қордың түсініктілігімен ерекшеленеді. Оқулық барлық білім беру, тәрбиелеу қызметтерін өзінің тілі арқылы жүзеге асырады. Терминология белгілі бір терминологиялық ұстанымдарға байланысты жасалады. Терминологиялық ұстанымдар – практикалық түрғыда қолдану үшін термин жасауға және сұрыптауға қолдануға белгілі бір ережелер қатары. Әр ғылыми салада, сөздік, оқулық жасауда терминологиялық ұстаным ұлттық ғылыми тілді жасауда маңызды орын алады.

Пәндерді оқыту әдістемесінің жоғары болуы – ұғымдық–терминологиялық құрылымының талапқа сай болуы. Барлық пәндердің ортақ ұғымдарының терминдері мүмкіндігінше бірдей болғаны дұрыс. Ғылыми тіл арқылы табиғи тілдердің жақындасуы жүреді. Жаңа термин жасауға халықаралық терминдік элементтер кең қолданылады. Кез-келген ұлттың ғылыми терминологиясының құрамында интернационалдық терминдер болады. Ғылыми атаулар жүйесі – терминология – адамзаттың танымдық іс-әрекетінің нәтижесі. Әр ғылымның терминологиясы, номенклатурасы және символикасы өзіндік ғылыми тілін құрайды. Ғылым мен ғылыми атаулардың бірлігінсіз ғылымның жетілуі мүмкін емес.


Оқулық тілі – ғылым тілі мен ұлттық тіл арасындағы дәнекер, педагог ғылым тілін, терминдерді түсінікті тілмен жеткізетін дәнекер. Педагогқа қойылатын талаптар: пәндік мәтін мазмұнын жүйелі ашу, студенттерге эмоционалды әсер ету және терминологиялық аппараттарды қалыптастыру, олардың мәндік маңызын тереңдету, дыбысталу дұрыстығын, яғни ғылыми тілмен сөйлеудің қисынды, жүйелі, дәлелді, мәнерлі болуын қадағалау [*Ақаев С, 2001, 73 б.*]. Екінші жағынан: ғылыми тілмен сөйлеу мәдениеті арқылы студенттерге үлгі болу.

Педагогтың сөйлеуінің мазмұны мен тілі студенттер көңіл-күйін, сезімін тербетіп, білуге құштарлығын арттырады. Педагогтың ғылым тілін терең меңгеруі, жаңа терминдердің білім қорынан орын алу жолдарын жетілдіруі студенттермен тұлға ретінде қатынас жасай отырып, айтылған ғылыми теория, ой-пікірге көзқарасын білудің алғы шарты.

Сөйлеу мәдениетін қажымай-талмай, үздіксіз жан-жақты іздену, сөйлеу шеберлігін үдайы жетілдіру – педагогтың оқыту-тәрбиелеу әрекеттерін тиімді іске асырудың кепілі. Педагогикалық үйымның бірден-бір міндеті – біртұтас сөйлеу тәртібін қалыптастыру.

Педагогтың ғылыми тілді қалыптастыруда атқаратын әрекеттері: терминологиялық жұмыс және бұрын белгілі ұғымның мәнін тереңдету, терминологиялық аппаратын жетілдіру, сөйлеу машығына жаңа сөздерді енгізіп, бекіту. Аурылып жатқан терминдердің ұғымды болып санаға сіңіп, кең қолданылуы, оның сәтті аударылуында [*Нұғыманов И.Н., Қашқынбаева З.Қ., 2000, 41 б.*].

Тілдік таңбалардың ең ертеден келе жатқаны табиғи немесе ұлттық тіл. Ғылымның әр саласы өзіндік жасанды тілімен, оны құраушы атауларымен, яғни ғылыми тілімен ерекшеленеді. Ғылыми тілді дамытып, сөйлеу тілінде үлкен орын алуымен ұлт тілін сақтап, қорғаудың бірден бір жолы, ол ғылымды ұлт тілінде сөйлету. Қазақ тілінде, ғылыми, ұғым атауларды табиғи өрнектермен беру – ұлттық ғылыми тілдің қалыптасуының кепілі. Ғылыми ұғымдардың табиғатын, мән-мағынасын беру қызметі термин сөздер мағынасын тереңдетеді. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеулерді сараптай келе, сөйлеу мәдениетінің қалыптасу жүйесін төмендегідей кесте арқылы көрсетеміз (сурет-1).



Сурет-1. Педагогтың сөйлеу мәдениетінің қалыптасу жүйесі

Педагогтың сөйлеу мәдениеті жоғары көрсетілген сөйлеу сапаларына: сөздің дұрыстығы (мінсіздігі), тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындылығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі, жүйелілігі, мағыналылығы, байланыстылығы, айқындылығы, жандылығы, тартымдылығы, айғақтылығы, ғылымилығы, идеялылығы, ықпалдылығы, сендірімділігі, тұтастылығына байланысты.

Ғылыми ұғымдардың зерттеу, қолдану нәтижесінде, білім беру жүйесіне (оқулыққа) еніп, студент жастардың, жалпы халықтың ой – санасы мен тіл байлығынан өз орнын алуы – тілдің ауқымды даму белгісі. Әр ғылымның ғылыми тілінің даму тарихы ғылым жөнінде білімнің бірізді жинақталу процесіне тән. Жинақталған білімнің халыққа жетуінде, білім беру ісі ұлттық тілмен байланысты. Ғылым тілінің дамып көркеюі ұлттық немесе табиғи тілмен тығыз байланысты. Ғылым тілінің терминдері, заттардың тарихи қалыптасқан атауларының ұлттық тілдің сөз қорына кіруі және ғылыми тілдің ұлттық тілдің сөздік қорын пайдаланып жасалынуы белгілі бір заңдылықтарға бағынады.

Терминдер: халықаралық деңгейде қолданылатын және ұлттық тілде баламамен қолданылатын терминдер қатарынан тұрады. Ғылыми тілді қалыптастыру көзі, ғылыми білімнің сапасын көтеру құралы ретінде зерттеледі.

Тілдік варваризммен (шет тілден алынған әлі қалыптаспаған сөздермен) аулақ болу қажет. Ол тіл тазалығына әсер етеді, қыстырма сөздермен шұбарлану, орынсыз қайталанатын кірме сөздерді қолдану педагогтың сөйлеу мәдениетіне кері әсер ететін факторлар болып табылады.

Педагог оқу-тәрбие процесінде студенттердің сөйлеу мәдениетінің деңгейін, яғни сөйлеудің ғылыми тазалығын, мінсіздігін, қисындылығын, т.б. бақылап отыруы тиіс. Ол студенттердің сөйлеу тілдеріндегі кемшіліктерін, қыстырма сөздерді қолдануларын, терминдерді дұрыс айтуларын тексеру жұмыстарымен байланысты.

Тілдік қарым-қатынасты қиындататын жағдайлар (студенттердің ойының шашыраңқылығы, сөйлеу тілінің машығының жетімсіздігі, терминологиялық аппаратының әлсіздігі), тілдік қарым-қатынасты қанағаттандыратын жағдайлар (өз ойын білдіруде ғылыми тілмен сөйлеуінің сауаттылығы, басқаның көзқарасына, сезіміне, ойына әсер ете алуы). Ғылыми тілмен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыруда кедергілер мен қиыншылықтар (шет тілінен енген терминдердің ұлт тіліндегі аудармаларының түсініктілігі нашар, сөздердің өмірде тілдік қолданыста кең таралмауы) болуы мүмкін.

Сондықтан да, ғылыми тілді қалыптастыруға бағытталған жүйедегі талаптар: ұлттық тілге сай сөйлеу және ғылыми тіл түрғысынан дұрыс сөйлеу. Оқытудың саналылық, белсенділік және дербестік ұстанымдарына негізделген талаптар – оқу материалын меңгерудің алғы шартын ұстану. Оқыту процесінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жүйесі – студенттердің білім, білік, дағды деңгейлерін көтерудің құралы.

Педагогтар сөйлеу мәдениеті – ғылымды терең меңгерудегі жетістігі бола отырып, студенттердің жеке тұлғасын қалыптастырудағы тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары тиімді құрал болып табылады. Педагогтың сөйлеу мәдениеті оның атқаратын теориялық-әдістемелік және танымдық оқу-тәрбиелік қызмет түрлерінде басты рөл атқарады (лекциялар, әдістемелік нұсқаулар мен оқулықтар жасау, семинарлар, пікір-таластар, танымдық іс-әрекеттер).

Қорыта келе ғылымды, кәсіби саланы терең меңгерудің кепілі – ғылыми тілді жоғары дәрежеде меңгеру болып табылады. Бұл ір сала маман иесінің жоғарғы деңгейде білімділігін, сауаттылығын және шеберлігін көрсету негізгі шарты болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана, 2014.
2. Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе. -М.: Просвещение, 2000. -144 с.
3. Головин Б.Н., Кобрин Р.Ю. Лингвистические основы учения о терминах. Учебное пособие для филол. спец. вузов. – М.: Высшая школа, 2001, -103 с.
4. Ақаев С. Термин түзеуге қатысты мәселелер // Қазақстан мектебі, 2001, №6, -73 б.
5. Нұғыманов И.Н., Қашқынбаева З.Қ. Сөйлеу мәдениетінің теориялық негіздері \\ Қазақстан мектебі, 2000, №3, 41 б.

УДК 378.1

Минажева Гулшарат
и.о. профессора, доктор педагогических наук, доцент,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан
Gulsharat.Mynazheva@kaznu.kz; mgulsharats@gmail.com

Садырова Мансия
профессор, доктор социологических наук,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Алматы, Казахстан, msadirova58@gmail.com

ВЛИЯНИЕ РЫНОЧНЫХ УСЛОВИЙ НА РОЛИ И ОБЯЗАННОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Аннотация. *В данной статье предлагается обзор того, что стало областью повышенного интереса в сфере высшего образования в рыночных условиях, как последствие реализации принципа «ориентация на потребителя-студента». Основным фактором ориентации на студента, как потребителя связано с внедрением платных образовательных услуг и увеличением личного финансового вклада, который отдельные студенты вносят в свое высшее образование. Опираясь на исследование с опытными преподавателями, показана зависимость их роли и обязанностей от степени изменчивости требований студентов в отношении к высшему образованию.*

Ключевые слова: *качество образования, ориентация на потребителя-студента, обязанности и статус преподавателя вуза.*

НАРЫҚ ШАРТТАРЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Аңдатпа. *Бұл мақалада жоғары білімнің нарық жағдайында «тұтынушы-студентке бағытталу» принципінің іске асырылуы нәтижесінде қызығушылық тудырған мәселелеріне шолу жасалады. Студент-тұтынушыға бағытталудың негізгі факторы ақылы білім беру қызметтерін енгізумен және жеке студенттердің жоғары оқу орындарына жасайтын жеке қаржылық салымдары мөлшерінің артуымен байланысты. Тәжірибелі оқытушылармен жүргізілген зерттеулердің негізінде олардың рөлі мен міндеттерінің студенттердің жоғары білімге қатысты қажеттіліктерінің өзгеру дәрежесіне тәуелділігі көрсетілген.*

Түйінді сөздер: *білім сапасы, тұтынушы-студенттерге бағдар, университет оқытушысының міндеттері мен мәртебесі.*

INFLUENCE OF MARKET CONDITIONS ON THE ROLE AND RESPONSIBILITIES OF TEACHERS OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Annotation. *This article provides an overview of what has become an area of increased interest in higher education in market conditions, as a consequence of the implementation of the principle of "consumer-student orientation". The main factor in focusing on the student as a consumer is associated with the introduction of paid educational services and an increase in the personal financial contribution that individual students make to their higher education. Based on a study with experienced teachers, the dependence of their role and responsibilities on the degree of variability of students' requirements in relation to higher education is shown.*

Key words: *quality of education, consumer-student orientation, duties and status of a university teacher.*

Введение

Переход высшего образования на рыночные условия, то есть учет спроса на подготовку специалистов нового формата влияет и на функции преподавателей высших учебных заведении. Как отмеча-

ет ученые, вузы работают в высококонкурентной и динамичной среде с интенсивной конкуренцией и множеством сопоставимых альтернатив [Bristow, 2003, Pesch, 2008]. Это привело к тому, что учреждения высшего образования во всем мире вынуждены конкурировать за средства как государственного, так и частного секторов, а также потенциальных студентов [Conway T., etc. 1994]. Находясь в рыночных условиях, вузы вынуждены подчиняться законам бизнеса и использовать технологии управления им, которые применяются в бизнесе.

В рамках системы менеджмента качества (СМК) вузов, разработанных на основе международных стандартов ISO серии 9001:2015 реализуется принцип «ориентация на потребителя», который ориентирует преподавателей университета именно на осознание, прогнозирование и установление реальных и ожидаемых требований потребителей [Минажева Г.С., 2011]. Процесс маркетинга и изучение спросов рынка являются специфическими элементами СМК вуза. Назначение СМК вуза заключается в том, что заявленный университетом уровень качества был гарантирован для потребителей образовательной услуги и надежно поддерживался.

Следовательно, в преподавании посредством анализа своего потребителя и изучения рынка необходимо знать и понимать потребности студентов как будущих специалистов, выполнять их требования и стремиться превзойти их ожидания. Это должно быть сделано. Однако, специфика предоставления образовательной услуги состоит в том, что ее результат зависит от двухсторонних усилий, то есть как со стороны оказывающей услуги, так и со стороны потребителей услуги.

Объектом обучения всегда является личность: она находится на входе и выходе образовательного процесса. Задачей процесса обучения должно быть последовательное удовлетворение всех требований потребителей. Следует отметить, что существующая литература предлагает несколько клиентов высшего образования, таких как студенты, их родители, рынок труда и общество [Holbrook M.B., 2007; Muncy J.A., 2008]. В качестве потребителя наших образовательных услуг мы рассматриваем: государственные институциональные структуры, студентов, их родителей и работодателей.

Литературный обзор

Качество образования представляет собой сложную и многогранную концепцию, и единственного подходящего определения качества не существует. Кроме того, консенсус относительно «лучшего способа определения и измерения качества обслуживания» пока не существует [Clews D., 2003]. Каждая заинтересованная сторона в высшем образовании имеет конкретное представление о качестве в зависимости от своих конкретных потребностей.

Проблема ожиданий потребителей в целом и ожиданий-требований в частности все еще остается забытой областью [Yim Chi K., etc. 2003]. Следовательно, изучение характера требований и ожиданий является важным вкладом в область качества обслуживания в высшем образовании. «Степень, в которой клиенты достигают своих целей, частично зависит от поведения обслуживающего персонала», а авторы работы [Oldfield B.M., 2000] характеризуют высшее образование как «чистую» услугу.

Позиционирование вуза как организации, ориентированной на клиента, то есть на студента, в научной среде широко обсуждается и остается достаточно поляризованным [Pesch M., 2008; Desai S., etc. 2001; Browne J., 2010; Vetter D., 2005]. Некоторые из них считают, что, когда к образовательным услугам вузов спрос падает, вузы должны сосредоточиться на клиенте-студенте и ремаркетировать продукт, то есть образование.

Переход Республики Казахстан в рыночную экономику, который начался с 1992 года, кардинально поменяло отношение студентов к обучению. Определенная часть студентов стали прямыми потребителями образовательных услуг, которые оплачивают свое обучение сами из собственных финансовых средств. Соответственно, роль преподавателей в вузах тоже должна была меняться. Авторы работы [Wong B., etc., 2017] отмечают, что, когда студенты отдают денег за обучение больше, роль преподавателей университетов продолжает меняться.

Автор работы [Jones G., 2010] заявляет, что вузы должны продемонстрировать, что они реагируют на отзывы студентов и стараются соответствовать их ожиданиям. По мнению Jones, с ежегодным ростом оплаты за обучение в Великобритании было высказано предположение, что ожидания студентов в отношении их опыта в университете, вероятно, возрастут, что приведет к еще большей неудовлетворенности и случаям несоответствия между такими ожиданиями и реальностью их опыта. Следовательно, отношения между вузами и студентами отходят от традиционной научной природы и переходят к отношениям, основанным на потребителях.

В работе авторы [Carmen P-M., etc., 2000] утверждают, что «преподавательский состав является ключевым действующим лицом в работе университета». Результаты исследований авторов [Hansen U., etc., 2000] показывают, что качество преподавания лектора является основным фактором, влияющим на качество модулей. Также [Hill Y., etc, 2003] обнаружили, что качество лектора относится к наиболее важным факторам в предоставлении высококачественного образования. Следовательно, поведение и отношение лекторов должно быть основным индикатором, определяющим восприятие студентами качества обслуживания в высшем образовании.

Казахстанские ученые уделяют внимание модернизации системы высшего образования. Особенно подчеркивается необходимость инновационной социализации преподавателей в новых реалиях образовательного пространства казахстанской системы высшего образования [Спатай А. О. и др., 2020]. Сегодня так же актуальна проблема профессионального выгорания преподавателей в связи с повышенной нагрузки и совмещения научной и общественной работы. Данная проблема учеными [Пузикова С.М. и др., 2020] рассматривается в контексте с совершенствованием менеджмента образования.

Исследования Омаровой А. посвящены анализу взаимоотношения преподавателей и студентов как субъекта высшего образования с социологической точки зрения [Омарова А., 2008, 2013].

Известно, что образовательный процесс имеет двухсторонний характер, включающий взаимоотношение между преподавателем и студентом. Также, насколько результативным будет образовательный процесс в равной степени зависит и от студента, и от преподавателя. В этой связи нам было интересно, изучить как себя ведет преподаватель в условиях «ориентации на потребителя-студента», когда, на наш взгляд, коренным образом меняются спросы и отношения нынешнего студента к получению высшего образования. Наше исследование предполагает, что способность студентов достигать своих целей в получении качественного образования зависит в определенной степени от личного качества и поведения преподавателей во время взаимодействия в аудитории в процессе преподавания.

Результаты и их обсуждение

Удовлетворенность профессией и уровень образовательной программы преподавателя были измерены вопросами гайда (интервьюирования), уточняющие уровень преподавания и удовлетворенность работой.

Исследование было инициировано для того, чтобы понять насколько потребительский подход со стороны студентов изменил подход преподавателей университета к обучению и к образовательному процессу в целом. Результаты интервью показали, что респонденты имеют стаж работы: от 1-2 года 22,6 %, 2-3 года – 24,7%, 3-5 лет – 23,7 %, от 5 до 35 лет 28,9 %. Большая часть ППС занятия ведут и *в бакалавриате и в магистратуре*, чуть меньшая их часть – *на трех уровнях*, также среди респондентов имеются преподаватели, которые ведут занятия только в бакалавриате, либо только в докторантуре или в магистратуре и докторантуре одновременно.

Во время интервью выявлено, что определенная доля преподавателей занимается только преподавательской деятельностью (*рис.1*). Но есть преподаватели, которые занимаются параллельно и научно-исследовательскими проектами, общественной деятельностью, социальной и воспитательной работой студентов, имиджевой работой, переводами на иностранные языки, возглавляют центры, которые занимаются оказанием платных образовательных услуг, а также есть, и преподаватели кто возглавляет кафедру. Те, кто не занимается наукой, ссылаются на то, чтобы заниматься наукой у них не хватает времени, поскольку выполняют функцию эдвайзера, или же из-за отсутствия ученой степени, не прошли по конкурсу на финансирование науки. Все же большая часть преподавателей занимаются наукой, что в определенной степени подтверждает, что студенты имеют доступ к новым достижениям науки. Направления науки, которой занимаются преподаватели очень разнообразные: по физике, биологии, географии, экономике, социологии, филологии, философии, юриспруденции, педагогике, экологии, по химии и химии природных соединений, профессиональной мобильности, образовательной стратегии и т.д. Почти все опрошенные преподаватели, кроме двух самых молодых, выполняют дополнительные обязанности как заместитель заведующего кафедрой, общественную работу по кафедре, являются ответственными за профориентационную и методическую работу, координатором образовательной программы, ответственными за полиязычные группы, участвуют в разработке паспорта образовательной программы и каталогов дисциплин, участвуют в разработке образовательных программ по докторантуре, являются разработчиками образовательных программ, руководителем ассоциации выпускников и т.д., и половина опрошенных преподавателей являются эдвайзерами (*рис.1*). Две трети преподавателей

являются наставниками молодых преподавателей и указывают их количество более трех-четырех. Кто не являются наставниками, те указывают причину в отсутствии достаточного опыта, отсутствие ученой степени и отсутствие в их структурных подразделениях института наставничества. Значительно большая часть опрошенных преподавателей отметили, что часто меняются преподаваемые ими дисциплины, этот показатель является косвенным подтверждением того, что требования студентов учитываются и они каждый год меняются, поскольку сами студенты выбирают те дисциплины, которые они считают им более нужными. Опрошенные преподаватели свое отношение к студентам выражают, как будущей надежде страны, небольшая часть преподавателей к студентам относятся как индивидам знающим, чего они хотят и имеющим определенных целей, и еще меньше относятся как к будущим коллегам. Практически все опрошенные преподаватели отметили, что не находят разницу между студентом, который обучается за счет государственного гранта и студентом, обучающимся на платной основе. Лишь не большая часть опрошенных отмечают, что студенты, обучающиеся на платной основе, отличаются отношением к учебе, и более заинтересованы в учебе и в хороших результатах, поскольку они за обучение платят свои собственные финансы. В то же время для того, чтобы оплатить свою учебу, многие студенты работают в свободное от занятий время, из-за чего у них часто не хватает времени на подготовку и на дополнительные занятия. Это к сожалению, влияет и на качество образования.

Большая часть респондентов отметили, что требования студентов к читаемым дисциплинам в последние годы меняются: студенты стали креативнее, более продвинутыми по сравнению с предыдущими годами, нынешним студентам нужно больше практикоориентированное обучение, более сильнее проявляется желание узнать больше в целом, возрос интерес к новым знаниям и навыкам, к получению полезной информации, студенты становятся полиязычными, потребности и запросы студентов к качеству своего образования стали более многообразны, ищут и хотят найти практическое применение каждой конкретной дисциплине, большое внимание уделяют методическому контенту и т.д.



Рис. 1 – Анализ занятости, роли и обязанностей преподавателя

Следовательно, студенты зря не хотят отдавать свои финансовые средства, т.е. оплачивать учебу и они ожидают отдачи от своих денег. Кроме положительных изменений, 2 процента респондентов отметили, что заметно также безразличие со стороны студентов к обучению, мы считаем, что это тот небольшой процент тех студентов, кто попал в университет случайно или это те студенты, которые

заинтересованы только в получении диплома о высшем образовании. Небольшая часть респондентов эти изменения в той или иной степени связывают с увеличением оплаты за обучение, а большая часть опрошенных видят причину в следующем: в университете студентов практически не отчисляют за неудовлетворительные оценки и за «имитацию» обучения. Из-за того, что в последние годы высшее образование все больше приобретает массовый характер и выросло новое поколение, произошли социальные изменения, которые охватили не только студентов, но и многообразные аспекты формирования личности, следовательно, эти изменения несут глобальный характер. Респонденты также отмечают, что из-за участившихся реформ в среднем образовании в целом упал общий уровень школьной подготовки.

Понимание преподавателями принципа менеджмента качества «ориентация на потребителя, т.е. студента» получилось очень разнообразным и в то же время на наш взгляд убедительным. Приведем обобщенные ответы респондентов:*-дать студентам те знания, которые нужны им в будущей профессиональной деятельности и организация учебного процесса, направленной на подготовку студентов конкретно на определенного работодателя;-подготовка студентов по образовательной программе, согласованной с работодателями;-ориентация на компетенции, необходимые для будущей профессии, развитие компетенций, совершенствование методики обучения, где основное внимание уделяется на формирование практических компетенций у студентов и в основе всего обучения должен быть принцип качества.*

Далее нам было интересно выяснить, если в целом преподаватели понимают суть данного принципа, то меняют ли они свои педагогические подходы в унисон к требованиям современного студента, работодателей и общества в целом. Анализ полученных от респондентов ответов показывает, что все преподаватели утверждают, что отказываются от традиционных методов обучения и меняют свои педагогические подходы: *используют IT – технологии и новые взгляды, больше внимания уделяют практической стороне дисциплины, используют компетентностный подход, большая ориентация на требования рынка труда и обеспечение соответствующего контента, деятельностный и личностно-ориентированный подход.*

Кроме того, учитываются личностные особенности студентов, используется *подход, ориентированный на развитие профессиональных навыков, и методы, стимулирующие быть инициативным, предприимчивым, уметь определять, выбирать оптимальные решения, используется проблемный метод для активизации восприятия лекционного материала, а на семинарах – проектный метод.*

Опрошенные преподаватели описали свои педагогические подходы следующим образом:

– лекционные материалы связываются с реальными производственными процессами и задачами на основе практико-ориентированного подхода, опирающийся на теоретические знания с учетом мнения бизнес структур;

– различные виды компетенций от когнитивных, охватывающих перечень знаний студентов по предмету до функциональных, ориентирующих на применение знаний в практической деятельности;

– подход обучения, при котором цели и содержание дисциплины приобретают для студентов личностный смысл, развивая мотивацию к обучению;

– педагогический подход, ориентированный на формирование критического мышления, и выработку практических навыков на основе case-study, content analysis, event-analysis, PESTEL и т.д.;

– сотрудничество со студентами, совместные решения в организации занятий и выполнений самостоятельных работ студентов.

Лекционные занятия опрошенных преподавателей проходят в виде диалога и в практико-ориентированной форме в равной степени, а также в виде игр, пересказов текстов и проектов. Это свидетельствует о том, что преподаватели университета не приемлют лекционные занятия в виде монолога и меняют свои подходы к обучению в целом в зависимости от потребностей современных студентов.

Как отмечают респонденты взаимодействие со студентами на занятиях осуществляется: в форме различных диалогов, дискуссий, групповых и деловых игр, беседы, «мозгового штурма», мини-конференций, выполнением проектных работ, составлением бизнес планов, обсуждением проблемных ситуации, решением ситуационных заданий, в виде взаимообмена мнениями, в форме диалога на основе вопросов, интерактивное взаимодействие с постановкой проблемных вопросов, через систему обратной связи в виде обмена мнениями и участия студентов в дискуссии, через концентрацию внимания студентов на занятия, обеспечение участия всех в дискуссии и раскрытие каждого студента.

Таким образом, преподавателями используется всестороннее взаимодействие со студентами. Кроме всего этого, преподаватели используют различные формы поддержки студентов, такие как предоставление дополнительных занятий для студентов, проявляющих интерес к обучению, либо научным исследованиям, предоставление дополнительных консультаций по заданиям СРС, организация еженедельного выездного тимбилдинга, разъяснение академической политики университета, формирование антикоррупционной культуры, предоставление свободного посещения занятий, оценка удовлетворенности студентов, оценка социальных ситуаций, формирование бесконфликтных форм социального взаимодействия, помимо моральной поддержки, также оказывается социальная поддержка с привлечением хорошо успевающих студентов к выполнению научных проектов с оплатой.

Наиболее актуальными на сегодняшний день проблемами у преподавателей респонденты назвали следующие: *низкий уровень заработной платы, нехватка свободного времени и сверхзагруженность, и что закономерно следует от этого, это низкая мотивация труда и ограниченные возможности повышения квалификации зарубежом, в частности в университетах мирового значения.* Также преподаватели отмечают, что имеет место незаинтересованность студентов в получении качественного образования, неудовлетворительные условия труда и недостаточная компьютеризация образовательного процесса. Все же первостепенное влияние на качество образования по мнению опрошенных респондентов оказывают, прежде всего, материально-техническое обеспечение университета и уровень профессионализма ППС, престиж и статус преподавателя и ученого. Значительно большая часть опрошенных респондентов подтвердили, что они удовлетворены своей работой. И что представляется нам очень интересным, ровно такое же количество опрошенных преподавателей отметили, что они не удовлетворены нынешним статусом преподавателя.

Важным в отношении к преподавательской деятельности опрошенные называли удовлетворенность статусом преподавателя. Результаты исследования показывают, что 60% опрошенных не удовлетворены своим профессиональным статусом. В основном они показали следующие причины недовольства как статус преподавателя неуклонно снижается, требования статьей в высокорейтинговых журналах, преподавания на английском языке, низкий уровень зарплаты, неудовлетворенность материально-технической обеспеченностью, загруженность преподавателей дополнительными заданиями, рассматривание преподавателей руководством как самый крайний и незначительный элемент, снижение роли преподавателя в образовательном процессе, не восприятие мнении преподавателя по учебным вопросам. Вместе с этим 51,0% опрошенных выразили недовольство частому изменению читаемых дисциплин. Результат опроса выявил, что самыми актуальными в настоящее время для преподавателей изучаемого вуза является уровень заработной платы.

Заключение

Полагаем, что наше исследование будет способствовать пониманию меняющихся ролей и обязанностей преподавателей университета в нынешних условиях. Изменения в системе высшего образования направлено на формирование специалиста новой формации. В этой связи, меняется и статус и функции преподавателя. С одной стороны, преподаватели мотивированы активно совершенствовать свой профессионализм. С другой стороны, качественный состав поступающих в университет и стремление получить профессиональное образование, соответствующее к потребностям рынка труда, также влияют на результат профессионального обучения. Следовательно, результат образовательных услуг зависит от двухсторонних усилий, то есть как со стороны оказывающей услуги, так и со стороны потребителей услуги.

Потребности и запросы студентов к качеству своего образования стали более многообразны, ищут и хотят найти практическое применение каждой конкретной дисциплине, большое внимание уделяют практической направленности преподавания.

Результаты наших исследовании показывают, что преподаватели не могут остаться, как отмечают авторы работы [Wong B., etc., 2017], синонимом учителей или инструкторов. Преподаватели вузов в условиях бурно развивающейся информационно-коммуникационных и цифровых технологий приобретают новый статус и быть готовыми перейти от передачи готовой информации к формированию и воспитанию способности самообучения и самосовершенствования студентов. Однако без активного участия самих студентов в бизнес-процессах это практически невозможно осуществлять.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Bristow, D. N., Schneider, K. C. The collegiate student orientation scale (CSOS): Application of the marketing concept to higher education. Journal of Marketing for Higher Education, 2003. 12. №2, P. 15-34.
2. Browne, J. Securing a sustainable future for higher education: An independent review of higher education funding and student finance, 2010. Retrieved from https://www.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/31999/10-1208-securing-sustainablehigher-education-browne-report.pdf
3. Carmen Pozo-Muoz, Enrique Rebolloso-Pacheco, Baltasar Fernndez-Ramrez. The 'Ideal Teacher'. Implications for student evaluation of teacher effectiveness. Assessment & Evaluation in Higher Education, 2000. 25. №3. P. 253-263, DOI:10.1080/02602930050135121
4. Clews Debbie. A student-centred conceptual model of service quality in higher education. Qual High Educ, 2003. 9. №1. P. 69-85.
5. Conway, T., Mackay, S., Yorke, D. Strategic planning in higher education: Who are the customers? The International Journal of Educational Management, 1994. 8. №6. P. 29-36.
6. Desai, S., Damewood, E., & Jones, R. Be a good teacher and be seen as a good teacher. Journal of Marketing Education, 2001. 23. №8, P. 136-144.
7. Hansen Ursula, Hennig – Thurau Thorsten, Wochnowski Holder. TEACH-Q: Ein valides und handhabbares Instrument zur Bewertung von Vorlesungen. In: Stauss Bernd, Balderjahn Ingo, Wimmer Frank, editors. Dienstleistungsor – ientierung in der universitaren Ausbildung. Stuttgart: Schaffer – Poeschel Verlag, 2000. P. 311-45.
8. Hill Yvonne, Lomas Laurie, MacGregor Janet. Students' perceptions of quality in higher education. Qual Assur Educ, 2003. 11. №1. P. 15-20.
9. Holbrook, M. B. Objective characteristics, subjective evaluations, and possible distorting biases in the business-school rankings: The case of U.S. News & World Report. Marketing Education Review, 2007. 17.№2, P. 1-12.
10. Jones, G. Managing student expectations: The impact of top-up tuition fees. Perspectives, 2010. 14.№2, P. 44-48.
11. Минажева Г.С. Теоретико-педагогические основы и технологии системы менеджмента качества высшего учебного заведения: Монография. Алматы. 2011. 295 с.
12. Muncy, J. A. The orientation evaluation matrix (OEM): Are students customers or products? Marketing Education Review, 2008. 18. №3, P. 15-23.
13. Oldfield Brenda M, Baron Steve. Student perceptions of service quality in a UK university business and management faculty. Qual Assur Educ, 2000. 8. №2. P. 85-95.
14. Омарова А. Оқытушы мен студент: қарым-қатынас факторы. Социологическое исследования и инновационное развитие (материалы III конгресса социологов Казахстана). Алматы, 2008. С. 200-203.
15. Омарова А. Жоғары оқу орындары оқытушылары жоғары білім берудің негізгі субъектісі ретінде. Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия психологии и социологии. №4(47). 2013. С.87-95.
16. Pesch, M., Calhoun, R., Schneider, K., & Bristow, D. The student orientation of college of business: An empirical look from the students' perspective. The Marketing Management Journal, 2008. 18. №1. P. 100-108.
17. Пузикова С.М., Рахматілла А.Ә., Төлеміс Д.Е., Ишигова И.Т. Профилактика профессионального выгорания работников педагогической сферы в контексте современной парадигмы образования. Вестник КазНУ. Серия Педагогические науки. № 1(62), 2020. С. 65-73
18. Спатай А. О., Байбекова М.М., Есенкулова А.Р., Наубаева Х.Т., Унгарбаева Ш.У. Оқытушылардың психологиялық даярлығы мен инновациялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне әсері. Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. Т. 72, №1, 2020. С.76-84
19. Vetter, D. Business colleges must practice what they preach. Mid-American Journal of Business, 2005. 20. № 2. P. 5-6.
20. Wong, B., Chiu, Y.-L. T. Let me entertain you: the ambivalent role of university lecturers as educators and performers. Educational Review, 2017. P. 1-16. doi:10.1080/00131911.2017.1363718
21. Yim Chi K, Gu Flora F, Chan Kimmy W, Tse David K. Justice-based service recovery expectations: measurement and antecedents. J Consum Satisf Dissatif Complain Behav, 2003. 16. P. 36-52.

УДК 378.1

Минажева Гүлшарат Салауатовна,
профессор м.а., педагогика ғылымдарының докторы, доцент,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: Gulsharat.Mynazheva@kaznu.kz, E-mail: mgulsharats@gmail.com

Садырова Мансия Сапарғалиевна,
профессор, социология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: msadirova58@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІН ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аңдатпа. *Мақалада түлектерді жұмысқа орналастырудағы өзекті мәселер мен қайшылықтар анықталған, түлектер арасындағы әлеуметтанулық зерттеу негізінде түлектерді тиімді жұмыспен қамту мәселесін шешуге ықпал ететін негізгі факторлар көрсетілген.*

Түйін сөздер: *түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі, түлектердің біліктілігі мен дағдылары, түлектердің жұмысқа орналасу тиімділігі.*

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТРУДОУСТРОЙСТВА ВЫПУСКНИКОВ КАЗАХСТАНСКИХ ВУЗОВ

Аннотация. *В статье выявляются проблемы и основные противоречия при трудоустройстве выпускников, основные факторы, способствующие решению проблемы эффективного трудоустройства выпускников на основе проведенного социологического исследования среди выпускников.*

Ключевые слова: *трудоустройство выпускников, компетенций и навыки выпускников, эффективность трудоустройства выпускников*

MODERN PROBLEMS OF EMPLOYMENT OF GRADUATES OF THE KAZAKHSTAN UNIVERSITY

Abstract. *The article identifies the problems and the main contradictions in the employment of graduates, the main factors contributing to the solution of the problem of effective employment of graduates on the basis of a sociological study among graduates.*

Keywords: *graduate employment, competencies and skills of graduates, the effectiveness of employment of graduates*

Кіріспе

Қазіргі кезде жоғары білім беру саласы нарықтық экономика талаптарына сай кәсіби білім беру стандарттарының жаңа буыны негізінде түлектер дайындауда. Өзекті мәселенің бірі қазіргі еңбек нарығының сұранысына сай жаңа түрпаттағы мамандармен экономика салаларын қамтамасыз ету. Әсіресе кәсіби білім беру стандарттарын жасауда білім беру жүйесі мен жұмыс берушілердің бірлескен ынтымақтастығы түлектердің тиімді жұмысқа орналасуының бірден-бір негізі болып есептеледі. Қазіргі уақытта түлектерді жұмысқа орналастырудың қолданыстағы механизмі жоғары оқу орындары мен өндіріс арасындағы байланыс үзіліп, ең көп талап етілетін мамандықтар бойынша әлеуметтік тапсырыс беру механизмдері жасалмаған [*Ястребов А.П., 2012*]. Осыған байланысты экономиканың білікті кадрлармен толығуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасындағы өзара іс-қимыл тұжырымдамасын жүзеге асыру орынды деп саналады.

Әсіресе коронавирустық пандемия жағдайында түлектерді жұмысқа орналастырудың онлайн және дистанциондық жүйеге икемделген модельдерін жасау қазіргі қазақстандық жоғары оқу орындарының алдында тұрған өзекті мәселе. Сондықтан да қазіргі жағдайда ЖОО түлектерді жұмыспен қамту мәселесіне үлкен көңіл бөлінеді. Қазақстанда қазіргі кезде түлектердің ~60,0 пайызы ғана еңбек нарығында сұранысқа ие деуге болады. Яғни, түлектердің кәсіби потнециалы толық пайдаланылмайды. Бұл жерде кәсіби білім берудің сапасы және еңбек нарығына қанша маман керектігін ескермеу түлектердің жұмыспен қамтылуына әсерін тигізеді. Түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейін университеттердің тиімділігін бағалаудың көптеген критерийлерінің бірі ретінде қолданған дұрыс деген пікір бар. Алайда түлектердің жұмысқа орналасуы, университеттердің жеке ықпал ете алмайтын көптеген объективті факторлармен байланысты болады [*Таланов С.Л., 2014*].

Мерил Ланг, Пира, Феннер және Смит халықаралық инвестициялық компанияларының болжамдары бойынша 2025 жылы ғаламшардағы жоғары білімге деген сұраныстың 160 миллион орынға жетуі мүмкін [*Селезнев*а Н.А., *2004*]. Жоғары кәсіби білім алу жалпылық сипатқа айналуда. Аталған тенденция Қазақстанда айқын көрінеді. Бұл тенденция біріншіден, жоғары білім алудың сапасы мен құндылығын төмендетеді. Екіншіден, түлектердің санының көбеюі олардың жұмысқа орналасуына кері әсерін тигізеді. Жоғары білімнің кеңеюі, сонымен қатар университеттердің жаңа нысандарының құрылуы және әр түрлі ғылыми дәрежелер, атақтардың берілуі университет студенттерінің жоғары оқу орындарынан жан-жақты болып шығуына алып келеді деп саналады [*Scott P., 2005*].

Жоғары оқу орындары арасындағы бәсеке нәтижесінде ғана түлектердің кәсіби біліктілік деңгейі артады және ЖОО-ның тек нарық талаптарына сай түлектер дайындауға потенциалдық және нақты мүмкіндіктері барлары ғана іріктеліп өз қызметін жалғастыратын болады. Осы жағдайда директивті орган, түлектер еңбек нарығындағы мәселелерді икемді шешуге толық дайын болуы үшін, өз зерттеулерінде «еңбек дағдыларының» маңыздылығын баса көрсетуді жалғастыруда [*DIUS, 2008*].

Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасуына тұрақты түрде мониторинг өткізудің түлектердің жұмыспен қамтылуының динамикасы мен олардың дайындық сапасын, яғни түлектердің жұмыс берушінің талаптарына сәйкестігін қадағалауда әрдайым маңызды [*Гуртов В.А., 2014*].

Әдебиетке шолу

Түлектерді жұмыспен қамту мәселесі әлемдік және отандық деңгейде жан-жақты зерттелуде. М. Томлинсонның [*Tomlinson M., 2012*] зерттеуі жоғары білім мен еңбек нарығы арасындағы өзгеріп отыратын қарым-қатынас жағдайында түлектерді жұмысқа орналастыру проблемасын, сондай-ақ түлектерді жұмысқа орналастырудағы өзгерістердің реттелуін қалыптастыруға бағытталған. М. Томлинсон түлектер өздерінің болашақ «жұмысқа орналасу мүмкіндігін» түсінетініне және басқаруға тырысатындығына сенімді. Автордың айтуынша, түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы негізгі пікірлер, әдеттегідей, түлектердің экономикалық рөліне және жоғары білімнің оларды еңбек нарығына дайындай алу қабілеттеріне бағытталған. Дүние жүзіндегі жоғары білім беру жүйесі постиндустриалды капитализмдегі кеңірек құрылымдық қайта құрулармен бірге даму үстінде [*Brown P., 2009*]. Тиісінше, түлектер мықты дағдылар мен алдыңғы қатарлы техникалық білімді талап ететін экономикаға қосылған құнды өнімдер мен қызметтерді жақсарту үшін потенциалды негізгі ойыншылар ретінде қабылданады. Жастар қазіргі кезде мамандық таңдағанда сол мамандықтың экономикалық, мансаптық, қажеттілік мүмкіндіктеріне баса назар аударады. Кейде түлектердің өзінің кәсіби қабілетін ескермеуі кәсіби білім алу мен жұмыспен қамтылуына кері әсер етеді. Яғни, мамандықтың экономикалық статусына деген мотивациясы түлектің тиімді жұмыспен қамтылуының бірден бір көрсеткіші болып табылады.

Тиімді жұмыспен толық қамтылу индикаторларының бірі жоғары оқу орындарының еңбек нарығының талабына сай түлектерді дайындау қабілеттілігінде. Ұлыбритания Білім министрлігі [*DFE 2010*] атап көрсеткендей, мемлекеттің жоғары білім беруді мемлекеттік қаржыландыруға деген міндеттемесі соңғы жылдары төмендеген, алайда мемлекет жүйеге оның өнімділігін, сапасын және жалпы нарықтың жауаптылығын арттыру үшін қысым көрсетуді жалғастыруда. Мұндай өзгерістер икемді білімге негізделген, жұмыс күшіне жоғары талап қоятын және кәсіби дағдылардың жаңа формаларын талап ететін постиндустриалды экономикаға көшумен тікелей байланысты [*Hassard J., 2008*].

Қазіргі кезде әлемде коронавирус індетіне байланысты білім институттарының қашықтықтан оқыту технологияларын жаппай қолдануға көшуі білім беру стандарттарына, сонымен қатар түлек-

терді жұмыспен қамту ісіде жаңа стратегиялық бағытқа көшуде. Түлектерді жұмыспен қамтуда арақашықтықтан жұмыспен қамту мүмкіндіктері қарастырылуда. Мемлекет түлектерге арналған вакансиялық орындар деректер базасын жасау арқылы түлектерге және ЖОО-ы басшыларына үлкен жеңілдік жасайды. Жұмыспен қамтуға байланысты аймақтық және салалық онлайн платформалардың жасақталуы түлектердің жұмыспен қамтылу мүмкіндігін арттырады және уақытты үнемдейді. Сонымен қатар арақашықтықтан жұмыспен қамту сайттары жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастық базасын кеңейтері сөзсіз.

Университеттер көптеген ішкі және сыртқы нарықтық күштерге қосылуда және олардың қызметі жұмыс берушілердің де, жаңа «тұтынушы» студенттердің де талаптарына сәйкес келеді [*Naidoo R., 2005*]. Жоғары білім берудегі әртүрлі мүдделі тараптар экономикалық көрсеткіштердің өсуіне жауап ретінде нақты және айқын нәтижелерді талап етеді. Жоғары білім экономикасының өзгеріп отыратын динамикасы әділеттілік пен еңбек нарығына қол жетімділік мәселелерінен басқа да маңызды мәселелерді көтереді [*Ainley P., 1994*].

Johnston атап көрсеткендей, жоғары білім мен еңбек нарығы арасындағы байланыс әдетте бұған жақын болды, дегенмен кейде олар тұрақты және қаржыландырылған болмады [*Brennan J., 1996*]. Ол дәстүрлі түрде білікті, кәсіби және басқарушылық жұмысшылар ағынын реттеп отыруға көмектесті. Осылайша, жоғары білім дәстүрлі түрде түлектердің экономикалық өмірге сәтті еніп, экономикаға тиімді қызмет етуіне ықпал ететін позитивті алаң ретінде қарастырылады [*Johnston B., 2003*].

Соңғы онжылдықта түлектерді жұмыспен қамтуға септігін тигізетін индикатор ретінде «жұмыс дағдыларына» ерекше назар аударылды және ол жоғары оқу орындарының студенттерге жұмыс берушілердің талаптарына сай келетін дағдыларды қалыптастыруымен түсіндіріледі. Түлектер мен жұмыс берушілер талап ететін дағдылардың өзара сәйкес келмеуіне байланысты өнеркәсіп саласы тарапынан бірнеше кері пікірлерде болды [*Archer W., 2008*].

Сондай-ақ, дағдыларды оқыту бағдарламасы символдық сипатқа ие және ресми жоғары білім беру бағдарламаларына енгізілген «дағдылар», нақты және іске асырылады дегенге біршама теріс пікірлерде болған [*Ainley P., 1994*]. Біліктілік саясатын кеңінен сынға алу [*Wolf A., 2007*], әдетте «дағдылардың» аңғал концептуализациясына күмән туғызады және бұл қызметкерлердің практикасы мен олардың, расында, «сұранысқа бағытталуы» деңгейіне де күмән келтіреді.

Кларктың пікірінше [*Clarke M., 2008*], жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы дискурс жеке тұлғаның білімі мен дағдыларын үнемі дамытып отыруға деген жауапкершілігінің артқанының белгісі. Негізінде, адамдар енді өздерінің ұзақ мерзімді мансаптық өсуін қалыптастыру үшін өзінің бұрыннан бар білімі мен еңбек нарығының құрылымына сенім арта алмайды.

Қазіргі кездегі жұмыспен қамтудың тиімді әрі икемді сипаты жоғары білімді адамдардың экономикада күш алып келе жатқандығын білдіреді [*Leadbetter C., 2000*], бұл жоғары білім алғандардан шығармашылық қабілеттер мен абстрактілік білімді талап етеді. Олар анағұрлым өнімдірек, барынша жоғары табыс потенциалына ие және жақсы еңбек жағдайларына қол жеткізе алады, мәртебесі де жоғарырақ болады.

Екінші жағынан, кейбір ғалымдар қазіргі жұмыспен қамтуды неғұрлым қарқынды және тұрақсыз деп сипаттайды [*Sennett R., 2006*]. Жұмыспен қамтудың салыстырмалы тұрақты және дәйекті сипаттамалары жұмысқа орналасудың фрагментті және анық емес болашағына жол ашты [*Strangleman T., 2007*]. Бұл жағдайда түлектер ішкі және сыртқы еңбек нарықтарының өзгеріп отыратын сұраныстарына үнемі жауап бере отырып, жұмысқа орналасудың болашағы толықтай анықталмаған түріне енуге мәжбүр болады. Сондай-ақ, бұл еңбек нарығында жұмыссыздық және толыққанды емес жұмыс сияқты кері әсерін тигізетін нәтижелер көрсетуі мүмкін. Браун және тағы басқаларының [*Brown P., 2011*] ескі стильді ғылыми басқару принциптері «цифрлық тейлоризм» түріндегі жаңа цифрлық дәуірге бейімделетіні туралы көптеген деректер бар. Құрылымдық теңсіздік ең жоғары деңгейде талап етілетін жұмыс түріне орналасуға бәсекелес түлектердің әртүрлі топтары арасындағы бәсекелестікте көрінуі мүмкін.

Түлектер, жоғары білім алу мен оның болашақтағы пайдасы арасындағы байланысты олардың жаппай жоғары білім алуға өту нәтижесінде бұзылғанына қарамастан, әлі де болса көреді. Әрине, бітірушілердің жоғары білімінің болуы олардың қалаған жұмысына қол жеткізуін жеңілдетеді, алайда жұмысқа қабылдауда оның шектеулі рөл атқаратындығы да байқалады [*Tomlinson M., 2007*]. Бұл проблемалар студенттердің жоғары білімге деген жалпы көзқарастарының өзгеруіне әсер етуі мүмкін,

көбінесе инструменталды, тұтынушыға және оқыту тәсілдерін игеруге бағытталған сипаттағы көзқарас ретінде [*Naidoo R., 2005*]. Қазіргі кезде қазақстандық жоғары оқу орындарында оқу бағдарламаларының жұмыс берушінің қатысуымен жасалу талабы түлектердің практикалық бағытталған білім алуына, жұмыс берушімен келісім бойынша жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Жұмыс беруші болашақ маманның біліктілік ерекшеліктерін қалыптастыруға араласа отырып, өздерінің талаптарына сәйкес мамандарға ие болады. Осы арқылы ЖОО-ы маман дайындау сапасын арттырады және түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесін де шеше алады.

Istat [Istat, 2009] көрсеткендей, түлектің жұмысқа орналасу деңгейі уақыт өте келе өзгеріп отырады, ал уақыт аралығы нәтижелерді кеңістік, уақыт және санат бойынша салыстыруға мүмкіндік беретіндей болуы керек. Сонымен қатар, білім берудің тиімділігі, ұзақ мерзімді концепция ретінде де қарастырылғаны дұрыс. Оны оқу орнын бітіргеннен кейін бірнеше жыл өткен соң ғана бағалауға болады, дегенмен уақыт өткен сайын қалыптасқан және қоғамда пайда болатын дағдылар университетте алған дағдылардан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін [*Dey E.L., 1999*].

Қазіргі кезде түлектер болашақ жұмыс үшін жауапкершілік түлектің өз мойнында екенін түсінеді: түлек және бітіруші екендігін растайтын дипломға ие болу енді оның сұранысқа ие жұмысқа қол жеткізуін кепілдендірмейді. Брукс және Эверетт [*Brooks R., 2008*] көрсеткендей, түлектер өздерінің жоғары білім деңгейінде алған білімін өмір бойы оқуға дайындық ретінде қарастыра алады және олардың оқу мүмкіндіктерін одан әрі дамытуға деген сенімділік береді, бейімделуін арттырады. Алайда көптеген адамдар бұрынғыдай, әрі қарай кәсіби оқу мен дамуды жоғары білім алғаннан кейін қажетсіз деп санайды. Бұл жерде мамандық таңдау және мамандық бойынша жұмысқа орналасу стратегиясы бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылуы керек. Түлектер жұмысқа орналасуда мамандық бойынша жұмысқа орналасуды не кез-келген жұмысқа орналасу, басқа мамандық саласына кету стратегиясын ұстанады. Бұл жерде мамандықтың құндылығы материалдық, әлеуметтік құндылықтармен өлшенеді. Сонымен қатар түлектердің жұмысқа орналасуы мамандыққа байланысты инновацияларды қабылдауына, оған бейімделу деңгейіне де байланысты.

Ең дұрысы, түлектер дәстүрлі академиялық біліктілік түріндегі қатаң валютаға да, мәдени және тұлғааралық мінез-құлық түріндегі жұмсақ валютаға да ие болуы керек [*Tomlinson M., 2012*]. Жұмыс берушілер әрдайым талап ететін дәстүрлі адами және мәдени капитал қазіргі уақытта түлектерді жұмысқа орналастырудың бір бөлігі ғана болып табылады. Түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі барынша олардың жеке капиталы арқылы бейнеленуі тиіс, ал ол академиялық қабілеттердің тұлғалық, тұлғааралық және мінез-құлық қасиеттерімен интеграциялануын қажет етеді.

Жақсы жобаланған және жақсы орындалған жұмыс шарттары еңбек нарығындағы түлектердің нақты тәжірибесіне және оның нәтижелеріне сәйкес келуі міндет емес. Бұл, сонымен қатар, дәстүрлі түрде оқу бағдарламаларының мазмұны мен нақты жұмыс салалары арасында тығыз байланыс бар пәндік салаларға қатысты [*Wilton N., 2008*].

Түлектердің белгілі бір «типтерін» таңдауға деген жұмыс берушілердің бейімділігі адами ресурстарды дамытуда неғұрлым транзакциялық, көп шығынды қажет ететін және қысқа мерзімді көзқарастардан туындайтын, маңызды әрі терең проблемаларды бейнелеуі мүмкін [Warhurts C., 2008]. Осылайша, түлектердің еңбек нарығына сәтті интеграциялануы олардың жұмысқа алынғанға дейінгі дағдыларынан азырақ, ал олардың еңбек жағдайына тікелей араласуы барысында және тәжірибе нәтижесінде байытылған дағдыларына көбірек тәуелді болуы мүмкін.

Негізгі бөлім

Зерттеу барысында мамандық таңдаудың мотивациялық құрылымы мен түлектердің жұмысқа орналасуы арасындағы байланыс, тиімді жұмысқа орналасуға әсер ететін факторлар анықталды және бітірушілердің кәсіби әлеуетінің пайдаланылмауы мәселесіне факторлық талдау жасалды. Университет студенттерімен тереңдетілген зерттеу жүргізілді, сауалнамаға 262 респондент қатысты. Оның ішінде 205 әйел және 57 ер адам, грант бойынша оқитыны – 191, ақылы бөлімде – 71, қалалық мектеп түлектері – 202, ауыл мектеп түлектері – 60.

2000 жылдан бастап 2014 жылға дейінгі кезеңдегі Қазақстан жастары арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,5 есеге төмендеді [*IAC, 2016*]. «Атамекен» ҮКП ҚР мәліметтері бойынша, Қазақстандағы жалпы жұмыспен қамту деңгейі 66% құрайды (187 585 түлек қамтылған), яғни түлектердің үштен екісі жұмыспен қамтылды. Қалған 34%-ы жұмыссыз деп айтуға болмайды, өйткені бұл түлектер оқуын

елде немесе шетелде жалғастыруы, шетелде жұмыс істеуі, бейресми секторда жұмыс істеуі, әскер қатарында болуы және түрлі себептермен (ауру, босану және бала күтімі т.б.) еңбек нарығына шыға алмауы әбден мүмкін. Жұмыспен қамтудың тұрақтылығы (ұзақтығы) 44% құрайды, яғни жартысынан кемі. Бұл дегеніміз, жұмысқа түрған сәттен бастап екі жыл ішінде (24 ай) түлек іс жүзінде 10,5 ай жұмыс істейді, ал жұмыстағы үзілістердің жалпы саны (бір немесе бірнеше) 13,5 айды құрайды [*https://atameken.kz/ru/university_ratings*].

Зерттеу нәтижесі жоғары білім алу жұмысқа орналасуға кепілдік береді деп санайтынын көрсетті (78,0%). Респонденттердің тек 22,0% қазіргі еңбек нарығында жоғары білім туралы диплом жеткіліксіз екендігіне сенімді. Жалпы қоғамда жоғары білім жүйесінің экономиканың «нақты қажеттіліктеріне» бағыт-бағдарлануы нашар деген көзқарас бар. Бұл әсіресе ЖОО-да мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттерге қатысты айтылады. Зерттеу жоғары оқу орындарының білім беру мүмкіндіктерін қазіргі білім кеңістігінің талаптарына сәйкестендіру бағытында әлі де болса жұмыс жасауы қажеттігін көрсетеді. Бұл индикатор оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

Респонденттердің тағы бір тобы жұмысқа орналасуда жеке дағдыларға ерекше мән берілетіндігін көрсеткен. Әсіресе өндірістік практиканың орнын респонденттер жоғары бағалайды (66,0%). Алайда респонденттердің 19,0% кәсіби дағдыны қалыптастырудағы кәсіби практиканың рөліне күмән келтірсе, ал 6,0% бұл тұжырыммен мүлде келіспейді. Бұл талдау практикалық жаттығуларға, жұмыс тәжірибелеріне және зертханалық сабақтарға көп көңіл бөлудің, кәсіби практиканың оқу процесінің өн бойында жүргізілуі қажеттілігін айқындайды.

Түлектердің жұмысқа орналасуына әсер ететін факторлардың бірі – оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасудағы мотивация жүйесі мен стратегиялары. Зерттеу бойынша түлектерді ынталандырудың үш бағыты анықталды.

Бірінші бағыт – мамандық бойынша кәсіпке (29,0%), мамандық бойынша емес кәсіпке (18,0%), өз ісін ашуға (13,0%) бағдарлау. Түлектердің аз ғана бөлігінің (29,0%) өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуге құштарлығы (ұмтылатындығы) алаңдатарлық жағдай. Жоғарыда келтірілген зерттеуде бұл сұрақ «Мектеп бітіргеннен кейін қайда жұмыс істегіңіз келеді?» деген қорытынды сұрақпен сәйкес келеді. Респонденттердің 60,0%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істегісі келетіндігін, ал 14.0%-ы өз мамандығынан тыс жұмыс істегісі келетіндігін жеткізді.

Екінші бағыт – екінші жоғары білім алуға (15,0%), шетелдегі үздіксіз кәсіптік білімге (15,0%), жоғары оқу орнынан кейінгі білімге (7,0%), ғылыми ізденіс жасауға (3,0%) бағытталған. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ұмтылыстың төмен деңгейін атап өту керек. Респонденттердің тек 40,0%-ы кәсіптік білімді одан әрі жетілдіруге бағытталған. Бұл зерттеу жұмыстарымен айналысуға деген ынтаның төмен деңгейін көрсетеді.

Респонденттердің көпшілігі (60,0%) жұмысқа орналасатынына сенімді. Бұл сұрақтың нәтижесі мамандық таңдау мотивтерімен байланысты сұрақтармен сәйкес келеді. Мамандық таңдау кезінде жастар өздерінің стратегияларының өзгеруін олардың жоғары білім алудағы бағытталуынан көрінеді. Түлектердің 62,0%-ы мамандық таңдауда ЖОО-ның статусына мән берген, тек 28,0%-ы қалаған мамандық бойынша білім алу мотивін көрсеткен. Мамандық таңдаудағы белгілі бір статусқа не мәртебеге бағытталу мамандық таңдаудағы мақсаттың біржақтылығын көрсетеді. Оған мамандық таңдау нәтижелері ата-аналардың ықпалына, бәсекеге қабілеттілікке және грантқа түсу балына байланысты болуы әсер етеді.

Зерттеу нәтижесі түлектердің ішінде шетелде кәсіби білімін жалғастыруға (35,5%), басқа университеттен диплом алуға (35,5%), өз ісін ашуға (30,0%) бағытталған топтың бар екенін көрсетті. Түлектер жұмыс берушілердің заманауи талаптарына бағдарланған және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға ұмтылады. Демек, түлектердің жұмысқа орналасуы олардың болашақ мамандығына, үміттері мен мотивациялық құрылымына, кәсіби дағдыларына байланысты.

Қорытынды

Зерттеуде түлектердің жұмысқа орналасуына оң және теріс әсер ететін факторлар анықталды. Зерттеу барысында респонденттер түлектердің жұмысқа орналасуына арнайы тапсырыс бойынша түлектерді бөлу жүйесінің және кәсіпорындар мен ұйымдармен жасалған келісімдердің маңыздылығын атап көрсетті.

Түлектердің жұмыс берушінің талаптарына сай болуы тиімді жұмыспен қамтылудың бірден бір көрсеткіші. Зерттеу нәтиежесі жұмыс берушілердің 70%-ы түлектердің кәсіби шеберлігіне қанағат-

танбайтынын көрсетті. Қазіргі жұмыс берушілер тек дипломы бар кәсіби маманға ғана емес, жоғары білімді, сауатты, коммуникативті мамандарға мұқтаж. Яғни, олар түлектің физикалық, кәсіби, психологиялық, жеке әлеуетіне назар аударады.

Зерттеу нәтижесі түлектің жұмысқа орналасуға деген сенім деңгейінің тиімді жұмысбастылыққа елеулі әсер ететінін анықтады. Респонденттер жұмыс іздегенде негізінен өзіне сенетіндігі олардың өзіндік белсенділік деңгейін көрсетеді (90,4%). Респонденттердің 26,3% бұқаралық ақпарат құралдарына, интернетке сенеді. Бос орындар жәрмеңкелерін дистанциондық түрде өткізу механизмдерін енгізудің; түлектерге арналған біртұтас бос орындар деректер банкін құру қажеттігінің өзектілігін көрсетті.

Респонденттер сонымен қатар өз мамандықтары бойынша жұмыс табудың қиындықтарын атап өтті (69,5%). Бұл фактор мамандық бойынша жұмысқа орналасуға әсер етпейді. Сонымен қатар, респонденттер жұмыс табуда мынадай қиындықтарды атап өтті, мысалы: тәжірибенің жоқтығы (43,0%), сыбайлас жемқорлық (41,2%), білімнің теориялық сипаты (39,0%), өзін таныстыра алмауы (36,2%), еңбек нарығы туралы білімсіздік (26,0%), заңды білмеуі (14,0%).

Университетте оқудың теориялық бағыты түлектерді жұмысқа орналастыруда белгілі бір қиындықтар туғызады [*IAC, 2016*]. Практикадан өту барысында тәжірибе жинақтау және сол жерлерде әрі қарай жұмысқа қалу мүмкіндігі, ЖОО-ы түлектерінің арасындағы жұмыссыздық деңгейін айтарлықтай төмендететіні анық. Алайда, студенттердің практикаға деген көзқарасы көбінесе формалды түрде болып табылады.

Түлектерді жұмысқа орналастырудың тиімді әдістерінің бірі – мансаптық кеңес беру. 2020 жылдан бастап дуальды оқытуға кадрлар даярлауды жүзеге асыратын кәсіпорындарды ынталандыру мақсатында ҚР БҒМ мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен жан басына қаржыландыру аясында практика бойынша жетекшіге жалақы төлеу шығындарын өтеуді жоспарлап отыр. Бұл іске асатын болса, оң әсері зор болатыны белгілі.

Сонымен қатар, жұмыс берушілермен серіктестікті нығайту университеттерге қосымша кәсіпорындар мен ұйымдардың (зияткерлік, материалдық, қаржылық және т.б.) ресурстарын тартуға үлкен мүмкіндік берері сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ainley, P. Degrees of Difference. London: Lawrence Washart, 1994.
2. Brown, P., Hesketh, A. J. The Mismangement of Talent: Employability and Jobs in the Knowledge-Based Economy, Oxford: Oxford University Press, 2004.
3. Archer, W., Davison, J. Graduate Employability: The View of Employers, London: Council for Industry and Higher Education, 2008.
4. Brennan, J., Kogan, M., Teichler, U. Higher Education and Work, London: Jessica Kingsley, 1996.
5. Brooks, R., Everett, G.. ‘The predominance of work-based training in young graduates’ learning’, Journal of Education and Work, 2008. 21.№1 – P. 61-73; Little, B. Graduate development in European employment: Issues and contradictions. Education and Training, 2008. 50. №5, P. 379-390.
6. Brown, P., Lauder, H. Economic Globalisation, Skill Formation and The Consequences for Higher Education, in S. Ball, M. Apple and L. Gandin (eds.) The Routledge International Handbook of Sociology of Education, London: Routledge, 2009. P. 229-240.
7. Brown, P., Lauder, H., Ashton, D. N. The Global Auction: The Broken Promises of Education, Jobs and Incomes, Oxford: Oxford University Press, 2011.
8. Clarke, M. Understanding and managing employability in changing career contexts. Journal of European Industrial Training., 2008. 32. №4, P. 258-284.
9. Department for Business Innovation and Skills (DIUS). Higher Education at Work – High Skills: High Value, London: HMSO, 2008.
10. Department for Education (DFE). Securing a Sustainable Future for Higher Education. The Browne Review, London: HMSO, 2010.
11. Dey, E. L., Wimsatt, L. A., Rhee, B. S., Meader, E. W. Long-term effect of college quality on the occupational status of students. National Center for Postsecondary Improvement, Stanford University, Technical Report, 1999. P. 2-40
12. Hassard, J., McCann, L., Morris, J. L. Managing in the New Economy: Restructuring White-Collar Work in the USA, UK and Japan, Cambridge: Cambridge University Press. 2008.
13. http://proforientation.ru/vybor-puti.html

14. http://www.superjob.ru/research/articles/111726/menshe-vsego-dovolnyh-vyborom-professii-sredi-ekonomistov-tehnologov-i-ekologov/
15. https://atameken.kz/ru/university_ratings
16. Istat, I laureati e lo studio. Inserimento professionale dei laureati. Indagine 2007. Roma, Istat, 2009.
17. Johnston, B. The shape of research in the field of higher education and graduate employment: Some issues. Studies in Higher Education, 2003. 28. №4. P. 413-426.
18. Leadbetter, C. Living on Thin Air, London: Penguin, 2000.
19. Tomlinson M. Graduate Employability: A Review of Conceptual and Empirical Themes. Higher Education Policy, 2012. 25. P. 407-431.
20. Tomlinson M. Graduate Employability: A Review of Conceptual and Empirical Themes. Higher Education Policy, 2012. 25. P. 420-421.
21. Naidoo, R., Jamieson, I. Empowering participants or corroding learning: Towards a research agenda on the impact of student consumerism in higher education. Journal of Education Policy, 2005. 20. №3. P. 267-281; Marginson, S. University mission and identity for a post-public era. Higher Education Research and Development, 2007. 26. №1. P. 117-131.
22. Naidoo, R., Jamieson, I. Empowering participants or corroding learning: Towards a research agenda on the impact of student consumerism in higher education. Journal of Education Policy, 2005. 20. №3. P. 267-281.
23. Scott, P. Universities and the knowledge economy. Minerva, 2005. 43. №3. P. 297-309.
24. Sennett, R. The Culture of New Capitalism, Yale: Yale University Press, 2006.
25. Strangleman, T. The nostalgia for the permanence of work? The end of work and its commentators. The Sociological Review, 2007. 55. №1. P. 81-103.
26. Tomlinson, M. Graduate employability and student attitudes and orientations to the labour market. Journal of Education and Work, 2007. 20. №4. P. 285-304; Brooks, R., Everett, G. Post-graduate reflections on the value of a degree. British Educational Research Journal, 2009. 35. №3. P. 333-349; Little, B., Archer, L. Less time to study, less well prepared for work, yet satisfied with higher education: A UK perspective on links between higher education and the labour market. Journal of Education and Work, 2010. 23. №3. P. 275-296.
27. Warhurst, C. The knowledge economy, skills and government labour market intervention. Policy Studies, 2008. 29. №1. P. 71-86.
28. Wilton, N. Business graduates and management jobs: An employability match made in heaven?. Journal of Education and Work, 2008. 21. №2. P. 143-158; Rae, D. Connecting enterprise and graduate employability. Challenges to the higher education curriculum and culture, Education + Training, 2007. 49. №8/9. P. 605-619.
29. Wolf, A. Round and round the houses: The Leitch review of skills. Local Economy, 2007. 22. №2. P. 111-117.
30. Information and Analytical Center (IAC). http://iac.kz Employment of graduates of Kazakhstan universities. Alma mater. Bulletin of Higher School No. 3, March 2016.
31. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы. Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988.
32. Гуртов В.А. Разработка системы мониторинга трудоустройства выпускников / В. Гуртов, Л. Серова, И. Степус, Е. Федорова, Д. Мороз. // Высшее образование в России. 2014, №5, с. Режим доступа 11-23 (стр. 12):
33. Селезнева Н.А. Размышления о качестве образования: международный аспект, Высшее образование сегодня (Москва), 2004. № 4. –С. 35-44.
34. Таланов С.Л. Трудоустройство выпускников вузов как критерий оценки эффективности их деятельности, Alma mater, 2014. №. 3. –С. 35-39.
35. Ястребов А.П., Моисеенко В.Г. Востребованность выпускников как показатель качества образовательной деятельности вуза, Экономика и управление, 2012. 4. №78. –С. 83-86.

ӘОЖ: 37.034



Мыңбаева Надира Қамзабекқызы,
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистр,
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы,
Кәсіптік-шығармашылық факультеті,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада жоғарғы оқу орындарында студенттерге патриоттық тәрбие берудің педагогикалық мәселелері қарастырылады. Қазақстан Республикасының жастар саясатын дамыту бойынша мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарына талдау жасалынады. Патриоттық тәрбие беру көздерінің нысандары мен әдістері зерделенеді.*

Кілт сөздер: *патриоттық тәрбие, адамгершілік-рухани құндылықтар, мемлекеттік саясат, педагогикалық әдістер.*

Аннотация. *В научной статье рассматриваются педагогические проблемы патриотического воспитания студентов в высших учебных заведениях. Анализируются основные направления государственной молодежной политики Республики Казахстан. Изучены методы и формы патриотического воспитания.*

Ключевые слова: *патриотическое воспитание, нравственно-духовные ценности, государственная политика, педагогические методы.*

Abstract. *The scientific article discusses the pedagogical problems of patriotic education of students in higher educational institutions. The main directions of the state youth policy of the Republic of Kazakhstan are analyzed. The article discusses the methods and forms of patriotic education.*

Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының дамуындағы маңызды да өзекті мәселелердің қатарына енеді. Жалпы, педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында, патриоттық тәрбие мәселесіне теория және практикада үнемі ерекше назар аударылғанын аңғарамыз.

Дана әл-Фараби «тұлғаға ең алдымен тәрбие қажет. Тәрбие жоқ жерде алынған білім – барлық адамның жауы, бұл болашақта тұлғаның өміріне қауіпті», – деп білім беруді және тәрбие ісін өзара байланыста, тұтас жүйе түрінде қолдану керектігін айшықтайды [*Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары, 2009, б. 126*]. Тәрбие тұлғаның өмірін, оның рухани дамуының негізін қалайды. Сан ғасырлар бойында еліміз ұрпағын ізгілікке, елжандыққа баулып келеді. Бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық сана-сезім қажет дүние. Осы орайда, патриотизм мәселесі ешқашан да күн тәртібінен түспейтін өткір мәселеге айналуы тиіс және зерттеушілер тарапынан аталмыш бағытқа талдау жасап, барысын айқындау үздіксіз үдеріске айналуы маңызды.

Жастардың көзқарасынан мәдениет, тарих, ұлттық және рухани бірегейліктің болашағы айқындалады. Дегенмен, тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында, идеологиялық қондырғылардың өзгерісіне байланысты, жастардың бойында құндылықтарға байланысты көзқарастар өзгеріске ұшырап, патриотизм мәселесі назардан тыс қалып қойғаны да белгілі. Осы идеологиялық вакуумнің орнын теріс бағыттағы ағымдар өздерінің «жалған» идеяларымен толтырып, көзқарастардың өзгеруі де орын алғаны белгілі. Осындай мәселенің салдарынан, рухани құндылықтар жоғалып, жастардың бойындағы ұлттық сезімді қалыптастыру біраз уақытқа дейін назардан тыс қалды.

Осы мәселені ескерген еліміз тарапынан қазіргі таңда патриоттық тәрбиеге маңызды орын беріліп отыр. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасында: «Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек», – деп ерекше мән беріп тоқталған болатын [*URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030*_].

Қоғамымыздың алдында, жас ұрпаққа, төл халқының тарихи жолдарын ұғындырып, ұлттық сананы дамыту жолы арқылы ұлттық идеяларды ендіру міндеттері тұр. Отандық зерттеушілердің пікірінше, «жастардың қоғам өміріне белсене араласуындағы мемлекеттің жауапкершілігі маңызды іс. Мұнда, мемлекет жастар саясатының негізгі принциптері мен бағыттарын айқындай отыра, тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға өкілеттіктер жүктеп, мемлекеттік деңгейде қаржыландырады» [*Жұмабеков М.У., Тасболтаева Л.А., 2016*].

Осы орайда, ұлттық сезімді қалыптастыру, жастарды патриоттыққа баулу үшін қоғам тарапынан бірқатар маңызды шаралар жасалынып келеді. Қазақстан Республикасында, жастарды патриоттық сезімге жетелеуге және жастар саясатына бағытталған бірқатар бағдарламалар ұтымды түрде қоғамға енгізілді. Олардың қатарына: «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы», «Қазақстан-2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы кіреді.

Мемлекетіміз ұсынып отырған саясат – Қазақстандық жастардың салауатты өмір салтын ұстануын және халықтың мызғымас идеологиялық бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған қадам. Осы бағыттар арқылы, жастар патриотизмі мәселесі қоғам, мемлекет, саяси және рухани-адамгершілік мәселелердің өзегіне айналып отыр.

Жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие жұмысы ұлтжанды тұлғаны дайындауға бағытталған білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Студенттерге патриоттық тәрбие беру ісі үздіксіз жүргізілуі қажет және жаңа педагогикалық әдістермен үдайы толықтырылып отыруы маңызды. Патриоттық тәрбиеге бағытталған әдістер, мемлекеттік саясатқа, ұлттық менталитетке, ұлттық мәдениетке және жаһандық дамудың өзгермелі жағдайларына бағытталып, бейімделуі шарт.

Зерттеушілер, қазіргі заман талабына сәйкес дайындалған, жас ұрпақ бойында ұлттық сана сезімді қалыптастырудың төмендегідей бірқатар үлгілерін ұсынады:

– рухани – құндылықтар үлгісі;

– спорттық-патриоттық тәрбиелеу үлгісі;

– тарихи- өлкетану қызметі арқылы тәрбиелеу үлгісі;

– әскери-патриоттық тәрибелеу үлгісі;

– азаматтық-патриоттық сезімдерді қалыптастыру үлгісі;

– әлеуметтік-патриоттық бағытта тәрбиелеу үлгісі [*Томилина С.Н., Манецкая С.В., 2015, б. 1331*].

Рухани – құндылық тәрбиелеу үлгісі арқылы студенттер жоғарғы құндылықтар, идеалдар және бағыттарды, әлеуметтік маңызды үдерістерді, шынайы өмірдің құбылыстарын игеріп, тәжірибеде оларды басты қағидаттар ретінде қолдану әдістеріне бейімделеді.

Спорттық-патриоттық және әскери- партиоттық тәрбиелеу үлгісі – дене тәрбиесімен және спортпен айналысу барысында, моральдық күштілік, жігерлік, ерлік, тәртіптілік сапаларын дамытып ұлттық сезімді, өз еліне шынайы берілгендік бағытында тәрбиелеу, адалдыққа, қырағылыққа, әскери қызметте табанды түрде борышын өтеуге тәрбиелеуге бейімделген.

Тарихи – өлкетану үлгісі – өз тарихының астарына үңілу, халықтың өткен сара жолын жете түсіну, халық құндылықтарын бағалау, елін, өзін тануға жетелейтін, патриоттық тәрбие берудегі іс шаралар жүйесі.

Азаматтық – патриоттық тәрбиелеу үлгісі құқықтық мәдениет және заңға бағынушылықты, қоғам мен мемлекеттегі саяси және құқықтық оқиғаларды бағалау дағдысын, азаматтық ұстанымды, конституциялық борыштарды орындауға дағдыны қалыптастырады.

Әлеуметтік – патриоттық үлгі ұрпақтардың құндылық және мәдени-тарихи сабақтастығын белсендіруге, белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыруға бағытталған.

Студенттерге патриоттық тәрбие берудің негізгі мақсаты – студенттер бойында патриоттық сезімдерді қалыптастыру, рухани-адамгершілік жағынан тұлғаны дамытуға қолайлы жағдайлар тудыру,

белсенді азаматтық ұстанымдар қалыптастыру, өз елін қорғауға дайын болуға деген жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттерді шешу маңызды:

1. Мектеп-ЖОО арасындағы сабақтастықты орнату.

2. ЖОО оқытушылар құрамын, студенттерді қоршаған ортаның әлеуметтік-саяси шынайылығына бағыттау.

3. Отанымыздың тарихын, мәдениетін, аға буынның ерлік жолдарын, мәдени және тарихи құндылықтарын барынша дәріптеу.

4. Ұлтаралық мәдени және құқықтық сауаттылықты қалыптастыру.

5. Мемлекеттік рәміздерге, халықтың дәстүріне құрметін арттыру.

6. Патриоттық тәрбиенің теориялық және тәжірибелік негіздерін әзірлеумен айналысып жүрген ғалымдардың, студенттердің ғылыми әлеуетін жүзеге асыру.

7. Білім беру сапасын арттыру.

Білім беру сапасы әлеуметтік өлшем тұрғысынан қарастырылады. Бұл дегеніміз, туындаған мәселелерді шешу барысында, төмендегідей аспектілерді қамтуды қажет етеді:

– біріншіден, қоғамның барлық әлеуметтік құрылымдарының бірігуі. Мұнда, мемлекет, ата-аналар және педагогикалық қауымдастық арасындағы өзара тиімді іс әрекеттің орнатуы маңызды. Мұндай әріптестіктің негізінде білім алушылардың мүдделері айқын болуы тиіс;

– екіншіден, отандық білім беру жүйесін шетел үздік жүйелеріне бағыттап, интеграциялау. Халықаралық стандарттарға сәйкестікке ұмтылу барысында, білім берудің ұлттық контентін де ескеру қажет;

– үшіншіден, көптілді және көп мәдениетті білім беру ортасын құру. Мұндай ортаның тиімділігі «бала-бақша – колледж – ЖОО» сабақтастығын сақтау негізінде жүзеге асырылады;

– төртіншіден, ауыл және қала мектептері арасындағы деңгейлердің алшақтығын жою;

– бесіншіден, мүмкіншіліктері шектелген балалар үшін бейімді білім беру ортасын құру.

Сонымен қатар, мақала авторы патриоттық тәрбие ұлттық қауіпсіздікпен де тығыз байланыста екенін айрықшалайды. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы заңында: «ұлттық қауіпсіздік объектілері – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары; қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет, оның конституциялық құрылысы», деп айқындалғанындай [*URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z120*], жастардың «батыстық» құндылықтарға еліктеуі, дәстүрлі құндылықтардан бас тартуы ел қауіпсіздігіне төнетін қатерлердің қатарына кіреді. Мұндай құбылыстың алдын алудың жолы – ұлттық дәстүрге негізделген патриоттық тәрбиенің дәстүрлі нысандарын жаңғырту, жалпы қазақстандық идеологиялық қондырғыларды дамытып, кеңінен насихаттау.

Бұл мәселеде, ең алдымен отандық тарихты оқытудағы ескі стереотиптерден бас тартып, жаңа парадигмаларды енгізу маңызды. XIX ғасырдан бастап кеңінен насихатталып келген «Отарлық прогресс идеясы», қазіргі таңда «Жұмсақ күш» саясатына ұласып отыр. Мұның алдын алу үшін де гуманитарлық пәндерді университет қабырғасында оқытудың ұтымды, дәстүрге негізделген әдістері қажет. Мұрағаттар және қолжазбалардағы естеліктерді жаңа қырынан ашып, бұқара қауымға таныстыру арқылы, қазақ ұлтының ежелгі кезеңдегі құнды ойларын замандастарға және болашақ ұрпаққа жеткізу және байырғы өркениеттер мен дәуірлердің ғажайып жан дүниесін жаңа қырынан танытуға қолдау көрсету мемлекеттік органдардың және ЖОО оқытушыларының басты міндеті.

Студенттердің патриоттық тәрбиесі және интернационалдық тәрбие тығыз байланыста болуы тиіс. Қазіргі таңда жалған ұлтшылдықты пайдаланып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жастардың сана сезімін улап жүрген топтардың да барлығын мойындауымыз қажет. Ұлтжандылық, ұлттық сезімдердің орнына жастардың бойында шовинистік-ұлтшылдық сезімінің орнауына да жол бермеу ЖОО оқытушыларының негізгі міндеті. Университеттерге ұлттық және интернационалдық тәрбиені ұштастырудың жаңа нысандарын енгізу өзекті мәселе. Елбасы, «Қазақстан-2050» стратегиясында айқындағанындай: «Біз мәдениеттер мен діндердің қатар өмір сүруі жағдайында өмір сүріп үйренуіміз керек. Біз мәдениеттер мен өркениеттер диалогына бейілді болуға тиіспіз» [*URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050*].

Патриоттық тәрбие негізінен екі жол арқылы жүргізіледі. Бірінші түрі, өскелең ұрпаққа, аға буынның патриоттық сезімдерін, мәдениетін жеткізу болса, екінші жол – жаңа патриоттық білімдерді қалыптастыру. Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласы жастарға

патриоттық тәрбие берудің негізгі қайнар көзі болып табылады. Бұл маңызды тарихи құжат ретінде – халқымыздың болашақтағы рухани қазығына айналары сөзсіз.

Қазақ даласының мәдени және рухани дамуы, осы кезеңдердегі Үлы даланың ғұламаларының, ғалымдарының жеткен табыстары әлемдік өркениеттің дамуына қосқан ауқымды үлес екендігін жаңа буын жастарының санасына ендіру де барша қазақстандық азаматтар үшін ауадай қажет дүние. Антикалық заманнан кейінгі ортағасырлық кезең арасындағы мәдени-рухани «көпірге» медеу бола отыра, Үлы дала, адамзаттың зияткерлік тарихындағы маңызды буынға айналғанын және алдыңғы қатарлы білім және ғылымның өзегін құрағанын насихаттау біз үшін маңызды іске айналуы тиіс. «Өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтатын «Үлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында, қазақ елінің тарихи жетістіктерін, біртуар даналарының есімдерін Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы «Жұмсақ күш» саясатына айналдыру да маңызды. «Жұмсақ күш» бағытын дамыту мақсатында, қалыптасқан көзқарастар және тиімділікке жету үшін маркетингтік әдістерді үйлестіретін халықтық дипломатияның жүйесін құру қажеттігі анық.

Жоғарғы оқу орындары – білім, ғылым және тәрбие жұмыстарын ұштастыратын мекемелер ретінде, жас ұрпақ бойында адамгершілік құндылықтарын, патриотизм, гуманизм идеяларын қалыптастыратын орынға айналуы тиіс. Осы орайда, ЖОО гуманитарлық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларының жаңа мазмұнынның енгізілуі басты қадам болып табылады.

Мақаланы қорытындылай келе, ЖОО білім беру жүйесінің жетекші қағидаты – жастарды елдегі және әлемдік саясаттағы өзгерістерге бейімдей отыра, студенттердің бойында қазақстандық патриотизмнің жаңа үлгісін қалыптастыру және оны жалпы қазақстандық бірегейлікке бейімдеу, елдің тарихи ерен ерліктері мен қазақстандық әлеуметтің қазіргі тәжірибелерімен ұштастыра отыра, патриоттық тәрбие берудің жаңа мазмұнымен толықтыру ісі болуы тиіс деген тұжырымдаманы алға тартамыз. Жоғарғы оқу орындарында патриоттық тәрбие басым бағыттарға айналуы қажет және халықтың тарихы, менталитеті, рухани-адамгершілік құндылықтарына негізделген азаматтық ұстанымдарды тұлға бойында қалыптастыру үдіксіз жүргізілуі уақыт талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұмабеков М.У., Тасболтаева Л.А. Еуропалық одақ елдерінің жастар саясаты // Қазақстанның ғылыми және өмірі. – 2016. – № 6 // https://nauka-zan.kz/
2. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құраст.: Ә. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.
3. Томилина С.Н., Манецкая С.В. Современный патриотизм: сущность и проблемы // Научный журнал КубГАУ – Scientific Journal of KubSAU. – 2015. – №110. – 1330-1340

Назарбек Толқын Сұлтанқызы,
оқытушы,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасы,
Инженерия факультеті,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қаласы,
E-mail: valna_74@mail.ru

Гайруллаева Рабиға Мырзахметқызы,
аға оқытушы,
жалпы пәндер кафедрасы,
ЖОО дейінгі дайындық факультеті,
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Кентау қаласы

ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКАДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ЖОСПАР ҚҰРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннатоция: *Макалада жоспар құру белгісіздің және айтылмыштың арасында алшақтықтың таратуының, жанасушылық ең қарапайым уақиғаларда болып жату арада бір-екі адымын бір-екі әрекеттер туралы айтады.*

Кілттік сөздер: *жоспар құру, шешімді талдау, дамыта оқыту, эмпирикалық білім, теориялық білім.*

Аннатоция: *В статье рассказывается о планировании, распространении разрыва между неизвестным и разговорным, об одном или двух шагах в процессе контакта, происходящих в простейших случаях.*

Ключевые слова: *планирование, анализ решений, развивающее обучение, эмпирические знания, теоретические знания.*

Annotation: *The article talks about planning, spreading the gap between the unknown and the conversational, about one or two steps in the contact process that occur in the simplest cases.*

Key words: *planning, decision analysis, developing learning, empirical knowledge, theoretical knowledge.*

Жақсы құрылған жоспар белгілі қисыны болуы керек, күтпеген қиындықтарда да амал тауып кетеді. Әлбетте, қатал және бірізді ереже болуы мүмкін емес.

Кейде тынымсыз мықты жоспар құруда қиыншылықтар пайда болады. Бұл жағдайда, жоспардың жүзеге асуын бастауға болады, бұл қандай да – бір жаңа идея бітеді және оның көмегімен алшақтық құртылады дей отыра. Қорыта келе, жоспарды оған толық дерлік дайын болмастан бастауға болады.

Егер оған деген сенімділік ойластырылып қарастырылса, сол жоспарды әрекеттің бағдарламасы деуге болады.

Жоспар құру – белгісіздің және айтылмыштың арасында алшақтықтың таратуының, жанасушылық ең қарапайым уақиғаларда болып жату арада бір-екі адымын бір-екі әрекетте біледі. Ортақ жағдайда жанасушылық үшін бірнеше машақат сұрайды.

Тіпті қате жоспар пайдасыз емес, өйткені оның және әлеуетті тәжірибесі жұмылдырады, е т. ұйымдастырады. шиеленісті жұмыс істейді және жаңсақ жоспармен табуға болады әйтпесе жасырын қалған лайық ойды.

Мұғалім жоспар құруда оқушыға мынадай ақыл-кеңестермен көмектесе алады:

1.Белгісіздерін қара және таныс есепті есіңе түсіруге тырысып көр;

2.есепті жаңаша тұжырымда-;

3.есеп шығаруын таба алмасаң, көмекші есептерді қолдан;

* немесе дәлелді сұрақтармен:

4.осыған ұқсас есеп алдында келмеді мекен?

5.бұл жайтқа байланысты пайдасы тиіп қалатын теорема біліп-білмейтіндігін?

6.есепті жаңаша тұжырымдауға болмайма?

7.ең болмаса есептің бір бөлігін шығаруға болмайма?

8.Білетін барлық теорема, формулалар қолданылды ма?

Қолданбалы есептердің үшінші кезеңінде шешімінің жоспары жүзеге асады. Төртінші кезеңде – шешімнің талдайы жүргізіледі [Гурова Л.Л.,1976, 26 б.].

Қарастырылған кезеңдер ойдың жүрісінің ара керек бағытта жіберуіне көмектеседі, бірақ қисынды бірізділікке ие болмайды, олар, ара есепті түжырымға және құрулы мақсаттың табысының қызмет үйлесімді ынталандырады деген үйымдық мінез тасиды.

Ақпараттық айырма жағынан аз қамтылған есептер және мақсаттың арасында әрекетше оның таратылуы аз керек. Күрделі есептерде қажеттілік және қызметтің көлемі артады, сол себептен мынадай есеп шешімі әрекеттің және қызметтің элементінің жүйелі тартуының әрекетін сүрайды; мынадай шешім деректердің және есептердің мақсатының ықтимал байланыстарында негізделіп алғашқы жоспардың олқылығының дәйекті таратуына деген байланысы. Әйтпесе, алғашқы жоспар, ереже сияқты, жорамалмен болып табылады, нешіншіде тиянақты буындар мен ықтимал, қисынды, соған байланысты алмалайды. Одан әрі жүмыста жоспармен аудару сүрақты осы буындарды тиянақтау. Мынадай қызмет бас негізде жаңа ақпараттың игерушілігінің ара жүріс мынадай жүйелі жабдықтауда және жоспардың дәйекті корреляции негізінде зерттеледі. Жүйелі тіл табудың әдістемесі қойынқолтық жүйелі байланысты, е т. ғылыми және техникалық түрдегі күрделі мәселелеріне тынымның қисыны үшін пайдаланатын методикалық ақы-пүлдың құрамымен. Мынадай әдістеме А. Т. Шумиля пікіріне негізделеді [Хомпыш Х.,2018, 118 б.], келесі ұстанымда және идеяларда.

9.Ізденіс-ақпараттық мінездің барлық қызметі және психологиялық белсенділігі есеп шешімінің жоспарының бағытталған, нешінші ара үдеріс қисынды оның зерттеу арқылы дәлелдейміз және деректердің есепке дәлелі, е т. мақсатының қисынды тиянақты байланысының шығарып, тиянақты жоспарға қол жеткіземіз.

10. Алғашқы жоспардың бастамасы есеп құрамының өзгешелігінің басын ашып, әрбір компонентті ұқыпты зерттеп және басын ашып ортақ және ерекше нақты есеп негізінде және жолға қоймастан бұрынын, шешімі алгоритмдік жол бойынша үйғарылады.

11. Қисынды қызмет шешімде жүзеге асады,уже түжырымда- тиянақты жоспар болып қойған білетін ең қарапайым қызметтен бастап, әйтпесе айтылмыш қызмет шиеленсіп және қиындайды, түрлі амалдар араласып, стратегиялар және т.б. жұмылдырылады. Ізденістің ықтимал ақпараттық қамсыздандыруы қисынды пайымдармен байланысады.

12. Әдістеме олқылықтар шын мәнісінде материалдың білімдерінде толықтыруға қарамайды. Ол ізденіс, белсенді ойлау және үйлесімді ақпараттық жжағдайды үйымдастыруға көмектеседі, ынталандыру сүрақтарымен ізденіс және керек ақпараттың нысанаға дәлділігімен сұрыпы есепті алаптан шешуші.

В.В. Давыдов және Д.Б. Эльконинның дамыта оқыту проблемасы оқу пәндері мен оның оқутәрбие процесінде орналастыру әдістерінің мазмұнымен тығыз байланысты.

Оқытудың дәстүрлі жүйесінде оқушылар қандай да бір пәнді игеруде тек ғылыми түсініктерді ғана игереді. Бірақ ғылымның негіздерін игеру фактілерімен танысуды ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы қатынастарды тануды, оларды себеп-салдарлы байланыстаруды, қатынастарды үйрену объектісіне айналдыруды білдіреді. Бұл проблеманы шешу сезімдік рационалды, үлгілік және көңілді аударарлық, нақты және абстрактты сияқты адамның танымдық әрекеттері жақтарының арақатынасы эмпирикалық және теориялық білімдердің табиғатын көрсететін кешенінің логикалық-психологиялық сүрақтарын арнайы үйренуді айтады.

Танымның мүндай жақтарын біріктіретін ішкі негізі болып автордың ойы бойынша жалпылау процесі мен онымен тығыз байланысты адамның ой-әрекеттерінің негізгі формасы ретінде түсініктердің жасалу жолдары болып табылады. Осыған байланысты жалпылау мәселелеріне ерекше мән беріледі.

В.В. Давыдовтың [В.В. Давыдов, 1986, 37 с.] анықтамасы бойынша жалпылау процесі салыстыру арқылы баланың заттарды бірнеше қасиеттерінің қайталануларын бөліп көрсетуінен тұрады. Жалпылауда іздеу мен заттардың әр түрлілігінде әр түрлі варианттылығы сөзінің мағынасы оның мәні ғана емес, сонымен қатар белгіленген әр түрлі варианттылықтың көмегімен осы көптүрлілігінде заттарды тану да жүзеге асады. Жалпылау абстракциялау операциясымен ажырамас байланыста қарастырылады.

Теориялық және эмпирикалық оқу процесінде В.В. Давыдов [В.В. Давыдов, 1986, 35 с.] эмпирикалық және теориялық абстракцияның жалпылау мен түсініктерінің келесідей ерекшеліктерін көрсетеді (соңғы үш түсініктің орнына «білім» термині қолданылады).

Эмпирикалық білім	Теориялық білім
Бірдей ортақ қасиеттерді бөліп көрсетіп, заттарды салыстыру мен оларды елестету процесінде өндіріледі.	Барлық өзінің жарыққа шығуының генетикалық пайда болу негізі болып табылатын рольді талдау процесінде және ішкі бүтін жүйесінің ерекше қатынастарынан кейбір функциялар туындайды.
Салыстыру процесінде бұл заттар бір-бірімен байланысқан байланыспағандығынан тәуелсіз заттардың кейбір жиынтығының ортақ қасиеттерінен формальды белгілер арзқылы жүзеге асады,білімі белгілі бір класқа заттар жиынтығының кейбір ортақ қасиеттерін бөліп алу арқылы жүзеге асырылады.	Барлығына бірдей негізі мен мәні ретінде талдау процесі бүтін генетикалық жүйенің бастапқы қатынасын ашуға мүмкіндік береді.
Ортақ қасиеттері формальды түрде заттардың ерекше және жекелеген қасиеттерімен қатарлас орналасқан ретінде ерекшеленеді.	Бүтін жүйенің шынайы өмірде бар барлығына ортақ бүтін жүйенің әр түрлі жарыққа шығуларының, барлығына ортақ бірліктерімен байланысының қатынастарымен байланысы есептеледі.
Заттардың сыртқы қасиеттерін көріністермен көрсетеді.	Заттардың ішкі қатынастары мен байланыстарын көрсетеді, сонымен қатар көріністердің шегінен де шығып кетеді.
Нақтылау процесі сәйкесінше заттардың класына жататын көрнекіліктерді, мысалдарды таңдаудан тұрады.	Нақтылау процесі бүтін жүйенің барлық негіздемелерінен бүтін жүйенің ерекше және жекелеп көрінуінің шығуы мен түсіндірілуінен тұрады.
Белгілеудің негізгі құралы термин сөздер болып табылады.	Әр түрлі символдық-белгілік құралдардың көмегімен ақылой әрекеттерінің әдістерімен көрінеді.

В.В. Давыдовтың [В.В. Давыдов, 1986, б. 37] негізгі концепциясы абстрактіден нақтыға шығу әдістерімен жүзеге асырылып әртүрліліктің бірлігі ретінде шынайы, нақты теориялық, нақты іске асыру болып табылады. Автор ойдың абстрактіден нақтыға шығу әдістерін балалардың оқу-әрекеттерін жүзеге асыруға қатысты қарастырады. Сонда білімді игерудің мәні білім өндірісінің актіне қатысып, оқушылардың әрекеттерін ұйымдастыруға, яғни ақиқатты қорытынды ретінде ғана емес, сонымен қатар ақиқаттық процесс ретінде, оған алып келген жолдарды түсінумен игеріледі.

Егер оқушылардың әрекеттеріне талдау жасасақ, ол келесі түрде көрінетін болады: қандай да бір оқу пәнін игеруге кіріспес бұрын оқушылар мұғалімнің көмегімен оқу материалының мазмұнын талдап, ондағы бастапқы барлық қатынастар, жеке материалда кездесетін көптеген басқа да жеке қатынастарда көрінетіні белгілі болатынын белгілеп көрсетеді.

Таңбалық формада белгіленгендерді алғашқы жалпы қатынаста есіне сақтай отырып, сонымен қатар оқушылар оқытылатын пәннің мазмұндық абстракциясын құрады. Оқу материалын талдауды жалғастыра отырып, оқушылар осы бастапқы қатынастан әр түрлі бұрын жарыққа шыққандармен заңдылық байланысты ашып көрсетеді және сонымен қатар үйрететін пәннің мазмұндық жалпы түсініктерін алады. Содан кейін оқушылар абстракцияға жиірек басқаларды біртіндеп шығару үшін олар оқу материалын кейбір «тор» арқылы белгілейтін бастапқы ойларды түсінікке айналдыратын мазмұндық абстракциялар мен жалпыламаларды қолданады.

Бұл «тор» бұдан былай оқушылар түсінік формасында абстрактіден нақтыға шығып келе жатқан жолын игеруді қажет ететін нақты оқу материалының барынша көптүрлілігінде олардың бағытталуының жалпы принципін атқарады.

Көрсетілген білімді алу жолының екі сипаттамасы бар:

– Балалардың ойлары жалпыдан жекеге мақсатты түрде жылжып отырады;

– Игеру – оқушылардың болып жатқан жағдайлардың мазмұны мен түсініктерді игеруді анықтауға бағытталған.

– З. И. Калмыкова концепциясы

– З.И. Калмыкова төмендегі көрсеткіштермен қалыптастыратын шығармашылық ойлауды оқуды өнімді есептейді:

– ойдың оригиналдығы, әдеттегіден алыстап кеткен жауаптарды алу мүмкіндігі;

– пайда болатын ерекше ассоциативті байланыстардың тез болуы және жай болуы;

– проблемаға сезімталдық, объектінің немесе бөліктерінің әдет болмаған қызметтері.

Өнімді ойлау көпзвенолы динамикалық жүйені диалектикалық қарама-қайшы түрде бірге болатын компоненттер қатарын білдіреді.

Жаңа білімді іздеу процесі секіріс тәрізді болады. Ол жерде алгоритмдік қана емес, сонымен қатар эвристикалық әрекеттер де орындалады, сондықтан ол бұрын игерілген білімнің көмегімен жүзеге асырылып, және одан шығуды да қарастырады.

З.И. Калмыкованың [З.И. Калмыкова, 1981, 98 б.] идеясы бойынша оқытуды жетілдіру бір адамға бағытталып жүзеге асырылмайды, тіпті ол технологиялық-педагогикалық тиімді принцип болса да. Және де ол оқушыларды дұрыс бағаламауға әкеп соғады, оқу процесі бір жақты болып қалады. Сондықтан, оқытудың проблемалылығы, даралылығын және оқытудың дифференциалдығы бар ойлаудың әр түрлі компоненттерінің үйлесімді дамуы (нақты, абстрактты-теориялық) ақыл-ой әрекеттерінің алгоритмдік және эвристикалық әдістерін қалыптастыру; арнайы есте сақтау (мнемикалық) әрекеттерді ұйымдастыруды құрайтын принциптер жүйесі қажет.

Бір әдістеменің ең маңызды элементтерінен, тынымның сырттың жолының тап деген нысанаға дәлдеуі өткенді шолатын зерттеу кезеңі болып табылады, еш кейінгі есеп табысты шешімінің мүмкіндігі қамтамасыздандырмайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хомпыш Х., Математикалық физика теңдеулері. Теория, жаттығулар мен өзіндік жұмыстар: оқу құралы, 2018, 290 б.
2. Гурова Л.Л. Психологический анализ решения задач. Воронеж, 1976, 364 б.
3. Нурк Э.Р., Тельгман А.Э. Математика: учеб. для 5-го кл. сред. шк. Просвещение, 1993, 223 б.
4. Роках А.Г. Логика и эвристика научно-технических решений. – Саратов, 1991, 170 б.
5. Лиман М.М. Школьникам о математике и математиках: Пособие для учащихся 4-8 кл.ср.шк. Просвещение, 1981, 80 б.
6. Делин В.Н., Селезнев В.П. Мироздание постигая…: Несколько диалогов между философом и естествоипытателем о современной научной картине мира\худож. Д.Б.Каменщиков. М: Мол. гвардия, 1989, 267 б.
7. Давыдов В.В. Проблема развивающего обучения. –М.: Педагогика, 1986, 220 с.
8. Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости.-М.: Просвещение, 1981, 120 с.

МРНТИ 14.29.01
УДК 376.3

Осимбаева Ардақ Құлжабайқызы,
2-курс магистранты,
Арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасы,
Педагогика және психология факультеті,
ҚазҰҚПУ

Өмірбек Салтанат Жеңісқызы,
ғылыми жетекші, психол.ғ.к.,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail-ms.osimbaeva@mail.ru

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа: *Қазіргі таңда әлеуметтік-педагогикалық қолдау проблемасы бүгінгі жалпы білім беру үдерісінің өзекті мәселелеріне айналып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың қалыпты балалармен тең білім алып, әлеуметтенуі, өзіне-өзі қызмет көрсете білу, қоғамның толыққанды бір мүшесі болуына әлеуметтік-педагогикалық қолдаусыз қол жеткізу мүмкін емес болып отыр. Мақалада ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар түсінігінің мәні ашылып, ғылымға ену, зерттеу мәселесі қозғалған. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың түрлері, оларды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мақсаты, міндеттері айқындалған. Әлеуметтік-педагогикалық қолдауда психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның атқаратын рөлі ескермеу мүмкін емес. Мақалаға психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалармен қызмет түрлері, ерекшеліктері енгізілген.*

Түйін сөздер. *Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, ерекше қажеттіліктер, инклюзивті білім беру.*

Осимбаева Ардак Кулжабаевна,
Магистрант 2-го курса,
кафедра Специальной и социальной педагогики,
факультет Педагогики и психологии,
КазНацЖенПУ

Омирбек Салтанат Женисовна,
научный руководитель, канд.психол.наук.,
г. Алматы, Казахстан,
E-mail-ms.osimbaeva@mail.ru

ОРГАНИЗАЦИЯ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация: *В настоящее время проблема социально-педагогической поддержки становится актуальной проблемой современного общеобразовательного процесса. Без социально-педагогической поддержки невозможно добиться того, чтобы дети с ограниченными возможностями получили равные знания, социализацию, самообслуживание, полноценное членство в обществе. В статье раскрывается сущность понятия детей с особыми образовательными потребностями, затронуты вопросы внедрения в науку, исследования. Определены виды детей с особыми образовательными потребностями, цель, задачи их социально-педагогической поддержки. В*

социально-педагогической поддержке очень важна работа психолого-медико-педагогического консилиума. В статью включены виды, особенности деятельности психолого–медико-педагогического консилиума с детьми с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова. *Лица с особыми образовательными потребностями, психолого-медико-педагогический консилиум, социально-педагогическая поддержка, особые потребности, инклюзивное образование.*

ORGANIZATION OF SOCIAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT FOR CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Ossimbayeva Ardak Kulzhabayevna,
Undergraduate 2-st year,
Department of Special and social pedagogy,
faculty of Pedagogy and psychology,
Kazakh National Women`s Teacher Training University

Omirbek Saltanat Znenisovna,
k.ps.s., scientific advise,
E-mail-ms.osimbaeva@mail.ru

Abstract: *Currently, the problem of social and pedagogical support is becoming relevant today in the educational process. Without social and pedagogical support, it is impossible to ensure that persons with disabilities receive equal knowledge, socialization, self-service, and the designation of a full-fledged member of society. The article reveals the essence of the concept of a person with special educational needs, touches on the issue of implementation in science, research. The types of persons with special educational needs, the purpose and tasks of their social and pedagogical support are defined. A special role in social and pedagogical support is played by the psychological, medical and pedagogical Council. The article includes the activities of the psychological-medical-pedagogical Council with persons with special educational needs.*

Keywords: *Persons with special educational needs, psychological, medical and pedagogical consultation, social and pedagogical support, special needs, inclusive education.*

Білім беру үдерісі екі маңызды өркениеттік қызметті орындайды: оның рухани, адамгершілік, көркемдік, мәдени дамуы және әлеуметтенуі, сондай-ақ экономикалық қызметі – қоғамдық өндіріс үшін білікті еңбек көздерін молайту. Қазіргі кезеңдегі қазақстандық социумның ең өзекті демографиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларының бірі – бұл қоғамға ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды енгізу. Халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, экономика, мәдениет, көлік, құрылыс және сәулет басқару органдарының қатысуымен ерекше білім алу қажеттілктері бар тұлғалардың әлеуметтік мәселелерін кешенді шешу қажет, сонымен бірге әлеуметтік оңалтудың бірыңғай, тұтас жүйесін әзірлеу қажет.

Мүмкіндіктері шектелген оқушылар әлеуметтік тәжірибесі қанағаттансыздықтан туындаған салдарларға әлсіз екені анық. Ақыл-ой немесе оқытуы бұзылған адамдар әлеуметтік оқшаулаудың жоғары тәуекелімен және басқа адамдарға қарағанда достардың аз санының бар-жоғына тапшы екенін-дігін дәлелдейтін жеткілікті дәлелдемелер бар. Бұл дегеніміз, әлеуметтік байланыс сыныптардағы әр түрлі әдіс-тәсілдермен көтерілуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас сыныптағы мінез-құлықтық және эмоциялық қызығушылықты болжайды және құрдастары арасындағы қарым-қатынасты жақсартады [Vuorinen K., Erikivi A., Uusitalo-Malmivaara L., 2018, 45 б.]

ЭЫДҰ (экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдерінде "ерекше білім беру қажеттіліктері" термині дене, психикалық ерекшеліктері, қабылдау мен мінез-құлқының бұзылуы бар балаларға, созылмалы аурулары бар балаларға, ауруханада немесе үйде ұзақ уақыт емделіп жатқан балаларға, эмоциялық проблемалары бар балаларға, қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларға, зорлық-зомбылықты бастан кешірген балаларға, әскери қақтығыстар аймақтарындағы балаларға, босқындарға және орын ауыстырған адамдарға қолданылады. Бұл терминдерді дарынды балаларға қатысты да табысты қолдануға

болады, себебі бұл балалардың да ерекше қажеттілігі бар – дарындарды дамыту және жеке қасиеттерін ашу [Елисеева И.Г., Ерсарина А.К.,16 б.].

Әлемдік тәжірибедегі инклюзивті білім беру, ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жеке оқыту қағидаттарын жүзеге асыруға негізделген. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға мыналар жатады:

– мүмкіндіктері шектеулі балалар;

– мигранттар, оралмандар, босқындар, саны аз ұлттар отбасыларынан шыққан балалар;

– қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар) [https://kaznpu.kz/docs/ins_pedagogiki_psih/resursni_center/2016/podhodi_2015.pdf];

– өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар (қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныстіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар;

– арнаулы білім беру ұйымдарындағы, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы балалар [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345].

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар әлеуметтік-педагогикалық қолдау – әр түрлі бейіндегі мамандар тарапынан даму, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтендіру міндеттерін шешуде бала мен ата-аналарға әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау мен көмектің кешенді технологиясы. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар мен мүгедек балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдауды педагог-психологтар, сынып жетекшісі, пән мұғалімі, әлеуметтік педагог, логопед-мұғалім, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

Баланың проблемасына неғұрлым сәйкес келетін жұмыс әдістерін таңдау, балалардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мазмұнын іріктеу мектеп психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумында (ПМПк)жүзеге асырылады.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПк) – негізгі дамуында және/немесе ауытқулары бар білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау үшін біріктірілетін мектеп мамандарының өзара іс-қимылының ұйымдастырушылық нысаны. ПМПк шеңберінде стратегияны және білім алушыны (тәрбиеленушіні), балалардың белгілі бір топтары мен құрылымдық бөлімшелерді әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың нақты мазмұны мен регламентін жоспарлау.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар сыныптарында оқитын мектеп мұғалімдері ілесіп жүретін мамандармен қатар ПМПк қатысушылары болып табылады.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар әлеуметтік-педагогикалық қолдау бағдарламасы, оның негізгі мазмұнын көрсететін және барлық білім беру қызметін қамтитын, ата-аналар жұртшылығымен және өзге де қоғамдық ұйымдармен: диагностикалық; түзету-дамыту; консультативтік; ақпараттық-ағартушылық; профилактикалық; үйлестіру; сараптамалық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін өзара байланысты бағыттарды қамтиды.

*Зерттеудің нысаны***:** ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау мүмкіндіктері.

Зерттеудің мақсаты: ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау мүмкіндіктерінің мәселелерін айшықтау.

Осы *мақсатқа* жету үшін төмендегі *міндеттер* қойылған:

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалардың негізін ашу;

– әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мағынасы мен мазмұнын анықтау;

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың теориялық негізін талдау;

– Қазақстан Республикасындағы ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың қазіргі жағдайына талдау жүргізу, басты қайшылықтары мен проблемаларын айқындау;

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғалардың заңнамалық қолдаудының мазмұнын негіздеу;

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар тұлғаларға көрсетілетін қызмет түрлерін түрлі мекемелерде жүйелеу, қызмет көрсету барысында ұшырасатын қарама-қайшылықтарды шешу жолын ұсыну.

Зерттеуде ерекше білім алу қажеттіліктері баланың отбасының әлеуметтік-педагогикалық қолдауын зерттеу базасы №61 жалпы білім беру орта мектебінде жүргізілді.

Зерттеуге тіл кемістіктері бар – 12, психикалық дамуы тежелген – 4 бала тәрбиелеп отырған 16 отбасы қатысты. Сауалнаманы толтырған ата-аналардың жасы – 27-45 жас аралықтарында. 11 отбасы толық, 5 отбасы толық емес отбасы (3 жалғыз басты ана, 2 толық емес отбасы). Барлығы 16 адам қатысты.

Зерттеуде қойылған міндеттерді шешу үшін эксперименттік жұмыс анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерін қамтыды.

Ерекше білім алу қажеттіліктері баланың отбасының әлеуметтік-педагогикалық қолдауын зерттеу базасы №61 жалпы білім беру орта мектебінде жүргізілді.

Зерттеуге тіл кемістіктері бар – 12, психикалық дамуы тежелген – 4 бала тәрбиелеп отырған 16 отбасы қатысты. Сауалнаманы толтырған ата-аналардың жасы – 27-45 жас аралықтарында. 11 отбасы толық, 5 отбасы толық емес отбасы (3 жалғыз басты ана, 2 толық емес отбасы). Барлығы 16 адам қатысты.

Зерттеуде қойылған міндеттерді шешу үшін эксперименттік жұмыс анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерін қамтыды.

Тәжірибелік-іздестіру жұмыстары аясында анықтаушы эксперимент барысында **"Ата-ана қарым-қатынасының сауалнамасы" тест-сауалнамасы (ОРО) (А.Я. Варга, В.В. Столин)** қолданылды.

Мақсаты: Ерекше білім алу қажеттіліктері бар бала мен ата-ана қатынасын анықтауға бағытталған диагностикалық құрал болып табылады. Мұнда ата-ана қатынасы мүмкіндіктері шектеулі балаға қатысты әртүрлі сезімдер жүйесі, онымен қарым-қатынаста қолданылатын мінез-құлық стереотиптері, баланың сипаты мен жеке басын, оның әрекеттерін қабылдау және түсіну ерекшеліктері ретінде түсініледі.

Тест-сауалнама 61 сұрақтан тұрады. Әрбір сұраққа "иә" немесе "жоқ" деп жауап беру қажет. Тест-сауалнама 5 белгілері тұрады.

1) ***Баланы қабылдау – қабылдамау***. Бұл деңгейде ата-ананың балаға жалпы эмоциялық оң (қабылдау) немесе эмоциялық теріс (қабылдамау) көзқарасын білдіреді.

2) ***Қауымдасу.*** Бұл деңгей ересектердің баламен ынтымақтастыққа ұмтылысын, олардың тарапынан шын ниетпен мүдделілік танытуын және оның істеріне қатысуын білдіреді.

3) ***Симбиоз.*** Бұл деңгейдің сұрақтары ересектердің баламен бірігуге ұмтылатынын немесе керісінше, бала мен өз арасында психологиялық қашықтықты сақтауға тырысатынын анықтауға бағытталған. Бұл – бала мен ата-ананың өзіндік байланысы.

4) ***Авторитарлы гиперәлеуметтендіру.*** Бұл деңгей ересектердің баланың мінез-құлқын, онымен қарым-қатынаста қаншалықты баланы демократиялық немесе авторитарлы бақылайтынын сипаттайды.

5) ***«Балалардың сәтсіздіктеріне көзқарас».*** Бұл соңғы деңгей ересектер баланың қабілетіне, оның қадір-қасиеті мен кемшіліктеріне, табыстары мен сәтсіздіктеріне қалай қарайтынын көрсетеді.

Енді зерттеудің анықтаушы кезеңіндегі диагностиканың нәтижелерін талдаймыз (1-кесте).

1-кесте

«Ата-ана қарым-қатынасының сауалнамасы» әдістемесі бойынша алынған ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары жауаптарының диагностика нәтижелері (айқындаушы кезең)

№	Бағалау критерийі	Жоғарғы деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
1	**Баланы қабылдау – қабылдамау**	13	1	2
2	**Қауымдасу**	2	14	0
3	**Симбиоз**	10	6	0
4	**Авторитарлы гиперәлеуметтендіру**	9	5	2
5	**«Балалардың сәтсіздіктеріне көзқарас»**	6	7	3

Сонымен, "Ата-ана қарым-қатынасының сауалнамасы" (А.Я. Варга, В.В. Столин) әдістемесі бойынша зерттеу нәтижелері ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға тән балалар – ата-ана қарым-қатынастарының төмендегідей ерекшеліктерін көрсетті:

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар отбасыларының көбінде баланы қабылдауы жоғары, дегенмен де ата-ана арасында баласын қабылдамайтындары да болды;

– сонымен қатар, авторитарлы гиперәлеументендіру басым, ол баланың мінез-құлқын бақылау, өз еріктерін балаға таңумен көрініс табады;

– ата-аналар балаға көп көңіл бөледі, онымен көп уақыт өткізуге тырысады, гиперқамқорлық танытады;

Алынған мәліметтерді жинақтай келе, ана-аналармен жұмыс бағдарламасы құрылып, бағдарлама негізінде сабақ кешендері жүргізілді:

Дәріс сабақ: Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.

Мақсаты: қолдаудың негізгі міндеті – толыққанды дамуы, әлеуметтік табысты тұлғаның қалыптасуы, баланың білім алу құқығын қорғау және өзінің әлеуеттік мүмкіндіктеріне сәйкес дамыту үшін арнайы жағдайлар жасау екенін көрсету.

Семинар сабақ: Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.

Мақсаты: мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау міндеттерін талдау.

Талқылау үшін сұрақтар:

1. Баланың мәртебесін жүйелі түрде қадағалау және оның психикалық даму динамикасы.

2. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланың жеке басын дамыту үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау.

3. Ата-аналарды өз баласымен ынтымақтастықтың әлеуметтік-педагогикалық технологияларына, отбасы жағдайында оны тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдері мен әдістеріне және оларға психологиялық қолдау көрсетуге үйрету.

Қалыптастырушы экспериментте жүргізілген жұмыстарды қорытындылап, бақылау эксперименті жүргізілді. Анықтаушы және бақылау эксперименттерін салыстыра келе, төмендегі жетістіктерге жеттік:

– баланы қабылдау, қабылдамау шкаласы бойынша жоғары деңгей 88%-ға;

– қауымдасу шкаласының жоғарғы деңгейі 40%-ға;

– симбиоз шкаласы бойынша жоғарғы деңгей 50%-ға;

– авторитарлы гиперәлеуметтендіру жоғарғы деңгейі 57%, «балалардың сәтсіздіктеріне көзқарас» шкаласы 21%-ға төмендегін байқадық.

Анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау эксперименттерін қорытындалай келе, ерекше білім алу қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеп отырған отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың басты міндеттері:

– балалар мен ата-ана қарым-қатынастарын үйлестіру;

– баланы сөзсіз қабылдауды, оның мүмкіндіктері мен жетістіктерін барабар оң бағалауды қамтитын, отбасында қолайлы психоэмоционалдық ортаны қалыптастыруға қол жеткіздік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Journal of Research in Special Educational Needs Volume 19 Number 1 2019 45–57. https://doi.org/10.1111/1471-3802.12423
2. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы: ННПЦ КП, 2019. – 118 с.
3. Концептуальные подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан Республики Казахстан.01.06.2015 г. № 348. https://kaznpu.kz/docs/ins_pedagogiki_psih/resursni_center/2016/podhodi_2015.pdf
4. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан. 08.08.2002 г. № 345- II 6. http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345

ҒТАХР: 77.03.05

Оспанкулов Ернар Ерланұлы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

Кеңесбаев Серік Мұхтарұлы,
«Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы
Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАЛПЫ ДАМЫТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗБЕТІМЕН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: *Мақалада жалпы дамыту жаттығулары арқылы бастауыш сынып оқушыларының өзбетімен орындау дағдыларын дамытудың психофизиологиялық негіздері зерттеуіміздің басты аспектісі ретінде қарастырылады. Жалпы дамыту жаттығулары оқушылардың өз бетімен орындауға игерген сәтінен бастап олардың тұрақты орындауы арқылы өзін дене тәрбиесін, дене мәдениетін жетілдіретін тиімді құралы екені айқын. Мақала барысында бастауыш сынып оқушыларының жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындау дағдыларын дамыту әдістемесінің тірегі нық болуы оның физиологиялық, психофизиологиялық, психологиялық теориялармен терең байланысты екені анық көрсетілген. Жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындауға деген ынтасын, ерік-жігерін, мотивациясын қалыптастыру маңыздылығы мен оның шешу міндеттерінің факторлар жіктемесі берілген. Психолог галымдар еңбектеріне талдау жасалып, бастауыш сыныпта оқу кезінде балалардың өмір бойы ұстанатын дене тәрбиесі мен дене мәдениетінің негізі қаланатындығы, нақ осы жаста қозғалыс мәдениетінің базалық компоненттерін игеруге өте жайлы болып табылатындығы, өсе келе ол базалық компоненттер қозғалыс координацияларының, түрлі дене жаттығуларының бай қорына, арсеналына айналатындығы анықталған.*

Түйін сөздер: *жалпы дамыту жаттығулары, өзбетімен орындау дағдылары, психологиялық ерекшеліктер, бастауыш сынып оқушылары, бала дамуы мен дағды қалыптастыру.*

Оспанкулов Ерлан Ерланович,
Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

Кенесбаев Серик Мухтарович,
Филиал АО «НЦПК «ӨРЛЕУ» институт повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области,
Алматы, Казакстан

ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ЧЕРЕЗ ОБЩЕРАЗВИВАЮЩИЕ УПРАЖНЕНИЯ

Аннотация: *В данной статье мы рассматриваем психологические основы развития самостоятельных навыков учащихся начальной классов через развивающие упражнения как один из важных аспектов нашего исследования. Известно что развития самостоятельных навыков учащихся начальной классов через развивающие упражнения после того как будут освоены ребенком, является эффективным средством повышения физической культуры и воспитания. Также в статье мы говорим о стержне методики развития самостоятельных навыков учащихся начальной классов через развивающие упражнения и для этого очень важно изучение физиологических, психофизиологических, психологических теорий. Также особое внимание уделено тому что для самостоятельного выполнения общеразвивающих упражнений важно формировать силу-воли, мотивацию и для решения данных задач в исследовании выявлены факторы. При анализе трудов ученых-психологов были определены ряд*

важных моментов, таких как, основа физической культуры и воспитания который ребенок использует по жизни формируется в этом возрасте, также в данном периоде развития ребенка хорошо усваивается культура базовых компонентов, и эти базовые компоненты являются богатым арсеналом физического здоровья личности.

Ключевые слова: *общие развивающие упражнения, навыки самостоятельной работы, психологические особенности, учащиеся начальных классов, развитие ребенка и формирование навыков.*

Ospankulov Ernar Yerlanovich,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

Kenesbaev Serik Muhtarovich,
Branch of JSC “NCPD “Orleu” Institute for professional development of Almaty region"
Almaty, Kazakstan

PSYCHOPHYSIOLOGICAL FOUNDATIONS FOR DEVELOPING OF INDEPENDENT SKILLS OF PRIMARY STUDENTS THROUGH DEVELOPMENTAL EXERCISES

Abstract: *In this article, we consider the psychological basis for the development of independent skills of primary school students through developmental exercises as one of the important aspects of our study. It is known that the development of independent skills of primary school students through developmental exercises after they are mastered by a child is an effective means of improving physical education and upbringing. Also in the article we are talking about the core of the methodology for developing independent skills of primary school students through developing exercises, and for this it is very important to study physiological, psychophysiological, psychological theories. Also, special attention is paid to the fact that for the independent implementation of general developmental exercises it is important to form willpower, motivation and to solve these problems in the study, factors were identified. When analyzing the works of psychologists, a number of important points were identified, such as the basis of physical culture and upbringing that the child uses in life is formed at this age, also in this period of the child’s development, the culture of basic components is well absorbed, and these basic components are a rich arsenal of physical personal health.*

Key words: *general developmental exercises, independent work skills, psychological characteristics, primary school students, child development and skills formation.*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп атап көрсеткені белгілі [*Н.Ә. Назарбаев 2017*].

Оқушылардың психологиялық денсаулығына кері әсер ететін факторлардың әлеуметтік-мәдени сипаты заманауи өзгерістерге, дене тәрбиесінің қажетті деңгейде жолға қойылмауымен байланысты. Бастауыш сынып оқушыларының мектепте, үйде, көп ретте, физикалық еңбекпен айналыспай, бір жерде ұйығып отыра беруі бой алып келеді. Оның барлығы бастауыш сынып оқушыларының жүрек-қан тамырлары жүйесінің әсер етіп, еңбек қабілеті, қан тамырларының күш-қуаты әлсірейді. Бастауыш сынып оқушыларының қозғалу әрекеттерін дамыту күнделікті қозғалыстар, атап айтсақ, жүру, жүгіру, секіру сияқты әрекеттер негізінде іске асырылатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты түлға келбетінде қалыптасып, дамуы және олардың дене тәрбиесі мәдениетін жоғарылауы балалардың денсаулығы зор болуына, дененің дамып-жетілуі мен шынығуының шынайы кепілі болады.

И.П. Павлов қозғалыс әрекетінің жоғары жүйке жүйесінің маңызды сигнал факторы деп санайды: «бес сыртқы анализаторларға біз, ең алдымен, жоғарғы нәзік анализаторды – қозғалыс аппараттарының ішкі анализаторларын қосуымыз керек, ол орталық жүйке жүйесіне қозғалысқа қатысатын қозғалыс аппараттарының, дене қалпының және дене мүшелерінің кернеуі мен қарқыны туралы сәт сайын сигнал беріп отырады».

И.М. Сеченовтың теориясына сәйкес, «барлық жұмыс жасаушы тірі жүйе, оның жекелеген элементтері сияқты, танығуы, қайта қалпына келіп отыруы міндетті... Ал ми қабықтарының жасушалары, ерекше ұқыптылықпен қорғалуы керек».

Жалпы дамыту жаттығулары оқушылардың өз бетімен орындауға игерген сәтінен бастап олардың тұрақты орындауы арқылы өзін дене тәрбиесін, дене мәдениетін жетілдіретін тиімді құралына айналады. Өйткені ЖДЖ-ны өз бетімен орындауға жеткен оқушыны үлкен нәтижеге қол жеткізді деп санауға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының басқа сабақтарды үлгіріп алып кетуі немесе үлгіре алмай қалуы да олардың қозғалыс белсенділігінің төмендеуінен туындауы мүмкін. Өйткені аз қозғалыс баланың психикалық әрекетіне ықпалын тигізеді, баланы үйқы не шаршаңқылық басады, сылбыр, босаң болады, тез ашуланады, мұның бәрі біртіндеп ақыл-ой қызметінің де әлсіреуіне жетелейді.

Жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындауға деген ынтасын, ерік-жігерін, мотивациясын қалыптастырудың маңызы зор. Осы көздеген міндетті шешудің бірнеше факторларын жүйелеуіміз керек. Олар:

– біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты факторлар;

– екіншіден, балалардың физикалық даму факторалы;

– үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының дамуының психикалық және психофизиологиялық факторлары;

– төртіншіден, оқушының жеке басы ерекшеліктері факторлары.

Бастауыш сынып оқушылары үшін қозғалыс белсенділігі қажетті болатыны қалыпты жағдай екені белгілі. Мектепке дейінгі тәрбиеден ендігі ретте жүйелі оқытуға көшкен бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс белсенділігі де азая бастайды. Ал бастауыш мектеп оқушыларының тұтас мектеп жүйесін жақсы денсаулықпен аяқтап шығу үшін, бастауыш мектеп кезеңіндегі дене тәрбиесіне зор назар аударылуы керек.

Ол өсу мен даму процесі балалардың психикасының да өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуына мұрындық болады. Осының нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының ағзасы жалпы дене тәрбиесіне және құралдарына өте сезімтал болып келеді.

Бастауыш сыныптарда жалпы дамыту жаттығуларын ұйымдастырып өткізу және олардың әдістемесі балалардың денсаулығын нығайтатын, салауатты өмір салтына бағдарлайтын, білім беретін міндеттер кешенін шешуге қолдау жасауы керек. Оларды атап көрсетуге болады:

– ЖДЖ ұйымдастыру арқылы бастауыш сынып оқушыларының толыққанды физикалық дамуын және денсаулығы нығаюы міндеті;

– балалардың ерік-жігері мен мінезінің берік болуына сеп болу міндетін;

– ЖДЖ дене тәрбиесі сабақтарында, спорттық іс-шараларда және ең бастысы, өз бетімен орындау дағдысын қалыптастыру міндетін;

– физикалық қасиеттерін дамыту міндетін;

– ЖДЖ орындату арқылы оқушылардың денсаулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтына бейімделуге, білім алуына, дамуына қажетті білім мен дағдыларды меңгерту міндетін шешеді.

Бастауыш сынып оқушыларына жалпы дамыту жаттығулары арқылы өзбетімен орындау дағдыларын қалыптастыру әдістемесі өзінің көпқырлылығымен айрықшаланады. Ондай көпқырлылықтың болмысы, ең алдымен, бастауыш сынып оқушыларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері арқылы түсіндірілсе, екіншіден, дене тәрбиесі жүйесінің алдына қойылатын педагогикалық міндеттер арқылы түсіндіріледі. Дене тәрбиесі пәні мұғалімі дене тәрбиесі жаттығуларының, біздің жағдайымызда, жалпы дамыту жаттығуларының мазмұны мен арнайы әдістерін меңгертуді ғана білуімен шектелмеуі тиіс, есесіне, жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындатудың түріл әдіс-тәсілдер жүйесін және оларды тиімді қолданудың психологиялық-педгогикалық шарттарын дұрыс орындау үшін физиологиялық, психофизиологиялық терең біліміге ие болуы тиіс. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының ағзасы әрбір сәт тек өсу, даму үстінде болады. Осындай қарқынды даму процесінің дұрыс педагогикалық басқарылуы аса маңызды екендігін дене тәрбиесі пәні мұғалім жадына түйіп алуы міндетті.

2014 жылы ЮНЕСКО жаңадан Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесін (БХСЖ 2011) қабылады. Мұнда түңғыш рет БХСЖ 0 деңгейдегі бағдарламалардың екі санаты белгіленді.

– Бірінші санатта бала дүниеге келгенннен бастап 2 жасқа толғанға дейінгі аралықтағы балаларға арналған даму бағдарламалары.

– Екінші санатта 3 жастан жоғары балаларға арналған мектепке дейінгі және бастауыш білім бағдарламасына дейінгі білім бағдарламасы [2].

Ирландия, Австралия, Жаңа Зеландия, Сингапур елдеріндегі ұлттық білім стандарттары бала тәрбиесінің, білім берудің және педагогтердың қызметін ұйымдастыру шарттарын анықтайды. Австралияның ұлттық стандартының қағидаттары:

– өзара құрметтеуге;

– ынтымақтастыққа;

– теңдікке;

– мәдени түрлілікке;

– үздіксіз білім алуға;

– рефлексивтік тәжірибеге сүйенуге негізделген [*ҚР Ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері, 2014, 37-38 б.*]

Жапонияның, Чехияның, Норвегияның, Сингапурдың ұлттық стандарттары баланың денсаулығын, физикалық және әлеуметтік дамуын дамудың ерекше элементтері ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының халықтың денсаулығын сақтауды дамыту мемлекеттік бағдарламаларында мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің денсаулығына, салауатты дамуына зор назар аударылып келеді. Медициналық мемлекеттік бағдарламалардың ұстанатын негізгі бағдарлары – мектеп оқушыларының физикалық және психикалық саулығын сақтауға және нығайту, мектепте оқушыларының ден шынықтырумен және спортпен шұғылдануын, мектеп медицинасын дамыту [*ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1684 қаулысы*].

ҚР БҒМ Балалардың құқытарын қорғау Комитетінің 2013 жылғы «Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы» баяндамасында: «Қазақстан Республикасындағы халықтың дене тәрбиесі даярлығының Президенттік сынамалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы № 774 қаулысына сәйкес республикада дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы республика түрғындарын сауықтыру, халықтың барық топтары мен әлеуметтік санаттарын спортпен айналысуға, салауатты өмір салтына бейімдеу негіздері ретінде Президенттік сынамаларды енгізу жөніндегі жұмыс жалғасуда. Балалар-жасөспірімдер спортының әлсіз дамуына, өткізілетін ісшаралардың материалдық-техникалық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз етілуінің жеткіліксіз болуына байланысты бүгінгі күні дене шынықтыру және бұқаралық спорт саласы жеткілікті деңгейде дамымай отыр»,- деп атап көрсетілген [*ҚР БҒМ, 2013*].

Бастауыш мектеп оқушылары үшін мектеп – өскелең ағзаға, әлі де бекімеген тірек-қозғалыс аппаратына түсірілетін ауыр жүк. Ауыр қоржындары, ұзақ уақыт қозғалмай отыру, белсенді ойындардың аз қолданылуы, бастауыш сынып оқушысының жасына лайық эмоциялық қиындықтар. Осылардың барлығы бастауыш сынып оқушыларының еңсесі түсіп, дене дамуын тежеуге немесе бой сымбатының бұзылуына алып келеді.

Бұл жаста балалардың көкірек жасушалары ірілене бастайды. Осыған сай,балалардың өкпесінің өміршеңдік көлемі ұлғая бастайды. Ғалымдардың айтуынша, 6-7 жастағы ұл балалардың өкпесінің өміршеңдік аумағы 1400 мл құрайды, ал осы жастағы қыз балаларда – 1200 мл 11 жаста ұл балаларда – 2200 мл, ал қыз балаларда 2000 мл құрайды.

Бастауыш сынып оқушыларының ЖДЖ-н мұғалім басшылығымен және өз бетімен орындауы барысында, ең алдымен, дұрыс тыныс ала білуге дағдыландыру – дене шынықтыру сабағының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады [*Фомин Н.А., Филин В.П., 2001*].

Бастауыш мектепте білім беру мен тәрбие процесін ұйымдастыру өткізу барысында «Оқыту жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» белгіленген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 9 қаңтардағы Қаулысымен бекітілген санитарлық ережелер басшылыққа алынады [*Филин В.П., 1972*].

Әрине, бастауыш сынып оқушыларының ЖДЖ дұрыс орындауға және сол арқылы өз бетімен орындауға дағдылануы – дұрыс тыныс алуға дағдылануымен бірге, онымен тығыз байланыста болатын қан айналу ағзаларының да дұрыс функциясын қамтамасыз етумен байланысты болып келеді. Қан айналу жүйесі зат алмасудың, оның ішінде газ алмасудың да, тіндік деңгейіне қолдау жасауға қызмет етеді. Яғни қан адам ағзасының барлық жасушаларына қоректік нәрін және оттегін тасып жеткізеді. Сонымен бірге атқаратын тағы маңызды қызметі – адам ағзасынан шығарылуы керек зиянды нәрселерді жинап алып шығу.

Балалардың бойы, денесі өсіп, толған сайын, жүректің салмағы да арта бастайды. Ал жүректің соғу жиілілігі минутына сол 84-90 рет соғумен түрады. Ересек адамда жүрек соғу жиілілігі – минутына

70-72 болатыны белгілі. Осындай ерекшеліктер негізінде қан айналу жылдамдығының ересектерге қарағанда, балада екі есе жоғары деңгейде болуы ағзаның қан арқылы қоректену жылдамдығы да жоғарылайды. Сонда балада зат алмасу процесінің, ересектерге қарағанда, биік болуы қан көлемі мен дене көлемінің ерекшеліктеріне байланысты.

Бастауыш сынып оқушыларының бір жетілмеген түсы – бұл жаста балалардың жүрек қызметінің тез қозуы. Балаларда мұндай кезде кей ретте аритмия байқалып, сырттан келетін түрліше әсерлерге тез белгі беріп жатады.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке басының психофизиологиялық ерекшеліктерін дене тәрбиесі сабақтарында аса қадағалау – мұғалімнің басты міндеті. Өйткені жеке психофизиологиялық ерекшеліктерді ескермеу дене тәрбиесі сабағының оқушылардың денсаулығын жақсартуға емес, көп ретте, баланың даму барысын, жеке танымдық даму стратегияларын кері кетіруге себепкер болуы да мүмкін.

Бастауыш сыныптан бастап дене тәрбиесін дене мәдениетін қалыптастыруға қарай бұру арқылы оқушылардың өмірге, өзіне, білім алуына, дене тәрбиесіне аксиологиялық, құндылық тұрғысынан қарауға үйретеді. Дене тәрбиесінің нәтижесі – адамның, біздің жағдайымызда бастауыш сынып оқушыларының физикалық дайындығы және ЖДЖ жаттығулары негізінде қалыптасатын қозғалыс дағдыларының жетілуі, өміршең күшінің биік деңгейі, адамгершілік, эстетикалық, зияткерлік дамуы.

Әрбір жекелеген оқушының жалпыадамзаттық рухани және материалдық мәдениетті танып-білуімен бір қатарда дене мәдениетіне де қол жеткізуі үшін ЖДЖ жүйесін бастауыш сыныптан бастап шығармашылық деңгейге жеткізе меңгерту және өз бетімен орындауға қалыптастыру маңызды орын алады. Өйткені бастауыш мектепте білім алу процесінде оқушыларға кездесетін көптеген кедергілер мен күрделі мәселелерді шешу кезінде баланың денсаулығы мықты болуы үлкен маңызға ие болады [*Сисенбердиева А.Ж., 2011, 398 б.*].

ЖДЖ жүйесі негізінде оқушының өз бетімен орындау дағдылары меңгертіледі, нәтижесінде оның жеке тұлға ретіндегі болмысында маңызды бір компонент ретінде өзіндік дене мәдениеті қалыптасады. Оқушы жеке тұлға дәрежесіне жетіп, дене мәдениетін игеруінің белгілері келесі көрсеткіштермен танылады.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына тән бір ерекшелік – өз зейінін бір нәрседен екінші нәрсеге тез аудара алмайды, бірақ кейін біртіндеп қалыптасады.

Жалпы дамыту жаттығуларын дене шынықтыру сабақтары негізінде меңгерген оқушының ЖДЖ-н өз бетімен орындауға дағдылануында психологиялық түрғыдан реттеп отыратын тетіктерді қалыптастыру маңызды орын алады. Психологиялық реттеудің психологиялық тетіктерінің ішінде келесілерді маңызды ретінде атап көрсетеміз:

– біріншіден, оқушының орталық жүйке жүйесінде жоғары продуктивтік психо-эмоциялық және физикалық жай-күйінің шартты-рефлекторлық байланыстарының бекітілуі;

– екіншіден, ЖДЖ өз бетімен орындауға байланысты алғашқы кезде туындаған теріс құбылыстардың және керексіз эмоциялық қажудың күші біртіндеп кемуі;

– үшіншіден, актуалды психикалық және физикалық жай-күйдің тасқындап біртіндеп қуаттанып өсе бастауы.

Сырттан келген ақпаратты қабылдауда және оны санасында қайта өңдеуде адамдар көбірек сүйенетініне қарай, төрт түрге бөлінеді. Олар – визуалдар, аудиалдар, кинестетиктер, дискреттер [*Мухортова Д.Д., /Молодой ученый/ученый 2016, №12, 787-789 с.*].

Әрине, бастауыш сынып оқушыларының толық қалыптасып болмаған психологиялық ерекшеліктері олардың мінездеріндегі ауытқулардың жиілілігінң себебі болып табылады. Бастауыш сыныпта оқитын балалардың адамгершілік түрғысынан, көп жағдайда, қыңыр, жөнсіз ерке болуы, жеке басының жайлылығын ғана ойлауы, кейбір дөрекілеу қылықтары көрініс беруі – мектеп мұғалімдеріне таныс жағдайлар. Бір жағынан, мектепке дейінгі тәрбие жүйесінен кеткен де қателер болуы мүмкіндігін жоққа шығармау керек. Дегенмен, дене шынықтыру сабағында балаларды жөнсіз шаршатпай, мұғалім «субъект – субъектілік» дидактикалық қатынас талаптарын үстанса, оқушылардың шәлкестігі аз деңгейде ғана байқалуы мүмкін екенін қолдаймыз.

Жалпы дамыту жаттығуларының өзіндік ерекшеліктері бастауыш сынып оқушыларының ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеуге, оларды дамытуға таптырмас құрал болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы. 2017 жыл, сәуір.
2. ҚР Ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері. – Астана, 2014.- 138 б.
3. «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1684 қаулысы.
4. ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің 2013 жылғы «Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы» баяндамасы. – Астана, 2013.
5. Фомин Н.А., Филин В.П. Возрастные основы физического воспитания. – М.: Академия, 2001.
6. Филин В.П. Возрастные особенности физического воспитания М., 1972
7. Сисенбердиева А.Ж. Дене тәрбиесі теоритясы мен әдістемесі. Оқулық. – Алматы, 2011. – 398 б.
8. Мухортова Д.Д. Визуалы, аудиалы, кинестетики // Молодой ученый. – 2016. – №12. – С. 787-789. – URL https://moluch.ru/archive/116/31787/ (дата обращения: 30.08.2019).

ҒТАМР 15.31.35

Өмірзақова Әсел Махамбетқызы,
2 курс докторанты,
«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы,
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды, Қазақстан,
E-mail: Asel-0402@mail.ru

Игенбаева Рабиға Тасбергенқызы,
Қорқыт Ата атыдағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан,
E-mail: IRT_2208@mail.ru

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. *Мақалада еліміздегі шағын жинақты мектептерде тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері сипатталған. Шалғай ауылдарда орналасқан оқушыларының аздығымен белгіленетін аталмыш мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдері айқындалған. Оқушылар қарым-қатынасын ұйымдастыру, тәрбие бағыттары бойынша жоспар құру, оны жүзеге асыру мәселелері қамтылған.*

Кілттік сөздер: *шағын жинақты мектеп, тәрбие үдерісі, тәрбие жұмыстары, тәрбие тәсілдері.*

Аннотация. *В статье описаны особенности организации воспитательного процесса в малокомплектных школах страны. Определены подходы к организации воспитательной работы в данных школах, определяемые меньшим количеством учащихся, расположенных в отдаленных селах. Рассмотрены организация общения школьников, планирование воспитательной работы по направлениям, проблемы их релизации.*

Ключевые слова: *малокомплектная школа, воспитательный процесс, воспитательная работа, подходы воспитания.*

Annotation. *The article describes the features of the organization of the educational process in small schools of the country. Approaches to the organization of educational work in these schools, determined by a smaller number of students located in remote villages, are defined. The organization of communication of school children, planning of educational work in the directions, problems of their realisation are considered.*

Keywords: *small school, educational process, educational work, approaches to education.*

Кіріспе

Академик З. Қабдолов: «Лириканы тақырыбына қарай топтап талдау оны жазған ақынның шығармашылық бітімін пайымдау үшін айырықша мәні бар нәрсе: оның әр түрінен ақынның бір қырын тануға болады» – деген [Қабдолов З., 1988, 87 б.]. Ғалым Ж. Дәдебаев: «Лирикалық шығармада ақын өмірден, айналасынан көргені мен білгендерін ғана жазып қоймай, сол құбылыстардың лирикаға арқау боларлықтай ең басты асыл қасиеттерін тани білу керек», – дейді [Дәдебаев Ж., 2002, 51 б.]. Лирик ақын ендеше, адам баласына тән барша мінез-болмысты, ішкі сезімді тап басып көрсетудің шебері болмақ.

Ғалым З. Ахметов: «Ұлттық поэзияның ең өнімді, ең құнарлы дәстүрлеріне мықтап табан тірей алғанда ғана ақын бұрын ешкім таппаған жаңалық таба алады» [Ахметов З., 39 б.] – дейді. Ғалымның бұл пікірі – өте орынды айтылған түжырым. Сондықтан ақындар лирикасындағы сөз бен тіркестің қолданылу жүйесін талдау арқылы ішкі болмыстарына үңілуге тырыстық.

Ақын Гүлнар Салықбайдың 2012 жылы жарық көрген «Кешіріңдер келгенімді өмірге» атты жинағында көп қолданыс тапқан сөздер: Сен сөзі – 106 рет (сіз сөзі – 23 рет); қара (түс) – 74 рет, қар сөзі – 57 рет, күн сөзі – 51 рет; көз – 32 рет; жел – 27 рет, тас – 26 рет, жапырақ – 25 рет, гүл – 19 рет кездеседі.

«Сен мен сіз» сөздерінің қайталануына қарап, өлең сөзін біреуге қарата жазғандығын аңғаруға болады. Өлең жолдары Сені көру үшін; Сені сүю үшін; Сізді бір көру үшін, Сізді күттім т.б. сөздермен тіркесіп келеді.

Келесі жиі қолданыс тапқан күн сөзі екі түрлі мағынада қолданады.: бірде үстеу, бірде заттың атауы мағынасында. Екі қолданыста да бір үміт, жарық сәулеге ұмтылыс анық сезіледі. Ақын өлеңдеріндегі көздің жырлану сипаттары: Көз жасым, құйыл, аңырат; Көз жасым – мөлдір кермегім; Көз жасынан көтерілген будаймын; Көрмеймін жайнаған көзін; Көзімді жаулай алмайды; Көздеріңнен түскен шоқтан күйді мұң; Көрінбеске қашар ем көзді жұмып; Екі көзді құм басқан; Көктем міне көз қадайды Күн иіп; Көлеңкеге көз сатып, көлеңкемді алдап ем; Көшеді көзім аспанға амалым бітіп; Бір көрдім де көзім түнды байлықтан; Тұралатып, толтырып көзді жасқа; Кемпірқосақ, көзді арбама, елессің сен, елессің; Көруден көзім шаршамас; Көз де жоқ жылар ем; Көзімнен тұман сейілді басқа; Көңілдің түбі толығып, көзіме тағы от ерді; Көзден ғайып көгілдір күн, гүл жұмақ; Көре-көре көз жұмғанбыз, өлгенбіз; Көп боп көзге көрінер; Жұлдыз сізге көзін қызсын жол сілтеп; Үнатамын көктің көзін, бұлт әнін; Келші, көктем, тезірек көзіме көш! Көздеріңнен көкжиекке нұр енді; Адамдардың көзінде жарығы бар; Өртім, дертім көзіме түр қамалып; Көкжиектен көз сүйер таптым көрік; Сүңгідегі сүйкімді тамшыдайын төгілейін көзіңнен туысқаным; Көрмей, көзсіз көбелектей енді есім; Күншашты көзбен сүйесің; Түн тосады көз жасыма шелегін.

Көз адамның болмысын, тұлғасын танытуда үлкен роль атқарады. Тамшыдайын төгілейін көзіңнен, көзбен сүйесің деген тіркестер арқылы ақынның ішкі сезімін аңғаруға болады.

Көзімді жаулай алмайды, көзімді сатып, екі көзге құм құйылған, көзсіз көбелектей, көзіме көш, көзімнен тұман сейілді, көшеді көзім аспанға, көзіме түр қамалып, көзіме тағы от ерді, көзден ғайып, т.б. қолданылған көркем бейнелеуде сиқырлы сезім мен өзіндік шер бар.

Қазақ халқының өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігіне сай өлеңмен өріліп берілген көз сөзімен қатысты көркем образды сөз және сөз тіркестері қазақ ұлтының психологиялық терең болмысын байқатады. Айтылар ойдың әсерлілігі, көздің қолданыстағы суреттілігіне, яғни бейнелі берілуіне тығыз байланысты. Адамдардағы түрлі эмоцияны, сезімдік қатыстарды жеткізуде ақынның жеке көзқарасы, бағалауы сияқты жекелік, өзіндік пікірлерін білдіруде кез келген экспрессивті құралдардың қызметі айрықша. Мұндай экспрессивтік әсер беретін сөздер ақының сөз қолдануында көптеп кездеседі.

Гүлнар Салықбай шығармаларында кездесетін «гүл» сөзі бәйшешек гүлі, өкінді гүлім, гүлдің қайғысы деген сынды тіркестермен келіп, гүлді көркемдікке, тазалыққа теңеу арқылы қыздың назы астарлы жеткізіледі.

Ақын туған ауылдың алақандай ыстық жұмсақ тасын қаланың тас үйлеріне айырбастай алмайтынын айта келе, сол бір қара тас поэзиясының сағыныш пен өкініш символикасына айналған. Оны мына өлең жолдарынан аңғаруға болады: Суындым – қаңтардың қара тасындай; тас үйлердің ерекше тағдыры бар құстары; Қара суда тас қала, Тасқа айналмай мен қалай төзіп жүрмін, масқара; Тас үйлерге

тастай жырын оқысын! Бір бетонға үрып алдым басымды, Бар жазығым – жақсы көрем өлердей; Саған қалай байланып қалдым екен, тас тірлік?! Өмір – тастан да гөрі тасырақ... Айнала тас; Мың жартас... Мың жартаста – бір адам, Тастан тасқа секірер жылу іздеп ғұмыр – лақ; Тастың суға ашқанындай сырын – Бір үн... Сырымызды суытып сандық тастай... Қара жауын, қара тастың сызында; Жібітіп тасты сүрланған – Еріте алмас өзге ешкім; Сүйенер тас қалмапты; Жақсы көрген жартасымның қасынан Аспан жаққа қашып кеткім келеді.

Г. Салықбай өлеңіндегі түнып түрған сезім оқырманының жүрек қылын шертіп, терең ойға батырады. Мұңлы қайыңның желдің жүлмалауына амалсыз көніп түрған шарасыз халіне жан-жүрегі сыздай отырып, жапырақты өзінің бір жанының бөлшегіндей суреттейді. Жапырақка ұқсас өмірі өлеңде мынадай жолдармен беріледі: Жапырақ жаным секілді; Жапырақ қашқан қала түз сияқты; Тоңды жаным – жапырақ; Күзгі, соңғы жапырақтай тыртысып – Пенелопа екеуміз; Жауып жатыр жапырақтар ағарған Алланың ағашынан; Жауып жатыр жапырақтар – туысым, Солармен көктес едім; Жапырақ көзі әлі өңді; Жапырақтардың жаны үшып; Жапырақтың жылап түрып, күлгенін... Жапырақ жатыр жығылып; Жапырақ кешіп көшеде... Жапырақ-көздің жасынан; Жапырақтар құлап жатыр біртіндеп; Күлген жапырақ, Жылаған жапырақ, Үнаған жапырақ, Құлаған жапырақ, Не ойлайсың табанның астында жатып ап...

Гүлнар Салықбай поэзиясындағы жапырақ өзімен бірге өмір сүреді, оның жаны бар, ол күледі, жылайды, тіпті түспейді, құлайды, жығылады, жаны үшып жатса да өңін бермейтін мәңгілік персонажға айналады.

Ақын жиі қолданып, бейнелі образға айналдырған «желі» бар. Желді де жан бітіре суреттеп, персонаж дәрежесіне дейін көтереді. Ақын жүрегінің іздегенін жел мен жүрек сыбырын салыстыра суреттейді. Бір ғана «жел» сөзінің поэзия әлемінде осыншалық астарлы образға айналуы – суреткердің шеберлігі. Міне, сондықтан осы бір жел сөзі ақын өлеңдерінде қара жел , жылы жел, жайлы жел, жүгірген жел, күйеді жел, қызғаншақ жел, қанғыбас жел, жібек жел, қалғыған жел, осқырған жел, жылы жел жүрер, ерке жел болып, мың құлпырып, мың түрленіп, ақынның ішкі әлемін жел болып шарпиды. Мәселен: Қайырымсыз қара жел боп сабаладың; Ақ қанат құстар үшырып едім, Қара жел болып үрынды; Сенен қалған – қара желдің бейнесі; Жебеушісі – желді сүйген жанымның; Сай-саланы сағалап, Бір жылы жел жетсе иігі; Қарақат түнге ой қамап, Қалғыса жел де жүгірмей; Сенің атың – жаздың жайлы желінде; «Осылай!» – деп жел осқылап берді, «Айырылдың, – деді, – жазыңнан!»; Орамалын сүлудың сусып түскен, Лып еткізіп жібек жел ала қашты; Қаңғыбас жел қанатымды үшырып; Жел сөйлесе – желең ойдың үшқаны; Күйеді жел де жүгіріп; Жел жүгіріп, іздесін сүйікті асын; Жалмаң қақты жел тағы аузы-басы жыбырлап...

Табиғаттың әр құбылысын күнделікті өмірдегі әрбір күнімен астастыра әсерлі суретке айналдырады. Ақын бірде қарды қаланың жанды суреті десе, бірде лирикалық кейіпкердің жан дүниесімен үндестіріп, қиюластырып береді. Қар – Г. Салықбай поэзиясында көп қолданатын негізгі символдарының бірі. Ақынның жан дірілін беруге, ой айтуына негіз болған тәсіл. Қар адам арының ақтық, пәктік, тазалықтың белгісі ретінде көрсетеді. Өлеңдері көңіліңе көктен қалықтай кеп еріп кететін, бойға қуат, жүрегіңе жылу сыйлайтын қар сияқты, кейді өзі қар секілді еріп кететін тәрізді... Мәселен, Ояныңдар, аппақ-аппақ ойларым, Аппақ қарға орап сені сақтайын; Жылағың келер жата қап, Сүп-суық қарды құшақтап; Қар болғаным қандай жақсы – Еріп кетем; Қар да еріп, Ағыл-тегіл мен де еріп; Суық қардың тілінен, Суыныппын мен дағы; Қар жауған қала тағы кір; Табандарға көрініп ақ қар бөтен; Ала қардың астынан шыға келер ме екенсің... Қар сияқты сенің де барлығың, түрақсыз; Қарап саған қартаюға, шіркін-ай, Қар қызының жетер ме екен ғұмыры?! Қара қардай езіледі ет-кеудем; Қар бетіне жазған едім бір есім... Ақ қар жерге жеткенде үзілді; Қай ақымақ қардың сүйген бетінен; Қар сияқты үндемедім... Қар жалаған қаңғыбас ит қыңсылап, Басқаным – кәрі, жауыр қар; Үлпа қардай сүп-суық түрағымда, Жауып жатыр соңғы қар...

Әлемдегі түр-түс үлттың өзіндік болмысы мен танымын аңғартады. Түр-түстердің символдық мәні туралы Ә. Марғұлан: «көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, қызыл – оттың, күннің, ақ – шындықтың қуаныштың, бақыттың, сары – ақыл-ойдың, қара – жердің, жасыл – көктемнің, жастықтың символы», – деп жазады. Ата-бабаларымыз дүниені төрт бұрыш деп түсініп әрі бұрышқа өзіндік символдық реңк-түс берген. Атап айтқанда, шығыс – көк түс, оңтүстік-қызыл түс, солтүстік – қара түс, батыс – ақ түс деген күн айналымына негізделген этномәдени дүниетаным» [Марғұлан Ә.].

Г. Салықбай поэтикасында қара түс үлттық танымға негізделе отырып, ақындық күйі мен сырын аңғартады: Қара көздің салбырайды қанаты; Қара көзге қара су ілінеді; Дос кетті қара тастағы;

Білмесем де қара ма, ақ па жаның, Жиып қойып тағдырдың бақ, тозағын; Бала кез үшты бақбақ боп; Қара көз қалды қош деген; Қанатыңа қара темір байланып; Жамылып алып қаракөк түнді иығыма?! Жыр оқыр қара балалар; Қара түннің бұрымына байланды; Қара өлеңді қармай берем тал ма деп... Қаңтардағы қара тондай қадірлі; Көк түннің көне суығы, Тамаққа қара тас кептер; Қалбиған қара көлеңкем, Қалайша саған үнайын?! Сенен қалған – қара желдің бейнесі, Қара судың қызылсары қабағы; Қара түске боялыпты, қайтейін... Қар бетіне жазған едім бір есім... Қара жерді – қара суға күнықкан; Аштайын – көрген қара нан; Қараңғы түн – қауіпхана; Тасып жатыр қара су... Қара суда тас қала; Қара суық қалтыратып, қайғы ішпек; Қара жерде еріп жатыр қара қар; Тереземді қара бұлт жапқанда, Менен қайғы, сенен қара бұлт қашып; Желпіп өтетін жұпар дағы арман, Қап-қара түтін жүтканым; Қара суымның күт арна болған, Тереземнің қап-қара ар жағы әлі – Бәлкім бүгін түсімде қар жауады... Сындым – қаңтардың қара тасындай; Сен үнімсің бұзған қара құлыпты. Қанша батыр жерленді екен сен үшін, Қара жауын, қара тастың сызында; Қаланың қара сөздерін қараша ұғар күркілдек; Сізді күттім қара жолға қадалып; Қайырымсыз қара жел боп сабаладың; Қара қыстың көз жасындай қатпаған; Қара түннің көзінен сорғалап; Қара түнде қалды мұң... Қара қазан түбінде қайнап-қайнап, Дүниенің қызығы сарқылғандай; Қараңғыда жарық төгер реңі, Қараңғыда қағаз бенен қаламсыз; Жүрсем де қара күйіннан аман, Өлеңнен қалдым адасып... Қайнайды қара басынып; Күн дағы қалар көрінбей, Қара бұлт қамап алғанда; Қар жауып түр қараны бүркемелеп, Қосылса дағы мың бояу, Қара түс түгел жеңеді; Бере ме шайтан тілегін, Қараның күші орасан.

Табиғатта, қоғамда басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар. Бұл түркі әлеміне ортақ құбылыс. Ақын лирикасындағы қара сөзімен байланысты тіркестер: қара көз, қара тас, қара темір, қара бала, қара тон, қара жел, қара көлеңке, қара түс, қара су, қара нан, қара жер, қара қар, қара қыс, қара суық, қара бұлт, қара әйнек, қара машина, қара құлып, қара сөз, қара жол, қара түн, қара қазан, қараңғы, қара күйін, қара басыну, қараның күші, қара жауын.

Табиғаттағы қара сөзімен тіркесіп келіп, нәсерлетіп, құйындатып, яғни жер бетін жоқ қылардай қатты екпінді шамадан тыс көп мөлшердегі құбылыстар қара қар, қара жел, қара жауын, қара күйін, қара бұлт, қара су, қара жер, қара суық, қара түн қара қыс, қап-қара түтін тіркестерімен келіп, ақын поэзиясында символдық мәнге ие. Г. Салықбай табиғатты тану мен көруде қара түс арқылы бірде тұманды көңіл-күйін аңғартса, бірде сол қарадан жұбаныш табатын сынды.

Қараны кейде басқа түстермен қатар қолданып, өмірдің мәнін қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі арқылы танытады: Ақ қанат құстар үшырып едім, Қара жел болып ұрынды; Қара да аппақ, Жол да аппақ... Қара қардай езіледі ет-кеудем, Ақ күйінде араласқан лайменен; Түсімде қара машиналарды Ақ түске бояп жүремін... Қара әйнекті көздерді сендіремін, Көгілдір түс керемет екеніне; Қалмайды қызыл, жасыл да, Қара түс бәрін қырады, Ақыры қара шашыңда, Ақ қана билік құрады.

Сондай-ақ, қара түс ақын дүниетанымында қарулы, күшті, ірі, қуатты сияқты жағымды мәнде де жұмсалады. Мысалы: қара көз, қара бала, қара тон, қара өлең, қара қазан, қара нан, қара күш, және т.б.

Ақын поэтикасында қара түспен тіркесіп келіп, көп кездесетіні – түн. Ақын лирикасында өмірдің көлеңкелі, жалғыз, бақытсыз, кейде сырға толы түстарын қара түнмен береді. Түн басқа да күңгірт бояулармен араласып, ақын жанын мұңға батырады. Түн бірде ақынның шерлі бейнесі болса, енді бірде жанына жайлылық сыйлар жалғыз бекінісі. «Түн. Ауыл. Иісі сүр еттің...»деп басталатын өлеңінде:

Түн. Ауыл. Иісі сүр еттің...
Тентек жел тиді шашыма
Бір жұлдыз ақты-дір еттім,
Түннің бір тамшы жасы ма?

Бұл жолдарда Есенғали Раушанов өлеңімен үндес келетіні – «түннің көз жасы». Алғашқы жолға тұтастай түннің суреті сиып кеткен. Гүлнар Салықбайдағы түн бейнесі ағып түскен жұлдызды түннің бір тамшы жасы түрінде көрінеді. Түн, сондай-ақ, ақын жанының мазасыздығын, мұңлы халін жеткізуде маңызды орынға ие:

Үйқы бізді менсінбеуге айналды,
Құлақ шіркін естімейді жайлы әнді.
Қарғыбауын үзіп кеткен төбет ой
Қара түннің бұрымына байланды.

«Бұрымды қара түн» – аңсарын іздейтін лирикалық кейіпкердің болмысы. Г. Салықбайдың қара түннің түрлі көркем бейнесі көп өлеңдерінде кездеседі. Суреткер поэтикасындағы қара түнде адасу, торығу, жабырқау лирикалық кейіпкердің жан дүниесін толығымен ашады. Сондай-ақ, қара түн қарақат түн, қаракөк түнмен мәндес келсе, кейде тұманды түн, жарбаңдаған түн, жаңбырлы түн, тымсырық түн сынды тіркестермен алмасып келеді. Мәселен, Қара түннің көзінен сорғалап, Келе жатқан бір өлең... Қара түнде қалды мұң... Ал, түн құлыпталып, Қалсын сейфтерде... Тұманды түнде адасып, жоқ болдың ба екен? Сол мұңымды жасырып, жарбаңдаған түн жатыр; Жаңбырлы түнде жан жылар; Қарақат түнге ой қамап, Қалғыса жел де жүгірмей; Қарақат түннің қышқылтым дәміне жаның сүйсініп; Қарақат түнгі қайғымды, Қайтарар ма екен жыласам?! Тымырсық түнде ән салсам; Жамылып алып қаракөк түнді иығыма?! Қарғыбауын үзіп кеткен төбет ой Қара түннің бұрымына байланды; сытырлап қара түнмен айтысатын?! Қара түнде қаламымды қолға алам.

Қорытынды

Г. Салықбайдың поэзиясындағы көркемдік өрнектер өрісі кең және ғажайып кестелі. Лирикалық туындыларының қайсібірін алмайық, ажарын ашып, дәмін келтіретін келісті тіл өрнегі ақында жеткілікті. Г. Салықбайдың жырларындағы ең айқын көрінетін, ақын ретінде басқалардан ерекшелендіретін қуат – ерекшелік – шынайылығы. Ендеше, Г. Салықбай жырларының қазақ лирикасындағы ай дидарлы, айрықша үлесі – қазақ өлеңіне қосылған қымбат қазына.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Астана: Фолиант, 2003. – 344 б.
2. Қабдолов З. Арна. Алматы: Жазушы, 1988. – 282 б.
3. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. Алматы, 2002. – 311 б.
4. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.
5. Салықбай Г. Кешіріңдер, келгенімді өмірге. https://adebiportal.kz/kz/news/view/2258
6. Марғұлан Ә. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының лингвомәдени сипаты https://helpiks.org/8-56642.html

ӘОЖ 821.512.122

Абилхамитқызы Рысгүл,
доцент,
қазақ әдебиеті кафедрасы,
филология факультеті,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
E-mail: risgul555@mail.ru

Сағатова Шолпан,
доцент,
қазақ және шет тілдері кафедрасы,
базалық дайындық факультеті,
Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті
E-mail: astana14_14@mail.ru

МИФТЕГІ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Аннотация. *Мақалада мифтегі «Мәңгілік Ел», «Данышпан, абыз», «Дана қарт» архетипі талданады. Миф – бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы. Мұндай ажырапаған күйді ғылымда әдетте синкреттілік дейді. Мысалы, ертегі мен жырдың басында миф жатыр, ягни бүгінгі ертегі мен жырды байыптап қарап, белгілі бір заңдылықтарға сүйене саралай отырып, ежелгі озарттық түсініктерді сұрыптап, бөліп шығаруға болады.*

Кілт сөздер: *архетип, миф, қаһарман, дана, абыз.*

Аннотация. *В статье анализируется архетип «Мәңгілік Ел», «Мудрец, абыз», «мудрый старец» в мифах. Миф – это определенный этап в развитии науки, жизни, культуры. Такое единство в науке называется синкретическим. Например, в основе сказок и поэзии лежат мифы. Проанализировав современные сказки и стихи, применив определенные методы, можно сделать их классификацию.*

Ключевые слова: *архетип, миф, герой, мудрец, абыз.*

Abstract. *The article analyzes the archetype "Mangilik El", "Sage, Abyz", "wise old man" in myths. Myth is a certain stage in the development of science, life, culture. This unity in science is called syncretic. For example, the basis of fairy tales and poetry are myths. Analyzing modern tales and poems, applying certain methods, you can make their classification.*

Key words: *the archetype, the myth, the hero, the Sage, Abis.*

Кіріспе

Қазақ мифіндегі «Мәңгілік Ел», «Данышпан, абыз», «Дана қарт» аталатын бұл архетип мифтегі жасампаз қаһарман, ілкі ата сипаттарын еске түсіреді. Сондай-ақ тылсым күшке ие, ерекше қасиет дарыған бақсы, шаман, елті, жрец, друид сияқты миф болмысты қаһармандар осы архетип түлғамен тектес болып келеді.

Мәңгілік Ел, Данышпан қарт, қаһарман архетипі тек ер адамның ғана санасында өмір сүрмейді. Архетиптік бейненің бұл түрі әйел аданың да санасында қалыптасады. Қыз баланың түйсігіне әке немесе жасампз қаһарман бейнесінде еніп, оның санасындағы анимусты оятады.

Негізігі бөлім

Түркі халықтарының фольклорлық мұрасы мен дүниетанымында ерекше көрінетін бақсы – тылсым әлеммен байланыс жасайтын, көрікпелдік пен сәуегейлік сияқты ерекше қасиеті бар адамдар болып сипатталады. Байырғы сенім бойынша адам тән мен жаннан (рухтан) тұрады. Адам о дүниелік болған сәтте тәнін тастап, рухы ешкім көре алмайтын тылсым әлемге аттанып, өмір сүруін жалғастырады. «Арғы бет», «өзге әлем», «өлілер патшалығы», «о дүние» деп аталатын ол әлемде рух мәңгілік тұрақтайды. Ежелгі адамдар ұғымында олар тылсым күшке айналып, табиғат құбылыстарына әсер етеді. Мұндай күштерді ізгілік және зұлымдық әрекетерге ие екі топқа жіктеген. Жақсылыққа бастайтын күштер мен жамандық шақыратын рухтарды ерекше қасиетке ие, рух қуаты жоғары бақсылар ғана бағындыра алады

деп білген. Осы көне сенім бойынша бақсы тірілерге жұмбақ тылсым әлеммен байланысқа еніп, ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдаланған. Бақсының байланыс жасайтын «жын-рухтарының» есімдері болған. Олар рухтық күштің көмегімен гипноздық өнер де көрсете алған. Басқа тылсым күштермен күресіп, табиғат құбылыстарына да әсер ете алған [Уәлиханов Ш., 2010, 215 б.].

Басқылардың ерекше қаситеттерінің бірі емшілік болған. Мысалы, қазақ бақсылары қобыздың үнімен жын-перілерді шақырып, зірік салған немесе гипноздық әрекеттер жасау арқылы науқастың жүйке жүйесіне әсер етіп емдеген. Бақсылық емнің кең тараған түрлері – ауру тудырған қаскөй күшті қуу, адастыру, түрлі қару-жарақты колдану арқылы шошыту, қорқыту, үшықтау сияқты тәсілдер болғаны белгілі. Ауру «иесінің» сұлбасын қуыршақ етіп жасап, оны малдың бас сүйегіне көшіріп емдеу кең тараған. Олар сондай-ақ, барлық емге жындарын шақыра бермеген. Жеңіл науқастарды, көшіру, отпен аластау, үшықтау, үшкіру, несін шақыру арқылы да емдейтін болған.

Бақсылар емшілікпен қатар балгерлік, көрікпелдікпен де айналысқанын жоғарыда келтірілген Ш. Уәлиханов түжырымынан көруге болады. Олардың болашықты болжап, адамның өткен өмірі туралы да нақты айтып бере алатын қасиеттері болған. Шоқан Уәлиханов өзінің «Қазақтағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында бақсылардың мұндай сәуегейлік-тәуіптік, жын қуу сықты қасиетінің тарихын ескі дәуірлердегі отқа табыну мен шамандықпен тағыз байланыстырған.

Әлем халықтарында дерлік осындай болмысты жандар бар болған және олар мәңгілік. Олар және бір-бірлеріне қызметі, киім киісі, әрекеттері жағынан ұқсас келеді. Мысалы, ғалымдардың айтуынша, түркі бақсылары және моңғол шамандары киімі мен қызметі жағынан Оңтүстік Америка құрлығындағы бақсыларға өте ұқсас келеді. Бұл бақсыларда жынмен күрескендегі тымаққа үкі тағуы, құстың қауырсынын байлауы ортақ қасиеттер байқалады. Ал олардың өзгеше киімдері сауыт ретінде тылсым қызмет атқарады. Түрлі үрмалы, дыбыс шығаратын аспаптар бақсыға қорғаныш болады [Кузьмищев В.А., 1977, с. 135].

Түркілердің наным-сенімінде басқсылық тұқым қуалап, атадан-балаға беріліп отырады. Бұл қасиет тылсым күшпен байланыс жасаушы адамның ең адал, жаны таза, иманды үрпағына қонады. Егер бұл тылсым қасиет қонған адам қызметін дұрыс атқара алмаса, кемтарлыққа шалдыққан немесе бақсылық таяды.

Шамандық, шаман ұғымы алғаш бурят халқынан шыққан ғалым Джоржи Банзаровтың еңбектерінде кездесті. Оның «Черная вера или шаманство у монголов» еңбегінде ежелгі моңғолдар мен еуропалықтар бақсыны «шаман» ал, бақсылықты «шамандық» деп атайтынын атап көрсетеді. Дж.Баназаров моңғолдардғы шаман ұғымының шығу тегін будда мен ежелгі адамдардың наным-сенімімен байланыстырды. Оның пайымына сүйенсек, моңғолдар шамандықты екі түрлі тылсым күшпен сипаттады. Халық жақсылықты басқаратын күшті «сары сенім (шира шаджинь)» десе, жамандықты басқаратын күші «қара сенім (хара шажинь)» деп атады. Қара сенімді буддаға қарсы ұғым деп қабылдады. Сары сенімді будданың өзі деп сенді. Халық бұл екі күшті адамға әсер етуін қадағалаушы аспан деп ойлады. Ежелгі монғолдардың түсінігінде аспан алапат күшті басқарып тұрған алғашқы рух иелік сенім. Ол құдайлар мен рух иелік күштерге ие жердегі тіршіліктің көзі, қара сенімді басқарушы болып есептелді. Мәңгіліктің символы ретінде жер ай, күн жұлдыз сияқты аспанның жаратылысы. Жердің мәңгілік екінші күш болып саналуы ол таулар мен өзен, көлдерді жаратты. Мұндай рух иелік күштерге арнап халық құрбан шалып тұрды. Моңғолдар өздерін табиғатпен етене байланыстырды. Олар адамның ішкі күші ішкі рухы, сыртқы күш қоршаған ортамен, табиғапен байланысты деп есептеді [Леру Ф., 196, 15 б.]. Ғалым да бақсы, шаман ұғымын ежелгі түркілердің тәңірге табынушылығынан қалғанын айтады. Түркі халықтарының құрамындағы Тываларда жасы ұлғайған ата-аналарына немесе туыстарына ерекше көңіл бөлген. Тывалардың түсінігінде адам егде жақса келген кезге ақылы толысып, данышпандық қасиет даритынына сенген. Қартайған ата-аналар өз кезегінде ақылдарын, кеңестерін айтып отырған. Үрпақтары оларды ақ киіз үйдің ішіне отырғызып, үйдің сыртына ақ түйенің боталарын байлаған. Қарттар сақтаған қару-жарақ, түрмысқа қажетті заттарын үлдарна қалдырса, аналары өздеріне шеше, әжесінен қалған әшекейлерін қыздарына ұқыптап жеткізіп отырған. Халықтың түсінігінде қарт – халықтың ілімі мен салт-санасын меңгерген, өмірлік тәжірибе жинаған, ата-бабаның ізін жалғастырушы адам.

Шор халқы да тывалар сияқты қарттарға ерекше көңіл бөлген. Ғалым Н.Н. Дыренконың анықтамаларында шор халқында жер асты немесе жер үсті мүшелері мен (тау, өзен, көл) тек әдет-ғұрыптары мен халық даналығын өте жақсы меңгерген тайпаның ең қарт мүшесі ғана тілдесе алатынына сенген.

Мұндай рәсімдерген ерекше қабілеті бар шамандардың қатысуы керек болмаған. Халық тек тәңірге немесе жоғары күш иесіне табыну үшін жасалған әдет-ғұрыптарда ғана шамандарды шақырып, олардың көмегіне сүйенген.

Халықтың түсінігіндегі қарт, шаман, басшы және болашақты болжаушы қызмет атқаратын адамдар К.Г. Юнгтің дана қарт архетипінен көрініс береді. Шаман мен қарттың адам санасындағы қабылдану мен көрнісі бірдей болғанымен, қоғамдағы қызметінің әртүрлі. Шаман – ерекше қасиетке ие тәңірдің қалауын халыққа немесе халықтың құлшылығын тәңірге жеткізсе, қарттар – тайпаның бірлігін сақтап, басшылық, қадағалаушылық қызмет атқарған.

Бурят халықының түсінігінде шамандық жасы ұлғайған адамдардың ғана қолдарынан келген. Түркітанушы В.М. Михайловскийдің айтуынша, буряттарда егер шаман өз қызметін дұрыс атқара алмаса, оны жазалап отырған. В.Я. Буслаевтің айтуынша, хақас халқында тіптен шамандардық қызметтегі адамның теріс пиғылын байқаса, оларды соттап, жазаның ең ауыр түрлерін қолданған.

Шоқан Уәлиханов «Қазақтағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында: «Бізге жеткен аңыздардың шығу тегі жағынан ең көнесі және олардың қай діннің ықпалынан туғанын танып білу аса қиын, оның үстіне, сол бір ғана нәрсе туралы сол бір ғана уақытта түрлі түсініктер өмір сүрген». -деп түсіндіреді. Ғалым шамандық-космологилық түсініктерің қазақы наным-сеніміндегі көрінісін халық санасындағы аспан, жұлдыз, күн, кемпірқосақ ұғымдары арқылы көрсетеді.

Ш. Уәлиханов түркілердің сенімінде яда немесе жады деп аталатын тастың болғанын айтады, шамандар оның көмегінен бұлт шақырып, жаңбыр жауғызып, найзағай ойната алған. Қазақта қазіргі уақытқа дейін бұл ескіліктің қалдығы шаруалардың егіннің жақсы болуына арнап жауын тілеген «тассатық» көрінісінде сақталған.

Моңғолдар да басқа халықтар сияқты рухтың мәңгі жасайтынына сенді. Егер адам тіршілігінде атақты, ел басқарған болса оның рухы мәңгі тірілермен бірге болады деп есептеді. Мұндай рухтарды – Онгон деп атап, оларды екі топқа бөлді. Бірі жақсы адамдарды рухтары. Тіпшілігінде жақсылық жасап, мейірімді болған Онгондар. Олар арғы өмірге өтіп тіршілігін жалғастырды. Екіншісі жауыздықпен айналысқан, қатыгез адамдардың рухтары арғы әлемге қабылданбады. Олар жер мен көктің ортасында қалып жазаларын өтейді. Ежелгі моңғолдар осындай қатыгез Онгнондар адамдарды арасында жүретініне сенгендіктен олардан қатты қорықты. Себебі мұндай рухтар тірі адамның ішіне еніп, ауруға шалдықтырады деп сенді. Мұндай тылсым күштер шамандардан басқа ешкімнің көзіне көрінбейді деп санады. Тек шамандар ғана Онгнондармен байланыс жасап өз қызметтеріне пайдалана алды [Леру Ф., 1961, с. 117].

Шаман ұғымы маньчжур тілінде сямань, тұңғыш тайпаларында шамань, татар тілінде камь, бурят тілінде бё немесе бугэ деп аталады. Бақсылар туралы біздің заманымыздан бұрын YI ғасырдағы қытай жазбаларында кездеседі. Шаман рухтармен етене байланыс жасайтын, табиғаттың тылсым күштерін меңгерген адам. Олар тек байланыс жасап қоймай дәрігерлік қызмет атқарған және өздеріне ізбасар дайындап отырған. Бурят халқында белгілі бір мезгілде шамандар ішкі рухын жетілдіру үшін ауыз бекіткен.

Халық үшін шамандар дәрігерлік, сәуегейлік, көрікпелдік қызмет атқарған. Олар тылсым күштермен байланыста болғандықтан тәңірдің қалауын біледі, халықтың дұғаларын құдайға жеткізеді деп сенген. Сондықтан шамандар да көппен бірге құлшылық жасаған [Корлейль Т., 1839, с. 44].

Ғалым, түркітанушы Е.К. Яковлевтің айтуынша, шамандар жер асты стихияларымен байланыс жасай алған сондықтан адамдар жердің, судың, таудың рухтарымен тілдесі үшін шамандарда пайдаланған. Шамандарды да қарттар сияқты халық қатты құрметтеген. Шамандар мент егде жақсығы ақсақалдар о дүниемен байланыс жасап, қайтыс болған ата-бабаларымен тілдесетініне сенген.

В.И. Дьяконовтың зерттеулерінде ежелгі дәуірдегі түргілерде шамандарды аспанның ұлы санағаынын айтады. Көне заманда шамандарды «тәңри бөо» деп атаған. Шамандар халыққа тәңірдің бұйрығын жеткізіп, қағандармен бірге ел басқару істеріне қатысып отырған.

Көне түркілерде шамандар арғы дүниедегі ата-баба рухымен байланыс жасаумен қатар, табиғат күштеріне әсер ететін қасиеттері болған. Олар яда немесе джада деп аталған тас арқылы керек кезде жауынды шақырған, керісінші жауын көп болып, су тасқыны орын алғанда оны тоқтату үшін шамандық қасиеттерін пайдаланған. Алайда шамандар билік басындағыларындың қатарында түрған. Халық шамандардан көмек күтумен бірге қорқу сезіміде болған. Себебі шамандар табиғат күштерін пайдалана

алатынына сенген. Хақас халықының түсінігінде егер шаман таяғымен жерді үш рет соқса әлемде өте қатты жер түрып, найзағай пайда болып, үлкен апат болатынына сенген.

Шамандардың ішінде тәуіптік, сәуегейлікпен қатар діни қызметтерді де атқаратын адамдар болды. Мұндай шамандық қасиеттерді игерген жанды «жрец» деп те атады. Мифологиялық түсіндірмелі сөздікте жрец – табиғаттың тылсым күштерін игерген, адамдарды о дүниемен, құдаймен байланыстыру қабілетіне ие ерекше тұлғалар. Бұндай сенімнің қалдықтары осы күнге дейін Африка мен мұқит жағалауындағы елдерде, Оңтүстік Америкада сақталған. Ежелгі Мысыр, Иран, Вавилон, Үндістанда мұндай қабілеті бар адамдарға арнап храмдар салынған. Оларды ғылым мен мәдениеттің қорғаушысы, дәстүрді жалғастырушы деп санаған. Ежелгі Мысырда діни қызметкерлерді (жрец) екі топқа бөлінген. Бір бөлігі құнды құпияны сақтаушы қызметін атқарса, екінші топ оқу-ағарту ісімен айналысқан жасаған [Корлейль Т., 1839, с. 48].

Бақсының әс-әрекеті, қызметімен үқсас келетін жандарды кельттер «Друид» деп атаған. Біздің заманымыздан бұрын I ғасырда Еуропадағы ірі мәдениеттің негізін салған ежелгі кельт тайпасының бұл «өкілі». Ежелгі наным-сенімдегі тылсым әлеммен байланыс жасайтын, тәуіптік қызмет атқаратын, астраномдық, сәуегейлік қасиеттерге ие адамдар. Друидтардың басқа шамандық қасиеті бар діни қызметкерлермен үқсастығы – олар емшілік, тәңірге құлшылық ету, құрбан шалу сияқты қызметтер атқарған. Науқас адамдарды түрлі дұға оқу арқылы және шөптен жасалған дәрілерді ішкізу, жаралы адамға шөптен жасалған қоспаларды таңу арқылы емдеген. Түркі халықтарындағы бақсы сиқты арнайы киімдерін киіп, жасырын жерде адамдарға зікір салған. Айырмашылығы олар жабық сот істерін басқарып, Цезарьдың кеңесшісі қызметін атқарған. Кінәлі қылмыскерлерді діни сенімінен айырып, арнайы дұға оқу арқылы жазалаған. [Пропп В.Я., 2011, с. 32].

Адамзаттық таным бастауындағы тылсым әлемге, мәңгілік өмірге деген аңсар түрлі мотивтер арқылы әлем халықтарына таралды. Олар үшін тылсыммен байланысты, рухани күш-қуаты шексіз кеңістік құпиясымен шектесетін мәдени қаһармандар ерекше құрметтелді.

Қорытынды

Ежелгі дүниетанымнан бастау алып, мәдени жадымызда түрақты орын тепкен, сана түбінде сақталып, көркемдік пайымдарға негіз болған бақсылар мен друидтар бейнесі поэтикалық танымымызда да ерекше орынға ие. Сөз басында айтқанымыздай, олар архетип образдар жүйесіне еніп кетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Уәлиханов Ш. Көп томды шығармалар жинағы. Екінші басылым. Төртінші том. Алматы: Аруна, 2010. – 458 б.
2 Кузьмищев В.А. Тайна жрецов майа. Москва: Издательский дом АРТ 1977. – 270 б.
3 Леру Ф. Друиды. Прага: 1961. – 400.
4 Корлейль Т. Чартизм. Москва: Институт философии Российской академии наук, 1839. – 341 б.
5 Пропп В.Я. Мифология волшебной сказки. Москва: Издательский центр Лабиринт, 2011. – 356 б.

УДК 81.42

Аккузова Айнур Абдыжалиловна,
PhD докторант,
Филология және әлем тілдері факультеті,
әл-Фараби атындығы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: a.a.a.___1990@mail.ru

Қайырбекова Ұлбосын Серікқызы,
филол.ғыл.канд., доцент,
Гуманитарлы-педагогикалық факультеті,
Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,
Шымкент қ., Қазақстан,
E-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түйін: *мақалада көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметтің прагматикалық сипаты зерттеледі. Соңғы кездері ғалымдарды сөйлеушінің өзіндік тілі, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысы қызықтыруда. Тіл арқылы адресаттың адресантқа деген сый-құрметі ғана емес, сөйлеу әдебін, аялық білімін барлығын да көре аламыз. Адам баласы сөйлеу әдебі арқылы ұлтының ділін, діни көзқарасын, салт-санасын, ұлттық мәдениетін аңғартады. Антропология саласында адамның сөйлеу әдебі міндетті түрде қаралып, зерттеу нысанына айналып отыр. Коммуникация бар жерде, прагматика болады. Ал, прагматика коммуникациясыз жүзеге аса алмайды. Екеуі сабақтасып келеді.*

Кілт сөздер: *прагматика, семиотика, коммуникациялық постулаттар, коммуникативтік акт, адресант, адресат, ақпарат, мәтін, код, байланыс, вербалды қарым-қатынас, прагмалингвистика*

ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР КОММУНИКАТИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

Резюме: *В статье рассматривается прагматический характер коммуникативной активности в художественном тексте. В последнее время ученые заинтересовались собственным языком говорящего, отношениями между говорящим и слушателем. Через язык мы можем видеть не только уважение адресата к адресату, но также этикет и базовые знания. Через речевой этикет люди выражают менталитет, религиозные взгляды, обычаи и национальную культуру нации. В области антропологии в обязательном порядке рассматривается речевая этика человека и становится объектом исследования. Там, где есть коммуникация, там прагматизм. А прагматика не может быть реализована без коммуникации. Они обе связаны.*

Ключевые слова: *прагматика, семиотика, коммуникационные постулаты, коммуникативный акт, адресант, адресат, информация, текст, код, связь, вербальное общение, прагмалингвистика.*

PRAGMATIC CHARACTER OF COMMUNICATIVE ACTIVITY IN ARTISTIC TEXT

Summary: *The article discusses the pragmatic nature of communicative activity in a literary text. Recently, scientists have become interested in the speaker's own language, the relationship between the speaker and the listener. Through language, we can see not only the respect of the addressee to the addressee, but also etiquette and basic knowledge. Through speech etiquette, people express the mentality, religious beliefs, customs and national culture of the nation. In the field of anthropology, the speech ethics of a person is mandatory considered and becomes the object of research. Where there is communication, there is pragmatism. And pragmatics cannot be realized without communication. They are both connected.*

Keywords: *pragmatics, semiotics, communication postulates, communication act, addressee, addressee, information, text, code, communication, verbal communication, pragmalinguistics.*

Кіріспе

«Адам баласының ғұмыры сөзбен өріледі, өмір бойы сөйлейді, ойын сөзбен жеткізеді. Кейде дыбысын шығармай-ақ, үнсіз армандайды, қиялдайды, ойланады, толғанады. Өзімен өзі сырласады, жүрек үнін тыңдайды, толқиды... Тыңдайды, оқиды, қызмет істейді, жазады, тыңдатады, оқытады, жазғызады. Қалай болғанда да, әртүрлі жолдармен сөйлеседі. Сөзсіз адамның күні бар ма?!... Қалай десек те, табиғатпен бірге берілген, әлмисақтан бері бірге жасасып келе жатқан Сөзсіз адам баласының күні жоқ. Адам баласын өзге жаратылыстан ерекшелендіретін – тілі, бұл да қарапайым ақиқат. В. фон Гумбольдт тек сөйлейтін адам ғана шын адам деген» [*Салқынбай А., 2013, 11 б.*]. Бұл сөздер – Абайдың лингвопоэтикасын түсіндіру барысындағы ғалым А.Салқынбайдың шынайы сөздері. Сәби өмірге келгеннен бастап, гуілдеп ата-анасымен өзінше тілдесіп жатады. Уақыт өте келе бұл гуілдер буындарға айналады. Белгілі бір уақыт аралығында бала тілі анықтала бастайды. Бұл қатынас қаншалықты мазмұнды немесе қарапайым болғанымен, ол – өзін қоршаған дүниемен, баланың анасымен алғашқы коммуникациясы.

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда тіл ғылымы адамдар арасындағы қарым-қатынас кезіндегі тілдік қатынастың сөйлеу үдерісін жан-жақты зерттейтін *прагмалингвистика* деген саланы бөліп шығарды. Бұл арадағы *прагматика* – гректің πράγμα («ілік септігі») және πράγματος («әрекет») деген сөздерінен құралған термин. Тіл білімінде прагматиканың үш түрлі сипаттамасы анықталған:

1. Таңбалық жүйе арасындағы қатынасты зерттейтін семиотика деген саланың бір бөлімі;
2. Тілдік таңбаны пайдалануды жүйелейтін шарттар жиынтығы;
3. Тілдік таңбаларды айтушының тілін зерттейтін тіл білімінің саласы [*электронный ресурс*].

Осындай үш сипатқа ие *прагматика* ұғымын ғылымға термин ретінде енгізген – американдық ғалым, семиотиканың негізін салушылардың бірі Ч. Моррис. Ғалым таңбаны нысанмен, тұлғамен және т.б. тілдік таңбалармен байланыстыра отырып, семиотиканың семантика (жаратылыстану), синтаксис (лингвистика, логика) және прагматика (психология) деген түрлерін ажыратып көрсетеді. Көптеген зерттеу жұмыстарында бұл үш терминге «семиотикалық триада» деген атау берілген. Прагматиканы лингвистиканың жеке бір саласы ретінде бөліп, оны қалыптастыру үшін үлес қосқандар қатарында Ч. Пирс, Дж. Остин, Дж. Р. Серль, З. Вендлер, П. Грайс, П. Стросон, Ф. де Соссюр және т.б. ғалымдар бар. Аталған ғалымдар прагматиканың теориялық негіздеріне тоқталып, *коммуникация, сөйлеу актілері, тілдік жағдаят* тақырыптарын зерттеулеріне арқау еткен.

Ф. де Соссюрдің тіл мен сөйлеуді қарама-қарсы қою дихотомиясын Н.Ф. Алефиренко үш түрлі аспектіде қарастыруды ұсынады.

1-кесте

[Кондубаева М.,2013, 12 б.]

Гносеологиялық		
Айырмашылықтары		Байланысы
1. Жалпы, психологиялық сөйлеу актілері	Жеке	Жекені типтендіру
2. Абстрактілі	Нақты	Тіл өз абстрактілігінде нақты
3. Мәні	Құбылыс	Сөйлеу – мәнді білдірудің формасы
Онтологиялық		
1. Психикалық виртуалдылық	Физикалық, актуалды	Психикалық әлеуетсіз актуализация мүмкін емес
2. Инвариант	Вариант	Тілде варианттар кездеседі
Прагматикалық		
1. Әлеуметтік	Жеке	Сөйлеу де әлеуметтік, өйткені ол екі жақты.
2. Кездейсоқ	Окказионалды	Окказионалдылық норманы тарату және қабылдау сәтіне дейін шектеледі.
3. Код	Хабарлама	Код – бұл генераторлық құрылғы, сөйлеу – оны жүзеге асыру.

Прагматикалық аспектіде барлығы санадағы оймен, мидағы астарланған кодпен байланысты. Ой көптеген ғылым саласына қатысты болса, ал, код – ұлтқа, тілге, ділге тікелей қатысты құрылымдалатын ұғым. Мысалы, қазақтың өзіне тән тарихы, салт-санасы, ешкімге ұқсамас ділі, тілдік ерекшеліктері тілімізде сақталып, қазақ болмысын танытады. Қазақтың атадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрі, халық ауыз әдебиеті және діні мен ділінен бөлек өзіне тән сөйлеу әдебі бар. Мәселен, назар бөлу және назарды өзіне аудару, амандасу, танысу, шақыру, өтініш, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, қошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу және т.б. түрдегі сөйлеу әдебінің жағдаяттарынан адамның жалпы әдептілігі мен мәдениеттілігі көрініп қана қоймай, сол арқылы ұлттық әдеби қорды меңгеру деңгейі де айқындалады. Адамдардың өзара қарым-қатынасындағы адамгершілік қасиеттері, бір-біріне деген ізгі ниеттері сөйлеу барысында байқалады. Тіл арқылы адресаттың адресантқа деген құрметі ғана емес, заттар мен құбылыстарға деген жалпы көзқарастары мен дүниетанымы аңғарылады. Адамның сөйлеу әдебін зерттеу арқылы ұлтының ділін, діни көзқарастарын, салт-санасын, жалпы айтқанда ұлттық мәдениетін аңғаруға болады. Сол себепті де антропология саласында адамның сөйлеу әдебі міндетті түрде қарастырылады.

Сөйлеушінің өзіндік тілі, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысы соңғы кезде ғалымдарды ерекше қызықтыруда. Дәстүрлі лингвистикада тілдің құрылымдық сипатын зерттеген ғалымдар ендігі кезекте сөздің қатып қалған қалыпты жүйеден ғана құралмағанын түсініп, сөзді жандандырған адам қызметі екеніне баса назар аудара бастады. Ал сөз қашан да пікір алмасу, әңгімелесу, сұқбаттасу кезінде құбылатынын орыс ғалымы Г. Колшанский «Прагматика языка» еңбегінде тілдің коммуникативтік аядағы қызметімен байланыстырады: «Коммуникативный аспект языка, ориентированный на исследование конечного итога – эффекта языковой коммуникации может быть назван прагматикой языка как его интегральная характеристика в плане взаимного воздействия коммуникантов в процессе общения» [*Тұңғышбаева Ғ., 2010, 122 б.*]. Нақтылай түссек, сөйлеу үдерісіндегі коммуниканттардың қолданысы мен қызметі, яғни тілдік бірліктерді қандай формада, қандай реңкте, қандай мақсатпен қолданылуы, қандай мағынада жұмсалуы тілдің прагматикалық сипатын белгілейді. Ал И. Сусов сөйлеу және сөйлеу әрекетіне қатысты психологиялық, әлеуметтік уәжі бар тілдік құралдарды да прагмалингвистикаға қатысты анықтайды. Ғалымның пікірінше, адам қандай да бір тілдік таңбаны қолданса, оның өзіндік уәжі болуы – шарттылық. Ол санада туындаған ойдың да себебі мен салдарын бейнелейді.

Осы тұста ғылымда прагматиканың негізгі белгілерін атап көрсеткен П. Грайстың коммуникациялық постулаттарын (талаптарын) атап өткен жөн: пікірді толық ақпараттандыру, қашанда шындықты айту, тақырыпқа сай сөйлеу, нақты әрі дәл сөйлеу [5]. Оған қоса ғалым коммуниканттарға қатысты мынадай жіктемені ұсынады:

1. Сан. Субъекті қаншалық затты қажет етсе, оған соншалық нәрсе беру керек;
2. Сапа. Әрбір айтылған ой сапалы, яғни шынайы болғаны абзал;
3. Қарым-қатынас. Әрбір әрекетке лайықты әрекетпен жауап беру керек;
4. Амал. Белгілі әрекетті жасаудағы мақсатты ұғынып алу керек.

П. Грайс бұл категорияларды коммуникация кезінде ұстанудағы қажетті қағидаттар ретінде көрсетеді. Себебі қандай да бір қатынас жасауда адамның санасында белгілі бір мақсат болады. Сол мақсатты орындау кезінде соған лайықты тілдік бірліктер қолданылады.

Ал Дж. Личтің еңбектерінде бұл талаптарға сыпайы болу, жан-жағындағыларға ыңғайсыздық танытпау, сөйлесуші адаммен дұрыс қарым-қатынасты сақтап қалу талаптары қосылған. Бұл талаптарды, адресат-адресант (айтушы мен тыңдаушы) орындап, айтушы мен тыңдаушы арасындағы қатынас арқылы коммуникативтік акт пайда болады. Демек, коммуникация бар жерде ғана прагматика бар. Прагматика коммуникациясыз жүзеге аспайды, олай болса прагматика сөздің сөйлеу әрекеті, коммуникативтік қызметі барысындағы сөйлеушінің тілін зерттейтін ілім.

Р. Якобсон ең алғаш қарым-қатынасты сипаттау үшін *коммуникация* терминін қолданған. *Коммуникация* латын тілінен аударғанда «ортақ атқару», «хабарлама» деген мағына беретінін атап көрсетеді: «Кез келген коммуникацияның екі қыры болады. Мәселен, *хабар таратушы – хабар алушы, жазушы – оқушы, сөйлеуші – тыңдаушы, продуцент – реципиент, адресант – адресат*. Сөйлеу қатысымындағы коммуникация адресант пен адресат деп бөлінсе, мәтін коммуникациясы автор мен оқырман арасында болады. Өйткені адресант пен адресат сөйлеу коммуникациясы арқылы ауызша қарым-қатынасқа түссе, жазбаша формасы – мәтін арқылы автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді» [6].

Коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлерін зерттеген Р. Якобсон көпшілікке коммуникацияның мынадай қызметтік моделін ұсынады:



Ғалым коммуникация қызметін былайша түсіндіреді:

1. Адресант (addresser) – ақпарат жіберуші субьект;
2. Адресат (addressee) – ақпаратты қабылдаушы субьект;
3. Ақпарат (сообщение) – адресатқа жіберілген мәлімет;
4. Мәтін (context). Адресат бұл мәтінді дұрыс қабылдауы керек.
5. Код (code). Код адресатқа да, адресантқа да түсінікті болуы керек.
6. Байланыс (contact) – адресат пен адресант арасында физикалық немесе психологиялық байланыс болуы керек.

Ғалымның бұл жіктемесі бүгінде тілдің прагматикалық ерекшеліктерін танытуда аса маңызды болып табылады. Олай дейтініміз, кез келген коммуникация кезінде оны айтушы, қабылдаушы, айтушы мен қабылдаушы арасындағы мәтін, сол коммуникацияны жасаудағы мақсат болады. Ал айтушының сол мақсатты жүзеге асыру амалдары оның мәениетіне, білімі мен танымына байланысты.

Коммуникацияның айтушысы мен тыңдаушысы сөз арқылы ақпарат алмасқандықтан, бұл *вербалды қарым-қатынас* деп аталады. Вербалды қарым-қатынас тіл арқылы, яғни сөз арқылы жүзеге асады. Бұл ұғымға қарама-қарсы ұғым – вербалды емес қарым-қатынас. Вербалды емес қарым-қатынас – «дене тілі», «ым-ишара тілі» деген ұғымдармен байланысты. Вербалды емес қарым-қатынас құралына – ым-ишара, мимика, визуалды қатынас, түлға аралық дистанция жатады. Ғалымдар вербалды емес қарым-қатынастың бірнеше белгілерін ажыратып көрсетеді. «Біріншіден, сөздер арқылы тек фактілі білімді айта аламыз, ал сезімдерді жеткізу үшін сөздер аз болып жатады. Кейде біз «қалай жеткізсем екен...» деп өзіміздегі сезімнің тереңдігі мен күрделілігін сипаттау үшін сөз таба алмай жатамыз. Қалай болғанда да кейбір сезімдер сөздік сипатта берілмей, вербалды емес құралдар арқылы жеткізіледі. Екіншіден, осы вербалды емес тілдерді (язык тела) білу арқылы өз-өзімізді ұстауға үйренеміз. Егер әңгімелесуші өзінің ашуын басқара алмаса, ол айқайлайды, бұрылады немесе одан асар жарасымсыз қылықтарды жасайды. Сонымен қатар вербалды емес әрекеттер арқылы адамдардың біз жайлы не ойлайтынын түсінуге болады» [8].

Бүгінгі тіл ғылымында ғалымдар көбіне көп вербалды қарым-қатынасты зерттеу нысаны етеді. Оның үлкен бір себебі вербалды қатынастың негізгі бірлігі – ол тіл.


Қазіргі заманауи қоғамдағы мұндай белсенді коммникативтік үдерістің айқын көрінісі – жаңжақты дамыған медиакеңістік. Қазақ баспасөзінің медиа-мәтіндері арқылы адресат пен адресант қос тағанын арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Қ. Есенова. Ол газет мәтінін адресанттың прагматикалық ұстанымын жеткізуші күрделі прагматикалық бірлікке теңесе, ал адресатты қоғамдық қарым-қатынастағы әлеуметтің мінез-құлқын реттеуге қатысатын социум мүшесі ретінде қарастырады [*Есенова Қ.Ө., 2007*]. Ал Ф. Жақсыбаева «Газет мәтінінің прагматикалық функциясы» деген тақырыпта

кандидаттық диссертация қорғаған. Б. Момынова «Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы)» атты еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қызметіне, ағартушылық-танымдық қызметіне және қоғам мүшелерінің дүниетанымына әсер ету функциясы қызметтеріне тоқталады. Бұл мәселе де бүгінгі антропоөзектік парадигманың аясында зерттеле бастаған мәселе. Себебі газет-журнал ақпаратты жеткізіп, жүртшылыққа үгіт-насихат тарататын құрал. Соған сәйкес оның мазмұны мен қызметі ұлттық танымнан алыстамағаны жөн. Қандай да бір ақпарат газет бетіне түскенде оның ар жағында ұлт мәселесі тұруы керек. Бүгінде сәнге айналған түрлі варваризмдер, сленгтер мен жаргондар, Ж. Жақыповтың тілімен айтсақ, қоқыс сөздер газет бетінен орын алмауы тиіс. Халық арасында «газет – өмір айнасы» деп бекер айтылмаған. Ә. Бөкейханның «Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі. Екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе. Үшінші: газет – халыққа білім таратушы. Төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы» деген сөздері газеттің, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін нақтылай түскендей. Осы төрт мәселе БАҚ саласындағы адамдардың санасында өмір сүрсе, бүгінгі тілден алыстап кеткен, яғни жазбаша сөйлеу түгілі ауызша сөйлеудің бірліктерін оңды-солды қолданып жүрген журналисттердің тілдік нормадан ауытқушылықтары біршама ретке келтірер еді...

Сөйлеу үдерісінің зерттелу нысандарының түрлі сипатта болуына байланысты Г. Матвеева, И. Самарина, Л. Селиверстова сынды ғалымдар қазіргі прагмалингвистиканың екі түрлі бағытын бөліп көрсеткен:

2-кесте

Прагмалингвистиканың негізгі бағыттары *[Матвеева Г.Г., Самарина И.В., Селиверстова Л.Н.,2009, 51 б.]*.



Прагмалингвистика саласы адамның комммуникативтік іс-әрекетінің ауызша (дискурс) және жазбаша (мәтін) болып келетін екі формасын қарастырады. Дискурс теориясы мен мәтін теориясы прагмалингвистикалық зерттеудің негізгі мақсатын айқындайды. Дискурс – сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым болса, мәтін – бұл жалпы (бір) тақырып төңірігіндегі біріккен, ақпаратты сабақтастықта және тұтастықта жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Дискурс та, мәтін де коммуникацияның негізгі категориялары болғандықтан, прагмалингвистика мен тілдік коммуникация өзара тығыз байланысты.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, көркем мәтіндегі коммуникативтік қызметті зерттеу арқылы шығармадағы адресант пен адресаттың аялық және тілдік білімі, ұлттық мәдениеті, тәрбиесі, өскен ортасынан

ақпарат алуға болады. Бұл сала көркем шығарма оқиғалар желісінен ғана тұрмайтының, онда тілдік категориялардың түрлі қатынастары, яғни адресант пен адресат арасындағы тілдік қатынастың, кейіпкерлердің ұлттық мәдениетінің, автор мен кейіпкерлер байланысының болатынын түсіндіреді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. – Мадисон, 2013-2014.
2. https://ru.wikipedia.org/wiki/
3. Кондубаева М. Культура речевой коммуникации. – Алматы, 2013.
4. Түңғышбаева Ғ. «Прагматика» ұғымының мағынасы мен қолдану аясы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №6(130). 2010.
5. scicenter.online
6. http://www.rusnauka.com
7. https://pracownik.kul.pl/files/37108/public/Lasswell.pdf
8. http://www.rusnauka.com/15_NPN_2013/Psihologia/9_139399.doc.htm.
9. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Фил. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007.
10. Матвеева Г.Г., Самарина И.В., Селиверстова Л.Н. Два направления в современной прагмалингвистике // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 12. 2009.

УДК 81.42

Аккузова Айнур Абдыжалиловна,
PhD докторант,
Филология және әлем тілдері факультеті,
әл-Фараби атындығы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: a.a.a.___1990@mail.ru

Қайырбекова Ұлбосын Серікқызы,
филол.ғыл.канд., доцент,
Гуманитарлы-педагогикалық факультеті,
Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,
Шымкент қ., Қазақстан,
E-mail: ulbolsyn_kudn@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР – КЕЙІПКЕР – ОҚЫРМАН ҮШТАҒАНЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: *мақалада көркем мәтіндегі автор – кейіпкер – оқырман үштағанының коммуникативтік қызметі мен коммуниативтік сипаттың танымдық негіздері зерттеледі. Көркем мәтін – кейіпкер, автор мен оқырман арасындағы қалыптасқан коммуникациядан құралады. Бұл үштағандық байланысы үзілген жағдайда туынды көркем шығарма деген қасиетінен айырылады. Дулат Исабеков шығармаларындағы қазақ елі, салт-дәстүрі, халықтың наным-сенімдері және автордың өзіне гана тән тілдік бірліктері жайлы ақпараттарды талдаймыз. Автордың танымы, ұлттық мәдениеті қаралып, шығарма жазуда қолданатын көркемдеуіш құралдарына да тоқталып, мысалдар арқылы ойымызды дәйектейміз.*

Кілт сөздер: *көркем шығарма, коммуникация формасы, белгі, автор, кейіпкер, оқырман, ұлттық сана, ұлттық таным, ұлттық мәдениет.*

В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ АВТОР-ГЕРОЙ-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ОСНОВЫ КОММУНИКАТИВНОГО ХАРАКТЕРА И КОММУНИКАТИВНОЙ ФУНКЦИИ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ТРОЙКИ

Резюме: *в статье изучаются коммуникативные функции автора – героя – читателя в художественном тексте и познавательные основы коммуниативного характера. Литературный текст состоит из установленной связи между главным героем, автором и читателем. В случай нарушения связи этой троицы, произведение теряет качество произведения искусства. Анализируем информацию о казахском народе, традициях, убеждениях народа и единстве автора, свойственных ему языковым единицам в произведениях Дулата Исабекова. Учитываем знания автора, национальную культуру, средства искусства, используемые в письменной форме, и используем примеры, чтобы проиллюстрировать нашу точку зрения.*

Ключевые слова: *художественное произведение, форма коммуникации, знак, автор, герой, читатель, национальное сознание, национальное познание, национальная культура.*

THE AUTHOR-HERO-COGNITIVE FOUNDATIONS OF THE COMMUNICATIVE CHARACTER AND COMMUNICATIVE FUNCTION OF THE READING TRINITY IN THE LITERARY TEXT

Summary: *the article studies the communicative functions of the author – hero – reader in a literary text and the cognitive foundations of a communicative nature. The literary text consists of an established relationship between the main character, author and reader. In the event of a violation of the connection of this trinity, the work loses the quality*

of the work of art. We analyze information about the Kazakh people, traditions, and beliefs of the people and the unity of the author, characteristic of linguistic units in the works of Dulat Isabekov. We take into account the knowledge of the author, national culture, and the means of art used in writing, and use examples to illustrate our point of view.

Keywords: *artwork, form of communication, sign, author, hero, reader, national consciousness, national cognition, national culture.*

Кіріспе

Көркем мәтін қашан да кейіпкерлер, автор мен оқырман, кейіпкер мен оқырман арасындағы байланыс арқылы қалыптасатын коммуникациядан құралады. Бұл байланыс үзілген жағдайда туынды *көркем шығарма* деген қасиетінен айырылады. Көркем шығарманың прагматикалық әлеуетін зерттеген Г. Әзімжанова көркем шығарма мен коммуникация ұғымдары жайында пікірін былайша сабақтайды: *«Көркем мәтін – коммуникация формасы, оған байланыс, белгі (код), меңгеру, тезаурус, дүниетаным, коммуниканттардың әлеуметтік, тарихи, ұлттық ерекшеліктері, интенцияның (мақсат, дәлел, себеп) коммуникативті-прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сәйкес келуі жатады. Көркем мәтіннің ақпараттық-мазмұндық және прагматикалық деңгейдегі экстралингвистикалық (когнитивті) аспектісі коммуниканттардың тілдік және әлеуметтік тәжірибесіне негізделеді, ақпараттық дүниетанымына және қатынасушылардың мақсатына сәйкес болады. Сөздің эстетикалық мәні оның сапасы ретінде сипатталады, ол мәтін жүйесінде лексикалық бірліктердің коммуникативті әлеует негізінде, тұтас бүтіннің бейнелі перспективасында, оның басқа элементтермен жан-жақты байланысында қалыптасады»* [*Әзімжанова Г., 2007, 28 б.*]. Ғалымның бұл тұжырымында көркем мәтінді зерттеудің жолдары мен қырлары анық көрсетілген.

Негізгі бөлім

Көркем шығарманы зерттеуде автордың түсінігі мен танымын, ұлттық болмысы мен мәдениетін, талғамы мен талабын зерттеу арқылы туындының прагматикалық-коммуникативтік сипатын анықтауға мүмкіндік аламыз. Әрине, авторды негізгі нысан етіп алғанмен, оның артында кейіпкер, оқырман мәселелері де бар. *«Автор – кейіпкер – оқырман»* үштағанының коммуникативтік-прагматикалық байланысын кескіндеме арқылы көрсетуге болады:



Кейіпкерді сөйлететін, оқырманды мәтін тануға шақыратын, доминант болып табылатын авторды жан-жақты зерттеу арқылы біз кейіпкер тілін, оқырман қабылдауын тануға мүмкіндік аламыз.

Автор көркем мәтін түзуде ең алдымен өзінің ұлттық мәдениетінен хабар береді. Арабтың «маданият» деген сөзінен бастау алған бұл атау бүгінде «адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан мәдениет саласының өрісі кең [*Әзімжанова Г., 2007*]». Демек, қазақ халқының атадан балаға мұра болып қалған салт-дәстүрлері, наным-сенімдері, ырымдары мен тыйым сөздері еліміздің мәдениетін көрсетіп, атақты философ И.Г. Гердердің *«Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы»* деген сөздерін нақтылай түседі. Адам көркем шығарманы оқығанда сол ел туралы, елдің салт-дәстүрі туралы, халықтың наным-сенімдері мен өзіне ғана тән тілдік бірліктері туралы ақпарат алуы керек. Ол ақпаратты кейіпкерлер тілінен, әңгімешінің баяндауынан алады. Сол үлгілердің бірі ретінде Д. Исабеков шығармаларының мәтіндері дәйек болады:

Осы кезде алыстағы үйдің есігі ашылып іштегі шам жарығымен әлдеқалай бір әйелдің есік тұтқасынан ұстап, делдиіп тұрғаны көрінді. Молдабай әлдене күткендей солай қарай еңсесін көтеріп қадала қалды.

*– **Қайнаға-ау, қайнаға**, – деп айғай салды әлгі әйел.*

– Уа, не мен мұндамын, – деп Молдабай орнынан ұшып тұрып, солай қарай жүрді. Қасындағы Қарекеңді ұмытып кеткен секілді.

*– **Қайнаға, сүйінші, сүйінші**. Немерелі болдыңыз, ұл, ұл! – деп оның алдынан ентіге шықты.*

*– **О жасаған, шүкір, шүкір** мұныңа. Қатшайым, сүйіншіңе ана көгендегі бір тоқтыны ал, ол аз болса өзіңе тағы бір көйлек...*

*Қарекең сол орнында қимылсыз қатты да қалды. "Қайнаға немерелі болдыңыз" – дегенді естіген кезде, оның буын-буыны қалтырап, денесінен дәрмен кете бастады. «Немере дейді! Құдай-ау немере дейді. **Келінжан босанған ба? О тоба, о жасаған**!».*

Оның кезерген еріндері осы сөздерді тынымсыз қайталай берді. Содан соң есін жиып айналасына қарады. Қыбыр еткен жан жоқ. Молдабай да ішке кіріп кетіпті. Өзі келгенде оның далада жүрген себебін енді аңғарды. Ол екі аяғына бір-бір батпан тас байлағандай алға қарай ақырын қозғалды. Сол бойы қақпа алдына кеп тоқтады. Ашық қалған есіктен қуанышты адамдардың дабұр-дұбыр сөйлескен үндері естілді. Қарекең қақпаға сүйеніп тұрып ішке езіле, ентіге қарады.

*Осы сәтте іштен шыр етіп жылаған жас нәрестенің даусы естілді. Қарекең басын көтеріп алып, қақпаның кедір-бұдыр тақтайларын сипалай берді. «Айналдым-ау, айналдым-ау үніңнен! Немере! Менің немерем, Қаражанның немересі. **О құдай**. **Айналдым-ау үніңнен**!» [Д. Исабеков, 2014].*

Бұл мәтіннен қазақтың өзіндік мәдениетін танытушы салт-дәстүрлерінің, наным-сенімдерінің айқын белгілерін көруге болады. Қазақтың салт-дәстүріндегі жиі қолданылатын түрінің бірі – *сүйінші сұрау*. Яғни дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы сағынған адамның келгендігін, жалпы қандай да бір қуанышты хабарды жеткізуші адам басқаларынан сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе ақша беріледі. Осындай ерекше дәстүрді дәріптеуші автор қазақ мәдениетін оқырман қауымға кейіпкер тілі арқылы жеткізеді. Бұл көркем шығарманың прагматикалық сипатын танытады. Сонымен қатар қазақ халқы қашанда есінен Жаратушының құдіретті күшін ұмытпауға тырысқан. Жоғарыда берілген үзіндіде автор немерелі болған қарттың қойнына қуанышы сыймай түрған кейпін бейнелеуде кейіпкер тіліне Жаратушыға деген алғысын салады. Бұдан біз ең алдымен қазақ жұртының қандай қуанышқа бөленсе де, қиындыққа душар болса да, шешімін құдайдан сұрағанын, қайырын Алладан тілегенін көруге болады.

Мәдениетпен қатар жүретін ұғым – таным. Автордың танымы ұлттық танымымызбен тікелей байланысты. Ұлттық мәдениетіміз арқылы қалыптасатын ұлттық таным қорында ұлттың болмысымыз, дүниеге деген көзқарасымыз, рухани-мәдени құндылықтарымыз табылады. Сондай тамыры терең танымымызбен сусындап өскен адамның танымы қашанда «қазақша» болады. Ғалым Ж. Манкееваның мына пікірі ойымызды толықтыра түскендей: «*Ұлттың дуниетанымымен сабақтас қалыптасқан материалдық өндіріс пен тұрмыс күйі де әркімнің жеке басының жағдайына байланысты күй емес. Ол – халықтың әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, дуниетанымдық негізін – ұлттық санасын қалыптастыратын құбылыс. Оның негізгі бір сипаты – оның тұрақтылығы. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, тіл арқылы ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі*» [*Манкеева Ж., 2014. 195 б.*]. Демек, көркем шығармадағы ұлттық танымымызды танытушы қазақтың мақал-мәтелдері, тұрақты сөз тіркестері, көріктеу амалдарының түрлері, сөз оралымдары туындының мазмұнын ұлттық деңгейге жеткізеді. Жазушы Д. Исабековтің шығармалары да осындай қазақи танымның негізінде қалыптасқан көркем туындылар. Мысалы:

***«Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше»** деген осы ғой. Шалдар жиналып, әзіл-оспақ араласқан соң Қарекең өзін алғаш кіріп келгендей емес еркін, кең ұстады. **Құдасы** да жаман кісі көрінбейді. Болса да келгелі бері бақылап отыр. **Әңгімесі дәмді** екен. Тыңдаушысын тамсандырып, айызын қандырып тастайды. "Әлбетте, әлбетте, – деді Қарекең өзіне-өзі. – **Қыз ашуы оңай** дейсің бе? Соның орнында мен болсам қайтер едім? Алғашында солғын болса, кеудесін ашу кернеген шығар. **«Ашу алдында, ақыл соңында»** деген бар емес пе?» [Д. Исабеков, 2014].*

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, қазақи тәрбие көрген адам үшін бұл мәтінді түсіну қиын емес. Ал тәрбиесі өзгеше адам үшін ***«Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше», «Ашу алдында, ақыл соңында»*** деген қазақтың мақал-мәтелдерін түсіну оңай болмайды. Ұлттық

салт-дәстүрімізден хабары бар адам қазақтың *құда, жегжат, құдағи, келін, күйеубала, балдыз, қайны, қайынсіңлі, қайнаға, қайынапа* сынды туыс атауларын еш қиындықсыз түсінеді. Себебі олар – санамызға сіңіп кеткен этномәдени атаулар.

Көркем шығарма түзуде ұлт мәселесінің негізінде қалыптасатын *ұлттық сана, ұлттық таным, ұлттық мәдениет* ұғымдарымен қатар *қоғам, қоршаған орта туралы түсініктер* де негізге алынуы – шарттылық. Себебі адам ең алдымен қоғамның негізгі нысаны, ол қоршаған ортамен байланыс негізінде қоғамда өмір сүреді. Сол себепті адамды қоғамнан тыс қарастыру мүмкін емес. Соған сәйкес ғылымда *аялық білім* деген ұғым қалыптасқан. Адамның қоршаған ортасына, қоғамның түрлі жағдайларына қатысты білімін *«аялық білім»* деп атайды. «*Тілдік ұжым мүшелерінің когнитивтік санасындағы білім жүйесі құрылымдық тұрғыдан* ***қоршаған орта туралы білім, тілдік білім, бейвербалды білім*** *болып бөлінеді. Мұндағы қоршаған орта туралы білім* ***аялық білім жүйесі*** *ұғымын береді. Аялық білім жүйесі – индивидтің материалдық және рухани құндылықтарды меңгерудің нәтижесі*». О.С. Ахмановаңың анықтамасы бойынша: «*Аялық білім – тілдік қатынастың негізі болып табылатын екіжақты тыңдаушы мен айтушыға бағытталған реалийлер туралы білімі*» [*Ордабекова Х.А., 2017, 74 б.*].

Демек, қоршаған орта туралы білімді аялық білім десек, онда сол білімді қолдану арқылы автор оқырманға жақындай түседі. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, адам – ең алдымен қоғамның бір мүшесі. Сондықтан мәтінді түзуші адамның (автордың), кейіпкерлердің, оқушының аялық білімінің кең болуы көркем шығарманың мазмұнын тереңдете түседі. Жоғарыда берілген мәтінге қайта назар аударатын болсақ, оқырман тарапынан аялық білімнің маңыздылығын байқаймыз. Мәселен:

Қыз ашуы оңай *дейсің бе? Соның орнында мен болсам қайтер едім? Алғашында солғын болса, кеудесін ашу кернеген шығар.* ***«Ашу алдында, ақыл соңында»*** *деген бар емес пе?».* Осы арадағы *«Қыз ашуы оңай дейсің бе?»* деген сөйлемнің астарында тағы бір мәселе жатыр. Оны түсіну оқырманның аялық білімінің деңгейіне байланысты. Яғни қызды алып қашқанда қыздың және оның әке-шесінің реніші, өкпесі болады. Соны автор үнемдеу тәсілі арқылы ***«қыз ашуы»*** деп сәтті қолданған. Х.М. Нұрмұқанов, Қ.Ж. Балапанова сынды ғалымдар бұндай астарлы ойдың тілдік көрінісін былайша түсіндіреді: *«айтылған сөзде» айтылмаған мән (смысл) болады. Айтылған сөздің мағыналық өрісінен тысқары жатқан «кеңістікті» аялық білім деп ұғамыз*» [*Ордабекова Х.А*., 2017]. Демек, автор өзінің аялық білімін қаншалықты үтқыр қолданса, соншалықты өзінің тапқырлығын оқырманға көрсетеді. Дегенмен, автор оқырман қауымның да аялық білімін ескеруі қажет. Себебі көркем шығарманы дұрыс қабылдау үшін оқырманның білімі, талғамы, қалауы да маңызды.

2. Ал атаның қанымен, ананың сүтімен дарыған ұлттық мәдениетімізді, ұлттық тәрбиемен қалыптасқан болмыс-бітімімізді, жылдар бойы жаңқалап, оқып-түйіп дамытқан танымымызды, өмірлік тәжірибемен жүйеленген аялық білімімізді тек тілдік білім арқылы көркем туындының тақырыбы мен идеясын ашуда қолдана аламыз. Сайып келгенде, *ұлттық сана, ұлттық таным, ұлттық мәдениет* деп отырғандарымыздың барлығы білімге бағынады. Себебі білім арқылы ғана бұл ұғымдар жандана түседі. Автордың тілдік білімі негізінде көркем мәтін көркем болады, ал ұлттық таным мен мәдениет арқылы терең мазмұнды болады. Ал оларды көркем шығармада айшықтап бейнелейтін – тілдің көптеген көркемдеуіш құралдары. «Тілдің көркемдеуіш құралдары көбіне көркем әдебиет стилінде қолданылады. Тілдегі көркемдеуіш құралдар қатарына теңеу мен эпитет, айшықтау және құбылтудың түрлері кіреді. Солардың ішінде актив қолданысқа ие болғаны – теңеу мен эпитет. Айшықтаудың түрлері шендестіру, қайталау, паралеллизм, риторикалық сұрақ-жауап, дауыс ырғағы болса, ал ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, алмастыру, синекдоха, гипербола, литота, ирония, сарказм, перифраздар құбылту қатарына жатады» [*Әдеби тіл анықтамалығы 2016, 95 б.*]. Жазушының шығармаларында ең көп қолданылатын көркемдеуіш құралдары – теңеу мен эпитет.

1-кесте

ТЕҢЕУ	**ЭПИТЕТ**
жабайы адамдарша	ақ шыным
бәрін бес саусағындай білу	ақ ниет
алақандай ауыл	дәмді әңгіме
кеңірдегі кетпендей	қоңыр үн
жылан сорып жатқан құрбақадай және т.б.	ақ көңіл және т.б.

Д. Исабеков шығармаларында теңеу мен эпитеттің ерекше талғаммен, қазақи танымен таралған түрлерін көруге болады. Теңеу мен эпитет көркем шығармада стилистикалық қызмет атқарады. Жазушы бір жағынан бұл амалдарды үнемдеу тәсілі арқылы өз ойын жеткізсе, екінші жағынан астарлап сөйлеу арқылы өзіндік тапқырлығы мен сөздік қорының молдығын оқырманға танытады. Сонымен қатар айшықтау амалының шендестіру, қайталау, параллелизм сынды түрлерін жазушы шығармаларынан көруге болады.

2-кесте

ШЕНДЕСТІРУ	ҚАЙТАЛАУ	ПАРАЛЛЕЛИЗМ
Ашу **алдында**, ақыл **соңында**,	Көнбегенде елің **жаман**, жұртың **жаман**, я болмаса ұлың **жаман** деп көнбей отырған жоқпын.	Атам өлсе **қойылар**, Атан өлсе **сойылар**.
Ертесіне де ойламады, өйткені ойланатындай ештеңе де өзгермеді: сол ауыл, сол адамдар, сол үй, сол жүн, сол тіршілік, сол **күлкі**, сол **мұң**.	***Неткен*** *сұлулық!* ***Неткен*** *тәкаппарлық!* ***Неткен*** *нәзіктік!*	

Д. Исабеков айшықтаудың бұл түрлерін (шендестіру, қайталау, параллелизм) қолданып, ішкі сезімін жеткізуде тіркескен сөздеріне екпін түсіру немесе қарама-қарсы қою арқылы оқырманның назарын баурап алу мақсатында жүмсаған. Жазушы сезімін жеткізуде осындай шешімге бармаса, сөздерінің ешқандай экспрессиясы болмасы анық.

Сол сияқты, автордың тілдік қолданысындағы құбылту амалдарының кейіптеу, ауыстыру, алмастыру, гипербола сынды түрлерін де көрсетуге болады:

3-кесте

КЕЙІПТЕУ	АУЫСТЫРУ	АЛМАСТЫРУ	ГИПЕРБОЛА
Кеудесіне кеп қонақтап жатқан үлпа сезім шудалары	Е-е, бұл далада бәрі бар, Тәнейжан! Тек көре білу керек. Тыңдай білу керек. Сүйе білу керек. Сонда барлық құпияның сыры ашылады.	Ауыл түгел үйқыда	Жүрегім кеудеме сыймай
Жағалауды толқыны баяу соғып	Іздеген жетер мұратқа.	Сарт санасымен байиды.	Жүрек жұтқан әйел .
Қайғының қара түтіні жас кеуденді қақ жарып	Қалайсың-ей, иттің баласы?		Қалауын тапсаң қар жанады.

Исабеков шығармаларында көркемдеуіш құралдар саны өте көп. Бұл мақалада тек бірнешесі берілген.

Қорытынды

Дулат Исабековтің көркем мәтіндерін талдау барысында оның ең алдымен өз ұлтының, халқының танымын, психологиясын, мәдениетін, қоғамдағы орнын терең түйсінгенін, ішкі жай-күйін, қуанышы мен күйінішін бойынан өткізгенін көре аламыз. Бір сөзбен айтқанда, жазушының шығармаларын оқи отырып, өзіңді қарапайым қазақ ортасында, әлемінде жүргендей сезінесің. Демек, жазушы шығармаларын жазу барысында адресант (оқырман) танымын, аялық білімін, рухани әлемін ескере отырып жазған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әзімжанова Г. Қазақ көркем мәтінінің прагматикалық әлеуеті // Филология ғылымының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2007.
2. Д. Исабеков. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 2014.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014.
4. Ордабекова Х.А. Аялық білім жүйесінің тілдік коммуникациядағы көрінісі // Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетің Хабаршысы. Филология сериясы. №2 – Көкшетау, 2017.
5. http://emirsaba.org/shildetamizirkjek-1996-jildan-bastap-shifadi-jilina-4-ret-shif.html?page=8
6. Әдеби тіл анықтамалығы. – Астана, 2016.

372.811.111.1



Алдабердикызы Айдын,
Доктор PhD, старший преподаватель,
кафедра теории и практики иностранных языков,
филологический факультет,
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева



Есенова Нарима Борибаевна,
К.ф.н., доцент,
кафедра дошкольного и начального образования,
Высшая школа педагогики,
Таразский государственный педагогический университет

ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ: ТАР ТАҚЫРЫПТЫ МӘТІНДЕРДІ ОҚУ

Аңдатпа. *Мақалада жаңартылған білім мазмұны мен заманауи білім беру жүйесінің міндеттерін ескере отырып, шет тілі сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мәселелері талқыланған. Сонымен қатар оқу сауаттылығы және тар тақырыпты мәтіндерді оқу сияқты ұғымдарды анықтау және термин ретінде қалыптасу процесі сипатталған, тар тақырыпты мәтіндерді оқу әдісі бойынша тапсырмаларға мұқият талдау жасалған және тар тақырыпты мәтіндерді оқу әдісімен тапсырмаларды құрастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар берілген.*

Түйін сөздер: *сауаттылық, оқу сауаттылығы, тар тақырыпты мәтіндерді оқу, мектеп оқушылары.*

НОВЫЕ МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА: УЗКОЕ ЧТЕНИЕ

Аннотация. *В статье обсуждается вопросы повышения уровня читательской грамотности учащихся на уроках иностранного языка с учетом обновленного содержания образования и вызовов современной образовательной системы. Также описывается процесс терминологизации и дефинирования таких понятий как читательская грамотность и узкое чтение, дается тщательный разбор заданий по методу узкое чтение и методические указания по составлению заданий по методу узкое чтение.*

Ключевые слова: *грамотность, читательская грамотность, узкое чтение, школьники.*

NEW METHODS OF IMPROVING READING LITERACY AT FOREIGN LANGUAGE CLASSES: NARROW READING

Abstract. *The article discusses the issues of increasing the level of reading literacy of students at foreign language classes, taking into account the updated educational content and challenges of the modern educational system. The process of terminologization and definition of such concepts as reader literacy and narrow reading is also described, a thorough analysis of tasks by the method of narrow reading and methodological instructions for compiling tasks by the method of narrow reading are given.*

Key words: *literacy, reading literacy, narrow reading, schoolchildren.*

Введение

Понятие *грамотность* было введено в научный обиход М.Т. Цицероном. Самые ранние определения *грамотности* означали способность писать имя собственное вместо подписи на официальном документе. В Средние века оно применялось к людям, знающим латынь, а после Реформации XVI-XVII вв. так стали называть тех, кто мог читать и писать на родном языке. Позже *грамотным* стали называть того, кто имел базовые навыки письма, чтения и счета, чтобы стать полноценным членом рабочего класса индустриального общества [*Leu, 2004, с. 12-14*]. С изобретением книгопечатания в 1436 г. изменилось отношение к грамотности, которое требовало умения декодировать не рукописные курсивные тексты, а машинописные. Появление ЭВМ и глобальной сети интернет диктует совершенно другие нормы, предъявляемые к грамотности, которые предполагают умение использовать правильную технику чтения электронных текстов и использовать их для личных нужд. Исследовательская группа Международной ассоциации чтения (The RAND Reading Study Group) утверждает, что для чтения электронных ресурсов от пользователей требуются совершенно иные, новые умения [*International Reading Association. 2001*]. В данном контексте предполагаются иные физиологические условия чтения, иной объем текста, доступный читателю в каждый момент чтения, иные связи между частями текста и разными текстами, называемые гипертекстами и, как правило, иной способ включения читателя в занятие чтением. От читателя электронных текстов, стремящегося выполнить и завершить любую читательскую задачу, требуется гораздо больше самостоятельности в прокладывании собственного пути через тексты.

Применение со второй половины 1980-х годов термина *грамотность* стало многоаспектным: терминологизировались *техническая, экологическая, экономическая, финансовая, читательская грамотность* и т.д.

Начало использования понятия *читательской грамотности* в 1991 г. связано с деятельностью IEA (The International Association for the Evaluation of Educational Achievement – Международная ассоциация для оценки учебных достижений). IEA инициировала PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study – Прогресс в международном исследовании читательской грамотности), использовала *читательскую грамотность* в широком функциональном контексте и объединила при помощи этого термина не только технику чтения, но и возможность размышлять о прочитанном и использовать прочитанное для достижения личных и общественных целей, в первую очередь, для дальнейшего обучения.

С 2000 года в исследованиях PISA *читательская грамотность* понимается уже как способность читать, понимать и использовать письменные тексты для размышления о них, а также для достижения своих целей, в том числе, для расширения своих знаний и возможности участвовать в социальной жизни.

Исследования в области дефиниции и классификации грамотности в казахстанской науке имеют прикладной характер. Данный термин чаще всего упоминается в контексте международных исследований PISA и PIRLS, а издания и публикации о повышении грамотности среди населения направлены на обсуждение и пропаганду государственных программ развития образования и национальных планов по развитию функциональной грамотности среди школьников**.**

В казахстанской лингвистике понятие *грамотность* имеет достаточно ограниченное применение и еще не пользуется широкой научной популярностью. Так, *грамотность* определяется как «прочные умения применять законы и правила родного языка в письменной и устной речи» [*Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. 2006, с.482*]. *Функциональной грамотности*, определяемая в западной литературе как знания и навыки чтения и письма [*Gray, 1969, с. 334*], способствующие эффективному взаимодействию в рамках одного общества, казахстанскими исследователями дополнена «способностью следовать требованиям глобализирующегося мира» [*Даришева, Коленко, 2008, с. 8-15*].

В казахстанской педагогике *читательская грамотность* рассматривается в совокупности с письмом в рамках развития критического мышления, которая активно исследуется членами Казахстанской ассоциации чтения [*Мирсеитова, Іггебаева, 2004, с. 264*]. Кроме вопросов развития критического мышления через письмо и чтение, члены ассоциации совместно с деятелями образования занимаются поиском решений проблем чтения, информационной грамотности и феномена информационной культуры личности. В частности, они решают задачи, направленные на поощрение экстенсивного чтения, организуют семинары, на которых обсуждаются проблемы детского, молодежного, профессионального чтения, и формируют репрезентативную научно-методологическую базу для разработки концепций, стратегий, долгосрочных программ и проектов развития библиотек в контексте новой социально-культурной парадигмы и информатизации общества.

Узкое чтение в качестве современного методы повышения уровня читательской грамотности

В течение двадцатого века, и особенно в течение последних тридцати лет, многие принципы, применяемые к обучению детей и изучающих первый язык чтению, были адаптированы и применены к обучению изучающих второй язык, чтению на целевом языке (например, Day and Bamford 1998; Hedgcock and Ferris 2009; Taguchi, Takayasu-Maass и Gorsuch 2004; Tierney and Readence 2005). Двумя методами, наиболее часто встречающимися в литературе, являются расширенное чтение и узкое чтение. В основе этих методов лежит убеждение, что повторяющееся воздействие слов, используемых в контексте, заставит читателей накапливать способность распознавать и понимать эти слова и распознавать подходящие способы их использования в предложениях (например, Brown, Waring, and Donkaewbua 2008; Elley 1989; Krashen 1982; Krashen 1993). Учителя иностранных языков должны прийти с позиции информированной практики, чтобы наилучшим образом удовлетворить потребности изучающих язык, и этот акцент на чтение как инструмент изучения языка имеет очевидные последствия для обучения. Понимание расширенного чтения и узкого чтения может потенциально повлиять на решения, принимаемые в отношении приобретения материалов, информационной грамотности и консультирования читателей.

В этой статье описываются восемь техник узкого чтения, которые значительно способствуют улучшить словарный запас и навыки чтения студентов. «Узкое чтение» – это мощная техника, основанная на концепции, согласно которой ученики могут перебирать один и тот же текст с помощью ряда заданий на понимание, что может быть утомительным для них; хотя, создав несколько отрывков для чтения (обычно от трех до шести), которые очень похожи по тематике, структуре, лексике и шаблонам, те же целевые лингвистические функции все равно будут перерабатываться, но с помощью более широкого диапазона текстов, добавляя и с учетом большего разнообразия.


Узкие тексты чтения наиболее эффективны, когда они:

– практически идентичны с точки зрения шаблонов;

– содержать понятный ввод (90% доступно по смыслу, не прибегая к словарной или внеконтекстной помощи);

– относительно короткие (очень короткие для начинающих, конечно, как показано на рисунке 1 ниже)

Рисунок 1 – Пример узкого чтения текстов для изучающих английский язык



Упражнения, которые обычно ученики выполняют при узком чтении, отличаются от типичных «истинных или ложных», «кто, где, что, когда и т. д.» или других классических вопросов понимания, поскольку такие задания часто поощряют скимминг и сканирование образованные догадки и сбор деталей, а не обработка текстов более тщательным и тщательным образом.

Скимминг и сканирование, образованные догадки и умозаключения, очевидно, являются очень важными навыками, которые следует развивать в классе L2. Тем не менее, необходимо, чтобы студенты обрабатывали тексты целиком, уделяя внимание как можно большему количеству текста, чтобы усилить воздействие на студентов словарного запаса и шаблонов.

В итоге, главная цель задач узкого чтения состоит в том, чтобы «обмануть» студентов, чтобы они снова и снова обрабатывали один и тот же текст, в то же время заставляя их читать шесть. В этом смысле они, возможно, являются одним из наиболее эффективных инструментов утилизации, позволяя учителям второго уровня многократно знакомить своих учеников с основными предметами своих учебных программ в течение учебного года.

Восемь эффективных методов узкого чтения

1. Найдите различия – это узкое чтение, которое обычно включает от 3 до 6 текстов (чем больше, тем лучше) из примерно 100 слов, которые полностью идентичны, за исключением нескольких ключевых деталей. Задача состоит в том, чтобы студенты обнаружили в каждом тексте такие детали, которые отличаются от всех остальных пяти текстов. Поэтому, если текст А в строке 3 гласит «она высокая», все остальные тексты будут читаться в той же строке «она низкая» или «она среднего роста». Очевидно, что вы можете превратиться в соревнование в условиях ограниченного времени с нужной группой.

Логическое обоснование этого задания состоит в том, чтобы заставить учащихся читать одни и те же тексты три-шесть раз (перерабатывая одну и ту же лексику, шаблоны и грамматику), одновременно давая им задание, требующее от них внимания к малейшим деталям, чтобы найти различия.

В качестве продолжения вы можете выполнить задачу «Найдите различия», в которой вы будете повторно использовать одни и те же тексты (конечно, изменяя целевые данные) и зачитывать их. Так как основное внимание будет уделено моделированию, вы будете читать текст при моделировании, а не почти естественную скорость. То же самое обоснование: заставить их слушать один и тот же текст и шаблоны снова и снова.

7. The three texts are almost identical; they differ only in five details. Can you spot them and write them in ENGLISH in the table below?

Jérôme	Paul	Jean-Marc
Mon collège s'appelle 'Collège Jules Verne'. Il se trouve en banlieue, pas loin de chez moi. C'est une bonne école. Il y a cinquante professeurs et 1000 élèves. J'étudie beaucoup de matières, le français, l'anglais, les maths, les sciences, la religion, l'histoire, la géographie, le dessin et la technologie. Ma matière préférée c'est l'anglais parce que c'est intéressant et très utile. Par contre, je ne supporte pas les maths et les sciences, parce que c'est difficile et ennuyeux. Pendant la recrée d'habitude je mange un sandwich à la cantine et je discute avec mes camarades. Après l'école, je vais au club de musculation.	Mon collège s'appelle 'Collège Jules Verne'. Il se trouve en banlieue, loin de chez moi. C'est une mauvaise école. Il y a cinquante professeurs et 1000 élèves. J'étudie beaucoup de matières, le français, l'anglais, les maths, les sciences, la religion, l'histoire, la géographie, le dessin et l'éducation civique. Ma matière préférée c'est l'anglais parce que c'est marrant et très utile. Par contre, je ne supporte pas les maths et les sciences, parce que c'est difficile et ennuyeux. Pendant la recrée d'habitude je mange un sandwich à la cantine et je discute avec mes camarades. Après l'école, je vais au club d'échecs.	Mon collège s'appelle 'Collège Jules Verne'. Il se trouve en banlieue, pas loin de chez moi. C'est une bonne école. Il y a cinquante professeurs et 1000 élèves. J'étudie beaucoup de matières, le français, l'anglais, les maths, les sciences, la religion, l'histoire, la géographie, l'EPS et la technologie. Ma matière préférée c'est le dessin parce que c'est passionnant et très utile. Par contre, je ne supporte pas l'EPS et les sciences, parce que c'est difficile et ennuyeux. Pendant la recrée d'habitude je mange une pomme à la cantine et je discute avec mes camarades. Après l'école, je vais au club de musculation.

Jérôme	Paul	Jean-Marc
1	1	1
2	2	2
3	3	3
4	4	4
5	5	5

Рисунок 2 – «Найди отличия» (пример на французском)

2. Плохой перевод – «Плохой перевод» – еще одна очень эффективная техника узкого чтения. Он состоит из набора очень похожих текстов (обычно 3 или 4) и их соответствующих переводов. Задача состоит в том, чтобы ученики обнаружили четыре или пять ошибок, которые учитель сознательно допустил в переводе, чтобы подчеркнуть определенный словарный запас или структуру. Это заставляет студентов по-настоящему детально обрабатывать тексты на целевом языке и учить словарный запас при этом.

Выполняя это задание, вы снова обманываете учащихся, перечитывая один и тот же текст, шаблоны и словарь несколько раз, но с дополнительными преимуществами перевода L1, что может привести к некоторому изучению нового словаря в процессе. Одни и те же тексты могут быть переработаны в качестве последующей деятельности путем размещения пробелов в тексте на целевом языке или в переводах.

Эту же технику можно превратить в упражнение «Слушание», в котором учащиеся получают перевод и слушают учителя, когда он читает текст на целевом языке.

3. Резюме. В этом упражнении студентам снова дают от 3 до 6 текстов на одну и ту же тему, не идентичных, но очень похожих по структуре и содержанию. Вы суммируете каждый текст в 40-50 слов в L1 или L2, в зависимости от уровня студентов. Задача состоит в том, чтобы студенты нашли, какое резюме соответствует какому тексту. Чтобы сделать задачу более сложной, вы можете добавить дополнительное резюме или два, в качестве отвлекающих факторов.

4. Изображение – выберите изображение из Интернета или используемого учебника, которое относится к обсуждаемой теме или к конкретным грамматическим структурам или шаблонам, которые вы хотите переработать. Затем создайте три или более узких текстов для чтения, которые подробно описывают картину. Тем не менее, убедитесь, что только один текст и только один текст являются 100% точным описанием изображения, в то время как остальные имеют одну или две избыточные детали, которые не соответствуют изображению. Задача состоит в том, чтобы ученики определили единственный текст, соответствующий изображению, в каждой детали.

5. Вопросы – Эта узкая техника чтения требует немного больше работы. Я создал его, чтобы сосредоточить внимание моих учеников не только на содержании целевых текстов, но и на понимании вопросов L2. После создания от 3 до 6 текстов, которые очень похожи по содержанию и структуре, напишите набор из десяти или более вопросов на целевом языке, убедившись, что каждый текст содержит ответ на все вопросы, которые вы создали, кроме одного. Задача учащихся состоит в том, чтобы найти один вопрос, который не относится к каждому конкретному тексту (т.е. в тексте нет ответа на этот вопрос)

6. Обобщение – это напоминает «Найди различия». После создания текстов вы напишите о них десять или более утверждений на целевом языке, которые относятся ко всем текстам, кроме одного (например, все люди в текстах занимаются спортом). Задача учащихся – найти для каждого из утверждений тот текст, к которому он не относится. Заявление может быть на английском или в L2.

7. Список – создайте как можно больше узких текстов для чтения на одну и ту же тему. Затем отобразите длинный список деталей в L1 или L2, взятых из различных текстов, и отобразите его на доске. Задача состоит в том, чтобы учащиеся сопоставили информацию в списке с текстом, из которого она получена.

8. Самый ... – После создания текста вы напишете несколько предложений с пробелами, таких как: самый позитивный человек ...; самый спортивный человек ... самый большой дом ... человек, который посетил больше мест ... Студентам поручено заполнить пробелы.

Заключение

Узкие задания по чтению представляют собой эффективный и увлекательный способ экспоненциального увеличения воздействия ваших студентов на целевые шаблоны, словарный запас и грамматические структуры, которые вы хотите, чтобы они приобрели, используя письменный носитель.

Такие задачи очень важны, потому что они не просят студентов просто выбирать детали в ответ на вопросы о том, кто, где и что, что может побудить некоторых из них просто просматривать и сканировать тексты в поисках подсказок, которые могут побудить образованные догадки или выводы, но «обманывайте» студентов, чтобы они обрабатывали тексты более тщательно и тщательно, в то же время давая им задачу для решения. Это делает повышение воздействия на целевые элементы более эффективным и привлекательным.

На сегодняшний день задачи узкого чтения недостаточно используются в опубликованных учебных материалах, поскольку они не являются общеизвестным методом и требуют много времени. Необхожимо найти группы текстов схожих тем, которые имеют некоторые лингвистические особенности; тем не менее, узкие тексты для чтения являются наиболее эффективными, когда они чрезвычайно похожи по структуре, повторяют одни и те же шаблоны снова и снова, и когда задачи, связанные с ними, имеют компонент решения проблем и даже конкурентный элемент.

Сбор данных научных исследований показывает, что узкие тексты для чтения расширяют словарный запас учащихся. Более того, из массы эмпирических исследований мы знаем, что высокочастотное воздействие одних и тех же паттернов (синтаксических, морфологических, фонологических и т.д.). Повышает чувствительность студентов к ним, облегчая тем самым процесс приобретения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Brown, R, R Waring, and S Donkaewbua. 2008. Incidental vocabulary acquisition from reading, reading-while-listening, and listening to stories. *Reading in a Foreign Language* 20 (2):136-163.
2. Day, Richard R, and Julian Bamford. 1998. *Extensive reading in the second language classroom*. Edited by J. C. Richards, *Cambridge language education*. Cambridge: Cambridge University Press.
3. Elley, Warwick B. 1989. Vocabulary acquisition from listening to stories *Reading Research Quarterly* 24 (2): 174-187.
4. Gray W.S. The teaching reading and writing. – UNESCO: Scott, Foresman and Company, 1969. – 334 с.
5. Hedgcock, John S, and Dana R Ferris. 2009. T*eaching readers of English: students, texts, and contexts*. New York: Routledge.
6. International Reading Association. 2001. Integrating literacy and technology in the curriculum: A position statement // http://www.reading.org/positions/technology.html (Дата обращения: 16.04.2018)
7. Krashen, S. D. 1993. The case for Free Voluntary Reading. *The Canadian modern language review* 50 (1):72 -82.
8. Krashen, Stephen D. 1982. *Principles and practice in second language acquisition, Language teaching methodology series*. Oxford: Pergamon.
9. Leu D.J., Coiro J., Castek J., Henry L. Pages through the ages: How social forces shape reading // Time to Read (Special Tribute Issue of Time Magazine). – 2004. – P. 12-14.
10. Мирсеитова С., Іргебаева Ә. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Алматы: ИздатМаркет, 2004. – 264 б.
11. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ, 2006. – 482 б.
12. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.
13. Taguchi, Etsuo, Miyoko Takayasu-Maass, and Greta J Gorsuch. 2004. Developing reading fluency in EFL: How assisted repeated reading and extensive reading affect fluency development. *Reading in a Foreign Language* 16 (2), http://nflrc.hawaii.edu/rfl.
14. Tierney, Robert J, and John E Readence. 2005. *Reading strategies and practices: a compendium*. 6 ed. Boston: Pearson.

УДК: 81`27



Әбсаттар Әділ Маратұлы,
1-курс докторанты,
Филология және әлем тілдері факультеті,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ

ТЕЛЕВИЗИЯ ДИСКУРСЫН АНТРОПООӨЗЕКТІК ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада экран өнімінің ұлттық мәдениетке ықпалын талдап, телевизия мен көрерменнің арасындағы имманентті байланысты анықтау мақсат етілген. Мұнда цифрлық технологияға негізделген телевизияның институционалдық жүйе ретіндегі қызметі, көрерменге экран өнімі арқылы тигізетін әлеуметтік ықпалы туралы сөз болады. Жұмыста телевизия антропоөзектік тұрғыдан қарастырылған.*

Тірек сөздер: *цифрлы технология, бұқаралық ақпарат құралдары, телевизия, телевизия аудиториясы, заманауи қоғам, ақпараттық қоғам.*

Аннотация. *Цель исследования – определить степени влияния экранного продукта на национальную культуру; проанализировать функционирование имманентной связи «телевидение-зритель». В статье рассматривается деятельность ТВ, основанная на цифровых технологиях, функционирующих как институциональная система, выполняющая свою социальную роль при обеспечении зрительской аудитории экранным продуктом. Научная новизна заключается в антропоцентрическом подходе к анализу телевидения.*

Ключевые слова: *цифровые технологии, средства массовой информации, телевидение, телевизионная аудитория, современное общество, информационное общество.*

Abstract. *The purpose of the study is to determine the degree of influence of the screen product on national culture; to analyze the functioning of the immanent connection "television-viewer". The article discusses the activities of TV, based on digital technology, functioning as an institutional system that performs its social role in providing the audience with a screen product. The scientific novelty lies in the anthropocentric approach to the analysis of television.*

Keywords: *digital technologies, mass media, television, television audience, modern society, information society.*

Кіріспе

Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуына байланысты цифрлық технологияға негізделген ақпараттық-коммуникациялық орта қалыптасты. Ол медиа кеңістігіне, әлеуметтік ортаға елеулі ықпал етіп отыр. Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасаудың қажеттілігін айтқан болатын [*Электрондық ресурс*]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы №827 қаулысына сәйкес елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [*Егемен Қазақстан, 2017*]. Бағдарламада цифрлық технологияларды пайдаланып, дамыту арқылы еліміздің экономикасын, әл-ауқатын арттыру, бәсекелестікке қабілеттілікті күшейту көзделеді. Цифрлық технологияның қарқынды дамуына байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының ортасы – медиа нарықтың сипаты бірқатар өзгерістерге түсті. Бұқаралық ақпарат құралдары мен көпшіліктің өзара қатысы да жаңа сипат алды. Осыған байланысты масс медианың құрылымы өзгеріп, концептуалды-стратегиялық тұрғыдан жетілдірілді, мақсат-міндеті өзгеріп, заман легіне қарай әлеуметтік институт ретіндегі қызметі де

жанданды. Телевизия көпшілік коммуникациясының құралы ретінде медиа кеңістігіндегі айтарлықтай өзгеріске түсіп, экран мәдениетіне тән өнімдерді таратып, насихаттауда басымдыққа ие болып отыр.

«Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында Елбасымыз Н. Назарбаев 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсына отырып: «XXI ғасыр білімді халықтың ғасыры болады. Ақпараттық ғылымның ғасыры болады. Генетика мен биологияның ғасыры болады. Бүкіл ақпараттық кеңістіктің қашықтық өлшемі болмайды. Ақпараттық тұрғыдан алғанда бүкіл дүние тақиядай болады», – деген еді. Расында да, цифрлық технологияны жетілдіріп, жекелеген адамдардың, халық, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы үшін жаңа технологиялық платформаларды пайдалану нәтижесінде коммуникациялық инфрақұрылымның ауқымы да үлғайып, жаңа қауымдастық қалыптастырды. Елдер, мегаполистер, елді мекендер коммуникация ағынының концентраторына айналып, ақпарат таратушы орталық есебінде болып отыр.

Негізгі бөлім

Ақпараттың қайсысы болмасын таңбалар жүйесі арқылы беріледі. Біздің қолдануымыздағы бұл таңбалар – дыбыс, сөз, сөйлеу. Сөйлеу мен ойлау генетикалық байланыста, қоғамдық еңбек желісінде, адамзаттың әлеуметтік-тарихи дамуында қалыптасты [*Қазақстанның ғылымы мен өмірі, 2018, №2/2*].

Экран мәдениетінің артуы, қоғамның түрлі аудиовизуалды ақпаратты тез әрі қызығушылықпен қабылдауы жазба дүниені оқитындардың қатары азаюына ықпал етті. «Сайранқұмарлық – санаға түсау» атты мақаласында белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев «Дженерал моторс» компаниясы тәжірибе жүргізіп, белгілі бір хабарды экран арқылы, радио арқылы, қағазға түскен жазба текст арқылы бергенін айтады. Зерттеу нәтижелері бойынша, экраннан көзбен көргенде адам миының құбылыстарын көрсететін аппаратта ешқандай нышан байқалмаған, радио арқылы берілгенде көмескі нышан, ал қағаздарға жазба арқылы берілгенде мейлінше айқын нышан байқалғанын ескерте келіп: «Демек, көзбен көргеннен де, құлақпен естігеннен де жазбаша текстті оқығанда мидың жұмысы күшейе түскен. Ендеше, «электрондық мәдениет адам санасын енжарландыра түседі» деген сөз» деген қорытынды жасайды [*Кекілбаев А., 2020, 61-65 б.*].

Медиа мәдениетті философия тұрғысынан зерттеген В.М. Межуев ақпарат ағыны молаюына байланысты осы уақытқа дейін сан жылдар бойы мәдениет пен әдебиеттің дамуына ықпал етіп келген жазба мәдениеттің орнына медиа мәдениет (ақпарат мәдениеті) қалыптасатынын айтқан еді [*Межуев В.М., 2011, с. 440*]. Медиа мәдениеттің ерекшелігі – әлеуметтің бір сәттік қызығушылығын оятып, сол кезде ғана әсерленуіне бағытталып, адамның мәңгілік құндылықтардан (өмірдің мәні, ұлттық болмыс, т.т.) безініп, имманентті байланысының әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Медиа мәдениет адамды бір күндік өмірін ғана ойлап, терең бойламауға әкеледі. Әлеуметтің «телевизия-аудитория» имманентті байланысы журналистердің цифрлы ортада қызмет ете білуін, телевизия өнімінің, бағдарламаның көпшілік тарапынан бағалануы, қолдау табуы түрғысынан сипатталуы тиіс. Цифрлы ортада өнімін эфир, кабель, спутник, мобильді, интернет желісі арқылы тарататын телеарналар көбейіп, жергілікті телеарналардың сапасына, көпшіліктің сұранысын қанағаттандыра алмауына байланысты өнімдеріне сұраныс азайып кетуі мүмкін.

Қазіргі кезде карантин жариялануына телевизияның ақпарат тарату қызметі ерекше жанданып, оқушылар қашықтан оқуға мәжбүр болып отыр. Сол себепті телевизия білім ошағына айналды. Зейнолла Серікқалиұлының «Білім – дүниенің кілті. «Білім» дегеніңіз – ғылым. «Ғылым» дегеніңіз – электроника, теледидар, ғарыш... Адамзат үрпағының қазіргі бүкіл рухани, ғылыми-техникалық игілігі осы білімнен тамыр тартқан. Мектеп – білім бастауы; кітап, кино, жоғары оқу орындары, радио, теледидар, баспасөз – қазіргі заманда қай елдің, қай халықтың болмасын ұлттық мәдениетінің негізін қалайтын, мерейін өсіріп, шаңырағын көтеретін ұлы тірегі» деген сөздері нағыз шындыққа айналып отыр. Қазіргі кезде телевизия қосымша ақпарат көзі емес, бірден-бір ақпарат көзіне, білім нәріне айналып отыр. Бұл орайда теледидар арқылы қашықтан оқытып жатқан дәріскерлерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Газет-журнал, кітап автор – мәтін – адресат (оқырман) үштігіне негізделетін. 1960-70 жылдардағы телевизия дикторлары да ақпарат жеткізуде көбінесе бірсыдырғы оқып берумен шектелетін. Сөздердің дұрыс айтылуына – орфоэпиялық заңдылықтарға ерекше мән берілетін. Ал қазіргі кезде мәтінді жеткізуші диктор не жүргізуші өз тарапынан сол мәтінге деген көзқарас, ұстанымын да еркін жеткізеді. Сол себепті мұндай мәтіндердің көрерменге жеткізілуіне негізгі автормен қатар қосалқы автор –

жүргізуші де белсенді қатысады. Осыған байланысты онда адресант екеу болады [*Таюпова О.И., 2018, с. 223-228*] Мәтіннің жеткізілуі екі адресантқа – екі авторға байланысты. Бүгінгі таңда оқулықтағы ақпаратты оқушыға жеткізіп жатқан дәріскерлер де екінші адресанттың, қосалқы автордың қызметін атқаруда. Яғни, бүгінгі таңда телевизияның қоғамдағы орны, қызметі еселеп арта түсті. Әрине, бұл журналистерге де, дәріскерлерге де мол жауапкершілік жүктейді.

Компьютер бағдарламалары көрерменді бірден баурап, елітіп әкетер небір жаңа идеялардың жүзеге асуына, экрандық өнімнің қызық та тартымды болуына барлық жағдайды жасайды. Осыған орай заманауи технологиялар дамып, экран контентінің түрі мен мазмұнының өзгеруі көпшіліктің сана-сезіміне әсер ететіні даусыз. Сол себепті көпшілікті қамтуына, түрлі әлеуметтік топтарға әсер ете алуына байланысты медиа ортаға, әсіресе телевизияға ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі кезде телевизия экран арқылы берілетін ақпараты арқылы сондай әлеуетті күшке айналып отыр. Осыған байланысты күнделікті өзгеріп, жетіліп жатқан конфигурация, әлеуметтік-мәдени жаһануға бағытталған ақпараттық-медиа ағынның экстенсификациясы мен интенсификациясын қадағалап отыру қажет. Бұл орайда Әбіш Кекілбаев: «Жаңа солшылдық» көсемдері ереуілшіл жастарды өз жақтарына шығарып алудың, олардың санасын өздері қалайтын бағытта қалыптастырудың айла-амалдарын мықтап ойластыруда. Олардың бұл мақсатын жүзеге асыруда мәдениеттің дәстүрлі түрлерінен гөрі коммуникацияның осы заманғы құралдары ыңғайлы, әлдеқайда тиімді болып шықты. Олар: «Осы заманғы коммуникация құралдарының ар жағында ешқандай саяси күш, идеология тұрмаған, тек өздеріне тән «спецификалық жүйесіздіктің» арқасында көруші қауымның санасында атымен соны психологиялық революция жасаған «насихатшысыз насихатшы», – деп қаншама өзеуресе де, батыс қоғамындағы мәдениетті мәшинелендіру, адамдардың рухани өмірімен, әдебиет пен өнердің басқа да «дәстүрлі түрлерін» қуып шығу әрекеті – өз-өзінен болып жатқан стихиялық құбылыс емес, алдын ала ойластырылып, жүйелі жоспармен жүзеге асырылып жатқан саяси құбылыс екені ешкімге дау туғыза алмайды, – дейді.

Телевизияның цифрлық платформаға ауысуы нәтижесінде белгілі бір үлтқа ғана бағытталмай, әлемдік деңгейдегі ақпарат кеңістігіне арналған телеарналар көбейді. Экрандық өнімнің мазмұнын жасау үшін шығармашылық топқа басқа елдердегі адамдар тартылды. Телеарналардың шығармашылық тобы заманауи технологияны пайдалана отырып, жетіліп, өзгеріп отырады. Экран арқылы берілетін ақпараттық өнімнің тақырыбы қоғамдағы ең өзекті, көкейтесті мәселелерге арналып отыр. Ақпарат интегративті қызмет атқарып, қоғамды дамытуға, өзгертуге бағытталған жаңа идеялардың таралуына мұрындық боп отыр. Телевизия саласындағы ғылыми-техникалық прогресс әлеуметке бағытталып, көпшілік коммуникация арқылы түрғындар арасында танымдық, әлеуметтік мәні бар дүниелер таратады. Конвергентті-интеграциялық үдеріс, технологиялық жаңалықтар телевизияның маңызын арттырды. Институционалды экономика тұтас жүйе ретінде инфрақұрылымын тез өзгертіп, жаңа бизнес идеялар құратын, әлеумет қажет еткен экран өнімін креативті, ерекше етуге тырысады.

Философтар, мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушылар бұл үдерістерді технологияның дамуымен қатар демократиялық, ақпараттық қоғамның қалыптасуына түрткі болған «диалогтық мәдениеттің» қалыптасуымен, уақыттың тығыздығы, ақпарат ағынының молдығымен, көрермендердің телевизия арқылы өзіне сырт көзбен қарауға мүмкіндік алуымен байланыстырады. Ақпарат ағынының көптігі, «диалогтық мәдениет» жаңалық, сұхбат, ток-шоу сияқты телебағдарламаларда көрініс тауып, экран өнімін жасаушылар бағдарламаның уақыт талабына, көрермендер талабына сай болуын көздейді.

Телевизияның қоғамдық, саяси мәселелердің орнына күнделікті күйбең тірлікті көрсетуге ойысуы, көрермендердің бос уақытын жеңіл күлкі, бос сөзбен өткізуіне әлеуметтік ортада түрлі қайшылық, кереғар пікір тудырды. Осыған байланысты «бос уақыт» философиялық категориясы медиа қауымдастықта ойын-сауық, көңіл көтеруге кететін уақыт ретінде сипаттала бастады. Сол себепті телебағдарламалардың мазмұнына, шығармашылық ұстанымдарына қарсы топ пайда болып, «телевизия-аудитория» қайшылығы, мүдделер кереғарлығы туындады. Оны институционалды және әлеуметтік мүдделердің таласы ретінде де сипаттауға болады. Телевизияны цифрландыруда технологиялық инновациялар мен телебағдарламалардың арасында, экрандық өнімді жасаушы шығармашыл ұжым мен әлеуметтің арасында себеп-салдарлық байланыс орнайды. Осыған байланысты бүгінгі таңда телевизияның жаңа ақпараттық-коммуникациялық ортаға ықпалын зерттеу мәселесі өзекті болып, бірнеше ғылым тоғысында зерттеуді, кешенді түрде жүйелі талдауды қажет етіп отыр.

Ресейлік телевизия арқылы берілетін телебағдарламалардың 66%-ын ойын-сауық бағдарламалары құрайды, онда қатысушылардың тілі негізінен қарапайым сөздерден құралған. Мұндай бағдарламалар

көбінесе қорқытып-шошыту, көзді арбап, сиқыр көрсету, біреуді әшкерелеу сияқты гедонизм сипатында келеді. Гедонизм бағытындағы шетелдік бағдарламалар негізінде Қазақстанда да бағдарламалар көбейді. Мысалы, Американың «Tru tv» арнасы бойынша берілген (жүргізушілері – Стив-О; Марк Макграт) «Killer karaoke» бағдарламасының негізінде Қазақстанда «НТК» арнасында «Караоке киллер» бағдарламасы (жүргізушісі – Дәулет Бижанов) жасалды. Сол сияқты Лондонның «ITV» арнасындағы «The X Factor» (жүргізушілері – Кейт Торнтон, Дермот О'Лири Дермот О'Лири, Кэролайн Флэк, Олли Мёрс) бағдарламасының негізінде Қазақстанда да «X Factor» (жүргізушілері – 1-маусым: Әділ Лиян; 2-6-маусым: Арнур Истыбаев, 7-маусым: Данияр Жұмаділов) бағдарламасы пайда болды. Сол сияқты Түркияның «Atv» арнасындағы «Esra Erol» бағдарламасының негізінде (жүргізуші – Есра Ерол) Қазақстанның «Еуразия» арнасында «Қалаулым» (жүргізуші – Аша Матай) бағдарламалары пайда болды.

Бүгінгі таңда экран арқылы таратылатын ақпараттың дұрыстығы, шынайылығы басты орынға шығып отыр. Соның нәтижесінде көпшілік бұқара берілген ақпараттың негізінде өзіндік қорытынды, тұжырымдар жасап, болып жатқан оқиғаларға қатысты өзіндік көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады, соған сәйкес баға беріп отырады. Осыған байланысты жаңа үлгідегі экрандық өнімдер жасалып, объективті шындыққа біршама жақын болу мақсаты көзделеді. Соңғы жылдары экран арқылы шындыққа көз жеткізуге бағытталған телебағдарламалар қатары көбейіп келеді. Ондай бағдарламалардың қатарында «КТК» арнасынан берілген «Наша правда» (жүргізушісі – Алексей Шахматов), «Астарлы ақиқат» (жүргізушісі – Дина Төлепберген), «ТНТ» арнасынан берілген «Окно» (жүргізушісі – Дмитрий Нагиев), апталық шолу депутат, т.с.с. атауға болады. Бүгінгі таңда телеарналарда шындықты табуға, дұрыстығына көз жеткізуге бағытталған мұндай бағдарламалар көбейіп келеді. Ондай бағдарламалардың қатарында «Еуразия» арнасынан берілген «Пусть говорят» (жүргізушісі – Андрей Малахов, кейін Дмитрий Борисов); «Қазақстан» арнасынан таратылған «Айтуға оңай» (жүргізушісі – Бейсен Құранбек), т.б. бағдарламаларды атауға болады. Осыған байланысты бүгінгі таңда институционалды жүйе ретінде телевизия көермендердің дұрыс, шынайы ақпарат алуға деген талабын өзгертіп, жетіліп жатқанын көреміз.

Экранда бейнеленетін ақпараттық мәдениет қоғам мүшелерінің медиа менталитетінде нақты болмыстан бөлек ақпараттық сана қалыптастырады. Ол таратылып жатқан ақпараттың нақты дәйектері мен эмпирикалық мәліметтеріне негізделеді. Осыған байланысты ақпараттық мәдениетке ие болған қоғам негізінде өзіндік медиа өркениет пайда болады. Ол көпшіліктің коммуникация құралы, телевизия құралдары арқылы қалыптасатын медиа болмысқа негізделеді. Осы медиа болмыс нені басшылыққа алады? Белгілі бір кезеңде қалыптасқан әлеуметтік институттың мәні мен мәнісі неде? Әр тарихи кезеңде қоғам мүшелерінің сана-сезімін өзгертуге бағытталған, рухани-зияткерлік жағынан жетіліп, өзгеріп отыратын мақсат-мүдде болады. Сол себепті қоғам өзгерген сайын адамдардың да мақсат-міндеті өзгеріп, толысып отырады. Мұндай өзгерістер үшін медиа өкілдері қарқынды дамып жатқан заманауи технологияға иек артады.

Заманауи масс медианың технологиялық жағынан да, концептуалдық жағынан да жандануы, сол арқылы телевизияда экран өнімінің жаңа түрлері мен жанрларының қалыптасуы көпшіліктің коммуникация құралына да елеулі өзгеріс әкеледі. Масс медианың негізгі құралына айналған телевизия ақпарат кеңістігін үлғайта отырып, постиндустриалды қоғамда жаңа білім қалыптастыруды көздей ме? Мәдени-ағартушылық қызметін атқара ала ма? М. Мамардашвилидің түжырымдауы бойынша, білімін жетілдіруде адам өзіне дейінгі аға үрпақтың ақыл-кеңесіне сүйенбей-ақ өзінше ойлауға, өз бетінше әрекет етуге дағдыланады [*Мамардашвили М.К., 2011, с. 34*]. Осыған байланысты қоғамның дамып, жетілуі де аға буын өкілдерінің мақсат-мүддесімен сәйкес келмеуі, тоғыса бермеуі де мүмкін. Осыған байланысты заманауи технологияның қарқынды дамуы экрандық өнімдердің мазмұны мен түрін өзгертумен қатар ақпарат кеңістігін үлғайтып, мүлде жаңа, соны ақпараттық сана қалыптастырады. Сол себепті телевизияның әлеуметтік ортаға қандай сана қалыптастыратыны, нені сіңіретіні туралы мәселе қоғамның әрі қарайғы дамуы үшін өте маңызды. Қарқынды дамып, жетіліп жатқан озық технологияның көмегімен өркениетке үмтылған жастар үшін де бұл мәселе өте маңызды болмақ.

Жеңіл-желпі, сәттік қызығушылық оятатын бағдарламалардың негізінде ақпараттық қоғамда «халық журналистикасы» етек алды. Соның нәтижесінде медиа ақпаратты дайындап, таратуда үстемдігінен айырылып, кәсіби деңгейге мән берілмей қалады. «Өтпелі кезеңдегі бұл флуктуацияны қалай еңсеруге болады?» деген мәселенің өзектілігі артып, 1) телевизияның әлеуметтік мәні, тұтас

институционалды жүйе ретіндегі сипаты; 2) экран өнімін жасайтын шығармашыл топтың қызметі; 3) аудиовизуалды өнімнің семантикалық сипаты, әлеумет үшін маңызы екшеліп, сараптала басталды. Көпшіліктің коммуникациялық ортасының мәдениетке қатысы, ұлттық мәдениетті дамытудағы қызметіне де ерекше көңіл бөліне бастады. Экрандық мәдениеттің басым түсуіне байланысты әлеуметтік-мәдени жаһандану үдерісінде ақпарат мәдениетінің негізгі тұлғасы қандай екеніне де мән беру қажет.

Қорытынды

Сонымен, бүгінгі таңда масс медианың қызметі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына, ақпараттық қоғамның қалыптасуына ықпал етіп отыр. Жаңа білім, соны ақпарат заманның тұлғасы – жан-жақты, көп қырлы адамның, инновациялық өзгерістерді қабылдай алатын адамның қалыптасуында маңызды факторға айналып отыр. Жаңадан қалыптасып жатқан ақпараттық-коммуникациялық орта медиа, телевизия саласында күрделі құрылымды жүйенің орнығуына түрткі болып отыр. Соған сәйкес әлеуметтің ақпарат алу, оны меңгеру тәсілдері өзгеріп, тұтынушылардың медиа, телевизияға қоятын талаптары күшейе түседі. Сол себепті телевизия қоғам дамуына, заман үдерісіне сәйкес сапасы да жаңа, мазмұны да ерекше ақпарат өнімін жасауға тырысады. Конвергенция, интеграция үдерісі ақпарат таратумен қатар олардың креативті, жаңаша болуын талап етіп отыр. Телевизияның әлеуметтік ахуал қалыптастырудағы қызметін зерттеу нәтижесінде медиа кеңістікте болып жатқан өзгерістерді бағамдап, масс медианың экрандық өнімінің әлеуметтік ортаға ықпалын анықтауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. https://www.inform.kz/kz/ukimet-cifrlyk-kazakstan-memlekettik-bagdarlamasyn-bekitti_a3098045
2. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. ҚР Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы //Егемен Қазақстан. – 2017, 31қаңтар
3. Айтжанова Д., Сембаева А. Тілдесу энерегетикасының нейролингвистикалық қырлары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі – 2018. – №2/2 (56) – 13-16-б.
4. Кекілбаев Ә. Сайранқұмарлық – санаға тұсау // Акимбаева Ж., Джубатова Л., Мырқасымова Н. Өзін өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы, 2020. – 61-65-б.
5. Межуев В.М. История, цивилизация, культура: опыт философского истолкования. – СПб., 2011. – С. 440.
6. Таюпова О. И. Антропоцентричность текстов масс-медийного дискурса //Российский гуманитарный журнал. – 2018. – Том 7. – №3. – С. 223-228.
7. Мамардашвили М.К. Сознание и цивилизация. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2011. – С.34.

ӘОЖ 821.512.1.0.

Даутова Гүлназ Рахымқызы,
PhD доктор,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ.

Ахмет Ақбөпе Нұрқадырқызы,
магистр,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ «БАТЫР-ЖАУ» ҚАРСЫЛАСУЫ

Аңдатпа: *Мақалада қазақ эпостарындағы батыр бейнесі, қызметі мен жаулары туралы қарастырылады. Көне эпостарда батыр жеке бастың, жанұяның қамын ойласа қаһармандық эпостарда таным мен мұраттың, қабілеттің едәуір өскені сипатталады. Батыр-жау қарсыласуы сөз болады.*

Кілт сөздер: *қаһармандық эпос, эпикалық жаулар, жатжұрттық басқыншылар, батыр қызметі.*

Аннотация: *В статье рассматривается образ героя в казахских эпосах, его действия и враги. В архаических эпосах герой заботится о себе и своей семье, а в героических эпосах познания, идеалы и способности значительно возрастают. А также в статье рассмотрены о героическом противостоянии.*

Ключевые слова: *героический эпос, эпические враги, иностранные захватчики, функции батыра.*

Abstract: *The article discusses the image of the hero in Kazakh epos, his actions and enemies. In archaic epics, the hero takes care of himself and his family and in heroic epics of knowledge, ideals and abilities increase significantly. The article also discusses the heroic confrontation.*

Key words: *heroic epic, epic enemies, foreign invaders, Batyr functions.*

Кіріспе

Қаһармандық жырлар – эпостың ең үлкен, ең қызықты бөлігі. Ең негізгі идеясы мен көтерген тақырыбы түрғысынан оларды теңдессіз шығармалар деп танимыз. Мұнда қазіргі ұранға айналған «Мәңгілік ел» тақырыбы да, дамыған мемлекеттер көксеген, демократиялық көзқарастардың барлығы: тыныштық, ел бірлігі, патриоттық сана-сезім, ел ісінде бір болу, күш жұмылдыру, жеке бастың мүддесінен гөрі, халық мүддесін биік қою, әлсізді демеу, басқыншыны тежеу, өз Отаның үшін мамыражай, бақуатты тіршілік армандау және тек армандап қана қоймай, іске асыру, қарекет қылу тұтастай қамтылады.

Белгілі эпостанушы, ғалым Б.У. Әзібаева қаһармандық жырлардың екі мың жылдық тарихын тұтас қамти отырып, оларды шартты түрде екі топқа жіктейді. Айта кету керек бұл жіктеу эпостың ел қорғау, жер қорғау идеясына негізделе отырып жасалған. Сонымен, ғалым қаһармандық жырларды: «1) қазақ эпосының классикалық үлгілері, яғни жекелеген ру-тайпалардың тәуелсіздігі мен тыныштығы үшін күресетін, ешқашан жеңілмейтін батырларды жырлайтын шығармалар; 2) қазақ қаһармандық эпосының құрамындағы ноғайлы циклы, яғни жеке ру-тайпаның емес, жалпы ноғайлы жұртының батырларын жырлайтын шығармалар» [Бердібаев Р., 1997, б. 27], – деп топтайды да, алғашқысына "Алпамыс батыр", "Қобыланды батыр", "Қамбар батыр" эпостарын жатқызып, бұларды "ру-тайпалық эпостың жарқын үлгісі" деп табады. Екінші қатардағы ноғайлы циклының эпостар қатарына "Қарасай мен Қази", "Ер Сайын", "Орақ", "Шора батыр", "Ер Көкше", "Мамай", "Ер Қосай", "Қырымның қырық батыры" тізбегі мен "Ер Тарғын", "Едіге" жырларын жатқызады. Алғашқы топтағы классикалық жыр үлгілерінің вариантық ауқымдылығы мен сарындық желілерінен тарта отырып, олардың шығу тарихы мен пайда болу кезеңдерін көне түркілік кезеңдерге балайды. Ал, екінші топтағы ноғайлы жырларының генезисіне қатысты: "Бұл эпостардың тарихи фонын Алтын Орда мен Ақ Орда құлап, оның орнында Қырым, Аштархан, Қазан, Ноғай мен Қазақ хандықтары пайда болған XIV – XVII ғасырлардағы оқиғалар құрайды" [Бердібаев Р., 1997, б. 34], – деп, тарихи байланыс орнатады.

Қарап отырсақ, Алпамыс қоңырат тайпасының қамын жесе, Қамбар арғын тайпасының болашағы үшін күреседі. Осы секілді Қобыланды да қыпшақ тайпасының ортасында дүниеге келіп, солар үшін күреседі. Ноғайлы кезеңінің жырлары да – қаһармандық жырлар. Онда да тұтас елдің тағдырын ойлау

батырдың негізгі мақсаты. Бұл туралы ғалым Р.Бердібаев: "Қазақтың өзге батырлық жырларында да ("Қарасай – Қази", "Шора батыр", "Қырымның қырық батыры", т.б.) жеке бастың емес, бүкіл халық немесе тайпа тыныштығы үшін күресетін ерлердің ірі елдік істері алғы кезекке шығарылып көрсетіледі" [Әзібаева Б., 2014, б. 39], – деп әділ бағасын берді.

Негізгі бөлім

«Қаһармандық эпостың басты тақырыбы – ру-тайпасын, туған жерін басқыншы жаулардан қорғау. Сондықтан оның сюжеттері түтастай болсын, жекелей болсын, осы тақырыпты ашуға жұмылдырылады» [Бердібаев Р. Э., 1997, б. 25]. Бұл қаһармандық эпостың барлығына айтылған пікір. Ондағы негізгі идея мен тақырып осы. Жырды тудырушы және жылдар бойы өңдеуші халық, атадан рухани мұра еткен үрпақ жырлардың осы табиғатын сақтап келгендігінде үлкен мән жатыр. Ел үшін оның тыныштығы мен бірлігінен, бейбіт күнінен маңызды ештеңе жоқ. Ал, тарихи шындықтағы ғасырларға созылған толассыз соғыстар, оның күйігі мен қорқынышы, сол жолда атқа қонған асыл ерлер тағдыры эпостардың бір ғана биік мұрат пен арманды арқалай дүниеге келіп, сол мұратты ешқашан жоғалтпай келгендігін түсіндіріп береді.

Қаһармандық эпос табиғаты сан қырлы және жырлардан оны тудырушы халықтың мұраты желдей есіп отырады. Ғалым Р. Бердібаев ерлік пен елдік эпостарының табиғатына тән нәзіктікті жақсы байқаған. Зерттеуші: «Жырларды оқу үстінде және де бір заңдылықты аңғарғандай боламыз. Ел жадында әйтеуір батырлық, күштілік атаулының бәрі сақтала бермейді екен. Батырлық, ру, тайпа, ел қорғауға, азаттық күреске жұмсалғаны ғана ерекше ілтипатқа алынған. Рулар арасында жүріп отырған әдеттегі талас немесе көрші халықтарға жасалған әділетсіз шабуыл халықтың эпикалық санасында сақтала бермейтіндігі байқалады. Кейде рулар арасындағы барымта немесе өзге елдерге жасалған әділетсіздік эпостан көрініс тапқанмен, олар мадақталмай, қайта кінәлеу, айыптау түрғысынан жырланатынын аңғару қиын емес. Өмірде жақсы істердің ғана өлмес даңққа ие болатыны секілді эпостың талғайтыны да қалың қауымға пайдасын тигізген ірі оқиғалар болмақ» [Әзібаева Б., 2014, б. 37], – дейді. Яғни, батырлықтың "ру, тайпа, ел қорғауға, азаттық күреске жұмсалғаны ғана ерекше ілтипатқа" алынғандығын айтады.

Осындай пікірлер легінен кейін қаһармандық эпостарды зерттеушілердің еңбектері бір ғана лейтмотивтен ажырамауы керек. «Әрине әрбір жырдың құрылысына, идеялық бағытына лайық ерлік сарыны түрлі дәрежеде көрініс береді. Сонда да болса қаһармандық аңыздаулардың басты пафосы – ерлік, Отан қорғау болып келеді» [Әзібаева Б., 2014, б. 35]. Яғни, елі мен жерін қорғау аталмыш эпостардың өзегі екендігі әрқашан басты назарда.

Эпостағы эпикалық жаулар тарихи шындықтағы жаулармен түспа-түс келіп отырады. Десек те, эпостарда кездесетін жаулар екеу ғана. Олардың ең жиі ұшырасатыны қалмақ, сирек кездесетіні қызылбас елі. Қызылбас елі деп отырғанымыз селжүктер дейтін байырғы әскерлердің қазақ эпостарындағы атауы екенін білеміз. "IX–X ғасырлардағы селжүк оғыздары мен қыпшақтардың тайталасы кезінде селжүкшілер басына қызыл матамен тысталған бөрік кигендіктен "қызылбас" аталған" [Батырлар жыры, 2006, б. 12]. Эпостарда кезігетін тағы бір көне жаудың атауы – Ындыс. Ындыстар туралы ғалымдар Қ. Жұмалиев пен С. Қасқабасовтар былай дейді: "Ындыстар ежелгі Хорезм мемлекетінің, яғни антика дәуірі (осыдан 2-2,5 мың жыл бұрын) түсындағы қазақ сахарасында, Арал мен Сырдария, Маңғыстау мен Атырау атырабында мекен еткен ру-тайпалармен соғысып отырған сол шақтағы Үндістанның (Хиндустанның) жауынгерлері болуы мүмкін. Үнді жұрты өзін "хиндус", ал мекенін "Хиндустан" деп атайтынын, сондай-ақ оларды көршілес елдердің "индус" дейтінін ескерсек, қазақ эпосындағы "ындыс" сөзінің қайдан шыққанын байқау қиын емес" [Батырлар жыры, 2006, б. 12].

Түркі халқының сан ғасырлық жаугершілік ғұмырында жаулардың бұдан әлдеқайда көп болғаны белгілі. Демек, эпостарда кездесетін жаулар эпикалық жинақтаудан туған болып келеді. Қазақ халқының үзаққа созылған соңғы үздіксіз соғыстары қалмақтармен болды. Осыған байланысты оған дейінгі моңғол, жоңғар, ойрат, шүршіт секілді тарихи жаулар ұшыраса бермейді. Бұлар бір халықтың әртүрлі тайпалық құрамына қатысты туған атаулар екенін білеміз. Бірақ эпикалық шығармаларда тек қалмақ атауы немесе оны алмастыратын «кәпір» атауы кездесіп отырады. Қалмақ негізгі жау болатын эпостық туындылардың қатарына жалпылай айтқанда барлық қаһармандық эпостар кіреді. «Қобыланды батыр» жырында қаһарманның айқасатын жауларының үлты бірде қалмақ, бірде қызылбас деп аталады. Осының өзі де эпикалық жинақтаудың заңдылығына тән құбылыс» [Әзібаева Б., 2014, б. 36], – дейтін пікір осы ойымызға бірден-бір дәлел.

Қайсібір жырларда болсын, санаулы ғана жаудың кездесіп отыруының ендігі бір себебін мына бір пікірден байқасақ болады: «Жыршы мен тыңдаушы жүртшылық үшін жаудың аты кім болғаны онша есеп емес, сол дүшпанды жеңіп, кеткен есені қайтару, елдің бірлігін қалпына келтіру, бейбіт өмірге қолын жеткізу маңызды. Басқа жырлардағы эпикалық жаулар табиғаты туралы да осыны айтамыз. Бүкіл қазақ жырында эпикалық жаулардың екеу-ақ − қалмақ пен қызылбас болып келуі де осы пікірімізді дәлелдей түседі» [Әзібаева Б., 2014, б. 36], – дейді. Яғни, жырлардың тәлімдік, тәрбиелік маңызының басым болуы ондағы тарихилықтың салмағын әркез бағамдай бермейді. Б.У. Әзібаеваның: "Шора батыр туралы эпос тарихи оқиғаларға негізделсе де, шынайы тарихты қуаламайды. Қарастырылып отырған эпоста қорғаушы батыр, жеңімпаз-батырдың дәстүрлі бейнесі сомдалған" [Бердібаев Р., 1997, б. 48], – деуі осы ойымызды нығарлай түседі. Эстетикалық биіктерді бағындыру үшін, қызығушылықты арттыру үшін, өнегелі істерді дәріптеу үшін, шынымен, жаудың аты мен түр-түсін тәптіштеп баяндап жату аса маңызды емес.

Классикалық қаһармандық эпостардың биік мәдени-тарихи өреге көтерілуі ол арқалап туған арман мен көздеген мұратқа байланысты дедік. Алғашқы туған көне эпостарда батыр жеке бастың, жанұяның қамын ойласа қаһармандық эпостарда таным мен мұраттың, қабілеттің едәуір өскенін көреміз. «Қаһармандық эпос ғасырлар бойы қалыптасады. Қалыптасу тарихында ол өзіне дейінгі архаикалық эпостың эволюцияға ұшырап, трансформацияға түскен негізгі параметірлерін жаңа деңгейде, жаңа сапада бойына сіңіреді» [Бердібаев Р., 1997, б. 25], – дегенде ғалым осыны айтқан болуы керек. Яғни, бас қаһарман енді жеке мүдде қумайды. Ол үшін халықтан, туған елден, оның бірлігі мен тыныштығынан маңызды ештеңе жоқ. Ол осы мақсат пен мұрат жолында басын бәйгеге тігуге бар. Мәселен, "Сайын батыр" эпосында жеті жастағы жас Сайын шаппаққа келген жаумен ұзақ соғысып, кері шегінгенше, өлгенді жөн көреді. Ақыры ауыр жарақаттанған батыр жеңіліс табады. Ерлік жолында ұрыс салған жап-жас батырды жазушы-ғалым М.О. Әуезов өлдіге санайды дейді Б.У. Әзібаева. Сонымен қатар, жазушы-ғалымның зерттеуіне сілтеме бере отырып: "М.О. Әуезов бастапқы нұсқада Сайын батыр ұрыста қаза табады деп топшылайды. Себебі Сайын жорықтың сәтсіз аяқталатынын ескерткен жауырыншының болжамын елемей, аттанып кетеді. Ғалымның пікірінше, оқиғаның сәтті аяқталуы – кейіннен кіргізілген қоспа" [Бердібаев Р., 1997, б. 51], – деген дерек келтіреді.

Осы секілді "Қамбар батыр" жырындағы батырдың "Сөйлесе кетсем сұлумен, кетермін деп қызығып", – деп Назымдай сұлудан бас тартуы тоқсан тобырлы тайпасының қамын кім ойлайды деген ойдан ғана айтылғандығы кәміл. Ал, батырлардың жорықтары еріккен ердің ермегі емес. Жырлаушы ел қамын жеп қалың қолға қаймықпай жалғыз кіретін жауынгер бейнесіне ерек шабытпен жырлап отырады.

«Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың Отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адам қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады. Бұл жөнінде фольклоршылар пікірі бір жерге түйісіп отырады» [Әзібаева Б., 2014, б. 35], – дейді Р. Бердібаев. Яғни, жырды тудырудағы мақсаттар мен қажеттіліктер санаулы боп келеді. Бірақ ол ең ұлы мақсаттар мен міндеттерді, қажеттіліктер мен аңсарларды арқалап қана туғандығында сөз жоқ. Осыдан оның танымдық та, эстетикалық та және идеологиялық та негізгі функцияларын өтеп отыруы заңды.

Эпикалық жырдағы батыр әркез туған жерін жатжұрттық басқыншылардан қорғау үшін қырғын ұрыс сала бермейді. Көбіне халқын азат ету жолында немесе сол халқына төнген қауіпті қайтару үшін соғыс жүргізумен қатар сүйген жарын қайтару немесе қол жеткізу үшін де соғысу мотиві бар екенін айта кету керек. Жырлардағы осынау ұрыс салу себептерінің негізгісі мейлі кек алу болсын, мейлі сүйген жарды азат ету мақсаты болсын туған елінің тағдырын ойлау деп жинақтауға болады. Әрине, жырлардағы негізгі соғысқа себеп туған жер үшін, атажұрт үшін күрес екені былай да түсінікті.

Байқап отырсақ, соғыстың тууына көп жағдайда бөтен елдің басқыншылығы, астамшылығы себеп боп отырады. Олар не жерге, не елге, не мал мен дәулетке қызығып, не сол елдің асқан сұлу қызын даулап келуі мүмкін. Ал, әдетінше елдегі ең ақылды, әрі асқан ару қыз батырға ғана тиесілі. Ол елдер қалмақ, қызылбас деп суреттеліп, "жау", "кәпір", "дінсіз" деп аталады. Және бірінші болып соғыс ашқан соң, тиісінше күтпеген қарсылыққа тап келеді. Қарсыласатын әлі күшін танытып үлгермеген – бас қаһарман. Бас қаһарман, яғни батыр, алдымен ел қорғау үшін және екіншіден ел іргесіне жау

келді дегенді есітіп, делебесі қозады. Майдан алаңынан жеңіспен оралып, абыройға ие болады. Осыған бір мысал ретінде "Қамбар батыр" жырын алайық. 1) Әзімбай ханның қызы Назымның асқан көркіне құлақпен қанып, соны бір алмаққа іс ойлаған қалмақтың ханы Мақия еді. 2) Ал, Назым Қамбардай батырға сырттай ғашық болып, жау келмей түрып көрісіп те үлгерген. Қамбар да қызды көргенмен, қызығып кетсем тоқсан тобырлы елім не болмақ деп бойын аулаққа салған-ды. Яғни, сюжеттің даму заңдылығына байланысты хан қызы батырға ғана тиесілі. Өйткені, Назымды алмаққа жиылған байы бар, бағланы бар, биі бар, төресі бар, жалпы саны сексен отауға арнайы қонақ боп түскен қалың қараның жолы болмады. Олардың он екі жасар Назымдай қыздан енді үміті жоқ. Жырлаушы осылай көп қараның ішінен Назымға лайықтысын Қамбар етіп шығарады. 3) Қамбар – аңшылығымен кедей елін асырап күнелкен азаматтығымен танылғанымен, майдан алаңында жарқылдап көзге түсе қоймаған он екі жасар (кей нұсқасында он сегіз жасар) батыр. 4) Қамбар осылай он екі мың қолды қалмақтан қалың ноғайлы елі мен қара көзді жалғыз сұлуды арашалап қалады.

Осында батырдың отыз обырлы, тоқсан тобырлы еліне деген махаббаты анық көрініп отырады. Ол жауды жеңіп келген соң да Әзімбайдай азулы ханға қызыңды берсен тездетіп бер, алыстағы елім аштан қалып барады деп тайсалмай сөйлейді. Ауларға аң таусылғанда да:

Отыз үйлі обырдың,
Тоқсан үйлі тобырдың
Тілегін, Құдай, бермедің.
Зарланғанын, Жасаған,
Құдіретіңмен көр-сәна.
Біреуі аштан өлсе де,
Обалы менің мойнына,
Көзінің жасы зарланып,
Төгілер менің қойнына [Бабалар сөзі, 2007, б. 18], – деп зарланады, түн орасы

болғанша төсектің үстінде көйгөй тартып жылайды. Жауға аттанарында ағаш түбіне ат басындай алтын жасырғанын, соны еліне таратып беруін де анасына тапсырады, айлық азық қылғанға аң етін үйіп беріп те кетеді. Бұл Қамбардың кедей жұртына деген махаббаты ретінде ашық суреттелмегенімен, жырлаушы астармен жеткізіп, тыңдаушы айқын түсінерліктей беріліп отырады.

"Қамбар батыр" эпосымен мазмұндас ноғайлы циклына тиесілі жырлардың бірі "Қарабек батыр" эпосы да сюжеті жағынан Қамбармен ұқсас. Мұнда да қалмақтың ханы ноғайлының қызына ғашық болады. "Қамбар батыр" жырында Назымға ғашық болып, он екі мың әскермен ноғайлының іргесіне келіп, Назымды күштеп алмақшы болатын қалмақтың Мақия атты ханы болса, "Қарабек батыр" жырында оят пен қияттың ханы Қадырханның сұлу қызы Ханбибіні түсінде көріп, ессіз ғашық болып, бір түмен қолмен тартып алмақшы болатын Қараман атты қалмақтың ханы. Қамбар секілді Қарабек те ел іргесіне келген қалың қалмақты күйрете жеңеді.

Жатжұрттық басқыншылармен болған соғыстың алуан түрлісі топтастырылған жыр үлгісі – "Қобыланды батыр" жыры. Мұнда батыр қалмақпен де, қызылбаспен де айқасады. Қазан хан елімен, Көбікті батырдың елімен, Алшағыр ханмен өткен айқастар жеке-жеке сипатымен ашылады. Қобыланды Қазан ханды, қызылбастардың елін шауып, жолай Көбікті батырды өлтіріп қайтып келгенде ауылының өртенген орнын ғана сипап қалады. Шаңырағы ортасына түсіп, шырқы қашқан ауылынан тірі жан таппай, көзін жас, көкірегін от шарпиды:

Таң ата Қобылан қараса,
Жұрты жатыр, елі жоқ,
Батпағы жатыр, көлі жоқ,
Сандалып жүрген бала жоқ.
Табанына тиді шоқ,
Жанды қара бірде жоқ.
Балта кеспес мұртына
Сүйексіз тілім бел қылды.
Сәске мезгіл болғанда,
Шауып келді Қобыланды
Бұлаңдаған Құртқаның
Отауын тіккен орнына.

«Қобыланды батыр» жырында батырлар бастан-аяқ қыпшақ елінің, кең мағынасында ноғайлы жұртының мүддесі үшін күреседі» [Әзібаева Б., 2014, б. 37]. Ондағы батыр бейнесі елі мен жарын қорғау жолында сан қырлы қайратымен, ерлік пен батырлықтың биік үлгісін көрсетумен ашылады.

«Халықтың әділетсіз соғыстарды, кімге де болса нақақтан тиісіп, зәбір көрсетуді қолдамайтын көзқарасы эпостың өзінен де айқын көрініс беріп отырады. «Қобыланды батыр» жырында Қобыланды, Қарамандар Қазан ханды жеңіп қайтар жолында Көбіктінің де елін «олжалай» кетпек болған әрекеті тосын қиыншылықтарға кездестіретіні мәлім. Осы жолы Қобыландының өзі қолға түсіп, Қарлығаның көмегімен ғана тұтқыннан босайды. Эпикалық сана әділдік пен қиянат мәселесінде ешқашан ауытқымай, адаспай отыратынының бір мысалы осы» [Әзібаева Б., 2014, б. 37], – деген ғалым Р. Бердібаев сөзінде үлкен мағына бар. Байқап отырсақ эпикалық жырлардың өзіне тән әділдігі, таразысы, шешімі бар. Жырларды тудырып, тарих тақтасында есімі өшкен, ұмыт болған авторлардың алғашқы нұсқалары бізге беймағлұм болған соң фольклорлық шығармалар, оның ішіндегі эпостар халық шығармашылығы деп есептелмейді. Ол туған сәттерден бастап ауыздан-ауызға тарау процесінде сан мыңдаған үрпақтың талғамынан, ақыл-ойынан пісіп жетіліп, өмір сүру, даму жолында өткерген уақыттың барлық талаптарын өтеп, мінсіздікке үнемі қол созып отырған соң халық шығармашылығы болып табылады. Осыған орай эпостар табиғаты адами-гуманистік ойларды, қоғам өмірінің көптеген салаларына, жағдайларына байланысты туралықты, өмір сүрудің жақсы қағидаларын көрсетеді. Әлеуметтік проблемаларды көтере отырып әділ, тура шешім ұсынып отырады. Жырды арқалай туған негізгі идеясына байланысты ерлік пен елдікті, батырлықты дәріптейді. Р. Бердібаев сөзіндегі: "Халықтың әділетсіз соғыстарды, кімге де болса нақақтан тиісіп, зәбір көрсетуді қолдамайтын көзқарасы эпостың өзінен де айқын көрініс беріп отырады. Эпикалық сана әділдік пен қиянат мәселесінде ешқашан ауытқымай, адаспай отыратынының бір мысалы осы", – дегендегі айтар ойының денін жоғарыдағыдай түсінсек болады.

Қорытынды

Қазақ эпосы материалдарының көрсетуінше, елге қауіп төнген жағдайда батырдың дәрежесі ханнан да жоғары болған. Қорғаушы батыры о бастан белгіленген. Әдетте ол жасы келген ата-ананың көптен күткен, сұрап алған ұлы болады (кейде баланы тек ата-анасы емес, бүкіл халық, тайпа/ ру сұрайды). Батыр Тәңірден үздіксіз тілегені үшін, байлықтан бас тартып, садақа бергені үшін және т.б. жасы келген ата-анаға берілетін сый. Басқаша айтқанда, аңызшылардың айтуынша, жоғары күштер болашақ батырдың пайда болуына белгілі бір деңгейде әсер етеді, бұл ежелгі құдайлардың және тайпалық кейіпкерлердің Құдайдың түпнұсқалығының көне мотивтерінің қалдықтары болып табылады.

Қорыта айтқанда, XVIII ғасырдан бергі 300 жылға жуық уақыт аралығында қазақ халқының басынан талай тарихи оқиғалар өтті. Олардың барлығы бірдей болмағанымен, ел тағдырына елеулі әсер еткен күрделі кезеңдері тарихи жырда бейнеленіп, үрпақтан-үрпаққа жетті. Олар халықтың жауынгерлік тарихымен тығыз байланысты болғандықтан, ұзақ уақыт бойына саяси түрғыдан бұғатталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бердібаев Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
2. Әзібаева Б. Қазақ эпосының сюжеттері. – Алматы: Servise Press, 2014. – 575 б.
3. Бабалар сөзі: 100 томдық. Батырлар жыры. Астана: Фолиант, 2006. – Т.33 –364 б.
4. Бабалар сөзі: 100 томдық. Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2007. – Т.43. – 416 б.

Дауылова Динара Жакыпбековна,
1-курс магистранты,
«Аударма ісі» мамандығы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: dinka__91@mail.ru

Есембеков Темиргали Оразгалиевич,
профессор, филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: esembekov53@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ РЕАЛИЙЛЕРДІ АУДАРУДЫҢ АМАЛДАРЫ

Аңдатпа. *Мақалада реалийлерді аударудың қалыптасқан ұстанымдары мен қағидаттары қарастырылып, ономастикалық реалийлерді аударудың стратегиясы мен тактикасы талданады. Э. По әңгімелерінің орыс және қазақ тілдеріндегі аудармалары түпнұсқамен салыстырыла зерттеледі. Мәтіндердегі ономастикалық реалийлердің функционалдық, магыналық сәйкестіктері жүйеленіп, оларды тәржімалаудың тиімді жолдары мен амалдары сарапталды.*

Тірек ұғымдар: *Реалий, оним, ономастика, аударма, аударма стратегиясы, аударма тактикасы, мәтін, антропоним сәйкестік.*

Резюме. *В статье рассматриваются существующие подходы и принципы перевода реалий, а также переводческая стратегия и тактика воспроизведения ономастических реалий. Сравнительному анализу подвергнуты рассказы Э. По и их переводы на русский и казахский языки. Определены функциональные, смысловые соответствия онимов в этих текстах. Выявлены способы и приемы перевода онимастических реалий.*

Ключевые слова: *реалий, оним, ономастика, перевод, стратегия перевода, тактика перевода, текст, антропоним, соответствие.*

Summary. *The article discusses the existing approaches and principles of the translation of realities, as well as the translation strategy and tactics for reproducing onomastic realities. E. Poe's stories and their translations into Russian and Kazakh languages are subjected to comparative analysis. The functional, semantic correspondences of the onyms are determined in these texts. The methods and techniques are revealed for translating onomastic realities.*

Keywords: *reality, onym, onomastics, translation, translation strategy, translation tactics, text, anthroponym, correspondence.*

Кіріспе

Аударматанудағы өзекті мәселелердің бірі – реалийлерді аудару. Оның себептері жетерлік. Реалийлердің мәтінде сигнификативтік, денотативтік, когнитивтік, ұлттық, образдық, коммуникативтік, компенсаторлық, лингвомәдени магыналары бар екендігі, олардың басқа да образдық, эстетикалық қызмет атқаратындығы көптеген зерттеулерде орнықты анықталған. Сонымен қатар, онимдердің көркем мәтіндегі уақыт пен кеңістік туралы нақты ақпарат беріп, әдеби шығарманың ономастикалық кеңістігін құрайтыны біршама қарастырылған. Реалийлерді аударуға қатысты В. Гумбольдт еңбектерінен, Сепир-Уорф теориясынан басталған екідай пікірлер таласының тарихы ұзақ. XX ғасырда осы текетіреске дем берген еңбек – С. Флорин мен С. Влаховтың «Непереводимое в переводе» кітабы еді. Ондағы реалийлерді «аударудың екі шарты бар екені, кей жағдайда реалийлер аударылмайды» [*Влахов С., Флорин С., 1980, с. 76*] деген пікірдің жақтастары мен қарсыластары әлі күнге дейін бар. Аударматанушы А.В. Федоров «басқа тілге аударылмайтын ешқандай сөз болмайды» деп өз ұстанымын айтқан болатын [*Федоров А., 1983, с. 303*]. Ғалым реалийлерді аударудың мынадай төрт жолын ұсынды: транслитерация мен транскрипция (толық немесе ішінара), бейнелеп аудару, ұқсастыра аудару, гипономиялық аударма. Уақыт өте келе зерттеушілер осы екі ұстанымның жетістік-кемшілігін сарапқа салды. Жаңа жолдары қарастырылды. С. Бархударов "жартылай калька" және ұқсастырып аудару әдістерін ұсынса, В. Комиссаров мәселені шешуге сәйкестік деңгейлерін қолдануға болатынын айтты. Д. Селескович пен

М. Ледерердің интерпретативтік теориясы, О. Каденің үш фазалы моделінің де аталмыш проблемаға қатысы бар. Бұл бағытта қазір де зерттеулер белсенді жүріп жатыр, өйткені бүгінгі ақпарат тасқыны жаңа прагматонимдерді, эргонимдерді, ойконимдерді, маркалар мен брендтердің атауларын айналымға енгізіп жатыр. Оларды ұлттық тілге сауатты аудару мәселесі де шешімін күтуде.

Қазіргі кезде реалийлерді аударудың қиындығы тіларалық коммуникативтік ерекшеліктерге және лнгвомәдени кедергілер мен айырмашылықтарға байланысты деп айтылып жүр [*Алексеева И.С., 2008, 21 б.]*. Осы себепті аударманың трансляциялық, модификациялық ресурстарының қызметі жан жақты сараптала бастады. Демек, реалийлерді аудару тәржіманнан тыңғылықты кәсіби білім мен біліктілікті қажет ететін күрделі үдеріс екені анық. Аударма теориясында әлі де нақты шешімі табылмай отырған «нақтылық» ұғымдарына жақындау оңай емес. Реалийлерді аударуда форенизация, доместификация, синқронизация, калькалау, ұлттық аналог, синхрондау сияқты ұғымдар кеңінен қолданылуда. Реалийлердің ұлттық тілді жаңа ұғымдармен байытатыны рас, басқа ұлт тіліндегі онимнің аударма тілінде кең қолданысқа ие болғанына мысал аз емес. Шығарманың ұлттық мазмұны мен түрін, этникалық колоритін дәл, шынайы бере білудің деңгейі реалийлерді аударудың сапасына да қатысты екені айтылып жүр. Реалийлерді этнология, әлеуметтану, мәдениеттану, лингвистика, аударматану сияқты салалар жүйелі зерттеуде. Әр саланың өз жіктеуі, топтауы, жинақтауы бар. Біз реалийлердің Г. Томахин ұсынған мына жіктеуін басшылыққа алдық: этнографиялық реалийлер; географиялық атаулар; білім беру жүйесі, мәдениет реалийлері; қоғамдық-саяси реалийлер, ономастикалық реалийлер [*Томахин Г.Д., 1988*].

1930 жылы ономастикалық конгресстің өткені тарихтан белгілі. Ал 1949 жылы Юнеско құрған халықаралық ономастикалық комитет тұрақты жұмыс істеуде. Ономастика – тіл философиясының зерттеу нысаны. Әлемге әйгілі ғалымдар П. Флоренскийдің "Онаматалогия", А. Лосевтің "Есім философиясы" деген еңбектері осының дәлеліндей. Асылы, ұлттық онамастиконның әрбір социумның тілдік- мәдени әлуетінің деңгейін айқындап тұратыны даусыз, оның аса маңызды прагматикалық этноақпараттың бай қазынасы ретіндегі мәні тәржімандар үшін маңызды ақпарат екендігі айқын. Қысқасы, ономастикалық реалийлердің көркем мәтіннің барлық категорияларына қатысы бар. Тіпті автордың идиолектісіндегі онимдердің қолданылу ерекшеліктері қаламгер шығармашылығының көп сырынан хабар беріп тұратыны талай айтылған. Осы мәселелердің әдеби аудармашылардың қаперінде жүргені дұрыс болар.

Э. По шығармалары ғасырлар бойы әлем оқырманының назарынан тыс қалған емес. Жазушы мұрасы бүгінгі қауымға өзінің ұлттық, көркемдік, эстетикалық, танымдық мазмұнымен құнды. Сондықтан оның мағыналарға бай, тілі кестелі, пішіні көркем шығармаларын қазақ тіліне де сапалы етіп аударған абзал. Қаламгердің новеллаларын орыс тіліне А. Энгельгардт, Н. Демурова, И. Гурова және тағы басқалар аударып, ал қазақ тіліне Ә. Ахметов, Б. Баймаханов, Т. Кәкішевтер тәржімалаған. Болашақ аудармашыларға көмек болсын деген оймен жазушы әңгімелеріндегі ономастикалық реалийлердің орыс және қазақ тілдеріне аударылу тәжірибесін салыстыра талдап, тиімді аудармашылық тактикалық амалдарды сараптау зерттеуіміздің мақсаты болмақ.

Негізгі бөлім

Ономастикалық лексика, яғни атау сөздердің семантикалық болмысы Дж. Милль, О. Есперсен, Э. Гуссерль зерттеулерінде жан-жақты талданып, көптеген шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектерінде жүйелі қарастырылғаны мәлім. Қазіргі пәнаралық интегративтік ғылыми ізденістер де қолдауға тұрарлық.

Ономастика дегеніміз – заттарды жекелеп атайтын жалқы есімді зерттейтін тіл білімі саласы деген жалпылама анықтама бар [*Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ., 2004, б. 10*]. Демек, ономастиканың басты нысаны – атаулардық пайда болу негіздерін, қалыптасу жолдарын, қолданылу тарихын зерттеу. Ономастикалық реалийлердің ерекше тілдік таңбалар жүйесі екендігі, оның лингвоэстетикалық, лингвостилистикалық жүйектері барлығы мойындалған. Онимдердің әлеуметтік артефакт, концепт, денотат, коннотат ретіндегі сипаттары зерделенген. Ономастиконның тілдік тұлғаның когнитивтік базасын қалыптастырудағы орны айрықша, әсіресе оның адамның коммуникативтік құзыретін дамытуға, әлеуметтік мәдени кодтарды дұрыс игеруіне көмегі зор. Контрастивті ономастика, функционалдық ономастиканың жетістіктерінен жақсы хабардар тәржіманның еңбегі жемісті болатыны дәлелденген. Әрине, ономастикалық реалийлердің идентификациялық, символдық мәндерін, тілдің

үнемдеуге қосатын үлесін де ұмытпаған дұрыс. Аудармашы ономастикалық реалийлердің тілдік және мәдени коммуникацияның бастаушысы екеніне жеткілікті назар аударғаны жөн. Қысқасы, онимдерді аударудың қиындығы жетерлік екен.

Өз кезінде С. Флорин мен С. Влахов реалийді аударуды мынадай түрлерін ұсынған болатын:

– Транскрипция (Транслитерация)

– Аудару (ауыстыру)

– Мәнмәтіндік аударма.

Қазіргі кезде ономастикалық реалийлердің көбі транскрипция (адам аттары, жер аттары, мекеменің аттары, кітаптар т.б.) арқылы аударылады. Алайда Алдар көсе, Мырқымбай, Судыр Ахмет сияқты атаулардың ұлттық мағынасын, олар тудыратын ассоциациялық, аллюзивтік, эмотивтік мағыналарды басқа тілде жаңғырту оңай емес. Қазақ тіліндегі ономастикалық реалийлер ағылшын тіліне көбінесе былай аударылып жүргені белгілі: Күннұр – Kunnur, Айсара – Aisara, Зере – Zere т.с.с. Шет тілдегі басылымдардың, журналдардың немесе географиялық атаулардың аттары айтылу ерекшеліктеріне қарай қазақ тіліне транслитерация арқылы ауыстырылады. Мысалы: Times – Таймс, The New York Times – Нью Йорк Таймс т.б. Реалийді аударудағы жеңіл тәсіл – аударылатын тілдің функциясы бойынша түпнұсқадаға жақын сөзбен аудару. Кейде экспликация жасалады, жаңа сөздер ойлап табу әрекеттері кездесуде. Ішінара гипо-гипоренимдік алмастырулар пайдаланылып жүр.

Атақты ағылшын жазушысы Эдгар Аллан Поның «Ұрланған хат» әңгімесі он тоғызыншы ғасырда жазылып, XX ғасырда аударыла бастағаны белгілі, яғни мәтінде бүгінгі оқырман үшін аса таныс емес беймәлім ақпараттың болатыны түсінікті. Олардық қатарында мынадай ономастикалық реалийлер бар:

Ағылшын тілінде (түпнұсқа) [Poe E.,1844, p.1-14].	Орыс тіліндегі аударма [Энгельгардт М.А., 2006, с. 4-13].	Қазақ тіліндегі аударма [Баймаханов Б., 2011, б.178-205].
C. Auguste Dupin	С. Огюста Дюпен	С. Огюст Дюпен
au troisieme, No. 33, Rue Dunot, Faubourg St.Germain.	au troisieme N 33, Rue Donot, Faubourg St. Germain.	Сен-Жерменелді мекенінің Дюнок өшесіндегі № 33 үй
Rue Morgue	Улица Морг	Морг көшесі
Marie Roget	Мари Роже	Мари Рожен
Abernethy	Абернети.	Абертени
Rochefoucault,	Ларошфуко	Ларошфуко
La Bougive	Лабрюйер	Лабрюйер
Machiavelli	Макиавелли	Макинавелли
Chamfort	Шамфор	Шамфор
Bryant	Брэйант	Брайант
Catalani	Каталани	Қағалани
Atree	Атрея	Атрей
Thyeste.	Тиэста	Фиест
Crebillon	Кребильон	Кребийон
the Prefect	префект	префект
Campanella	Кампанелла	Кампанелла
Seneca	Сенека	Сенека

Әрине, «Ұрланған хат» әңгімесі ағылшын қоғамын, әлеуметтік ортаның өмірі мен түрмысын, салт-санасын бейнелейді. Қарапайым болып көрінетін онимдерде қаншама сыр жатқанын аудармашы жақсы білуі керек. Мысалы, Алматы қаласының байырғы тұрғынына ғимараттар мен көшелердің ескі атауларының ерекше эмоциялық әсер ететіні анық. Қазіргі алматылық үшін Самал ауданы, Ж. Саин және С. Сейфуллин атындағы көшелердің, Мега мен Магнум деген атаулардың белгілі бір ақпарат, бағыт беретіні рас қой. Жоғарыда жасалған кестеде, ономастикалық реалийлердің үш тілдегі белгіленуі

көрсетілген. Әрқайсысына жеке талдау жасайтын болсақ, түпнұсқадағы әңгіме кейіпкері *C. Auguste Dupin – С. Огюста Дюпен* орыс тілі мен қазақ тіліне *С. Опост Дюпен* деп транскрипция (транслитерация) тәсілі арқылы аударылған. Жазушының өзінің бірнеше әңгімесінің басты кейіпкеріне Огюст Дюпен деген атты таңдауының мақсаты мен мотивтері туралы жазылған зерттеулермен таныс болған аудармашы бұл есімнің астарында талай сыр жатқанын біліп, тым болмаса түсінік берер еді.

Транскрипция (транслитерация) дегеніміз – түпнұсқаның лексикалық бірліктерінінің қалпын аударылатын тілдің әріптері көмегімен құрудың әдістерін айтамыз. Келесі оним түпнұсқада *au troisieme, No. 33, Rue Dunot, Faubourg St. Germain болса, о*рыс тіліне *au troisieme N 33, Rue Donot, Faubourg St. Germain. Деп дәл* түпнұсқадағыдай ауыстырылған, ал қазақ тіліне *Сен-Жермен елді мекенінің Дюно көшесіндегі № 33 үй деп калькалау әдісі арқылы аударылып отыр, нақтылау байқалады.. Калькалау әдісі* – бұл аударылатын тіл морфемасы мен сөздердің лексикалық сәйкестіктерінің ауысуы арқылы жасалатын түпнұсқаның лексикалық бірліктерінің аудармасы [*Тарақов Ә., Жақсылықов А., Мұсалы Л., Адаева Е., 2013, б. 29*]. Сондай-ақ түпнұсқадаға мына реалий *Rue Morgue* орыс тілінде *Улица Морг* мен қазақ тілінде *Морг көшесі деп* калькалау тәсілі арқылы аударылған. Ал мына ономастикалық реалийлер *Marie Roget – Мари Роже (*орыс тілі*) – Мари Рожен (*қазақ тілі*); Rochefoucault – Ларошфуко(* орыс, қазақ тілдерінде); *La Bougive – Лабрюйер* (орыс, қазақ тілінде); *Chamfort – Брэйант (*орыс тілі*) – Брайант (*қазақ тілі*); Atree – Атрея (*орыс тілінде*) – Атрей (*қазақ тілінде); *Campanella – Кампанелла (*орыс, қазақ тілінде*); Seneca – Сенека* орыс және қазақ тілдеріне транслитерация әдісі арқылы жасалынған. Кейбір айтылмайтын дауыссыздар, қос дауыссыздар дауыстылар арасында дауыстыдан кейін берілген трансформацияның транслитерация түрі бар. *Machiavelli – Макинавелли*, *Catalani – Қағалани*, Thyeste – *Фиест*, *Crebillon – Кребийон* деген ономастикалық реалийлер лексикалық өзгеріске ұшыраған. Ономастикалық реалийлердің фондық лексика, экзотизм, этномаркерлік лексика ретіндегі мағыналары ашылмай қалғаны байқалады.

Қорытынды

Э. Поның "Үрланған хат" әңгімесіндегі ономастикалық реалийлердің прагматикалық әлеуеті, мәдени негіздері, мәтіндік қызметі нақтыланды. Оларды аудару барысында транскрипция, траслитерация, калька сияқты амалдар ғана қолданылған. Ономастикалық реалийлердің әрбір ұлт пен социумның мәдениеті мен түрмыс тіршілігінің ерекшеліктерінен ақпарат беріп тұратынын аудармашылардың естен шығармағаны дұрыс. Сонымен қатар, тәржімандардың идентификация, экспликация, синхрондау сияқты тәсілдер қолданғаны тиімді болар еді деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Влахов С., Флорин С., «Непереводимое в переводе», – М., 1980. – 176 с.
2. Федоров А., «Основа общей теории перевода», – М., 1983, – 303 с
3. Алексеева И.С., «Введение в переводоведение», -СПб, 2008, – 368 с.
4. Томахин Г.Д. «Прагматический аспект лексического фона слова // Филологические науки», № 5: 1988.
5. Мәдиева Г.Б, Иманбердиева С.Қ. «Ономастика: Зерттеу мәселелері», 2004, – 240 б.
6. EdgarPoe, «The Purloined Letter», 1844, – 14 p.
7. Эдгар Аллан По «Украденное письмо». Часть сборника Золотой жук. Рассказы: Эксмо; Москва; 2006, – 13 с. Орыс тіліне аударған: М.А. Энгельгардт
8. Эдгар ПО «Асқар таулар аңызы». Новеллалар. – 205 б., Аударма баспасы, 2011 ж. Қазақ тіліне аударған: Б. Баймаханов
9. Ә.Тарақов, А.Жақсылықов, Л.Мұсалы, Е.Адаева «Аударма теориясы», 2013, – 132 б.

УДК: 811.581:81'373

Дильманова Мәдина Талғатқызы,
докторант 2 курса,
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана
E-mail: dilmanova.m@gmail.com

СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ГУАНЬЮНЪЮЙ С КОМПОНЕНТОМ «ГОЛОВА» В СОВРЕМЕННОМ КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. *Бұл мақалада автор қазіргі қытай тілінің соматикалық фразеологиялық бірліктерінің кейбір ерекшеліктерін талдауға тырысады. Зерттеу объектісі «бас» компоненті бар фразеологиялық бірліктер болды. Фразеологиялық бірліктердің семантикасы – әртүрлі әдістер тұрғысынан жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі және көп өлшемді құбылыстардың бірі. Бұл құбылыс, ең алдымен, фразеологиялық бірлік нақты уақыттағы құбылысты немесе объектіні гана емес, сонымен бірге жинақталған тәжірибе мен білім призмасы арқылы автордың бұл тұжырымға қатынасын көрсететіндігімен байланысты.*

Кілт сөздер: *қытай тілі, фразеологизм, соматизм, семантика.*

Аннотация. *В настоящей статье предпринята попытка анализа некоторых особенностей соматических фразеологических единиц современного китайского языка. Объектом исследования выступили фразеологические единицы с компонентом «голова». Семантика фразеологизмов представляет собой одно из самых сложных и многоаспектных явлений, требующих комплексного изучения с позиций разнообразных методов. Это явление связано, прежде всего, с тем, что фразеологизм отражает не только явление или объект действительности в реальном времени, но и отношение автора к данному высказыванию через призму накопленного опыта, знаний.*

Ключевые слова: *китайский язык, фразеологизм, соматизм, семантика.*

Annotation: *This article attempts to analyze some features of somatic phraseological units of the modern Chinese language. The object of the study are phraseological units with the "head" component. The semantics of phraseological units is one of the most complex and multidimensional phenomena that require a comprehensive study from the standpoint of a variety of methods. This phenomenon is associated primarily with the fact that phraseological unit reflects not only a phenomenon or object of reality in real-time, but also the author's attitude to this statement through the prism of accumulated experience and knowledge.*

Keywords: *Chinese language, phraseological unit, somatism, semantics.*

Введение

Появление и широкое распространение новейших технологий, позволяющих ускорить обмен информацией, трансформировало мир в «глобальную деревню».

Язык же, в свою очередь – уникальный инструмент человека, выделяющий его из остального мира. Он настолько вплетен в жизнь, что человек не может отличить предмет от названия, действительность от ее отражения в языке.

В современной лингвистике немалый интерес вызывает семантика соматических фразеологизмов, так как она выражает антропоцентрическую направленность. «Антропоцентрическая парадигма в языкознании, нашедшая свою реализацию в … лингвистике, рассматривает язык как факт общественного сознания данного этноса, которое по-своему членит, отражает в языке окружающий мир и определяет ментальность базового носителя этого языка» [Карлинский А.Е., 2009, с. 84].

Грамматический и семантический оттенки функционирования соматизмов в различных языках освещаются в трудах: С.Е. Исабекова; Н.В. Куницкой; У.С. Хван; В.М. Богусловского; А.С. Ташауова и др. Наименования частей тела, нашедшие выражение во фразеологизмах, описываются рядом лингвистов: А.А. Исаев; О. Назаров; Ю.А. Долгополов; Р.М. Вайнтрауб; Я.Р. Раджбаев; Э.И. Мордкович; М.Н. Азимова; Н.В. Джанелидзе; Ц.В. Бибилейшвили и др. [Ергалиева У.А.; Сулькарнаева А.Р., 2012, с. 2] Особенного интереса стоят сопоставительные изыскания соматической номинации в работах казахстанских лингвистов. М.Х. Абилгалиева выявляет наиболее существенные сходства и различия в структуре и семантике соматических фразеологизмов казахского и немецкого языков [1992]. Немалый интерес представляет комплексное изучение соматизмов русского и казахского языков, осуществленное З.К. Ахметжановой и Р.Е. Валихановой [1999]. Выявлению и определению национально-культур-

ной специфики конвенциональных соматических фразеологизмов в гетеро морфных языках (русский, казахский и английский) посвящена работа Ж.К. Омиралиевой [1999].

В каждом естественном языке закреплен определенный способ концептуализации восприятия и организации мира. Через отражение человеческого опыта по взаимодействию со средой в языке строится языковая картина мира.

Интерес к языковой картине мира прослеживается еще в работах В. фон Гумбольдта, отмечавшего, что «языки являются для нации органами их оригинального мышления и восприятия» [В. Гумбольдт, 2000, с. 324]. Таким образом, языковая картина мира – это отблеск ментальности нации. А концепт, как ментальное значение, имеет традиционно-общественные особенности, связанные с представлением о мире, цивилизации, обычаях, взглядах, истории нации. Концепт «голова», являясь одним из древнейших концептов человечества, отражает ум и интеллектуальные способности человека.

Важно отметить, что концепт «голова», как самая важная часть человеческого тела, вместилище ума – голова считается одним из основных понятий любого языка, культуры, любого лица, что воссоздано в пословицах, поговорках, фразеологизмах, песнях каждого народа. Исследование смысла определенного концепта на материале фразеологических единиц обладает безусловным смыслом, потому, как и концепт, и фразеологизм несут в себе общее, образное значение, основанное на жизненном опыте целого народа и отдельного индивида.

Рассмотрим, как значение слова «голова» расписано в словаре китайских иероглифов «Синьхуа»:

1. Верхняя часть тела человека, верхняя или передняя часть тела животного, содержащая в себе мозг头脑 .头脸.
2. Применимо к стилю волос: 平头 ;头毛 ;头白 .
3. Верхняя часть чего-либо: 山头 ;笔头 ;两头尖.
4. Начало чего-либо: **起头; 从头做起; 头裹（开始)**.
Тартты биік асқарға.
Булығып көзге жас толып,
Дірілдейді тұла бой.
Қол, аяқ кеткен созылып,
Жинақталмай қашқан ой»

деген жолдар арқылы автор суылдап үшқан қыран мен үрейден дірілдеп-қалшылдап үн шығара алмай, қорқып келе жатқан бала бейнесін сомдайды. Тінейдің үстіндегі киік терісін аң деп үққан қыран баланы биік құздағы ұяда жатқан балапанына азық ретінде апарып береді. Бала құс ұясындағы әртүрлі аң еттерінің жатқанын көреді, қыранның баласы солармен тамақтанатынын түсініп, зәре-құты қалмайды. Сол кездегі баланың қорқынышты сәті поэмада:

«Қозғалуға қыраннан
Қорқып Тіней түнімен.
Атқанша жатты жазғы таң,
Айрылып мүлде есінен»

деп суреттеледі.

Тастай қараңғы түнде құстың тосын қимылы бала Тінейді одан әрі үрейлендіре түседі. Таң атысымен қыран көкке қайта көтеріледі, осы сәтті пайдаланған бала қалайда құтылып шығудың амалын іздей бастайды. Қия-қияны кезіп, жасырынатын бір үңгір тауып алады. Сол үңгірде шикі етті күнге қақтап жеп, күнін көреді. Үядағы балапанның есейгенін күтіп жүрген бала айла тауып, бөкен терісінен есіп, арқан жасайды. Тінейдің осы сәттегі аянышты халі мен ауыр тағдыры поэмада:

«Арқанды байлап беліне
Тіней құсты босатты.
Ширыққан қыран дауылмен,
Тінейді алып көкке атты»

деп бейнеленеді. Қыран баланы орман үстімен көкке алып үшқан кезде бала жолында кездескен бір зәулім қарағайды паналап қалады. Арқаннан жасалған аяқбауы үзілмей, құс та, өзі де ағаштың басында тұрады.

«Үзілмеді аяқбау,
Жазбады Тіней құшағын.
Солқылдап қарағай,
Салмақ басып бұтағын».

Поэмада баланы Сүрмергеннің досы құтқарып қалады. Қыранды да жібермей, баланы да аман-есен сақтап қалады. Аңыз оқиғасының соңы баласымен табысқан ата-анасының бақытын суреттеумен тәмамдалады.

Ақынның бұл туындыны жазудағы негізгі мақсаты – оқушысын құсбегілік өнердің қыр-сырымен таныстырып, адам баласының алғырлығын сөз ету. Поэмада автор оқырманға кейіпкерінің қиын-қыстау сәттерде өзін-өзі ұстауы, айла тауып әрекет жасауы, ширақтығы сияқты қасиеттерді үлгі етіп, құсбегілік өнердің қатерлі екенін ескертеді. Ақын Тінейдің ақылдылығы менептілігін баяндап жатпай, бала көкейіне қонымды бейнелі оқиғалармен ықшамды жеткізеді. Ойымызды академик С. Қирабеавтың пікірімен сабақтасақ: «Біз өмір шындығын дәл бейнелеу дегенді көп айтамыз. Осы «дәл бейнелеу» дегеннің өзі не? Бұл – баланың өмірін жып-жылмағай, тартымсыз, көңілді де әсем етіп суреттеп қана қою емес. Өз бетімен өмірге ұмтыла түсіп, қай баланың болсын, өміріне, тіршілігіне бөгет жасар қиындықтарға ұшырайтыны белгілі. Ендеше, біз кітаптарымыз арқылы жас ұрпақты арамдыққа, әділетсіздікке, қаталдыққа қарсы күресуге әрқашан дайындық сезімге баулуға тиіспіз. Жас жүрек қиыншылық үстінде ер жетіп, жол табады. Жасты есейтетін тек үгіт қана емес, сезім, өмірдің тартысын сезіну. Кейде қайғы да бала сезімін есейтеді, оның есін кіргізеді» [Қирабаев С., «Жұлдыз», №8, 1969, 23-28 б.]

Ертегі поэманың өзіне тән ерекшеліктері қандай десек, біріншіден мазмұнындағы ойлылық пен жинақылық, екіншіден тың тақырыптың жырлануында, үшіншіден ақын қай оқиғаны суреттесе де, бала көзімен, соның түсінігмен, қиялымен қарайды, психологиясын түсінуге тырысады, төртіншіден тіршіліктің үлкен де күрделі мәселелерін бала көзқарасымен, танымымен баяндайды. Мұның бәрі Сапарғали Бегалиннің балалар әдебиетіндегі поэма жанрындағы өзіндік қолтаңбасы, дара ізденістері десек, сондай-ақ балалар ақынына тән тұлғасы да тынылып, ерекшелене түседі. Поэма жас оқырмандардың қабылдауына ықшамды 7-8 буынды жыр өлшеміне құрылған.

Балалар поэмасында дәстүрлі тақырыптың бірі – оқырманды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттердің мәнін бала санасына сіңіруде ақылдылық пен надандық, әділдік пен әділетсіздіктің мәңгілік тартысын ертегі, аңыздың көркемдік амал-тәсілдерін ұтымды қолдана отырып, бала ұғымына сай жеткізеді. Мұндай ертегі, аңыздар жас оқырман үшін адам мен дүние танудың алғашқы бастамасы тәрізді.

Ақынның балаларға арнап ертегі ізімен жазған «Үр, тоқпақ» поэмасы:

«Ертеде, ерте, ерте күнде,
Ешкі жүні бөрте күнде,
Жер жаялықтай,

Аспан тебінгідей екен.
Онда өзеннің басы
Арық сияқты жіңішке екен.
Алтайдың тасы –
Қиыршық ұсақ күмісті екен», –

деген кіріспемен басталады. Шығарманың бұлайша басталуы халық ауыз әдебиетіндегі ертегі жанрының дәстүрлі кіріспесін еске түсіреді. Осы орайда М. Әуезовтің: «Қазақ ертекшісінің бәрі де көптен-көп ертегісін: «ертеде бір бай бопты», «ертеде бір хан бопты», «ертеде бір кемпір мен шал бопты» деп бастайды. Немесе, «ертек-ертек ерте екен» деген сияқты көпке ортақ, ерекше, өлеңше бастауымен келеді. Кейде «ертекүнде үш ағайынды жігіт бопты» деген сөздер ертегінің басын бастайды.

Осылайша ертегінің алдында үнемі айтылып отыратын дағдылы сөздері әңгіменің жолын ашады, жөнін аңғартады. Айтылатын өзге әңгіме емес, ертегі, оның өзге сөзден бөлек, өзіне тән айшығы, өрнегі бар. Тыңдаушы соны аңғарсын да, есітер әңгіменің ерекшелігіне бейімделе берсін демек» [Әуезов М., 1991, 415 б.] деген пікірін еске ала кеткен орынды.

Ақынның поэмадағы буын, сөз үйқастарына қоса, «е», «а», «ж» дыбыстарын үндестіруі кіші жастағы балалардың дыбыс әсерлігін ескергендігімен сабақтас. Сондай-ақ поэмада кішірейту («жер жаялықтай», «аспан тебенгідей») тәсілінің қолданысы да бар.

Шығармада бақшасындағы тарыға үрлыққа түскен қаздың арқасында мол дәулетке кенелген кедей шал мен кемпірдің басынан өткен қызықты оқиғалар баяндалады. Адалдық пен арамдықтың қатар жүретінін көрсеткен туындыда әділет төрешілік жасайды. Аңқау шалдың аңғалдығын пайдаланған мыстан кемпірдің зұлымдығын қаз сыйлаған «Үр, тоқпақ» әшкере етеді. Қолда барды қанағат тұтпаған мыстан кемпірдің бейнесі, өзіне серік, достықты қадірлей білетін қаз тұлғасы шығармада әралуан оқиғаларда көрініс берген.

«Үр, тоқпақ» ертегі поэмасының оқиғасы бала қабылдауына жеңіл, логикасына сіңімді, мазмұнының түсінікті әрі қызғылықты келуімен ерекшеленеді. Ақын өз өлеңдерінде балдырғандардың танымына сай болу үшін, автор ертегі жанрына тән ерекшелік пен балалар шығармасына қойылатын талаптарды сақтай жазған.

«Балық аулап, тұзақ құрып,
Арық қазып суды бұрып,
Тары өсіріп, талқан жеп,
Қамыстан өрген үйі бар,
Болар-болмас күйі бар,
Тұрады екен кемпір-шал»

деген жолдармен ақын оқырмандарға поэманың негізгі кейіпкерлері кемпір мен шалдың қарапайым тұрмысын хабардар етеді. Поэмада автор оқырмандарын ертегінің басты кейіпкерлерімен таныстырып алғаннан соң ғана негізгі оқиғаны баяндауға кіріседі. Шығармадағы ақын қолданған тәсіл – диалог. Момын шал мен кемпір, шал мен қаз, қойшы бала мен шал, шал мен мыстан кемпір диалогтары оқиғаны ықшам әрі бала қабылдауына орай жинақы өрбітуімен байланысты. Шалдың еккен көк тарысына қаздың үрлыққа түсуі, көп кешікпей түзаққа түскен қаздың бейнесі поэмада:

«Мені босат, жанымды қи,
Тілегіңді айт, мен беремін.
Тойғаныңша берейін сый,
Сені байға теңгеремін.
Қалың жылқым өр жайлауда,
Сортаң жерде жатыр түйем.
Қойым толы кең қойнауда,
Тоғай толы сиырыммен.
Бәрін берем не керегің,
Кел де ала бер қалағаның.

Билігіңде бәрі сенің
Бар тілегім шыбын жаным»,

деген жолдар арқылы ашылады. Қаздың айтқан сөзіне иланып, оны ашылады. Қаздың айтқан сөзіне иланып, оның тілегін орындап, бауыздамай қоя берген шалдың бейнесі шығармада адалдық пен қайырымдылықтың символы. Ақын өз оқырмандарының зейінін кейіпкердің адамгершілік қасиетіне аудара отырып, оларға қамқорлықтың мәнін көрсетеді. Бұдан әрі поэмада шалдың үйге құр қол келгенін көрген кемпірінің ашуланған бейнесі сомдалады:

«Қаз алдаса қоя берген,
Ақылың жоқ антұрған шал.
Онан да бар, тез алып кел,
Қаздың етін, сол тілегім».
Шалдың ендігі беталысы –

қаз досының мекенін тауып алып, одан көмек сұрау. Алтай тауын аралап, Ертіс өзенін жағалап жүріп шал бір қойшыға кез болады. Жөн сұраса келе қойшының алдындағы қойы қаздың малы екені анықталады. Қойшы шалға қаздың құнды үш мүлкі бар екенін айтады.

«Оның бірі – «қайна қазан»,
Керек астың өзі пісер.
Қашан айтсаң қай уақытта,
Дайын болар асың ішер.
Біреуі оның асыл есек,
Тек «құс» десең алтын құсар.
Қазынаңда болмайды есеп,
Санауға да ішің пысар.
Біреуі оның «ұр, тоқпағы»,
Тек айтсаң-ақ төпелейді.
Тек «ұр, тоқпақ» десең тағы
Хан ба, бай ма, елемейді», –

деп шын ықыласымен жауап береді. Шығармадағы шалдың осылай қойшыға кездесуі оқиғаның даму үстінде екенін көрсетеді, яғни оқиға жылдамдықпен өрбіп, әрі кішкене оқырманды жалықтырудан сақтайды. «Бүгінгі таңдағы әдебиетке, оның қай жанрына болсын қойылатын биік талаптардың бірі – драматизм» [Нұрғалиев Р., 1986, 261 б.]. Шалдың қаз сыйлаған «қайна қазанын», «құс есегін», «ұр, тоқпағын» мыстан кемпірдің айла тауып, алып қалуы – ертегінің драмалы түсы. Адалдық пен арамдықтың қатар жүруі, олардың шиеленісі шығарма кейіпкерлерінің мінезін аша түскен. Автор поэмада екіжүзді, зұлым мыстанның айласын қаз сыйлаған «ұр, тоқпақ» арқылы әшкерелей отырып, шалдан алдап алған қазаны мен есегін кері қайтарып бергізеді. Қулығын асырып келген мыстан кемпірдің шалды оятып, көмек сұрауын автор юмор арқылы өрнектеген. Шығарма соңын автор:

«Сонан бері кемпір мен шал,
Аптағаны алтын, күміс,
Ішкендері шекр мен бал,
Қарық болып жаз бен қысы.
Тұрад дейді содан бері
Алтайды асып, Ертіс жайлап,
Сол есектің жүрген жері
Атаныпты Алтын аймақ», –

деп ертегіге тән жақсылықпен аяқтайды. Адамдықтың асыл қасиеттері адалдық пен еркіндіктің жеңіске жетуі – поэманың негізгі түйіні.

«Алтайда өскен ақ тарының
Қасиетін қаз біледі.
Өзі еккенмен тары сырын
Алтайлықтар аз біледі.
Деген нақыл ерте кезден
Ертегі боп ел сөзінде.
Осы ертегі бір сөзден
Туған екен сол кезінде», –

деп ақын поэмаға өзінің көзқарасын білдіреді. Поэмада автор – адалдық пен әділдіктің жақтаушысы. Поэманың тақырыбы – ізгілік, идеясы – залымдықты жеңген ізгілікті дәріптеу. Ертегі поэманың өміршеңдігі неде дегенде, жауыздық пен әділдіктің қақтығысын бала қабылдауына лайықтап бейнелеп, үлкен ойды бала санасына сіңіруде, айтылар ойдың тек образдан туындауын жүзеге асыруында және ертегінің эстетикалық заңдылығын сақтай жазуында. Сондай-ақ автордың ертегі кейіпкерлерінің бастан өткізген оқиғаларын суреттегенде көп жағдайда өз оқырманының жас ерекшелігін, олардың сұраныс-тілегін ескеріп отырғандығында.

Сапарғали Бегалин аңыздар ізімен жазған «Сырлы қайнар» туындысы мектеп жасындағы оқушыларға арналған. Поэманы автор Сақпан қарттың әңгімесі арқылы өрбітеді. Шығарманың кіріспе бөліміндегі:

«Шықты бір топ жас ұландар
«Жамантының» бойын өрлеп,
Аққан өзен, өскен тал бар,
«Жаманты» өзен жатқан көлбеп.
Және жалғыз ағашы бар –
Қара өріктің өскен бір түп,
«Қасиетті ағаш, киелі су
Сырлары көп, – дейді, – оны жұрт»

деген жолдарынан Жаманты тауына саяхатқа шыққан балалардың іс-әрекеті сомдалады. Автор поэмада балалардың қайнар суын түндырып жүрген сушы Сақпан қарттан тау мен өзен атының неге байланысты қойылғанын сұрайды. Сонда қарт көне заманның аңызын балаларға жырдай ғып айтып береді:

«Ертеде екен ел әдеті –
Күшті әлсізін алған шауып.
Жаусыз жаққа түзеп бетін,
Жеңілгені кетеді ауып.
Сондай үлкен ұрыс болып,
Қазақ елі қырғын тапқан.
Ел сақтанбай көшіп-қонып,
Кез еді бір бейқам жатқан.
Жеңілген ел тастап көшіп
Малын, мүлкін, жерін, суын.
Тау қиялап, тасты кешіп,

деп қазақ халқының басынан өткен жаугершілік заманның елге әкелген зиянын баяндайды. Сондай ел басына күн туған шақта қолына найза алып, жаумен жалғыз алысқан Жаманты деген батыр болады. Аңызда батыр оқыс жағдайда, қысылтаяң шақта танылады. Ақын батырдың жау қоршауында қалған сәттегі кесек, өр мінезін суреттеп алады. Ерлік жасау үшін мінездің өткірлігі мен қайсарлығы қажеттігін бала түсінігіне әсер етер суретпен жеткізеді. Батыл да қайсар, өткір мінезді батырдың психологиялық портретін бейнелейді:

«Сонда қазақ қолын бастап,
Қашпай қайта жауға шапқан,
«Қашпаңдар, -деп – жерді тастап»,
Жаманты екен дабыл қаққан.
Ол ер екен елін сүйген,
Қымбат көрген арын жаннан.
Арыстандай жауға тиген,
Ат жүздіріп аққан қаннан.
Жалғыз келген Жаманты ерді
Қамапты жау сай басында.
Жау бұрын ап бекін жерді
Жан жоқ екен ер қасында.
Жау қуанып ұстаймыз деп,
Жаяу өрлеп тасқа ұмтылған.
Сонда батыр жаудың тобын
Қопарып ап таспен ұрған».

Ақын Жамантының жаудан қаймықпаған қайсарлығын үрпаққа үлгі етіп, патриоттық тәрбие беруді мақсат тұтады. Батырдың ерлігін ғана емес, туған елге деген сүйіспеншілік сезімін өрнектеуі де бала танымына әсерлі әрі ұтымды түрде суреттелген. Поэма соңында Жамантыға көмекке келген қазақ қолы жиналып кеп, дұшпанын жеңеді.

«Ертек етіп ерте күннен
Ер атымен тауды атаған.
Мына өрік пен мына бұлақ –
Белгі мұра содан қалған.
Жауды жеңіп, тарқап ыза,
Ер Жаманты тартқан садақ.
Сол ұрыста сынған найза
Сабын осы жерге қадап».

Сақпан қарт: «Жаманты батырдың атқан садағының оғы қадалған жерден су шығады. Ол су адам жанына мың да бір ем. Судың сырлы қайнар аталуы сол себепті. Батырдың сынған найзасы қадалған жерге өрік өсіп шығады» – әңгімесін аяқтайды.

Автор аңызда басты кейіпкер етіп атақты батырды емес, тек бір ұрыста асқан ерлік көрсеткен, бұрын тарихта аты аталмаған тұлғаны алады. Шығармада Сақпан қарттың әңгімесін тыңдаушы жас ұландардың сезім- күйлері де әсерлі бейнеленген. Қарт шежіресін тыңдап болған соң балаларды саяхатқа алып шыққан, табиғат пәнінің мұғалімі атайға бұлақтың пайда болу себебін ғылым тілімен түсіндіреді. Шипалы суға аруақ қонған дейтін нанымшыл қартқа бұлақтың жерт астындағы жылылықтан пайда болғанын ұғындыра бастайды. Ақынның негізгі идеясын пионерлер мен мұғалімнің сөздерінен аңғарамыз.

«Ел қорғаған ер баласын
Халық сыйлап құрмет қылып.
Өскен ағаш, тау мен тасын
Аңыз еткен соған бұрып.
Жер менен көк, су мен шөптің –
Өз тіршілік, өз сыры бар.
Ғылым көзін ашты көптің –
Мезгіл жетті сіз де ұғынар...»

Ақынның «Сырлы қайнар» поэмасы жас оқырмандарды ерлікке, қайсарлыққа, табандылыққа, сол арқылы биік мақсатқа жетуге шақырған мәні зор туынды. Поэманың негізгі мақсаты – ержүрек

ерлердің ерлігін жырлау арқылы азаматтық тәрбие беру, ұлттық намысты ояту. Поэмадағы басты кейіпкер Жаманты бейнесі – жауына бас имей, ел-жерді қорғаған қазақ ерлерінің жиынтық бейнесі.

Поэма мектеп жасындағы жеткіншектерге арналғандықтан жас оқырманның ұғымына қонымды, тілі жеңіл. Ақынның поэманы сегіз буынды жыр өлшеміне құруы балалардың жас ерекшелігін ескерумен қатар, оқиғаны жинақы жеткізуімен де ұтымды.

Жалпы, Сапарғали Бегалиннің поэмалары әртүрлі жастағы балаларға (бүлдіршіндерге, балдырғандарға, жеткіншектерге) ұлттық тәлім-тәрбие беретін, баланың рухани байлығын арттыратын, уақыт, заман, қоғам шындығын танытатын, бала психологиясының әр алуан қырынан ашатын түрлі тақырыпта жазылуымен ерекшеленеді. Ғалым Қ. Алпысбайдың: «С. Бегалин поэмаларының этнографиялық сипаты басым. Әрине, бұл көпті көріп, көр тоқыған сақа қаламгерге тән жақсы нышан. С. Бегалин поэмалары – кейінгі ұрпаққа мол мұра» деген пікірі ақын поэмаларының өміршеңдігін айғақтай түседі.

Ақынның балаларға арналған ертегі, аңыз поэмаларына тән сипат – фольклор үлгілерінің жырлануы, қиял-ғажайып ертегілері мен батырлық ертегілерінің элементтерін негізге ала отырып, заман шындығын бейнелеуде жаңаша, жаңғырта жырлау, халық ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыздарды өзгертпей, тек бірер өзгертулермен сомдау, сонымен қатар халықтық ертегі, аңыздарды әдеби өңдеу арқылы жырлау, ойдан ертегі, аңыз жазу арқылы балалар поэмасының өркендеуіне ықпал ету болып табылады.

Түйіндеп айтсақ, Сапарғали Бегалин поэмаларында аңыздық жүйе негізге алына отырып, әртүрлі оқиғалар, қым-қуыт тағдырлар, қилы заман қасіреті сөз болады. Оның шығармалары жас оқырман үшін тартымды, тәрбиелік, танымдық қасиеті мол, адамның дүниеге көзқарасын қалыптастырып, өмір сырларын ашатын өнер туындылары. Олай болса ақын поэмалары қазақ балалар әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар, рухани мұра болып табылары сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992. – 200 б.
2. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. – Алматы: Жазушы, 1989, -184 б.
3. Кәкішев Т. Сын сапары. – А: Жазушы, 19717 – 173 б.
4. Қирабаев С. Әдебиет және балалар өмірі.// «Жұлдыз», №8. 1969, 23-28б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А: Ана тілі, 1991. – 464 б.
6. Нұрғалиев Р. Телағыс. Алматы: Жазушы, 1986.- 440 б.

ОӘЖ 81:39

Избасарова Эльвира Иманалиевна,
2 курс докторанты,
PhD докторантурасы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қаласы, Қазақстан

Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫН ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

Аңдатпа. *Бұл мақалада элитарлық сөйлеу мәдениеті ұғымы ғалым Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасының ажырамас қасиеті ретінде талданады, ол еркін меңгеруде және элитарлық сөйлеу мәдениетінің принциптерін сақтауда көрінеді: сол уақыттың тілдік және этикалық нормаларын ұстану, коммуникативтік жағдайды терең түсіну. Бұл санат мәдениет тарихшылары, лингвистер, әдебиеттанушылар, бірегей шығыстанушылар мен этнографтар, географтар интегралдық құзыреттіліктің жоғары (ғылыми) деңгейін, оның ішінде тілдік, мәтіндік және коммуникативтік субкомпетенцияларды және оларды іске асыру тетіктерін білдіреді. Мәдениет тарихшылары, лингвистер, әдебиеттанушылар, бірегей шығыстанушылар мен этнографтар, географтар. Шоқан Уәлихановтың ізденуіндегі тілдің даму барысы, тарихи талдау элементтерімен ұштасқан тілдік жүйенің салыстырмалы сипаттамалары, ғылыми іс-әрекет, білім беру идеяларымен қысқаша өмір, Шоқан Уәлихановтың тілін үйренетін галымдар туралы мәліметтер оқытылады.*

Түйінді сөздер: *тілдік тұлға, элитарлық сөйлеу мәдениеті, элитарлық сөйлеу мәдениетінің тасымалдаушысы, экстралингвистикалық ақпарат, кәсіби тілдік тұлға.*

Аннотация. *В данной статье Понятие элитарной культуры речи анализируется как неотъемлемое свойство языковой личности ученого Чокана Валиханова, выражающееся в свободном освоении и соблюдении принципов элитарной культуры речи: соблюдение языковых и этических норм того времени, глубокое понимание коммуникативной ситуации. Данная категория представляет собой высокий (научный) уровень интегральной компетентности историков, лингвистов, литературоведов, уникальных востоковедов и этнографов, географов, в том числе языковые, текстовые и коммуникативные субкомпетенции и механизмы их реализации. Историки культуры, лингвисты, литературоведы, уникальные востоковеды и этнографы, географы. Изучается ход развития языка в поисках Чокана Валиханова, сравнительные характеристики языковой системы, сопряженной с элементами исторического анализа, научная деятельность, краткая жизнь с образовательными идеями, сведения о ученых, изучающих язык Чокана Валиханова.*

Ключевые слова: *языковая личность, элитарная речевая культура, носитель элитарной речевой культуры, метаязык науки, интегральная компетенция, экстралингвистическая информация, профессиональная языковая личность.*

Abstract. *In this article, the Concept of elite speech culture is analyzed as an integral property of the language personality of the scientist Chokan Valikhanov, which is expressed in the free development and observance of the principles of elite speech culture: compliance with the language and ethical norms of the time, a deep understanding of the communicative situation. This category represents a high (scientific) level of integral competence of historians, linguists, literary scholars, unique Orientalists and ethnographers, geographers, including language, text and communication subcompetencies and mechanisms for their implementation. Cultural historians, linguists, literary scholars, unique Orientalists and ethnographers, geographers. The course of language development in search of Chokan Valikhanov, comparative characteristics of the language system associated with elements of historical analysis, scientific activities, brief life with educational ideas, information about scientists studying the language of Chokan Valikhanov are studied.*

Keywords: *language personality, elite speech culture, carrier of elite speech culture, metalanguage of science, integral competence, extralinguistic information, professional language personality.*

Кіріспе

Ш. Уәлихановты ғылым әлемінде қазақ халқының тұңғыш ғалымы деп таниды. Мәдениет тарихшысы, тіл тарихшысы, әдебиет тарихшысы, бірегей шығыстанушы мен этнограф әрі географ Ш. Уәлиханов өзінің қысқа ғұмырын ғылым мен ағартушылық идеясы мен қызметіне арнады: «Қырғыз Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны өте қызықты құбылыс – азиялық және еуропалық қасиеттердің қосындысы» *[Пыпин А.Н., 2010, 71 б.];* «Орта Азия тарихы, этнографиясы және географиясы жайлф материал жинау үшін Уәлиханов ешнәрседен аянбады, өз халқының аңыз, әңгіме, поэма, қисса-

дастандарын мүқият жазып алды, өміріне кауіп төнгеніне қарамастан, ескі жәдігерлерді сатып алып, көне жазбаларды жинады... Уәлиханов өз еліне терең адалдығын сақтады, ол қазақ өмірін сүйді, сонымен бірге батыс өркениетін бағалай алды, өз халқының болашағын тек Ресей қанатының астынан көрді» *[Ядринцев Н.М., 2010, 84 б.]*.

Негізгі бөлім

Қазақ, түркі сөздерінің тарихы мен этимологиясы, семантикасы – Ш. Уәлиханов ғылыми мұрасының негізгі тақырыбы. Мұндағы негізгі міндетін профессор И.Н. Березинге жазған хатында былайша түсіндіреді: «...сіздің қырғыз тілінен Тоқтамыс жарлығындағы қазір татар тілінде қолданылмайтын кейбір сөздердің мағынасын іздеу жайлы өтінішіңізді естіп, карт қырғыздардан сұрап, тілімізден [біраз] сөздің мағынасын таптым, соны сізге жіберуге асығып отырмын. Сіздің Тоқтамыстың Ягайлоға жазған жарлығын және Темір Құтлық пен Саадат Гирей тархандық жарлықтарына жасаған аудармаңызды оқып мен қазірде Орта жүз қырғыздары қолданатын бірнеше сөзді таптым, сізге сол сөздердің біздің халық арасындағы қазіргі мағыналарын жеткізуді шештім. Егер менің түсініктемелерім сізге сәл де болса [септігін тигізсе], мақсатымның орындалғаны» *[Шоқан Уәлиханов, 2010, 143 б.]*.

Алайда, Ш. Уәлиханов тек сұрап-тапқан сөз мағыналарымен шектелген емес, сонымен бірге: «Қырғыз [қазақ] тілінде сақталған кей сөздердің мағынасын жеткізе отырып, осы түсініктемелердің арасында өз болжамдарымды қосқаным үшін кешірім өтінемін», – деп жазады *[Шоқан Уәлиханов, 2010, 149 б.]*. Мәселен, «Менің ойымша, орда сөзі Алтын Орда кезінде де осы мағынасында қолданылған, қазіргі қырғыз, қалмақтардағыдай және жалпы мағынасында ханның астанасы, ал тар мағынасында хан қонысы деген мағына берген. Алтын Орда – хан отырған алтын шатыр немесе киіз үй, кейіннен ол хандар өмір сүрген барлық қалалық мекендердің атауына айналып кетті. Сондықтан Ақ Орда, Көк Орда, Сары Орда сөздерін үлыс пен киіз үйдің атауы емес, ханның резиденциясы, негізгі мекені деп қабылдау керек» *[Шоқан Уәлиханов, 2010, б.145-146]*. Яғни Ш. Уәлиханов хатының осы шағын ғана бір үзіндісінің өзінде тіл білімінің сөз семантикасына қатысты бірнеше маңызды тілтанымдық ұғымдарды аңғаруға болады: сөздің мағынасы, сөздің кең мағынасы, сөздің тар мағынасы, сөз мағынасының кеңейюі мен тарылуы.

Осы секілді Ш. Уәлиханов еңбектерінде сөз болған тілдік бірліктің әрқайсысы оқырманға қазақ ұлттық мәдениетінің негіздерін айқындайды: «[Машайық сөзі туралы]. Қырғыз даласында стан немесе там деп аталатын мола, тас мешіттер көп, олар соны қалаған немесе сонда жерленген адамдардың есімімен аталады. Мұндай жерлер әулие немесе машайық деп аталады. Бұл тамдар зиярат етуге арналған, адамдар бұл әулие, машайықтарға өз халқының қамқаоршысы ретінде қарайды, т.б.» *[Шоқан Уәлиханов, 2010, 149 б.]*. Ғалымның жан-жақты тілдік материалды нақты тілтанымдық және тарихи негізде зерттеу талпынысы оның барлық ғылыми мұрасында орын алған. Атап айтатын болсақ, Ш. Уәлиханов зерттеулері тіл тарихы, этимология, этнолингвистика, салғастырмалы тіл білімі, тюркология, семасиологиялық т.б. сала мен бағыттар қалыптасуының бастапқы арнасы болып табылады.

Бұл жөнінде Шоқан Уәлихановтың тілтанымдық тұлғасын зерттеген ғалым, академик Р. Сыздық былай деп жазады: «Білім диапазоны қаншама кең болғанмен, Шоқан ғылымның тіл білімі (тілтаным – лингвистика) саласымен тікелей айналысқан жоқ, яғни оның теориялық ұстанымдарын арнайы сөз еткен емес. Сөйте тұра жеке бір тілдердің, оның ішінде ана тілі – қазақ тілінің бірқатар сөздерінің номинативтік мән-мағынасын танытуда үлкен білімділік көрсетті. Құр білушілік емес, өзінің ізденімпаздық, салыстырушылық, аудармашылық қабілеттерін көрсетті. Шоқанның тіл бірліктерін талдаулары мен танымдары – нақты бір қажеттіктерден туған ізденістер. Оның «профессор И.Н. Березинге хаты» деп кейінгі зерттеушілер атаған жазбасындағы материал – осыған дәлел» *[Сыздық Р., 2010, №41]*.

Академик Р. Сыздық аталған мақаласында тарихшы-ғалым С. Мәжитовтың мына бір пікірін келтіреді: «Біздің мақсатымыз – Шоқан жазған мақала, хат болсын, салған суреті, ол туралы жазылған пікір болсын, анықтап, зерттеп, дәлелдеп тауып беру. Біз сол деректерді бергеннен кейін оны тіл жағынан қарастыра ма, философиялық талдаулар жасай ма, әдеби тұрғыдан баға бере ме, ол – сала мамандарының жұмысы» *[Сыздық Р., 2010, №41]*. Яғни, Шоқан Уәлихановтың тілдік тұлғасын, тілтанымдық мұрасын, тілдік ізденістерін арнайы қарастырып зерттейтін уақыт әбден келді деген сөз.

Жүйелі тілдік сипаттамаларын салыстырмалы-тарихи талдау элементтерімен үйлестіре отырып Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде тілдің даму барысын үлт қалыптасуымен тығыз байланысын атап көрсетеді: «Қазақ халқы туралы мәліметтерді жинаумен айналыса жүріп, шығыс тарихшыларының шығармаларын оқып-талдауда қазақ сөзі туралы, қазақшылық немесе қазақ халқы туралы әлдеқандай мәліметтер кездестіре қалсаңыз, маған хабарлауыңызды Сізден көптен-көп өтініш етем. Бұл үшін Сізге көп қарыздар болар едім... Араб тарихшыларының жазбаларында, менің ойымша, қазақтар туралы ештеңе жоқ, себебі бұл халық XIV ғасырда Жошы ұлысы ыдыраған соң қалыптасқанына сенімдімін. Левшиннің тарихынан көрініп түрғандай, Катиб Челеби татар қазақтары туралы жазады. Бұл георгафтың қай кезде өмір сүргенін біліп, бұл мәліметпен түрік тілінде танысқым келеді» *[Шоқан Уәлиханов, 2010, 150 б.]*.

Ш. Уәлиханов элитарлы сөйлеу мәдениетінің иесі ретінде тілдік тұлға мен жалпы ұлттық тіл арасындағы байланыстарды іздеп тауып, орнатып отырған және өзінің тарих, мәдениет, әдебиет, тіл салалары бойынша білгірлігінің арқасында зерттеу жүргізудің алғашқы теориялық-әдіснамалық кешенін қалыптастыра бастаған ғалым. Яғни, тіл мен сөйлеу құбылыстарын зерттеу арқылы ғылыми ой қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етті. Осымен байланысты, біз өз зерттеуімізде, негізінентарихшы, этнограф, географ, шығыстанушы ретінде танылған Ш. Уәлиханов тілдік тұлғасының шығармашылық және ғылыми феноменін, оныңинтегративтік маңызына баса назар аударып, элитарлы сөйлеу мәдениетінің иесі ретінде қарастырамыз.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан кәсіби тілдік тұлғаны зерттеу теориясының теориялық-әдіснамалық, концептуалдық және танымдық үстанымдары бойынша Ш. Уәлихановтың тілдік тұлғасын тілтанымдық басымдылыққа ие интегративтік түрдегі ғылыми құбылыс ретінде талдау үшін, ең алдымен талдаудың өзін бірнеше кезеңдерге бөліп алу қажет деп санаймыз:

ғалымның дискурс негіздерін – кісіби тілдік тұлғаның құзыреттілігін қосдеңгейлі ретте қайта жаңғыртылуын екі түрде қарастыру: ғалымның жалпы (ғылыми) және тілдік тұлғасы;

«кәсіби тілдік тұлғаны» Ш. Уәлиханов шығармашылық портретін талдаудың теориялық негізі ретінде үлгілеу (құзыреттілік құрылымы мен оны жүзеге асыру тетіктері; ғалымның жалпы жеке тұлғасы мен тілдік тұлғасының арақатынасы; ғылыми-танымдық дискурс негіздерін талдау т.б.);

Ш. Уәлиханов туралы тілден тыс ақпаратты талдауды ғалымның кәсіби тілдік тұлғасын үлгілеу дереккөзі ретінде жүргізу және, ең алдымен оның құрылымын уәждемелік (прагматикалық) пен лингвокогнитивтік (тезаурыстық) деңгейлерде анықтау;

ғалымның ғылыми мұрасын аналитакалық шолу нәтижелерінің негізінде, оның ғылыми-тілтанымдық дискурс түзуші ретіндегі тілдік тұлғасының сөйлеу-ойлау үдерісінің маңызды белгілерін айқындау және Ш. Уәлихановтың тіл туралы дискурсының жалпы сапаттамасын құрылымдау;

кәсіби тілдік тұлға үлгілерін құрылымдау: ғалым және тілтаным ғылымының ғалымы (тілші-ғалым);

Ш. Уәлихановтың тіл туралы идиодискурсының ерекшеліктерін (пафосты-вербалды-элокутивті өлшемшарттарды) ғылыми және ғылыми-тілтанымдық түрғыдан қарастырып анықтау;

ғалымның тілдік тұлғасы идеологиясының эмоционалды аспектісін құрайтын пафостық элементтерін (көңіл күйі, сезімі, барлық эмотивті белгілері) қарастыру;

тілдік тұлғаның ассоциативті-вребалды ерекшеліктері және оның идиодискурсы арқылы бейнелі-ұғымдық кішігірім жүйелерді айқындау;

риторикалық (троптарды және сөйлеу фигураларынқолдану) және тілтанымдық (лексикалық, синтаксистік) іс-әрекеттер деңгейінде элокуция ерекшеліктерін анықтау және т.б.

Осы түрғыдан келгенде, әрине сөйлеудің эмоционалды бастамасы ретіндегі идиодискурстың пафосы, бір қарағанда ғалымның тілдік тұлғасы мен оның ғылыми дискурсына тән келмейтін құбылыстар секілді көрінуі мүмкін. Алайда, баяндаудың эмоционалдық белгілері бүкіл мәтін қорының айқын жеке тұлғалық сипатының көрінісі болып саналады. Мысалы, «[А.И. Левшиннің] Қырғыз-қазақ ордасы жайлы сипаттамасының үшінші бөліміне ескертпелерінде» Ш. Уәлиханов былай деп жазады: «52-бет. *А.И. Левшин «Қай діндесіңдер?» деп сұраған екі қырғыз-қайсақ сұрақты түсінбей, мұндай жағдайдағы ең оңай: «Білмеймін» деп жауап берген болса керек. Әрбір қайсақ өзінің Мұхаммед пайғамбардың үмбеті, мұсылман екенін біледі; бәлкім, бұл сөздің мағынасын түсінбеуі де мүмкін, бірақ өзге дін иелерінің алдында* ол *өз діні үшін мақтанады. Балалық шағынан бастап* ол *мұсылмен екенін естіп өседі, ал «мұсылманнан басқалардың барлығы кәпірлер, құдай* олардың о *дүниеде мәңгілік азапқа салады». Осыдан кейін қазақ өз дінін білмейді деуге бола ма?*» *[Шоқан Уәлиханов, 172 б.]*.

Немесе мына үзіндіге назар аударалық: «*65-бет. А. Левшин өзі сипаттап* отырған *халықтың қараңғылығын жазам деп, сықыр алдау мен дуалау қырғыз-қазақтар дінінің бір бөлігі деп артық кеткен,* олар *діннің бір бөлігін емес, барлық дінде бар, әр халықта болатын ырымшылдық... Қайсақ өзіне жақсылықты болжағанда ғана сиқырға, бал ашуға және басқаларға сенеді, сондықтан үнемі жақсыны ырымдайды, ал* ол *мың болжамның болсын* орындалатындықтан, *басқы-балгерлер, дуашы және т.б. халық арасында қолдау тауып* отырады»; *«98-бет. А. Левшиннің қайсақ әйелдерінің құны туралы мәліметі дәл емес, қарсылық білдіруге тура келеді. Қалыңмалдың мөлшері қалыңдықтың бәйбіше болып бара жатыр ма, әлде тоқал ешіп алды ма,* оған *байланысты емес, байлығына және қоғамдағы алатын* орнына *қарай анықталады*» *[Шоқан Уәлиханов, 2010, 172-173 б.].*

Яғни, дискурстағы эмоционалды-экспрессивті көріністер тек жазушы тілдік тұлғасын (риторикалық және көркем, әдеби-эстетикалық мәртебеге ие тілдік тұлға ретінде) айқындаушы емес, сонымен бірге реципиенттің де тілдік тұлғасының эмотивті негіздерін меңзейді.

Ал, тілдік тұлғаның ассоциативті-вербалды бөлігі ғылыми стильге тән келетін лексикалық бірліктердің терминденуімен, күрделі грамматикалық құрылымдар, тілдік маркелерлер қолданысымен сипатталады: «*Таразыны алып, сорды, көмірді және күкіртті өлшейді. Екі жарым фунт көлемінде* оқ-*дәрі алу үшін бір фунт сор, жарты фунт көмір мен бір фунт күкірт қосады. Осы заттардың барлығын өлшеп алғаннан кейін* оларды *қазанға салып, жанып кетпейтіндей дәрежеде қыздырады, сосын тәулік бойы үйкелейді, арасында су сеуіп, ылғалдатып* отырады. *Осының барлығын* оқ *дәрі түсіне енген ұсақ үнтаққа айналдырып, аттың құйрық қылынан немесе жалынан бір уысын алып, құрамды үлкендігі тары дәнінің мөлшеріне келгенше ысқылайды, үнтаққа ылғалдану үшін үнемі су себіліп тұрады*» *[Шоқан Уәлиханов, 2010, 160 б.].*

Дискурстың элокуциясы лексика-грамматикалық және риторикалық әрекеттердің (троптар мен фигуралар) бірқатар бейнелі көркем тәсілдер қолдануымен айқындалады. Олар өз алдына көркем дискурстың ажыратылмас бір бөлігін құрауымен қатар, кәсіби тілдік тұлғаның басты құрылымын қалыптастыру үдерісінде де белсенді орын алады:«*Жаңбырдың баданадай тамшылары түні бойы тарантастың шатырын тырсылдатты да түрды. Шаршаған аттар миы шығып езіліп кеткен жолдың батпағына тайғанақтап, аяқтарын әзер аттап келе жатыр. Жаңбырдың үздіксіз тырсылын шыбыртқының қайта-қайта соққан шартылы мен қалжыраған аттардың пысқырынуы және көшірдің жеки шыққан даусы ғана бұзады.*

Түн де жайсыз, жол жүру де жайсыз болды. Жаңбыр жоспарлаған ойымды *бұзып жібермесе жарар еді, деген қауіпті күмән үстінде келе жатқан мен жәмшікке әлденеше рет: «Қалай, күн ашылар түрі бар ма?» – деп сұрадым. Қара бақайына дейін малшынған көшір, мұндайда: «Жоқ», – деп қоңқ ете қалады да, етегіне жиналған суды сілкіп тастап: «Құдайдың күні-ай», – деп тағдырына наразы болғандай үн қатады. Көшірді де аяймын – егер де жылдам жүргенімізде,* ол *баягыда ыстық пеш үстінде демалып жатар еді. Бірақ сұлу Баянның аруағын да қия алмаймын.*

Осылайша біз бір сағат жүрдік.

– Мәртебелім, – деді көшір. – мола *әне тұр!*

Мен басымды тысқа шығардым. Күн түнеріңкі бұлттардың аржағынан бұлыңғырлана байқалады, күллі аспан жүзін қорғасындай қарақошқыл бұлт түгелдей қаптап алыпты, жаңбыр басылар емес, ақкөбік болған аттар сортаң лаймен зорға жылжып келеді, оң *жақтағы өзеннің арғы бетінде теректердің бастарынан асып бейіттің үшкір ұшы көрінеді: жырақтан* ол *қызыл кірпіштен қаланған сияқты байқалады. Ауа райы мынадай болып тұрғанда бейіт қасында* отырып *шай ішу мен қазақтың көне дүниесін асықпай тамашалау туралы* ойлаудың *ешқандай қажеті жоқ еді.*

– Шамасы, өзен тасып жатқан секілді, мәртебелім, өткел бере қоймас, – деді көшір менің құпия ойымды *жорамалдағандай.*

– Жарар, ілгері тарта бер, қайтар жолда көрерміз, – дедім де, тоныма оранып, *қалғып алу ниетімен* оң *жамбасыма қисая кеттім» [Уәлиханов Ш.Ш., 1961, 229-231 б.].*

Әрине, ғылыми дискурста қолданылатын бейнелі-көркем құралдар, жоғарыда келтірілгендей түрлі-түрлі бола бермейтіні анық. Алайда, Шоқан секілді ғұлама ғалымдар ғылыми баяндаудың қатаңдығы мен қисынын жарқын эпитеттермен, метафоралық бейнелермен асқан шеберлікпен үштастыра алған. Осы орайда, ғылыми сөздің экспрессиясы қазіргі ғылыми дискурс түрғысынан жат болып көрінгенімен, жалпы классикалық ғылым қалыптасуының бастапқы кезеңі үшін барынша дұрыс деп санаймыз: «*Өзге тұқымдардан белгілісі: үлкен бөтелкеге ұқсайтын қытай асқабағы, бұл асқабақтың*

мойыны ұзын, қырғыз-қайсақтар оны сүйық құятын ыдыс ретінде пайдаланады, бұршақ, сары сәбіз, шомыр, қытай темекісі және көптеген дақылдар...Егінші – дамыл таппай күні-түні жұмыс істейтін еңбекші. Күндіз ол алқапта жүріп, торғайларды қуалайды, түнде өзінің егістігі мен бақшасын малдан қориды. Ол ешқашанда жалаңаш тәнін жасырмайды, оның денесі жаздың ыстық аптабынан адам айтқысыз қарайып күйіп, қатайып кетеді...Оның тамағы ауылды ішкен асынан әлдеқайда нашар, күніне диқан екі кесе айранды қанағат етеді, басқа шайнамасы жоқ...Оның жазғы еңбегі астық бастырылып, қапқа салынып, ауылға әкелінгенде аяқталған болып саналады. Тек қырқүйекте ғана бұл байғұс диқан жаздағы бейнетті ұмытып, тыныш үйықтайды» [Шоқан Уәлиханов, 2010, 163 б.].

Қорытынды

Сонымен, Ш. Уәлиханов тілдік түлғасы ғылыми идеологиясының сөз-ойлау аспектісі ретіндегі логосын айқындау (идеялар жүйесі, дүниетанымдық ұстанымдары, идеологиялық стереотиптері т.б.) қазіргі ғылыми парадигма үшін аса маңыздылыққа ие екені сөзсіз. Ғалымның тілдік түлғасының базалық концептілері, яғни сатылы тәуелді ұйымдастырылған құндылықтық пайымдаулары сол кезеңге сәйкес келетін «ғаламның ұлттық (ғылыми) бейнесін» құрайды. Ғалым дискурсы логос жүйесінің ерекшеліктерін анализ бен синтезге, құбылыстарды салғастыруға және ойлауға, салыстыруға, талдауға қабілетті реципиентпен қарым-қатынас орнатуға бағытталған бірқатар ғылыми-зерттеушілік ұстанымдар айқындайды. Сол себепті де ғылыми мәтіндер күрделі дәлелдемелер жүйесімен, қорытындылармен сипатталады.

Қорыта келгенде, қазіргі таңда антропоөзектік мегапарадигма аясында «тілдік түлға» феноменінің құрылымы мен жүйесі, жалпы теориялық тұжырымдардың нақтылануы, ғылыми сипаттаудың әдістері мен амал-тәсілдері терең әрі жан-жақты белсенді зерттелуде.Осы тұрғыдан алғанда, әсіресе вербалды мұралары отандық мәдениет пен ғылымның қорынан орын алған танымал классиктердің, әдеби-көркем, ғылыми және басқа да әлеуметтік-мәдени коммуникация салаларының ғұлама өкілдерінің тілдік түлғалары ерекше құзығушылық танытуда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Пыпин А.Н. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы // Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. Ітом / 2 басылым – Алматы: «Толағай групп», 2010. 376 бет.
2. Ядринцев Н.М. Шоқан Уәлиханов туралы естеліктер // Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. Ітом / 2 басылым – Алматы: «Толағай групп», 2010. 376 бет.
3. Шоқан Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том / 2 басылым – Алматы: «Толағай групп», 2010. 376 бет.
4. Сыздық Р. Шоқанның тілтанымдық мұрасы // «Қазақ әдебиеті» газеті, 22.10.2010. №41 (3205)
5. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы // Собр. соч.: В 5 т. 1961-1972. – Алматы: Ғылым, 1961. – I т. – 777 б.

УДК 808.2-561.7



Кенжеханова Жазира Мусабайкызы,
магистрант 2 курса,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
e-mail: zhazira.kenzhekhanova@nu.edu.kz



Шаймарданова Жанар Амангельдиевна,
магистрант 2 курса,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
e-mail: janbakt@mail.ru



Нуртазина Марал Бекеновна,
доктор филологических наук, профессор,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
e-mail: maral0204@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ЭВФЕМИЗМОВ В ТЕКСТАХ СМИ

Түйін: *Мақалада әскери-саяси эвфемизмдер және олардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндері туралы айтылады. Шынайы оқиғалар мен саяси дискурс фактілерін «камуфляждау» әдістері, сондай-ақ әлеуетті адресаттың санасын айла-шарғы жасау әдістері талданады. Қоғамдық-саяси шындықтың фактілері мен құбылыстарын тікелей шақыратын сөздер мен сөз тіркестерінің сипаты бойынша теріс баға алынатындығы дәлелденді, өйткені теріс бағаланған факт, объект, жағдай болғандықтан, теріс баға алынады. ұқсас фактілермен, объектілермен, жағдайлармен ассоциативті байланысы бар.*

Түйінді сөздер: *әскери-саяси дискурс, биліктің мүдделері, эвфемизм, айла-шарғы жасау, бағалау.*

Аннотация: *В статье рассматриваются военно-политические эвфемизмы и их употребление в текстах СМИ. Проанализированы способы «камуфлирования» реальных событий и фактов политического дискур-*

са, а также манипулирования сознанием потенциального адресата. Доказано, что слова и выражения, прямо называющие факты или явления общественно-политической реальности, по природе своей несут негативную оценочность, так как слово заряжается отрицательно как в силу того, что имеет отрицательно оцениваемый факт, объект, ситуацию, так и в силу того, что имеет ассоциативные связи с подобными фактами, объектами, ситуациями.

Ключевые слова: *военно-политический дискурс, интересы власти, эвфемизм, манипулятивный эффект, оценочность.*

Abstract: *The article discusses military-political euphemisms and their use in media texts. The methods of "camouflage" of real events and facts of political discourse, as well as manipulation of the consciousness of a potential addressee are analyzed. It is proved that words and expressions directly calling facts or phenomena of socio-political reality, by their nature, carry a negative assessment, since the word is charged negatively because it has a negatively assessed fact, object, situation, and because which has associative connections with similar facts, objects, situations.*

Key words: *military-political discourse, interests of the authorities, euphemism, manipulative effect, appraisal.*

Введение. Постановка проблемы

Как средство межкультурной коммуникации язык выполняет множество функций. При передаче информации языком может осуществляться трансляция определенного к ней отношения или происходить становление инструмента манипуляции, а также, чаще всего, стремление избегать конфликтности и неудач общения. Поэтому можно говорить о «замаскированной» репрезентации реальной действительности языковыми средствами для избежания ощущения коммуникативного дискомфорта у собеседника [*Шахпутова, Нуртазина, с. 154-155*]. В качестве таких средств выступают эвфемизмы, которые помогают психологически преодолеть прямой или негативный смысл понятия, при этом являясь неотъемлемым элементом языковой коммуникации, что предопределяют **актуальность** представленной работы.

Вышеизложенные факторы свидетельствуют о высокой частотности их употребления в процессе речевого общения. Кстати, отметим, что похожим воздействием информационного и психологического характера обладают такие элементы языкового общения, как стереотип, пропаганда, манипуляция, передающие скрытые смыслы и находясь в тесной взаимосвязи и даже взаимообусловленности. Употребление целого ряда эвфемизмов, зачастую кратких и недостаточно точных для понимания слов и фраз, приводит к созданию одного из способов манипуляции – семантизации. Данный термин обозначает поиск подходящих слов для облечения любой информационной модели, как считает В.И. Карасик [*Карасик, с. 37*].

Эвфемизмы представляют собой в некотором смысле универсальное явление языка, поскольку обусловлены морально-этическими и социально-историческими общественными нормами, а также национальными языковыми традициями каждого общества. Их также можно отнести к универсалиям языка в связи с тем, что их репрезентация соответствует нормам этикета языка и культуры речи. Исследование эвфемизмов должно опираться на социально-культурный фон, на основе которого появилась необходимость их появления [*Карасик, с. 33; Ковшова, с. 17-18; Крысин, с. 29; Кипрская, с. 14*]. Поскольку эвфемизмы представляют собой вторичные наименования денотата, они обладают семантическим своеобразием, так как каждое слово становится обладателем различных значений и коннотаций, при факторе возможного изменения во времени, а именно: расширение, изменение или исчезновение [*Бюллер, с. 6; Винокур, с. 131; Алефиренко, с. 211*]. Изменение и исчезновение эвфемизмов чаще всего характерно при употреблении обесцененной или бранной лексики. Основные языковые черты эвфемизмов – это иносказательность и положительная оценка. Именно эти факторы помогают эвфемизмам смягчать высказывание и нейтрализовать неудачи в коммуникации. Поэтому роль эвфемизма непосредственно состоит в том, чтобы переименовать слишком грубое, прямое, резкое или вульгарное слово или высказывание [*Винокур, с. 141*]. Так, в своих работах Л.П. Крысин определил основную цель эвфемизмов, которая заключается в том, чтобы «говорящий при использовании слов и высказываний в социальных и межличностных отношениях стремился избегать конфликтов и неудач в коммуникации, не создавать ощущения дискомфорта у собеседника» [*Крысин, с. 31-33*]. При этом роль эвфемизмов заключается в создании доброжелательного, эмоционально-позитивного, культурного и успешного общения [*Шахпутова, Нуртазина, с. 161*] с целью осуществления в речевой коммуникации следующих функций: этически-этикетного, эмоционально-психологического, эстетического и общекультурного предназначения.

Цель и задачи исследования

Основная цель представленной работы состоит в том, чтобы продемонстрировать релевантное основание аксиологической/или эмоциональной оценки политических эвфемизмов. Отсюда вытекает решение следующих конкретных задач: 1) показать специфику, классификационные основания и сферы использования эвфемизмов; 2) на конкретных примерах продемонстрировать реализацию эвфемизмов власти и эвфемизмов народа; 3) выявить сущностные свойства политического дискурса и особенности использования эвфемизмов в текстах СМИ. Материалом статьи послужили примеры из Национального корпуса русского и казахского языков; используется методика анализа систематизации, интерпретации иллюстративного материала.

Основная часть. Специфика, классификационные основания и сферы использования эвфемизмов

Наиболее востребованной сферой использования эвфемизмов является социально-политическая сфера. Так, О.В. Новицкая использует такие типы, как эвфемизм власти и эвфемизм народа [*Новицкая, с. 709*] для характеристики тематики из экономической, социально-политической, правовой сферы, которые обладают значительным потенциалом для сокрытия деталей обсуждаемого объекта, сглаживания, маскировки каких-то политических событий для представления негативных фактов и результатов в выгодном для власти ракурсе. Автор стремится ввести в заблуждение слушающего или читающего, вуалирует истинные реальные факты с целью манипулировать сознанием адресата. Рассмотрим классификационные основания выделения эвфемизмов, разработанные такими учеными, как Л.П. Крысин [*Крысин, с. 38-39*], Н.Ф. Алефиренко [*Алефиренко, с. 19*], О.В. Новицкая [*Новицкая, с. 709-710*], Е.В. Кипрская [*Кипрская, с. 19*]. Одна из классификаций основывается на выделении следующих основных тематических групп эвфемизмов, в основе которых лежит критерий функциональности:

1) эвфемизмы, функцией которых становится вежливое обращение, направленное на смягчение разных видов дискриминации (возрастные, имущественные, умственные или физические недостатки); 2) эвфемизмы, в основе которых лежит принцип табуирования; 3) эвфемизмы, которые скрывают негативные явления в политической, экономической и социальной сферах; 4) эвфемизмы, целью которых стало повышение социального статуса отдельных профессий [*Баранов, с. 167-169*].

Вместе с тем выделяют 4 группы эвфемизмов, которые основаны на разных семантико-категориальных основаниях: 1) для смягчения эффекта высказывания; 2) для замены грубых слов; 3) для замены табуированных слов; 4) вуалирующие эвфемизмы [*Вильданова, с. 39-42*].

Следующая классификация, выделяемая Н.В. Прядильниковой [*Прядильникова, с. 145*], предполагает анализ таких групп эвфемизмов, которые: а) дискриминируют по культурной, расовой, половой, религиозной принадлежности; б) относятся к страшной или неприятной стороне жизни (физические недостатки, болезни, смерть, психические или умственные расстройства); в) показывают взаимосвязь государства и общества. Данный пункт включает социальные пороки (наркомания, алкоголизм, коррупция, преступность), военные действия, профессии с низкой оплатой труда, бедность, например: «*Молодые прекрасно понимают, что сейчас время играет против* ***старой гвардии*** *президента. Многие ее представители уже* ***отошли****. Тот же Нуртай Абыкаев (экс-глава КНБ) или Адильбек Джаксыбеков (экс-руководитель Администрации) уже* ***вне игры****. В то же время они видят, что конкуренция среди них тоже крепко нарастает, среди молодых –* ***амбициозные волки*** *с большим аппетитом. Поэтому я думаю, что мы еще будем наблюдать эту* ***схватку*** *за позиции и влияние между нынешними «****new generation****» управленцами и она будет круче старой гвардии*» (Досым Сатпаев); г) описывают человека по внешним данным (рост, вес); д) показывают влияние деятельности человека на флору и фауну; е) относятся к юмористическим явлениям; ж) достаточно часто используются в дипломатии; з) отображаются в рекламе [*Резникова, с. 42*].

Достаточно перспективным представляется классификация эвфемизмов, которая основана на критерии порождающего мотива [*Шамне, с. 206*].

Но наиболее интересным представляется классификация, которая делит эвфемизмы на две части социально-политической составляющей жизни каждого народа: эвфемизмы власти и эвфемизмы народа, которые характерны для экономической, правовой или политической тематики [*Чудинов, с. 55*], например, к сферам эвфемизации могут относиться деятельность армии и силовых структур (воины-интернационалисты, ликвидированы – *убиты*, сохраняется напряженность – *конфликтная военная*

ситуация, операция к принуждению к миру – *разрешение споров*, дать адекватный зеркальный ответ – *вынужденность использования военных ресурсов* и др.). Исходя из всего вышеперечисленного, представляется необходимым выделение трех групп наиболее распространенных эвфемизмов, разделенных по функциональному критерию: 1) первая группа – эвфемизмы, которые призваны смягчить высказывание, направленные на проявление вежливости к собеседнику. В этом случае, говорящий старается уклониться от грубого или прямого наименования предмета разговора, который связан с социальными отношениями в обществе. Выражения, которые используются в данной группе, призваны из соображений благопристойности и приличия, но не для обмана или дезинформации; 2) вторая группа эвфемизмов – табу-слова. Данная группа содержит табуированные слова изначально или с запрещенным денотатом; 3) третья группа – эвфемизмы с функцией завуалирования смысла и содержания высказывания. Отметим, что зачастую функциональные особенности эвфемизмов связаны с их первоначальными причинами появлениями в речи определенного субъекта коммуникации. Поэтому проблемы, которые возникают в любой области социального пространства и имеющие нежелательный, непристойный, грубый или невежливый процесс огласки, требуют умения произносящего или пишущего по данной тематике проявлять смекалку и языковую выдумку.

There are rarely used fixed expressions. For instance, "to take a leap of faith", which means to take a risk. This is simple and well-known expression. So press releases are using them effectively to transfer the general idea of the text in a "warm way".

Even if we mentioned that metaphors are uncommon in PR-texts, PR professionals use dead metaphors to make press releases readable. According to Merriam Websters, dead metaphor is a word or phrase that has lost its metaphoric force through common usage. [*https://www.merriam-webster.com*] The table 2 demonstrates metaphors and their meanings.

Table 2

Metaphors and their meanings

Metaphors:	***Meaning:***
extra push	Additional drive to achieve goal or ambitions
bleakest month	The coldest month
to face challenges	To have difficulties
to be deskbound	To lead sedentary life
to be glued to a phone	To spend most of time using phone

Morphological and syntactic analysis. Present Simple, Past Simple and Future Simple with affirmative sentences are used pragmatically in a press release that is to deliver information in simple sentences. However, headings of press releases tend to be longer and authors always try to indicate result and the reason of the action, so combination of Present Perfect together with infinitives is used respectively. For instance, "*One of the UK's leading campaigners on diversity in business has backed Apprentice finalist's mission to recruit more top female engineers*". [*https://www.journalism.co.uk/press-releases*/] Sentences in Present Perfect dominate because of communicative pragmatics of press releases, to show the result. Other aspects of Present Tense are typical for press releases. Some sub-categories of press releases are structured to inform about long lasting events, or to give publicity to recent results. Therefore, relevant events in progress in press releases are structured in Present Continuous. For example, "*We are also supporting our local MIND branch*". [*https://www.journalism.co.uk/press-releases*/] This sentence shows how company works continuously. This is how intention of author is delivered through language and sentence structure.

Another popular trend in press releases is the usage of Gerunds: *relying, walking, taking, running, swimming, cycling, walking, helping.* While analyzing press releases it was found out that this is trend is typical for specific authors, who would prefer to use Gerunds to place the verb in the Subject and Object of the sentence.

Cultural aspect

According to C. Goddard, A. Wierzbicka, the structure of any language embodies a large proportion of social, cultural, and historical experience. [*Goddard C. Wierzbicka A., 2001, p. 8316*] Consequently, British press releases carry the experience of British culture. Firstly, we looked at titles and names of companies and organizations together with cities. For instance, the

1. Swindon – The name Swindon is derived from the Saxon words swine dun meaning pig hill or the hill where pigs were bred. Swindon is mentioned in the Domesday Book (1086). At that time Swindon was a tiny village but by the late 13th century Swindon had grown into a small town with a weekly market. [*http://www.localhistories.org/swindon.html*]

2. Wiltshire – is a county in South West England, where located ancient landmarks such as the Stonehenge and Avebury stone circles, which date from the Late Neolithic and Early Bronze Age eras. The geographical and ceremonial county includes Swindon unitary authority, and this place is described as a training area for the British Army. [*https://en.wikipedia.org/wiki/Wiltshire*]

3. Haines Watts Swindon is a Top 15 firm of chartered accountants who specialise in advising and supporting business owners around the UK for 25 years. [*https://www.hwca.com/accountants-swindon/*]

4. Federation of Small Businesses (FSB) – a non-profit making organization, which was established in 1974. The company helps self-employed and small businesses. *[https://www.fsb.org.uk/corporate-information.html*]

5. The Apprentice – British version of American entertaining talent show, which aims to support ambitious entrepreneurs seeking to demonstrate their commercial insight and business sense. [https://www.bbc.co.uk/programmes/articles]

British lifestyle, cultural heritage and history are exposed through analyzing just names of cities and organizations. So we see how only name of the city can tell us about history, culture and lifetime of British people. This phenomenon was emphasized by S.E. Isabekov as following: «ethnos does not express itself in its entirety of its material, spiritual and cultural content, as in the language» [*Isabekov S.E., Babushkin A.P., 2001, p. 69*]. This idea gives its realistic picture in aforementioned analysis.

Conclusion

Cognitive-conceptual, linguistic and cultural analysis of press releases revealed that press releases convey valuable information about nation's cognition and cultural experience. Conducted linguistic analysis clearly demonstrates how PR professionals achieve pragmatics through sentence structures effectively. As we highlighted before press releases contain short and clear sentences, always pragmatics is part of them. Examples of concepts and metaphors depict national picture of British people, which is seen in PR-texts. In conclusion, cognition, value, spiritual condition of British people or any other nation plays important role while creating effective content. If press releases aim to promote successfully any event or business, they have to contain cultural value and have to take into account linguistic features of texts. Finally, we came to conclusion that cognitive features of British people are expressed through concepts and metaphor that press releases contain, we exposed how cities and organizations names express culture and history of British people.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Брум Г.М.,Бей-Линг Ша Катлип энд Центерс эффектив паблик рилейшнс – Пиерсон, 2012
2. Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека. Алматы, 2010. – 300 с.
3. Касьян Л.А. Термин «Концепт» в современной лингвистике различные его толкования // Весник ЮГУ. №2 (17). Осы сілтеме бойынша: https://cyberleninka.ru/article/n/termin-kontsept-v-sovremennoy-lingvistike-razlichnye-ego-tolkovaniya
4. http://www.bristol.ac.uk/media-library/sites/cmpo/migrated/documents/wp326.pdf
5. https://www.nptuk.org/philanthropic-resources/uk-charitable-giving-statistics/_
6. https://dictionary.cambridge.org/ru/%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C/%D0%B0%D0%BD%D0%B3%D0%BB%D0%B8%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9/motivation?q=motivation+
7. https://www.theguardian.com/world/2019/dec/16/uk-falls-six-places-in-gender-equality-rankings_
8. https://www.journalism.co.uk/press-releases/swindon-accountancy-firm-embraces-red-january-to-raise-mon-

ey-for-charity/s66/a749100/
9. https://www.journalism.co.uk/press-releases/one-of-the-uk-s-leading-campaigners-on-diversity-in-business-has-backed-apprentice-finalist-s-mission-to-recruit-more-top-female-engineersqq/s66/a749013/_
10. https://www.merriam-webster.com/dictionary/dead%20metaphor
11. C.Goddard A.Wierzbicka. Language and Society: Cultural Concerns.-Осы сілтеме бойынша: https://doi.org/10.1016/B0-08-043076-7/04611-8
12. http://www.localhistories.org/swindon.html
13. https://en.wikipedia.org/wiki/Wiltshire
14. https://www.hwca.com/accountants-swindon/
15. https://www.fsb.org.uk/corporate-information.html
16. https://www.bbc.co.uk/programmes/articles/grTP6yCQz3zy3n3fhBR8QT/about-the-apprentice_
17. Исабеков С.Е., Бабушкин А.П. «Ядерные» смыслы фразеологических составляющих в картинах мира неродственных языков // Мир языка: Матер. 2-ой международной научно-теоретической конф., посвящ. 80-летию проф. М.М.Копыленко, Ч.1. – Алматы, 2001.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Брум Г.М.,Бей-Линг Ша Катлип энд Центерс эффектив паблик рилейшнс – Пиерсон, 2012
2. Алимжанова Г.М. Сопоставительная лингвокультурология: взаимодействие языка, культуры и человека. Алматы, 2010. – 300 с.
3. Касьян Л.А. Термин «Концепт» в современной лингвистике различные его толкования // Весник ЮГУ. 2010. №2 (17). Взята из: https://cyberleninka.ru/article/n/termin-kontsept-v-sovremennoy-lingvistike-razlichnye-ego-tolkovaniya
4. http://www.bristol.ac.uk/media-library/sites/cmpo/migrated/documents/wp326.pdf
5. https://www.nptuk.org/philanthropic-resources/uk-charitable-giving-statistics/_
6. https://dictionary.cambridge.org/ru/%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C/%D0%B0%D0%BD%D0%B3%D0%BB%D0%B8%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9/motivation?q=motivation+
7. https://www.theguardian.com/world/2019/dec/16/uk-falls-six-places-in-gender-equality-rankings_
8. https://www.journalism.co.uk/press-releases/swindon-accountancy-firm-embraces-red-january-to-raise-money-for-charity/s66/a749100/
9. https://www.journalism.co.uk/press-releases/one-of-the-uk-s-leading-campaigners-on-diversity-in-business-has-backed-apprentice-finalist-s-mission-to-recruit-more-top-female-engineersqq/s66/a749013/_
10. https://www.merriam-webster.com/dictionary/dead%20metaphor
11. C. Goddard A.Wierzbicka. Language and Society: Cultural Concerns.-Взята из: https://doi.org/10.1016/B0-08-043076-7/04611-8
12. http://www.localhistories.org/swindon.html
13. https://en.wikipedia.org/wiki/Wiltshire
14. https://www.hwca.com/accountants-swindon/
15. https://www.fsb.org.uk/corporate-information.html
16. https://www.bbc.co.uk/programmes/articles/grTP6yCQz3zy3n3fhBR8QT/about-the-apprentice_
17. Исабеков С.Е., Бабушкин А.П. «Ядерные» смыслы фразеологических составляющих в картинах мира неродственных языков // Мир языка: Матер. 2-ой международной научно-теоретической конф., посвящ. 80-летию проф. М.М.Копыленко, Ч.1. – Алматы, 2001.

REFERENCES

1. Broom G.M.,Bey-Ling Sha Cutlip and Center's Effective Public Relations. – Pearson, 2012
2. Alimzhanova G.M. Sopostovitelnaya lingvokulturologiya: vzaimodeistvie yazyka, kultury i cheloveka. Almaty, 2010. – 300 p.
3. Kasyan L.A. Termin «Konsept» v sovremennoy lingvistike razlichnye ego tolkovaniya // Vesnik UGU. 2010. №2 (17). Retrieved from: https://cyberleninka.ru/article/n/termin-kontsept-v-sovremennoy-lingvistike-razlichnye-ego-tolkovaniya
4. http://www.bristol.ac.uk/media-library/sites/cmpo/migrated/documents/wp326.pdf
5. https://www.nptuk.org/philanthropic-resources/uk-charitable-giving-statistics/_
6. https://dictionary.cambridge.org/ru/%D1%81%D0%BB%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%80%D1%8C/%D0%B0%D0%BD%D0%B3%D0%BB%D0%B8%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B9/motivation?q=motivation+

7. https://www.theguardian.com/world/2019/dec/16/uk-falls-six-places-in-gender-equality-rankings_
8. https://www.journalism.co.uk/press-releases/swindon-accountancy-firm-embraces-red-january-to-raise-money-for-charity/s66/a749100/
9. https://www.journalism.co.uk/press-releases/one-of-the-uk-s-leading-campaigners-on-diversity-in-business-has-backed-apprentice-finalist-s-mission-to-recruit-more-top-female-engineersqq/s66/a749013/_
10. https://www.merriam-webster.com/dictionary/dead%20metaphor
11. Goddard C. Wierzbicka A. Language and Society: Cultural Concerns.-2001. Retrieved from: https://doi.org/10.1016/B0-08-043076-7/04611-8
12. http://www.localhistories.org/swindon.html
13. https://en.wikipedia.org/wiki/Wiltshire
14. https://www.hwca.com/accountants-swindon/
15. https://www.fsb.org.uk/corporate-information.html
16. https://www.bbc.co.uk/programmes/articles/grTP6yCQz3zy3n3fhBR8QT/about-the-apprentice_
17. Isabekov S.E., Babushkin A.P. «Yadernye» smysly frazeologicheskih sostavljajushhih v kartinah mira nerodstvennyh jazykov // Mir jazyka: Mater. 2-oj mezhdunarodnoi nauchno-teoreticheskoi konf., posvjashh. 80-letiju prof. M.M.Kopylenko, Ch.1. – Almaty, 2001.

УДК 81

Коптлеуова Кульпаш Балапановна,
доцент, кандидат филологических наук,
Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова,
г. Актобе, Республика Казахстан

ПРОЯВЛЕНИЕ ИНТЕРКАЛЯЦИИ ПРИ КАЗАХСКО-РУССКО-АНГЛИЙСКОМ ТРЕХЪЯЗЫЧИИ

Түйін: *Мақалада мұнайшылардың сөйлеген сөзінде шет тілін саналы және бейсаналық түрде алудың себептері мен мақсаттары талқыланады. Орыс және ағылшын тілдерінің элементтерін қазақ сөйлемдеріне олардың предикативті ядросын сақтай отырып біріктіру барлық коммуникативтік актілерде болатын интеркалация деп санауға болады. Спикер белгілі бір мақсаттарға ұмтылмайды, оның ішінде этнолектегі шетелдік қосымшалар да бар. Олардың пайда болуы тілді білмеуімен немесе ана және өзге тілдердің нормаларын елемеуімен түсіндіріледі.*

Кілт сөздер: *интеркаляция, интерференция, билингв, трилингв, сөйлеу мутациясы.*

Аннотация: *В статье рассматриваются причины и цели осознанного и неосознанного вклинивания иноязычных вкраплений в речь нефтяников. Вклинивание элементов русского и английского языков в казахские предложения при сохранении их предикативного ядра можно считать интеркаляцией, которая имеет место во всех коммуникативных актах. Говорящий не преследует определенных целей, включая в свой этнолект иноязычные вкрапления. Их появление легко объяснить либо плохим знанием языка, либо игнорированием норм родного и неродных языков.*

Ключевые слова: *интеркаляция, интерференция, вкрапления, билингв, трилингв, речевая мутация.*

Resume: *The article discusses the causes and goals of conscious and unconscious inclusions of foreign language interspersed in the speech of oil industry workers. Inclusions of elements of the Russian and English languages into Kazakh sentences while maintaining their predicative core can be considered intercalation, which takes place in all communicative acts. The speaker does not pursue certain goals, including foreign inclusions in his ethnolect. Their appearance is easily explained either by poor knowledge of the language, or by ignoring the norms of the native and non-native languages.*

Key words: *intercalation, interference, inclusions, bilingual, trilingual, speech mutation.*

Языковую ситуацию в сфере нефтяной промышленности Казахстана можно охарактеризовать как трехъязычную, включающую казахский, русский и английский языки, которые употребляются на разных уровнях общения.

Вклинивание элементов русского (Я2) и английского языков (Я3) в казахские предложения (Я1) при сохранении их предикативного ядра можно считать интеркаляцией, которая имеет место во всех коммуникативных актах.

Особенности развития языка в инонациональной среде отмечает Н.И. Кадырова: «Контактирование народов неизбежно ведет к взаимовлиянию, смешению языков на протяжении всей истории человеческого общества, всей истории языка. Нет языков изолированных от влияния других языков. Это – одна из основных особенностей процесса развития языка. Ни один язык мира не развивается под стеклянным колпаком» [*Интерференция в русской речи казахов, 1988, с. 128*].

Особенностью функционирования казахского языка в многонациональной среде нефтяников является наличие в нем иноязычных вкраплений.

За иноязычными единицами, включаемыми в речь на каком-либо языке, в котором они имеют исконные соответствия, закрепляется понятие иноязычное вкрапление.

Среди иноязычных вкраплений выделяются употребляющиеся неосознанно как естественное следствие неудовлетворенной выразительной потребности говорящего, и сознательно используемые, при семантическом и синнтаксическом выделении иноязычных лексем.

Существуют определенные причины и цели осознанного и неосознанного вклинивания. Поэтому их не следует рассматривать как две стороны одного процесса, ибо это два различных явления. Говорящий не преследует определенных целей, включая в свой этнолект иноязычные вкрапления. Их появление легко объяснить либо плохим знанием языка, либо игнорированием норм родного и неродных языков.

Основной причиной интеркаляции являются не структурные различия между контактирующими языками и не психические закономерности межъязыковой идентификации, не низкая степень владения Я2 или недостаточная натренированность индивида в осуществлении речевой деятельности на нем (что характерно для интерференции), а, в первую очередь, различные социальные причины и особенно значение функциональной нагрузки Я2 в жизни билингва [*Карлинский А.Е., 1990, с. 97*].

Интеркаляция представляет собой явление, не связанное с ущербной компетентностью билингва во втором языке, а наоборот, показывающее знание билингвом второго языка, уместность сознательных вкраплений грамматических форм, лексических элементов, синтаксических конструкций из второго языка под влиянием $Я_2$. Это влияние носит сознательный характер. Психический механизм его также иной [*Карлинский А.Е., 1990, с. 52*]. А.Е. Карлинским описываются типы интеркаляции, как: номенклатурная (в речь на $Я_1$ вклиниваются слова $Я_2$, которых нет в первичном языке); 2) редунантная (вклинивание в речь на $Я_1$ таких элементов $Я_2$, которые являются избыточными в $Я_1$); 3) номинативная интеркаляция (вклинивание отдельных иноязычных существительных, выражающих конкретные понятия); 4) фразовая интеркаляция (вклинивание цельнооформленного сегмента $Я_2$ в речи на $Я_1$ – словосочетание или целое высказывание; 5) чистая интеркаляция (иноязычные вклинивания сохраняют свои существенные признаки); 6) модифицированная интеркаляция (иноязычные вклинивания подвергаются интерферирующему влиянию и изменению) [*Карлинский А.Е., 1990, с. 131-135*].

В устной речи нефтяников встречаются почти все разновидности интеркаляции:

1) **номенклатурная** (в речь на $Я_1$ вклиниваются слова $Я_2$, которых нет в первичном языке): – ***Вахтовкамен,*** *машинамен Эмбаның аржағына апарады ... Алибекмола деген жерге, сосын* ***вахтадағы*** *жүрген жігіттерді біз алмастырамыз....* ***вахтаға*** *жұмысқа барамыз... сосын... жұмыс қалай енді бізде...*;

– *КРС,* ***қазір КРС болып жатыр біздерде.... ээ.... КРС деген капитальный ремонт скважин****;*

2) **редунантная** (вклинивание в речь на $Я_1$ таких элементов $Я_2$, которые являются избыточными в $Я_1$): Все! Болды! – редунантная;

3) **фразовая** (вклинивание цельнооформленного сегмента $Я_2$ в речи на $Я_1$ – словосочетание или целое высказывание):

– ***Аварийный инструмент*** *болады біздерде соны жібереміз;*

– *Жұамыз кәдімгі таза сумен* ***техническая вода****//*

4) **чистая** (иноязычные вклинивания сохраняют свои существенные признаки):

– *Сосын* ***метчик*** *деген зат бар;*

– *Өзенде 8* ***месторождение*** *бар. Бозащи, Қаламқас, Қаражанбас, Арна, Северный Бозащи дейді;*

– ***Пока*** *бір* ***скважина****, екінші* ***скважина*** *салынған жоқ.*

5) **модифицированная** (иноязычные вклинивания подвергаются интерферирующему влиянию и изменению):

– С*ол жанағы* ***скважинаны ремонттаймыз;***

– *Жанағы алдымызда істеп кеткен адамдар...* ***авария істеп кеткен*** *болса;*

– *Сол жанағы түсіріп алған заттарды аламыз...* ***жанағы трубаларды*** *...ээ ...* ***трубалар арқылы;***

– *Сосын жақсылап* ***скважинаны промывка*** *жасайсың;*

– *Соны* ***под давлениеменен*** *біздер жанағы...****агрегат цементировочныймен*** *соны* ***давить етіп****/ тұрып қалған жерлерді жанағы* ***агрегаттың*** *қысымменен жанағы* ***метол****/ не неше түрлі* ***химикаттарменен*** *біздер соны* ***давить етіп/*** *сол* ***парафиндерді*** *айдап шығамыз* ***линияның*** *түбінен.*

– *Қазір Маерск шығарып жатыр майды/* ***запасі*** *көп емес.*

– *Біздің* ***ППУдың*** *машинасы бу айдайтын...бумен қыздырылатын нәрсе...жанағы* ***емкостерді*** *солардың* ***емкостерін*** *немесе мұнай кейін ішін тазалауға соларды тазалауға арналған* ***ППУ****.*

– *Сосын жанағы* ***буровой*** *жер астына пар айдауменен де жасайды. п****арафиндерді*** *тазалау үшін.*

– *Жаңажол сияқты* ***месторождениелар*** *10 шақты жыл* ***разведка жасады/***

– *Скважиналарға барғанда біз мына* ***нефті*** *болсын* ***скважиналарға*** *су жібереміз.*

6) **инвентарная (**вклинивание в речь на Я1 отдельных слов Я2):

– *Сол* ***скважинаға*** *біреу темір-терсек түсіріп алған/ бірденені түсіріп алса .... жанағы алдымызда істеп кеткен адамдар...* ***авария*** *істеп кеткен болса/ /*

– ***Колокол*** *ол жанағы ... ішінде* ***труба*** *жатса/ сол трубаның оның үстіне киелінеді да бұралады.*

– *Қазір* ***Маерск*** *шығарып жатыр майды/ запасі көп емес.*

– *Біз 3 жылда бітіріп* ***уже*** *78-де бірінші* ***фонтан алдық.***

Переключение с одного языкового кода на другой или третий – частое явление в речи трилингвов. При широко распространенном казахско-русско-английском двуязычии в речи нефтяников можно наблюдать переход с казахского языка на русский. Иногда встречается полное кодовое переключение – когда заимствуются целые предложения, или неполное – когда происходит вкрапление элементов русского и английского языков в казахскую речь.

Наряду с общей разговорной и литературной лексикой заимствуются и технические термины, что свидетельствует об активном двуязычии и трехъязычии с переключением не только кодов, но и сознания:

– В перспективе, по всей вероятности казахский язык, вот для нас казахов...мысалы мен қазақпын, сізде қазақсыз...иә...қарым-қатынасымыз өзіміздің ана тіліміз... біз қазақша сөйлеуіміз керек. Ал техникалық тіл – ағылшын. Неге десеңіз, барлық ***техникалық стратегия, менеджмент*** *сол жақтан келе жатыр. Нечего скрывать…*

– Кітаптың барлығын аудару керек. Одан кейін қараңызшы біздің саламызда ***Шеврон компания*** *бар, басқа* ***компания*** *бар, өте көп қой. Оларда...эээ...ээээ....****инженер персоналдың*** *көбісі тек қана ағылшын біледі бұл біріншіден// Одан кейін в инженерии, скажем так,* ***петролеум инженерии,*** *абсолютно во всем мире все специалисты, которые занимаются разведкой, добычей, транспортировкой, переработкой нефти говорят только на английском техническом языке. Это не нами придумано, это общепризнано.*

– Видите, все, кто занимается ***петролеум инженерией*** *все говорят на английском языке.*

Судя по приведенным примерам, подавляющее большинство специалистов нефтяной отрасли, будучи билингвами и трилингвами, свободно владея казахским языком, непроизвольно используют термины на русском языке. В ряде случаев нефтяник, возможно, не находит подходящего слова на казахском, в то время как русское или английское выражение у него «на языке», так как больше «на слуху». Например: говорящий знает слово «скважина» или «месторождение» на казахском языке (мы убедились в этом, спросив перевод данных слов изолированно), однако использует его русский вариант, непроизвольно.

Среди языковых единиц, широко употребляемых в казахской речи, преобладают слова и словосочетания, где одна часть представляет собой русское слово, а вторая часть – каазхский аффикс или казахское слово: *ремонттаймыз, месторождениелар, давить етін, агрегат цементировочныймен, под давлениеменен.*

Иногда он повторяет по-русски то, что только что перед этим было сказано по-казахски, или наоборот, сначала произносит нечто по-русски, а затем повторяет то же самое по-казахски.

Таким образом, можно констатировать, что для речи трилингвов – специалистов нефтяной отрасли характерны явления речевой мутации.

Речь трилингва как совокупность отдельных речевых произведений может быть смешанной в том смысле, что она может состоять из высказываний, принадлежащих к различным языкам, поскольку в определенных условиях (наличие трехъязычного собеседника) трилингв способен переключаться с одного языка на другой, однако это переключение осуществляется обычно в структурах больших, чем предложение. Внутри предложения, обладающего признаком предикативности, переключение в названном смысле исключается, зато возможно заполнение периферийных участков структурной модели предложения одного языка элементами другого при сохранении исконного предикативного ядра.

Кроме того, «существуют различные изменчивые обстоятельства конкретных ситуаций речевого общения, которые могут отражаться на поведении двуязычного носителя», имеющего тенденцию разграничивать темы и собеседников, закрепляя за ними тот или иной из двух языков.

Наличие в казахской речи информанта – трилингва большого количества единиц, образованных в результате контаминации словообразовательных элементов разных языков, говорит об их сильном взаимовлиянии.

Чисто казахская речь имеет место у преподавателей вузов, которые по роду своей деятельности читают лекции студентам на казахском языке:

– Шыңырау дегеніміз жанағы диаметр тереңдігі бірнеше айтамыз – Шыныраудың қазуына байланысты мысалы әртүрлі түрлері бар.. жанағы олардың түрлері мысалы тіректік шынырау, құрылым шынырау, параметр шынырау, сосын арнайы шынырау, пайдалану шынырау. Мысалы пайдалану шынырауының өзі бақылау сосын жанағы ...бақылау айдау, ...бағалау шынырауы болып көрінеді.

Мысалы, айдау шынырауы дегеніміз, ол, жанағы, қабаттың қысымын түскен жағдайда, мысалы, қабаттын қысымын тұрақты ұстау үшін шынырауға газ бен мұнайды айдайтын шынырауды айдау шынырау дейді. Айдау шынырауына мысалы ...нені... игеру кезенінің ... стадиясының екінші кезеніне жатады. Бірінші кезегіне, мысалы, мұнай шыныраулары жанағы фонтандық тәсілмен мұнай өндіріледте, мұнай шынырауларына екінші кезенінде, жанағы қабат қысымы түскен жағдайда жанағы қабатқа су мен газ айдап жанағы қабат қысымын көтеріп, мұнай өндіреміз.

Практически отсутствует общение на чисто казахском или чисто русском и английском языках. Вместо этого происходит постоянное переключение с «одного кода на другой». Переключение зависит от многих факторов, в числе которых первостепенное значение имеют факторы социально-психологического характера: предмет или тема разговора, обстановка, плохие знания использования уровней языка или некомпетентность или же желание трилингва демонстрировать свое владение (или же знание) тремя языками.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Абишева К.М. Казахско-русские языковые контакты и вопросы ассимиляции иноязычных слов в системе языка-реципиента. – Алматы: РИО ВАК РК. – 276 с.
2. Интерференция в русской речи казахов (Проблемы казахско-русского двуязычия). – Алма-Ата: Наука, 1988. – 128 с.
3. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. – Алма-Ата: Гылым, 1990. – 180 с.

Култанбаева Нургул Калдыгуловна,
2 курс докторанты,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
e-mail: nuryku76@mail.ru

Исакова Сабира Сагынбековна,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
e-mail: sabira-i@yandex.ru

ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАРЫ

Резюме. *Мақалада халық ертегілерінің фольклордың тамаша туындысы екендігіне тоқтала отырып, ертегі дискурсындағы көркемдік құралдар туралы баяндалады. Халық ертегілерінің, соның ішінде қазақ халық ертегілерінің көркемдік ерекшеліктерін ертегі мәтініндегі небір сөз шұрайы, троптың түрлері, тамаша теңеулер, қисынды сөз оралымдарын салыстыру барысындағы нақты мысалды келтіре отырып сипатталады. Одан әрі мақалада ертегі сюжетіндегі басталу мен байланыс кезеңіндері, ондағы басты қаһарманның ерекшелігі мен әлеуметтік мәртебесі ертегі мәтінінде түрліше жолмен берілуі сөз болады. Мысалы, түрлі көркемдеуіш- бейнелеуіш сөздерді пайдалана отырып, ертегі сюжетін күрделі, әрі қызықты ете түседі. Солардың бірі ертегінің басты қаһарманын, яғни батырды, оның батырлық істері мен күшін ерекше етіп суреттеу. Ертегі дискурсында байқағанымыздай, ертегілік қаһарманды ерекше батыр, мінсіз тұлға, елі мен жері үшін күрескен азамат етіп көрсетуде, отанның табиғатын, әлемді теңдессіз етіп сипаттау үшін түрлі көркемдеуіш құралдар пайдаланылғандығы айтылады. Ертегілер эпитеттерге, теңеулерге, метафораларға, фразеологиялық оралымдарға өте бай. Мақалада халық ертегілерінің көркемдік құндылығын осындай теңдессіз теңеулермен көрсете отырып, ертегі мәтініндегі мәдениет, халықтың тұрмыс- тіршілігі, дүниетанымы, әлемдік бейнесі, жалпы ұлттық колоритін ашып көрсетеді.*

Кілт сөздер: *ертегі дискурсы, көркемдік құралдар, образдар, метафора, эпитет, гипербола.*

Резюме. *В статье представлены художественные инструменты сказочного дискурса, подчеркивающие особенность народных сказок – прекрасных творений фольклора. Художественная специфика народных сказок, в том числе и казахских народных сказок, рассматривается на конкретных примерах при сопоставлении словосочетаний сказочного контекста, разновидностей тропов, великолепных сравнений, логических словосочетаний. В статье также рассматриваются этапы экспозиции и связи в сюжете сказки, особенности и социальный статус главного героя, которые далее иначе передаются в тексте сказки. Так, использование различных художественно-изобразительных средств делает сказочный сюжет более сложным и интересным. Например, описание главного героя сказки, героизма, его героических поступков и сил. В сказочном дискурсе сказочный герой представлен как особый герой, безупречная личность, человек, борец за свою страну и землю. При этом используются различные художественные средства для описания родной природы, окружающего мира. Сказки богаты эпитетами, сравнениями, метафорами, фразеологическими версиями. В статье культура раскрывается через призму сказочного текста; жизнь, мировоззрение народа, мировая картина, общенациональный колорит демонстрируют художественную ценность народных сказок такими беспрецедентными равенствами.*

Ключевые слова: *сказочный дискурс, художественное средство, образ, метафора, эпитет, гипербола.*

Summary. This article describes the artistic tools of fairy-tale discourse emphasizing that folk tales are a wonderful work of folklore. Artistic features of folk tales, including Kazakh folk tales, are described with a specific example when comparing phrases in the fairy text, varieties of poplar, magnificent equations, logical phrases. Later in the article the stages of exposure and when in the plot of the tales, peculiarities and social status of the protagonist it will be transmitted in different ways in the text of the tale. For example, using a variety of artistic-pictorial words, a fairy tale plot makes complex and interesting. One of them is the description of the main character of the fairy tale, that is, heroism, his heroic deeds and forces. As noted in the fairy-tale discourse, the fairy-tale hero demonstrates him as a special hero, an impeccable personality, a man, a fighter for his country and land, uses various artistic means to describe the nature of the homeland, the world in an unprecedented way. Fairy tales are very rich for epithets, comparisons, metaphors, phraseological versions. The article reveals the culture in the fairy-tale text, the life, worldview of the people, the world picture, the national color, demonstrating the artistic value of folk tales with such unprecedented equality.

Key words: *fairy-tale discourse, artistic tools, figurative images, metaphor, epithet, hyperbole.*

Кіріспе

Сөз өнерінің теңдессіз ескерткіштері болып табылатын ертегілер ауыз әдебиетінің өзге де жанрлары сияқты ғасырлар бойы қалыптасты. Халық ертегілері – өте ерте заманда туып ауызша таралған халық шығармашылығының бірігейі. Ертегінің мәтінін оқи отырып, ертегі жанрының фольклордың өте бай мұрасының бірі екенін аңғарамыз. Ал фольклор туралы «Қазақ әдебиетінің тарихында» былай делінген: «*Фольклор – сөз өнері.* Өнер болу үшін, ең әуелі, көркемдік қасиет және орындаушы мен тыңдаушы болуы керек. Қазақ қоғамында фольклор осы үш шартты түгел орындаған, тіпті, одан да кең ауқымды қамтыған. Фольклор – әрі әдебиет, әрі театр рөлін атқарды, оның шығарушылары әрі орындаушылары – жыршы мен ақындар, сондай-ақ тыңдаушылары мен көрермендері болды. Сондықтан фольклор өзіндік көркем әдіс, бейнелеу тәсілдер мен көркемдеуіш құралдар жасап, орнықтырды. Бұл процесте ол ежелден келе жатқан ұғымдар мен нанымдарды, мифтер мен басқа да ескі жанрларды пайдаланып, оларға басқа сипат дарытты, эстетикалық міндет артты. Сөйтіп, алғашқы қауымға тән мифтік сананың жемісі көркем құралға айналды, бейнелілікке және метафораға негіз болды. Кейіпкердің ғажайып туып-өсуі, оның ғаламат қасиеттерге ие болуы әдебиетке тән емес. Бірақ бұл айтылғандар фольклордың өнер екенін жоққа шығара алмайды. Оның үстіне, фольклордың шындықты суреттеуі, тарихты қамтуы, қиял мен болмыстың арақатынасын өзгеше өруі, сондай-ақ фольклор шығармаларының орындалу мақсаты мен мәнері, тыңдаушылардың фольклорлық туындыға, ондағы іс-әрекеттерге көзқарасы – бұлар да фольклорды сөз өнері ретінде көрсете алады [*Қазақ әдебиетінің тарихы, 2007, 17 б*].

Ертегі мәтінінде небір сөз шұрайы, троптың түрлері, небір теңеулер, қисынды сөз оралымдарын байқаймыз. Бұл дегеніңіз қазақ халқының сөз өнеріне деген құрметі, жалпы ұлттың дүниетанымын, әлемдік бейнесін, қоршаған ортаға, тарихи құбылыстарға деген танымын аңғартады. Осындай ертегілер арқылы және олардың сюжетін аңғара отырып, біз түрлі елдердің өмір сүру салтын, халықтарының тұрмыс-тіршілігін танимыз, түрлі халықтардың тұрмысы мен мәдениетіндегі айырмашылықтарды байқаймыз. Сондықтан да әлем халықтарының кез келгенінің ертегілер жинағы тек қызықты әдеби шығарма ғана емес, сонымен қатар өзіндік ерекшелігі бар әлемдік энциклопедия, елдер мен халықтардың мәдениеті туралы да қажетті білім беретін қайнар көз [*Қасқабасов С.А., 2009, 269* б]. Осылармен бірге ертегінің әдебиеттің сүйікті жанрларының бірі екеніндігін де ескерген жөн. Барлық әлемде ертегіні балалармен қатар ересектер де оқиды. Ертегіде әлемнің айтылмаған ғажайыптары ашылады. Түрлі сиқырлы заттар, магиялық тапсырмалар, таңғажайып оқиғаларға тап боламыз.

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни, фольклордың көркем прозасы. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркемдік – эстетикалық рөл атқарады. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі қызметтен шығады. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Ол үшін, әрине, түрлі эпитеттер, теңеулер, әсірелеулер, салыстыру, шендестіру, метафоралар, т.б. көркемдеуіш құралдар пайдаланылады. Ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылады, сондықтан ол әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама, өзінше дамып отырады. Ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті өмірде көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыптың көркем бейнеленуіне құрал ретінде қолданылады. Егер олар адам өмірінің құндылықтарын көрсете білмесе, онда ол халық жадында сақталып та қалмас еді. Тек адамға қымбат, адами құндылықтар ғана үрпақтан-үрпаққа беріледі және сақталады. Қазақтың халық ертегілерінде үнемі ақылды тазша бала, жетім қыз, кенже баланың ақылды болуы, хан уәзірлер мен бай балаларының ақымақтығы, тойымсыз, тоғышарлығы туралы немесе адамның ғажайып көмекшілері – жануарлар туралы тамаша көркем мәтіндер кездеседі [*Қасқабасов С.А., 2009, 292 б.*].

Негізгі бөлім

Ертегі сюжетіндегі экспозиция мен байланыс кезеңіндегі басты қаһарманның ерекшелігі мен әлеуметтің мәртебесі ертегі мәтінінде түрліше жолмен беріледі. Мысалы, түрлі көркемдеуіш бейнелеуіш сөздерді пайдалана отырып, ертегі сюжетін күрделі, әрі қызықты ете түседі. Солардың бірі ертегінің басты қаһарманын, яғни батырды, оның батырлық істері мен күшін ерекше етіп суреттеу. Мысалы, кейбір ертегілерде батырдың күшін көрсету үшін әсірелеу, гиперболалық сипаттаулар қолданылады. Мысалы, *Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы*

баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады. Садақ тартып үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, әкесі мен кемпір шешесін асырайды [*Қазақ ертегілері, 2003, 4 б.*]. *Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты* [*Қазақ ертегілері, 2003, 29*]. Ертегілік батырларды суреттеумен қатар мұндай гиперболалық сипаттаулар батырға лайықты атты да ерекше етіп көрсетеді. «Алтын сақа» ертегісіндегі баланың атты таңдауын былайша суреттейді: «*... Құрығыңды құлдыратып, жүгеніңді сылдыратып, жылқыға бар. Қай тай бетіне қараса, соны мін, – дейді. Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып, жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да жүгендейді. Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қаргып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жүртқа жетіп келеді. ... Екпініне шаң ілеспей, әйт дегенде, алты қырдан бір-ақ асып, Керқұла ат зымырап келеді. Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Аттың түсі керқұла болыпты. Кендебай Керқұланы үйретіп мініп, түн қатып жүріп, аң аулапты. Керқұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты. Кендебай Керқұланы құстай ұшырып, алты қырдың ар жағынан қаша жөнелген құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп, құйрығынан ұстайтын болыпты* [*Қазақ ертегілері, 2003, 30 б.*].

Ертегілік кейіпкерлерді сипаттау үшін фольклорлық дәстүрде үнемі қолданылатын эпитеттер пайдаланылады. Мысалы, *таза бала, жалғыз батыр, жесір әйел, сұр мерген, мыстан кемпір, жәдігөй кемпір, ай десе ауызы, күн десе көзі бар сұлу қыз, перінің қызы*, т.б. Халық ертегілерінің поэтикасы отты, жарықты, қуанышты бейнелеп жеткізу үшін де түрліше эпитеттер қолданады. Соның бірі «алтын», «күміс» лексемасына қатысты сипаттаулар бар. Мысалы: *алтын тақ, алтын кебіс, алтын науа, алтын құйрықты құлын, денесі күміс, күміс сапты кездік, алтын мүйізді киік, алтын суы бар құдық, күміс суы бар құдық, т.б.*

Ертегі мәтіні құрылымының ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, синтаксистік стилистикалық деңгейде тыңдаушыны бірден ертегіге бағыттау үшін тұрақты дәстүрлі ертегілік бастауды қолдану тән. Мысалы, «*ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде..», «ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөртеде, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...». Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты. Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты [Қазақ ертегілері, 2003]*. Бұлайша ертегінің басталуы барлық қазақ халық ертегісіне тән ерекшелік. Ертегілер осылай бастала келе, көбіне синтаксистік деңгейдің стилистикалық тәсілінде жағымды кейіпкердің «байлыққа, таққа ие болуы» мен залым кейіпкердің жазалануы жайында баяндаудың қорытындысын жасайтын қайталау түрлері мен дәстүрлі аяқталуының да өзіндік сипаты бар. Мысалы, «*...бай болып, барша мұратына жетіпті», «... хан қызына үйленіп, ұлан асыр той жасапты*, «*хан қызын беріп отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізіпті*»... .

Сол сияқты В.Я. Пропп «Морфология сказки» атты еңбегінде көрсеткендей ертегінің құрылысындағы бір кезең ол – батырдың марапаттауы. Ал марапаттаудың ең көп тараған түрі – бұл бас қаһарманның ханшайымға үйленіп, байлыққа (хан тағына отырып, мұрагер болу) ие болуы. Мысалы, *Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырад*ы [*Қазақ ертегілері, 2003, 36*]. Бұл сияқты мысалдарды ертегілерден көптеп кездестіруге болады. Хан қызын беріп қана қоймай, барлық мал мүлкін, хандық тағына дейін беретін марапат та кездеседі.

Ертегі мәтінінде тағы бір айта кетерлік жайт бар. Ол ертегі мәтінінде жиі қолданылатын қайталаулар. Мысалға келтірер болсақ, «ерте, ерте, ертеде, бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, бір перзентке зар болыпты», «ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөртеде бір кедей болыпты, оның жан дегенде жалғыз баласы болыпты, ол батыр болыпты немесе т.б.». Бір сөздің екі қайтара келуі немесе ұғымның екі еселенуі тыңдарманның көңілін аударып қана қоймайды, сонымен бірге эмоционалды әсер етіп, баяндауға белгілі бір ритм береді. Бұндай ұғымның екі еселенуін төмендегідей ретте бөліп қарастыруға болады:

Ертегінің басталуында кездеседі: «Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда бір бай болыпты», «ертеде бір кедей өмір сүріпті», «ерте, ерте, ертеде, бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, бір перзентке зар болыпты», «Ертеде, ерте заманда, ешкі құйрығы келте заманда» [*Қазақ ертегілері, 2003, 65-69*].

Әрекетті сипаттау үшін қолданылады: жылай-жылай, жүре-жүре, Ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да - садағы, азығы да - садағы, жолында кез келген аңды атып жеп отырады [*Қазақ ертегілері*, *2003, 5 б.*].

Психологиялық күйді сипаттауда: *Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Өлдім-талдым деп келіп, белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінеді, жылқының ар жағында ел көрінеді. жердің жыртығын жамап отырған кемпірді көреді [Қазақ ертегілері, 2003,41 б.].*

Тарихи, этнологиялық реалийде: "Шеше, шеше артыңдағы қыздардың бәрі өзіңдікі ме?" - дейді. Шеше, шеше! Ана түйенің бүйдасына қол жалғап жіберші, – дейді Ерназар.

Оған разы болмасаң, Желі толған түйем бар. Соған бер мені, шешетай! - Қоя бер мені, шешетай! – дейді [*Қазақ ертегілері, 200, 10 б.*].

*Архаизмдік атауларда***:** *зындан, діллә, шаһар, уәзір, тақ, күміс сапты кездік, перзент, көкжал бөрі, қанжар, алтын кебіс*

Сонда жер жамап отырған кемпір:

– Мысыр шаһарының бер жағында бір шаһар бар. Киіктің тағын істесе, сонда істейді, баланың қолына мың діллә беріп, соған жібер, – дейді.

Сонан баланың шешесі үйіне қайтып келіп, барлық дүние-мүлкін беріп, ешкілерінің барлығын да беріп, оның үстіне өзі неше жыл мал бағуға бір байға жалданыпты. Сөйтіп, баласына мың діллә құрастырып береді. Бала мың дінлəні алып, киік астына қоятын тақты жасайтын Мысыр шаһарының жанындағы шеберге жүреді [Қазақ ертегілері, 2003, 41 б.].

Табиғатты суреттеуде: *талай белестер, талай таулар бұлдырап артта қалып барады. Бір кезде жер дүниені қап-қара тұман басып кеп кетеді. Тек алтын құйрықтардың сәулесі ғана бұлардың жолын жарық қылып көрсетіп тұрады [Қазақ ертегілері, 2003, 35 б.].*

Образды күшейтіп көрсету үшін: *Самұрық құстың ұшып келе жатқанындағы қанатының қағуынан күшті дауыл жел тұруы, көзінің жасы жаңбыр болып жаууы, т.б.... Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Көз ұшындағы құс қанатын жазып, жерден көтерілгенше Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді. Теңізді көл, дарияны шалшық, тауды қырат құрлы көрмейді. Сонымен Кендебай күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде аспанмен тірескен бір биік тау көрінед*і.

Күн астындағы Күнікей қыз От тауының ар жағында тұратын бір ханның қызы екен. Ол ханның бір үлкен көк төбет иті бар екен. Сол ит күн астындағы Күнікей қызға келе жатқан адам болса, соның дыбысын сезіп, жүз шақырым жерден алдынан шығады екен. Қандай батыр, мықты адамдар болса да көк төбет ит барлығын да жалғыз өзі қиратып салады екен. Қызды ізденп барған адам сау қайтпайтын болған. Мұны білген көп адамдар көк төбеттен қорқып, қызға бара алмайды екен. Баланың жолдастарымен келе жатқанын ит жүз шақырымнан біліп алдарынан шығады. Бір мезгілде көк төбет арсылдап жер дүниенің шаңын боратып келе жатыр екен [Қазақ ертегілері, 2003, 45 б.].

Фольклорлық ертегі тек халықтың батырлық образы мен сюжетті беріп қана қоймайды сонымен бірге ұлттың рухани мәдениетін де көрсетеді. Халықтың тұрмысының ерекшеліктерін, олардың қоршаған ортаға деген түсінігін, тарихтағы оқиғаларға қатысты ұғымын да береді. Лексикалық деңгейде халықтың тұрмысы мен рухани мәдениетін келесідей бағытта көруге болады:

Ескірген сөздерде:

асулы мосы (қостарда арнайы қазан, шелек, т.б. іліп астына от жағатын құрал)

ілулі бақыр (сыйымдылығы 1-2 литр болатын темір шелек, ожау. Көне түркі тілінде мысты, жезді бақыр деп атаған).

қыл бұрау (Қыл бұрау - асау малды жуасыту үшін немесе ен салып, емдеу үшін тұмсығын қатты бұрап, қимылдатпауға қолданылатын жылқының қылынан есілген құрал)

зындан (زندان, парсы тілінде зындан деп аталатын жерасты түрмесі)

діллә (ежелгі ақша бірлігі),

шаһар (қаланың ескі атауы),

уәзір (ханның көмекшілері, араб тілінде министрді уәзір деп атайды),

тақ (ханның отыратын орындығы)

кездік (Кездік – мүйізбен сапталған жетелі пышақ)

перзент (нәресте, бала, сәби),

көкжал бөрі (қасқыр)

*қанжар (*Қанжар– қару. Екі жүзі бар, кесу-түйреу арқылы жарақат салады. Қоладан, темірден, мыстан, болаттан соғылады*),*

*алтын кебіс (*Кебіс – мәсінің сыртынан киюге арналған, былғарыдан тігілген қонышсыз аяқ киім).

науа (науа – мал суаратын астаудың бір түрі. Науа ағаштан, темір-бетоннан, т.б. жасалады. Науаның үзындығы сиыр табыны, жылқы үйірі және қой отарының үлкен-кішілігіне байланысты) [*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.1974-1986, 726 б.*].

егеу (егеу –металдың жұқа қабатын жануға арналған көпжүзді (көптісті) металл кесетін аспап).

*Дәстүрлі фольклорлық формулада***:** перінің қызы, арыстанның азуын, кемпірдің басын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына төгіп тастайды. [*Қазақ ертегілері, 2003, 36 б.*].

Ауызекі сөйлеу мен диалектілік лексикада:

– Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? – деп сұрапты.

Баланың басы таз, киімі өрім-өрім екен.

– Ардақтаған анаңды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын! – деп қоя беріпті бала [Қазақ ертегілері, 2003, 30 б.].

Ертегілік кейіпкерлердің, зұлымдық иелерінің аттарынан: мыстан кемпір, Таусоғар, Желаяқ, Саққұлақ, Көлтаусар, перінің қызы, алты басты айдаһар, ақырған арыстан, т.б. Алдап отырған жалмауыз кемпір екенін Ерназар енді ғана білді. Тойға арналған тамақтың бәрін Таусоғар жеп қойды. Саққұлақ мұны естіп отырды. Кендебай қоржынынан арыстанның азуын, кемпірдің басын, жеті дәудің көзін төгіп тастайды [*Қазақ ертегілері,2003, 9-36 б.*].

Үйді, интерьерді сипаттауынан: *шаңырақтағы ілулі төстікті көреді. Үлкен қоңыр үйдің түсына келіп, мейман болатындығын білдіреді. Үйге кірсе, керегенің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, соны көрген соң, Ерназар еңкілдеп жылай бастайды. Үйдің бәйбішесі Ерназардан:*

– Неге жыладың? – деп сұрайды.

– Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын, тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын, – дейді Ерназар.

– Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне тұр, - деп бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді. - Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бөлек тұрады, – деп сырғаны қайтадан іліп қояды [Қазақ ертегілері, 2003, 7 б.].

*Ұлттық киімдер мен ұлттық асхананы сипаттаудан***:** Ақсауыт, шапан, сауыт сайман орамал, кебіс, сәлде, т.б. Мысал: Кигенде сауытым Ақсырмал, өз саутым киемін. Серттескен торғын орамал, орай будым белімді (Ер Төстік ертегісі). Кендебай қолында біреуінің алтын кебісі қалып қояды. Кендебай үйімен қоштасып, сауыт сайманын киініпжетім баланың әке шешесін іздеуге шығады [*Қазақ ертегілері, 2003, 8-32 б.*].

Ұлттық қаһарман және оның батырлық жетістіктері мен әрекеттерін сипаттаудан: Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып бұларға қарай жақындап келеді. Бұл жеті басты дәу еді. Кендебай алтын науаны жерге қояды. Құлындар науаға иіріліп тұра қалады. Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып өтіп бара жатып, салып кетеді. Дәудің бір басы үшып түседі. Кейін қарай шауып, тағы соғып өткенде, екінші басы үшып кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп, жеті рет соққанда жеті басы бірдей ұшып кетіп, дәу төңкеріле құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып, қоржынға салып алады. Кендебай осылай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты жатсынуды сүймепті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты [Қазақ ертегілері, 2003, 36 б.].

Бұл келтірілген үзіндіден біз ұлттың тарихи колориті көптеген лексикалық және лексика синтаксистік құралдар арқылы берілетінін байқадық. Қиял ғажайып ертегілерде қолданылатын

бейнелеуіштік құралдар халық батырлары мен халық түрмысының тұтас бір картинасын құрайды. Жарқын эпитеттер батырлықты, батырдың керемет күшін, әділдікке деген сенімін, т.б. беру үшін қолданылады. Батырды сипаттау үшін гипербола, метафора, теңеулер пайдаланылады. Мысалы, *алты күнде жүріпті, алпыс күнде күліпті, алты жылда азамат болыпты*....деп батырды суреттесе, *Жүгендегенде тайдың* қотыры *жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жүртқа жетіп келеді [*Қазақ ертегілері, 2003, 48 б.*]. ... Екпініне шаң ілеспей, әйт дегенде, алты қырдан бір-ақ асып, Керқұла ат зымырап келеді. Құлын ай сайын емес, апта сайын өсіпті, Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты* [*Қазақ ертегілері, 2003, 30 б.*], деп батырдың астына мінер атын сипаттайды. Бұл теңеулер тек жағымды кейіпкерді сипаттау үшін ғана емес, сонымен қатар антагонисті, ғажайып үрей иелерін көрсету үшін де қолданылады. Мысалы, Ер Төстіктің Шойынқұлақпен алысуы. Шойынқұлақты жеңу мүмкін емес, өйткені оның жаны өзінен бөлек дүлей күш иесі. Алайда ебін тауып, айласын асырып оны да өлтіреді. *Бір уақытта алдарынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып бұларға қарай жақындап келеді. Бұл жеті басты дәу еді* [*Қазақ ертегілері, 2003, 33 б.*]. Батыр алты басты айдаһарды да, аң патшасы арыстанды да жеңеді.

Батырдың ерлігімен қатар әйел сұлулығын да ерекше троптың түрлерімен сипаттайды. Мысалы, «Жеті өнерпаз» ертегісінде: Ай десе аузы, күн десе көзі бар Қаншайым атты бір қызы болыпты... [*Қазақ ертегілері, 2003, 50 б.*].

Ертегі дискурсында ерекше тональность бар. Мейірімділік, қонақжайлылық, отанға деген махаббат ертегінің басталуынан бастап, соңына дейін лексикалық деңгейде көрінеді.

– Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым - Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ ізденіп жүрмін... Намыс ізденіп жүрмін, рұқсат болса айтайын, – дейді Кендебай.

Кендебай елдің малын айдап келіп, иелеріне табыс етеді. Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді. Кендебай түрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп, бұл ел Керқұла атты Кендебай батырдың елі болып атаныпты. [*Қазақ ертегілері, 2003, 36 б.*].

Кішірейту, еркелету мағынасындағы лексика: Не аяйтын сиқым бар? О да болсын сенікі, Бір әділ жан менікі, жіберші мені, шешеке! - дейді. Шеше, шеше, анау қыздардың бәрі сіздікі ме? Қарағым, айналайын, Кенжекейім, Ер Төстігім [*Қазақ ертегілері, 2003, 9 б.*].

Амандасудың ежелгі түрлері: *О, хан, ием*!

Хан тағы да таңқалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп:

– Дат, тақсыр! – дейді.

– Датың болса, айт! – дейді хан ақырып. [Қазақ ертегілері, 2003, 33 б.].

*Бейнелілік, көркем суреттеу кейде мақал, теңеу сияқты сөздер***:** *Біреуге ор қазба, өзің түсесің*, *ат басындай алтын*, *төбелері көкке жетіпті*. Кемпір алдана бергенде, мен *бетегеден биік, жусаннан аласа* бола берейін, сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел, артыңа қараушы болма, - дейді [*Қазақ ертегілері, 2003*, *12, 48 б.*].

Ертегі халық қиялынан туған, онда әрқашан зұлымдықты әділдік жеңеді деген сенім болғандықтан ертегі мәтінінде жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық, жалқау мен еңбекқор, адал мен арам т.б. дүниелер антитеза, яғни шендестіру арқылы жағымды, жағымсыз кейіпкер міндетті түрде қатарласа көрініс беріп отырады. Мысалы бұл образдарды кестеге салып салыстырар болсақ, онда төмендегідей суретті көруге болады:

Жағымды образ	Жағымсыз образ
Кенжекей сұлу (әрі ақылды, әрі махаббатына адал жан болса)	перінің қызы Бекторы (махабатты күшпен бағындырғысы келетін жауыздық иесі)
Ер Төстік (батырлығы мен теңдессіз күшін тек еліне, туған туыстарын қорғауға жұмсайтын батыл ер)	Шойынқұлақ (барлық күшін зұлымдық жолында жұмсайтын дүлей күш иесі)
Жетім бала (еңбекқор, адал, малын бағып күнін көрген жан)	ханның уәзірлері (айлакерлікпен күн көрген қулар)
Керқұла атты Кендебай батыр (жан жағына көмек қолын ұсынушы, ел қамқоры)	Оған қарсы ханның қорқақ, әрі өтірікші, жалқау үлдары
Самұрық балапандары үшін күрескен, адал құс	Айдаһар (әлсізге күш көрсететін зұлымдық иесі)
Таусоғар, Желаяқ, Саққұлақ, Көлтаусар (адал жолдастар)	Мыстан кемпір, перінің қызы, алты басты айдаһар, жыландар, т.б.

Қорытынды

Осылайша ертегі сюжетінде жауыздық пен әділдік, қастық пен достық, жақсылық пен жамандық өзара арбасып алыса түседі.

Ертегі дискурсында байқағанымыздай ертегілік қаһарманды ерекше батыр, мінсіз тұлға, елі мен жері үшін күрескен азамат етіп көрсетуде, Отанның табиғатын, әлемді, теңдессіз етіп сипаттау үшін түрлі көркемдеуіш құралдар пайдаланылады екен. Халық ертегілерінің көркемдік құндылығы да осындай теңдессіз теңеулерден көрінсе керек. Онда мәдениет те, халықтың тұрмыс-тіршілігі де, дүниетанымы да, әлемдік бейнесі де, ұлттық колорит те жатыр. Ертегілер эпитеттерге, теңеулерге, метафораларға, фразеологиялық оралымдарға өте бай. Бұндай көрмеуіш құралдарды ертегінің әрбір құрылымындағы оқиғалар желісінен аңғара аламыз. Сонымен қатар көркемдегіш құралдар батырдың алып тұлғасын, ерлігін сипаттауда, қыздың сұлулығын, қарсылас жаудың осал еместігін, айлакерлігін беруде, ақыл мен парасатты сипаттауда т.б. жағдайларды баяндауда көптеп қолданылатындығын көрдік. Атап айтқанда, фольклорлық дәстүрде үнемі қолданылатын эпитеттер (*тазша бала, жалғыз батыр, жесір әйел, сұр мерген, мыстан кемпір, жәдігөй кемпір, ай десе ауызы, күн десе көзі бар сұлу қыз*), тұрақты дәстүрлі ертегілік бастауды қолдану («*ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде..», «ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөртеде, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен...». Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты),* образды күшейтіп көрсету үшін қолданылатын гипербола (алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, *Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Керқұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты*), фразеологиялық оралымдар (бетегеден биік, жусаннан аласа), түрлі бейнелеуіштік құралдар асқан шеберлікпен орайластырылып, ертегі оқиғасына одан әрі қызықтыра түседі. Ертегіде тұрақты дәстүрлі басталу мен аяқталу бар. Ертегінің бастамасы тыңдауға еріксіз мәжбүрлесе, соңы баяндаудың оң сипатын береді, яғни ертегінің бәрі бақытты өмірмен аяқталады. Ертегінің соңы міндетті түрде фольклордың ертегілік формуласымен аяқталады. Яғни, «*бай болып, барша мұратына жетіпті*», «*...Сонымен күн астындағы Күнікей қызды бала алып, екеуі той жасап, қосылады. Ел-жұрты баланың ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды» .... «Бала жалмауыздан аман-сау құтылып келгеніне әке-шешесі қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады. Кіші қызын Кендебайға қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, көп сыйлықтар беріп, Кендебайды еліне аттандырады. Кендебай елдің малын айдап келіп, иелеріне табыс етеді. Ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Бәрі де баягыдағы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір сүріп, мақсаттарына жетеді. Ұлы думан, үлкен той істейді». отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды*» деген жолдармен аяқталады. Мұндай басталу мен дәстүрлі ертегілік аяқталулар, жалпы ертегінің құрылымында қолданылатын көркемдегіш құралдар тағы да сол ертегінің халық қиялынан шыққан әділдікке, тазалыққа, Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілікке, т.б. деген сенімінен туғандығын, ертегі мәтініне ғана тән көркемдегіш, бейнелегіш тәсілдердің молдығын, ертегінің сөз өнерінің теңдессіз ескерткіші болып табылатын фольклордың ерекше жанры, сондай- ақ ертегінің таптырмас тәрбиелік құрал екендігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. –Алматы: ҚазАқпарат, 2007. -665 б.
2. Қасқабасов С.А. Фольклор туралы. –Алматы: Жібек жолы, 2009. -269 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974-1986. – 726 б.
4. Қазақ ертегілері – Алматы, 2003. 172 б.
5. Пропп В.Я.Морфология сказки. – Москва: Наука, 1969. – 167 б.
6. Isakova S.S., Kusaiynova Z.A., Kenzhemuratova S.K., Zhuminova A.B., Utegulov O.Z., Mukhtarullina A.R. Worldview within the terms of concepts, sphere of concepts and conceptualization//Analele Universitatii din Craiova – Seria Stiinte Filologice, Lingvistica Volume 40, Issue 1-2, 2018, Pages 289-317.
7. Акименко Н.А. Лингвокультурные характеристики англоязычного сказочного дискурса: дис. ... канд. филол. наук. Волгоград, 2005. С. 31.
8. Ерина Е. Сказка как выражение народного характера // Философия и сказка: Сборник научных трудов / Коллектив авторов. – М. – Берлин: Директ-Медиа, 2015. – 226 с.

UDK 801.8

Куркимбаева Айжан Муратовна,
3 курс PhD докторанты,
Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университеті,
Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: aizhan--k@mail.ru

Желтухина Марина Ростиславовна,
Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ресей Ғылым Академиясының профессоры,
Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі,
Волгоград Мемлекеттік Әлеуметтік-Педагогикалық Университеті,
Москва қалалық университеті,
Волгоград, Москва қ., Ресей Федерациясы,
E-mail: zzmr@mail.ru

ТУРИСТІК БЛОГИНГТАҒЫ ГИПЕРМӘТІНДІЛІК

Аңдатпа. *Мақалада туристік блогинг мәтіндеріндегі гипермәтіндіктің табиғаты қарастырылып, туристік дискурс тұрғысынан ерекшелігі анықталады. Авторлар аталмыш мақалада туристік онлайн-мәтіндердің гипермәтіндік талдау жолдарын зерделейді.*

Кілт сөздер: *туристік гипермәтін, блог, адресант, адресат, коммуникация.*

Куркимбаева Айжан Муратовна,
PhD докторант 3-го курса,
Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан,
E-mail: aizhan--k@mail.ru

Желтухина Марина Ростиславовна,
Доктор филологических наук, профессор, профессор РАО, академик РАЕН,
Волгоградский государственный социально-педагогический университет,
Московский городской университет,
г. Волгоград, г. Москва, Российская Федерация,
E-mail: zzmr@mail.ru

ГИПЕРТЕКСТУАЛЬНОСТЬ В ТУРИСТИЧЕСКОМ БЛОГИНГЕ

Аннотация. *В статье рассматриваются различные подходы к изучению понимания гипертекста в туристических блогах. Цель состоит в выявлении гипертекстуальной специфики туристического дискурса. В данной статье авторы раскрывают способы дискурсивного онлайн-анализа туристического гипертекста.*

Ключевые слова: *туристический гипертекст, блог, адресант, адресат, коммуникация.*

Kurkimbayeva Aizhan Muratovna,
3 course PhD doctoral student,
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almay, Kazakhstan,
E-mail: aizhan--k@mail.ru

Zheltukhina Marina Rostislavovna,
Doctor of philological sciences, professor,

professor of the Russian Academy of Education,
member of the Russian Academy of Natural sciences
Volgograd State Socio-Pedagogical University, Moscow City University
Volgograd, Moscow, Russian Federation,
E-mail: zzmr@mail.ru

HYPERTEXTUALITY IN TOURISM BLOGGING

Abstract. *The paper views hypertextuality in the texts of tourism blogging and aims to identify its specifics in terms of tourism discourse. The authors reveal the ways of electronic online text–tourism hypertext analysis in the following article.*

Keywords: *tourism hypertext, blog, addresser, addressee, communication.*

Introduction

The transfer of tourism discourse to the Internet platform, which could not but affect the genre system and pragmatic attitudes of the communicants, marked the beginning of information and computer century. Within the introduction of technological revolution the lifestyles of humanity has significantly changed not only how people travel, but also how they talk about their experiences.

Mass character, hypertextuality, multi-media and change of the personality parameter /institutionality depending on the features of the virtual genre characterize internet communication in the tourism sector (Herring et al., 2005; Ryazantseva, Dedova, 2010; Zheltukhina, 2013; Zheltukhina et al., 2016; Kurkimbayeva, Akhatova, 2019). In this article, we would discuss hypertexttuality in tourism blogging. Internet updated concept hypertext, the study of which today is becoming relevant in many scientific fields. "Electronic culture" is unique in the sense that the more it is studied, the more numerous are the areas of research. Scientific papers on electronic hypertext seem limitless. Medial hypertext is a system of texts, hypertexts, and hyperlinks, i.e. the typical way to represent and sharing of information over the Internet. Blogs as a new genre of internet communication are characterized by hypertextual nature that enables an easy- to- use and flexible connection. As practical material for the analysis Mat Kepnes' and Kazakh travel blogger Dinara Bolat's posts have been taken.

Main part

The term HTML (Hyper Text Markup Language) means "hypertext markup language". Hypertext is text that contains links to other documents, files, and sites.

In 1989, T. Berners Lee developed a HTML (hypertext markup language) that made hypertext understandable and easy to use, since that time it attracted linguistics. Hypertext is interactive. Network users are not consumers of the finished product, but they themselves choose the path that they will go i.e. become creators of hypertext. V.A. Yemelin compares network users with a nomad, constantly moving in space [Yemelin V.A., 1999]. Just as a nomad moves endlessly across the steppe, a hypertext reader moves from one fragment to another Thus, the center of hypertext space is centered directly on the user.

American linguists S.C. Herring et.al. have spoken about blogs as a social hypertext, functioning as one-to-one mapping between a network of web pages and network of people facilitating a social interaction and providing conversation [Herring et.al, 2005].

Russian researchers O.V. Dedova and T.I. Ryazantseva combine different scientific approaches defining a concept "hypertext". O.V. Dedova believes that HT is "an organization model of electronic texts, characterized by a specific structure and branched system software supported intratextual and intertextual transitions, offering the possibility of reader interactive effects on the sequence of compositional units " [Ryazantseva T.I,. Dedova O.V, 2010]. In addition, a message transmission channel, that is, the technical basis of hypertext, is embedded in the "author – text – reader model".

Popular social site as "Facebook" has also investigated by the prominent linguists, where creation and usage of infographics and creolized texts with their hypertextuality on the Internet are thoroughly studied [Zheltukhina M.R., 2013, pp.127–132; Zheltukhina et al., 2016].

Researchers A.M. Kurkimbayeva, B.A. Akhatova focused on the discourse of tourism blogging, in particular, the features of creolized texts as the type of media texts in the article published with the title "Analysis of lan-

guage use in English tourist texts" so identifying one of the features of blogging communication [Kurkimbayeva A.M., Akhatova B.A, 2019, pp. 292–295]. Hypertextuality is also central to blogging communication.

The blog is accompanied by comments from readers. The function of hyperlinks is performed by the meta-text unit comment. Comments expressing a positive assessment of the blogger can be noticed in big quantity in blogs.

For example, the *communicative course of gratitude*, addressed to the author of the blog is expressed in the traditional language for this genre unit "*rakhmet*" in Kazakh language and "*thank you*" in English language: ***Raxmet***, *jete almay kalgan Japonïya , äytewir bir bararmız, quday qalasa ! Ömirdi ädemi körsete biletin birden bir paraqşa* (Thank you, Japan, we have not reached. If God willing I could go once. The only page that can show life beautifully). ***Raxmet*** 🙏👍😍 *Nağız tanımdıq-ağartwşılıq paraqşa osı.Şınayı,bez pafosa.Tüygen oylarıñ men körwp-bwlgenderiñ qanşama paydalı.* (Thank you. This is a real educational page. Real, without pathos. How useful are your thoughts and experiences!)" [https://www.instagram.com/p/B2_QrDhjkAn/]. ***Thank you***. *Very helpful post. You can try using @gogaffl to find travel buddies in your next trip because traveling in a group is always affordable and safer.* ***Thank you*** @nomadicmatt. I'm going to look into this for my trip in March 😎. [https://www.instagram.com/p/B7blw8BgQsK/]. These examples illustrate the addressee 'support towards the author. They valued the author for sharing her post trip narratives. Recipients gained valuable tips from the author and ready to consider them in their future travel. The dialogical interaction between author and recipients thus formed hypertextuality.

The next example of hypertextuality in blogs can be seen in posts published by travel bloggers. They also provide links to other web pages and advertisements. This type of links are usually central to blogging platforms. In addition, posts on these travel blogs are usually accompanied by links to other blogs.

In many cases, bloggers in their posts refer links to other bloggers. We decided to show it with some examples:

1) "I miss museums (among many other things)! This photo was taken by community member @gallivantingbean at the natural history museum in Vienna". From this example, we can see that the travel blogger Mat Kepnes, who is known as the author of Nomadic Matt travel blog refers to Gallivanting Bean, a travel and style blog, which has only 9322 followers on Instagram account. It is not a big number of followers compared to Mat Kepnes, who has 117000 followers. We consider that the author implicitly tried to advertise that blog.

2) "Had lunch last week with @oneikatraveller. She's one of my favorites. Back in the day, I did an interview with her about teaching English in Hong Kong and now she is just a superstar and GOAT. If you don't follow her, you should" [https://www.instagram.com/p/B6MylD2gAHQ/]. Here the blogger linked to Oneika Raymond, who is the author of the award – winning travel blog "Oneika the traveler" and media personality, journalist and keynote speaker. Oneika is dedicated to inspiring people of color to see the world. Therefore, we can see the collaboration between bloggers.

3) "Osı jolı Los-Andjeleste Xaqnazardıñ kindik äkesi men kindik şeşesi, özimniñ qurbım @nazira_berdaly üyinde qonaq bolıp kettik". ("This time in Los Angeles we visited Haknazar's Godfather and Godmother, friend of my mine @nazira_berdaly"). Travel blogger Dinara Bolat while travelling in the USA, visited her old friend, who is well-known journalist and blogger in Kazakhstan. Here the blogger used lexemes as "*kindik şeşe"* and "*kindik äke"* that shows more than just being colleagues. Here the blogger does not have any intention of advertising; she just showed her emotions.

4)"@aidana__imash Aydananıñ paraqşası éstetïkağa, jazbaları sezimge tolı. Özi teatrtanwşı, sayaxatşı. Ötken jılı Aydana 60 mıñ teñgemen Qazaqstannıñ jartısınan köp böligin aralap keldi". ("@aidana__imash Aidana's page is full of aesthetics and her notes are full of emotion. She is a theater critic and traveler. Last year, Aidana visited more than half of Kazakhstan for 60 thousand tenge") [https://www.instagram.com/p/B7i52DrjQV9/]. Linking to @aidana__imash, blogger wants to show her as a good example of a person, who is travelling around Kazakhstan and contributing to the development of local tourism. In many cases blog authors link to other bloggers implicitly in order to broaden new blogger's subscribers and to introduce them with their own requests.

Furthermore, the links to other materials that are related to the main content are underlined and typed with different colours thus indicating hypertext. The following examples can illustrate it.

1) In recent years, **Barcelona** has become one of the most popular destinations in Europe. While 5 million people call the city home, over 32 million travelers visit each and every year. (It is actually one of the worst cities in the world for overtourism! Visit in the off-season!)

2) With delicious food, incredible history and architecture, perfect weather, and a lively nightlife, **Barcelona is a city that can entertain anyone**

3) Hong Kong is one of the most densely-packed cities in the world. It's a vibrant, towering, eclectic city that's bursting at the seams with people, food, activities, and history. ***It's one of my favorite cities in the world*** [https://www.nomadicmatt.com/]. Appling different colours in links to other materials that are related to the main content is also effective technique of bloggers thus attracting audience. Nowadays audience prefer bright contents. The recipients seeing these blue coloured underlined sentences will think "What can entertain tourists in Barcelona?", "Why is it Nomadic Matt's favorite place?"

Moreover, multimedia features also can characterize hypertexts. Therefore, hypertexts can be written, audio, visual, and audio-visual in tourism texts. They show links to other platforms.




Figure 1. Screen shot from https://www.nomadicmatt.com/

If you press the buttons to other social sites, one can easily follow the bloggers they like reading. That is very useful.

Links to other web pages is one more example of hypertextual feature of tourism bloggings. These links can give additional information during online communication culture to the addressees. If addressees press on he highlighted names of webpages they can easily have access to the new information. For example,

1) *Like the rest of* ***Spain****, Barcelona is a very foodie-centric city. While you're here, I highly recommend taking either a cooking class or a food tour (or both!). You'll learn about traditional Catalan cooking, get to see and sample fresh ingredients, and get to walk through local markets. Some companies to check out are:*

– ***Take Walks***

– ***bcnKITCHEN***

– ***Barcelona Cooking***

– ***Devour»*** [https://www.nomadicmatt.com/travel-blogs/things-to-see-and-do-in barcelona/]

If you press "Take Walks", you can go "Tours from home" then start Barcelona online tour. Addressees have the opportunities to read and get more and more information until they stop. This is characteristic feature of hypertexts in tourism blogging.

Conclusion

The article arouses more attention to the investigation of hypertextuality in tourism bloggings. Practically it is demonstrated with bright examples. Three elements of hypertextuality have been studied in the article. They are: hyperlinks are performed by the meta-text unit comment, links to other web pages and ad-

vertisements, colour elements and bloggers links to each other. Multimedia features of hypertextuality also be looked through. Tourist hypertexts have a high socio-communicative responsibility. It is clearly revealed that hypertexts are organized by nonlinear nature of the text that is provided by hyperlinks. In another words they are the texts upon request. Polycode nature of blog hypertexts will definitely be as the target of further linguistic researches. Hypertextuality brings considerable benefits in such areas as tourism blogging both theoretical and practical ways.

REFERENCES

1. Herring S.C., Kouper I., Paolillo J.C., Scheidt L.A., Tyworth M., Welsch P., Wright E., & Yu N. (2005). Conversations in the blogosphere: An analysis "from the bottom up." // Proceedings of the Thirty-Eighth Hawai'i International Conference on System Sciences. *(HICSS-38).* Los Alamitos: IEEE Press.
2. https://www.instagram.com/p/B2_QrDhjkAn/] (Date of access: 28.04.2020).
3. https://www.instagram.com/p/B7blw8BgQsK/ (Date of access: 28.04.2020).
4. https://www.instagram.com/p/B6MylD2gAHQ/ (Date of access: 28.04.2020).
5. https://www.instagram.com/p/B7i52DrjQV9/ (Date of access: 28.04.2020).
6. https://www.nomadicmatt.com/travel-blogs/things-to-see-and-do-in-barcelona/(Date of access: 28.04.2020).
7. Kurkimbayeva A.M., Akhatova B.A. Ağilşin twrïstik mätinderindegi tildik qoldanistiñ taldanwi // Science and life of Kazakhstan № 10 (1) 2019. – P. 292-295.
8. Nomadic Matt – Nomadic Matt Travel Community. – Electronic data. – Mode of access: URL: http:/ https://www.nomadicmatt.com/
9. Ryazantseva T.I. Gipertekst i elektronnaya kommunikatsiya. [Tekst] / T. I. Ryazantseva. – M.: Izdatel'stvo LKI, 2010. – 256 s
10. Yemelin V.A. Gipertekst i postgutenbergovaya era. 1999. [Electronic resource]. Available online: http://emeline.narod.ru/hipertext.htm
11. Zheltukhina M. R. Sovremennyy mediadiskurs i manipulyativnaya infografika // Magiya INNO: novyye tekhnologii v yazykovoy podgotovke spetsialistov-mezhdunarodnikov: materialy nauch.-prakt. konf. k 70-letiyu fak-ta mezhdunar. otnosheniy (Moskva, 4–5 okt. 2013 g.). – M.: MGIMO Universitet, 2013. T. 2. S. 127–132.
12. Zheltukhina M.R., Krasavsky N.A., Ponomarenko E.B., Aleshchanova I.V. & Pavlov P.V. (2016). Political Facebook Posts Using Ideological Symbols for Media Image Designing of Russia as Enemy. International Journal of Environmental and Science Education, 11(18), S. 12005-12013.

УДК 811

Кушкарова Гульмира Кенесовна,
филол.ғыл.канд., доцент,
шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы,
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Берикова Эльмира Рауановна,
магистрант,
Шетел филологиясы мамандығы

ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ СӨЙЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Аннотация. *Мақалада алдымен прагматика ұғымы, оның талқылайтын мәселелері қарастырылады. Прагматиканың негізгі бағыттары аталып, қоғамдық саяси мәтіндегі сөздердің прагматикалық қызметінің саясаткердің имиджіне жанама әсері, сөздің прагматикатикалық қызметіне тікелей әсер етуші факторлар анықталып, аталады. Қоғамдық саяси сөйлеудің негізгі қызметтеріне тоқталады. Прагматикалық тұрғыдан қоғамдық саяси мәтіндерді әсерлі, эффективті ету үшін оратордың қолдануы тиіс бірізділігі, айлалары, лексиканың маңызы сөз етіліп, мысалдармен қарастырылады.*

Кілт сөздер: *прагматика ұғымы, қоғамдық саяси мәтін, прагматикалық қызмет, әсер ету, прагматикалық эффект, ақпарат, қарым-қатынас.*

Аннотация. *В данной статье рассматриваются основные направления прагматики и определяются факторы, которые непосредственно влияют на прагматическую активность слова и, соответственно, на прагматический эффект политической речи. Большое внимание уделяется основным функциям публичной политической речи и иллюстрируются примерами. В статье также показаны и описаны варианты использования лексических единиц, различных стилистических жанров, которые используются говорящим, для того чтобы сделать публичные политические тексты прагматически эффективными и действенными.*

Ключевые слова: *прагматика, общественно-политический текст, прагматическая функция, воздействие, прагматический эффект, информация, коммуникация*

Annotation. *This article discusses the main directions of pragmatics and identifies factors that directly affect the pragmatic activity of the word, and the pragmatic effect of political speech. Much attention is paid to the main functions of public political speech and is illustrated by examples. The article also shows and describes the options for using lexical units, various stylistic genres that are used by the speaker to make public political texts pragmatically effective and efficient.*

Keywords: *pragmatics, socio-political text, pragmatic function, impact, pragmatic effect, information, communication.*

Қазіргі таңда саяси сөйлеуді арнайы мәтіндік, дискурс түрғысы жағынан толық, кешенді зерттеу мәселелері алда түр. Қоғамдық ортадағы саяси когнитивті сананы, солар бойынша саясат мәселесі жөнінде тілдік бейнені қалыптастырушы қоғамдағы түрленулер мен өзгертулер адамзаттың қарым-қатынасында саяси сөйлесім ұғымын құрайды. Сол себептен де, саяси сөйлеуді толық зерттеуге деген қажеттілік елдегі саяси жүйенің тұрақтылығымен және бұл жердегі демократиялық қайта құрулар кезеңіндегі маңызымен байланыста сипатталады. Бұл кезеңдегі біздің еліміздің саяси өмірін қоғам келбетіне орай саяси модернизация нәтижесі деуге болады. Өйткені бұл ақпараттық коммуникацияға белгілі бір деңгейде ықпалын тигізді, қоғамдық саяси жүйедегі тың қатынастардың, қайтадан құрулардың пайда болуы мен дамуына әсерін тигізді. Соңғы онжылдықта сөздік ықпал ету жаппай қызығушылық тудыруда. Мәтін арқылы ықпал ету феномені ең алдымен мақсатты сөйлеушінің, басқаша айтқанда субъектінің, тыңдарманына әсер етуі, яғни олардың көзқарастарына, шешім қабылдауына өзіндік ықпал жасайды.

21 ғасырдың басынан көптеген зерттеушілер қоғамдық сөйлеуге, оның ішінде қоғамдық саяси мәтінге ерекше назар аударуда. Бұл кездейсоқтық емес, себебі сөз адам санасына әсер ете алатын, өзгертетін құрал, ал сәйкесінше қоғамдық саяси мәтін, ондағы қолданылған сөздердің прагматикалық қызметі көмегімен көпшіліктің санасына, көзқарасына ықпал етуге болады.

Кең ақпараттық кеңістікті саяси сөйлеу қоғамдағы халықтың когнитивтік ой-санасын құрайтын саяси факторлардың барлығы дерлігін тілдік санада көрсете отырып, бұқаралық санаға әсер ететін

күшті құралға айналды. Осы ой қазіргі ресми басылымдардағы тақырыптық және құрылымдық өзектілікті құрайтын саяси мәтінге прагматикалық талдау жасау арқылы қуаттала түседі.

Прагматика – қарым-қатынасқа түсушілердің бір-біріне және ауызша немесе жазбаша сөйлесімнің мазмұнына қатынастық оймен және сұхбаттасу жайымен санасатын жеке қарым-қатынас. Қарым-қатынас, яғни коммуникация вербалды және вербалды емес амалдар қолдану арқылы екі немесе бірнеше адамдардың өзара ақпарат алмасуы немесе баяндауы прагматиканың тікелей қатынасы арқылы болады. Ақпарат қарапайым тіл арқылы қарым-қатынас жағдайына жеткізетін қоғамдағы құбылыстардың ерекшелігінің жиынтығында прагматиканың маңызы мен рөлі ерекше танылады.

Прагматика теориясының бастауы батыстан басталады. Бұл мәселе алғаш болып Ч. Моррис еңбектерінде қозғалған. Прагматика мәселесі түрғысында өз нысандарына сәйкесінше отандық ғалымдар да сөз қозғаған. А. Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикасы жайында, Б. Момынова газеттік лексикадағы прагматикалық аспект түрғысында, З. Ерназарова сөйлеу тіліндегі өзіндік прагматикалық ерекшеліктерді жазған.

Саясаттың жеке сала ретінде қалыптасуы саяси қатынастар мен басқару формаларының өзгеруімен, қоғамдағы институционалдық жүйелердің дамуымен байланысты. қазіргі саясаттану мен философиялық әдебиетте саясаттың анықтамасына бірқатар әдіснамалық түрғыдан әр түрлі көзқарастарды бөліп көрсетуге болады.

Саясат – билікті жаулап алуға, сақтауға және пайдалануға бағытталған үлттардың және басқа да көптеген әлеуметтік топтардың арасында туындайтын қатынастар аймағындағы адамның қызмет саласы. Бүндай түжырым саяси ойлар атты тарихта тереңінен келеді. Саяси қызметтегі субьектілер, ортақ мүдделер және де олар үшін күресушілер рөлінде әрекет етуші билік пен таптар мәселесіне саясаттың қатынасы саясатты маркстік ұғыммен түсінуге саяды.

Мәтін – қоғамдық саясат кеңістігінде ақпаратты тасымалдаушы бірлік, сол себептен де мәтінді ақпараттың өмір сүретін кеңістігі деп толықтай айтуға болады. Логика түрғысынан түйінделетін ой, тіл түрғысында санада бейнеленіп, тілдегі сипат алатын бірліктер жиылуынан түратын тілдік құрылымдар мәтін ретінде бірігеді. Мәтін құрылысы жалпы алғанда сөз, сөз тіркесі, сөйлем секілді тілдік бірліктерден түратын иерархиялық қатынастан болады. Бұл мәтіндегі таза құрылымдық сипат. Барлық мәтін түрлері қарым-қатынастық мақсатқа сәйкесінше құрылады және де сол мақсат сипатына сәйкесінше мәтін құрамына біріктірілетін тілдік бірліктер міндетті түрде сана арқылы жүзеге асырылады және іріктеледі.

Қарым-қатынастық мақсаттың құрылуында мәтіннің және ондағы сөздердің прагматикасы міндетті түрде ескеріледі. Мұның себебі қандай да бір мәтін басты субъектіден реципиентіне қарай бағытталғанда белгілі прагматиканы туғызатындығында. Мәтін прагматикасын қарапайым тілмен айтар болсақ, бұл деген мәтіннің қабылдаушы, яғни қабылдаушы тарапынан туғызатын жауапты қатынасы (реакциясы). Қарым-қатынас қатысушыларын диалогтің өзіндік субъектілері ретінде алып қарастырсақ, адресант дайын мәтін ұсынады, ал адресат дайын мәтінге орай өз көзқарасын, пікірін ұсынады.

Мәтінді тағы бір мағынасында ақпарат тасымалдайтын бірлік деп қарастырсақ, прагматиканы туғызатын объектілерді жазбаша мәтін, графика белгілері, сөйлеу актілері деп ажыратса болады. Олардың алғашқысы жазба мәтінге тоқтала кетсек, кез келген қағазға түсірілген ақпарат түрлерін атай аламыз. Сөйлемдер көмегімен мәтін ретінде біріктірілген құрылым оқырманның қандай да бір реакциясын туғызатыны сөзсіз. Осыған қоса ресми стильде жазылатын бүйрықты мысалға алуға болады. Бұның құрылымында бүйрық райда берілетін етістікті конструкция оны жазушының қарым-қатынастық мақсатына сәйкесінше іріктеп алып, адресатты қандай да бір мәселе түрғысынан іске қосады. Осындай мәтіннің прагматикалық қызметі – бүйрық бағытталушы тұлғаны белгілі бір әрекетке мақсатты түрде бағыттау. Соған қоса мәтінмен танысқан қабылдаушының сол сигналдарды өздігінше қабылдап, әрекетке көшуі.

Жазба формасында өң беретін публицистика стиліндегі мәтіннің үлгілері прагматикалық қызметінің биіктігімен өзгешеленеді. Оның негізгі себебі баспасөз тілінің ақпарат кеңістігіндегі өзгерістерге бейім, сондай өзгерістерді бір мезетте көрсететін «жанды тіл». Осындай қызмет атқаратын микрокомпоненттерді Ф. Жақсыбаева өз мақаласында төмендегідей түрлерге бөледі: қарым-қатынастық мақсатқа сәйкес қолданылатын коммуникативті тактикалар; газет мәтіндеріндегі бағалауыштық лексика; газет мәтіні тақырыптары; синтаксистік құрылымдар және де графикалық құралдар [*Жақсыбаева Ф.З., 2001*].

Кез келген публицистикалық шығарма, лингвистикалық түрғыдан алғанда – мәтін. Публицист оқырман аудиториясына ықпал жасайтындай етіп мәтін құрастырады және сол мәтін арқылы күнделікті болып жатқан саяси үрдістердің шұғыл, деректі-эмоционалдық көрінісін сипаттайды. Публицистикалық мәтін ең кем дегенде екі сөйлемнен құралады және де ол синтаксис тұтастығын құрайды, соған қоса, бұның өзіндік категориялары да жоқ емес [*Исақұлова Ш., 2010, 12 б.*].

Мәдениеттер тоғысындағы қоғамдық өзара ықпал жасау жағдайы барысында тілдің зерттеулердің кеңейе түсуі, зерттеу мәселелеріне ерекше қызығушылықтың артуы адамдар санасына, тіпті әрекетіне әсер етеді. Осындай қызығушылық қазіргі таңдағы қоғамдағы қоғамдық-психологиялық және де саяси түрғыдағы ерекшеліктермен түсіндіріледі, соның ішіндетаңдаушыларға өзіндік жеке саяси таңдауын жасау қиынға түскен кезде десе болады.

Қоғамдық саяси сөйлеудің жанрлық ерекшелігін мәтіннің диктемалық талдауы арқылы анықталған әр түрлі қоғамдық сөйлеудегі сөздердің прагматикалық сипаттамасымен байланыстыруға болады.

Қоғамның белгілі бір бөлігі саяси лидерлердің жобасының рационалды бағасын беріп таңдау жасамайтындығы белгілі, ондай бөлік саяси басшыға қатысты қалыптасатын жағымды және жағымсыз пікірлерге сүйене отырып, сенім арту немесе иланбау деңгейіне көңіл аударып эмоционалдылық бағытына көңіл аудара отырып шешім қабылдайды.

Қоғамдық саяси мәтіндегі прагматикалық аспек және сайлау алдындағы лингвистикалық әрекеттерде қолданыста болатын тілдік стратегиялар қандай да бір қызығушылықтар туғызады. Лингвистикалық мінез-құлықты анықтай келе, сана стереотиптерін және де саяси ойлаудың тартымдылығына көңіл бөліп, саяси қызметтегі субъект ойша қабылдаушы образын өзінше модельдейді, реципиенттің назарын аудартатын концептілер мен қоғамдық рөлдерді қарастырып, осы аталғандардың атауларын өзінің қоғамдық саяси мәтініне енгізеді. Сол арқылы саясаткердің мақсаттары мен ниеттерінің иллюзорлы бейнесі қалыптасады.

Прагматиканы түсінудің үш түрлі бағыттары анықталған. Олар: конферсациялық (сөйлеу актілік), функционалдық (риторикалық-стилистикалық), психолингвистикалық (сөзді құру және әсер ету) [*Карасик В.И., 1992, 167 б.*].

Қазіргі жаһандану дәуірінде саясат пен қоғамдық саяси мәтіннің қоғамға тигізер әсері мол. Мұндай мәтіндер бұқаралық ақпарат құралдары, технологиялар көмегімен әрбір түлғаға қолжетімді түрде жеткізіліп отырады. Қоғамдық саяси мәтіндерге деген адамдардфың қызу талқысынан, ақпараттық даулардан зерттеушілерде ерекше қызығушылық арта түседі, тіпті қызығушылық артқаны сонша жеке бағыт саяси лингвистика ғылымға енгізілген.

Қоғамдық саяси мәтіндегі саясаткерлердің сөзі вербальді ортаның жоғары дәрежесі және оның формасы мен мазмұнына қойылатын талаптар саясаткердің өзі үшін ғана емес, оны тыңдаушы аудитория үшін де аса маңызды. Қоғамдық саяси мәтіннің дұрыс құрылуы саясаткерге тыңдаушы аудитория жинауға, ойын жүзеге асыруға, алдыға жылжу мен өзгерістер енгізуге көптеп септігін тигізеді.

Жылдар тоғысында қоғамдық саяси мәтіндер түрлі өзгерістерге ұшырады, тақырыптар аясы ауысты, бір мәтін ой салса, біреуі үндеу жасады, ал енді бірі түрлі толқындарға түрткі болды. Саясаткердің имиджіне қоғамдық саяси мәтіннің сөздерінің тапқырлығы аса маңызды. Джеймс Хьюмзтың айтуынша, сөздің көмегімен ақпараттың 7%-ы берілсе; прагматикалық қызмет көмегімен, яғни тілдік сигналдар арқылы, оның ішінде дауыс мәнері, ырғағы 38%-ы беріледі; ал пантомимика көмегімен 55%-ы жеткізіледі. Сөйлеу барысында қозғалыс, мимика, интонацияға мән беру қажет, ал тыңдаушы соған назар салып, ақпаратты дұрыс түсінуі керек. Бұған қоса сөйлеу мәтінінің мазмұны мен мәні жиналған халық саны мен мен тыңдармандарға тікелей байланысты. Н.А.Ковальдің пікірінше, қоғамдық саяси мәтіннің прагматикалық қызметі мыналарға тікелей байланысты: сөзді орынды пайдалану, таңдалынып алынған сөздің өзіндік баяу ырғақпен, дауыс мәнерлерін орынды қойып, дауысты қатты шығарып сөйлеу, маңызды тіркестерге ерекше екпін беріп, оларды бөлек синтагмаларға бөлу, фонациялар арасында арагідік демалу [*Чикилева Л.С., 2005, 157 б.*].

Функциясы, табиғаты бойынша синтаксистік және логикалық үзілістерден бөлек үзілістің арнайы түрі бар. Бұл лингвистикалық түрғыдан аса маңызды және прагматикалық үзілістер деп аталады. Мұндай үзілістерді пайдалану коммуникативті сипатта болады, оны белгілі бір ұзақтықтағы үзіліс ретінде анықтауға болмайды, себебі ол семантикалық жүктемені, яғни назар аудару, ирония, мәлімдемені көтереді. Бұның психологиялық түрғыдан шартталған үзілістен ерекшелігі прагматикалық кідірістердің мәтін бойынша жоспарланғанында және әдейі таратылуында.

Зерттелген саясаткерлердің саяси сөздерінің көпшілігі квазионалды және олардан өз сөздері бақылау шеберлігі жақсы аңғарылады. Бұның барлығы дерлік саясаткерлердің сөйлеуінің интонациялық дизайнының айрықша белгілерін анықтайды: алдын ала дайындалған, қысқартылып алынған сөйлем мәтінінің әдемі әуезді ырғағы немесе салыстырмалы түрде сәл азырақ дайындықта болған сөздердің жайырақ дауыста, әуеннің баяу ырғағы. Ауызша сөйлеу стиліндегі орынды сигнал негізі биіктікті төмендету ретінде қызмет етеді.

Қоғамдық саяси мәтіндегі сөздің, оның прагматикалық қызметіне рөлінің маңызды болуы, оның қоғамдық және саяси қызметкердің сәтті бастамалы жұмысына бастаушы қызметінде болатындығын біраз зерттеушілер алға тартатыны белгілі. Қоғамдық саяси сөйлеудің қарым-қатынастық әсері лексико-стилистикалық кешендер, толығырақ айтқанда термионология, метафора, параллелизм, қайталау, инверсия, т.б. және де интонациялық құрылымдар, атап айтқанда прагматикалық және логикалық үзілістер жиілігі, жылдам ырғақ пен баяу ырғақтың өзара алмасуы, дауыстың үлғая түсуі мен бәсеңдеуі, дауыс тембрінің ерекшеліктері арқылы жүзеге асып отырады.

Қоғамдық саяси мәтіндегі сендіру, эмоционалдық, түсініктілік категориялары қабылдау түрғысынан тікелей пропорционалды тәуелділікке ие. Жалпы, қоғамдық саяси мәтіндегі сөздердің қабылдау аспектісі оң коммуникативтік әсерге ие, десек те бөлек параметрлер, яғни тембр, темп, акцент бойынша түрлі мәдениет өкілдері түрлі баға береді. Саясаткерлердің, әсіресе президенттердің сөздері вербальды ортада жоғары деңгей бірліктерін қамтиды, соған қоса олардың құрылымы мен айтылуы да оратор үшін де, тыңдаушы аудитория үшін де соншалықты маңызды.

Коммуникативті әсер бойынша ең резонансты мәселе тудыратын саяси мәтін болып табылады. Қоғамдық саяси сөйлеудің негізгі үш қызметі бар: қатынас қызметі, ақпараттандыру қызметі, әсер ету қызметі. Соңғысы саяси сөзде ерекше көзге көрінеді, себебі дауыс деген ең мықты ықпал етуші құрал қосылады. Коммуникативті әсердің мәселелері ең алдымен ауызша түрдегі қоғамдық саяси мәтіндер үшін өзекті болып табылады, оның себебі публицистикалық бағыттағы ықпал ету күшінің ақпараттандыру қызметінен біршама күштілігінде. Қоғамдық саяси мәтіндерді, мәтіндегі сөздерді, сөз бен мәтіннің мазмұнын қабылдау және ықпал ету қызметі саясаткер қолданатын мәтіннің лексико-фонетикалық құрылымдарына, оның ішінде интонацияға тікелей бағынышты.

Әр реципиент бір мәтінді әртүрлі қабылдауы мүмкін. Оның себебі кодталған ақпаратты тиісінше ашып, қабылдау үшін адресаттың дүниетанымы, өскен ортасы, тәрбиесі, білімі, әлеуметтік мәртебесі, тілдік-психикалық мүмкіншіліктері критерий болады. Бұл аталып өткендер негізгілері ғана, аталғандардаг бөлек жанама факторлар да бар. Берілген ақпараттың сөйлеушіден тыңдаушыға жеткенше өз өрісі пайда болады. Жоғарыда аталған критерийлерге орай тыңдаушының қабылдауы сол өрістің өзіне тиесілі нүктесінде қалыптасады.

Лингвисттердің аңғаруы бойынша когнитивтік және прагматикалық жағынан тіл мен идеологияны қарастырған жөн. Қоғамдық саяси мәтін әрдайым белгілі бір идеологияны қамтиды, себебі сөйлеуші жеке тұлға ретінде емес, қандай да бір саяси топтардың, институттардың атынан сөйлейді. Идеология сөзінің астарында топтық ой-пікір, құндылықтарға негізделген принциптер системасы жатыр.

Қоғамға ықпал етуде оратор үшін тиімді стратегияларды таңдау және қолдану маңызды. Коммуникативтік стратегиялар сайлау кезінде міндетті түрде қолданылады. Көңілді нотадағы мәтіндер, адресаттың позитивті қалыпты ұстануы көп қызығушылық тудырады. Бұл стратегия тыңдарманды негативті шешім қабылдаудан алшақтатуда қолданылатын стратегия түрі.

Сөзбен ықпал етуде ұсынылатын риторикалық стратегиялар ұстанатын риторикалық амалдар мыналар: қайталау, төмендету, метафора және тағы да басқалар. Қоғамдық саяси мәтіндерде көптеп қолданылатын тілдік стратегияларға және олардың қарым-қатынастағы атқаратын қызметтеріне тоқталып өтсе болады.

Байланыс орнатушылық қызметі назар аударту мен ықыласты ұстап тұруда қолданылады; құрылымдық қалпы ақпарат құрылымында, тақырыпшаларды айрықшалауда қолданысқа енеді; суреттеу деген қызмет, басқаша айтқанда иллюстративтік амалдар ұстанымдарды мысалдарды пайдалану және жалпылауды қолдану көмегімен түсіндіру, қолдауда жүзеге асады.

Көңілге қонымды прагматикалық әсер туғызу барысында қолданысқа енетін амалдарды да атап өтусе артық етпейді. Бұндай топқа күшейтуді, қайталауды, жұмсартуды, импликация (әсер ету), контраст, мысалдар қолдануды жатқызуға болады.

Стратегияларды мақсатқа бағытталған түрде, орнымен пайдалану оратордың мәтінін әсерлі ете түседі. Сайлау алды мәтіндерді тыңдаушы аудиторияның эмотивті-когнитивтік перспективаларына жол іздеуші ретінде қарастыруға болады. Сайлау алды мәтіндерде сол мәдениетке сай тілдік амалдарды қолдану, мазмұнының халықтың түрмыс тіршілігіне жақын болуы аса маңызды болып есептеледі.

Қорытындылай келе, қоғамдық саяси мәтін тілінің прецеденттілігі мен стереотиптігі үлкен маңызға ие. Тілдік макроқұрылымның когнитивтік моделістереотипті және контекстуалды макромодельмен тығыз байланыста деп болжауға болады.

Қоғамдық саяси мәтін арқылы халықтың санасына әсер ету сайлау алды сөйлесімдерде көптеп қолданылады. Ол өзінің табиғатын анықтайтын және прагматикалық эффектпен байланыстыратын жүйе құру бірліктерін қамтиды.

Қоғамдық саяси мәтіннің мазмұны коммуникацияның екі түрін бөледі. Олар: концептуалды, яғни ақпарат беруші немесе қатынастың прагматикалық деңгейі. Зерттеулер қорытындысы бойынша қоғамдық саяси мәтіннің негізгі прагматикалық ұстанымы аудиторияға мақсатқа бағытталған ықпал ету. Солай бола тұра, қоғамдық саяси мәтіндегі сөздің прагматикалық қызметі таңдау-ықпал деген макрофрейм арқылы жүзеге асады.

Қоғамдық саяси мәтін, мәтіндегі сөздер прагматикасын қарастыру саяси қарым-қатынас спектрін жетілдіруде, саяси дискурс мәселелерін қарастыруда үлкен көмегін тигізеді, әрі жас буын зерттеушілердің қызығушылықтарын арттыруда үлесін қосады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтініндегі прагматикалық функция атқаратын микрокомпоненттер // Вестник филолол. науки. – Алматы, 2001. – №3.
2. Исақұлова Ш. Газеттегі шағын жанрлардың тілі. – Алматы, 2010. – 32 б.
3. Карасик В.И. Язык социального статуса. – М.: Ин-т языкознания РАН, 1992. – 330 с.
4. Чикилева Л.С. Риторический дискурс: когнитивно-прагматический и структурностилистический аспекты. – М., 2005. – 330с.

МРНТИ 16.31.41

Қожахметова Гүлсара Амангельдиевна,
докторант,
6D020700-Аударма ісі мамандығы,
аударма теориясы мен практикасы кафедрасы,
филология факультеті,
Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.,
e-mail: kozhakhmetova_ga@enu.kz

Тажибаева Сауле Жақсылыкбаевна,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
аударма теориясы мен практикасы кафедрасы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.,
e-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА «БЕЛДІК/БЕЛБЕУ» ҰҒЫМЫН АУДАРУДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЖАҚТАРЫ

Аннотация. *Мақалада қазақ халқының дүниетанымындағы қолөнер бұйымдарының бірі ретінде белдіктің көркем шығармаларда берілуіне және басқа тілдерге (орыс, ағылшын) аударылу ерекшеліктеріне лингвомәдениеттанымдық ерекшеліктеріне талдау жасалады. «Белдік/белбеу» ұғымының өзіндік функционалдық-семантикалық мәні және оның көркем шығарма аудармасында берілуі қарастырылады. Белдіктің қазақ мәдениеті, қазақ халқы үшін материалдық құндылық қана емес, аса құрметті қасиетті бұйым. Аударма барысында осындай ұлттық материалдық құндылықтардың артында тұрған халықтың рухани құндылықты көрсететін аялық білімді беру мәселесі талданады.*

Түйін сөздер: *аударма, белдік, функционалдық-семантикалық мән, лингвомәдениеттаным, көркем шығарма.*

Кожахметова Гульсара Амангельдиевна,
докторант,
специальность 6D020700-Переводческое дело,
кафедра теории и практики перевода,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан,
e-mail: kozhakhmetova_ga@enu.kz

Тажибаева Сауле Жаксылыкбаевна,
доктор филологических наук, профессор,
кафедра теории и практики перевода,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан,
e-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА «ПОЯС/РЕМЕНЬ» В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ

Аннотация. *В статье анализируется лингво-культурологические особенности представления пояс/ремень в мировоззрении казахского народа и их перевод на другие языки (русский, английский). Рассматриваются специфические функционально-семантического значения "пояс" и их перевод в художественных произведениях. Пояс/ремень является не только материальным достоянием, но и высоко почитаемым священным предметом*

для казахской культуры в целом и, казахского народа в частности. В статье анализируется и проблема передачи фоновых знаний в переводе, отражающих духовную ценность народа, стоящих за определенными национальными материальными ценностями.

Ключевые слова: *перевод, пояс, функционально-семантическое значение, лингвокультурология, художественное произведение*

Kozhakhmetova Gulsara,
PhD student,
specialty 6D020700-"Translation studies",
Department of Translation Theory and Practice,
Philology faculty,
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan,
e-mail: kozhakhmetova_ga@enu.kz

Tazhibayeva Saule,
Doctor of Philological sciences, Professor,
Department of Translation Theory and Practice,
Philology faculty,
L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan,
e-mail: tazhibaeva_szh@enu.kz

LINGUOCULTUROLOGICAL ASPECTS OF TRANSLATING THE CONCEPT "BELT" IN LITERARY WORKS

Abstract. *The article analyzes the linguistic and cultural aspects of the "belt" in the worldview of the Kazakh people and problems of its translation into other languages (Russian, English). The specific functional-semantic meaning of the "belt" and the translation in the literary works are considered. The belt is not only a precious thing, but also a highly appreciated sacred object for the Kazakh culture and people. The article analyzes the problem of background knowledge. National artifacts are important and have a strong spiritual significance for Kazakh people. This should be taken into account while translating literary works.*

Key words: *translation, belt, functional-semantic meaning, linguoculturology, art.*

Кіріспе

Жер шарындағы бірнеше халықтың мәдениетінде ортақ бұйымдар болғанмен, әр халықтың дүниетанымында сол затқа деген көзқарасы, оны қабылдауында ерекшеліктер болады. Қолөнер туындыларын жасаушы шеберлер де өз бұйымдары арқылы белгілі бір қалыптасқан дәстүр, өз заманына сай дүниетанымды береді. «Материалдық құндылықтар беретін мәдениетті сол заманның аясында түсінуге болады, себебі ол сол қоғамға түсінікті», – дейді ғалым *[Добжанский В. Н., 1990, 45 б.]*. Алайда материалдық бұйымдар өзінің шебер жасалуы, сол замандағы атқарған қызметімен ғана емес, онымен байланысты терең мағыналы мәдениеттің көрінісі ретінде де халық санасында, тілінде сақталып қалады.

1. Ұлттық құндылықтар аудармада берудің маңызы

Мақалада қазақ жазушыларының шығармаларында баса назар аударылып келген ұлттық құндылықтар арқылы берілетін терең мән-мағынаның өзге тілдегі аудармаларда берілуін қарастырып көреміз. Осы мақсатта аудармашы ең алдымен қазақ ұлтының материалдық құндылықтардың бірі – белдіктің халық дүниетанымындағы орны мен функционалдық-семантикалық мәнін анықтауы тиіс. Әрине көркем аудармада экспрессия алдыға шығады, барлық сөз аударылмайды. Алайда ол сөздер шығарманың құндылығын арттыратын, сол кезеңнің ерекшеліктерін, халықтың дүниеге көзқарасын бейнелейтін элементтерді еш нәрсемен ауыстыру мүмкін емес. Көркем шығармалардың аудармаларында белгілі бір оқиғаға, адамның іс-әрекетіне көбірек мән беріледі де, халықтың бай

рухани дүниесінен хабар беретін ұлттық материалдық құндылықтардың айтылмай, ескерілмей қалуы жиі кездеседі. Қазақ жазушыларының шығармаларында сипатталатын белдіктің орыс және ағылшын тіліндегі аудармаларында берілу ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаудың аударма үшін маңызы бар.

Ғалым Р. Шойбеков: «Қолөнер бұйымдарының атауларының көпшілігі тілімізде бұрыннан қалыптасқан заттардың жалпылауыш атаулар, ал жалқылауыш атаулар соның негізінде жасалған», – дейді. Мысалы, ***белдік/белбеу*** – жалпылауыш атау. Қазақ тіліндегі жалпылауыш атаулардың түбірін көбіне түркі тілдерінен іздеген абзал. Көне түркі ***белбеу*** сөзі түркі тілдеріне ортақ ***бел*** сөзі мен ***беу// бау//баг*** («бау», «жіп») сөзінің бірігуінен жасалған. Көне түркі ескерткіштерінде ***белбаг, бил багы*** сөздері кездеседі *[Шойбеков Р.Н., 2006, 115 б.]*. Парсы тілінен қазақ тіліне әшекей бұйым атауларынан ауысып келгендері – ***деңмент//дегмент, кемер, шарайна белдік*** сөздері. Қазақ тілінде деңмент// дегмент – күміс белбеудің жергілікті атауы. Парсы тілінде тақ-банд сөзі «тоғасы бар белбеу» ұғымында жұмсалады. Кемер белбеу сөз тіркесі «күмісті белбеу» дегенді аңғартады. Ал парсы тілінде камар «белбеу», «белдік» деген мағынаны береді. Сөздерді салыстыру барысында сөз мағыналарындағы өзгерістер де барын байқауға болады *[Шойбеков Р.Н., 2006, 124 б.]*.

Белбеу/белдік сөздері барлығына ортақ жалпылауыш атаулар болғанмен, олардың, жасалу жолдары, көлемі, қызметі, әлеуметтік және мәдени мәні әртүрлі болады. Сонымен қатар белдіктің материалдық құндылық ретінде халықтың санасында, тілінде сақталған рухани жақтары, наным-сенім, әдет-ғұрып, кәсіп, жасалу жолы, тарихы т.б. бар. Батырлық, жауынгерлік туралы көркем шығармаларда, жыр-эпостарда батырлардың белдігі туралы айтылуында да үлкен мән жатыр.

2. Белдіктің функционалдық-семантикалық мәні

Этнографтар белдікті ұлттық киімнің маңызды элементі деп есептейді. Әр халықта белдік түрлі маңызға ие болады. Мысалы удмурттарда белдік тағу жас ерекшелігін немесе есейгендікті көрсетеді *[Белицер В.Н., 1951]*. Қытай киімдерінде белдіктің матасы мен түсі ақсүйектік пен шенді қызметкерлердің белгілері болған *[Сычев Л.П., 1975]*. Астрахан қалмақтарында белдік – ер адамдар тағатын әшекей, ал оларда бөгде адамдардың алдында белдіксіз шығу әдепсіздік белгісі болып саналды.

удмурттар, Хорезм өзбектері	*жас ерекшелігі, есейгендікті көрсетеді*
қытай	*ақсүйектік пен шенді қызметкерлер*
Астрахан қалмақтары	*ер адамның міндетті атрибуты, әшекей*

Белдік көшпенділер киімінің ең құнды бөлігі болды. Оны алтын-күміспен әшекейлеп, қастерлеп ұстады. Тарихшы ғалымдардың пікірінше түркілер – әшекейлі белдікті тағушылар ғана емес, оны көрші елдерге таратушылар *[Распопова В.И., 1970]*. Алтын белдіктер көбіне билік белгісі ретінде патшаға және оның айналасындағыларға тиесілі болды.

Белдік көшпенді халық киімінің міндетті элементі болды, оған түрлі қару-жарақ, жорыққа қажет заттар ілген. Белдік тағу атқа отырғанда ыңғайлы әрі қажет болды. Біріншіден, белдік киімді тез және мықтап жауып, қымтауға ыңғайлы, екіншіден, белді қынап, қарын тұсын қатты шайқалудан қорғайды. Сондықтан белдікті жауға шапқанда, ат жарысында және көшіп-қонғанда ерлермен қатар әйелдер де міндетті түрде таққан. Белдік мазмұны ер адамның беделіне, әлеуметтік дәрежесіне байланысты болды. Бұл бұйым практикалық және талғам тұрғысынан ғана емес, мән-мағыналық тұрғыдан да сипатталады. Белдікте магиялық, дәстүрлік, әдет-ғұрыптық т.б. мағыналар жинақталған *[Тохтабаева Ш.Ж., 2011, 135 б.]*.

Батырлар жыры, дастандар, эпостарда батырлардың басында дулыға, арқасында жыға, жүрек тұсында шарайна, үстінде сауыт, садақ, жебе, найзасы, қол шоқпары, белінде оқшантайлы белдік болған. Жаугершілік замандағы батырлардың елін-жерін қорғау кезінде беліне оқшантайлы белдік тағуы – оның функциясының бірі болып саналады.

Әлемдегі халықтар аңыздарында белдік ер адамның болмысымен байланысты болған. Белдіктің дөңгелек формасы әлемнің бейнесін білдіретін киелі деп, ал оны шешу әлеммен, кеңістікпен байланысты үзу болып есептелді *[Топоров В.И., 1982]*. Карел халқында өткен ғасырдың басына дейін белдікті зұлым күштерден адамды қорғаушы ретінде қолданған *[Левонен Н.А., 1977]*.

Жаугершілік заманда белдік өзінің бастапқы қорғаушы функциясынан жауынгер киімінің маңызды элементіне айналады. Белдіктің кейбір түрлеріне қару-жарақ салатын былғары қын, садақтың

қорамсағы ілінген. Белдікке зерлі өрнек салынып, мыспен, күміспен қапталады. Алайда белдік өзінің бастапқы мәнін сақтап, жауынгерді оқтан қорғаушы қасиетті зат ретіндегі мәнін жоймайды.

Қазақ белдіктерінің ішіндегі ең көне түрі болып келетін кісе белдіктің құны жоғары бағаланады. Қазақтар кісе белдіктерді адамның қоғамдық дәрежесіне сай безендіруде түрлі металдарды, соның ішінде күмісті көбірек қолданды, себебі күмісті таза, денсаулыққа, бақ-дәулетке әсер етер қорғаушы қасиеті бар деп санады. Сонымен қатар кісе белдік – көне заманнан жауынгердің негізгі атрибуттарының бірі. Жауынгер қару-жарағын өзімен бірге белдікке іліп алып жүргендіктен кісе белдік бара-бара ер адам киімінің негізгі бөлігіне айналды. Қазақта кісе белдікті аңшылар да қолданды.

3. Белдіктің қазақ дүниетанымындағы орны

Қазақ халқында белдік ер адамдар ғана емес, әйелдердің де киім сыртынан тағатын бағалы зергерлік бұйымы болған. Ерлердің белдігі әйелдердікіне қарағанда жалпақтау және оқшантай, қанжар т.б. қару ілінетін қыны болады. Әйел адамдардың белдігі алтын немесе күмістелген, жіңішке, сәнді болып келеді. Белдіктің неден және қандай жолмен жасалуына байланысты әр түрлі аталады.

Шеберлерге арнайы жасатқан қымбат белдіктер атадан балаға, үрпақтан үрпаққа мұраға қалып, көздің қарашығындай сақталған. Белдікті ата-баба рухы бар шаңырақтың құты деп санаған. Белдік аса қымбат сыйлық болып саналады. Халық құрметіне бөленген адамға бағалы сыйлық ретінде белдік сыйлау халықтың кең пейілін танытады. Қазақта ер адамдар жақын бауырластықтың белгісі ретінде бір-бірімен белдік алмасқан. Бұл дәстүр монғолдарда бар *[Сманова А.С., 2013]*.

Ғасырлар бойы сақталып келген ата-бабалар белдіктері сол замандағы ержүрек жауынгер ерлігінің куәгері болды. Зерттеуді қажет ететін сан түрлі белдіктің еліміздің барлық өңірлеріндегі мұражайларында сақталуы халқымыздың осы бұйымға деген аса құрметін көрсетеді.

Сонымен белдіктің қазақ халқы үшін келесі негізгі қызметтерін атап айтуға болады:

– оның сақтаушы қасиеті;

– ат жалын тартуға жараған ер балаға есейгендік белгісі ретінде тағу;

– ат үстінде жүргенде киімді үстап тұратын қажетті ыңғайлы зат;

– жауынгер киімінің қару-жарақ ілуге арналған маңызды элементі;

– адамның қоғамдық дәрежесінің белгісі;

– сәндік бұйым;

– ризалығын білдіру, сый-құрмет көрсетуге лайық кезде берілетін бағалы зат.

Аталған функцияларымен қатар белдікпен байланысты халықта *белін бекем буу, бос белбеу, бел буу* сияқты тіркестер де осы белдікпен, белін буумен байланысты қалыптасқан ұғымдарды білдіреді.

Аза тұту кезінде жасалатын марқұмның туыстары басқа түскен қайғыны білдіру үшін белін бекемдеп белбеумен буу рәсімі белгілі бір өңірлерде ғана сақталып қалған. Дәстүрлі ортадағы әйелдер жоқтауында «*Белімді бекем буайын*, *қойдан да жуас болайын*…» деген жолдар сөз өзін өзі үстап, қайғысын басу деген сияқты метафоралық образды білдіреді. Жоқтау айту кезінде қайғырып жылаған әйелдің бауыры ісіп кетпеу үшін белін будыратын болған. Жетісу жақта қайтыс болған жанның жақын туыстары белдеріне ақ белбеу буынып жүреді *[Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, 2011]*.

Белдікпен байланысты *Кемер белбеу – бел сәні, кемел жігіт – ел сәні, Алтын кемер белге сән, алтын қылыш ерге сән т.б.* мақалдарда, *белдігі жаман мықынын тірей алмас* деген мәтелде адамның өз бойын түзеп, қадамын нық басу сияқты қағидалар бар.

Қазақта *мойныңа белбеу жіп салма* деген тыйым сөз жиі кездеседі. Басына қиын жағдай туғанда белдігін шешіп алып, мойнына салып тәңірге жалбарыну сияқты наным болған. Шыңғыс хан Бурхан Халдун тауының басына шығып, мойнына кісе белдігін асып, алақанын көкке жайып, мұрағын шешіп, нұрлы күнге қарап, тоғыз рет еңкейіп тағзым етіп, шашу шашып, Тәңірден тілек тілегені «Моңғолдың құпия шежіресінде» белгіленген *[Тойшанұлы А., 2011]*. Қазақтың бұл рәсімі осыған ұқсас келеді.

4. Көркем шығармада белдік/белбеу сөзін аудару ерекшеліктері

Белдіктің адам өміріне әсер етуі түрлі аңыз-ертегілерде кездеседі. В.А. Жуковскийдің шығыс ертегісінен аударған «Три пояса» ертегісінде белдіктің адал адамға тарту етіліп, оның өміріне оң әсерін тигізуі туралы баяндалады *[Жуковский В.А., 2014, 355 б.]*.

Қазақтың батырлар туралы эпостарында батыр белдігі немесе беліне ілген қаруы туралы жолдар батыр бейнесін ашуда маңызды элемент болады. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырында Алпамыстың қалмақпен белдесетін кезін *«Батыр Алпамыс тіллә кемерін шешті, атынан түсті. Қаражан да кемерін шешті»* деп суреттейді. *[Батырлар жыры, 2006, 37 б.]*.

Қазақ жазушыларының шығармаларындағы белдік туралы мәліметтер аудармада қалай беріледі, белдіктің жоғарыда аталған маңызының көркем шығармадағы мағынасына мән беріле ме деген сұрақтарға жауап іздеу үшін өзге тілдерге аударма жасалған еңбектерді қарастырып, аударма ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Тарихи роман кейіпкерлерінің іс-әрекеті ғана емес, әрқайсының дәрежесіне сай киімдері, қару-жарағы, әшекей бұйымдарын да шеберлікпен суреттей білген жазушы осы материалдық құндылықтардың халық санасындағы символдық мәндерін де береді. Билік жүргізуші хан-сұлтандар жайлы айтқанда олардың бейнесін әміршіге лайық сән-салтанатын көрсететін бұйымдар толықтыра түседі. Қазақ хандары сипаттамасындағы Керей мен Жәнібектің ***алтын белдіктері*** олардың басқалардың алдындағы ханның жоғары мәртебесін көрсетеді *(2-мысал)*. Белгілі зергер Берік Әлібайдың айтуынша алтын белдіктер таза алтыннан емес, теріден жасалған белдіктерге алтын жалату, алтын шытыралар жапсыру арқылы жасалады. Орыс тіліндегі ***ремень*** сөзінің теріден жасалған белдік мағынасы бар екендігін ескерсек, оның мағынасының сай келетіндігін көреміз. Ағылшын тіліндегі *belt* сөзі жалпы белбеу мағынасын береді. Ал ***golden belt*** (алтын белбеу) матаға жапсырылған алтын пластиналардың тіркесінен *(мысалы Витовт князьдің белдігі*) жасалуы да мүмкін.

2 *Төр алдында басына қара құндыз бөрік, үстіне жағасын қара құндызбен көмкерген қара мақпал қаралы шапан киген,* ***алтын белбеулі*** *Керей мен Жәнібек сұлтан отыр. Қастарында қазақ руларының он бестей атақты би, батыр, жыраулары. [Есенберлин І., 2018, 103 б.].*	*В черные плюшевые кафтаны с воротниками из черной выдры одеты были аргынские султаны.* ***Золотые ремни*** *опоясывали их. Вместе с ними сидело человек пятнадцать казахских биев, батыров и певцов жырау [Есенберлин И., 1978, 53 б.].*	*The Argyn sultans were clad in black plush caftans with collars of black otter and begirded with* ***golden belts****. Alongside them, about twelve Kazakh biys, great warriors, and zhyrau-songsters were sitting [Esenberlin I., 2015, 138 б.].*

Хан қызының алмас кездігі оның алтын белбеуіне тағылады (3-мысал). Орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармада *алмас кездікке* ***маленький хорасанский кинжал*** (ақ алмастан жасалған) сай келгенмен қанжарды киімнің астынан алып шығуы ұтымды аударма емес, себебі қанжар белдікке тағылады.

3 *Онда менің қызығымды сен емес, мына алмас кездік көреді, – деді* ***алтын белбеуінің*** *қынынан кішкентай қылшылдаған кездікті суырып [Есенберлин І., 2018, 111 б.].*	*В таком случае мне придется умереть… – Она вынула* ***из под одежды маленький хорасанский кинжал*** *и задумчиво посмотрела на него. – Этот нож раньше тебя прикоснется к моему телу! [Есенберлин И., 1978, 58 б.].*	*– Then I will have to die...- the girl produced a* ***small Khorasan knife from under her dress*** *and looked at it thoughtfully. This knife will touch my body before you do! [Esenberlin I., 2015, 151 б.].*

Қазақ халқында киімдермен қатар белдіктер де әлеуметтік дәреже көрсеткіші ғана емес, әр аймақтың өзіндік ерекше белгісі болған. Мысалы Арқа қыздары үкілі бөрік киген және күміс белбеу таққан *(4-мысал)*.

4 *Келіншектің қасындағы қыздың басында қызыл түлкі үкілі бөрік, белдеріндегі* ***күміс белбеу*** *бұлардың Арқадан шыққандарын аңғартады [Есенберлин І., 2018, 793 б.].*	*Вторая девушка, судя по лисьей шапке с перьями и серебряному поясу, тоже относилась к сары-аркинским казашкам…* ***[Есенберлин И., 1978, 124 б.]***	*The second girl, judging by her fox-fur hat with feathers and* ***silver belt****, was one of the Sary-Arka Kazakh females, too [Esenberlin I., 2015, 287 б.].*

Хандардың майданда ерлік көрсеткен жауынгерге бағалы сыйлық беруі тарихта көп кездеседі. Романда Абылай ханның Қабанбай батырдың қызы Назымға батылдығы үшін ***алтын белбеуін*** сыйға тартуы туралы айтылады *(5-мысал)*. Алайда романның аудармасында осы дәстүр көрініс бермейді.

***5**.Бұл Қабанбай батыр мен қазақтың батыр қызы Гауһардан туған жас Назым екен. Бүлдіршіндей жас қыздың осынша ерлік көрсеткеніне риза болған Абылай, беліндегі **сом алтыннан соғылған жаңа белбеуін** шешіп берді [Есенберлин І., 2018, 505 б.].*

И все сразу узнали ее – красавицу Назым, дочь батыра Кабанбая и знаменитой воительницы Гаухар [Есенберлин И., 1978, 122 б.].

Everybody immediately knew the beautiful Nazym, the daughter of warrior Kabanbai and the famed fighter Gaukhar [Esenberlin I., 2015, 301 б.].

Хандардың белдікті тек сирек жағдайда, үлкен құрметке ие болған жағдайда ғана сыйға тартады. Әбілқайыр хатшысына сыйлыққа берілген белдіктің себебін өзіне деген құрмет деп түсінеді *(6-мысал)*. Сыйлыққа берліген ***күміс кіселі белбеу*** болғанмен, орыс, ағылшын тілінде ***новый серебряный кинжал***, ***a brand-new silver dagger*** (су жаңа қанжар) болып аударылады. Қазақ халқында қанжарды (пышақты) сыйлық ретінде беруге және алуға болмайды деген ырым бар. Аудармада ол ескерілмейді.

***6** Кенет ханның көзі Құдабайдың беліндегі жарқыраған **күміс белбеуге** түсті. **Кісесі де**, **кішкентай қанжарлы қынабы да сом күмістен соғылған**. Әттең не керек, бұл **күміс белбеу** ненің төлеуі болғанын білер ме еді... Хан күдігі тез тарады. Жанатқа тапсырылған құпиядан хатшым хабардар болып қалған жоқ па екен деген сұрау оның ойына кірмеген. «Хатшыма мынадай **бір қаралық белбеу тартқаны**, – Әбілмәмбет ханның менімен тіл табысқысы келгені гой» деп жақсылыққа жорыды [Есенберлин І., 2018, 435 б.].*

*Здравствуй, здравствуй, свет моих глаз! – ответил на его приветствие хан, ощупывая фигуру доверенного гонца и задержав взгляд на новом дорогом **серебряном кинжале у его пояса**.*

Кудабай заметил это и быстро сорвал кинжал с пояса:

– Вот видите, мой повелитель хан, что преподнесли мне в Среднем жузе как гонцу хана Абулхаира! ...

*Абулхаир и в голову не пришло связать **этот кинжал** с тайной, доверенной им дочери. Он подумал, что, если Абильмамбет с молодым Аблаем разорились на такой подарок для его писаря – значит, дела идут не так уж плохо [Есенберлин И., 1978, 87 б.].*

*– Good to see you again, oh light of my eyes! – the khan greeted his factotum, his eyes glued to **a brand-new silver dagger of an expensive look on his belt**. Kudabai promptly took the dagger off and handed it to his sovereign:*

*– Look, my khan, what a gift I received in the Middle Zhuz as your messenger... Abulkhair had not the slightest suspicion that **the dagger had any connection** with the secret he had divulged to his daughter. He thought that his situation was not so bad at all if Abilmambet and young Ablai were so generous to his clerk. [Esenberlin I., 2015, 221 б.].*

«Көшпенділер» романында жиі орын алған зергерлік әшекей бұйымдар туралы эпизодтардың аударылмай қалу жағдайы Ғ. Мүсіреповтың «Үлпан» романында да кездеседі.

Жас баланы әсіресе қызықтырған батырдын кісе белбеуі еді: оқшантайы бар, сапы қабы бар, шақша сауыты бар, осы күні жұрт аттарын ұмытып қалған толып жатқан алпыншақ-салпыншағы бар екен. Қабат-қабат қайыстан жасаған жалпақ кісере алақандай-алақандай он екі сом күміс жапқан. Бәрі де алтын күмбезді...

Сырымның асы тараған соң, алыстан келген жиеншар балаға нағашы жұрты батырдан қалған қадірлі де қасиетті мұранын бірі – кісені берді: – Ұлы нағашындай батыр бол, би бол! – десіп бата берді. Есеней кісені беліне екі орап еді, әлі де жарым-жарты орауға жететіндей екен. Ауыр-ақ, зілдей! – Мынанын өзін көтеріп жүруге бір ат керек болар! – деді Есеней бата берген үлкен адамдарға қарап [Мүсірепов Ғ., 2006, 190 б.].

Романда Есеней бидің бала кезінде нағашысы Сырым батырдың асында нағашылары оған батырдың кісе белдігін сыйлайды. Шығармада Есенейдің үйінде сандықта жетпіс жыл сақталған батырдың құлаш жарым белдігін Үлпан Кіші жүздегі Сырым батырдың үрпақтарына қайтаратын кезеңі сипатталады. Қатты қуанған батырдың ел-жұрты батырға ас беріп той жасайды. Ал бұл оқиға туралы шығарманың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларында берілмейді.

Кісе белдік жайлы бөлімнің шығарма аудармасына кірмей қалуының себебі де бар шығар. Алайда шығармадағы осы көрініс қазақ ата-бабасынан қалған бұйымды қымбат бағасы үшін емес, оның иесінің халқы үшін жасаған жақсылығын қастерлеуінің бір белгісі екендігі даусыз.

Көркем шығармаларда белдіктер көбінесе оған ілінетін қару түрлерімен қоса беріп, белдіктердің жаугершілік замандағы негізгі қызметін айқындай түседі *(7-8-мысал)*. Қару жарақты өзімен бірге белдікке тағып алып жүрудің осы ыңғайлы тәсілі туралы аудармаларда толық ашып айтыла бермейді *(7-мысал)*.

7 *Қараған сайын сұрлана түседі. Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ ауылдарының маңайында өреде ерттеулі ат,* ***белдікте шошайған найза сойыл*** *[Есенберлин І., 2018, 101 б.].*	*Возле каждого аула родов аргын, кипчак, найман, конрад, керей, уак стояли привязанные к растянутым арканам боевые кони под седлами да торчали* ***ряды острых и длинных казахских пик*** *[Есенберлин И., 1978, 51 б.].*	*By each Argyn, Kipchak, Naiman, Konrad, Kerei, and Uak aul, he saw saddled battle horses tied to extended lassos, and bristling* ***rows of long and sharp Kazakh spears*** *[Esenberlin I., 2015, 134 б.].*
8 *Аяғында күмістеген кең қонышты саптама етік. Сауытын ышқырланып алған.* ***Күміс белбеуінде жез сағалы, қынына алтын жалатқан көк семсер****. Сол қолының шынтағына ілген болат қалқан [Есенберлин І., 2018, 601 б.].*	*Толстая серебряная полоска окаймляла голенища высоких сапог,* ***широким серебряным поясом стягивался низ панциря, золото и серебро сверкали на ножнах большого кинжала****. А уже поверх панциря был накинут щедро расшитый золотом и украшенный позументами голубой бархатный кафтан свободного покроя [Есенберлин И., 1978, 15 б.].*	*His high boots were trimmed with a thick silver strip, and he was wearing* ***a wide silver belt around the lower part of his armour. The sheath of his big dagger shone with gold and silver****. Over the armour, he was wearing a big blue velvet caftan with gold embroidery and braids* *[Esenberlin I., 2015, 36 б.].*

Қазақ халқында ерлердің мойнына кісе белдікті салып жаратқанға жалбарынып сұрауы немесе қаралы хабарды естіртуі рәсімі «Көшпенділер» романында да анық көрсетіледі *(9-10 мысал)*. Бұл дәстүр ханға да, жырауға да, батырға да ортақ болды. 9-мысалда Бұқар жыраудың тізерлеп жаратушыға жалбарынуы орыс тіліндегі аудармасында көрініс береді, ал ағылшын тіліндегі оның белдігін мойнына асып алу ырымы ескерілмейді.

9 *Бұқар жырау атынан түсті.* ***Мойнына белбеуін салып, бір тізерлей отырып, алласына «ақсарбас» айтып, жалбарына бастады****. Әрине Бұқар жыраудың құдайға бағыштаған сөзін діни адамдардың біреуі естісе, «құран сөзін қор еттің!» деп сөгер еді, өйткені, оның аузынан құдайға жалбарынудан гөрі, ұран шақыруға ұқсас, ереуілді жыр тізбегі ағытылып жатқан [Есенберлин І., 2018, 514 б.].*	*Бухар жырау слез с коня на землю, встал на колени* ***с перекинутым через шею ремнем и принялся громко молиться****. Любой муфтий сошел бы с ума от негодования, услышав эту молитву, ибо половину слов в ней представляли заклинания духов земли и неба, которые испокон веков произносили в этих краях язычники баксы [Есенберлин И., 1978, 128 б.].*	*Bukhar-Zhyrau got off his horse, kneeled down and started praying loudly. Any mufti would have been driven crazy by the zhyrau's praying, since half of its words were spells addressed to the spirits of earth and heaven of the local pagans – the bakses [Esenberlin I., 2015, 314 б.].*
10 *Ағыбай пұшпағына дейін терге батқан атынан қарғып түсіп,* ***белбеуін мойнына салып****, қазақтың жамандықты естіртетін көне дәстүрі бойынша, екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып ағыл-тегіл жылаған қалпы суық хабарды естіртті [Есенберлин І., 2018, 665 б.].*	*Это был вопль скорби, которым, не сбавляя бега коней, оповещают в степи о гибели близких ...* *Только Наурызбай не выдержал – побежал навстречу вестникам несчастья. На полном скаку спрыгнул с коня Агибай батыр,* ***надел на шею пояс*** *и, по древнему обычаю, пополз на коленях, подняв обе руки к небу: [Есенберлин И., 1978, 56 б.].*	*Nauryzbai alone could not stand the suspense. He dashed forth to meet the bearers of evil tidings. Agibai-Batyr sprang down from his steed at full speed,* ***put his belt on his neck****, and crawled forth on his knees, as was the ancient custom, his hands stretched up to heaven: [Esenberlin I., 2015, 137 б.].*

Белдіктер тек жаугершілік заманның белгісі ғана емес еді. XIX ғасырдың ортасында қазақ халқының түрмысындағы өзгерістермен қатар кісе белдік те өзгеріп, оған түрлі салпыншақ ілу қажеттігі

жойылды. Сөйтіп бұрынғы кісе белдіктер біртіндеп сәнді белдіктерге айналды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы белдіктер шытыра, жапсырмалар сияқты әшекейлермен ерекшеленді. Осы уақытта салпыншақсыз, алайда көлемі мен пішіні жағынан тура сондай түрлі таналы белдіктер *(кемер, күміс белдік)* пайдаланды *[Елікпай Б., 2005, 18-22 б.]*. Мысалы М. Әуезовтың «Абай жолы» романында белдіктер де көбінесе сәндік үшін тағылатын бұйымдар. Мұнда жазушы аға сұлтанның баласының таққан *алтын жалатқан қымбат кемер белдігі* – жоғары лауазымды төрелер тағатын сәнді белдік ретінде сипаттайды *(10-мысал)*. Орыс тіліндегі аудармасында қолданылған ***кушак*** сөзі матадан тігілетін белдік дегенді білдіреді *[Ожегов С.И., Шведова Н.Ю., 2006]*. Белдіктің мұндай түрі әдетте тастармен безендірілмейді. Ал ағылшын тіліндегі ***a gilded belt studded with semi-precious stones*** (жартылай асыл тас жапсырылған алтын жалатқан белдік) аудармасы сәтті аударылған.

11 *Ақылбайдың ер-тұрманы қалың күміс. Басында құндыз бөркі бар, үстінде мауыты бешпент, омыраулары толған күміс түйме.* ***Белінде алтын жалатқан қымбат тасты кемер белдік****. Шапқылап бара жатқан баланың киім, тұрман сәні аса бір ардақты, жалғыз қыз сәніндей [Әуезов М., 2004, 136 б.].*	*Лошадь его была украшена султаном из перьев филина, сбруя и седло сверкали серебром. На голове его была соболья шапка, на плечах – бешмет из синего сукна с серебряными пуговицами,* ***позолоченный кушак был украшен самоцветами****. Вся одежда и убранство мальчика были нарядными и изящными, словно у девушки [Ауэзов М., 1978, 405 б.].*	*He wore a sable hat, a cape of blue cloth with silver buttons and* ***a gilded belt studded with semi-precious stones****. He was as prettily dressed as a girl, a habit he had formed under Nurganim's care [Auezov M., 1975, 308 б.].*

Белдік сөзімен байланысты *белін буу, бел байлау* (іс-әрекет жасауға шешім қабылдау), *беліне қару байлау* (күреске дайындық), *бел бермеу* (жеңілмеу), *бос белбеу, босбелбеулік* (ынжық, жігерсіздік) т.б. тіркестері көркем шығармада жиі кездеседі.

Ертең сәріден тұрады, ***Беліне қару буады*** *[Батырлар жыры, 2006, 135 б.]*.

Белді бекем бу*, түге! (Будьте крепки духом и вы!) [Әуезов М., 2004, 176 б.].*

Бос белбеу*, босаң туған бозбала кеп. Киіздей шала басып, қарпылмаған [Байтұрсынұлы А., 2013, 176 б.]*.

Белді буу, байлау, қару ілумен байланысты сөз тіркестері қазақ тіліндегі ерге тән мінез-құлықты танытса, *бос белбеу* тіркесінің артында ер адамның бойындағы жалқаулық, ынжықтық, бостық, сылбырлық т.б. жағымсыз қасиеттердің жиынтығын көрсететін тәрбиелік мән жатады.

Қазақ көркем шығармаларындағы белдік тақырыбы XX ғасырдың екінші жартысында да өз маңызын жойған жоқ *(М. Рысдәулет «Күміс белдік», С. Нұржан «Белбеу», Ж. Шәкенұлы «Күміс кісе», Д. Әшімханұлы «Жұлдызды белбеу» т.б.)*. Аталған шығармалардың барлығына ортақ нәрсе қазақтың қай заман болса да белдікті ерлік пен батырлықтың, алып күштің символы ретінде қабылдауын бейнелейді.

Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің сипаттамасында, олардың іс-әрекетінде маңызды орын алатын белдік туралы мәліметтің аудармасын жасауда бұл бұйымның жасалу ерекшелігі, оған байланысты наным-сенім және терең мағыналы сөздердің мәні ашылмай қалып жатады. Кейде тіпті оны аудармасы мәтіннен алынып тасталады. Ал көркем шығармаларда сипатталатын белдік немесе басқа да қолөнер бұйымдары сияқты ұлттық материалдық құндылықтардың артында тұтас халықтың рухани дүниетанымы туралы аялық білім жататындығы аударма жұмыстарында ескерілуі қажет.

Қорытынды

Белдіктер барлық халыққа ортақ бұйым болғанмен, әр халық үшін оның мәні ерекше болады. Қазақ халқының белдіктерге аса мән беріп, оны ерліктің, жауынгерліктің символы, қасиетті мұра ретінде қарауы бүгінгі күнге дейін сақталған. Қазіргі заманда ел арасында сақталған батыр, ержүрек ата-бабаларының белдігінің, бүгінге дейін табылмай келген қазақтың тарихи тұлғаларының *(Кенесары хан, Бөгенбай батыр, Майқы би, т.б.)* белдіктерінің мұражайларға тапсырылуы осының дәлелі. Құнды жәдігерлеріміздің көбін жоғалтсақ та, олардың халықтың мәңгі өлмес жыр-эпостарында, көркем шығармаларында сақталуы, оларды зерттеп, басқа тілдерде аударудағы ерекшеліктеріне мән берілуі – халықтың бет-бейнесін танытатын рухани құндылығымызды жоғалтып алмаудың бір жолы.

Көркем шығармалар аудармасынан алынған мысалдарды талдай отырып, белдік туралы мәліметтердің кейде нақты аударылмайтыны, оның қазақ халқына тән сипаты ғана емес, бағалылығы

және белдік иесінің іс-әрекетімен байланысы ескерілмей қалатынын байқадық. Көркем шығармадағы ұлттық дүниені аударуда тіл мен мәдениет сабақтастығы тұрғысынан қараудың маңызы зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Добжанский В.Н. Наборные пояса кочевников Азии. – Новосибирск: НГУ. 1990. 164 с. URL: http://kronk.spb.ru/library/dobzhansky-vn-1990-3.htm
2. Шойбеков, Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: Фил. ғыл. док. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2006. -307б.
3. Белицер В.Н. Народная одежда удмуртов; Материалы к этногенезу. М., 1951. С. 92-94.
4. Сычев Л.П., Сычев В.Л. Китайский костюм. Символика. История. Трактовка в литературе и искусстве. М., 1975. С. 36.
5. Распопова В.И. Согдийский город и кочевая степь в VII-VIII вв.//Археологическое изучение Средней Азии /КСИА., вып. 122 М.: 1970. С. 86-91.
6. Тохтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері. – Алматы кітап баспасы, 2011.
7. Топоров В.И. Первобытные представления о мире (общий взгляд) Очерки истрии естественно-научных знаний и древности. М., 1982. С. 14.
8. Левонен Н.А. О древних магических оберегах по данным карельского фольклора//Фольклор и этнография: Связи фольклора с древними представлениями и обрядами. Л., 1977. С. 73.
9. Сманова А.С. Қазақ ұлттық киімдерінің дизайндық ерекшеліктері мен даму кезеңдеріне сипаттама. Хабаршы «Жас ғалымдар сериясы». – Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, – 2013. №1. – 121 б.
10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. *URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Белбеумен_бел_буу*
11. Тойшанұлы А. Тәңір. «Дала мен қала» газеті, 2011, №6 (386); 7(387); 8(389). *URL: https://abai.kz/index.php/post/7775*
12. Жуковский В. А. Полное собрание сочинений и писем: в двадцати томах/ред коллегия: Айзикова И. А., Жилякова Э. М., Лебедева О. Б., Поплавская И. А., Реморова Н. Б., Янушкевич А. С. – Т 10. Проза 1807-1811гг. Кн.1. /Рез И. А. Айзикова. – М.: Языки славянской культуры, 2014. – 528 с.
13. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 33. Батырлар жыры. – 364 б.
14. Есенберлин І. Көшпенділер. Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2018 – 896 б.
15. Есенберлин И. Кочевники: роман-трилогия. Заговоренный меч: Советский писатель; М.; 1978.
16. Esenberlin I. The Nomads: a novel/trilogy transl. from Russian by O. Chorakaev. Book 2. The Charmed Sword.– Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015, -380 p.
17. Есенберлин И. Хан Кене. Кочевники – 3: роман-трилогия: Советский писатель; М.; 1978.
18. Esenberlin I The Nomads: a novel/trilogy transl. from Russian by O. Chorakaev. Book 3. Khan Kene.– Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015, -380 p.
19. Есенберлин И. Кочевники: роман-трилогия. Отчаяние: Советский писатель; М.; 1978.
20. Esenberlin I The Nomads: a novel/trilogy transl. from Russian by O. Chorakaev. Book 2. Despair. – Almaty: Association of publishers, printers and booksellers, 2015, -380 p.
21. Мүсірепов Ғ. Үлпан: Роман. – Алматы: Раритет, 2006. – 256 б.
22. Елікпай Б. «Мәдениет жаршысы» № 4, 2005, 18-22 б. *URL:http://www.vkoem.kz/index.php/kz/-kz/118-psevkat-/461-2010-09-14-11-36-13*
23. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 4-е изд., доп. – М: А ТЕМП, 2006. 944 с.
24. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 2004.
25. Ауэзов М. Путь Абая. В двух томах. – Алматы: Жазушы, 1978.
26. Auezov M. Abai (abridged). – M: Прогресс, 1975.
27. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т.35. Батырлар жыры. -392 б.
28. Алты томдық шығармалар жинағы/ А. Байтұрсынұлы; жауап. Ред. А.С. Ісмақова. Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. Т 6: -382 б.

Мамбетова Маншук Кудайбергеновна,
доцент м.а., ф.ғ.к.,
жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
e-mail: mmanshuk@gmail.com

Мырзабек Бибіхан Мейрамбекқызы,
магистрант,
жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
e-mail: myrzabekova2016@list.ru

ТІЛДІК САНАДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ КОНЦЕПТІСІ

Андатпа. *Мақалада тілдік санадағы менеджмент концептісінің көрінісі, әлеуметтік ортадағы қолданысы қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада лингвистиканың бір бағыты лингвомәдениеттану жөнінде ғалымдардың пікірі көрсетілген. Арнайы сауалнама жүргізілді. Концепт, менеджмент ұғымына қорытынды тұжырымдар жасалынды.*

Кілт сөздер: *менеджмент, лингвистика, концепт, тілдік сана, индивид және т.б.*

Аннотация. *В статье рассматривается представление концепта менеджмента в языковом сознании, его применение в социальной среде. Кроме того, в статье показаны мнения ученых о лингвокультурологии одного из направлений лингвистики. Проведено специальное анкетирование. Были сделаны заключительные выводы к понятию концепта, менеджмента.*

Ключевые слова: *менеджмент, лингвистика, концепт, языковое сознание, индивид и др.*

Abstract. *The article deals with the representation of the concept of management in the language consciousness, its application in the social environment. In addition, the article shows the opinion of scientists about the linguoculturology of one of the areas of linguistics. A special survey was conducted. The final conclusions were drawn to the concept of concept, management.*

Key words: *management, linguistics, concept, language consciousness, individual, etc.*

Қазіргі лингвистика саласы тіл мәселелерін зерттеуді жылдан-жылға кеңейтіп, дамытып, өркендетіп келеді. Сосын бір дәлелі, лингвистика мен мәдениеттану ғылымының тоғысуында пайда болған лингвистиканың бір саласы – лингвомәдениеттану.

«Лингвомәдениеттану – этномәдени және этнопсихологиялық факторлар мен тілдегі ұлттық мәдени мағына компоненттерін тіл арқылы мәдениеттану бағытында зерделеп, тілдің дәл қазіргі қолданыс қызметін көрсететін ұлттық ерекшелігін ешбір идеологиясыз, заманға сай келбетін таныту. Бұл ретте тіл–ұлт–мәдениет дейтін үштік (триада) лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны болмақ» [*Смағұлова Г.Н., 147 б.*], – деп ғалым Г. Смағұлова ұлттық тіл мен ұлт мәдениетінің тоғысуындағы өзара байланысты анықтағандығы белгілі.

Негізінен танымдық санадағы ұғымның көрінісі әрбір ұлтта өзіне тән ерекшелікпен бейнеленіп, көрініс табады. Қоғамның өркендеуіне және дамуына мәдениет пен тілдің әсері бірдей. Белгілі бір ұлттың болмысын, тарихын, дәстүрін, ғұрпын, мәдениетін танып білуде тілдің алатын орны ерекше. Өркениетті қоғамның негізгі қағидаларының біріне айналып, адамзаттың баға жетпес құндылығы деп танылған көзқарас тілге тән белгі деп анық айта аламыз. Тіл жеке ұлтқа тән сананы қалыптастырумен қатар, оған толық әсерін тигізеді.

А.А. Потебня халық ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелердің ерекшеліктерін анықтай келе, тіл халық мәдениетінің негізгі қайнар көзі екендігін дәлелдеді. Белгілі лингвист ғалым Ф. де Соссюрдің теориясы, халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі мен менталитетінің тілге әсеріндегі мәселелер этникалық лингвистика пәні негізінде зерттелген.

Әртүрлі сала зерттеулерінің мәдениетке деген қызығушылықтарының өскендігін байқауға дәлел ретінде, ғалымдардың келісе отырып қабылдаған пікірлері көптеген тілдік құбылыстарды түсіну үшін, әрбір халықтың ұлттық мәдени мұрасын білу қажет екендігі белгілі.

Белгілі американдық ғалымдар Э. Сепир мен Б. Уорфтың лингвистикалық салыстырмалы болжамда тіл мен мәдениеттің арақатынасы жан-жақты қарастырылған. Теорияда: «Тіл халықтың

ойлау қабілетіне әсер етеді, сонымен қатар күнделікті өмір мен дүниені тану амалдары субъектілерді қай тілде ойлауына байланысты болады» деген тұжырым келтірген.

Э. Сепирдің пікірі бойынша, «тіл дегеніміз – таза адамзаттық, арнайы туындап жататын белгілердің көмегімен ойды, эмоцияны және тілек, ниетіңді жеткізудің түйсіктік емес тәсілі». Бұл белгілер – ең алдымен есту белгілері болып табылады және олар есту мүшелері деп аталатын «дене мүшелері» арқылы туындайды» [*Сепир Э., 31 б*.].

Тіл мен мәдениеттің арақатынасы туралы А. Вежбицкая «... әрбір тіл ерекше ұлттық сипатқа ие. Тілде табиғи жағдайлар мен мәдениеттің ерекшеліктері ғана емес, тіл иесінің ұлттық мінез-құлық өзгешелігі көрінеді» дейді [*Вежбицкая А., 21 б*.] десе, осы пікірге ұқсас пікірді орыс ғалымы В.В. Виноградов та айтып өткен болатын: "... әрбір тіл ең алдымен ұлттық қарым-қатынас құралы" [*Виноградов В.В., 89 б*.]. Халықтың дүниетанымы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті, болмысы сол халықтың тіршілігінен өмір сүретін ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік көзқарасынан мағлұмат бететін ұлттық құбылыс – тілдегі бірліктер болып табылады.

Ұлт мәдениетінің көрінісі, мәдениеттің феномені – тіл. Тіл бірліктерінің жиынтығын және мәдениетті прагматикалық жақтан танып, жүйелі түрде мәдениетаралық қарым-қатынастар саласы қарастырады. Сонымен қатар, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін жүйесін зерттейді. Осының нәтижесінде, тіл мен мәдениеттің элементтерін жинақтайтын, синтездейтін, шоғырландыратын лингвокультурема, мәдениетаралық компетенция, мәдениетаралық өріс секілді ұғым-түсініктер жиі айтылып жүргені белгілі. Аталған терминдік ұғымдар белгілі бір жүйелік жүктеме құрайтын күрделі мәселелер. Осы күрделі мәселелерді қарастырып, шешу менеджмент концептісінің лингвомәдени көрінісін анықтауға негіз болады.

Тіл мен ойлаудың арақатынасы, тілдің мәні, оның наминативтік сипаты секілді мәселелерді зерттеу үшін, философия мен психология тіл біліміне бағыт-бағдар сілтейді. Тұлғаның ойлауы тіл формасы түрінде іске асады, сондықтан ғылым адамның ойлау үдерісі, қоршаған ортаны тану үдерісі тілде қалай көрінеді деген мәселені бейжай қалдыра алмайды.

Ғалым А. Алдашева: «Лингвистикалық мәдениеттану саласы – этнолингвистикамен де, лингвоелтанумен де ортақтасатын ғылым; лингвомәдениеттану әрбір тілдік единицаның белгілі бір халықтың төл элементі, халық тілімен жасасып келе жатқан өз сөзі; өзгелерден ауыс-түйіс емес, өз меншігіндегі сөз, сөз тіркесі, афоризм, мақал-мәтел екендігін дәлелдейтін белгі қайсы; ұлттық «бет-пішін» бар деп есептелінген сөз ұлттық, әлеуметтік, этникалық, саяси адамгершілік, тұрмыстық нормаларынан қандай мәлімет жеткізе алады дегенді зерттеуге назар аударады» [*Алдашева А., 122-123 бб*.].

Лингвомәдениеттанудың нысанын нақтылай түсуге қоғамдық ғылымдармен, өркениетпен байланысын, дамуын тілдік тұрғыдан сөз ету әсер етеді. Осы тұста А. Салқынбайдың пікірі орынды: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадами гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады» [*Салқынбай А., 41 б*.].

«Әлем (немесе әртүрлі әлемдер) адамға оның мәдениеті, атап айтқанда, мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын тілі арқылы танылады. Теориялық және практикалық іс-әрекеті барысында адамдар тікелей әлеммен емес, әлемнің репрезентациясымен, когнитивтік бейнелер мен үлгілермен істес болады. Әлемді жете түсіну – бұл оның репрезентациясының ұғынылуы. Бейнелердің тұтас парадигмалары пайда болады. Метафора әртүрлі және бір мәдениеттің тіл иелерінің әртүрлі тарихи кезеңдегі өзіндік әлем бейнесі болып табылады» [*Виноградов В.В., 9 б*.].

Қандай да бір халықтың менталитеті, дүниетанымы тілі мен мәдениеттің байланысы менеджмент концептісін зерттеуде айқын көрініс табады. Сонымен қатар, осы концептіні философиялық, лингвомәдени, когнитивтік, былайша кешенді салыстыру арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізген орынды.

Соңғы жылдары болмыстың мәнін түсінудің онтологиялық қағидасын қарастыратын когнитивтік лингвистиканың дамуындағы объективті шындық пен оның фрагменттері жайында білімдердің реконструкция амалдарының негізінде әлем бейнесін зерттеу өзекті. Әлемнің тілдік бейнесі дегеніміз – тілдің лексика-семантикалық жүйесіндегі жиналып, сақталып, ақиқат жайлы білімдердің жиынтығын түсіндіреді. Лингвомәдени қоғамда әлем бейнесі тұтас мәдени қондырғыларды, стереотиптерді, символдарды жүзеге асыру құралы ретінде тілмен пішінделеді. Әрбір жеке тіл нақты әлемді өзінше бейнелеп, суреттейді.

Жалпы тіл білімінде концептілерді зерттеуге алғашқылардың бірі болып С.А. Аскольдов назар аударды. С.А. Аскольдов концепт пен сөз арақатысына байланысты «концепт лексикалық мағынаға қарағанда айтарлықтай кең» деген пікір айтты [*Аскольдов С.А., 6 б*.].

Бұл мақала *менеджмент* концептісін ұғымдық, бейнелік-құндылық, ассоциативтік бөліктерімен қоса мәдени концепт ретінде түсінуді басшылыққа алады. Сондықтан концепт терминінің ұғымдық мазмұнына тоқталуды жөн санаймыз.

«Концепт дегеніміз не?» деген сұраққа, белгілі ғалымдардың түжырымдарына сүйенсек. Концепт ұғымы лингвистикада «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» [*Вежбицкая А., 104 б.*], «концепт – біздің сол нысан туралы білетініміздің барлық жиынтығы» [*Телия В.Н., 105 б.*]

С.А. Аскольдов: «концепт – таным актісінің мазмұнына тең жалпы түсінік, бірақ ол адамның жалпы білім кеңістігінде ғана өмір сүретін, көз алдынан үстатпай өте шығатын елес тәрізді, нақтылығы жоқ, жұмбақ әлем» дейді.

Біздің қарастырып отырған мәселеміз «менеджмент концептісі» концептіге анықтама бере кеттік, енді менеджмент сөзіне тоқтала өтсек.

Қазақ тілдік санасында көрініс тапқан түсініктемені білуде төмендегі анықтама түсінік береді: Менеджмент (ағыл. *management* – басқару) зат. Өндірісті басқарудың принциптері, әдістері, құралдары және формаларының жиынтығы. Менеджмент өндірісті, әлеуметтік процестерді басқарудың жалпы ұстанымдарын басшылыққа алады (Педагогика). Менеджмент жоспарлау, үйлестіру, ынталандыру сияқты қызметті де атқарады («Жас қазақ»). Менеджмент ұғымының мәні мен мазмұны «басқару» түсінігіне ұқсас (ҚҮЭ). Сонымен қатар менеджмент жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру сияқты қызметтерді атқарады (ҚҮЭ) [*Ысқақов А., Уәли Н.*].

Ағылшын тілдік санасында менеджмент сөзі орнықты түрде қалыптасып, қолданыс жиілігі жоғары деңгейде. Ал, қазақ тіл білімінде бұл сөз лексикондағы кірме сөздердің қатарын толықтырады. Осы күнгі жиі қолданыста жүрген актив сөздердің тізбекті қатарын толықтыруда. Менеджмент сөзі біздің танымымызға белгілі, ұлттық салт-дәстүрмен, әдет-ғұрыппен ұстасатын «басқару», «ұйымдастыру» сөздерімен түсініктемеленген.

Біз арнайы еркін ассоциативтік эксперимент жүргізген болатынбыз. Бұл экспериментке 19 бен 30 жас аралығындағы тұлғалар қатысты. Эксперимент 200 адамнан алынды. Осы экспериментке сүйене отырып, менеджмент сөзінің біздің ұлттық танымдағы бейнесін 1 кестеден көре аламыз. Бұл кестенің өзі өз ішінен 6-кестеден тұрады. 6 түрлі кестеге бөлудегі себеп, морфологиялық тұрғыдан іріктеліліп алынған сөздер жиынтығы. Сонымен қатар, таңдалынып алынған сөздер экспериментке қатысқан тұлғалар тарапынан өте жиі қолданылған сөздерден жинақталған.

Менеджмент	Басқару
	Бақылау
	Ұйымдастыру
	Жоспарлау
	Сату
	Даму

Менеджмент	Мақсатқа жету
	Өзін-өзі басқару

Менеджмент	Экономика
	Бизнес
	Маркетинг
	Сауда
	Есеп
	Жүйе

Менеджмент	Басшы
	Менеджер
	Директор
	Қызметкер
	Лидер
	Орынбасар
	Маман
	Топбасшы
	Көсем

Менеджмент	Жұмыс
	Үжым
	Оқу орны (университет)
	Мекеме
	Тәртіп
	Басшылық
	Тексеріс

Менеджмент	Адалдық
	Жауапкершілік
	Ақылдылық
	Үтқырлық
	Көшбасшылық

Бұл эксперименттен жасалынатын қорытынды, «менеджмент» концептісі үлттық танымда көптеген сөздер арқылы танымда бейнеленетіндігі.

Қорытынды бөлімде, біз қарастырған тілдік санадағы менеджмент концептісі қандай түсінікте қалыптасқандығы негізінде жұмыс жүргізудеміз.

Тілдік қарым-қатынастағы менеджмент концептісі қазіргі таңда лингвистикада зерттеліп жүрген тақырыптардың кенжесі. Менеджмент концептісін қарастыруда қолданбалы лингвистиканың барлық дерлік саласымен тығыз коммуникацияны орнату үстінде. Себебі бір қырын қарастырсаңыздар келесі жаңа тармақ өзінің жаңа бір ұсынысын алға тартады, ұсынады. Сол себепті де бұл тақырып өзінің өзектілігін күн өткен сайын арттыруда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің үлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 198 б.
2. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологи. – М.: Прогресс, 1993. – 654 с.
3. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 365 с.
4. Виноградов В.В. Русский язык: Грамма-тическое учение о слове. – М., 1972. – 614 с.
5. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. -Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (Семантикалық аспект). -Виноградов В.В. Лексикология и лексикография: Избранные труды. -Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста: Антология / Под ред. В.Н. Нерознака. -Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков / Пер. с англ. А.Д. Шмелева; под ред. Т.В. Булыгиной. – М.: Языки русской культуры, 1999. – I-XII. – 780 с.
6. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологические аспекты. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с.
7. Ысқақов А., Уәли Н. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Тілтаным. М-О. 2009.

Момбек Айнұр Адилжанқызы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университет,
Алматы,
E-mail: mombekainur@gmail.com

Асқарова Алтынай Шаулиевна,
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к, доцент,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы,
филология және әлем тілдері факультеті,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

МАГИЯЛЫҚ ПРОЗАНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа: *Мақалада әдебиеттегі магиялық прозаның даму сипаты мен оның жанрлық ерекшеліктері, идеялық бағыты жөніндегі мәселелер қозғалады. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетіндегі мистикалық модель, оларды қалыптастырушы факторлар, таным мен ғұрыптық фольклордың мистикалық әдебиеттегі көрінісі жайлы сөз болады.*

Кілт сөдер: *мистика, магиялық реализм, ғұрыптық фольклор, готика, кейіпкерлер образы.*

Аннотация: *В данной статье рассматриваются особенности мистической прозы. В ней описывается влияние фольклора и мифологии на формирование мистической и готической литературы.*

Ключевые слова: *мистицизм, магический реализм, ритуальный фольклор, готика, образ персонажей.*

Abstrakt: *The article considers the development and the idea-themed direction of mysticism in literature. This article discusses the features of mystical prose. It describes the influence of folklore and mythology on the formation of mystical and Gothic literature. As well as mystical motives in modern Kazakh literature are considered.*

Keywords: *mysticism, magical realism, ritual folklore, gothic, image of characters.*

Кіріспе

Кез келген әдебиет негізін заман ағымы мен адам танымы қалыптастырады. Халық танымынан бастау алатын фольклорлық шығармаларға халықтың наным-сенімі, салт-дәстүрі, тарихи, әлеуметтік жағдайлар тікелей әсер етеді. Уақыт өте келе жазба әдебиетінде түрлі жанрлар қалыптасып дамығанымен олардың өн бойынан фольклорлық мотивтерді жиі кездестіруге болады. Мұның себебі әдебиет өз негізінен, түптамырынан ажырамайтындығында. Әдебиеттегі ағымдар мен жанрлар өз заманының ыңғайына қарай түрлі өзекті тақырыптың айналасында, белгі бір идеялогилық мақсатта құбылып, өзгеріске түсіп отыруы заңды құбылыс. Себебі әдебиет халықтың қазынасы ғана емес сонымен қатар қоғамның әлеуметтік идеологиясын қалыптастырушы құралдардың бірі.

Халықтың танымы мен наным-сенімінен, салт-дәстүрінен қалыптасып, заман ағымымен қоса дамып келе жатқан прозаның бірі – мистикалық проза.

Мистикалық проза, магиялық проза – тылсым, құпия, беймәлім құбылыстар негізіне құрылады. Магиялық проза – готика, мистика, фэнтези, ғылыми фантастика, магиялық реализм сынды жанрларды қамтиды.

«Мистикалық проза философиялық тұрғыдан алғанда бірегей құбылыс деп айтуға болады. Ол неміс романтиктерінің прозаларынан, атап айтқанда, Гофманның және Фаустынан бастау алады» [*Балтабаева Г.С.. 2016*].

Талқылау

Ғалымдар магиялық прозаның нақты қай дәуірде қалыптасқаны жайлы түрлі пікірлер айтуда. Мұның себебі оның элементтері кез-келген дәуір әдебиетінен көрініс табуында. Антикалық кезеңінен басталып (Апулейдің «Алтын есегі»), кейіннен әр дәуір әдебиетінде (Дантенің «Құдіретті комедиясы», Гетенің «Фаусты», Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті») түрлі жанрларда кездесуінде. Қазақ әдебиетінде ертегі аңыздарда (Қыдыр ата, Қорқыт, Баба түкті Шашты Әзиз), кейіннен эпикалық жырларда,(«Ер Төстік», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр») тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттен байқауға болады. Қазақ прозасында бұл жанрдың кенжелеп артта қалуының себебі кеңес

өкіметі кезіндегі әдебиетке қойылған талаптар мен сол кезеңдегі идеологиялық мақсаттармен тікелей байланысты. Әйтсе де, қазақ әдебиетінде Оралхан Бөкейдің «Атау-Кере», «Қар қызы» Төлен Әбдіктің «Оң қол», «Ақиқат» туындыларында мистикалық сарындар бар. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінде Қойшыбек Мүбарак («Алас», «Жетінші көр»), Мадина Омарова («Жол үстінде», «Жұмбақ»), Түрсынжан Шапай («Жазу», «Көл»), Алмаз Мырзахметтің («Жазушы жазбасы») туындыларын магиялық, мистикалық прозаға жатқызамыз.

Батыс әдебиетінде постсовет елдерінің әдебиетімен салыстырғанда мистикалық проза дамып, әдебиеттегі өз орны мен ерекшелігін ертерек қалыптастырған. «ХХ ғасырдың 20 жылдарының соңында және 30 жылдары: мистикалық реализм жаңа қасиеттерге ие бола бастады: «нақты өмірдегі» иррационалды мәтінге деген қызығушылық өз басымдығын жоғалта бастайды.» [*Балтабаева Г.С., 2016*]. Бұл мистикалық әдебиеттің түрленіп жаңа бағытта дамуына мүмкіндік берді. Енді мистикалық шығармалар оқырман бойында үрей тудырушы функциясымен қатар адамның бейсаналы әрекеттерінің негізін мистикамен байланыстырып, аталған жанрға деген қызығушылықты арттырды.

Мистикалық әдебиет өз алдына түрлі жанрларға бөлінеді. Олардың өзара бір-біріне ұқсас болғанымен жанрлық ерекшеліктері бар. Жазушылар готикалық, мистикалық романдарда адам санасына үрей ұялата отырып, түпсанасындағы құпияларды, ашылмаған сырларды ақтарып, шынайы өмір мен тылсым әлемді ұштастырып жатады. «Готикалық әдебиетті «тұңғиық», «құпиялар мен қорқыныш үрей әдебиеті» деп атайды.Әдебиетте «готика» атауы XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болған, алдыңғы романтизмге тән әдеби жанр болып табылады» [*Жақулаев Ә*].

Готикалық романдардағы оқиғалардың хронологиясы кейде керісінше баяндалады. Сюжет композициясын баяндау барысында, оған негіз болған себептер, құпия сырлар біртіндеп беріле бастайды. Оқырманға соңына дейін құпия ашылмай, оны шатастыру мақсатында жанама мәліметтер беріліп отырады. Шығарма әрдайым қорқыныш пен үрей, қауіп-қатер қалпында өрбиді. Мұндай жағдайды қалыптастыруға оқиғаның күңгірт, қараңғы, үрейлі жерлерде орын алуы да әсер етеді. Оқиғаның құпиялылығы, оның әрдайым қараңғы, сүр қалыпта сипатталуы оқиғаның шиеленістіріп, адам санасына психологиялық күш түсіреді. «XVIII-XIX ғасырларда готикалық роман Еуропа және Англияда ең көп оқылғандықтан кітап басып шығарушылардың негізгі өнімдері болды. Британдық сыншы Уотс-Дантон Теодор готиканы ағылшын әдебиетіндегі «ғажайып ренесанс» деп атаса, осы пікірлерге қарама-қарсы басқа да көзқарастардың болғаны өнертанушыларға мәлім дүние» [*Жақулаев Ә*].

Мистикалық әдебиет адам бойында үрей туғызу ғана емес, сондай-ақ қорқыныш пен үрей арқылы адам санасының түкпіріндегі шынайы болмысын көрсету шеберлігіне ие. «Дориан Грейдің портреті» романында мистикалық сарын негізінен адам болмысының жағымсыз бір қырына назар аудару мақсатында қолданылады.

Өндірістік революция әдебиетте ғарыштық одисея, планеталар, ондағы өзге ғаламшарлықтар, телекинез, ғылымның шарықтап дамуы мен оның адамзат үрпағына әсері жайлы ғылыми фантастикалық шығармалардың жарық көруіне септігін тигізді.

ХХ ғасырлардың басында магиялық прозаның жаңа қыры магиялық реализм бой көтере бастады. Г.Г. Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық», М.А. Булгаковтың «Мастер мен Маргарита» сынды туындыларында магиялық реализм автордың әлеуметтік-саяси, тарихи оқиғаларға көзқарасын білдіруде шебер қолданылған. Уақыт пен кеңістікті жазушының ыңғайына қарай құбылып, шынай өмір мен қиял көкжиегі арасындағы шекара бұзылады. Г.Г. Маркестің «Алып қанатты қария» әңгімесінде қартайған, толассыз жауған жаңбыр кесірінен әлсіреп жерге түскен қанатты қария туралы баяндалады. Ауыл тұрғындары оны періште санап, басында қызықтауға келгенде, үй йелері оны ақша көзіне айналдырып, түскен ақшаға екі қабатты үлкен үй салып алады. Көктен қанатты адамның түсуі қиял-ғажайып шындыққа жанаспаса да, оны көргендегі адамдардың іс-әрекеті, оған деген көзарасы шынайы реалисттік түрғыда сипатталады.

Магиялық реализм жанрында жазылған романдардың сюжеттік негізінде фольклорлық таным, киелі дәстүрлер, сонымен қатар ежелгі антикалық әдебиеттен бастау алатын трагедия, роман-эпопеяны байқауға болады. Алайда қаншалықты магиялық, тылсым болса да тегінде шынайы өмірден бөлініп, алшақтап кете алмайды. Бұл Маркестің әдебиеттегі жаңа бағыты магиялық реализм.

Магиялық реализмнің атрибуттық ерекшелігіне шығарманы баяндау барысында фольклорлық элементтердің болуы мен қиял мен күнделікті өмір шындығының тығыз байланысын жатқызамыз.

Мистикалық прозадағы сарындар мен кейіпкерлер образдық төркіні наным-сенімдерден, діни әдет ғұрыптардан алынған. «Қазақ демонологиясы мен шаманизміндегі адамға қас, зиянкес күштер мыналар: дию, жын, пері, албасты, марту, үббе, обыр, жезтырнақ, сөрел, көнаяқ т.б. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән іс-әрекеттері (қастандық жасау жолдары) бар. Соған орай зиянкестермен күресудің тәсілдері де алуан-алуан» [*Бабалар сөзі, 2013*]. Бұл туралы этнограф ғалым Ш. Уалихановтың «Тәңірі (Құдай)» мақаласында жазылған. Ғалым олардың сипаты мен ерекшеліктерін сонымен қатар олардың адамға қандай жолмен зиян келтіретіні, олардың қайда мекен ететіні жайлы мәліметтер береді.

«Сөрел – орман перісі, кейбір ертегілердің мамұнына қарағанда Албастының күйеуі: әңгімелерде әрқиыл бейнелерде кездеседі. Сөрел қалың жынысты тоғайларда тұрады, түрі адамға ұқсас, бірақ кеудесі тым ұзын, ағаштармен теңеседі. Адамды қытықтап өлтіреді.

Көн аяқ – бұл адам аяғының орнында қайыс-қайыс көң тері, елсіз тоғайларды немесе аралдарды мекендейді. Кәперсіз келе жатқан жолаушыларды алдап, өзіне шақырып алып, үстіне отырады да, көн қайыстарымен байлап-матап, адамның әлі бітіп құрығнша мініп жүреді.

Жезтырнақ – тырнақтары жез болады. Бұл әйел бейнесіндегі рух, орман-тоғайларда мекен етеді» [*Уалиханов Ш., 2013, 392 б*].

Адамдар әлемді танып білуде ғаламның өздеріне беймәлім сырлары мен тылсым құпияларын түсіну барысында мифологиялық танымы қалыптасып кейіннен ол әдет-ғұрыпқа сіңісіп, фольклорлық шығармаларда, ырым-тиымдарда көрініс табады. «Магия да – болмыстан тысқары күшке сенудің бір түрі, бірақ діни сенімдерден айырмашылығы – белгілі бір ғұрыптарды орындау арқылы жанды-жансыз заттарға, құбылысқа адамның өз күшімен–ақ тікелей әсер етуге болады деп таблады. Осы типологиялық әмбебап заңдылық қазақ түрмысынан да анық көрінеді» [*Бабалар сөзі 2013*, *432 б.*]. Мәселен, тасаттық, жалбарыну, бата, қарғыс, бәдік, бақсылық сынды ғұрыптар ғұрыптық фольклорды қалыптастырады. Оларды орындау барысында іс-әрекет қимылға ғана емес, сонымен қоса айтылатын сөзге де назар аударылады. Алайда, мұнда сөз көркемдік функцияны емес ғұрыптың орындалу барысындағы сүйемелдейтін компонент қызметін атқарады. Мұнда біз салт мен ғұрыптық фольклордың бір-бірінен ажырамас компонент екенін байқаймыз. Оларды жеке дара алып қарастыру ғұрыптық іс-әрекет пен ғұрыптық сөз өнерінің тұтастығына нұқсан келтіреді. Себебі оларды бір-бірінен бөліп қарастырғанда тұтастығын, бүтіндігін жоғалтады

«Қазіргі қазақ әңгімесінде мистикалық сипат тамырын сонау фольклордан алып, бүгінгі күні өз арнасын кеңейтіп отыр. Ғасырлар бойына өзінің тылсым құпиялылығымен жұмбақ болып келген мистикалық аңыз-әңгімелер қазірде қайта жаңғырып, жаңаша түрге енді» [*Балтабаева Г.С.,2016, 288 б.*].

Қорытынды

Байқағанымыздай, магиялық прозаны ғұрыптық салт-дәстүрлерден, фольклорлық туындылардан, эпикалық жырлардан, кез-келген дәуір әдебиетінен кездестіреміз. Себебі мистикалық прозаның қалыптасуына, ондағы кейіпкерлер образына фольклордың тікелей қатысы бар. Қазақ прозасындағы мистикалық шығармалардың кенжелеп артта қалуына кеңес дәуірінің әсері болғанымен, тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетте осы салада бірқатар жазушылардың шығармалары жарық көрді. Фольклорлық таным мен ғұрыптық фольклор қазақ әдебиетіндегі мистикалық прозаның шарықтап дамуына негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бабалар сөзі: Жүтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т.93: Магиялық фольклор. – 432 б.
2. Балтабаева Г.С. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр». 2016.288б.
3. Уалиханов Ш. Тәңірі: Таңдамалы. – RS: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 392 б.
4. Жакулаев Ә. Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер.
5. Әбдікұлы Т. Оң қол. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002-352 б.
6. Маркес Г.Г. Хикаяттар. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2007. – 288 б.
7. Маркес Г.Г. Палая листва : Повесттері мен әңгімелері Г.Г. Маркес; исп. ауд. В. Андреева, А. Борисов – СПб.: Симпозиум, 2001. –527 б.

REFERENCES

1. Words of ancestors: Zhuztomdyk. – Astana: «Foliant», 2013. Vol.93: Magical folklore. – 432 p.
2. Baltabaeva G.S. The artistic world of Kazakh prose during independence. – Almaty: Karatau KB LLP: Tradition. 2016.288p.
3. Ualikhanov Sh. God: Optional. – RS: International Abay Club, 2013. – 392 p.
4. Zhakulaev A. Gothic expressions in modern Kazakh prose.
5. Abdikuly T. Right hand. Stories and short stories. – Almaty: Atamura, 2002-352 p.
6. Marquez G.G. Stories. – Astana: Translation, 2007. – 288 p.
7. Marquez GG Pale leaf: Stories and tales by G.G. Marquez; translated from Spanish by V. Andreyeva, A. Borisov – SPb .: Symposium, 2001. –527 p.

Мұсабекова Ұлжан Есенқызы,
филология ғылымдарының докторы, доцент,
әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

Асабаева Айнагүл Мұхитқызы,
I курс докторанты,
«Лингвистика» мамандығы бойынша PhD докторантурасы
әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

ҚАЗАҚСТАНДА КӨПТІЛДІЛІК ПРИНЦИПІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. *Мақалада Қазақстандағы көптілділік саясаты қандай себептерден туындады, зерттелуі, өзектілігі және қазіргі жағдайы мен болашақтағы даму бағдарлары қарастырылады. Қазақстандағы тілдік жағдаяттың қалыптасуына әсер еткен мемлекеттік-саяси құрылымдағы жағдаяттар, тәуелсіз Қазақстан қоғамы мен экономикасының түбегейлі өзгерістерінің нәтижесінде билингвизм жағдайының өзгеріске ұшырады: қазіргі Қазақстанға елдің полиэтникалық халқының қажеттіліктерін өтей алатын және тілдік, демографиялық әрі саяси жағдайды ескеретін тілдік саясат қажет. Осы себепті Қазақстан үкіметі тіл саясатын қостілділік бағытта таңдаған болатын. Экономикалық, халықаралық қатынастар мен бүкіләлемдік жаһандануды белсенді дамуына байланысты екі тілмен шектеліп қалу қарқынды дамып келе жатқан еліміз үшін көп мүмкіндіктерден шет қалуды білдіретін еді. Елбасымыздың бастауымен жүргізіліп келе жатқан "Үштұғырлы тіл" жобасының жүзеге асырылуы нәтижесінде елімізде көптілділік үдерісінің қалыптасуы, болашаққа қойылған жоспарлардың тілді жоспарлаудағы маңыздылығы айқындалады.*

Кілт сөздер: *мемлекеттік тіл, ресми тіл, қостілділік, көптілділік, тілдік саясат.*

РАЗВИТИЕ ПРИНЦИПА МНОГОЯЗЫЧИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. *В статье рассматриваются причины формирования многоязычия в Казахстане, а также рассматриваются актуальность, текущее состояние и перспективы развития многоязычия. Ситуации в государственно-политической структуре, которые повлияли на формирование языковой ситуации в Казахстане в результате радикальных изменений в экономике и обществе независимого Казахстана, изменили ситуацию с билингвизмом: современный Казахстан нуждается в языковой политике, которая может удовлетворить потребности полиэтнического населения страны и учитывает лингвистическую, демографическую и политическую ситуацию. На современном этапе сложившиеся в Казахстане двуязычие уже не отвечает вызовам глобализации. В условиях активно развивающихся международных экономических, политических, культурных отношений ограничивание двумя языками означало бы для быстро растущей страны отказ от многих возможностей. В результате реализации проекта "Трехъязычие", инициированного Президентом Республики Казахстан, выявлено формирование многоязычного процесса в стране и важность будущих планов в языковом планировании.*

Ключевые слова: *государственный язык, официальный язык, двуязычие, многоязычие, языковая политика.*

DEVELOPMENT OF THE PRINCIPLE OF MULTILINGUALISM IN KAZAKHSTAN

Abstrakt. *The article discusses the causes of multilingualism in Kazakhstan, as well as its relevance, current status and future development directions. Situations in the state-political structure that influenced the formation of the language situation in Kazakhstan as a result of radical changes in the economy and society of independent Kazakhstan have changed the situation with bilingualism: modern Kazakhstan needs a language policy that can satisfy the needs of the country's multi-ethnic population and takes into account the linguistic, demographic and political situation. For this reason, the government of Kazakhstan chose a bilingual language policy. Due to the active development of economic, international relations and globalization, the restriction to two languages would mean for a rapidly growing country giving up many opportunities. As a result of the implementation of the Trilingualism project, initiated by the President of the Republic of Kazakhstan, the formation of a multilingual process in the country and the importance of future plans in language planning have been identified.*

Keywords: *official language, bilingualism, multilingualism, language policy.*

Кіріспе

Қазақстанның Кеңес Одағы кезінде орыстандыру саясатының ықпалында болғаны белгілі, дегенмен, тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасырдан асса да, кеңестік тілдік саясат салдары әлі де көрініс табуда. Себебі кеңестік жылдардағы саясат бойынша коммунизмге жету үшін барлық халықтың бір тілді болуы басты шартқа айналып, соның нәтижесінде орыс тіліне ерекше мүмкіндік беріліп, оны игерудің маңыздылығы жоғары түрды, қазіргі кезде де маңыздылығы азайған жоқ. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңына сәйкес "Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды" [ҚР тіл туралы Заңы]. Сонымен қатар "мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады" [ҚР тіл туралы Заңы]. 2009 жылғы санақ нәтижелері бойынша 15 және одан жоғары жас категориясында мемлекеттік және орыс тілдерін меңгеру деңгейінің көрсеткіштері бойынша орыс тілінің жоғары үлесі байқалады: қазақ тілін меңгерген қазақтардың қазақ тілін меңгеру дәрежесі (ауызша түсінетіндер) – 98,3% болса, орыс тілін меңгеру дәрежесі 94,4% [ҚР 2009 жылғы Үлттық халық санағының қорытындылары]. Екі тілдің көрсеткіштері айтарлықтай тең дәрежеде. Бұндай нәтиже ненің салдары? Қазақстандағы көптілділік саясаты қандай себептерден туындады, қазіргі жағдайы мен болашақтағы даму бағдарлары қандай болмақ?!

Елімізде тілдік қатынастардың дамуының саяси аспектісі баршылық, бұл осы тақырыптың зерттелуінің қажеттілігін көрсетеді. Көпшілік ғалымдар тіл саясатының саяси факторларын қарастырады. Әр түрлі елдерде ұлттық-тілдік мәселелер елде қалыптасқан тілдік саясатқа байланысты шешіледі. Қазақстандағы тілдердің қолданылуы өзіндік ерекшеліктерге ие: екі кең тараған серіктес тілдермен қатар (қазақ және орыс) генетикалық және типологиялық түрғыда түрлі тілдер бірге өмір сүреді (Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар тұрады). Сондықтан қазіргі Қазақстанға елдің полиэтникалық халқының қажеттіліктерін өтей алатын және тілдік, демографиялық әрі саяси жағдайды ескеретін тілдік саясат қажет. Осы себепті Қазақстан үкіметі тіл саясатын қостілділік бағытта таңдаған болатын: қазақ тілін мемлекеттік тіл, орыс тілін ресми тіл ретінде жариялады [Жикеева Р.А. 2011, 65 б.]. Б. Хасанұлы өз мақаласында ҚР тіл саясатының негізгі принциптерін көрсетіп, мемлекеттік тіл мен ана тілдерінің оқытылуы мен дамуы, әр түрлі салаларда қолданылуы елдің демократизациялануының маңызды факторлары және ұлттық, кәсіби, фундаменталды қажеттілігі болып табылады деп көрсеткен [Хасанұлы Б., 2001, 166–176 б.] Қазақстандағы тілдердің дамуына байланысты зерттеулер тәуелсіздік алғанымызға дейін, өткен ғасырдың 80-жж. соңынан бастап үлкен маңыздылыққа ие болып, белсенді зерттеле бастады. Б.Х. Хасанов, О.Б. Алтынбекова, Э.Д. Сүлейменованың ғылыми зерттеулерінде ұлттық тілдердің республикамызда қалайша дамып жатқандығы қарастырылды. Олардың қатарында О.Б. Алтынбекова Орта Азия республикаларындағы тіл саясаты мәселесін қарастыра отырып, Қазақстандағы көші-қон үдерістері және оның республика аймақтарындағы тілдік ортаға ықпал етуі, халықтың этникалық құрамындағы өзгерістерді қарастырды. Аталған еңбекте автор тілдік идеология, тіл саясаты, тілдік жоспарлау сияқты ұғымдарға түсініктер бере отырып, әр түрлі мысалдардың негізінде тілдік идеология мен тіл саясатының түрлерін сипаттайды. Сонымен қатар Қазақстандағы орыстандыру және қазақтандыру үрдістеріне талдаулар жүргізеді [Алтынбекова О.Б., 2006, 415 б.]. Қазақстандағы тіл саясатын түсініп, оны жеткізуде өз үлесін қосқан Э.Д. Сүлейменова тілдік үрдістер мен саясат мәселесін өз монографиясында терең қарастырған. "Тілдік саясаттың негізгі құрамдас бөліктеріне мақсатты түрде әсер ету тілдік саясаттың мақсатына айналды. Бұл тілдік саясат кеңестік дәуірден қалыптасқан бір ғана орыс тілі бар кеңес халқын құруға арналған жалпымемлекеттік саясаттың бөлігі болған еді. Тілді жоспарлау үш стратегиялық бағыт бойынша жүзеге аса бастады: мемлекеттік тілдің қызметтері мен қолданылу аясын кеңейту, орыс тілінің қызметтерін сақтау, Қазақстан Республикасының өзге тілдерін дамыту" [Сулейменова Э.Д., 2009. 21 б.].

Негізгі бөлім

Қазақстандағы тілдік жағдаяттың қалыптасуына Қазақстанның Ресейге қосылуы; кеңестік дәуірге дейінгі, кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі мемлекеттік-саяси құрылым; тәуелсіз Қазақстан қоғамы мен экономикасының түбегейлі өзгерістері әсер етті. Ал тілдердің мемлекеттенуінің негізінде әр түрлі критерийлер болады. Әдетте әлеуметтік лингвистер төрт критерийді бөліп көрсетеді: халық

автохтондығы (негізгі ұлт тілінің мемлекеттенуі), осы аймақта белгілі бір тілді өз ана тіліндей еркін меңгерген түрғындар санының көптігі; (Көпшіліктің немесе түрғындардың басым көпшілігінің тілі автоматты түрде мемлекеттік тіл бола алмайды) тіл мәртебесі (тілдің әлеуметтік және коммуникативтік базасына байланысты, тіл бейтараптығы (көптілді мемлекеттерде көбінесе бейтарап тіл таңдалады).

Сонымен қатар "тілдік жағдаят" ұғымының аясында тілдік қатынасты білдіретін билингвизм үдерісі бар. Билингвизмнің қалыптасуы тілдердің байланысу теориясымен, олардың өзара әрекеттесуімен тығыз байланысты. Бұл үдеріс бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің көпшілігіне өте маңызды мәселе. Себебі, осы елдерде мемлекеттік тіл ретінде ұлттық тілдер жарияланғанымен, қоғамның әр түрлі салаларында орыс тілінің басымдығы бар [Жикеева Р.А. 2011, 65 б.]. Қазіргі таңда көптілді Қазақстанда билингвизм мен полилингвизмнің көптеген түрлері таралу аймағына, тілдердің әр түрлі салаларда қолданылуына, бірінші тілдің екінші тілге әсер етуі және т.б. ерекшеліктерге байланысты қалыптасқаны белгілі.

Қазақстандағы тіл саясаты тілдердің қатар өмір сүруіне мемлекеттің қарым-қатынасының көрінісі болып табылады және ол орталықтандырылған, өйткені мемлекет тарапынан жүргізіледі және міндетті іс-шаралар жүйесін көздейді, перспективалық – Қазақстандағы тілдік жағдаятты өзгертуге бағытталған; демократиялық – қалың бұқараның мүдделерін ескереді; интернационалдық – негізгі стратегиялық бағыттар ретінде қазақ тілін, орыс тілін және өзге этникалық топтардың тілдерін дамыту таңдалып алынған [Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шәймерденова, Ж.С. Смағұлова, Д.Х. Ақанова. 2020, 256-257 б.].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары республикамызда Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға бағытталған тілдік саясат жүргізілді. Тіл комитеті – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы № 103 Қаулысына сәйкес қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Тіл комитеті өз құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау қызметтерін, сондай-ақ өз құзыретіне жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің ведомствосы болып табылады. Комитеттің негізгі міндеттері – тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңнаманың сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру болып табылады. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды жүзеге асырады: тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету; тілдерді дамыту сапасындағы біртұтас мемлекеттік саясат қызметін ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру; терминология және ономастика комиссияларының қызметін қамтамасыз ету; Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомство аралық үйлестіру; тіл туралы заңнаманың талаптарын бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдар беру, т.б. мәселелер [ҚР электрондық үкіметі]. Республика бойынша тілдік саясатты жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылуда: бюджеттен көп қаржы бөлінді; 2008 жылдың қыркүйек айында елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен Мемлекеттік тілді дамытудың президенттік қоры құрылды.

Мемлекеттік тілді дамыту үшін "Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" жобасы әзірленді. Жобаны әзірлеу кезінде 30 шет елдердің тіл саясатын құқықтық реттеу тәжірибесі зерделенді. Бағдарламада көзделген барлық іс-шаралар мемлекеттік тілді ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени және тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған [ҚР Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы].

Қазіргі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңына сәйкес жүргізіледі. Тілдік саясаттың негізгі мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ету. Тілдік саясат мемлекеттің ұлттық саясатының маңызды бөлігі болып табылатындықтан, қазақ қоғамындағы ұлтаралық келісімнің сақталуы осы саясаттың салдарына байланысты.

Қазақстандағы заманауи тілдік өмір және онда болып жатқан үдерістер өз өзгешеліктерімен ерекшеленеді және шұғыл түрде талдау мен қарастыруды талап ететін мәселелерге тілдік саясатты жүзеге асырудың болмысы, типологиясы, әдіс-тәсілдері; тілді мәртебелік және корпустық жоспарлаудың кезеңдері мен әсерлері, т.б. кіреді [Сулейменова Э.Д., 2009, 21 б.]. Қазіргі таңда елімізді қостілді мемлекет дегеннен гөрі көптілді мемлекет деп атауға толық негіз бар. Республикадағы тіл саясаты қазақ

тілінің жаңғыруына және оның қызметтерінің аясының кеңеюіне бағытталған, яғни көптілділік саясаты басым десек болады. Бұл саясат мемлекеттілікті нығайтуға және орыстілді, қазақтілді болып екіге бөлініп кеткен қазақ ұлтын қайта біріктіру мен жаңғыртуға деген қажеттілікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар елдегі тілді жоспарлау орыс және өзге тілдерді сақтау мен қолдауға, яғни, екі және көптілділік саясатына бағытталған. Бір қарағанда кереғар болып көрінетін тіл саясатының өзіндік мақсаттары болды – елдегі қазақ емес халықтар мен этникалық ашылықтардың өзара ниеттестігін жоғалтпау, шекаралық бүтіндікті сақтау, Ресеймен және өзге де көрші елдермен жақсы қарым-қатынастарды ұстану, яғни, этникалық қақтығыстың алдын алу. Екі және көптілді саясат біздің елімізді ұлттық ашылықтардың құқықтары шектелмейтін демократиялық мемлекет ретінде көрсетуге көмектеседі. Осы орайда Э. Сүлейменова қазақстандық тіл саясатын теңдестірілген саясат деп санайды: "Бұл дегеніміз, біздің елде әр түрлі этникалық топтардың көзқарастарын тепе-теңдікте ұстауға тырысады. Тепе-теңдік болмаса, еліміздегі келісім мен тыныштық бұзылар еді" [Сулейменова Э.Д., 2011, 117 б.]. Тұңғыш елбасымыз Н.Ә. Назарбаев тілдік саясатта мүлдем жаңа жолды таңдады: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жалпы халық меңгеруге бағытталған "Үштұғырлы тіл" атты ауқымды мәдени жоба қолға алынды. Алғаш рет бұл идея 2006 жылдың қазан айында Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында айтылған болатын. Ал 2007 жылы елбасы өзінің "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты елге жолдауында "Үштұғырлы тіл" жобасын біртіндеп жүзеге асыруды бастауды ұсынды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруге деген қажеттілік трилингвизмнің қалыптасуына негіз болады. Алайда тілді жоспарлау барысында Қазақстан Республикасындағы қостілділік жағдайы республика тұрғындарының арасында олардың жас мөлшеріне, ұлтына тәуелсіз түрде жүріп жатқан үдеріс екенін, ал трилингвизм "жоғарыдан" бүйырылған үдеріс екенін ескеру қажет. Қазіргі таңда әлеуметтік сұрастырым нәтижелері бойынша үштілділік егде жас өкілдерінде аса байқалмайды, себебі оларда болашақта ағылшын тілін қолдануға деген қажеттілік жоқтың қасы. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, Қазақстан Республикасының мемлекеттік (қазақ) тілін меңгермеген жас ұрпақтың бір бөлігі өз таңдауларын қазіргі заманда үлкен сұранысқа ие және перспективті саналатын ағылшын тіліне тоқтатуда.

Қорытынды

"Қазақстандықтар құрметпен және лайықты түрде мемлекеттік қазақ тілін үйрене бастады. Орыс тілін және басқа да қазақстандық этностардың тілдерін дамытамыз. Бүгінгі заманғы қазақстандық үшін үш тілді меңгеру-оның сәттілігінің міндетті шарты. Сондықтан, 2020 жылға қарай ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі, ең кемі 20%-ды құрауы тиіс деп есептеймін" – деді елбасымыз Н. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында [Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығы]. Ойымызды елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында атап өткен сөзімен қорытындыласақ, қазақстандықтардың кем дегенде үш тілді – мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін білуі қажет. "Үш тілді білу – біздің болашағымыз. Әлем барған сайын жаһандана түсуде, сондықтан болашақ ұрпақтарға аралас тілдегі ортаға бағдарлана білуі маңызды".

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане: монография. – Алматы: Экономика, 2006 – 415 с.
2. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Э.Д.Сүлейменова, Н.Ж.Шәймерденова, Ж.С.Смағұлова, Д.Х.Ақанова. Алматы, 2020. 256-257 б.
3. Жикеева Р.А. Языковая ситуация костанайской области республики Казахстан (билингвистический аспект) 2011 – 65 с.
4. «Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары» Астана, 2011. 22-23 б.
8. Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі. Egov.kz. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің мәселелері. URL: https://egov.kz/cms/kk/information/state_agencies/ministries_committees
5. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-I Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
6. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110
7. Сулейменова Э. Д. Языковые процессы и политика. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 117 с.

9. Очерк языковой политики и языковой ситуации в Казахстане. Элеонора Сулейменова Russian Language Journal, Vol. 59, 2009. 21 стр.
10. Хасанулы Б. Развитие государственного и других языков – фактор демократизации Республики Казахстан / Б. Хасанулы // Вестн. Павлодарского гос. ун-та. Сер. Социологические науки. –2001 – № 1. – С. 166–176.

МРНТИ 14.25.09

Омарова Гүлнара Жолдасқызы,
3-курс докторанты,
6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан,
E-mail: gulnar-aidos@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СӨЗДІКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ҮЙРЕТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа: *Мақалада бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында оқушыларды сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету мәселесінің лингвистикалық аспектілері қарастырылады. Сөздік, оның жіктемелерін талдай отырып бастауыш сыныптарға арналған кешенді оқу сөздігінің ерекшеліктері, оған қойылатын талаптар сөз болады. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қол жетімді, түсінікті, кең таралған және сөздік оқырмандарын шатастырмайтын метатілдік символдау құралдары қарастырылады. Ақпараттық-анықтамалық әдебиеттің ерекше жанры болып табылатын сөздіктің негізгі композициялық және коммуникативті бірлігі сөздік мақала екені белгілі. Сөздіктің атқаратын қызметіне, түрі мен қабылдаушысына (адресат) қарай сөздік мақаланың құрылымы мен бөлшектері, сөз бен оның мағынасын сипаттаудың тәсілдері мен құралдары анықталады.*

Түйін сөздер: *бастауыш сыныптар; лексикография; сөздік; сөздікпен жұмыс; кешенді оқу сөздігі; сөздік мақала.*

Омарова Гульнара Жолдасовна,
докторант 3-курса,
специальность 6D010200 – Педагогика и методика начального обучения,
КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ РАБОТЕ СО СЛОВАРЯМИ

Аннотация: *В статье рассматривается лингвистический аспект проблемы обучения младших школьников работе со словарями на уроках казахского языка. Речь идет об особенностях комплексного учебного словаря для начальных классов, требованиях к нему. В соответствии с возрастными особенностями учащихся начальных классов применяются условные обозначения и символы, доступные, понятные, широко распространенные и не вводящие в заблуждение читателей. Словарная статья – основная композиционная и коммуникативная единица словаря, является особым жанром информационно-справочной литературы. В зависимости от назначении, вида и аудитории читателей определяются структура и детали словарной статьи, способы и средства описания слова и его смысла.*

Ключевые слова: *начальные классы; лексикография; словарь; работа со словарем; комплексный учебный словарь; словарная статья.*

Omarova Gulnara,
3rd year doctoral course,
Specialty 6D010200 – Pedagogy and methods of primary education,
Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan,
E-mail: gulnar-aidos@mail.ru

LINGUISTIC ASPECTS OF THE PROBLEM OF TEACHING PRIMARY SCHOOL PUPILS TO WORK WITH DICTIONARIES

Abstract: *The article deals with the linguistic aspect of the problem of teaching younger pupils to work with dictionaries in the Kazakh language lessons. We are talking about the features of a comprehensive educational dictionary for primary classes, the requirements for it. In accordance with the age characteristics of primary school students, symbols and symbols are used that are accessible, understandable, widely used and do not mislead readers. A dictionary entry is the main compositional and communicative unit of the dictionary. it is a special genre of information and reference literature. Depending on the purpose, type and audience of readers, the structure and details of the dictionary entry are determined, as well as ways and means of describing the word and its meaning.*

Keywords: *primary classes; lexicography; dictionary; working with a dictionary; comprehensive educational dictionary; dictionary entry.*

Кіріспе

Еліміздегі білім берудің жаңартылған мазмұнының мәні «білетін адам» тұжырымдамасынан, яғни білім, білік және дағды жүйесімен қаруланған адамнан «өмірге дайындалған адамға», өзін-өзі дамытуға қабілетті адам концепциясымен айқындалады. Мәселе «өмір бойы азық боларлықтай білім беру» идеясының енді «өмір бойы өздігімен үйрену» ұстанымына өзгеруінде болып отыр. Сондықтан бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген негізгі міндеттердің қатарында оқушылардың ақпарат іздеу, талдау және түсіндіру дағдыларын жас мүмкіншіліктеріне қарай дамыту міндеті алынған [*http://adilet.zan.kz/kaz/docs*]. Осыған сәйкес бүгінгі оқу үдерісінің мазмұнын оқушылардың өз бетінше ізденушілігі құрайды.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу-таным әрекетіндегі білім көзі мен өзін-өзі дамыту құралы ретінде сөздіктермен жұмыс істеу білігін қалыптастыру өз бетінше ізденіп, өздігінен білім алуға ұмтылатын тұлғаны тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөздіктермен жұмыс істеу білігін қалыптастырудың теориялық негіздерін талдауда маңызды әрі көлемді орын оның лингвистикалық аспектілеріне беріледі.

Негізгі бөлім

Линвистиканың сөздік түзудің теориясы мен тәжірибесін зерттейтін саласы – лексикография (грек тілінен аударғанда *lexikos* – сөзге қатысты, *grapho* – жазамын), ол сөздіктердің ғылыми әдістемесін жасайды. Бастауыш сынып оқушыларын сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету мәселесінің лингвистикалық аспектілерін қарастырғанда бастауыш сынып оқушыларына арналған сөздіктердің ерекшеліктерін анықтаумен қатар «*сөздік*», оның негізгі құрылымдық бірлігі ретінде «*сөздік мақала*» ұғымдарының мәнін ашу маңызды.

Ғалым Б. Қалиұлы: «сөздік – белгілі бір тілдегі сөздердің (сөз тіркестерінің, идиомалардың) жиынтығын көрсететін анықтамалық еңбек», – деп көрсетеді [*Қалиұлы Б.,1998, 354 б.*].

«Тіл білімі сөздігінде» аталған ұғымды: «белгілі бір тәртіппен орналасқан лингвистикалық единицалардан тұратын және олардың мағынасын түсіндіретін анықтама кітап» деп түсіндіреді [*Тіл білімі сөздігі 1998, 344б*].

«Сөздік» ұғымы қазақ лексикографиясының метатілдік ұғымдарын жан-жақты қарастырған ғалым М. Малбақовтың еңбегінде жан-жақты талданады [*Малбақов М., 2002*]. Осы еңбекте топтастырылып берілген пікірлерді келтірсек, Ж. Марузоның «сөздік құрамды ретке келтіру және жария ету, тілдік бірліктерді көрсету» деп, О.С. Ахмановаың «лексиканың жүйелі сипаттамасын қамтитын кітап» деп көрсеткен қызметтері және сөздіктің ақпараттық, коммуникативтік, нормативтік қызметтері көрсетіледі. Бұл «сөздік» ұғымының мәнін аша түседі.

Сонымен, сөздік дегеніміз «белгілі бір ретпен (әр түрлі типтегі сөздіктерде түрліше) орналастырылған, сипатталған бірліктердің мағынасын түсіндіретін, олар туралы немесе олардың аудармалары туралы әр түрлі ақпарат беретін сөздер (немесе морфемалар, фразалар, идиомалар және т.б.) бар анықтамалық кітап» [*Большая Российская энциклопедия, 1998, 462 с.*].

Тілдің лексикасын жасау теориясының ережелеріне сәйкес сөздік сөздердің еркін және кездейсоқ жиынтығы емес, тек лексикалық жүйе немесе микрожүйе болып табылатын өнім ретінде саналады. П.Н. Денисовтың пікірінше, «лексикография теориясының идеалы ретінде табиғи іздеу стратегиясын көрсете отырып, қажетті сөзді табуға кететін уақытты едәуір қысқартатын әмбебап сөздік немесе

аспектілі сөздіктер жүйесі (лексикалық жүйенің аспектілері бойынша) болуы мүмкін» [*Денисов П.Н., 1974, 56 с.*].

Әмбебап сөздік ұғымын аша отырып, В.Г. Гак мұндай сөздік тек түсіндірмелі сөздік қана емес, сонымен қатар орфоэпиялық та, этимологиялық та, идеографиялық та, синонимдер мен антонимдер сөздігі де және т.б. сөздіктер де бола алатынын атап көрсетеді. Осындай сөздіктер, сөздің егжей-тегжейлі семантикалық берілуіне және әдетте, түсіндірме сөздіктерде берілетін мәліметтерге қосымша, сөздің әртүрлі мағыналарына синонимдер мен антонимдерді, сөздің этимологиясын, сөздің тіркесімділігін, сөзді қолданудағы қиындықтар туралы ақпаратты, сондай-ақ, әдетте аналогиялық немесе идеографиялық сөздіктерде ұсынылатын мәліметтер келтіреді [*Гак В.Г., 1988*, *120 с.*].

Лексикография теориясындағы басты мәселе сөздіктердің типологиясын жасау болып табылады. Сөздіктердің мақсаттары мен міндеттердегі, әртүрлі адресаттарындағы айырмашылықтар таңдалған нысанды сипаттау тереңдігін, сонымен қатар оны сипаттау әдістемесін, яғни сөздіктің түрін анықтайды. Әлемдік лексикография тарихында сөздіктерге алғашқылардың бірі болып жіктеме жасаған академик Л.В. Щерба болатын. Ғалымның 1940 жылы жазылған «Опыт общей теории лексигорафии» деп аталатын сөздіктердің негізгі типтері туралы еңбегінде лексикография теориясына қатысты бірқатар жіктемелік сипаттағы тұжырымдар жасалған [*Л.В. Щерба, 1940, 114 с.*]. Л.В. Щербаның дихотомиялық жіктемесінің негізіне алты қарама-қарсы түрлері жатады: академиялық типтегі сөздік – анықтамалық сөздік; энциклопедиялық сөздік- жалпы сөздік; тезаурус сөздік – жай (түсіндірмелі немесе аударма) сөздік; жай (түсіндірмелі немесе аударма) сөздік – идеологиялық сөздік; түсіндірме сөздік – аударма сөздік; бейтарихи сөздік – тарихи сөздік.

А.Е. Супрун тілді үйрету мақсатында жасалатын сөздіктерді жіктемеде жеке қарастырып, жоғарыда талданған Л.В.Щербаның жіктемесіне қосалқы топ ретінде жетінші дихотомиялық жұпты қосуды ұсынады: *жалпы сөздік – оқу сөздігі* [*Супрун А.Е., 1978, 43 с.*].

Біз өз зерттеуімізде осы соңғы көрсетілген жіктеменің негізінде оқу сөздіктерін қарастыруды жөн көрдік.

Орыс тіліндегі «учебный словарь» терминіне балама ретінде қазақ тілшілері тарапынан «оқу сөздігі» атауы ұсынылып, қолданылып келеді.

Осы тұ рғыда ғалым Р.Қ. Түсіпқалиева: «Оқу» деген терминді сөздікке қатысты мынандай екі негізгі мәнде қолдануға болады: а) өзбетінше оқып-үйренуге арналған сөздіктің кез-келген типін таңбалау ретінде, ә) ерекше «Лексика оқулығының» атауы ретінде, яғни мұнда әрбір сөзге қатысты оның айқын түсіндірмесі, грамматикалық және стилистикалық сипаты беріліп, негізгі парадигматикалық мінездемелері (тақырыптық жағынан туыс сөздермен байланыс, синонимдер, антонимдер, сөзжасамдық қатарлар, т.б.) мен осы сөздің тілде қолданылуының негізгі ережелері (яғни, осы сөздің синтагматикалық қасиеттері, оның басқа сөздермен грамматикалық және лексикалық тіркесімділігінің ережелері, т.б.) көрсетіледі. Басқаша айтқанда, «лексика оқулығы» бола тұрып, мұндай сөздік оқытудың мақсатына аса қажет сөздерді қалай қолданудың барлық маңызды ережелеріне ие болуы керек» деп тұжырымдаған [*Түсіпқалиева Р.Қ., 2007, 31 б.*].

Отандық лексикограф ғалымдар Р.Қ. Түсіпқалиева [*Түсіпқалиева Р.Қ., 2007*] мен Ж.Т. Байниязовалар [*Байниязова Ж.Т., 2008, 125 б.*] оқу сөздігінің көлемді академиялық, анықтамалық сөздіктерден ерекшелігін айта келе, түсіндірме сөздіктердің негізінен тілді білетін адамға арналып жасалатыны, ал оқу сөздігі тілді үйренуші адамға арналып түзілетініне баса назар аудартады. Алайда, оқу лексикографиясы бойынша негізгі ұғымдарға түсінік берген ресей ғалымдары П.Н.Денисов [*Денисов П.Н., 1974, 255 с.*], Л.А. Новиков [*Новиков Л.А., 1974, с. 8-11*], В.В. Морковкин [*Морковкин В.В., 1988, 81 с.*] тілді оқытуға арналған сөздіктердің бәрі оқу сөздігі болатынын түсіндіреді. Ендеше, ғалымдардың осы пікіріне сәйкес бастауыш сыныптарға арналған сөздіктердің барлығы оқу сөздігі болып табылады. Оқу сөздігінің академиялық сипаттағы жалпы сөздіктерден басты айырмашылығы оның «формасы шағын, бірақ үйретімдік маңызы зор сөздік екендігінде» [*Потиха З.А., Розенталь Д.Э., 1987, 128 с.*] деп бағалаған ғалымдардың пікіріне толық қосыламыз.

Л.А. Новиковтың пікірінше, оқу сөздігінің ерекшелігі, ең алдымен, оның сөз құрамынан және тілдік материалды ерекше және мақсатты іріктеуінен көрінеді. Сөздіктің құрамы мен мазмұны минимум жеткілікті сипатта болу керек [*Новиков Л.А., 1974, 8 с.*]. Осы ойды З.А. Потиха мен Д.Э. Розенталь да айтады: «Характерной особенностью словника учебного словаря является минимизация, так как без ограничения списка слов невозможен учебный процесс. При строгой и разумной минимизации не нарушается функциональное единство и система языка» [*Потиха З.А., Розенталь Д.Э., 1987, 6 с.*].

Оқу сөздігінің келесі ерекше қырын Л.А. Новиков лексикалық бірліктің мағынасын ашумен (семантизациялау) байланыстырады, шетел тілі сөздігінде берілген түсіндірме («минимальды түсіндірме») оқушыларға таныс, түсінікті сөздермен берілу керектігіне тоқталады. Л.А. Новиковтің пікірімен келісе отырып, оны біз өз зерттеуімізде бастауыш сыныптарға арнап сөздік жасаудың міндетті ұстанымы ретінде алдық. Осы туралы А.А. Бондаренко да атап көрсеткен: « ... вот и сами толкования слов... "*Океан – глубоководное пространсво между материками*". Остановитесь на миг и представьте себя 6-7 летним ребенком. Удалось ли вам без затруднений прочитать каждое слово определения? И что вы поняли после чтения» [*Бондаренко А.А., 2000, 28 с.*].

Оқу сөздігінің біз үшін аса маңызды тағы бір ерекшелігі – оның кешенділігі, аралас сөздік болуы. Бұл жерде біз тағы да Л.А. Новиковтің оқу сөздіктеріне талдау жасау негізінде жасалған қорытындысына сүйенеміз: «наиболее эффективным и распространенным типом учебного словаря оказывается комбинированный словарь» [*Новиков Л.А., 10 с.*]. Бастауыш сыныптарға арналған оқу сөздіктері өзіне қарама-қарсы типтегі сөздіктердің де ерекшеліктерін біріктіре алады, мысалы, А.А. Бондаренко мен И.В.Гуркованың «Что это? Кто это?» сөздігінде [*Бондаренко А.А., Гуркова И.В., 1995, 102 с.*] энциклопедиялық және лингвистикалық сөздіктердің белгілері біріктірілген. Бастауыш сынып оқушысына қолданыстағы маңызды да қажетті көптеген сөздіктердің (түсіндірме, этимологиялық, орфоэпиялық, орфографиялық, энциклопедиялық, тарихи, фразеологиялық, т.б.) құнды жақтарын қамтитын бір ғана сөздікті пайдалану тиімді деп ойлаймыз.

Бастауыш сыныптарға арналған оқу сөздігінің белгілерін анықтауда П.Н. Денисовтың «өзара байланысты төрт бағыттағы: лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, семиотикалық жүйеде» сөздіктердің типін ажырату ұсынысына назар аударды қ [*Денисов П.Н., 1974*]. Лингвистикалық параметр бойынша тілдің лексикалық жүйесінің түрлі аспектілері негізінде сөздіктер бір тілді – аударма, *кешенді – аспектілі*, парадигмалық – синтагмалық, семасиологиялық – ономасиологиялық, жиі қолданылатын және сирек қолданылатын (актив – пассив) болып жіктеледі. Жоғарыда айтқандай, біз бастауыш сынып оқушылары үшін кешенді сөздік ыңғайлы деп есептедік. Психологиялық параметр бойынша сөздіктің кімге арналғаны, адресат факторы басты назарға алынады. Оқушының жасына байланысты бастапқы, жалғастырушы буындарға арналған сөздіктер болып ерекшелінеді. Біздің зерттеуімізге қажетті *бастауыш сыныптарға арналған* оқу сөздігінде бұл параметр сөздіктің көлеміне, сөздік бірліктердің берілуіне де, олардың сипаттамасының берілу тәсілдері мен ұстанымдарына да өз деңгейінде әсер етіп отырады. Әлеуметтік параметр бойынша сөздікті пайдаланушының әлеуметтік ортасы, тұратын жері, ұлттық ерекшелігі ескеріліп, шет тілді аудиторияға, басқа тілді аудиторияға арналған сөздіктер болып жіктеледі. Семиотикалық жүйеде сөздің таңбалық қасиеті, метатілдік және символдық жағы ескеріледі. Яғни бастауыш сыныптарға арналған сөздікке қойылатын талаптарда сөздік көлемінің шектеулігімен қатар ірі қаріптегі (шрифт) әріптерді пайдалануды да есте ұстауымыз керек.

Ақпараттық-анықтамалық әдебиеттің ерекше жанры болып табылатын сөздік авторларының оқырманмен қашықтықтан қарым-қатынасының метатілдік жанры ретінде сөздіктің негізгі композициялық және коммуникативті бірлігі *сөздік мақала* болып табылады.

Сөздік мақала – автор мен оқырмандар арасындағы негізгі «байланыс арнасы». Ондағы тілдік сипаттама салыстырмалы немесе адресатқа бағдарланған ұстанымға бағынады. Нақты сөздік ақпаратты қабылдайтын адамның психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қол жетімді, түсінікті, кең таралған және сөздік оқырмандарын шатастырмайтын метатілдік символдау құралдары қарастырылады. Қойылған лингвистикалық міндеттерге сәйкес сөздік оқырманының қабылдау, есте сақтау және т.б. ерекшеліктерін ескере отырып, сөздіктің бүкіл белгілеу, символдық аппараты таңдалады, сөздік тәжірибесінде қолданылатын қаріптер, кестелер, символдар, графикалық кескіндер таңдалып, анықталады.

Бүгінгі отандық және әлемдік лексикографияның тәжірибесінде сөздіктің лексикалық құрамын жасағанда оның белсенді аспектісін күшейту қажеттігіне сәйкес функционалды тәсілдеме қолданылады. Ф.П. Сороколетовтың айтуы бойынша, «наши словари при всех их различиях отличает одно общее для всех качество – они показывали, что то или иное слово значит, но не указывали, как это слово употреблять» [*Сороколетов Ф.П., 1988, 22 с.*]. Белсенді сөздік оқырманның сөзді дұрыс таңдап, оны дұрыс қолдануына ықпал етеді. Сондықтан белсенді сөздікте сөздің формальды-грамматикалық, стилистикалық, сөздің тіркесімділік қасиеттері, оны сөйлеуде қолдану ерекшеліктері туралы мәлімет болуы керек [*Сороколетов Ф.П., 1988*].

Осылайша, функционалдық тәсілдеме аясында сөздіктің негізгі міндеті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашу ғана емес, оларды қолдану ерекшеліктерін таныту, яғни тілді, оның сөздік құрамын тек жүйе ретінде ғана емес, сонымен қатар қолданыс үдерісінде де көрсету.

Сөздік мақаланы функционалды-стилистикалық бірлік ретінде қарастыру тіл мен сөйлеу құралдарын таңдауға мақсатты бағытталған коммуникативтілік пен функционалдылық ұстанымдарына негізделеді, осы функционалды-стилистикалық бірліктің коммуникативті міндеті мен оны белгілі бір «стиль қалыптастырушы» факторлар жиынтығында түсіндіруге негізделген.

Жеке стилистикалық фактордың рөлі сөздіктерде жеке шығармашылықтың, лексикографтардың жаңашылдығының, стильдің ерекше даралылығының көрінісі болатындығынан байқалады.

Сөздік мақалалардың барлық мүмкін құрылымдарының лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтанулық, семиотикалық және стилистикалық түрғыдан сәйкес қасиеттерін біріктіру формальды семантикалық ерекшеліктердің лексикалық сипатына арналған барлық мүмкіндікті «толық қарап шығу» ретінде сөздік жазудың идеалды әмбебап құрылымын алуға мүмкіндік береді [*Денисов П., 1993,217 с.*]. Сөздік мақаласының құрамындағы, семантикасындағы, синтаксисіндегі, стиліндегі ерекшеліктері кез-келген типтегі сөздіктің әмбебап ерекшеліктерінен, яғни оның түріне тәуелді емес қасиеттерінен туындайды.

Қазіргі лексикография теориясында мақаланың әмбебап сөздік жүйесінің келесі компоненттері айқындалған: 1) басты сөз; 2) сөздің формальды сипаттамалары (грамматикалық, орфоэпиялық, орфографиялық және т.б.); 3) сөздің семантикасы; 4) басты сөздің белгілі бір формальды немесе семантикалық ерекшелігін суреттейтін мәтіндерден үзінділер; 5) тілдің лексикалық жүйесінде басты сөздің семантикалық кеңістігіктегі әртүрлі «көршілеріне» сілтемелер; 6) әр түрлі сипаттағы және мақсаттағы анықтамалар [*Денисов П.Н., 1974, 69 с.*].

Лексикографиялық өңдеудің негізгі нысаны болып табылатын басты сөздер (сөздік) сөздік мақала мәтінінің бастапқы бөлігін құрайды. Басты сөздер тізімі (басқа грамматикалық формаларды жасайтын бастапқы формалары мен тәсілдері) сөздіктің сөздігін немесе оның сол (түсіндірілетін) бөлігін құрайды. «Для универсальной структуры словарной статьи заглавное слово есть субъект лексикографического высказывания. Оно связывается с дефиницией, играющей роль предикатива (именной части составного сказуемого), при помощи связки, имеющей очень сложную логическую структуру*» [Денисов П.Н., 1974, 236]*.

Сөздік мақала құрылымының тілдік бөлімі жүйе, код және т.б. ретіндегі тіл туралы сөздікте берілген лингвистикалық идеялармен анықталып ерекшеленеді. Тілдік бөлім формальды-семантикалық сипаттамаларды біріктіреді (синтагматика, яғни тіркесімділік және парадигматика, яғни мағыналары жағынан жақын және қарама-қарсы сөздер).

Бұл лексико-семантикалық нұсқаны нақты қолданудың көрнекі мысалдары мәтіндік лингвистика идеяларымен, сөйлеу әрекетінің теорияларымен, қарым-қатынаста қазіргі заманғы әдістеменің демонстрацияға ұмтылуымен реттелетін сөздік мақаланың сөйлеу бөлігін құрайды. Көркем әдебиеттің, қоғамдық-саяси, ғылыми-танымал және басқа әдебиеттердің мәтіндерінен алынған үзінділер, бір жағынан, жүйелік сипаттамаларын растайтын лексикалық бірліктердің типтік қолданыс жағдайларын көрсетеді, екінші жағынан, сөздің әртүрлі жағдайларда қолданылатын шынайы өмірінің суретін ұсынады.

Тілдегі сөздіктің ең негізгі, орталық типі – түсіндірме сөздік. Түсіндірме сөздіктің негізгі міндеті – сөздердің мағынасын түсіндіру. Сондықтан да лексикографиялық дефиниция (ұғымға берілген түсінік) – сөздік мақала құрылымының бірінші бөлімі. Бастауыш сыныптарға арналған түсіндірме сөздіктің сөздік мақаласы құрамында дефиниядан кейін еркін тіркесімдердің келгені дұрыс деп ойлаймыз. Олардың мақсаты – басты сөздің лексикалық және синтаксистік тіркесімдігін көрсету.

Сөздік мақаланың келесі бөлігінде сөздердің синонимиялық, антонимиялық, тақырыптық т.б. парадигматикалық қарым-қатынастары көрсетіледі. Бұл барлық сөзде бірдей бола бермейтінін ғалымдар өз тәжірибесінен айтып келеді [*Түсіпқалиева Р., 2007, 55 с.*]. Яғни бір сөздік мақалада тіркесімділік молырақ болса, басқасында синонимдік қатар басым т.с.с. болуы мүмкін. Мысалы, *дөрекі* сөзі үшін антоним ретінде *сыпайы* сөзінің сұранып тұратыны заңды, *қалжырау* дегенге *шаршау* синонимі, *қала* сөзі үшін тақырыптық топ – ауыл, село, елді мекен, *өлке* сөзі үшін тіркесімділік – *туған өлке, бөтен өлке т.б.* Осылайша сөздік мақаланың құрылымында әр сөздің көлемді тіркесімділік әлеуеті, айқын антонимдік немесе синонимдік бірліктер қатары, тақырыптық топ қатары т.с.с. көрсетіледі.

Сондай-ақ сөздік мақала құрамында сөздің қандай да бір семантикалық ерекшеліктерін даралап көрсету мақсатында сөздік авторларының құрастырған сөйлемдері немесе қоғамдық-саяси, ғылыми көпшілік және көркем әдебиеттерден мысалдар беріледі.

Бастауыш сыныптағы жаңартылған білім мазмұны әр сынып бойынша 8 ортақ тақырыппен берілген. Сөздікке енетін лексикалық минимум осы ортақ тақырыптар бойынша берілсе, сөздікті пайдаланудың әдістемелік тиімділігі жоғары болады. Себебі бұл сөздікті жүйелі пайдалануға мүмкіндік туғызумен қатар сөздік минимумның әр сыныптағы ортақ тақырыптар бойынша сыныптарға бөлінуі өз ішінде сөздіктер жүйесін құрайды. Кейде бір сыныптың «Қазақ тілі» оқулығында кездескен түсініксіз сөз келесі сыныптағы басқа ортақ тақырыптарда қайталанып келуі мүмкін. Осы жағдайда градуалданған сөздік ретінде қайталанған сөздерге берілген сөздік мақаланың мазмұны мен құрылымы күрделеніп және алдыңғы мақаланы өзіне ядро етіп алады. Мысалы, *асыл* сөзі 2-сыныптағы «Менің отбасым» ортақ тақырыбында және 3-сыныптағы «Атақты тұлғалар» ортақ тақырыбында да беріледі. 2-сыныпта мәтіндегі мағынасын түсіндіру бағытында ақпарат берілсе, 3- сыныпта осы мәліметке қоса көпмағыналы сөз ретінде, омонимдік қатармен және тұрақты сөз тіркесінің құрамында толықтырылады.

Бастауыш мектепте тұрақты сөз тіркестерін игеру – біртіндеп жүретін ұзақ үдеріс. Олардың белсенді сөздікте болуы сөйлеуге ерекше айқындық, дәлдік, бейнелік береді, бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісін, көшбасшылығын кеңейтеді.

Ортақ тақырыптар бойынша берілген лексикалық минимум өз ішінде әліпбилік ретпен түзіледі, бұл оқушыларға сөздерді оңай табуға көмектеседі.

Оқу лексикографиясының алғашқы теоретиктерінің бірі, көптеген сөздіктердің авторы, американдық ұлы педагог әрі психолог Э.Л. Торндайк сөздікті тілді оқытудың айрықша маңызды құралы санаған. Автордың пікірі бойынша, оқу сөздігі оқушыларға ғылымдағы бүкіл өткен білімді ашып көрсетумен қатар оны дидактиканың ең маңызды екі талабына сай жүргізуімен құнды. Біріншіден, ол оқырманға дәл қазір қажеттісін үйретеді, екіншіден, оқырманның алдағы өміріне қажетті дағдыларды қалыптастырады *[Айдарова Л.И., 1966, 26 б.]*.

Тілді оқытуда сөздікті қолданудың артықшылықтары көп. Кеңес одағы кезінде Педагогикалық ғылым академиясының қызметкерлері жүргізген тәжірибеде бастауыш мектептің оқушылары Ожеговтың түсіндірме сөздігімен жұмыс жасап дағдыланған. Нәтижесінде оқушылардың ана тілі бойынша білімдері күрт жоғарылаған. Олардың логикалық ойлау дәрежесінің де өскендігі байқалған .

Көпшілікке арналған жалпы сөздікті пайдаланғанда осындай нәтижелерге қол жеткен болса, оқыту үдерісінде пайдалану үшін арнайы жасалатын сөздіктерді қолдансақ, қандай нәтижелерге жетер едік. Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларына арналған сөздік дайындау кезек күттірмейтін мәселе.

Қорытынды

Сонымен, оқу сөздігі адресаттың жас, білім және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді әдістемелік тәсілдер қолданылып, оқыту мақсаттарына бейімделген болады.

Оқу сөздігін түзуде төмендегідей принциптер көзделуі тиіс:

1. адресатқа бағытталуы
2. стандартқа сәйкес болуы
3. шағын, нақты болуы
4. қарапайым, көпшілікке түсінікті болуы
5. ақпаратты толық қамтуы
6. пайдалануға тиімді болуы және сипаттау, семантикалық жақтан бірлікте болуы керек.

Сөздіктің атқаратын қызметіне, түрі мен қабылдаушысына (адресат) қарай сөз туралы ақпараттың көлемі мен сипаты, сөздіктегі мақаланың құрылымы мен бөлшектері, сөз бен оның мағынасын сипаттаудың тәсілдері мен құралдары анықталды. Осылайша бастауыш сынып оқушыларының сөздік пайдалану білігін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілеріне негіздеп, эксперименттік оқытуда бастауыш сыныптың «Қазақ тілі» оқулығындағы қиын сөздер бойынша құрастырылған кешенді оқу сөздігін пайдалануды көздедік. Тәжірибелік жұмыстың мазмұны мен нәтижелері бөлек мақалада қарастырылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. –Астана, 2018. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989
2. Қалиұлы Б. Сөздік // Қазақ тілі (энциклопедия). –Алматы: Ғылым,1998. – Б. 354- 355.
3. Тіл білімі сөздігі. – Словарь по языкознанию. – Алматы: Ғылым,1998. -792 б.
4. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. –Алматы: Ғылым, 2002.– 368 б.
5. Языкознание. Большой энциклопедический словарь / Гл. Ред. В.Н.Ярцева. -2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – 685 с.
6. Денисов П.Н. Очерки по русской лексикологии и учебной лексикографии. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1974. – 255 с.
7. Гак В.Г. Проблема создания универсального словаря (энциклопедический, культурно-исторический и этнолингвистический аспекты) // Национальная специфика языка и ее отражение в нормативном словаре: Сборник статей / -М.: Наука, 1988. – с. 119-125.
8. Л.В.Щерба. Опыт общей теории лексигорафии // Известия АН: Отд. Литературы и языка. 1940. –Вып 3. – с. 114-117.
9. Супрун А.Е. Некоторые свойства учебного словаря и словарь для обучающего // Проблемы учебной лексикографии и обучение лексике. – М.: 1978. – 185 с.
10. Түсіпқалиева Р.Қ. Қазақ лексикографиясы: екітілді шағын сөздіктердің құрылымы: фил. ғыл. к. ...дисс. – Астана, 2007. – 125 б.
11. Байниязова Ж.Т. Қазақ лексикографиясы: біртілді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері. фил.ғыл.канд.... дисс. – Астана, 2008. – 125 б.
12. Новиков Л.А. Учебные словари, их специфика и типы // Русский язык в национальной школе. -1974, -№1. – С. 8-11.
13. Морковкин В.В. О градуированной серии учебных полиаспектных словарей // Актуальные проблемы учебной лексикографии / Отв. ред. В.В.Морковкин.– М., 1988. –с 81-82.
14. Потиха З.А., Розенталь Д.Э. Лингвистические словари и работа с ними в школе. М: Просвещение, 1987. – 128 с.
15. Бондаренко А.А. Словари на уроке // Начальная школа.-2000.-№1.–С.27-33.
16. Бондаренко А.А., Гуркова И.В. Кто это? Что это? Словарик русского языка для младших школьников в картинках. – Новосибирск: Педуниверситет, 1995. – 102 с.
17. Сороколетов Ф.П. О словаре современного русского литературного языка // Национальная специфика языка и ее отражение в нормативном словаре: Сб статей / Ин-т рус.яз.; Отв. ред. Ю.Н.Караулов. –М.: Наука, 1988. – С. 20-24.
18. Денисов П.Н. Структура словарной статьи // Лексика русского языка и принципы ее описания. -2-е изд., перераб. и доп. – М.: Рус. яз., 1993. – С. 216-227.
19. Айдарова Л.И. Формирование лингвистического отношение к слову у младших школьников. Автореферат канд. дисс. филол. наук. – М., 1966. -26 с.

Рахимбаева Гаухар Кинаятовна,
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті,
Өскемен қ., Қазақстан,
e-mail: grk_15mail.ru

Байбатанова Фарида Ильясовна,
аға оқытушы,
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті,
Өскемен қ., Қазақстан,
e-mail: farida.iliasovna@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ, КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛІЛІК СИПАТЫ

Аңдатпа. *Мақала Әл-Фараби өлеңдерінің тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік сипатын пайымдауға арналған. Әбу Насыр әл-Фараби ойшыл, данышпан, ғалым болумен қатар, бірнеше тілді еркін меңгерген полиглот, музыкант әрі ақын болған адам. Ғұламаның кейбір замандастары оны ақындардың төресі, шебері ретінде бағалаған. Өкінішке орай ақынның өз ой-пікірлерін бірден дәптерге түсірмей, жеке-жеке беттерге жазып қалдыратын әдеті болғандықтан, шығармалары бүгінгі таңға толық жетпеген. Қолда бар өлеңдерінде ақын заман, қоғам, туған жер, оған деген сағыныш мәселелерін жырлаған. Сонымен қатар, қорлық, зорлық-зомбылық мәселелерін де жырларына арқау ете отырып, өз өмірін сол кездегі қоғаммен тікелей байланыстырып суреттейді. Мақалада ақын өлеңдеріндегі теңеулер мен эпитеттердің, метафоралардың қолданылу сипатына талдау жасалып, көрнекті ғалымдардың пікірлері теориялық негізге алына отырып, өзіндік пайымдар жасалып, ойлар түйінделеді.*

Кілт сөздер: *ақын, поэзия, тақырып, идея, көркемдік құралдар, теңеу, айқындау, ауыстыру, тәсіл, өлең.*

Резюме. *Статья посвящена актуальным вопросам тематико-идеологического и художественно-образного мировоззрения в стихотворениях аль-Фараби. Абу Наср аль-Фараби был мыслителем, гением, ученым, полиглотом, музыкантом и поэтом. Некоторые современники ученого ценили его как яркого представителя и мастера поэтического творчества. К большому сожалению, у поэта была привычка оставлять свои мысли на отдельных листках, а не записывать в одну тетрадь, поэтому его произведении полностью не сохранились. В дошедших до наших дней стихотворениях можно проследить, что поэт воспевал свое время, общество, родину и тоску по ней. Наряду с этим, он также затрагивал проблемы насилия и унижения в обществе, и описывал свою жизнь в прямой связи с действительностью той эпохи. В данной статье анализируется использование и значение в стихотворениях аль-Фараби выразительных художественных средств: эпитетов, сравнений и метафор. На основе мнений видных ученых, взятых за теоретическую основу, обобщены собственные идеи и мысли.*

Ключевые слова: *поэт, поэзия, тема, идея, художественные средства, сравнение, эпитет, метафора, метод, стихотворение.*

Summary. *The article is devoted to the actual issues of thematic-ideological and artistic-imaginative worldview in the poems of al-Farabi. Abu Nasr al-Farabi was a thinker, genius, scholar, polyglot, musician and poet.Some contemporaries of the scientist valued him as a bright representative and master of poetic creativity. Unfortunately, the poet had a habit of leaving his thoughts on separate sheets, rather than writing in one notebook, so his works have not been fully preserved. In the poems that have come down to our days, we can see that the poet sang of his time, society, homeland and longing for it. Along with this, he also touched on the problems of violence and humiliation in society, and described his life in direct connection with the reality of that era. This article analyzes the use and meaning of expressive artistic means in al-Farabi's poems: epithets, comparisons and metaphors. Based on the opinions of prominent scientists, taken as a theoretical basis, their own ideas and thoughts are summarized.*

Key words: *poet, poetry, theme, idea, artistic means, comparison, epithet, metaphor, method, poem.*

Дүниежүзілік әдебиет пен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің әдеби мұрасы туралы көптеген еңбектер жазылып келеді. Әл-Фараби ғалым ғана емес, табиғи талантты ақын да болған адам. Оған бүгінгі таңға толықтай жетпесе де, қолымызда бар өлеңдері дәлел бола алады. Ақын өлеңдерінде туған жері, оған деген сағынышы, өзінің өмір жолы және тағы да басқа мәселелерді жырлап, көркемдегіш құралдарды шебер қолданған. Ақын өз туындыларында ой еңбегінің ауырлығын, оның өзіндік қиындықтары, тақсірет, тауқыметтері, бейнеті мен мехнаты, теперіші

мен құқайының көп болатынын жырлай отырып, данышпандық пен кемеңгерліктің, ойшылдықтың жолында еткен еңбегін, күш-қайратының, шыдамдылығының арқасында қол жеткізген жетістіктерін жырларына арқау етеді. Өз өмірінің тәлкекке ұшырағанын айта отырып, оны өзі өмір сүрген заманмен, қоғаммен тығыз байланыста жырлайды.

Поэзияның көркемдігін танытатын көрсеткіштердің ішіндегі ең көрнектісі– бейнелеу құралдары боп табылады. Көркемдегіш құралдар белгілі бір халықтың сөз байлығына орай пайда болып, уақыт өткен сайын толығып, молаяды. Бейнелеу құралдарының ажарлау, айшықтау, құбылту деп. жіктеліп, теңеу, айқындау, метафора, метонимия, қайталау, дыбыстық қайталаулар деп. Көптеген мағынада қолданыс табатыны белгілі.

Соның ішінде поэзияда аса көп қолданылатын көркемдегіш құралдардың бірі – теңеу. «Теңеу– құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Теңеуде салыстыру тура, айқын көрінеді. Нені және немен салыстырғаны анық болады» [Әдебиеттану терминдерінің сөздігі, 1996, 198 б.].

Әл-Фараби өлеңдерінде теңеулер өзіндік қолданысын тапқан. Мысалы:
Тіршілікте *құрыштай* бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды ешуақытта жазғырма
Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған…[Келімбетов Н., 2011, 56 б.].

деп, өмірде қанша қиындыққа тап болсаң да, оған төтеп беріп, болашақтан күдер үзбей, тек алдыға ұмтылу керектігін айтып, оптимистік рухта жазылады.

Ақын поэзиясындағы теңеулердің бірқатары *секілді, сияқты, сынды* деген көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалған. Мысалы:
Кері орал май жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасна кіз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм *сықылды* тез суып, тез ысынар…[Қойлыш Ж., 2011, 5 б.].

деп, бір сәт өмірдің сыныптай сырғып өте жылдам стіп жатқандығын бағдарлап, түрлі ақымақтыққа жол бермей, өмірді мәнді де сәнді, мағыналы өткізуге шақырады. Түптеп келгенде ақын поэзиясында көрініс тапқан теңеулер адамдардың бітім-болмысын, іс-әрекетін көрсетуде қолданылады, сонымен қатар, өмірде қанша қиындық көрсең де, жасымай, керісінше, жігерлі бола түсуге үндейді.

Әл-Фараби өлеңдерінде ажарлаудың келесі бір түрі – айқындау көп қолданыс тапқан. «Айқындау – поэзия тілінің мәнерлілік құралы. Заттардың, құбылыстардың не іс-қимылдың ерекше белгісі мен қасиетін даралап көрсетеді» [Кравцов Н., 1985, 303 б.].

Айқындаудың жиі қолданылу себебі, біріншіден, «барлық көркемдік құралдардың ішінде ең көп таралғандығынан, әрі негізгі бейнелеуіш құралдардың бірі болғандығынан. Эпитетсіз көркем образ сомдау мүмкін емес» [Поспелов Г., 1978, 67 б.].

Қашықтасың туған жер – қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен,
Қанатым талды менің,
*Шаңқыт жол*ға сарылып қарауменен...

деп ақын туған жерден алыста жүрген кездерінде еліне жетер сәтті аңсап, сағынып жүретінін, туған жерінің өзіне күш-қуат беріп, жігерлендіретінін, одан сәл алыстап кетсе, сағыныш сезімінің үдеп кететінін барынша нанымды жеткізген.

Тамылжып *бал тыныштық* айналамнан,
Тылсым түнге құшағын жайған далам.
Мен жатырмын үйқысыз жапа-жалғыз,

Жанымды ой жарығы аймалаған.
Аққан жұлдыз құласа кейде егер,
Сенің *нұрлы бейнең* болып кеудеме енер,
Әлдеқайда ғайыптан ынтызар ғып,
Өміріме бір *ғажап сәуле* берер...

деп, туған жердің тамылжыған табиғатын суреттей келе, тыныштық сыйлар түннің өзінде де жанының жай таба алмағандығын, ойға шомғандығын, ақыл-ой еңбегінің ауырлығын айта келіп, сондай сәттерде туған жерге деген сағынышының жанына сәуле беретінін мөлдіретіп жеткізеді. Туған жерін нұрлы бейне, ғажап сәуле ретінде береді.

Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең,
Сезініп мен деміңді гүл атқанмен.
Оның өзі бір-ақ сәт...содан кейін,
Мұңды әуенді жалғаймын бірақ та мен...
Өрге жүзген *өнегелі іс*імен,
Таңда *адал дос* теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек чалма оған алданып...

деген шумақтарда өмірде дос таңдауда сақ болудың қажеттігін ескертеді. Көптің бәрі шын дос емес екендігін саралап, адал достың адам өміріндегі орнын байыптайды.

Ей, қарындас! Қашыңдар *жалған жол*дан,
Ақиқатты шығарма әсте қолдан.
Бұл дүние мекенің сыйға берген,
Жер нүктеге телміріп болта алаң.
Біз бір мейман бұл жайда аз-ақ күндік,
Болымсызға таласып күн өткіздік,
Анталасып аптықпа *тар қапасқа*,
Адамға әлем мекне ол мәңгілік... [Машанов А., 1994, 26-б.].

деп, өмірде өтірікке жоламауды, одан аулақ болуды баса айтып, шындық пен әділеттілікті әрдайым өмірлік ұстаным етюді ұсынады. Адамның бұл өмірге қонақ екеніне, өмірдің өткінші екендігіне баса назар аударып, барынша адал еңбектеніп, әділ өмір сүруді уағыз етеді.

Бәйітім менің кәдеңе сенің жараса,
Нұр сәуле одан тапқаның.
Ұға алмасаң, ғақлия,
қараңғыда мәңгілік
Көзіңді жұмып жатқаның
Қысыр сөз бізге не керек
Әбден мезі кетсе де.
Нәсіп болған дәмімді
Әлі де татып келемін...[Дербісәлиев Ә.,1995, 37 б.].

деп, өз өлеңдерінің адамзаттың кәдесіне асуын, кеуделеріне сәуле боп құйылуын тілеп, көпшіліктің бос әңгімемен, білімсіздік пен надандықта өмір кешпей, жарыққа ұмтылуларын қалайды.

...Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бейопа мына заманда,
Бақұл боп кетер адамда...
Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне,
Қайыспай түрса *нар тұлға*.

Сонда да беріп кетеміз,
Жүректің отын молында.
Арманды аңсап өтеміз,
Біз *ұлы мұрат* жолында...

деп, өмірдің өткінші әрі алдамшы екенін, дүниенің қызығына түспеу керектігін айтып, опасыз заманда адамның кез-келген уақытта о дүниеге аттануы мүмкін екендігін ескертіп, барлық қиындықтарға төтеп беруді, қайыспай қарсы тұруды насихаттайды.

Ғалым Б.Ш. Абылқасымов «Специфическое употребление тех или иных эпитетов зависит и от многих других обстоятельств, кроме этнических, например, от обычаев и традиций, миропонимания, хозяйственного уклада жизни народа и пр. Кроме того в эпитетике каждого жанра имеются свои особенности»,-дейді [Абылкасымов Б., 1984, с. 86].

Яғни, ғалым эпитеттердің әр халықтың дәстүріне, дүниекөзқарасына орай туындайтындығын баса көрсетеді. Сонымен, талдауға алынған айқындауларға қарай отырып, оның функциясының көпқырлылығын аңғаруға болады, соның ішінде, туындыларда, әсіресе «танымдық, идеялық- эмоциялық және эстетикалық қызмет» айқын көрінген [Кравцов Н., 1985, 87 б.].

Демек, эпитеттер – өткеннің белгісі, айқын айғағы, ол тарихымызды, мәдениетімізді, тұрмыстіршілігімізді танып білуге және де белгілі бір мөлшерде поэзияның даму кезеңдерін, поэтикалық тілін айқындауға мүмкіндік тудырады. Әрі халықтың дүниекөзқарасын, ақиқат құбылыстарға берген өзіндік бағасын, сезімін, талғам-талабын танытады.

Ақын поэзиясында теңеу, айқындаудан басқа да бейнелеу құралдары оның көркемдік шеберлігін танытуда ерекше роль атқарады. Мәселен, белгілі құбылыс арқылы екіншісін түсіндіруде, оның табиғатын ашып көрсетуде ауыстырулар шебер қолданылған.

«Бейне», «бейне бір», «теңі» сөздері арқылы жасалған метафоралар тек ауыз әдебиетінде ғана емес, тарихи әдебиетте де жиі кездеседі»,- дейді Қ.Жұмалиев [Жұмалиев Қ., 1982, 36 б.]. Мысалы:

Жайнаған *бейне* бір гүл әлем сыры,
Құбылған мөлдір нәзік гауһар нұры,
Даналар талай нысан таққанымен
Тапқан жоқ тектер тегін әлі бірі…[Сүйіншәлиев Х., 1997, 92 б.].
...Жұрт кілең күнін көп қызық,
Жіберер зая өткізіп.
Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтай *бейне* тартылған... [Келімбетов Н., 2011, 63 б.].

деген үзінділерде ауыстырулар өмірдегі сан алуан мәселелерді жеткізуде өзіндік қолданысын тапқан. Сайып келгенде, ауыстырулар кейіпкерлер бейнесін ашуда, сөздің әсерлілігін арттыруда ерекше шеберлікпен қолданылған.

Өкінішке орай, ақынның барлық өлеңдері бірдей бүгінге жетпеді. Алайда қолда бар мұраларынанақ оның биік ақындық парасаты, талғамы, үлкен шабыты, терең ойы айқын байқалып, ақындық қасиетінің жоғары деңгейде болғандығын анық көрсетеді әрі өз заманында оның аса дарынды, асқан білімдар, білікті, теорияға да жетік, табиғи талантты ақын болғандығын танытады. Ақын өлеңдерінде сезім мен ой қатар келіп, кейде сезім, кейде ой басым түсіп жататын кездері де болады. Әл-Фараби өлеңдеріне дидактикалық сарын тән, алайда ол құр үгіт-насихат емес, асқақ әуен, өршіл рухқа толы, лириканы да қамтитын, адамзаттың ішкі дүниесіне әсер ететін байсалды да байыпты, салмақты жырлар. Ақын жырларында өмірдің өткіншілігі, жалғандығы сөз етіліп, қысқа ғана өмірді мәнді де мағыналы өткізуге, қараңғылық пен надандықтан аулақ болуға, қиындық туған кездерде оған төтеп беретіндей жігерлі болуға үндейді, яғни оның өлеңдерінің оптимистік қыры басым. Ақын поэзиясындағы көркемдегіш құралдардың барлығы дерлік образ жасауға, Адам, қоғам бейнесін ашуға қызмет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. –240 бет
2 Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері.- Алматы: Раритет, 2011.- 432 бет

3 Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым «Екінші ұстаз» Әбу Насыр Әл-Фарабиге дейін // Әбу Насыр Әл-Фараби(870-950).- Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы.-2011.- № 17 (29).- 25 бет
4 Кравцов Н.И. Сербскохорватский эпос.- Москва: Наука, 1985.-355 с.
5 Поспелов Г.Н. Теория литературы.-Москва:Высшая школа,1978.-351 с.
6 Әбу-Насыр Әл-Фараби өлеңдері жинағы. https: // www. zharar. Com / tags / Әл+Фараби+өлеңі
7 Машанов А. Әл-Фараби және Абай.-Алматы: Қазақстан, 1994.- 192 бет
8 Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-философиялық зерттеу).- Алматы: Рауан, 1995. -32-бет
9 Абылкасымов Б.Ш. Жанр толгау в казахской устной поэзии.- Алматы: Наука, 1984.-120 с.
10 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы.-Алматы: Мектеп, 1982.-364 бет
11 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық.-Алматы: Санат, 1997.-928 бет

Сабирбаева Феруза Эргалиевна,
2-ші курс PhD докторанты,
жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасы,
филология және әлем тілдері факультеті,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Бектемирова Сауле Бекмухамедовна,
ф.ғ.к., доцент м.а.,
жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасы,
филология және әлем тілдері факультеті,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы қ., Қазақстан

ТІЛДІК ВАРИАТИВТІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Түйіндеме. *Қазіргі тіл білімінде тілдік вариативтілік мәселесі терминологиялық бірізділіктің жоқтығынан қиындыққа ұшырауда. Өйткені «вариативтілік» термині және басқа да туыстас терминдер («өзгерушілік»,«вариант», «вариация») алғашқыда лингвистикалық емес, жалпы ғылыми лексикаға жататындығында болып отыр. Вариативтілікті галымдар әртүрлі түсіндіреді: «жартылай өзгерушілік», «түр өзгертуге деген қабілет», «түр өзгерту процесі» және т.б. Вариативтілік құбылысын түсіндіруде тіл мамандары оның теориялық анықтамасының шығуын гана емес, сонымен қатар, сол құбылысты түсіну ауқымында да бір шешімге келе алмай отыр. «Вариативтілік» және «варианттылық» терминдері синоним ретінде қолданылады. Варианттылықты тар мағынада қарастырганда, орфографиялық, морфологиялық, сөз жасам, синтаксистік варианттарды айтады. Ал варианттылықты кең мағынада қарастыратын болсақ, онда ол ұлттық-мемлекеттік тіл варианттары, сол тілдің территориалды диалектілері, социолектінің әртүрлі түрлері (жататын әлеуметтік тобына, мамандығы, қызығушылықтарына қарай), сонымен қатар, жасы мен жынысымен байланысты сөйлеу ерекшеліктерін айтады.*

Кілт сөздер: тіл жүйесі, тілдік вариативтілік, инвариант, вариант.

Сабирбаева Феруза Эргалиевна,
PhD докторант 2-го курса,
кафедра общего языкознания и европейских языков,
факультет филологии и мировых языков,
КазНУ им аль-Фараби

Бектемирова Сауле Бекмухамедовна,
к.ф.н, и.о.доцента,
кафедра общего языкознания и европейских языков,
факультет филологии и мировых языков,
КазНУ им аль-Фараби,
г. Алматы, Казакстан

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОЙ ВАРИАТИВНОСТИ

Аннотация. *В современном языкознании проблема языкового вариативности осложняется терминологической неоднозначностью. Это обусловлено тем, что термин «вариативность» и другие родственные термины (варьирование», «вариантность», «вариация») не являются изначально лингвистическими и принадлежат к общенаучной лексике. Вариативность определяется учеными по-разному: «частичная изменчивость», «способность к видоизменению», «процесс видоизменения» и т.д. Трактовка явления вариативности лингвистами различается не только по своим исходным теоретическим установкам, но и по широте понимания самого явления. Термины «вариативность» и «вариантность» обычно употребляют синонимично. Рассматривая вариантность в узком смысле, говорят об орфографических, фонетических, морфологических, словообразовательных, синтаксических вариантах. Имея в виду вариантность в более широком понимании, рассматривают националь-*

но-государственные варианты языка, территориальные диалекты в рамках того или иного языка, различного рода социолекты (по социальной принадлежности, по профессии, по интересам), а также речевые особенности, связанные с различиями в возрасте и поле.

Ключевые слова: *система языка, языковая вариативность, инвариант, вариант.*

Sabirbaeva Feruza Ergalievna,
2nd year PhD student,
The department of general linguistics and European language,
Philology and world languages faculty,
Al-Farabi Kazakh National University

Bektemirova Saule Bekmukhamedovna,
cand.sc., associate professor,
The department of general linguistics and European language,
Philology and world languages faculty,
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

THE PROBLEMS OF LANGUAGE VARIABILITY

Annotation. *In modern linguistics, consideration of issues of linguistic variation is complicated by terminological ambiguity. This is due to the fact that the term «variability» and other related terms («variation», «variation», «variation») are not initially linguistic and belong to general scientific vocabulary. Variability is determined by scientists in different ways: «partial variability», «ability to modify», «process of modification», etc. The interpretation of the phenomenon of variability by linguists differs not only in their initial theoretical principles, but also in the breadth of understanding of the phenomenon itself. The terms "variability" and "variance" are usually used synonymously. Considering variation in the narrow sense, one speaks of spelling, phonetic, morphological, derivational, syntactic variants. Bearing in mind the variability in a broader sense, they consider national-state language variants, territorial dialects within a given language, various sociolects (by social affiliation, by profession, by interests), as well as speech features related to age differences and field.*

Key words: *language system, language variability,invariant,variant.*

Introduction

Language is the totality of varieties, taking into account geographical, social and other stratifications, and the general heterogeneity of the language system is undeniable, therefore variability is an important linguistic phenomenon and requires careful study; questions: what is an option and options; Is it always necessary to have an invariant; whether the concept of a variant is the same for different levels of a language system; when there comes a limit to the variation of the elements of the language in which the divergence of variants arises, which applies both to the divergence of semantic variants of a poly-semantic word, and to variants of the grammatical form, and to the development of variants of the language system as a whole, and even to the appearance of different languages based on the once unified language.

The concept of variability was first introduced by F. de Saussure and characterizes the sign as one of its properties – the desire for changing. In the future, this linguistic phenomenon has been successfully studied by all areas of linguistics in relation to one or another level of the linguistic system. Variability, as a fundamental property of the linguistic system, has received very wide coverage in the works of both domestic and foreign linguists. Nowadays, there is a huge number of works devoted to the study of the essence of this linguistic phenomenon, its nature, types, criteria for selection and functioning. However, at the beginning of the 20th century, the concept of linguistic variability was not at the center of the study of those language questions placed by linguists: the essence and nature of the language, the interaction of the language and society, the structure of the language, the relationship between the plan of expression and the plan of content, etc. Several attempts were made to transfer principles, methods of dividing, as well as identification of invariants and variants from one level to another. However, since the concepts of invariant and variant lay on different planes – in terms of content and in terms of expression, scientists were asked to develop separately the concepts of variability and

variant for each language level, which was first presented as a variant-invariant approach based on phonology material in the framework of the Prague Linguistic club.

Phoneme in the theory of Trubetskoy N.S, the founder of phonology, is an abstract unit (unit of language) and is opposed to sound as a specific unit (unit of speech). In speech, a single phoneme (invariant) can correspond to several realizations – variants. Thus, according to the Prague structuralists, language is invariant, and speech is variable.

In the works of linguists on general linguistics, the phenomenon of linguistic variability includes a variant as a changing entity, which is directly related to the invariant as an unchanging unit. Variants usually mean different manifestations of the same entity, for example, modifications of the same unit, which, with all changes, remains by itself. An invariant is an abstract designation of one and the same entity in distraction from its specific modifications – options.

Specialists in the theory of language see the reasons for the existence of variant forms of the same linguistic unit in the fact that variability is understood as a characteristic of any linguistic variability, which can be the result of evolution, the use of different linguistic means to denote similar or the same phenomena. At the same time, variability is a characteristic of the mode of existence and functioning of units in synchronism [Yartseva V.N., 2000, c. 80].

The terms used in linguistics: “variability”, “variation”, “variability”, “variant” are often used differentially, denote several different concepts, and for this reason have been repeatedly specified. The grounds for clarification of these terms are, firstly, the presence in the language of individual varieties – geographical options, dialects, functional types, genre-style types of language, etc.; secondly, parallel functioning in a language in one or more of its varieties close in content or in design of units of different language levels (phonetic, lexical, grammatical).

The variability of language in the historical plan is a consequence of language evolution, contacts of languages and dialects, the interaction of numerous and diverse intra-systemic factors. The prerequisites of variability are laid down both in the system itself and in specific socio-historical forms of its existence [Podstrakhova A.V., 2003, c. 68].

Variability is defined as 1) the idea of different ways of expressing a linguistic essence as its modification, variety or as a deviation from a certain norm; and as 2) a term that characterizes the way of existence and functioning of language units and the language system as a whole [Solntsev V.M.,1984, c. 34].

Variability is a fundamental property of the language system and the functioning of all units of the language, which is characterized by the concepts of «variant», «invariant», «variation».

In the first understanding of variability, only the concepts of “variant” and “variation” are used, that is, what is being modified is understood as some kind of model, standard or norm, and the variant as a modification of this norm or deviation from it.

In the second understanding, the term “invariant” and the opposition variant / invariant are introduced. Variants are understood as different manifestations of the same essence, for example, modifications of the same unit, which, with all changes, remains by itself. An invariant is an abstract designation of one and the same entity (for example, one and the same unit) in distraction from its specific modifications – variants. Variability pervades the whole language, its system and its implementation in speech and it is an ontological and universal property.

The general and particular problems of language variability have been studied for a long time. One of the foundations of the science of variantology is the theory of word identity, the formation of which dates back to the 1940s of the XX century, when V.V. Vinogradov first put forward the concept of the word form, based on the awareness of the identity of the word in the presence of differential signs of its use. In the 1950s Smirnitsky A.I. and Akhmanova O.S. formulated the basic concepts of variability and carried out a systematic description of word variants of the Russian literary language. Later this theory continued to be developed by a number of researchers who analyzed the following questions*: types of word variants, differentiation of word variants and related phenomena; lexicography of variant units; «word-formation» variation of the word; theory of linguistic norm and questions of practical normalizing activity.*

The theory of word variability was significantly supplemented by the development of such dialectologists as Aryanova V.G, Barannikova L.I, Gakk V.G, Golovina E.D, Bloch M.Ya., Domashnev A.I. and others.

It is often noted that «free treatment of such conceptually important concepts as «variant», «variation» interferes with a common understanding and unified assessment of linguistic facts, especially the status of lin-

guistic units». Often, the different use of the terms "entails significant discrepancies that reflect unequal criteria for identity and difference."

In addition, ambiguously interpreted terms, whose definitions are already defined in linguistics. For example, Devkin V.D. believes that the term "lexical-semantic variation" is used in linguistics contrary to the well-founded understanding of variation as "a slight modification of the form with a common sense". Solntsev V.M. also opposes the use of this term, who notes that it is more advisable to consider that "new lexical meanings are not variants of the original and are not with it with respect to variation. They seem to accumulate in the word and overlap each other".

Despite foreign and Russian scientists, there were attempts of Kazakh linguists to make give the definition of variation and the notion of variant. For example, in the linguistic dictionary the variation is defined as «fundamental and universal peculiarity of the language and language units, providing its functioning and storage. Every unit of the language is unchangeable, it exists in the form of different variants6 the language itself exists in the form of territorial, social, stylistic, functional and other variants» [Suleimenova E.D., 1998, c. 81]

A great contribution to the study of variation was made by scientists, such as A.D. Schweitzer, who studied the variability of the system of British and American English, B. Karchu, who considers the system of modern English in the form of concentric circles – internal, external and expanding, and interest in the social differentiation of language, one of the central problems of modern sociolinguistics, appeared in the works of Derzhavina K.N, Zhirmunsky N.M, Karinsky B.A, Larina B.A, Polivanova E.D, Selishcheva A.M., Sergievsky N.V., Yakubinsky L.P. and other scientists.

In his article «On the problem of social differentiation of language» Schweizer A.D. considers linguistic variation, revealing this concept through the interaction of different sectors of society with each other. He believes that the connection of the social structure with the variability of the structure of the language should be considered taking into account all the elements derived from class structures – social strata, professional, cultural and other groups, up to primary groups (small groups). Mandatory accounting is subject to the impact on the language of the elements of sociocultural and socio-psychological systems – social norms, attitudes, incentives, motivations, orientations, mechanisms of social control.

Significant adjustments to the overall picture of the social differentiation of the language are made by integrated and "functionalized" elements of non-systemic formations (for example, age, gender, ethnic, territorial differentiation). The scientist believes that, like the social differentiation of society, the structure of the social differentiation of language is a multidimensional formation that exists in several dimensions. And this structure is characterized by the opposition of two planes of conditioned variability of the language – *stratification and situational.*

Stratification variability is associated with the social-class structure of society, with its division into classes, social strata and social groups. In this case, the basic unit of analysis is the language groups – the totality of socially interacting individuals who discover the commonality of the systems used. At the same time, the concept of a language collective covers both large and small communities (from a nation to a small group).

Differentiation of variants means the appearance of systemic differences in the nomenclature and use of language units of various levels within the framework of a particular language variant. Language, having become a means of communication in a non-native language environment, objectively adapts to the new cultural and linguistic environment. At the same time, a large number of borrowings, transliterated forms from the native language appear in the vocabulary. Scientists argue whether this process can be characterized as positive, as the erosion of the language norm occurs.

The complexity of the processes of linguistic variation and the interaction of languages in the era of globalization makes it appropriate to distinguish for didactic purposes language as a tool and custodian of culture and language as a means of communication. In the first quality, every existing language is an absolute value and must be preserved and developed as part of the cultural diversity of the world. In the second case, as in the economy, the fewer intermediaries, the better, more effective is the interaction process. Such a distinction seems justified in relation to such a complex phenomenon as a natural language, considered in the diversity of its functions.

The relevance of such a study is due to the increasing attention in science to the general theory of variation as a universal property of the language system and, in particular, to such a promising aspect as structural-typological analysis of variants, revealing the internal mechanism of the device and development of the language during self-regulation.

Modern language studies are increasingly synthesizing concepts, this is how an attempt to describe a holistic system of language is seen, but based on an activity-based approach based on anthropocentric principles. The topicality of such a description is determined by the combination of the problem of structuralism (the representation of language as a system), which is solved on the empirical basis of a specific language material.

For greater accuracy, the term "variability" is referred to as formal variants of the same linguistic units.

According to generally accepted definitions, variants determine:

- as formally different modifications of linguistic units with the identity of the main linguistic meaning;
- and as formations that perform the same function in linguistics and differ among themselves in their distribution in the social and geographical space (Akhmanova O.S., Belchikov Yu.A., Veselitsky V.V).

Rastorgueva T.A. explains variation is the main source of historical changes, as well as the form of implementation of changes, and variability is the source and form of implementation of those formal changes that linguistic units undergo, represented by these series of options.

The term "variability" competes in linguistics with the term "variation". Preference is given to the term "variability", since the term "variation" emphasizes the presence of variants in the language, which in turn assume the presence of an invariant. However, most linguists are inclined to believe that the invariant of speech variants can't always be distinguished. Invariants, as a rule, are easily distinguished when it comes to units of a unilateral level i.e. phonological. An example of this is the phonemes of a language as invariants, to which the allophone variants go back, which, in turn, serve as invariants for the background variants. However, when it comes to distinguishing an invariant at the sign level of the language, the task becomes much more difficult. Already at the morphological level, its applicability requires substantiation. For example, between forms and *know* and *knows* the difference does not affect the meaning. But when you go to the syntax level, the situation changes dramatically. A change in the syntactic construction very rarely leaves the significate component of the value unchanged. For example, if there is a difference in the word order, the denotative and the indicative values of the sentence may coincide, but the options may differ in the communicative plan

As for the term "variability," there is no need to necessarily look for an invariant: it is volatile as a phenomenon and seems neutral. The idea of language variability is due to the communicative orientation of the language process itself, its content, and its semantic integrity.

The idea of variability of a language gave rise to many problems, since it was necessary to revise some old established concepts and terms of grammar and develop new language data. The path to understanding variants and variation lies through the accumulation and generalization of theoretical material. The language has inherent properties of variability and change and any modern language can be traced in development and the form of manifestation of its development is a gradual change in all its subsystems [Khudyakov A.A., 2005, c. 215].

The types of variability (variation) are carried out on the basis of living sciences, which allows differentiation between the three main groups of variability:

1) Individual and group; 2) somational and mutational; 3) isolated and connected.

In relation to the object, the author subdivides the causes of variability and changes into those having an external and internal character. Internal causes are rooted in the nature of the object itself, are inherent in it and are obligatory and inevitable. External causes lie outside the object itself, are caused by the impact on the object of another or other objects, as well as the environment in which it operates and therefore are not inevitable and mandatory.

The results of variation can also be fundamentally different:

1) can weaken over time, putting forward one of the variants first as the main and then the only possible;

2) can lead to a qualitative transformation of the object;

3) may cause the death of the object in the event if qualitative change in the object has not been compensated.

The author believes that the general principles of the variability theory are quite applicable to the language. The reasons for the variability of the language are obvious, since the native speakers are people, part of the nature. The language is characterized by all types of variability: a huge number of somational changes that occur in the language daily and hourly. However, the vast majority of them do not take roots, otherwise the language could not fulfill its communicative function due to the rapid and chaotic change, which would lead to a communicative alienation of people.

Mutational changes, which are devoted to textbooks on the history of language, are immeasurably less than somational. However, in a qualitative change, their role is extremely important, since they are a form of manifestation of linguistic evolution. Individual and group variation also qualifies as language-specific traits. As an example, the author cites the well-known opposition «idiolect – national language.»

The difference between isolated and related types of changes is confirmed by the following examples: an example of the first type in British English is the movement of stress in words borrowed from French from the last syllable to the first (*buffet, depot, garage*). This change of stress was caused by the need to adapt these words to the norms of British pronunciation, but it did not cause any other changes either in these words or in the language as a whole. An example of the changes of the second type is the reduction of unstressed vocalism in the Middle English language, which entailed a radical restructuring of the entire grammatical system and ultimately changed the typological face of the English language.

Language, like any other object, changes in space and in time. The spatial variability of the language is manifested in its dialect and variant heterogeneity, temporal – in its diachrony. In addition, it is characterized by social variation, which manifests itself in jargon and slang. This is because language as an object has not only spatial and temporal, but also a human dimension.

Variability is inherent in any language, manifesting itself at all levels of its functioning: phonetic, lexical and grammatical.

Structuralist researchers drew attention to spoken language. In structural linguistics, especially in American descriptivism, the grammar object was significantly expanded: it was supposed to study any sentence actually written or pronounced and included in the corpus of collected examples.

Conclusion

The problem of variability of linguistic units is currently one of the actively developed problems. Language is no longer regarded as a rigid scheme that generates only correct sentences, but deviations from some unverifiable, deductive correctness as free variation, which does not deserve the attention of linguists. Summarizing the foregoing, regarding the general theoretical problems of linguistic variation, as well as the correlation of various variant logical terms, we can conclude that the consideration of linguistic variation is complicated by the lack of a single generally accepted terminology. Often there is either a synonymous use of various terms or the use of certain terms without specifying them.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Языкознание: большой энциклопедический словарь / гл. ред. В.Н. Ярцева. – 2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2000. – 688 с.
2. Подстрахова А.В. Проблемы регионального варьирования языков в эпоху глобализации (на примере современного английского языка) // Международный научно-практический (электронный) журнал “Inter-culur@l-net”. 2003. Вып. 2.
3. Солнцев В. М. Вариативность как общее свойство языковой системы / В. М. Солнцев // Вопросы языкознания. – 1984. – № 2. – С. 31-42.
4. Кауфурова Л.А. Вариантность и вариативность. http://www.pglu.ru/lib/publications/University_Reading/2008/II/uch_2008_II_00047.pdf
5. Сулейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым. 1998-544 б
6. Худяков, А.А**.** Теоретическая грамматика английского языка /А.А. Худяков. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 256 с.

REFERENCES

1. Linguistics: a large encyclopedic dictionary / Chief editor V.N. Yartseva. – 2nd edition – M .: A large Russian Encyclopedia, 2000. – 688 p.
2. Podstrakhova A.V. Problems of regional variation of languages in the era of globalization (using the example of modern English) // International scientific-practical (electronic) journal “Inter-culur @ l-net”. 2003. Issue. 2.
3. Solntsev V. M. Variability as a general property of a language system / V. M. Solntsev // Problems of linguistics. – 1984. – No. 2. – 31-42p.
4. Kaufurova L.A. Variation and variability. http://www.pglu.ru/lib/publications/University_Reading/2008/II/uch_2008_II_00047.pdf
5. Suleimenova E. D. Linguistic dictionary. Almaty: Science. 1998-544 p
6. Khudyakov, A.A. Theoretical Grammar of the English Language / A.A. Khudyakov. – M.: Publishing Center "Academy", 2005. – 256 p.

ӘОЖ 371.212.802.0:371.321.8



Сәрсембай Сая Бөлебайқызы,
магистрант,
Шетел тілдері және аударма кафедрасы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан,
e-mail: s.saya_86@mail.ru

Абадилдаева Шырын Келесбаевна,
п.ғ.м., аға оқытушы,
Шетел тілдері және аударма кафедрасы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

ОҚУШЫЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ТЫҢДАП ТҮСІНУГЕ ДАҒДЫЛАНДЫРУДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Түйіндеме: *Мақалада ағылшын тілін үйрену барысында оқушыларда тілді меңгеруде кездесетін тыңдап-түсінуге дағдыландырудың қиындықтары, оқытушы тарапына алуан түрлі жаттығуларды орындау нәтижесінде оқушылардың тыңдап-түсіну қабілетін дамытып, аталған қиындықтарды еңсеруге болатындығы түргысында сөз болады. Мәтіндерді тыңдаудағы оқушылардың бірінші және басты қиындығы – сол мәтіннің мазмұнын түсіну. Оқушылар мәтіннің мазмұнын қалай, қаншалықты түсінгенін мұғалім тексеріп отыруға тиіс. Ауызша сөзді игеру үшін сөйлей білсе жеткілікті. Ал ауызша айтылған сөзді тыңдап-түсіну – сөйлеудің серігі. Сөйлей білген адамға тыңдап-түсінуге арнайы дағдыланудың қажеті жоқ. Ол дағдылар өз-өзінен қалыптасады. Басты дағды – сөйлеу дағдысы. Бір тілде сөйлей білген адам сол тілде айтылған ауызша сөзді тыңдап-түсіне алады.Мұндай көзқарастың қате екенін психологиялық зерттеулер де, шетел тілдерін оқыту теориясы мен практикасы да дәлелдеп беріп отыр.*

Кілт сөздер: *тілдік қарым-қатынас, механикалық тіл, тыңдап түсіну, паралингвистикалық құралдар, тілді тасымалдаушылар.*

Аннотация: *В статье рассматриваются трудности восприятия на слух на английском языке, развитие у слушателей умение слушать с помощью разнообразных упражнений со стороны учителя. Самая главная трудность слушателей в прослушивании текстов заключается в понимании содержания текста. Учитель должен проверить, насколько хорошо ученики понимают содержание текста. Достаточно уметь говорить, чтобы освоить устное слово. И слушание произнесенного слово является спутником речи. Кто умеет говорить, тот не нуждается в специальной подготовке, чтобы слушать. Эти навыки формируются спонтанно. Основным навыком является умение говорить. Человек, говорящий на одном языке, может слушать и понимать произнесенное слово на этом языке, и как психологические исследования, так и теория и практика преподавания иностранных языков доказывают, что эта точка зрения неверна.*

Ключевые слова: *языковая коммуникация, механический язык, аудирование, паралингвистические инструменты, языковые носители.*

Summary: *The article discusses the difficulty of listening in English and the development of students' listening skills through a variety of exercises from the teacher. The main students' difficulty in listening to texts is to understand the content of the text. The teacher should check how well the students understand it. It is enough to be able to speak in order to master the spoken word. And hearing the spoken word is a companion of speech. Who speaks well, and then he does*

not need special training to listen. These skills are formed spontaneously. The main skill is the ability to speak. A person, who speaks one language, can listen and understand the spoken word in that language, and both psychological research and the theory and practice of teaching foreign languages prove that, this point of view is incorrect.

Key words: *language communication, mechanical language, listening, paralinguistic tools, language carriers.*

Қазақстан Республикасы әлемдік бірлестікке кірген заманда білімнің рөлі мен маңызы артты. Жалпы орта білім беретін мектептерде ағылшын тілінің мазмұны анықталып, оған қойылатын талаптар айқындалуда. Ағылшын тілін ана және орыс тілімен қатар оқыту барысында мұғалім оқушылардың тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу іскерліктері мен дағдыларын жетілдіріп қана қоймайды, оларды өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым – қатынас мәдениетіне де үйретеді. Оқушылардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру мектепте берілетін бүкіл білім мазмұнының басты мақсаты болып табылады. Ағылшын тілі арқылы оқушылар әлемді таниды, тілін оқып жатқан елдің мәдениетімен, салт-дәстүрі және өмірімен танысады.

Ағылшын тілінде оқушылар дұрыс қарым – қатынас жасай алу үшін, олар алдымен ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс. Тыңдап түсіну – сөйлеудің серігі. Ауызша айтылған сөзді қабылдау мен түсіну өте күрделі психикалық әрекет. Әрбір ғылым саласында қиындықтар кездесетіні анық. Шетел тілін оқыту теориясындағы қиындықтың бірі – тыңдап-түсіну болып табылады. Көп уақыт бойы әдіскерлер тыңдап-түсінуді сөйлеу қызметінің түрі деп те, оқытудың мақсаты ретінде де қабылдаған жоқ. Кочкинаның мақаласында көрсетілгендей: «... шет тілін меңгеру және тілдік дағдыларын дамыту, негізінен, тыңдап-түсіну арқылы жүзеге асырылады» [*Кочкина З.А., 1964, 39 б.*]. Сондықтан, тыңдап-түсіну ең үлкен қиындықты туғызады.

Оқыту процесінде қиындықтарды жою емес, бірінен соң бірін дәйекті жеңу дұрыс болып есептеледі. Психологтар атап өткендей, ең тиімді дайындық бұл жеке тұлғаның қобылжуын, еркі мен көңілін басқаға айналдыру кезінде жүзеге асады. Тыңдап-түсінуді оқытудағы қиындықтарды жеңу және соның негізінде шынайы жағдайда сәтті жұмыс істей алатын дағды мен іскерлікті қалыптастыру мақсатын жүзеге асыру үшін туындайтын қиындықтарды айқын елестете алуымыз керек:

1) сөйлесудің мағыналық мазмұны;
2) тілдік қарым-қатынастың формасы;
3) тілдік мәселенің сипаты;
4) ұсынылған хабарламаның шарттары;
5) тыңдаушының есту тәжірибесі;
6) ақпарат көздері.

Әдетте әдістемелік әдебиетте негізгі екі қиындық көрсетіледі психологиялық және лингвистикалық. Алдымен психологиялық сипаттағы қиындықтарға тоқталсам:

– тыңдап-түсіну біржолғы естігенді қабылдайтын қиын дағды. Біржолғы таныстыру шынайы ауызша-тілдік қарым-қатынаспен байланысты. Бұл қиындықты оқушылардан қайталап сұрап, нақтылайтын сұрақтар қойып біртіндеп жоюға болады.

– тыңдап-түсінудегі әр түрлі ақпарат көздері қиындықтар туғызады. «Механикалық тілді» (жазба) қабылдау сөйлеуші адамды көрмегендіктен қиынға соғады, себебі ол адам кейде керек кезде сөзін баяулатады немесе қайталайды, немесе ым-ишара түрінде көрсетіп көмектеседі (паралингвистикалық құралдармен). Оқытудың техникалық құралдарын пайдалануда мұндай көмектер мүлдем болмайды. Тәжірибе көрсеткендей, оқушы өзінің мұғалімінің сөзін, сонымен қатар өз ұлтының адамдарының сөзін түсінеді екен. Алайда, тілді тасымалдаушылардың сөздерін дұрыс түсінбейді. Мұның басты себебі: тілді тасымалдаушылардың ауқымды тақырыпта сөйлесуі, тілдік материалға бай, сөзді айту жылдамдығының тез болуы. Дегенмен, мұнан өзге де себептер бар. Қазіргі уақытта тілді тасымалдаушылардың ауызша сөздері жазбашадан өзгерірек екені белгілі. Олар көбінесе әдеби стильден гөрі, өздеріне таныс стильді қолданады. Оқушылар тыңдайтын мәтіндер әдеби тілде болғандықтан және көбінде жазба көздерінен алынатындықтан, оқушыларды табиғи тілді түсінуге үйрету қиынырақ. Тілді тасымалдаушының сөздерін түсінуге байланысты қиындықтарды жеңу үшін, біртіндеп мұғалімнің ұсынатын мәтіндерінің санын қысқартып, оқытудың бастапқы кезеңінен бастап-ақ тілді тасымалдаушылардың сөздерін естіртіп, олардың құлақтарын үйрете беру қажет. Оқушылар әр түрлі дикторды (ер кісі, әйел кісі, бала) тыңдаса, сөйлесу әдебіне оңай бейімделетінін есте сақтау қажет.

– сөйлеудің жылдам темпі түсінудегі ең үлкен әсер ететін фактор болып табылады (әсіресе бастауыш кезеңде). Қызығы түсінуге әсіресе сөйлеудің баяу қарқыны әсер етеді. Түсінуге сөйлеу жылдамдығын

арттыру ықпал етеді, бірақ белгілі бір шекке дейін ғана. Сөйлеу қарқынының тыңдап-түсінуде маңызы зор, себебі фразаны тағы да ойласып, кері қайтуға мүмкіндік жоқ. Тілді тасушылардың сөйлеу қарқыны шетелдік адамға тез сияқты көрінетіні белгілі. Бұл тыңдаудағы тілдік тәжірибенің жетіспеушілігімен түсіндіріледі, яғни тыңдаушының ішкі сөйлеуі айтушының сыртқы сөйлеуінен қалып қояды. Сондықтан аудитор естігенді қайталап үлгірмейді, ал онсыз хабарламаның мағынасын түсіну мүмкін емес. Сонымен қоса, тіл тасушының баяу қарқыны, тыңдаушының ана тілінің қарқынынан аспайтындықтан, тыңдаушыға сөйлеу қарқынының өзінің қарқынымен сәйкес келгені қолайлы болып саналады. Бұл қиындықты жеңу үшін оқытуды баяу темптегі мәтіндерді беруден бастау қажет. Алайда, кейде бұл қарқынның өзі тілді енді үйренушіге тез көрінеді. Бұл жағдайда, сөйлеу қарқынын баяулатпай, фразалар арасындағы паузаны ұзарту қажет. Бұл оқушының қалып қоюын жояды. Тәжірибе көрсеткендей, бастауыш сыныпта берілген жылдамдыққа тез бейімделетіндіктен, паузаларды қысқартуға, біртіндеп темпті жылдамдату арқылы шынайы темпке жетуге мүмкіндік береді.

Ал енді лингвистикалық сипаттағы қиындықтарға ойысар болсақ, лингвистикалық тыңдап-түсіну қиындықтарын сипаттауды диалог пен монологты қысқаша салыстырмалы талдаудан бастау керек, себебі бұл тілдік формалар тілдік құралға ғана емес, мәтіннің құрылымдық және композициялық сипаттамасына да әсер етеді.

Диалогтың тілдік құралы сөйлеудің мақсатымен анықталады. Мысалы, бәрін айтып тастау, өзінің жағдайында сипаттау, тыңдаушыға әсер ету, қайталау, асырып айту диалогтық тілді эмоциялы етеді. Егер сөйлесетін адамдарға сөйлесудің тақырыбы таныс болса, олар қысқартылған тілді пайдаланады. Мұндай сұхбаттасуда паралингвистикалық құралдан басқа, ілікпе сөздегі параллелизм болуы мүмкін. Сөйлеушілер арасында ішкі байланыс болмаса, диалог неғұрлым ауқымды құрылымды талап етеді. Мұндай сұхбатта ол монологпен бірігуі мүмкін. Тыңдаушы диалогқа қатысуы мүмкін, немесе «сырттан» қабылдауы мүмкін. Бірінші жағдайда қабылдаудың қиындығы айтудың қиындығымен бірігеді және соңында мынаған әкеліп соқтырады: темпке және байланыстың шартына бейімделу қажеттігі; белгілі бір тілдік жылдамдықты сақтау; ынталандыру және интонациялық моделді дұрыс таңдау; түрлендіруді қолдану. Киноны немесе дыбысты қабылдауда оған қатыспай, диалогты сырттай тыңдау арқылы жүзеге асады. Мұнда да қиындықтар бар. Бұлардың ішіндегі ең қиыны сөйлесу барысындағы адамды көрмей, қашықтықтағы тілді қабылдау болады. Көру аппаратын қолданбау болжауды қиындатады, жадыға салмақ түсіреді, сөйлесудің жағдайын және тақырыпқа кіру процесін баяулатады. Жоғарыда аталған ерекшеліктерді тілдік хабарламаны жариялау әдісін, оның көлемі мен тіл қиындықтарын анықтауда ескеру қажет.

Монологтық сөзде тілдік құралдарды таңдау пікірді айту мақсатына, қарым-қатынас жағдайы, сөйлеушінің жеке ерекшеліктеріне (оның білімі, эмоционалдық жай-күйі, көрермендермен қарым-қатынасы) байланысты. Монолог әңгіме, қойылым, доклад немес лекция ретінде әңгіменің құрамдас бөлігіне енгізілуі мүмкін. Монолог қайталау, риторикалық сұрақтар, бүйрық, ой мен ритмді үзу, кірме сөздер мен сөйлемдер сияқты экспрессивті құралдар арқылы жүзеге асады. Мұның бәрі монологтық тілге қарапайымдылық пен табиғилылық береді, көрермендермен байланыс нығая түседі [*Садықов Т.С.,2003, 96 б.*].

Қабылдаудағы маңызды кедергі грамматикалық қиындықтар болып отыр. Олар синтаксис пен қатар, морфологиямен де байланысты. Оқушылар қабылданған сөздерді жеке элементтерге бөліп қарастырып, олардың арасындағы байланысты анықтау қажет.Ағылшын тілін түсінуде грамматикадағы үлкен қиындықтар көп жағдайда әр түрлі лексикалық мағынасы жоқ, көмекші сөздерге қатысты болып келеді. Ауызша сөйлеуде көмекші сөздердің әлсіз формасы қолданылады (*you've, I've, he's*).

Хабарламаның тілдік формасына қатысты қиындықтар екі себептен туады:

а) оқытылып отырған тілдің материалындағы хабарламаның мазмұнына байланысты;

ә) хабарламада таныс, бірақ тыңдап қабылдауға қиындық келтіретін материал болса.

Тілдік форманың қиындықтарын айтқанда, сөйлемнің ұзақтығын ұмытпаған жөн. Сөйлемнің аяқталғанына дейін сақталатын қысқа мерзімді жадының көлемі шектеулі екені түсінікті. Егер сөйлемнің ұзындығы жадының көлемінен асып кетсе, тыңдаушы естіген сөйлемінің басын ұмытып, оның мағынасын синтездей алмайды. Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері дәлелдегендей, естіп қабылдаудағы сөйлемдегі сөздер көп дегенде 13-15-ке тең болуы керек. Сонымен қатар, осыған сай, шетел тілін енді меңгеріп жатқан оқушылардың жады көлемі кішірек, сондықтан олар 5-6 сөзбен ғана шектеледі. Демек, бастапқы сатыда сөйлемнің ұзындығы 5- 6 сөзден аспауы қажет [*Г. Амандыкова 1990, 78 б.*].

Бағыныңқы сөйлемнің, кірме сөздердің, жаңа грамматикалық құбылыстардың көптеп кездесуі мәтінді түсінуді қиындата түседі. Сәйкесінше, мұның бәрін мәтін таңдау барысында ескеріп, түсіндіріп, немесе оқушыларды қиындықтарды жеңуге бағыттау керек (негізгі мазмұнын түсініп және ұсақ-түйек элементтерді ескермеу жолы арқылы жүзеге асыруға болады).

Ауызша тілдегі фонетикалық қиындықтар кейде ең негізгі болып саналады. Бұлай деп айту әбден негіз бар, әсіресе, бастауыш буынды оқытуда. Фонематикалық естудің дұрыс жетілмеуі, дұрыс айту дағдысының болмауы, акустико-артикуляциялық үлгілердің толық қалыптаспауы тыңдаушының назарын бөледі, соңында сөздің мағынасын түсінбей қалады. Кейінірек сөздердің фонетикалық нұсқасын белгілі бір белгілермен ажырату дағдысы қалыптасады.

Фонетикалық қиындықтар барлық шетел тілдеріне ортақ немесе жеке тілге ғана байланысты болуы мүмкін. Ортақ қиындық сөздегі дыбыс пен сөйлемдегі сөздердің арасында анық шекара болмауы болып табылады; ана тілінде жоқ фонеманың, шетел тілінде болуы, мысалы: ағылшын тілінде [ð], [ŋ], [θ].

Н.В. Елухина ақпарат көздерінің педагогикалық процесіне келесі мақсатты қосуды ұсынады:

1) мұғалім сөзі + суретті көрнекілік
2) мұғалім сөзі + диафильм
3) тек мұғалім сөзі
4) мұғалім сөзі + кинофильм
5) диафильм + бейтаныс дауыс
6) теледидар
7) кинофильм + бейтаныс дауыс
8) дыбыс жазбалары(мұғалім сөзі)
9) дыбыс жазбалары (бейтаныс дауыс)

Тыңдап түсіну қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік еске, қабылдауға, логикаға, санаға, ажырату және таным механизмдеріне, салыстыруға, жинақтауға байланысты [*Елухина Н.В., 1993, 113 б*].

Тыңдап түсіну барысында оқушылардың санасында фонетикалық және интонациялық есту қабілетін қалыптастыру керек, себебі бұл күрделі процесс болғандықтан жалпыға ортақ қиындықтарды және арнайы қиындықтарды ескерген дұрыс. Олар:

– Сөйлеуші қолданған кейбір лексикалық және грамматикалық материал оқушыға таныс емес болуы мүмкін, бұл жағдай оқушыға тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінуді қиындатады. Бұл қиындықты жеңудің жолы – оқушылардың пассивтік және потенциальдық сөздік қорын байыту;

– Мұғалім әдетте сабақта өте баяу ырғақпен сөйлейді, мақсаты – оқушылар оның айтқан сөзін түсінсін дегені. Оқушылар осындай баяу сөзге дағдыланады да, дұрыс ырғақта сөйлеген сөзді түсінбейді. Міне мұндай қиындықты сабақта тек техникалық құралдарды қолдану арқылы жеңуге болады;

– Әр адамның дыбыстарды айту ерекшеліктері мен интонациялық ерекшеліктері болуы заңды құбылыс. Оқушы өз мұғалімінің сөйлеу ерекшеліктеріне дағдыланып алады да, басқа адам айтқан сөзді түсінбеуі мүмкін.

– Мұғалім сабақта шетел тілінде сөйлегенде, айтқан сөзін оқушылар түгел түсінсін деп бірнеше рет қайталап айтады. Оқушылар осы қайталауға үйренеді. Шынайы коммуникацияда сөйлеуші айтқанын қайталамайды, сондықтан мұғалімнің мақсаты оқушылардың тыңдаған мәтіннің мазмұнын бір – ақ рет тыңдағанда түсінуге дағдыландыру. Ал кей жағдайларда оқушылар мәтіннің мазмұнын бір рет тыңдағанда түсінбесе, оны екінші рет тыңдатуға болады, дегенмен, бұл жолы мұғалім тыңдайтын мәтінге қосымша бір тапсырма беруіне болады. Мысалы, мәтінді екінші рет тыңдаңдар да, бұл оқиғаның басты кейіпкеріне / оқиға уақытына / оқиға жеріне және т.б. назар аударыңдар деген сияқты тапсырмалар;

1) Келесі бір қиындық мынада: егер тыңдаушы сөйлеушінің бет – әлпетіне көріп, оның сөйлеу органдарының қимыл – қозғалысын көріп отырса, онда ол өзі тыңдап отырған сөзді жеңіл түсінеді, бірақ та мұндай жағдай ылғи бола бермеуі мүмкін (телефон арқылы сөйлесу, радиодан хабар тыңдау, т.с.с.). Жоғарыда айтылған қиындықтарды жеңудің алғы шарты – мұғалімнің сабақта техникалық құралдарды кеңінен пайдалануы және тыңдау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларды орнымен ұйымдастыра алуы. Оқушылардың түсініп тыңдау қабілеттерін дамытуда төрт жаттығулар тобын ұсынуға болады.

– *Бірінші топ* жаттығуларының мақсаты – мәтінді тыңдаудың алдында лингвистикалық және психологиялық қиындықтарды алдын ала жою.

– *Екінші топ* жаттығудың мақсаты – мәтінді тыңдауға арналған жаттығулар. Мұнда оқушылар мәтінді тыңдап, оның тақырыбын, идеясын анықтай отырып, берілген кестені немесе сызбаны толтыру, сұрақтарға берілген жауаптардың мәтін мазмұнына сәйкес келетінін анықтау және т.б.

– *Үшінші топ* жаттығудың мақсаты – мәтін мазмұнын толық түсініп, оқушылардың бойында төмендегідей іскерліктерді дамыту: интерпретация, комментарий және талдау жасай алу. Мысалы, тыңдаған мәтіннің тақырыбын талдау, мәтін мазмұнына берілген ассоциограмманы толтыру, оқиғаны бағалау, басты кейіпкерді сипаттау, мәтінді коммуникация жағдайымен үштастыра білу және т.б. Үшінші топ жаттығуларын орындау барысында оқушыларға тірек сөздер, жоспар, суреттер, сызбалар және т.б. ұсынуға болады.

– *Төртінші топ* жаттығудың мақсаты – оқушыларды мәтін мазмұнының басты идеясына байланысты ойларын айтқызу, пікір – талас ұйымдастыру, "дөңгелек үстел" ұйымдастыру, сахналау, сценарий жазу және т.б. [*Сысоев П.В. 2007, 77 б.*].

Енді тыңдауға арналған мәтіндерге қойылатын талаптарға тоқтала кетсем.

Олар:

– тыңдауға арналған мәтіннің мазмұнының тәрбиелік мәні болуға тиіс және оның мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек;

– мәтіннің берік логикасы болуы шарт;

– мәтіннің мазмұнында тыңдаушылар үшін қызықты жаңа мәселе болуы керек;

– мәтіннің аутенсивті, яғни шындыққа негізделген, жасанды мәтін емес болуы тиіс.

Оқушыларға ана тілінің негізінде ағылшын тілін үйрету, оларды өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс баяндай білуге үйрету, ағылшын тілінде жазылған шығармалардың тіл байлығын игере отырып, сөздік қорларын байыту тәрізді іскерлік дағдыларын қалыптастыру, адамзаттың ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетімен, білімімен қаруландыру, осылайша, егемен еліміздің ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тарихи құндылықтары мен ізгілік тағылымдарын шет тілі арқылы дамыту пән мұғалімдерінің басты мақсаты болуы қажет.

Мақалада тілге тиек еткен ойларды қорытындылай келе, оқушылардың тыңдап түсіну дағдысын қалыптастырып, дамыту қажет. Егер де тыңдап түсіну дағдысын дамытпасақ, оқушыларымызды шетел тілінде сөйлей алуға да үйрете алмаймыз. Сонымен, тыңдап-түсіну тыңдаушыға тәуелсіз, объективті сипаттағы қиындықтармен өзара тікелей байланысты деп санау шартты.

Жоғарыда аталған қиындықтардың бәрін сөйлеу қызметін дұрыс ұйымдастыру арқылы жеңуге болатынына көзім анық жетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кочкина З.А. «Аудирование как процесс восприятия и понимания звучащей речи» // Иностранные языки в высшей школе. 1964 №1 с.39
2. Елухина Н.В. «Обучение аудированию в русле коммуникативно-ориентированной методики» // Иностранные языки в школе. 1993., №2 с.113
3. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. «Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері». Алматы, 2003. – 96 б.
4. Г.Амандыкова, Б. Баймұханова «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 1990. – 78 б.
5. Сысоев П.В. «Развитие умений учащихся воспринимать текст на средней и старшей ступенях общего среднего образования». Москва, 2007.- с. 77

ӘОЖ 81-811



Сәрсембай Сая Бөлебайқызы,
магистрант,
Шетел тілдері және аударма кафедрасы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан,
e-mail: s.saya_86@mail.ru

Бекназарова Ұлжан Өмірзаққызы,
п.ғ.м., аға оқытушы,
Шетел тілдері және аударма кафедрасы,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ПОСТПОЗИЦИЯЛЫ ФРАЗАЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАРЫ

Түйіндеме: *Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразалық етістіктерді бір-бірімен салғастыра зерттеу олардың арасында көптеген ұқсастықтар мен айырмашылықтардың бар екендігін көрсетіп берді. Ағылшын тіліндегі фразалық етістіктерге көпмағыналық тән және тілде кездесетін екі түрлі фразалық етістіктердің кейбір мағыналары ортақ болып келеді. Ағылшын тілінде бірдей етістіктер емес, бірдей постпозициялары бар фразалық етістіктер бір-біріне синонимдер болуы мүмкін, қазақ тілінде де постпозиция ретінде фразалық етістіктердің екінші етістік компоненті мағыналық жағынан мағыналас тіркестер жасай алады. Қазақ тілінде постпозициялар тіркесетін бірінші компонент зат есімдер болып келеді. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі постпозициялар сияқты қазақ тіліндегі фразалық етістіктер құрамындағы етістік-постпозициялардың тіркескен сөзіне үстейтін мағыналары ұқсас. Екі тілдегі фразалық етістіктердің ұқсастығынан гөрі айырмашылықтарының басымырақ болуы қазақ және ағылшын тілдерінің арасында шығу тегі жағынан, яки генетикалық байланыстың жоқтығы себеп болуы мүмкін.*

Кілт сөздер: *фразалық етістіктер, постпозиция, салғастырмалы лингвистика, адвербалды лексема, морфема, префикс, идиома.*

Аннотация: *Сравнительное изучение фразовых глаголов в английском и казахском языках показало, что между ними много сходств и различий. Фразовые глаголы в английском языке неоднозначны и имеют некоторые общие значения двух разных фразовых глаголов, которые встречаются в языке. Фразовые глаголы с одинаковыми постпозициями, но не одинаковыми глаголами в английском языке, могут быть синонимичны друг с другом, и в казахском языке в качестве постпозиции второй компонент глаголов фразовых глаголов может составлять семантически значимые фразы. Первым компонентом, объединящим постпозиции на казахском языке, являются существительные. Кроме того, глаголы-постпозиции в казахских фразеологических глаголах, как и постпозиции в английском языке, имеют значения, аналогичные составному слову. Преобладение различий, а не сходств фразовых глаголов в двух языках, может быть связано с отсутствием происхождения или генетической связи между казахским и английским языками.*

Ключевые слова: *фразовые глаголы, постпозиция, контрастная лингвистика, adverbial* ***лексема, морфема, префикс, идиома.***

Summary: *A comparative study of phrasal verbs in English and Kazakh languages showed that there are many similarities and differences between them. Phrasal verbs in English language are ambiguous and have some common*

meanings of two different phrasal verbs, which are found in the language. Phrasal verbs with the same positions, but not the same verbs in English language can be synonymous with each other and in Kazakh language phrasal verbs as a postposition, the second component of the phrasal verb can make semantically significant phrases. The first component combining postpositions in Kazakh language are nouns. In addition, postpositional verbs in Kazakh phraseological verbs, as well as postpositions in English have meanings similar to a compound word. The predominance of differences, not similarities of phrasal verbs in two languages may be due to the lack of origin or genetic connection between Kazakh and English.

Key words: *phrasal verbs, postposition, contrastive linguistics, adverbial lexeme, morpheme, prefix, idiom.*

Әлемдік лингвистикада ағылшын тілі теориясы мен оқыту әдістемесінде зерттеушілердің фразалық етістіктерге көңіл бөле бастағандарына жарты ғасырдан аса уақыт болды. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдердің бірі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Әлемдегі елдердің басым көпшілігі ағылшын тілінде сөйлейді. Қоғамдық өмірдің кез-келген саласында ағылшын тілі насихатталуда.

Қазіргі таңда қазақ және ағылшын тілдеріне қатысты көптеген мәселелердің, ортақ заңдылықтары мен құбылыстардың әлі жете зерттелмеген түстарын түсіну, тану және зерттеу – тіл мамандары үшін көкейтесті мәселе. Қазақ-ағылшын тілдерін салғастыра зерттеу кейінгі уақытта етене қолға алына бастағандықтан әлі де болса шешімін таппаған дүниелер баршылық. Осындай тың әрі өзекті мәселелердің бірі – фразалық етістіктердің, оның ішінде оларды жасауға тікелей қатысатын постпозициялардың салғастыра зерттелуі.

Сөйлемге үйытқы болатын – постпозициялардың ағылшын және қазақ тілдеріндегі айырмашылықтары мен ұқсастықтары бұл мақалада салғастырмалы лингвистика тұрғысынан сипатталады.

Тіліміздің фразеологиялық қорында орасан зор орын алатын постпозициялы тұрақты тіркестерге Ю.А. Жлукентенко, С. Берлинзон, И.Е. Аничков, Н. Амосова сынды көрнекті ғалымдар назар аударып, өздерінің зерттеу еңбектеріне арқау қылған. Ал қазақ тілінде жоғарыда аталған тілдік бірліктер І. Кеңесбаевтың тұжырымы бойынша фразалық тұрақты тіркестер деп аталады.

Постпозициялар қазақ және ағылшын тілдерінде фразалық етістік жасауда басты қызмет атқарады. Екі тілде де фразалық етістіктер құрамындағы постпозициялардың тіркескен сөздеріне үстейтін мағыналары мен атқаратын қызметтері бір-біріне ұқсас болып келеді. Тілдің грамматикалық құрылымындағы бірсыпыра өзгерістер кеңістіктік үстеулер мен етістік постпозициясындағы адвербалды лексемалардың біршама көбеюіне алып келді. Осылайша белгілі бір бүтін сөз тіркестері – фразеологиялық бірліктер пайда болды. Фразеологиялық бірліктерге ұқсас, етістіктің постпозитивті орналасқан элементпен тіркесуі бірте-бірте алуан түрлі мағыналарды білдірудің жалпы құралына айналды. Адвербиалды постпозициялар (adverbal postposition) деп етістікке тіркесіп, олардың мағынасын анықтайтын, толықтыратын, аша түсетін келесі ауыз толтырып айтарлықтай ерекшеліктері бар бірліктерден тұратын бірнеше постпозитивті үстеу болып келетін түрлерін айтамыз (*up, out, off, etc.)* “adverb” ағылшын тілінен алынған аудармасы «үстеу»: постпозиция етістіктерге тіркескенде құрамды “*to grow up*” тіркесі пайда болады. Бұл құбылыстарға қосқан үлесі мол профессор И.Е. Аничков «Постпозиция синтаксистік емес, морфологиялық емес, лексикалық бірлікке жатады», – деген пікір айтқан. Айтылған етістіктің постпозитивтік элементін В.И. Ильиш «сөз бен морфема арасындағы қосымша» деп атады. Мұндай элементтер сөйлемде жеке сөйлем мүшесі бола алмайды, осы себептен олар сөзжасамдық қызмет атқарады және жүрнақтарға ұқсайды [*Ильиш Б.А., 1977, 8 б.*].

Ю.А. Жлукентенконың пікірінше, мұндай комбинациялардың екінші элементі – «постпозитивті префикс», ал оның етістікпен байланысы «біртұтас сөз тіркесі емес, ортақ бөлек лексема» [*Жлуктенко Ю.А., 1954, 110 б.*]. С. Берлинзон «формасы мен мағынасы бойынша демеулікке ұқсас келетін, *(in, down, off*) және префикске де жатпайтын етістік пен кеңістік үстеу тіркестерін (*away, back, forth*) етістік – үстеу тіркес компоненттері» деп атайды [*Берлинзон С.Б., 1964, 415 б.*]. Мәселен, *get* – алу: етістік, *get up* – төсектен тұру: бұл да етістік, нақтырақ айтқанда, фразалық етістік. Мұнан өзге де фразалық етістіктерден мысал келтірсем: *get out* – шығу, кету, шығару; *get back* – қайтару, қайтып бару, оралу; *get off* – шығу, алып тастау; *get away* – кету; *get in* – кіру, т.с.с.

Н. Амосова постпозитивті етістік құрылымдарының әртүрлі разрядтарын – етістіктің постпозитивпен тіркескен постпозитивті етістік фразеологизмі деп атайды. Екінші элементтің рөлін талдай отырып, Н. Амосова постпозитивтерді өз зерттеулерінде «служебные слова особого рода» деген қорытынды жасады [*Амосова Н.Н., 1983, 37 б.*].

Осындай пікірлерді назарға ала отырып, ағылшын фразеологиясының негізін қалаушы, профессор А.Кунин, үқсас тіркестерді фразеологиялық бірліктерге жасаған классификациясында құрылымдық ерекшелігі бойынша бір маңызды және екі немесе үш маңызды емес лексемалардан тұратын бір постпозициялы фразалық бірлік деп қарастырды [*Кунин А.В., 1970, 117 б.*]. А. Кунин қолданған «бір – постпозициялы» және «екі – постпозициялы» фразалық етістіктер, фразалық бірлік терминдері жатыс септігіндегі үстеулермен (*give up, make out,ring up*) етістіктің идиоматикалық тіркесінен құралатын етістік – адвербиалды фразеологиялық бірліктерді қазіргі ағылшын тілінің бір – постпозияциялы фразеологизмдеріне тән, деп санайтын А. Смирницкийдің еңбектерінен аңғаруға болады. Осыған байланысты қазіргі заманғы ағылшын тілінде «процестің аяқталған мағынасымен етістік + үстеу деген» синтаксистік үлгісі мен формуласы туралы сөз етуге барлық негіз бар. Осы етістік – адвербиалды бір постпозициялы фразеологизмдердің екінші компоненті лексика – семантикалық және грамматикалық жағынан бағынышты рөл атқарады және сөйлемде басқа да сөздермен етістіктің байланысын білдіру үшін қызмет етпейді. А. Смирницкийдің айтуынша, *give up, make out* сияқты етістік – адвербиалды бір постпозициялы фразеологиялық бірліктерді идиома бола тұра, етістік – үстеу компоненттерінің мағынасын ашуға болатын *to eat up, to tire up* бірліктерінен ажырата білу керек [*Смирницкий А.И., 1956, 259 б.*].

Дегенмен, қазіргі ағылшын тілінің лексикалық бірліктер жүйесіндегі «постпозитивті етістікті тіркестер» мәселесі бойынша А. Кунин өз ойын сан мәрте рет білдірді. А. Кунин мұндай фразеологизмдерге «фразеологизмдер мен күрделі сөздердің қасиеттеріне ие тіркестер» деген анықтама берді. Куниннің пайымдауынша, мұндай тіркестердің екінші компоненті үстеу, демеулік, морфема да емес, сөз бен жұрнақты морфема немесе сөз-морфема элементі арасындағы тіркес (сөз немесе морфема) ретінде қолданады [*Кунин А.В., 1979, 147 б.*].

О. Ахманова мысал ретінде *give up* етістік тіркесте күрделі сөз фразеологиялық бірліктен айырмашылығы мәселесін сөз ете отырып және күрделі етістік түбірлі сын есімдер және зат есімдерге сәйкес келетін *coast – away, step – up*, т.б. күрделі сөз мағынасының идиомалығынан емес, деген қорытынды пікірге келіп тоқтады [*Ахманова Г.И., 1980, 40 б.*]. Мәселені шешу барысында, осыдан келіп көкейде *stand up, go out* құрылымы сөздерге немесе сөз тіркестеріне жата ма деген сұрақ пайда болады, өйткені сөз тіркестер сөздер сияқты тілдің номинативті, белгілеу құралдары болып табылады.

Фразалық етістіктің орнына қарапайым етістікті қолдануға болады. Мысалы: *get over = recover, look for = search, make up = invent, put out = extinguish, put off = postpone, put up with = tolerate, run out of = have none left, take off = leave the ground, etc.* Бірсыпыра фразалық етістіктер эквивалентті сөз тіркесі болғандықтан, бұл критерий барлық фразалық етістіктерге ортақ болмайды. Мәселен: *break down – stop functioning, make up – apply cosmetics, take off of a plane – leave the ground.*

Постпозициялы фразалық етістіктердің атап айтарлық келесі ерекшелігінің бірі – олар идиомалық мағынаға ие. Көптеген фразалық етістіктер компоненттерінің идиомалық мағынасы бар және олардың мағыналарын анықтау кейде оңайға соқпайды. Мысал келтірсек: *bring up – educate, give up – stop doing, go off – explode, come by – obtain.*

Тағы бір тілге тиек етер мәселе – ағылшын тілінде сөйлейтін өзге ұлт өкілдері қазақ тіліндегі күрделі етістіктерді меңгеру кезінде күрделі сөз тіркесі құрамындағы әр етістікті жеке аударып, мағынасын тіпті басқаша түсінуі, яғни олардың мағынасын дұрыс түсінуге бөгет болатын құбылыс: көмекші сөзді (постпозицияны) тура аударып, мағынасын ойдағыдай аша алмауы, негізгі мағынасын жоғалтып алуға әкеп соқтырады. Сондықтан, қазақ тілін үйренуші басқа ұлт өкілдері бұл етістіктердің негізгі мағынасын дұрыс түсіну үшін оларды фразалық етістіктер ретінде қабылдауы керек және тура мағынасынан бөлек ауыспалы мағынасы да бар екенін ескергені абзал. Мысалы: *тура мағынада* ән салу, сурет салу – *ауыспалы мағынада* бас салу, сөз салу немесе көз салу.

Дегенмен, аталған критерий барлық фразалық етістіктерге тән деген сөз емес және фразалық етістіктің идиомалық мағынасын анықтау қиын. Мысалы: *fall down* және *pull off* фразалық етістіктердің бірінші мағынасы идиомалық емес: *fall down* – құлау, *pull off* – шешу, тарту. Жоғарыда мысал ретінде көрсетілген фразалық етістіктердің сөздіктерде мынадай идиомалық мағыналары берілген. Мысалы: *fall down* – 1) бас ию, табыну; 2) құлап түсу, құлап кету, түсіп кету; *pull off* – 1) қиындыққа қарамай дегеніне жету; 2) жеңу.

Сонымен, фразалық етістіктердің екі немесе одан да көп мағынасы бар, кейбір етістіктер идиомалық мағынаға ие, ал кейбіреулерін компоненттеріне байланысты мағынасын ашуға болады. Лин-

гвисттердің көпшілігі фразалық етістіктің пассивті конструкциясын келесі бір қырынан қарастырады. Джейн Поуви оны ағылшын терминімен *passivization* деп атады.

Фразалық етістіктің келесі бір артықшылығы – етістікті постпозицияларды (адвербиальный послелог) сөйлемдегі фразалық етістікпен қатар келген зат есімнің алдына да, зат есімнен кейін де қоюға болады. Сөз тіркесте соңғы позиция маңызды семантикалық мағынаға ие, сол себепті егер қосымша жаңа және маңызды ақпарат бермесе, ол әдетте интерпозицияда (арасында) орналасады. Мысалы: *Call him up or call up him (not his sister).* Егер нысан есімдікті білдірсе, онда ол әрқашан интерпозияцияда келеді. Мысалы: *He took his coat and put it on*.

Қазақ тілінде фразалық етістіктің орнына құрамды етістік терминін күрделі етістік терминімен байланыстырып қолданатын жағдайлар жиі кездеседі. Күрделі етістікке құрамы екі етістіктен тұратын тіркестермен бірге «есім + көмекші етістіктен» құралған тіркестердің бәрі жатқызылып келеді. Бірақ «Қазақ тілінің грамматикасында» күрделі етістіктің, әсіресе құрамды етістіктердің сөзжасам ретінде зерттелуіне қатысты алдағы уақытта әлі де анықталатын мәселелер жетіп артылады. Сол сияқты шешуді қажет ететін мәселелердің бірі – құрамды етістіктердің біресе күрделі етістік, біресе тұрақты сөз тіркестері құрамында жүргеніне байланысты. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамды етістіктерге ұқсас келетін түрлері негізінен фразалық тіркестер (аузы бармады, жолым болды, жолы түсті, қанына тартты, т.б.) болса, олардың қалыптасуының өзіндік белгілері бар. Оның ең бастысы – фразалық тіркестердің бейнелік сипатта болуы. Мәселен, қолға алдым тіркесін назарға алар болсақ, берілген тіркес – «кірістім, бастадым» мағынасында тұрақты тіркес, ал қаламды қолға алдым дегенде – құрамды етістік қызметін атқарып тұр. Ойға түсті дегенде «ойланды» мағынасында – тұрақты тіркес, «еске түсті» мағынасында – құрамды етістік, деп танимыз. Демек, фразалық етістікке тұрақты тіркестерден бөлек, кейбір құрамды етістіктер тіркестері де жатады.

Зерттеуімізге арқау болып отырған фразалық етістіктер жоғарыда аталған *есім + етістік* негізді құрамды етістіктермен *етістік + етістік* негізді тұрақты тіркестерді қамтиды. Қазақ тілінде фразалық етістіктер екі, үш кейде тіпті төрт компонентті болып келе береді, олардың ішінде құрамды етістіктер формасында көп кездеседі. Сондықтан фразалық етістіктер құрамы жағынан қазақ тіліндегі күрделі етістік ұғымдарына жақын келеді. Фразалық етістіктер өзімен ұқсас құбылыстар ретінде бастапқыда еркін тіркестер сияқты қолданылып келіп, кейін уақыт өте ауыспалы мәнге көшіп тұрақталған.

Сонымен, етістікті тұрақты тіркестердің қалыптасуы ұзақ жылдарға созылды. Қай – қайсысы болмасын бастапқыда тура мағынасында жұмсалған еркін тіркестер болып, жұмсалым барысында семантикалық аясы біртіндеп кеңейе отырып, ауыспалы мәнге ұласқан. Осылайша белгілі бір уақыт өткенде олар алдымен фразалық тіркестерге, кейін түбегейлі фразеологизмдерге айналған.

Фразалық етістіктер ағылшын тілінде құрылымы бойынша: *етістік + демеулік* немесе *етістік + үстеу* (постпозициялар), ағылшынша *"adverbial particles"* құрылымы бойынша жасалады. Демеулік пен үстеу ағылшын тілінде жазылуы бірдей, алайда оларды ажырату аса қиын емес. Постпозициялар, яғни көмекші сөздер: *away, about, across, along, after, at, around, above, aside, back, behind, by, for, down, in, into, off, on, out, over, to, through, up, with, without.* Егер етістіктен кейін демеулік жалғанса, фразалық тіркестің мағынасы өзгеріссіз қалады, мысалы: *sit down* – отыру, *stand up* – тұру, *look at* – қарау, яғни тіркес компоненттері тура мағынада қолданылады. Ал егер етістікке үстеу жалғанса, жеке компоненттердің мағынасы тура мағынадан ауытқып, мағынасын түсіну мүмкін болмайды, яғни фразалық тіркес идиомалық мағынаға ие болады, мысалы: *to look for – іздеу, to take in – қабылдау, to put down – қалдыру, тыю, тоқтату.*

Фразалық тіркестердің етістіктерге тіркескен постпозицияларға байланысты мағынасы өзгереді. Ауыспалы мағыналық фразалық етістіктер сөзбе-сөз аударуға келмейді. Алайда кейде тура (сөзбе-сөз) аударма фразалық етістіктің мағынасын жақындастыруға көмектеседі. Бұл семантикалық бірліктің мағынасы белгілі бір семантикалық бірліктің жеке бөліктерінің мағынасына байланысты анықталмайды, өйткені ол бірліктің беретін мағынасы тұтас ұғынылады. Демеулікпен (етістіктен кейін тұратын көмекші сөздер) тіркесетін фразалық етістіктер *Prepositional Verbs* немесе *Adverbal Verbs* деп аталады.

Ағылшын тілінде фразалық етістіктер құрамы жағынан қысқа құрылымды, ықшам болғаны жөн деп саналады. Өйткені оларды қолданғандағы негігі мақсат – ойды ұғымды, оңайырақ жеткізу болып табылады. Осыған сай ағылшын тілінде фразалық етістіктер негізінен екі компонентті болып келеді. Қазақ тілінде де дәл осылай. Үш компоненттілер екі тілде де жиі кездеспейді. Қазақ тілінде фразалық

етістіктердің бірінші компоненті барлық сөз табынан кездескенмен, идиомаланған түрінде көбінесе *зат есім + етістік* моделімен жасалады.

Фразалық етістіктер – фразеологизмнің бір тармағына жатады, яғни бір компоненті етістік болып екі немесе үш сөздің тіркесуі арқылы тұтас бір мағына білдіретін тұрақты сөз тіркестері. *A phrasal verb is a combination of a verb and a preposition/adverb, which represents an integral semantic unit* [*Жамбылқызы М., 2018, 294 б.*].

Қазақ тілінде фразеологизмдерді есімді және етістікті фразеологизмдер деп, сол сияқты тұрақты тіркестерді идиомалық және фразалық тіркестер деп жіктеу үрдісі қарастырылған. Фразеологизмдер классификациясында кездесетін *етістікті фразеологизмдер* түрін *фразалық етістіктер* деп атап, ағылшын тіліндегі фразалық етістіктердің эквиваленттері ретінде тануға болады.

Қорыта келе, мақалаға арқау болған – постпозициялы фразалық етістіктер хақындағы пайымдауларға сүйенсек, ағылшын тіліндегі фразалық етістіктер жасаушы постпозиция ретінде қазақ тіліндегі етістіктер қызмет атқарады. Ағылшын тіліндегі постпозициялар сияқты қазақ тіліндегі фразалық етістіктер құрамындағы етістік-постпозициялардың тіркескен сөзіне үстейтін мағыналары ұқсас болып келеді. Мәселен, постпозициялары бірдей фразалық етістіктердің арасында ортақ мағына бар. Бұл ортақ мағына көмекші етістіктердің лексикалық мағынасынан туындайды. Қазақ тілінде постпозиция ретінде танып отырған етістіктердің фразалық етістік жасаудағы қызметі бірдей емес. Кейбір фразалық етістік жасаушы етістік постпозициялар жүздеген тұрақты тіркес жасаса, ал кейбірі бір ғана фразалық етістік жасаумен шектелуі мүмкін. Ағылшын тілінде бірдей етістікті емес, бірдей постпозициялы фразалық етістіктер синоним болады, бұл постпозицияның маңыздылығын айқындай түседі. Қазақ тілінде фразалық етістіктер құрамында постпозиция болатын етістіктер өте көп, жалпы саны тіпті мыңнан да асады (І. Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігі бойынша – 1024) [*Кеңесбаев І., 1977, 711 б.*]. Фразалық етістік жасаушы белсенді етістік-постпозициялар: *бол, сал, ал, қыл, кет, кел, бер, тарт*, т.б. Бұлар күрделі етістік жасауда белсенді қызмет атқарады. Ағылшын тіліндегі постпозиялар қазақ тіліндегідей фразалық етістіктер жасауда ортақ семасын сақтайды, демек бірдей постпозициялары бар фразалық етістіктердің өзара мағыналық байланысы болады. Қазақ тілінде бірінші компонент есім немесе етістік болса, екінші компоненті міндетті түрде етістік болады. Ал ағылшын тілінде бірінші компонент етістік болса, екінші компонент постпозиция болатындығына көз жеткіздік.

Фразалық етістіктердің көне ағылшын тілінде саны саусақпен санарлықтай болған. Алғашқыда француз, латын немесе грек тілдерінен еніп, ресми және ғылыми стильдерде қолданыла бастаған. Қазіргі ағылшын тілінде күнделікті сөзжасамда алуан түрлі фразалық етістіктер жасалып, жүйелі сөзжасамдық құбылысқа айналса, ал қазақ тіліндегі фразалық етістіктер сан алуан құбылыстардың адам ойында қорытылған бейнесі болғандықтан, біз бұны белгілі бір кезеңді қамтитын тарихи құбылысқа жатқызсақ та артық болмас. Демек, фразалық етістіктер екі тілде де әр халықтың өзіне тән ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған байлығының бірі болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі: Тіл білімі институты – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
2. Longman Dictionary of Phrasal Verbs, Courtney R., 2000.
3. Ильиш Б.А. Строй современного английского языка. – Второе изд. Л.: Просвещение. Ленингр. отд-ние, 1971. – На англ.яз., 78 стр.
4. Oxford Phrasal Verbs Dictionary, 2002.
5. Жлуктенко Ю.А. О так называемых «сложных глаголах» типа stand up в современном английском языке // Вопросы языкознания. – М.: Наука, 1954.- №5, 110 стр.
6. Берлинзон С.Б. Сочетания типа make up, make for в современном английском языке // С.Б. Берлинзон.- М.; Л.: Просвещение, 1964, 415 стр.
7. Ағылшынша – қазақша фразеологиялық сөздік, 2010.
8. Амосова Н.Н.Основы английской фразеологии. – Л.:ЛГУ, 1983, 37 стр.
9. Жамбылқызы М. «Қазақ және ағылшын фразеологизмдерінің тарихы» «Вестник» журналы №3 (155) 28 мамыр, 2015 жыл.
10. Кунин А.В. Английская фразеология. Москва. 1970., 117 стр.

11. Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. М.: Издательство литературы на иностр.языках, 1956., 259 стр.
12. Авиакова Р. «Фразеология теориясы» – Алматы; Қазақ Университеті, 2009
13. Кунин А.В. Фразеологизация и источники фразеологических единиц// Словообразование и фразообразование: тезисы докл. науч. конф. М.:10 МГПИИЯ им. М.Тореза, 1979., 146-149 стр.
14. Жамбылқызы М. Lexical-phraseological features of phrasal verbs and difficulties in their study. // Xlinguae in Issue 2, Volume 11, 2018. 292-301 pp.
15. The Cambridge Advanced Learners Dictionary and Thesaurus, Cambridge University Press. 4-th edition, 2013.89 p.
16. Ахманова Г.И. Фразовые глаголы как признак научного регистра речи// Вопросы методики и лингвистики. М.: Издательство МГУ, 1980., 39-41стр.

ҒТАМР 17.07.29

Сәулембек Гүлмира Рзаханқызы,
PhD, аға ғылыми қызметкер,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
аға оқытушы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы,
e-mail: gulmira.saulembek@gmail.com.

ТОЛҒАУ ЖАНРЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Аңдатпа: *Мақалада поэзиядағы дәстүрлі сабақтастық мәселесі қарастырылады. Поэзиядағы толғау жанрының ежелгі және қазіргі нұсқалары арасындағы құрылымдық, типтік формалық белгілерінің, мазмұндық сипатының ұқсастығы пен айырмашылықтары сараланады. Сонымен бірге жазба әдебиеттің толғау жанрының дамуындағы рөлі мен орны да зерделенеді. Қазіргі толғауларға музыка өнері мен сандық технологияның ықпалы анықталып, толғаудың түрлену сипаты туралы ғылыми дәйектер ұсынылады.*

Түйін сөздер: *толғау, әдеби үдеріс, поэзия, жанрлық өзгеріс, музыка.*

Аннотация. *В статье рассматривается проблема традиционной преемственности в поэзии. Анализируется сходство и различие структурных, типологических формальных признаков, содержательного характера между древними и современными вариантами жанра толгау в поэзии. Изучается роль и место письменной литературы в развитии жанра толгау. Определяется влияние музыкального искусства и цифровых технологий в современные толгау, а также представляется научные аргументы о характере трансформации толгау.*

Ключевые слова: *толгау, литературный процесс, поэзия, жанровая трансформация, музыка*

Abstract: *The article deals with the problem of traditional continuity in poetry. The author analyzes the similarity and difference of structural, typological formal features and content between the ancient and modern versions of the tolgau genre in poetry. The role and place of written literature in the development of the tolgau genre is studied. The influence of musical art and digital technologies in modern tolgau is determined, and scientific arguments about the nature of tolgau transformation are presented.*

Keywords: *Tolgau, literary process, poetry, genre transformation, music*

Кіріспе

Халықтың мұңы мен зарын, ұлттық болмысын, арман-тілегін, әлеуметтік-саяси һәм идеологиялық қызметін арқалаған ежелгі жанр толғау әлі де осы жүкті көтеріп келеді. Қазақ әдебиетіндегі жыраулық кезең аяқталып, оны ақындық дәстүр жалғастырып келе жатқаны аян. Алғаш рет ғалым М. Мағауин [Мағауин М., 1992, б. 138-162] дәлелдеп, аражігін ажыратып берген жыраулық дәстүр мен ақындық жөніндегі пайымдарға біздің таласымыз жоқ. Бүгінгі заманауи техниканың қарқынды дамуы тұсында, авторлардың ойды адресатқа жеткізудің оңтайлы жолы ретінде толғауларды қайта жандандыруға талаптануын сөз етеміз. Жанрдың қайта жаңғыруы мен түрлі өзгеріске түсуі туралы сөз қозғаған ғалым Е. Анисимованың: «Представляется, что разработка Жуковским русской баллады являлась, по существу, не отказом от написания национальной поэмы, которую в это время ожидали от поэта, а оригинальным художественным решением этой литературной задачи. Баллада как нельзя лучше отвечала запросу эпохи – описанию и осмыслению национальной истории в определенном ракурсе. Жанровый архетип баллады в историческом контексте» [Анисимова Е.Е., 2018, б. 157], – деген пікіріне ден қойсақ, ғалым белгілі жанрдың өмір сүруінің өзі қоғамдағы белгілі бір қажеттіліктен туындайтынына баса назар аударады. Осы себептен де біз толғаудың қайта күш алуына қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің ушығуы елеулі әсерін тигізеді деген болжам айтқымыз келеді. Толғау жанрының өзіне тән формулаларының, лексика-семантикалық ерекшеліктері мен құрылымдық, стильдік тәсілдерінің дәл қазіргі тұстағы нұсқаларында көрініс беруі де осыған дәлел бола алады.

Негізгі бөлім

Жыраулар поэзиясында жиі кездесетін ерекшелік – сөз соңындағы үйқаспен қатар сөз басындағы және тармақішілік сөздерді дыбыс үндестігіне бағындырып ассонанстар мен аллитерацияны пайдалану. Толғауға әуезділік дарытатын -а, -е, -о дыбыстарынан басталатын ассонанстардың және толғауға

ерекше қуат, екпін беретін қатаң дыбыстардан басталатын аллитерациялардың жиілігі ежелгі толғауға тән қасиет. Үяң дыбыстардың немесе басқа да дауысты дыбыстардың тармақтар басында тізбектеле келуін жоққа шығара алмаймыз, бірақ қолданыс жиілігі мен тармақтар санының көптігінен жоғарыда аталған дыбыстар ерекше көзге түседі. Ал ежелгі толғауларға тән осы ерекшелік бүгінгі толғауда да сақталған. Мысалы, И. Сапарбайдың рухты өткір толғауларының осы ерекшелікті өзгеріссіз еншілеуін ежелгі поэзиялық дәстүрдің сабақтастығы ретінде бағалаймыз. Ақын толғауларында жиі ұшырасатын тармақтардың түйдектеле бірыңғай аллитерациялық, не бірыңғай ассонанстық тәсілмен берілуі оған ерекше саздылық береді.

Ежелгі толғаулардағы ассонанстық қатарлар		
Жиембет жырау	Асан Қайғы	Бұхар жырау
-е тізбекті тармақтар	-о тізбекті тамақтар	-а тізбекті тармақтар
Еңсегей бойлы ер Есім, Есім сені есірткен, Есіл де менің кеңесім.	Ойыл деген ойыңды, Отын тапсаң тойынды, Ойыл көздің жасы еді, Ойылда кеңес қылмадың, Ойылдан елді көшірдің.	Арту-арту бел келсе, Атан артар бүгіліп, Алыстан қара көрінсе, Арғымақ шабар тігіліп, Алыстан жанжал көрінсе, Азулы сөйлер жүгініп.

И.Сапарбай толғауларындағы ассонанстық қатарлар		
-е тізбекті тармақтар	-о тізбекті тамақтар	-а тізбекті тармақтар
Мотивационный критерий, характеризуется стимуляцией профессиональных качеств студентов на основе оценки знаний для развития потребностей личности в выборе направления образования [Zhanguzhinova, Magauova, Satova, Mamanova, 2018, с. 4]. В основе мотивационного критерия заложены познавательные и социальные мотивы [Жангужинова, 2018, с. 35]. Формирование мотивов основано на методологии, влияющей на содержание и процесс профессиональной подготовки на основе контента образования [21th century, 2017, с. 5]. Степень сформированности профессиональной компетентности обусловлена типологией мотивов на основе парадигмы образования [Жангужинова, 2020, с. 48]. Потребность в успешном выполнении поставленных задач определяют мотивы [Zhanguzhinova, Magauova, Satova, Mamanova, 2018, с. 4] через саморазвитие [Dlouh, Burandt, 2015, p. 21]. Стимуляция интереса к развитию социальных качеств личности [Аминов, 2004, с. 12] формирует стремление студентов добиваться успехов в деятельности на основе отраслевых инноваций. Авторское самовыражение студентов определяют мотивы, раскрывающие креативный подход на основе организации обучения [Омирбаев, 2014, с. 4].

Анализ теорий, представленных выше позволил выявить определение ***мотивационному критерию*** на основе дескрипторов – мотивов, осуществляется в процессах: профессиональной подготовки, повышения уровня самообразования и квалификации оценивания компетентностей студентов и магистрантов, обучающихся по Образовательным программам – искусство. Показатели критериев включают: наличие интереса к специальности, гносеологическую потребность в повышении уровня самообразования, квалификации, осознание значимости профессии, креативность, социальные качества личности, коммуникативность, адекватную систему оценки (см. таблицу 1.).

таблица 1

Мотивационный критерий

№	Наименование показателей
1.	*Наличие интереса к специальности*
	Основано на мотивации личности студентов, развивающей интерес к специальности, формирующей престижность в профессиональной среде.
2.	*Гносеологическая потребность в повышении уровня самообразования, квалификации*
	Развитие природных, психологических, нравственных задатков личности стимулируют потребность в расширении кругозора, повышении социального статуса специалиста.
3.	*Осознание значимости профессии*
	Понимание студентами значения профессии в дальнейшей профессиональной деятельности и развитие активной жизненной позиции обучающихся по Образовательным программам- искусство
4.	*Креативность*
	Синтезирование внутреннего психологического состояния с внешним художественным выражением – формирует проявление авторского стиля, стилевых и проектных предпочтений, форм и техник исполнения работы, основанных на творческом росте, идеях самореализации.
5.	*Социальные качества личности*
	Развитие профессиональных, личностных качеств студентов на основе морально-психологической удовлетворённости выполненным проектом/заказом и материальной оплатой труда, адекватной системой оценки творческой деятельности.
6.	*Коммуникативность*
	Проявляется осознанием необходимости расширять круг профессиональных интересов, сфер общения, социального статуса, понимания специфики проектно-педагогической профессии в сегменте, отрасли, кластера производства.
7.	*Адекватная система оценки*
	Способность личности осмысленно оценивать процессы деятельности на основе параметров: опыта, сравнительного анализа на основе индукции и дедукции. Проявляется в ориентации специалиста в специфике профессии, наличии аналитического оценочного аппарата, сформированного широким диапазоном знаний и профессиональным ростом, практическим опытом работы, коммуникативными качествами личности – умения сравнивать личностные достижения с уровнем подготовки других людей.

Исследование теорий, представленных выше, позволило выявить Мотивационный критерий с дескрипторами для уровней профессиональной подготовки студентов и магистрантов, обучающихся по Образовательным программам-искусство, необходимых для их творческой деятельности.

Таким образом, каждый критерий содержит по семь показателей это дало возможность разработать уровни *«репродуцирующий, интерпретирующий, креативный»*, которые будут рассмотрены ниже:

Таким образом, изучение мотивационного критерия позволило определить мотивы обучающихся**,** способствующих определению ***уровней профессиональной компетентности*** студентов и магистрантов, обучающихся по Образовательным программам-искусство.

*«**Репродуцирующий**» Мотивационный компонент* – характеризуется слабовыраженным интересом к специальности, непониманием значимости профессии, отсутствием креативности, социальных качеств личности и адекватной системы оценки.

*«**Интерпретирующий**» Мотивационный компонент* – характеризуется интересом к специальности, осознанием повышения уровня самообразования для реализации в профессии, через развитие креативности и социальных качеств личности, коммуникативности и оценки собственных достижений.

*«**Креативный**» Мотивационный компонент* – характеризуется интересом к специальности, с гносеологической потребностью в повышении уровня самообразования, квалификации, осознанием значимости профессии, креативностью, социальными качествами личности, коммуникативностью, адекватной системой оценки.

В опытно-экспериментальной работе исследования был проведен корреляционный анализ по Kendall Tau b test среди: показателей критериев оценки Формирования профессиональной компетентности.

В данной статье будет дано описание только лишь корреляции, свидетельствующей о средней взаимосвязи, выявленной между:

– *наличием интереса к специальности и осознание значимости профессии* (r=0,512);

– *гносеологической потребностью в повышении уровня самообразования, квалификации и осознание значимости профессии* (r=0,518).

– *социальными качествами личности и коммуникативностью* (r=0,505).

Проведенный корреляционный анализ по Kendall Tau b test среди показателей критериев оценки Формирования профессиональной компетентности выявил обусловленность динамической связью: «Образовательные программы», «контент образования», «парадигма образования». Таким образом, для эффективности профессиональной подготовки необходима модернизация педагогических аспектов Мотивационного критерия с показателями и дескрипторами, Уровнями профессиональной компетентности студентов и магистрантов, обучающихся по Образовательным программам Искусства.

Выводы

Таким образом, исследование мотивации на примере творческой деятельности Димаша Кудайбергена позволило провести теоретико-методологическое обоснование и корреляционный анализ развития мотивации в профессиональной подготовке студентов и магистрантов в вузе. На основе проведенного исследования были разработаны:

1. Мотивационный критерий с показателями и дескрипторами.
2. Уровни профессиональной компетентности студентов и магистрантов, обучающихся по Образовательным программам-искусство.
3. Выявлена корреляция показателей Мотивационного критерия по Kendall Tau b test.

На основании проведенного исследования, для развития мотивации студентов и магистрантов, обучающихся по Образовательным программам-искусство в вузах Казахстана необходима модернизация профессиональной компетентности в показателях:

– *наличие интереса к специальности и осознание значимости профессии* – обновление целей и содержания профессиональной подготовки студентов в соответствии с потребностями отрасли профессиональной творческой деятельности;

– *гносеологическая потребность в повышении уровня самообразования, квалификации и осознание значимости профессии* – организация творческой деятельности при осуществлении Курсовых проектов через взаимодействие образовательного и производственного процессов;

– *социальные качества личности и коммуникативность* – расширение академической свободы для вузов, студентов, педагогов и мобильности на основе международного сотрудничества вузов, самостоятельного планирования траектории обучения согласно принципам Болонской декларации.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Статья главы государства «Фокус на будущее: духовное обновление». 12 апреля 2017 г. Дата обращения 15.04.2020. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolash-akka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Dlouh J., Burandt S. Design and evaluation of learning processes in an international Journal of Clearner Production // Journal of Clearner Production. 2015. -106p. 247e258.
3. 21th century competencies // Journal Independent school. – 2016. – 70 p. Retrieved May 30, 2017, from http://www.edugains.ca/resources21CL/About21stCentury/21CL_21stCenturyCompetencies.pdf
4. Жангужинова М. Формирование профессиональной компетентности студентов на основе модульного обучения в вузе // Монография. Алматы: Лантар Трейд, 2020. -166с. ISBN 978-601-265-370-0.
5. Kazinform, The number of fans of Dimash Kudaibergenov reached 2 billion people, 16.02.2017. Retrieved from https://www.inform.kz/ru/kolichestvo-poklonnikov-dimasha-kudaybergenova-dostiglo-2-mlrd-chelovek_a2999909.
6. Tengrinews. Aktobe native wins Grand Prix of Slavianski Bazaar 2015. Retrieved from https://en.tengrinews.kz/cinema_and_music/aktobe-native-wins-grand-prix-of-slavianski-bazaar-2015-261230/ 27.07.2015.
7. 24.kz. Гендиректор Хунань ТВ: Димаш прославил Казахстан. [Электронный ресурс]: https://24.kz/ru/news/culture/item/173051-gendirektor-hunan-tv-dimash-proslavil Дата обращения 17.04.2017.
8. Zhanguzhinova M.Y., Magauova A.S., Satova A.S., Mamanova A. The study of student's motivation for future professional activity // Rural Environment. Education. Personality / Proceedings of the ISC. Jelgava: LLU, 2018. 11. – P.162-170. (DOI: 10.22616/REEP.2018)
9. Методика формирования профессиональной компетентности: Учебно-методическое пособие / М.Е. Жангужинова; НМС РТА, Латвия. Резекне: РТА, 2018. – 65с. ISBN 978–9984–44–217–4.
10. Аминов Р.А. Модели управления образованием и стили преподавания. Вопросы психологии, 2. 2004.
11. Омирбаев С.М. Модульное обучение и разработка модульных образовательных Программ. Вестник КарГУ. Педагогика. 2014.

УДК 659.182/.187

Кустова Томирис Маратқызы,
магистрант 2-го курса,
специальность 7М02101 – Дизайн,
кафедра «Дизайн»,
Университет «Алматы»

Алпысбаева Айжан Бегайдарқызы,
магистрант 1-го курса,
специальность 7М02101 – Дизайн,
кафедра «Дизайн»,
Университет «Алматы»

ПАРТНЕРСТВО В ОБЛАСТИ ГРАФИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА И НАУКИ, ОСОБЕННО В СОВОКУПНОСТИ С СОВРЕМЕННЫМИ ТЕХНОЛОГИЯМИ, В ЦЕЛЯХ ПОВЫШЕНИЯ РЕЗУЛЬТАТИВНОСТИ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИИ

Аннотация: *Қазіргі әлемде графика және графикалық дизайн галымдар үшін аса маңызды сала болып табылады, өйткені бұл мамандар зерттеуді толықтыра алады және тиімді жеңілдетеді. Күрделі зерттеулердің нәтижелерін типтік социумға жылжыту үшін табысты жүйе ретінде галымдар мен графикалық дизайнерлер арасындағы ұсынылған ынтымақтастық мүмкіндігі бар. Бірақ көптеген зерттеушілерге визуалды медиа саласында тәжірибе жетіспейді.*

Түйін сөздер: *инфографика, визуализация, иллюстрация, эксперимент, графикалық дизайнер.*

Аннотация: *В современном мире графика и графический дизайн становятся все более важной сферой для ученых, так как данные специалисты могут дополнять и выгодно упрощать исследования. Есть вероятность предлагаемого сотрудничества между учеными и графическими дизайнерами как успешной системы для продвижения результатов сложных исследований в типичный социум. Но большинству исследователей не хватает опыта в визуальных медиа.*

Ключевые слова: *инфографика, визуализация, иллюстрация, эксперимент, графический дизайнер.*

Annotation: *In the modern world, graphics and graphic design are becoming an increasingly important field for scientists, as these specialists can complement and simplify research in a profitable way. There is a possibility of the proposed collaboration between scientists and graphic designers as a successful system for promoting the results of complex research in a typical society. But most researchers do not have enough experience in visual media.*

Keywords: *infographics, visualization, illustration, experiment, graphic designer.*

Потребность ученых в визуальном искусстве никогда не была широкой и частой. Для передачи результатов более сложных и междисциплинарных исследований требуется более сложная графика. Хорошо выстроенная графика может расширить влияние исследовательских статей, стремящихся быть замеченными в постоянно растущем потоке опубликованных работ, и дополнительные визуальные эффекты, например графические абстракции, часто теперь запрашиваются журналами. Спонсоры также все больше подчеркивают ценность графики в предложениях грантов. В интернете, где зрители решают, следует ли взаимодействовать с материалами, привлекательные визуальные эффекты играют ключевую роль, особенно с учетом того, что исследовательские организации включают в свои показатели воздействия на внимание в социальных сетях.

Когда мы думаем о революционных научных достижениях, то чаще всего в визуальном плане это – первые изображения структуры ДНК; эскизы Дарвина о древе жизни. Способность этих фотографий говорить с людьми, особенно за пределами наших специализированных исследовательских сообществ, стоит гораздо больше многих слов.

В то время как многие исследователи встают на путь распространения информации о своей работе через социальные сети и другие форматы, выходящие за рамки традиционных каналов, очень немногие ученые обладают опытом в области визуальных медиа-коммуникаций, а еще меньше – в области дизайна, адаптированного для онлайн-платформ с использованием современных технологии. Из-

учение специализированных навыков, необходимых для создания графики для меняющегося массива обычных и новых научных СМИ – очень большой вопрос.




Рисунок 1. Примитивная иллюстративная схема,
демонстрирующая возможности сотрудничества

Но ученым не нужно идти на это в одиночку. Сотрудничество между исследователями, графическими дизайнерами и другими специалистами в области визуальных коммуникаций открывает широкие возможности (Рисунок 1).

Недавно между Институтом глобальных перемен Аспении и Международным центром тропического сельского хозяйства была проведена проверка эффективности сотрудничества ученых и художников, объединивших шесть научно-исследовательских лабораторий, занимающихся различными аспектами биологических и сельскохозяйственных наук, с графическими дизайнерами и создателями медиаконтента. Работа восьми участвующих ученых была сосредоточена на сложных, социально значимых вопросах в области биологии, продовольствия и сельского хозяйства, включая опылители и угрозы биоразнообразию, современное разведение растений, развитие сельского хозяйства и изменение землепользования, феноменику и другие новые сельскохозяйственные технологии, сельскохозяйственную устойчивость, а также происхождение и процессы одомашнивания пищевых растений.

Пять участвующих художников были выбраны для их трековых записей как сопроводители привлекающих и интересных визуальных онлайн-медиа. Среди которых были как и профессионалы графического дизайна, так и талантливые любители. Некоторые из них имеют опыт научных исследований, в то время как другие не имеют никакой научной подготовки. Все ученые и графические дизайнеры, к которым обращались, с энтузиазмом экспериментировали с этим междисциплинарным сотрудничеством. Исследователи и дизайнеры были в паре, исходя из интересов художников среди научной тематики, и дизайнеры получили компенсацию за свой вклад. Пары ученый-художник просили создать инфографику – в данном случае определяемые как визуально восприимчивые, увлекательные, быстро понятные, графические представления научных исследований – на основе текущих проектов исследовательских лабораторий. Эти действия продолжались в течение трех месяцев.

В итоге данного исследовательского эксперимента, ученые и эксперты-любители в области графического дизайна и инфографики, представили, как результат продукты, демонстрирующие уровень сотрудничества исследователям, организациям, простым потребителям и спонсорам. Для этого они использовали интерактивно коммуникативный семинар, на ежегодном совещании AAAS в Вашингтоне в феврале 2019 года [*Научный семинар, 2019, 14 февраль*].

Итеративный подход к сотрудничеству

Сотрудничество обычно начиналось с бесед, направленных на идентификацию целевой аудитории. Это было удивительно сложно для ряда исследователей, которые хотели пообщаться с "широкой публикой". Поскольку дизайнеры и искусствоведы знали, что разные аудитории требуют разных подходов, они ставили перед учеными задачу быть максимально конкретными. В конечном итоге группы пришли к гораздо более четким целевым показателям аудитории, например, "англоязычные и испаноязычные зрители, уже были заинтересованы в сохранении биоразнообразия".




Рисунок 2. Пример демонстрированных инфографиков

Объяснение, почему важно защитить структуру сетей взаимодействия растения-опылителя. Этот график был спроектирован с яркими цветами и минимумом текста, чтобы ею можно было поделиться в социальных сетях. Самая большая задача заключалась в том, чтобы найти способ краткого, но ясного объяснения абстрактной темы высокого уровня интересующейся биоразнообразием. Команда из ученых-художников попробовала множество различных подходов, прежде чем найти нужное сочетание, взаимосвязь и крючки к новостям, быстрого графического выставления, демонстраций и настольной метафоры. Чтобы охватить намеченные аудитории, информационная графика выпускалась как на английском, так и на испанском языках. Проект Яэля Киселя, основанный на исследованиях Игнаси Бартомея (Ejanión Biológica de Doniana) [*Маркус Э., 2010, с. 62*].




Рисунок 3. Пример демонстрированных инфографиков

Эти разговоры подпитывали следующий шаг сотворения, уточняя сообщения инфографики. Во многих случаях необходимо было найти середину между убежденностью учёных в том, что графика точно и всесторонне представляет данные, и акцентом художников на упорядочение сообщений, чтобы облегчить их понимание. Каждая группа должна была определить, как провести исследование по проблеме, не упрощая его до такой степени, что ключевой контекст был утрачен и слишком прост. Для некоторых из них, компромисс был найден путем включения визуализаций данных, для передачи конкретной информации, а также более абстрактных конструкций для ретрансляции более широких концепций. Для других материалов, созданных самими учеными, были адаптированы и доработаны в визуальные компоненты




Рисунок 4. Более усложненная концепция с визуальными компонентами непосредственно от ученых (Дизайн Элли Барбер на основе исследований Винсента Рициарди, Зии Мехраби и Навина Раманкутти (Университет Британской Колумбии))

Два проекта из одной инфографики были посвящены роли мелких фермерских хозяйств в глобальной продовольственной системе. А представляет собой визуализацию данных конкретных данных исследования, представляющих глобальную географию мелких хозяйств. Он представляет собой определения различий в выяснении размера фермы, понятие, которое, по мнению художника, было более эффективно передано посредством абстракции. Дизайн Элли Барбер на основе исследований Винсента Рициарди, Зии Мехраби и Навина Раманкутти (Университет Британской Колумбии). (Рисунок 4.). В каждом случае процесс уточнения сообщения и последующего создания графики был интерактивным, так как команды пробовали разные аранжировки информации в поисках эффективной истории. Часто вспомогательные и даже основные сообщения менялись по мере продвижения работы и по мере того, как художники – иллюстраторы предоставляли информацию о том, что они считали легкой демонстрацией и то, что по их мнению, будет иметь отношение к выбранной целевой аудитории. В некоторых случаях процессы уточнения сообщений указывали на то, что ученые изначально считали слишком очевидными для упоминания. Коллеги, друзья и семья, как из мира ученых, так и из мира художников проводили тесты на прогресс. К концу проекта все команды были довольны своей продукцией, которая, по их мнению, была научно точна, визуально привлекательна и эффективно общалась. [*Liu C., White R. W., 2010, с. 149*].

Ряд участвующих исследователей с удивлением обнаружили, что акт перевода их работы в инфографику толкнул их науку вперед. Они затронули проблему перегруппировки сложных концепций в четкие, целенаправленные и доступные сообщения, но этот процесс помог им определить центральные компоненты их работы и отметить области, которые они недостаточно изучили. Этот процесс также заставил исследователей задуматься, а затем и пообщаться, почему они делают то, что делают, а также как их работа влияет на общество. [*Madison E.M., 2019*].

Можно выделить несколько рекомендации по результатам экспериментального проекта. Поскольку представление науки выходит за рамки традиционного статического журнала есть все основания думать, что графическое искусство станет более востребованным. Учитывая также быстрое развитие в техническом процессе также. На основе данного опыта был разработан комплекс рекомендуемых мер для исследователей и их учреждений, для специалистов в области полиграфии и для спонсоров в целях содействия продуктивному сотрудничеству между учеными и художниками. Несколько примеров [*https://visual.ly/tag/ifpri, 2019*]:

1. Исследователи и их институты должны признать ценность научного и графического искусства в улучшении коммуникации исследований и доступности результатов, имеющих значение для общества.

2. Чем раньше будут проведены консультации с дизайнерами в процессе исследований, тем лучше – не только для облегчения создания визуальных медиа, но и потому, что это сотрудничество улучшает текущие и потенциальные будущие исследования.

3. Исходя из сложных исследовательских тем ученых, участвующих в этом проекте, и их единообразного ответа на то, что их работа и ее коммуникация выиграли от этого сотрудничества, считается, что ученые в большинстве, если не во всех областях исследований также могли бы принести пользу для графического дизайна. Так, как имеет огромный вес, значимость, пиар, повышение рейтинга среди внутренней конкуренции. Научно-исследовательские общества и журналы могут поддерживать сотрудничество между учеными и художниками посредством пропаганды и профессиональной подготовки. [*Suzanne H. Plimpton 2004*].

4. Во время презентации данного проекта на конференции AAAS члены аудитории не раз спрашивали, как им можно найти квалифицированного художника для работы. В некоторых организациях имеются специализированные бюро по искусству/дизайну/коммуникациям, которые могут сотрудничать с исследователями в разработке графики для повышения результативности [*Madison E.M., 2019*]. Для ученых, не имеющих такой институциональной поддержки, дальнейшее создание и расширение сетей [*Кхури С. К., 2019*], организаций и компаний, предоставляющих эти услуги, будет иметь огромное значение.

5. И наконец, финансирующим организациям следует положительно рассмотреть вопрос о более широких бюджетах последствий в предложениях по субсидиям, включающих ресурсы на графический дизайн, и четко обозначить компоненты графического дизайна в качестве более широкой работы в области воздействия, которую они будут поддерживать. Также по итогам считается, что относительно дополнительное финансирование, которое необходимо, дало бы существенную отдачу и более лучшую результативность.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Маркус Э. 2010: Издательская одиссея. Ячейка 140, 9 (2010)
2. Национальный научный фонд. Руководство по подготовке предложений, https://www.nsf.gov/pubs/2004/nsf04016/start.htm (2004 год).
3. Liu C., White R. W., Понимание поведения при просмотре веб-страниц посредством анализа времени пребывания по Вайбуллу. SIGIR "10: Продолжение 33-й международной конференции ACM SIGIR по исследованиям и разработкам в области поиска информации, 379-386 (2010).
4. AAAS. Власть Инфографики, 2019 Общающийся Научный Семинар, Научные Границы Превышающего «Годовых собраний AAAS», Вашингтон, округ Колумбия, 14 февраля, https://www.aaas.org/page/center-public-engagement-science-and-technology/2019-annual-meeting-communicating-science-seminar (2019).
5. Кхури С. К. и др. Научно-графическое художественное партнерство в целях повышения результативности научных исследований. Цифра дриады. Repos. https://doi.org/10.5061/dryad.7j5d5t0 (2019).
6. Институт механобиологии, Национальный университет Сингапура (МБИ). Научная Коммуникационная Единица MBI, https://mbi.nus.edu.sg/services/core-facilities/science-communications-core/(2019).
7. *Madison E.M,* (SFA), Где наука находит искусство, https://sciencefindsart.com/home (2019).



Нұхат Сегізбай Берікұлы,
магистрант,
Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
E-mail: nurhat_segizbay@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ Т. МҰХАМЕДЖАНОВТЫҢ ӘН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Түйін: *Бұл мақалада профессор, композитор Т. Мұхамеджановтың ән шығармашылығын қарастырамыз. Музыкалық өнер саласындағы орасан зор еңбегіне қарамастан, өкінішке орай, бүгінде оның шығармашылығына арналған фундаменталды ғылыми еңбектер жоқ. Композитордың әндері қазіргі заманауи өмірдің, Қазақстан мәдениетінің ажырамас және әлеуметтік маңызды бөлігі.*

Түйін сөздер: *композитор, музыка, шығармашылық, Мұхамеджанов, ән.*

Резюме: *В статье рассматривается песенное творчество композитора, профессора Т. Мухамеджанова. Не смотря на огромные заслуги в области музыкального искусства, к сожалению на сегодняшний день отсутствуют фундаментальные научные труды, посвященные его творчеству. Песни, созданые композитором прочно вошли в современную жизнь, став неотделимой и социально значимой частью культуры Казахстана.*

Ключевые слова: *композитор, музыка, творчество, Мухамеджанов, песня.*

Summary: *The article discusses the songwriting of the composer, professor T. Mukhamedzhanov. Despite the enormous merits in the field of musical art, unfortunately today there are no fundamental scientific works devoted to his work. Songs created by the composer firmly entered modern life, becoming an inseparable and socially significant part of the culture of Kazakhstan.*

Key words: *composer, Mukhamedzhanov, music, creativity, song.*

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ музыкалық эстрадасын зерттеуге қажеттілік туды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қоғамдық сананы және қазақ халқының мұраларын рухани жаңғырту қазіргі мәдени саясаттың басты міндеттері болып табылады.

Қазақстандағы эстрадалық музыканың алғашқы қалыптасып, одан әрі қарай дамуының тарихы 1967 жылдан бастау алған. Көпшілікке арналған ән жанрының дамуымен қатар оны орындайтын эстрада әншілерінің өзіндік мәнері қалыптасты.

Мәдениет тарихында терең із қалдырған әрі халықтың сүйіспеншілігіне ие болған ерекше дарынды тұлғаның өмірі мен шығармашылығы әрдайым ғылыми тұрғыдан да қызығушылық тудырады. Солардың қатарында отандық музыка мәдениетінің белгілі қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор, Сенат депутаты, Рухани Мәдениет әлемдік форумының тең төрағасы, «Рухани келісім Конгресі» Халықаралық Қоғамдық Қорының президенті, "Парасат" орденінің кавалері Т. Мұхамеджановтың шығармашылығы [Қазақстан композиторлары, 2011]. Ол поэзия жинағының, симфониялардың, опералардың, камералық шығармалардың, кинофильмдердің және театрлық қойылымдар музыкасының, романстардың, әйгілі аспаптық музыкасының, сонымен қатар көптеген әндердің авторы. Музыка өнері саласында композитордың үлкен жетістіктеріне қарамастан қазіргі уақытта оның шығармашылығына арналған кешенді ғылыми зеттеулер жоқ. Тек қана сұхбаттар, журнал мақалалары, концерт анонстары бар, оның шығармаларының жан-жақты музыкалық талдауы жоқ. Осыған байланысты отандық музыкатануды толықтыра отырып, Т. Мұхамеджановтың әндерін зерттеу біздің қоғам үшін өзекті, әрі қажетті.

Төлеген Мұхамеджанов музыкасының танымал болуы – әуезді әсемдігі мен мәнерлілігі. Қарапайым, бірақ әрбір жүрекке жететін әуенді жасай білу – сирек сыйлық.

Композитор Т. Мұхамеджановтың шығармашылығы екі бағытта дамуда. Біріншісі күрделі "академиялық" жанрларда: симфониялар, кантаттар, симфониялық поэмалар, камералық-аспаптық музыка, вокалдық циклдар және т.б. шығармалардың құрылуымен байланысты. Ол «Алдаркөсе» операсы мен «Ғажайыптар елі» зонг-операсының авторы. Қазақ композиторларының ішінен рок-опера жанрға алғашқылардың бірі болып қалам сілтеген де Т. Мұхамеджанов болатын [Кузембаева С.А., Мусагулова Г.Ж, Касимова З.М., 2010, 248-249 б.].

Екіншісі – Т. Мұхамеджановтың үлкен әуенді таланты эстрадалық әнде ашылған. Нәзік көркемдік талғамға ие композитор бұл жанрды шынайы сұлулықпен және жоғары поэзиямен толықтырды. Дәл осы әндер композитор Мұхамеджановтың кеңінен танылуына ықпал етті және Қазақстандағы кәсіби ән өнерінің дамуына үлкен әсер етті. Ол әнге деген ерекше қызығушылығын осы жанрдың таңғажайып қабілеттілігімен қарапайым және табысты құралдарымен адамдарды бір идеямен біріктіре алуымен түсіндіреді.

Т. Мұхамеджановтың әр әні – музыка мен поэтикалық мәтіннің үндестігі болып табылады, онда композитор жалпы көңіл-күйді ұстап, оның өзін толықтыратын ойлар мен сезімдердің жаңғырығын табады. Ол үшін шабыт көзі қазақ поэзиясы (Қ. Мырзалиев, Ш. Сариев, К. Әбілов, С. Тұрғынбеков) және орыс тіліндегі өлеңдер (Л. Рубальская, Э. Балашов, Е. Амирамов, С. Гулькина) болды. Ол замандастардың өлеңдеріне (У. Есдәулетов, Б. Қайырбеков) және XX ғасырдағы классикалық қазақ поэзиясының образдарына (М. Мақатаев, Б. Тәжібаев) жүгінеді [Мухамеджанов Т., 2008, 3-4 б.].

Т. Мұхамеджанов бірқатар «Сағындым туған елді», «Незнакомая», «Воспоминаний дым», «Две столицы» өлеңдеріне әндер жазды.

Қазақстан мен Ресейдің танымал эстрада әншілері (Р. Рымбаева, М. Жүнісова, Н. Есқалиева, А. Нұрмағамбетова, Б. Шүкенов, М. Арынбаев, Б. Исаев, И. Понаровская, И. Отиева және т.б.), сондай-ақ классикалық вокал шеберлерінің (И. Кобзон, Е. Серкебаев, Р. Бағланова, А. Днишев, Н. Үсенбаева, С. Байғожин) орындауында композитордың көптеген әндері кеңінен танымал болды. Т. Мұхамеджановтың әндеріне ерекше, жаңа түсінік беруді ресейлік және шетелдік эстрада жұлдыздары ("НАНА" тобы, С. Пьеха, Эйсел Сантос және т.б.) ұсынады [Мухамеджанов Т., 2008, 3-4 б.].

Төлеген Мұхамеджановтың алғашқы авторлық пластинкасы 1982 жылы Мәскеу қаласында жарыққа шыққан. Ол ұлы Абайдың өлеңдеріне вокалды топтамалар жазған. Төлеген Мұхамеджановтың «Құс жолы», «Іңкәрім-ай», «Мен деп ойла», «Заман-ай», «Аққу Арман», «Астана кеші» және басқа да әндері халқымыздың сүйіп тыңдайтын әндеріне айналды.

«Т. Мұхамеджанов әнге әу бастан-ақ және оның бүкіл шығармашылығы барысында жүгінді, ал оның көркемдік мүмкіндіктері Т.Мұхамеджановтың музыкасына тұтастай әсер етті, оның негізгі стилистикалық ерекшелігі – терең сезімдік пен лирикалық руханиятты анықтады», – деп жазады өнертану докторы У. Джумакова [Джумакова У., 2003, 232-233 б.].

Елдің басынан өткен қайғысы да, қуанышы да бүгінгі тарих десек, маңызды оқиғаларға қаламын бос қалдырған композиторлар кемде кем шығар. Т. Мұхамеджановтың да – **«Заман-ай»** әні қазақ халқының үні. Бұл ән «Елім-ай» әнімен үндес. Төлеген Мұхамеджанов «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының белсенді мүшесі, қозғалыстың көшбасшысы Олжас Сүлейменовтың досы әрі серіктесі.

«Заман-ай» әні атом бомбасы мен ядролық сынақ зардабын тартқан сол заманның қасіретін, зардабын түсіндіру мақсатында жазылған. Расымен «Заман-ай» сол қасіретті жылдардың әлдиіндей әсерге бөлейді. «Семей-Невада» қозғалысының гимні десек те болады. Бұл әнді әнші Роза Рымбаева орындап шықты. «Заман-ай» әні шыққаннан кейін көп ұзамай Жапонияның Қазақстандағы елшілігі әннің авторы Ұлықбек Есдәулетке хабарласқан екен. «Қазақ пен жапонның қасіреті бір. Екі ұлт та ядролық сынақтан қасірет көрді. Рұқсат етсеңіз, сіздің және композитор Төлеген Мұхамеджановтың авторлық құқын сақтай отырып, жапон тіліне аударып, әнді орындағымыз келеді», – деп олардың келісім беруін сұраған екен. Ақын мен сазгерден рұқсат алынғаннан кейін ән жапон тіліне аударылып, жапонның Томоко есімді танымал әншісі сахна төріне алып шыққанда, жапондар әннің әсерінен қозғалмай тұрып қалған. Олардың өткенді еске алған өкініш, қайғылары көздерінен көрініп тұрды. Олар осыдан кейін әнді ағылшын тіліне аударып, жазықсыз елге ядролық қару тастаған АҚШ естісін деп бұл әнді Америкаға да жеткізді [Қазиұлы Н., электронный ресурс Abai.kz].

Ән характері – баллада жанрын анық көрсетіп, речитативті маңыздылыққа алады. Яғни әннің сөзін, ондағы ойды тыңдарманға жеткізуді басты орынға қояды. Тарихты сипаттап түрғандықтан көне сарын мен халықтың ауыр азапты күндерін суреттейді.

Ән – байыпты, бірқалыпты жүреді. Басындағы кіріспе ретінде берілген 4 тактты өзі, әлде бір тарихты баяндағысы келген әңгімелеудің басталатынын бірден сездіріп, тарихи шығарма екенін аңғару қиынға соқпайды. Шығармада гармонияның минорға тән бай мүмкіндіктерін қолдана отыра, композитор әнді үлкен шеберлікпен жазған. Тыңдарманның еңсесін басып, бірден ауыр мұң сыйлайды. Әсіресе қайырмасындағы «заман-ай» сөздері. Әрине, өткен үннің тарихы ауыр келеді десек, оны әнмен жеткізіп және есту арқылы сезіну бір бөлек дүние.

Төлеген Мұхамеджановтың эстрадалық әндері де композитор талғамының биіктігіне өлшем болатындай деңгейде. Өйткені ол ән жазарда өлең мәтініне асқан жауапкершілікпен қарайды. Ендеше әуені мен өлеңі жарасқан Мұхамеджановтың әндерін орындайтын әншілердің бағы бес елі десек, қателеспейміз. Ү. Есдәулеттің («Ақ желкен» мен «Заман-ай»), Ш. Сариевтің («Аяулым», «Қимай сені барамын»), Б. Қайырбековтің («Мне не забыть тебя»), Қ. Сариннің («Астана»), Қ. Әбілевтің («Астана кеші»), С. Мәуленовтің («Мен сенімен кездестім»), М. Мақатаевтың («Өкпелеттім») сөздеріне жазылған әндері – қазақ эстрадасының алтын қорынан табылар қазыналар.

Төлеген Мұхамеджановтың «Құс жолы», «Іңкәрім-ай», «Мен деп ойла», «Аққу Арман», «Астана кеші» және басқа да әндері халқымыздың сүйіп тыңдайтын әндеріне айналды. Бұдан басқа талантты сазгердің халық жадында жатталған бірталай туындылары бар. Төлеген Мұхамеджановтың «Өмір өзені» оның 12-ші альбомы. Оған композитордың 14 туындысы енген. Автордың 14 шығармасы жинақталған «Өмір өзені» альбомы АҚШ-тың беделді «Стерлинг саунд» дыбыс жазу студиясында өңделген. Олардың арасында бұрынғы шығармаларымен қатар, Төлеген Мұхамеджановтың соңғы аспаптық композициялары да бар.

Тұңғыш ел президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өлеңіне жазылған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеген Мұхамеджановтың «Мой город» әнін ресейлік «На-На» тобы орындап шыққан болатын. Бұл туынды Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойына орайластырылып жазылған екен. Ғаламторда «На-На» тобының орындауындағы «Мой город» әнін тыңдаушыларында есеп жоқ, себебі ән елордаға арналғанымен, мәтінде Астана деген сөз жоқ. Сондықтан бұл ән әркімнің өз қаласын есіне алып, тебірентетін болса керек [Мухамеджанов Т., 2008, 3-4 б.].

Өткен ғасырдың 90 жылдарында қазақ сахнасына жаңа әнші Меруерт Түсіпбаева жол тартты. Ол көпшілікке белгілі сазгер Төлеген Мұхамеджановтың «Қимай сені барамын» әнімен танылған болатын. Ән мәтінін көрнекті қайраткер, қазақ әдебиетінің тарланы Шөмішбай Сариев жазған. Әннің әуенінен бөлек сөзіне көңіл бөлсек автордың шығармаларына ақынды да биік талғаммен таңдайтыны байқалады. Бүгінде Меруерт Түсіпбаева қазақ эстрадасының жарық жұлдыздарының біріне айналды. Ал оны танытқан әсем ән әлі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтпай, әншінің бойтұмар әніне айналған.

Т. Мұхамеджановтың «Қимай сені барамын» әні лиризмге толы, өн бойы сан түрлі сезімді қамтып шыға алады. Әрине оған тек әдемі сөздер ғана емес үйлесім тапқан гармонияның рөлі маңызды. Ән – орындаушыға қиындық тудырмайды, көлемі шағын, ерекше дауыс мүмкіндігін қажет етпегенмен, жүрекпен орындай білуге әсерлі лиризм мен асқан талғампаздық қажет.

Аққу тақырыбы лирика-философиялық, махаббат, лирика-психологиялық тақырыппен қанша композитордың түрлі жанрдағы шығармаларына арқау болды. Сұлулығы мен киесінен бөлек сыңарсыз өмір сүрмейтін осы бір табиғаттағы тіршілік иесіне Т. Мұхамеджановтың да «Аққу-арманы» – құлақ құрышын қандыратын, теңдессіз туынды. Ақын Ш. Сариев әуен байыптылығына сөзі үйлескендей, тыңдаушының жүрегіне сағыныш ұялатып, өн бойына сөнбес сәуле сыйлайды.

Композитордың әндерінің формасы қарапайым, негізгі тақырыптық интонация әннің басында бірден беріледі. «Аққу-арманы» әні g moll – тональдігінде жазылған. Минорлық ладтың бояуларын қолдана отырып, композитор шағын шығармаға сағыныш пен сұлулық сезімдерін сыйдыра білетіндігі таң қалдырады. Әншінің табиғатын түсіне отырып, оның дауысы мен бітім болмысына сай ән тудыра алуы да Т. Мұхамеджановқа тән ерекшелік болса керек. Ән тақырыптық жағынан табиғат лирикасына жақын болғанмен, өткенді сағына жүріп, қимастық пен махаббатты жеткізуі, табиғаттың әсем жаратылысы аққу құсының бейнесі арқылы – әрі махаббатты, әрі терең философияны, табиғат лирикасына да байланыс анық сезіледі. Тыңдаушыға лирико-психологиялық күйді көбінесе негізгі функциялардың тұрақты дыбыстары қолдану арқылы жеткізеді. Т. Мұхамеджановтың қай әні

болмасын орындаушысын мінсіз таба біледі. «Аққу-арман»-ды Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Нұрлан Өнербаев орындайды.

«Іңкәрім-ай» – Б. Тәжібаевтың сөзіне жазылған Т. Мұхамеджановтың қазақ эстрадасының асыл жауһары ретінде, тыңдарманның жүрегінен орын алған туындысы. Алғаш орындаушылардан Роза Бағлановалардан бастау алып, бүгінгі күнге дейін заман ағымымен бірге біте қайнасып, түрліше стилде орын алып, бір ғана әннің бірнеше орындалу мүмкіндігі мен сан алуан қырларының қайсысы болса да, іңкәр көңілді ынтықтыруын тоқтатқан емес. Әннің шығу тарихы жөнінде автор қызық естелігімен бөліскенде: «Роза Бағланова Бәкір Тәжібаев екеумізді шәйға шақырып, әннің алғашқы иірімдерін ұсынып, «Іңкәрім, іңкәрім», осындай бір ән жазшы деп ұсыныс жасапты. Әп сәтте жазуға кіріскенде, Роза апамыз палау жасауға кірісіпті.. Нотаға түсіре бастағаннан-ақ рояльға отырып ойнағанда, Роза апамыз жүгіріп келіп, «мынауың керемет қой!» деп балаша қуанған екен. Әнді айта бастағанда мұрнымызға күйген иіс келді, сөйтсек Роза апамның палауы күйіп кеткен екен, марқұмның топырағы торқа болсын» – деп еске алды Т. Мұхамеджанов [URL: **https://youtu.be/Wt97rgVGy7c**].

Бүгінгі таңда қаймағы бұзылмаған бұл әнді Нағима Есқалиева, Алишер Каримов, Әли Оқапов пен Диана Пан, «Музарт Лайф», «Тарлан тобы», Үлбосын Мантаева, орындап жүр. Орындаушылық тұрғысынан қарағанда – Диана Пан – өз орындауындағы блюз стилінде әнге ерекшелік береді. Үлбосын Мантаева – әнді лиризммен байытады. Жалпы әннің табиғаты – көңілді, түрлі эмоциялар мен әсерге толы.

Қорыта келгенде, Төлеген Мұхамеджановтың әндері біздің өмірімізге бұрыннан еніп, оның ажырамас бөлігі болды. Олар эстрадада, ресми мерекелерде, радио және телеэфирде естіледі, кәсіби әншілер мен көркемөнерпаздар әртістерінің репертуарын безендіреді. Сүйікті, есте қаларлық әуендерді концерттерде ғана емес, автомобиль салонында, ұшақ бортында және ұялы телефондардың рингтоны ретінде естуге болады.

Кәсіби композитор түрлі жанрларында теңсесіз орны бар еңбектерімен Қазақстанның музыка мәдениетін байытуда үлесі зор. Төлеген Мұхамеджанов – 100-ден астам әннің авторы. Оның вокалдық шығармалары – құнды-лирикалық толғаныс әлемі. Жастық романтикасына толы махаббат, жан дүниесінің тереңдігі сондай-ақ туған жеріне, отанына арнаған әндері бүгінде сахнадан түспей, халық жүрегінен орын алып келеді [Мухамеджанов Т., 2008, 3-4 б.].

Композитордың қарапайым адам сезімдері туралы әндердің ерекше ықыласпен орындалуының себебі – халқымыздың түп тамырындағы ажырамас бөлігі болған ән мәдениетінегі халықтық интонациясы мен ритмикасы сіңіп, шынайы ән-жыр, әңгімелер, ой-толғаулармен үштасып жатқандықтан болар.

Т. Мұхамеджанов әнге әу бастан-ақ көркемдік мүмкіндіктерін тұтастай әсер еткізді, оның негізгі стилистикалық ерекшелігі – терең сезімдік пен лирикалық руханиятты анықтады.

Т. Мұхамеджановтың музыкасы өте сазды – туындылары жүректен әуелеп шығып жататындай, кереметі де осында, оның шығармалары бірімен – бірі жалғасып жатыр, музыка мен табиғатқа деген махаббаттан туған тұтас дүние.

Мұхамеджановтың музыкалық туындысы тек өнер фактісі ғана емес, сонымен қатар мәдениет, қоғам фактісі болып табылады. Сондықтан оның ән шығармашылығы туралы пайымдай отырып, олардың әлеуметтік-мәдени контекстке ерекше қосылуын ескеру қажет. Мұхамеджанның музыкасында поэтикалық биіктік, әуеннің сұлулығы, стилистикалық тәсілдердің өзіндік ерекшелігі, интонацияның ерекше сенімділігі, жанрлық диапазонның кеңдігі және жеке авторлық позициясы бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан композиторлары. Анықтамалық/ Құраст.: Бағысбек Қуат./ – Алматы: «Sansam», 2011. – 216 бет.
2. Кузембаева С.А., Мусагулова Г.Ж, Касимова З.М. Казахские оперы. – Алматы: «Өнер», 2010. – 248 стр.
3. Джумакова У. Творчество композиторов Казахстана 1920-1980-х годов. Проблемы историии, смысла и ценности. – Астана: Фолиант, 2003.-232 с.
4. Қазиұлы Н. Жапон тіліне аударылған қазақ әні. электронный ресурс Abai.kz URL: https://abai.kz/post/78237
5. Мухамеджанов Т. Любимые песни и мелодии. – 2008 г. 60 с.
6. URL: https://youtu.be/Wt97rgVGy7c

УДК 687.8

Талгаткызы Айгерим,
2- курс магистранты,
7М072 – «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы» мамандығы,
кафедра «Технология»,
Алматы Университеті

Фазылбаева Нұрия Расимовна,
т.ғ.к. ғылыми жетекші, оқытушы,
«Технология» кафедрасы,
Алматы Университеті

КИІЗ ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аннотация. *Мақалада киіз басу өнерінің кәзіргі таңда танымал дымқыл илеу және құрғақ илеу техникаларының орындалу технологиясының кезеңдері және қажетті құралдар туралы мәліметтер сипатталған.*

Түйінді сөздер: *мокрое валяние, құрғақ валяние.*

Аннотация. *В статье описаны этапы технологии изготовления популярных влажной и сухой техники валяние войлока, и имеются сведения о необходимых средствах.*

Ключевые слова: *мокрое валяние, сухое валяние.*

Abstract. *The article describes the stages of manufacturing technology for popular wet and dry felting techniques, and provides information about the necessary tools.*


Keywords: *wet felting, dry felting.*

Илеу процесінде алынған және жақсы дыбыс оқшаулағыш және жылу оқшаулағыш қасиеттері бар материал киіз деп аталады (түркі тілінен аударғанда "ojlyk" – жапқыш). Киіз-тығыздағыш және төсем материалы болып есептеледі. Киізді илеу-бұл талшықтардың ілінуі мен өрілуі есебінен киіз алудың технологиялық түрі. Жүн талшықтарының қабыршақты қабаты бар және бұл талшықтардың будың немесе ыстық судың, қышқылдардың немесе сілтінің ерітінділерінің әсерінен өзара байланысына мүмкіндік береді, осылайша талшықтар арасында берік байланыс орнайды.

Киізді илеу процесінде дайындалатын бұйым көлемі азаяды (шөгеді), тиісінше бұйымның беріктігі және оның тығыздығы өседі. Киіздің шөгуі 30-дан 80 пайызға дейін өзгереді, яғни тығыздығы 0,55 г/см3 деңгейінде ең жоғары мәнге ие болады.

Тығыздығы үлғайған кезде талшықтар тығыздалып, бұйымның формасы бұзылады.

Киізді дайындау кезеңдері:



Ең алдымен жүн талшықтары арнайы түту аппараттарында қопсытылады. Содан кейін дайындалған жүн араластырғыш аппаратқа түседі, онда оны майлайды және араластырады. Үшінші кезеңде тарау аппаратының арқасында дайындалған жүннен мақта алынады. Процесс барысында қабаттар қажетті дайындаманың мөлшерінен артық мөлшерде қалыптастыру үшін, бір-бірінің үстіне жіктеліп қойылады. Содан кейін дайындама қажетті температураға дейін қыздырылған, негізін нығыздайтын, содан кейін қышқыл немесе сілті ерітіндісімен сіңдіретін жылжымалы плиткалары бар илегіш аппаратқа түседі. Илегіш аппаратта дайындалған бұйымдар қажетті өлшемге және тығыздыққа дейін кішірейтеді. Өңдеу барысында кезекті кезеңнен кейін дайындаманы созуға арналған арнайы аппаратта созып тегістейді. Өңдеу процесіне дайын бұйымды тегістеу, түктерден тазарту, престеу кіреді [*Масалимов Т.Х., Ахадуллин В.Ф., 2007, 8–13 б.*].

Илеуге арналған жүннің түрлері:

– қылшықты жүн (жұмсақ терімен тікелей байланыспайтын қатты, дөрекі бұйымдар (пима, аяқ киім, сөмкелер) жасауға қолданылатын қылшықты жүн);

– сливер (ойыншықтарды толтыруға, бұйымның негізін жасау үшін қолданылатын қылшықсыз, таралған, көп жағдайда боялмаған қой жүні);

– очес (жайма, фетр, жұмсақ киіз басу үшін пайдаланылатын ұсақ қылшықтардан тұратын жүн);

– выбеленка (ашық түсті бұйым жасауға немесне үйде бояуға арналған созылған және ұсақталған қойдың жүні);

– түйе жүні (ойыншықтарды және басқа да бұйымдарды негізсіз илеу үшін пайдаланылатын түйенің таралған жүні);

– ангора немесе мохер (декор және бұйымдарды өңдеу үшін қолданылатын ангор ешкісінің жібектей жылтыр жүні);

– жартылай жіңішке жүн (өнімдер мен декорды өңдеу үшін қолданылатын, 25-тен 29 микронға дейін диаметрдегі (тонинадағы) құрғақ және дымқыл илеу үшін арналған жүн);

– топс (диаметрі (тонині) 19 микронға дейінгі құрғақ және дымқыл илеуге арналған түбіт жүн, ең қымбат жүн болып саналады);

Жүн өңделуі бойынша мақтаға (қысқа талшықтар) және лента тәрізді (гребенная шерсть) (ұзын талшықтар, тарақпен таралып, ұзындығы 1 метрден таспа түрінде төселген) болып бөлінеді.

Казіргі күнде киіз илеудің екі техникасы бар: дымқыл илеу және құрғақ илеу.

Соның ішінде ең кең тараған, илеудің дәстүрлі тәсілі – дымқыл илеу. Димқыл илеуге кезеңдері және құралдарына келетін болсақ:

Ыстық су. Су жүн талшықтарын біріктіруге қолданылатын желім рөлінде қолданылады. Және киіз бұйымның көлеміне қарай қолданылатын су мөлшері де артады.

Сабын. Киіз илеуге арналған арнайы сабынды қолданған абзал. Немесе ол болмаған жағдайда балалар сабынымен алмастыруға болады. Суйық сабын қолдануға кеңес берілмейді, себебі сұйық сабынның құрамындағы көпіршігіш лаурильсульфат натрия ұзақ уақыт терімен жанасқанда, теріні тітіркендіріп аллергиялық реакция береді.

Төсеніш. Дымқыл илеу суды өте көп талап етеді, сол себепті жұмыс барысында дымқылға төзімсіз материалдардан жасалған беткі қабаттарға теріс әсер етеді. Сол себепті жұмыс орнының үстіне гофрленген резеңке кілемше, бамбук кілемше, ковролиннің қатты бөлігін немесе ең қол жетімді және арзан материал ауамен толтырылған полиэтиленді қолдануға болады. Дымқыл илеудің негізгі дағдыларын меңгере отырып, жалпақ формадағы бұйымдармен қатар (кілемдер, панно, картиналар) жартылай көлемді киіз бұйымдарды (сөмкелер, әмияндар, бас киімдер, қалпақтар, аяқ киімдер) жасауға болады. Сондай-ақ дымқыл илеу техникасы интерьердің әшекей бұйымдары мен сәндік заттарын: құмыралар, киіз гүлдер, гирляндтар және т.б. дайындау кезінде кеңінен қолдануға болады.


Құрғақ илеу (фильцевание) (ағылшын тілінде "needle felting") – бұл Рим империясының заманынан біздің күнге дейін жеткен антикалық өнер. Бұл техниканы римдіктер суға төзімді киім жасау үшін де, түрлі мата беттеріне декоративтік суреттер салу үшін де қолданған. Қазірде бұл техника матаға түрлі суреттер салу үшін немесе ойыншықтар сияқты күрделі киіз формаларын жасау үшін кеңінен қолданылады.

Құрғақ илеуге арналған негізгі құрал жабдықтар:

Ине. Киізді құғақтай илеуге арналған инелердің бірнеше параметрлері бар, оларды қалыңдығы, қима түрі, тістердің саны бойынша жіктеуге болады.

